

Жүсіп Баласағұн

Құтты білік

Көне түркі тілінен аударған және алғысөзі мен түсініктерін жазған — Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты, ақын Асқар Егеубаев

Алматы
«Жазушы»
1986

84(0)4
Б 22

Пікір жазғандар: **М. Әлімбаев, А. Сейдімбеков.**

Баласағұн Жүсіп.

Б 22 Құтты білік /Көне түркі тілінен аударған және алғысөзі мен түсініктерін жазған Л. Егеубаев.— Алматы: Жазушы, 1986.— 616 бет.

«Құтты білік» («Құтадгу біліг»)— әлем әдебиетінің асыл мұраларының бірінен саналатын түркі тектес халықтарға ортақ өлеңмен жазылған трактат.

Философиялық бұлең көне дәуір туындысында халқымыздың рухани жан дүниесі мен рухани байлығы терең ашылып көрсетілген. Сондай-ақ, онда жалпы адам баласын ғасырлар бойы толғандырып келген ізгі мұраттар, оқу, білім, тіл өнері, ел басқару, моральдық-этикалық және т. б. тұрмыстық мәселелер қамтылған.

Б $\frac{4704000000—190}{402(05)—86}$ 117—86

84(0)4

Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді

«Болашақ — өткен тарихты қорыту...»

Тарихты ұстаз тұтып та, ақындық қиял құдіретімен анаға балап та жүрміз. Тарихтың өсіп-өнген топырағы — адамның тағдыры, қилы-қилы күйзеліс-сүйініші, мандай тері, көз жасы. Тарихтың қасиет, қадірі де осылар. Осыдан он ғасыр бұрынғы бабалар сөзі тілге үйірілгенде, көне дәуір ғұламаларының ой-толғамдары ұшқын атып санаға сіңгенде Адам баласының қарапайым, ғажайып даналығына, құдіретті мәңгілік қымбат қасиеттеріне үнсіз мойынсұнасың Өмірдің өзіндей мәңгілік даналық...

Тарихтың көзі де, өзі де — адам.

Дамудың лүп-лүп соққан ыстық жүрегі де — адам.

Адам пендесінің құйттай әжімді алақанынан нұр шашып [illegible] қан тас дәуірі мен атом ғасырының небір керемет[illegible] тарих [illegible] ұлы көштің күс жолындай жарқырайды.

Мың жылдық, бабалар қолымен жазылған кітапты парақтағанда, беттерінен жалтылдап төгілген ой маржандарын көргенде [illegible] лық даналығына таңдану да, табыну да аздық ететіндей. Бас[illegible] ояу, көңілі жүйрік халықтың, құдіретті даналықтың алдында [illegible] әлі сәбидей сезініп, парасат-парықтың он ғасырлық терең [illegible] ізіне таң қаласың. Халық қашан да дана, халық қашан да [illegible] Халықтың сәби, балауса шағы, талпынған балғын кезі болған деген әлдебір ішкі сенім үнті-күйлі жоғалады. Халық — қашан да Дана! Әйтпесе, осыдан X—XV ғасыр бұрынғы халық ойының, [illegible] мінің кемел түйіндерін қайда қоямыз?!

Біліксіздің тілін тиған жөн болар,
Білімдінің сөзін жиған жөн болар.

Білімдінің нұрлы сөзі сарқылмас,
Бастауы — кең бұлақ көзі тартылмас.

Білімділік — шым бүркеген бір теңіз,
Бұрқырар су, аяқ басып жүрсеңіз.

Білімсіздің көңілі — құм, құнсыз шөл,
Тойып бермес, күні-түні құйсын көл!—

дейді X ғасырда Жетісу өңірінде жасаған ғұлама. XX ғасыр емес, X ғасыр ақынының сөзі... Мың жыл!

Қара бастың қарақшысы — қызыл тіл,
Қанша басты жұтты, үзіп ұзын тіл!

Басты ойласаң, тыйып ұста тіліңді,
Басың жұтар тізгінсіз тіл түбінде!

Бұл ұшқыр, ілгерішіл ойларды біздің бабаларымыз осыдан он ғасыр бұрын айтты дегенге сенгің де келмес. Бірақ, сенесіз. Ғылым, тарих, мәдени мұра сендіреді.

«Құтадғу білік», «Құтты білік».

Ой толғамы да, тілі де ерекше қызықты, тағдыры да өзгеше кітап. Біз үшін туған даласына қайта оралған даналық. Иә, әуелі ерекше тағдыры, тарихы жөнінде бірер мағлұмат:

Қазір бүкіл шығыс зерттеуші ғалымдардың назарын күн санап өзіне аудара түскен «Құтадғу білік» 1069—1070 жылдары он сегіз айдың ішінде жазылған. Авторы: Жетісу өңірінің Шу өзенінің бойындағы тариҳқа ықылым заманнан белгілі ірі шаһарлардың бірі Баласағұнда (Құзорда деп те аталған) туып, өскен Жүсіп Баласағұн. Жүсіп бұл қоғамдық-әлеуметтік мәні терең, халықтың моральдық-этикалық программасы іспеттес еңбегін 54 жасында (Түркия ғалымы Рашид Рахмати Араттың жобалауы бойынша) жазған. Ежелгі Баласағұн қаласында бастап Қашқарда аяқтап, Қараханидтер мемлекетінің сол кездегі әмірі Бұғра ханға тарту еткен. Хан оның еңбегін жоғары бағалап, «Хас Хажыб» деген атақ берген. Сөйтіп, Жүсіп Хас Хажыб Баласағұн деген аты дүниеге тараған. Шығарманың тілі, қай әріппен жазылғаны жөнінде пікір, зерттеулер көп. Бұл жөнінде машһұр ғалым С. Е. Маловтың мына пікіріне назар аударсақ дейміз: «Автордың өзі өзінің шығармасын қай әріппен жазғанын айту қиын, әйтсе де, XV ғ. болса да қолжазбаға жүгінсек, Жүсіп Баласағұн өзінің бұл шығармасын арап әрпімен жазып, содан кейін ғана бәлкім, ханға тарту етерде, «Құтадғу білік» ұйғыр әрпімен көшірілген деп ойлауға болады[1]». «Машрық (шығыс) уәләятында, күллі Түркістан елдерінде (бүтін түркі халықтары жасаған жерлерде) Бұғрахан тілінде, түркі сөзімен бұл кітаптан жақсырақ кітапты әркезде ешкім жазған жоқ»[2]. «Құтты біліктің» өз кіріспесінен кітаптың сол кезде-ақ дүниеге кеңінен мәлім болғанын білеміз. Машын, Шын, Шығыс елдерінде «Шахтардың әдеп-қағидалары», «Мемлекеттің дәстүрі», «Өмір зейнеті» десе, ирандықтар «Шахнама түркі», бағзы біреулер «Падишаларға насихат», турандықтар «Құтадғу білік» десіп ат қойыпты[3].

Бізге «Құтты біліктің» үш қолжазбасы жеткен. Бірі — қазір Венада сақтаулы тұрған Вена нұсқасы. Кейде көшіріп алынған жеріне қарай Ғират (Герат) нұсқасы деп те атайды. Академик А. Н. Кононов көшірушінің есімі Хасан Қара Сейіл (?) Шамс болу керек, біздің эрамызда 1439 жылы 17 июньде көшіріп біткен деген пікір білдіріпті.[4] Араб әрпімен жазылған жазбадан ұйғыр әрпімен көшірілген. Бұл қолжазба белгісіз себептермен Ғираттан Тоқат қаласына (Туркия) жетеді, одан 1474 жылы Стамбулдан шығады. («Хижра бойынша 879 жылы, жылан жылы Тоқаттан Стамбулға Фенаризада Қадиәлі, Әбдіраззақ Шейх-заде Бақсы үшін жаздырып алады». Бұдан кейін қолдан-қолға көшіп жүргенге ұқсайды. 190, 13-14 бетінде: «Біз Налбанда Хамзадан сатып алдық, Хайреддин молланың жұма мешітінің жанында, делдал Хожа Хажы куәгер» деген жазуы бар»[5]). 1796 жылы елшілік қызметте жүріп австрия ғалымы Иосиф Фон Хаммер — Пургшталь (1774—1856) букинистен сатып алып Венадағы Король кітапханасына тапсырады. Вена нұсқасын тұңғыш рет венгр ғалымы Г. Вамбери 1870 жылы Инсбурк қаласында бастырып шығарды. Сәл кейін, 1890 жылы орыс ғалымы В. В. Радлов жариялатты.

Екіншісі — араб әрпімен жазылған Қаир (Мысыр) нұсқасы, 1896 жылы Қаирда Кедивен кітапханасының директоры, неміс ғалымы Б. Мориц тапқан. «Құтты біліктің» Қаир нұсқасының көшірмесін 1898 жылы В. В. Радлов Петербург Ғылым академиясының Азия музейіне алдырған. Мұны да бастырып шығарған. Көшірме, қазір СССР Ғылым академиясы Шығыстану институтының Ленинград бөлімшесінің қолжазбалар қорында сақтаулы.

Үшіншісі — ең толығы, жақсы сақталғаны Наманған (Фергана)

[1] Малов С. Е. Памятники древнетюркской письменности. М.—Л., стр. 224, 229.
[2] Жүсіп Хас Хажиб. Құтадғу білік. Ташкент, 1972.
[3] Сонда.
[4] Кононов А. Н. Поэма Юсуфа Баласагунского «Благодатное знание» и книге Ю. Баласагунский «Благодатное знание». М., 1983.
[5] Кононов А. Н. Слово о Юсуфе из Баласагуна и его поэме «Кут билиг», «Советская тюркология», 1970, № 4.

нұсқасы. Араб әрпімен жазылған. 1913 жылы Наманған қаласынан (Өзбек ССР-і) Мұхаммедхожа ишан Ләләріш дегеннің жеке кітапханасынан А. Валидов тапқан. Кейінірек, 1925 жылы өзбек ғалымы Фитрат қайта тауып алып, Ташкентте қысқа сипаттама жазады. Қазір Наманған нұсқасы Өзбек ССР Ғылым академиясының Шығыстану институтында сақтаулы.

Үш нұсқаны салыстыра келе С. Е. Малов Қаир, Наманған нұсқаларының өзара жақындығын айтады, «ал ұйғыр редакциясы (Вена — Ғират) көп жағдайда бұлардан алшақтап кетеді» деп жазған. «За уйгурской остается только значение редького большого памятника уйгурского письма мусулманской культуры»[1] дейді. В. В. Радловтың да: «Баласағұн қаласының (Жетісудағы) тұрғыны ретінде, автор дастанын әуелінде ұйғыр жазба тілінің әсерінсіз араб әрпімен жазған, бірақ поэма бұл ықпалға Қашқарда аяқтап, ханға апарған тұста, ел ішінде тарату үшін ұйғыр әрпімен қайта жаздырғанда ұшыраған»[2] — деуінде де мән жатыр.

Бертін, Отанымызда өзбек ғалымы Қ. Қаримов, өзбек тілінде жолма-жол аудармасын (1971, 1972), Н. Гребнев пен С. Н. Иванов орыс тілінде поэзиялық аудармаларын (1971, 1983) жариялатты.

Енді міне, «Құт білімі» 917 жылдан кейін Қазақстан жеріне алыс сапардан қайта оралғандай болып отыр. Қайта оралған мұра. Егер көкірекке, зердемізге үңілсек, бала жастан құлағымызға сіңген, жанымызға ана сүтімен тараған халық дәстүріне, салт-санасына, қағидаға айналған даналық сөздеріне ой жүгіртсек, осынау ұлы жазумен әруақыт бірге болғандай, бірге жүргендей әсерге бөленеміз. Иә, «Құтты біліктің» әр сөзі әр тарау, тынысы — адамгершілік, адалдық, қайырымдылық хақындағы өнегелі ойлары әр көкіректе күмбірлеп тұрғандай.

«Құтты білік» тегі соно-оу ықылым замандардан тамыр байлаған дидактикалық шығарма. «Бұл жанр ертедегі египеттіктерде, үнділерде, арабтар мен парсыларда, ал бертін Ренессанс дәуірінде, яғни «Құтадғу біліктен» кейін бес ғасырдан соң европалықтарға белгілі болды»[3] деп жазды бұл жөнінде А. Н. Кононов.

Поэмадан айқын байқалып тұрғандай Жүсіп Баласағұн өз заманының озық ойлы энциклопедист ғалымы, философ, адам жанын нәзік сезінген ақын, Шығыс поэзиясы мен мәдениетін қоғамдық-әлеуметтік диалектиканы кемел біліп түсінген ойшыл білімді қайраткер. Астрономия, математика, жаратылыс, қоғамдық қарым-қатынастар заңдылығын жетік білгені анық.

[1] Малов С. Е. Кутадгу билиг — факсимиле. Советское востоковедение. М.-Л., 1948, т. V.
[2] Радлов В. В. Турфанские тексты в лингвистическом отношении. ЗВОРАО, т. 21, 1911—1912.
[3] Аталған еңбегінде.

Жүсіп Баласағұн еңбегінен қазақ әдебиетінің, қазақ халқының, рухани-эстетикалық қазынасының ғасырлар қойнауына желі тартқан арналы, ағысты дариясын көреміз. Қашанда танымның, танымға құштарлықтың қуат-күші — таңдану, таңданыстан туатын қызығушылық қой.

Таңдану. Табыну. Құштарлық.

Қазіргі зымыран ғасырда адамның ұшқыр қиял, кемел танымы кез-келгенге таңданып, әрнеге құлай бермес. Әйтсе де, халық асыл мен жасықты, елді ел өресіне бастар текті, құнды мұраларды таниды, таңдана да, бағалай да біледі.

Бұған дейінгі халқымызды, ұрпақты сөзсіз таңдандыратын, танымға-ойға құмарландыратын ұлы эстетикалық асыл заттардың қатарында Орхон-Енисей жазбалары, әл-Фараби, Абай... әдебиетіміздің көусар тұнығы сонау бес ғасырдың өлмес дарындары ерекше жарқырап көрінетін.

Ендігі бір керемет — Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігі». Оқыған сайын қарапайым даналығымен таңдандырып үйіре беретін, халықтың елдігін, өнері мен сезім кереметін ұғындыра түсетін осы ұлы жазудың қасиеті — түркі мәдениетін, оның ішінде қазақ жерінде осыдан он ғасыр бұрын ғұмыр кешкен бабамыздың ұлылығын, даналығын, сана-сезім, салт-дәстүріміздің ата-тегін қолмен қойғандай айқын меңзеп беретіндігі.

«Құтты білік» — халықтың құты, ырысы болған ілім. Ұрпақтарға, адамға бақыт берген, құт әкелетін білім. Ғасырлар бойы көзі ашық, көкірегі ояу ұрпаққа адамдық, азаматтық қасиеттерін, әдеп-адалдық дәстүрін сіңірген кітап. Қария дала төсінде не өтпеді, не болмады. Талай шаһарлар, талай сарайлар із-тозсыз жоғалды. Талай ғалымдар, жиһанкез баһадүрлер атаусыз өтті. «Құтты білік» — құтты бітік («бітік» — көне түркіше, «жазу, жазба, кітап») қана он ғасырға жуық ұланасуды асып қолымызға қайыра тиіп отыр. Уақыт өтіп, дәуір озған сайын қадір-қасиеті артып кемелдене түскендей. Әр жолдарына үңілген сайын туған елдің, өскен жердің рухани байлығының өшпес қайнар көздерін сезіне түсесіз. Халық атты ұлы атауға ұласқан ұлы қадір қасиеттің төлім, мектебін түйсінесіз! Түркі халықтары ғылымының, тілі мен өнерінің тынысын байқап, құнарлы топырағының ыстық табы бойға тарағандай күй кешесіз. Оқыған сайын еліміздің, туған әдебиетіміздің нәрі тіліміздің сырларына қанығып, ой өнерінің өзгеше ерек, өзіне туыс көусарына тамсанамыз.

Кітап атын «Құтадғу білік» қойдым.—
Құтын тұтсын оқушым білікті ойдың!—

дейді Жетісудың Құзорда (Баласағұн) қаласынан шыққан ұлы ойшыл Жүсіп аталмыш дастанның алғашқы тарауларында. Аспан жұлдыздары, он екі бұржының (зодиак) орналасуы, белгі-сипаттары жөніндегі, адамдық, адалдық, тіл өнері мен ғылым туралы алғашқы тарауларды оқығанда кітап иесінің керемет білімділігіне, парасатты ғалым, ойшыл философ ақын екеніне күмән қалмайды.

Бұларда ең алдын бу йалчық йурыр,
Иашық бірле отру бақышса толыр. (137-бәйіт).

(Бұлардың алдын Иалчық жүріп шолады,
Күнмен қарсы келсе, жайнап толады).

Айдың (йалчық) табиғи сипатын бұдан дәл, ғылыми нақты беру мүмкін бе?

Ақылды — ұлы, біл, білімді — білікті,
Екеуі ұлы етер, қонса, жігітті. (152-бәйіт)

Ақыл қайда болса, ұлылық толады,
Білім кімде, сол білікті болады. (154-бәйіт)

Ақылы болса, пайдасын ер көп көрер,
Білім білсе, әзіз тірлік өткерер. (160-бәйіт).

сияқты жолдарды оқығанда тіл үшіне қазіргі қазақ ұғымындағы «Білекті бірді жығар, білімді мыңды жығар!» еріксіз оралады. Халықтың ғасырлар қойнауында өмір мен ойдың ортасында от пен суға кезек суарылған алмастай асыл, ақылды сөздері.

Тірі — өлер, ақыры жер жастанар,
Жақсы кісі өлсе, жақсы ат қалар.

Өзің жақсы болсаң, атың мақталар,
Жаман болсаң, ей ер, сөгіп, датталар.

деген жолдардағы ойлар жазу өнері, жазылған сөздің ғұмырлылығы, жазылған хаттың (бітіктің) жоғалмайтындығы жөніндегі толғамдарға ұласқанда қазақтың «Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді» атты қанатты даналық сөзі санада салмақтанып, ірілене береді, сараланып жан біткендей тіріледі. Дүние жүзіне мәшһүр Жүсіп Хас Хажыб Баласағұнның әлем мәдениетінің алтын қорына

қосылған еңбегін, осы жерде жазғанын оқығанда, шығарманың әрбір сөзі ерекше мәнге бөленіп, бұрынғыдан да баурай береді.

Енді, мына бір мысалдарды көне түркі тілінде сол күйінде келтіріп көрейік:

Ешітгіл негү тер біліклиг кіші,
Біліклиг сөзі шын себүг жан түші: (336-бәйіт)

«Бұларда бірісі бұ тіл йалғаны,
Мұныңда басасы сөзүң қыйғаны». (337-бәйіт)

Қазіргі оқырман үшін аудармай-ақ түсінікті. Сөйтсе де:

Біліктіні тыңда, ақылдың бұлағы,
Білімді сөз — шырын, жанның құнары:

«Бұның бірі - тілдің жалған айтқаны,
Бұдан басқа · айтқан сөзден қайтқаны!»

деген мағынаны ұғу көп қиыншылыққа түспейді. Жүсіп Баласағұн «Заманның озғаны, достардың жапасы туралы» айтқан тарауында:

Кімі севдім ерсә севүг жанша тұттым,
Жафа келді андун кімі мет севәйі.
(6578-бәйіт)

Кімді сүйіп, жақын тартсам жаныма,
Жапа қылды, қалай сүйем тағы да!?
(6578-бәйіт)

дейді.

Абай... Ұлы Абай сарыны... Иә, бұл өз алдына бөлек әңгі Мұндай мысалдарды бұл мәдени-әдеби мұраның кез-келген бе келтіре беруге болады. Тағы да осы тараудан:

Бауурсақ кісі йок ажунда тіләдім,
Баурсызқа көңілүм негү-тег улайы (6576)

Кімі өзге көз-тег йакын тұттум ерсә,
Иағы шықты иәк-тек иәкіг не қылайын.
(6577)

Ягни:

Бауырмал кісі жок әлемде — тілеп (ізден) едім,
Бауырсызға (қатігезге) көңілімді не деп бұрайын,
берейін.

Кімді өзіме жақын тұттым көзімдей,
Жау боп шықты албасты, албастыны не қылайын.

Қазіргі қазақ тіліне тән, етене жақын сөзді, сөз орамдарын, атаулар мен терминдерді, антропонимдерді шығарманың кез-келген бәйітінен тізбелеп келтіруге әбден болады. Біз оны ғалымдар мен тілшілер үлесіне қалдырып, аудару үстінде байқалған қанатты сөз тіркестерін, қазіргі мақал-мәтелдеріміздің бір кездегі яғни көне дәуірдегі дәні болып табылатын бірқатар бәйіттерге назар аударғымыз келеді. Тіл өнері туралы тарау тұтастай өнер алды — қызыл тілдің қадір-қасиетін, пайда-зиянын түсіндіруге арналған.

163 Кішіг тіл ағырлар, булур құт кісі,
Кішіг тіл ужузлар, йарыр ер башы.

164 Тіл арслан турур көр ішіктә йатур,
Айа әвліг әр сақ башыңны йәйур.

167 Сөзіңні күдәзгіл башың бармасун,
Тіліңні күдәзгіл тішің сынмасын,

176 Тіліг кәд күдәзгіл құдәзілді бас,
Сөзұңні қысурқыл узатылды әйаш. (т. б. т. т.)

Яғни:
163 Тіл кісіні қадірлі етер, бақ қонар,
Тіл қор қылар, кететігұн бас болар.

164 Есік баққан тіл — арыстан ашулы,
Сақ болмасаң, жұтар, ерім, басыңды.

167 Сөзіңді бақ, басың кесіп алмасын,
Тіліңді бақ, тісің сынып қалмасын.

176 Тіліңді бақ, басың аман болады
Сөзді қысқарт, жасың ұзақ болады.

Бұл орайда, ел ішінде бағзыдан мәлім «Басқа пәле тілден», «Ұдамай сөйлеген ауырмай өлер» деген асыл сөздің төркінін аңғарудың еш қиындығы жоқ. Осы ой 2692 бәйітте: «Қызыл тіл қара башқа навлақ йағы»— деп тағы да кездескенде, пікірімізді растай беките түскендей сезіндік.

211 Кісі көңлі түпсіз теңіз, ойласаң,
Білім — інжу түбінде, анық, қойма сан.

Кісі інжуді шығармаса теңізден,
Тас не, інжу не пайдасы не тегінде?

Қара жердің қатында алтын тас болар,
Егер шықса, бек басында тәж болар.—

деген поэтикалық орамдар да Асан қайғының атақты «Таза мінсіз асыл тас көл түбінде жатады, таза мінсіз асыл сөз ой түбінде жатады»— деп басталатын философиялық түйіндерімен үндесіп жатқан жоқ па? «Сабыр түбі — сары алтын», «Сабырсыз қалар ұятқа, сабырлы жетер мұратқа», «Ашуды ақылға жеңдір!»— сияқты халық даналығының ақық-тұнық тұмасына, бастау арнасына мына жолдарды еш күдіксіз балауға болар еді:

1319 Сәрінше кісі өз тіләкін табар,
Сәріп тұрдашы ер өрұң құш тұтар.
Яғни:

Сабыр етсе кісі өз тілегін табар,
Сабырмен тұрған ер (аңшы) ақ құс тұтар.

1317 Қалы келсә өвкәң қатығлан, сәрін,
Сәрімліг кісінің сәвінші йарын.

Яғни:
Егер ашу-өкпең келсе, қатулан сабыр қыл,
Сабырлы кісінің сүйініші алдында.

Бұл бәйіттер мен қазіргі қазақ мақал-мәтелдерін салыстырғанда ескертетін ерекшелік тек әдеби шығармаларда ғана кездесетін поэтикалық, көркемдік әдіс, тәсілдердің біртектілігі, төркіндестігі десек үстірт кетеріміз анық. Мұның түп-тамырында бүкіл ой-толғам желісінің, ойлау табиғаты мен таным-білім қасиетінің тұтастығы, ғылыми-әлеуметтік тамырластық жатыр. Халықтың талай ғасырларды тамсандырған даналығы, шешендік сөздері мен ақындықты да, ойшылдықты да айнытпай танытып келген қанатты, тапқыр сөздері, мақал-мәтел, жыр-толғамдары осындай құнарлы топырақтан жеңіл тартып, өркені өскеніне еш күмән күдік қалмайды. Ал, сол бір оныншы ғасырдағы ұлы кітаптың әр сөзінің ой-толғамының жыр-масынша ғасырға беріге, болашаққа тамыр жіберіп, тілге емес санаға, жүрекке сүтпен сіңуінің өзі қасиеттілік. Демек, «Құтты білік»

тілінің, ойының, поэтикалық бітімінің асыл тектілігінің, шынайы даналығының дәлелі. «Құтадғу біліктің» тілі ең таза, ең әдемі, сұлу тіл екендігі кітаптың өзінде де айтылған, белгілі зерттеуші ғалымдар да, аудармашылар да (М. Қашқари, С. Е. Малов, А. Кононов, Р. Р. Арат, С. Н. Иванов т. б.) айтып дәлелдеген.

Бұл жерде, халықтың мақал-мәтелдері бізге ең көне мұра болып көрінетін «Құтты біліктен» бастау алып, тараған деген ұғым тумауға тиісті. Құтты кітаптың дүниеге келуінің өзіндік тарихи-әлеуметтік, мәдени, әдеби, тілдік алғы шарттары бар екені шындық. Совет ғалымы, академик А. Н. Кононов: «...Құтадғу біліктің» авторы өзінің дидактикалық мақсаттарына халық даналығын, түркі халықтарының ақындық ауыз әдебиетін, мақалдарды, мәтелдерді, қанатты сөздер және тағы басқаларды кеңінен пайдаланады[1]»— дейді. Бұл дастанның құрылымынан да анық көрінеді. Автор белгілі бір ойды білдіргеннен кейін, соған сай міндетті түрде бір ғұламаның, білікті адамның (ыла, яғма бегі, не тәжік ғалымы, не қария) сөзінен «цитата» келтіріп түйеді, дәлелдейді. Әрі цитаталары шымыр, сына қаққандай дәл, ұтымды, өсерлі.

Жақсы мінез-құлық, тәрбие жөнінде де небір даналық қағидалар ұшырасқанда, тілімізде күн сайын айтылып жүрген қанатты сөздер қайта түлегендей әсер етеді. Тілдің тарихи категория, мәдени мұра, халықтық қазына ретіндегі ұлы мұраты биіктей түседі. «Сүтпен сіңген сүйекпен кетеді» дейді қазақ. Осы мақалдың өзегіндегі нәрі бірнеше бәйітте ұшырасады.
Соның бірі мынадай:

881 Өрүң сүт білә кірсә әдгү қылық,
Өлім тұтмағынша әвырмас йорық.

883 Қарында төрұмыш қылынш өгрәтік,
Иағыз йер қатында кәтәр ай тәтік!

Бұл жолдар қазіргі қазақ тіліне былай түсті:

881 Ақ сүтпенен бірге сіңген жақсылық,
Айнымайды еш, алғанша ажал, қапсырып.

883 Іште біткен қылық, парыз мойныңа,
Бірге кірер қара жердің қойнына?

[1] Кононов А. Н. Слово о Юсуфе из Баласагуна и его поэма «Кутадгу билиг». «Советская тюркология», Баку, 1970, № 4, стр. 7.

Ал:

2579 Сөзүн сөксә налңұқ ашытса тілін,
Соңуккә сызық ол, көңілкә йалын.

2580 Уруп бәрке башы бүтәр тәрк сөнәр,
Тілің сөксә бүтмәс ашығы йылын —

деп келетін 2580-бәйітпен өрілген екі-үш бәйіт былай аударылды:

2579 Сөзбен сөксе — тілі ашытып қаныңды,
Сүйек сыздап, жалын қабар жаныңды.

2580 Таяқ еттен, сөз сүйектен өтеді,
Сөз қалады, таяқ табы кетеді.

Бұл бәйіттің қазіргі ел аузындағы нұсқасы кәдімгі: «Сөз сүйектен, таяқ еттен өтеді»,— екендігі айдан анық. Тілдің, әдеби тілдің қасиетінің өзі осы өміршеңдігінде. Он ғасырға жуық бұрынғы ойтолғам нәрінің күні бүгінге дейін желі тартып жоғалмай жетуі халық даналығының, халық әдебиетінің қаншалықты кемелденгенін, сол кездің өзінде-ақ жан-жақты дамығандығын көрсетеді.

Тағы бір болжам... Үш тұғыр, үш таған, үш таяныш... Бұл ежелден аян, (кәдімгі геометрияның үшбұрыш хақындағы теориясын да ұмытпайық) тарихта талай тілге тиек болған қағида. Кітапта Күнтуды елік Айтолдыны шақырып кеңескенде үштұғырлы тақта отырады. Оның мәнін сұраған Айтолдыға үш тағанды нәрсенің беріктігі жөнінде толғайды (800—805-бәйіттер). Кейін осы ой ел бірлігі, ел бектерінің қасиеттерін саралайтын тарауда терендеп, нақтыланып талданған, түсіндірілген.

2704 Бірі — дана, ғалымдар, зейінділер,
Бірі — хатшы, білсін дер кейінгілер.

Үшіншісі — жүректі ер, батырларың,
Жау десе, жайдай жайпар жасындарың.

. . . . . .

Бұл үш түрлі ер бір жеңнен қол шығарса,
Қалған жұртты үйіріп, қоңсыға алса...

деп, ел басшысына бектердің үш түрін, тобын түсіндіреді, үшеуінің қызметін, пайдасын саралап береді. Мемлекеттік жүйені танытатын желі. Ел-жұртты, ерлерді халықтық іске, шаруашылыққа, малға, білімге бағыттаса, енді бірін хат пен қаламға, тілге, шешендікке

бейімдесе, енді бір қатарын елді қорғауға меңзеп тұр. Бұл да қазақ халқының ежелгі мақалында кездесетін, өте кең танымал ойдың тұжырымы.

2711 Елді аларда алмас қылыш жарқылдар
Ел басқарсаң алтын қалам жалтылдар.

Білім, ақыл елдің ішін түзетер,
Үш батырың күллі әлемді күзетер,—

деген келесі жолдар айқын ойды шегелей түседі. Осы жолдардың бүгінгі мақалдарда айтылып жүргендей түрленіп жетпегеніне кім кепіл?

«Алтын көрсе періште жолдан таяр»— деген даналық сөз исі қазақтың қай-қайсысына да әйгілі. Төл мақал, асыл қазынамыздың бір асыл түйіршігіндей. Қазіргі қанатты, ұшқыр ой ақығы, көне мұрада былайша ұшқын атады:

2748 Күміш көрсә иалңұқ (адам, кісі) көңүл тұтмаса,
Иарағай аны шын фәріштә тесе.

«Ішің ауырса аузыңды тый, көзің ауырса қолыңды тый» деген мақалдың да төркінін 2892—2895 бәйіттерден танып, табамыз. 3075—3076 бәйіттерді оқығанда тілге өзінен-өзі «Аузы қисық болса да, байдың ұлы сөйлесін» үйіріледі. Түпнұсқадағы 3422 бәйіттің: «Ит үреді керуен көшеді» деген әйгілі мақалмен тамырластығына еш күмәніңіз қалмайды. «Әуелгі байлық — денсаулық, екінші байлық — ақ жаулық, содан кейін — он саулық»— деген мақалды ауызға ала отырып, мына бірер бәйітті аудармасымен қатар келтіргенді жөн көрдім.

3574 Иәмәк ішмәк ол көр бұ үштә бірі,
Тақы бір тіші ол авытса (әйел) әрі.

Үшінші әсәнін тіріглік турур
Бұ үштә бұ бір кәд кәрәкліг турур.

Аудармасы:

Ішпек-жемек — әуелгісі бұлардың,
Қатын алмақ — бірі, рахат-құмардың.

Үшіншісі — тән саулығың, тірлігің,
Бұл үшеудің ұстау қажет бірлігін.

Бұл жолдар мен мақалдың біртектілігін, түп-тегінің тұтастығын дәлелдеудің қажеті де шамалы. Мысалдардың өзі-ақ еркін сөйлеп тұр.

Сондай-ақ «Жаман атқа жал бітсе, жанына торсық байлатпас!» демей ме халық. Бұл толғамды 3600-бәйіттен оқып, табасыз. «Қайын алма, қатын ал» деген ұшқыр сөз 62-тарауда көлбеңдеп ойға орала береді. 4534-бәйіттің өсиеті (жолма-жол аудармасы): «Егер, болсаң сен, бек, халыққа ұлық, Көңіл, тіліңді кішік тұт, өзіңді жұмсақ ұста»,— дейді. Ал, 4532-бәйітте Жүсіп Баласағұн: «Ұлық болдың екен, көңіліңді кішік тұт, ұлығқа кішіктік жарасар, үл!» дейді (жолма-жол аударма).
Түпнұсқасы:

4532 Улуғ болдуң әрсә кішіг тұт көңүл,
Улуғқа кішігілік нарашур оғұл.

Бұдан кейін «Ұлық болсаң — кішік болдың!» осыдан мың жыл бұрынғы даналықтың — өзі, көненің көзі екеніне таңданбасқа бола ма!? Халықтың даналығына, ақыл мен ойдың саралығына мойынсұнбасқа, көкіректерден тебірентіп шыққан асыл сөздің ел жүрегі, адам санасы арқылы ғасырларға, мәңгілікке ұласарына күмән-күдік те қалмайды. Халықпен бірге жасайтын да, елдің елдігін, дәстүр-мәдениетін де осындай мәңгілік берік көпірлер ұқтыратын, тарихтың қойнау-қойнауын үндестіретін алтын тамырлар танытатын болар! «Құтты білікте» еліміздің тікелей төл мұрасы дерлік қанатты сөздер, даналық ұғымдар әр беттен-ақ ұшыраса кетеді. Ішкі нәрімән-мағынасы жүрекке жылы тиіп, тілге орала қалады. Даналық та, хас шеберлік те осы болса керек. Тағы да бірер мысал:

4733 Бұл дүнйа ічі бір тарығлағ тұрұр,
Неку әксә мұнда йарын ул унур.

Бұл дүние іші бір тарыжай (егінжай) тектес,
Мұнда не ексең, ертең сол өнер.

Бұл ой әртүрлі тұлға, пішінде бірнеше жерде кездеседі. Қәдімгі «Не ексең — соны орасың», «Не ексең — сол өседі»— деген халық мәтелін оқушыларымыздың өзі-ақ ойға алып отырғанына күмәніміз жоқ. «Көңілің жарасса — жатың да жақын»— деген сөз де санаға етене жақын, жылы тиеді (5044-бәйіт). 5248-бәйітте: «Не ексең онда, бұл қол соны алар» деп жоғарыдағы мәтел ойы тағы қайта жаңғырып кездеседі.

«Жаманға жолама, жаласына қаларсың!»— дейді қазақ. Мұның баламасын 5256-бәйіттегі «Есізге қатылма көйүргәй (күйдіргей)

есіз...» («Жаманға қатылма, күйдірер жаман»), 5251-бәйіттегі «Харамға қатылма...» деген жолдардан ұшыраттық.

Бұлармен қатар, жұртшылыққа таңсық, поэтикалық қуаты, қарымы жағынан өте күшті, әрі қарапайым, әрі ұтқыр нақыл сөздердің тереңдігі, даналығы кімді болсын таңдандырары анық. «Арыстан мінсең, қылышыңды қамшы қыл», «Таяқты жауға темір қалқан, дайында!» (қаз-қалпында келтірілді) сияқты қанатты қағидалардың қай ғасырда да жасымайтынына, эстетикалық әсері бәсеңдемейтініне кәміл сенесің. Көне түркі мәдениетінің көсегесін көгертіп, еңсесін биіктете түсетін мұндай даналық пайымдау толғамдарды дастан текстінен жиі кездестіруге болады. Сондықтан, оларға көп тоқтала бермей, оқырман еншісіне қалдырдық.

Ал, жоғарыдағы қазақ мақал-мәтелдерімен, нақылдарымен салыстырудағы мақсат туған әдебиетіміздің алыс бастау-арналарын, сонау көне X ғасыр ескерткіштерімен тікелей тамырластығын аңғарту еді. Осы аз мысалдың өзінен-ақ көп мәселенің түйіні ашылғандай. Оның үстіне шығармада аталатын кейіпкерлердің аттарының өзі де көп жайды аңғартады. Олар таза түркіше есімдер. Күнтолды, Айтолды, Өгдүлміш, Одғұрмыш — дегендерді түсіндірмей-ақ анық ұғамыз. Ал Наманғаннан табылған нұсқада (Ферғана нұсқасы делініп те жүр) бұл аттар таза қазақша жазылған. Әділ, Дәулет, Ақыл, Қанағат. Аттарынан байқалғандай бұл төрт кейіпкердің заты да атына сай. Өмір, тіршілік, адамгершілік туралы санқатпарлы философиялық толғамдар осы төртеуінің сұхбаты түрінде өрбиді. Түркі тілін таза, шебер қолдануына қарай академик А. Н. Кононов[1] «...Жүсіп, сонымен бірге, түркі сөздерін қолдануынан көрініп тұрғандай, өз халқының төл перзенті, шынайы өкілі болып табылады» деп түйіндейді.

Біз үшін «Құтадғу білікті», оның жазылған дәуірін терең білу, зерттеу, түсініп бүгінгісімен ұштастыру кейінге ысырмайтын, өмірлік мәні терең проблема. Бұл орайда, ағайындас туысқан халықтардың ықыластары мен үлгі-өнегелері құптап, қуанарлық. Өзбек ғалымы Қаюм Каримовтың Ташкентте «Құтты біліктің» жолма-жол аудармасын, түпнұсқасының транскрипциясын жасап бастыруы, ғылыми болжамдар, түйіндеулер жасауы ғылыми-зерттеушілік маңызын былай қойғанда, азаматтық іс.

Әйгілі ғалымдар, аудармашылар В. В. Радлов, С. Е. Малов, Р. Р. Арат, А. Н. Кононов, А. Ділашар, С. Н. Иванов, Н. Гребнев т. б белгілі әдебиет қайраткерлерінің маңызды еңбектері — бүкіл түркі тектес халықтар әдебиетіне деген үлкен жанашырлық іс.

Туысқан халықтар әдебиетшілерінің ондаған мақала, зерттеулері

Аталған еңбегінде.

жарияланып үлгерді. Лениндік сыйлықтың лауреаты Шыңғыс Айтматов көне мәдениет жұлдыздарына көңіл бөлудегі орашолақтықтарға күйіне келіп: «Атақты, байырғы түркі ақыны және ойшылы Жүсіп Баласағұнның 975 жылдығын өткеру идеясы да міне, осындай тағдырға тұс болды, бұл ұлы гуманист Тоқмақтың жанында Баласағұнда туылғандығы және сол жерде жасағандығы талассыз ғой. Қолжазбалары сирек қазына қатарында Вена мен Қаирда сақталып тұрған Жүсіп Баласағұнның поэзиясы «Манас» пен бірге біздің ата-бабаларымыздың рухани тұрмысында ықылымдардан келе жатқан бір текті лингвистикалық негіздегі өзара байланысты екі мәдениеттің — отырықшылық жазба және ауыз-екі көшпенді түріндегі мәдениетіміздің түпкі бастауын нақты растаған біздің ұлттық қазынамыз. Совет өкіметі жылдарында Орта Азия елдерінің интеллектуальдық және интернационалдық тұрмысы жаңа асуға көтеріліп, гүлдеп тұрған дәуірінде шалқар Баласағұн атын, мұрасын оның ұрпақтары біз құрметтеп ескермегенде, басқа кім ескермекші?»[1] деп тебіреніп жазуы кімнің болсын жанына қозғау саларлық, осы ұлағатты еңбектің қадір-қасиетін аша түсетін сөз. В. И. Асланов: «Құтадғу білікке» сүйену көп жағдайда зерттеуші лексикологқа азербайжан тілінің бірқатар сөздерінің мағынасын нақтылауға көмектеседі»[2] дейді. М. Н. Хыдыров: «Құтадғу білікте» кездесетін не бір сөз тіркестері қазір де түркімен тілінде өзгеріссіз қолданылады... Қандай да болмасын бір нақты тілдің «Құтадғу білік» тіліне қатынасы жөніндегі мәселе халықтың тілі мен тарихының байланысы тұрғысынан тюркологияның қызықты, мәнді саласы»[3]— деп жазыпты. Ө. Караев дастанда кездесетін «арпа ас, қымыз, сүт, жүн, құрт, киіз, тон, қой, қодас» тәрізді сөздерге, терминдерге назар аудара келіп: «Тұтастай алғанда Жүсіп Баласағұн поэмасының күллі терминологиясы Советтік Шығыс халықтарының әртүрлі тарихи мәселелерін зерттеу үшін аса бағалы материал»[4]— деп түйеді. Ноғай ғалымы А. Сикалиев Сарайшық қаласынан табылған қыш құмырадағы жазу туралы еске түсіре отырып: «Бұл деректің өзі, біздіңше, атақты ақынның ноғай елінде кең танымал екендігінің дәлелі, оның арасындағы көптеген найман, бұғы, байтегі, тағы басқа руларының өкілдері Жүсіп Баласағұнды өздерінің туған ақыны деп санауына да болады»[5]— деген ойды білдіреді. Үй-

[1] Шыңғыс Айтматов. Рухий доялөттүн
Фрунзе, 1986, № 6 (993).
[2] В. И. Асланов. Лексика «Кутадгу
«Советская тюркология», 1970, № 4, стр. 46.
[3] М. И. Хыдыров. Отношение туркм
билик», «Советская тюркология», 1970, № 4.
[4] О. Караев. О терминах и на
ская тюркология», 1981, № 3.
[5] А. Сикалиев. Древнетюркские
ская тюркология», 1970, № 4.

Кутадгу билик
ики и ногайц

ғыр тіліндегі аудармасын баспаға дайындаушылар: «Құтадғу білік»— ұйғыр халқының XI ғасырда жасаған ұлы ағартушы ақыны Юсуф Хас Хажиб жазған шоқ тыныстыдастан»[1]— деп хабарлайды. Қырғыз ғалымы, Ө. Қараев 1970 жылы Ленинградта Жүсіптің поэмасы жазылғанына 900 жыл толуына арналған Түркологтардың IV конференциясы өткендігін, сол конференция қорытындылары жөнінде «Вопросы литературада» (№ 10, 1972) жариялатқан мақаласында М. Хамраев конференцияға қатысушылардың басым көпшілігі «Құтадғу білікті» ұйғыр ескерткіші, Жүсіп болса сол елдің жазба әдебиетінің негізін салушы деген пікірге келді деп, симпозиумның қорытындыларын бұрмалап жібергенін айтады. Сонымен қатар, қырғыз ғалымы қатысушылардың басым көпшілігі «Құтадғу білікті» жалпы түркі елінің әдеби естелігі деген пікірге келген деп, конференция материалдарына сілтеме жасайды («Советская тюркология», 1970, № 4). Және де: «Құтадғу білік» ұйғырларға тән мұра деген пікір дұрыс емес. XI ықылымда олар негізінен Шығыс Түркістанда жасап, бұл аймақта екі мемлекетшені түзіскен... Махмұт Қашқаридың сөздігінде Қараханилердің оларға қарсы шабуылға шығып, Мыңғлақ атты аймағын басып алғаны,.. жөнінде жырмен жазылған мәліметтер бар»[2]— дейді. Мұның бәрі де дастанның Орта Азия халықтары мәдениетінен алатын орнын, кереғар пікір болжамдардың барлығын анық меңзейді.

«Құтты білік» тек қана әдеби мұра емес. Бұл бүтін бір тарихи кезеңнің сипаты-белгілерін сіңірген, қоғамдық-саяси, әлеуметтік бітімі қанық, моральдық-этикалық, рухани қазынамыздың негізі, арқауы дерлік құнарлы дүние. Қазақ халқының мәдениеті мен әдебиетінің бұрын-соңды зерттеу, ғылым тіліне түспеген алуан қырлы ерекшеліктерін осы ұлы мұра беттерінен табар едік. Әрине, осыдан он ғасырға жуық бұрынғы поэманың тілдік-көркемдік ерекшелігі, қарапайымдау тұстар кездеседі. Соның өзінде, арнайы шешендікке, қызыл-сөзділікке салынбаған тегеуірінді, түбірлі тілдің, қарапайым да қарымды даналықтың куәсі боламыз. Бүкіл тіл орамдары, тарихи мекен-жайлар, сөз толғамдары туысқан халықтармен қатар қазіргі қазақ тіліне де үндес. Поэтикалық, қоғамдық-әлеуметтік мәні жағынан, философиялық терең тұжырымдарымен дүниежүзіне жақсы танылып, тарап үлгірген «Құтты біліктен» туған еліміздің рухани, моральдық-этикалық тұлғасын, Қазақстан мәдениеті мен әдебиетінің бай тарихы мен дәстүрін көреміз. Қазіргі жазба әдебиетіміздің көшбасы саналып жүрген жыраулар поэзия

[1] Юсуф Хас Хажиб. «Кутадгу билиг», Пекин, 1984, 1-бет.
[2] Ө. Қараев. Жүсіп Баласағын жана анық доору. «Қырғызстан маданиясы», 1986 жыл, № 20.

сының соншалықты кемел, соншама керемет шеберлік деңгейіне көтерілуі бір-ер ғасыр төңірегінде ғана қалыптасып, туа қалған деуге сену қиын. Жыраулар тебіренісі мен шешендік сөздерді, жырлар мен ертегілерді еске түсіріңіз. Сөз өнерінің ғажайып даму бигі, самғау шыңдары емес пе!? Адалына жүгінсек, біздің философтарымыз бен әдебиетшілеріміз, тарихшыларымыз осыншама бай қазынаны ғылыми тұрғыдан талдап-танып, жан-жақты, толық игеріп үлгірген жоқ. «Алдаспан», «Үш ғасыр жырлайды», «Бес ғасыр жырлайды» атты халық қазынасына айналған еңбектер мәдени өміріміздегі ірі құбылыстар. Солар арқылы, қолға аса бай материал түсті. Көптеген ақындар әдебиетіміздің, тіліміздің төл перзенті екендігі дәлелденді.

Бұл орайда, профессор Б. Кенжебаевтың еңбегі мен өнегесі ерекше. Сондай-ақ, басқа да көптеген ғалымдарымыздың зерттеу еңбектерінің нәтижесінде сөз болып отырған дәуір жоғары оқу орындарының оқу программасына енді, әдебиет тарихында айтулы бір дәуір ретінде орын алып, талданды, ғылыми еңбектер, оқулық, монографиялар жазылды. Үздіксіз оқылып-зерттеліп келеді. Бұдан ілгерірек «Ертедегі әдебиет нұсқалары» атты арнайы пәнді еске алыңыз... Сонымен... Иә, сонымен, осыншама бай, құнарлы һәм құдіретті поэзияны зерттеу мұратына жетті ме?! «Қазақтар нақысты сөйлеуді бар өнердің алды деп біледі, сондықтан олардың поэзиясы дамудың жоғары сатысына жеткен»— деген ұлы ғалым В. Радлов пікірінің бір көзі, дәлелі осында жатыр ғой. XIV—XV ғасырлар поэзиясының поэтикасы, құрылысы, шеберлік тәсілдері, тілі мен тарихи мән-маңызы жан-жақты зерттеуді терең білгір талдауды күтіп жатқан дүниелер. Әр жырдың, әр шығарманың құрылысы мен композициясының шымырлығы, ерекшелігі, тілдік қана емес әдеби-көркемдік тәсіл ретіндегі өзгеше қасиеттері нақты зерттеулердің өзегі болуға тиісті.

Біздің айтпағымыз, қазақ поэзиясының осынау шеберлік биігіне көтерілуі, өз алдына мәдени-тарихи құбылыс ретінде шоқтықтана түсуі бір күннің, бір ғасырдың мәуесі емес. Оның төркіні, мөлдір көусар бастаулары әріде, XIV ғасырдан да әрі, тым терендедер едік. «Түркі қағанаттары құлағаннан (VIII) соңғы кезеңде сахарадағы әдеби өмір орталығы тікелей қазіргі Қазақстан жеріне— Жетісу мен Сыр бойына ауысады. Өзіндік сипатқа не болған дала мәдениетімен қоса қала мәдениеті де өркендейді. ...Дәл осы кезеңде қазіргі қазақ жерінен мұсылман әлемінде «мұғалім әс-сани»— мәшһүр Аристотельден соңғы екінші ұстаз атанған Әбунасыр әл-Фарабидың өсіп шығуы кездейсоқ емес-ті»[1]. Осы орайда жазушы М. Ма-

[1] Мағауин М. Бес ғасыр белестері. «Бес ғасыр жырлайды». 1 том. А., 1981

ғауин де «көне дәуірдегі қазақ поэзиясы туралы мол мағлұмат, құнды деректер беретін» сол дәуірдегі бірқатар ақын-жазушыларды атаған.

Сондықтан да, «Құтты біліктегі» тілімізге, ой толғамымызға төркіндес, етене жақын орамдарды көргенде, қазақ әдебиетінің тікелей рухани да, стильдік те сабақтастығын, дидактикалық поэзия мен шешендік сөздердің, билердің әйгілі толғамдарының дәстүр бірлігін көрмеу, түйсінбеу мүмкін емес. Яғни, жазба әдебиетіміздің үлкен арнасы, осы «Құтты білікте», Жүсіп Баласағұн жасаған дәуірде жатыр.

Философия, этика, эстетика, заң, жаратылыстану ғылымдарына да тікелей қатысы бар ой желілері, тұстар «Құтты білікте» мол-ақ...

Ақыл көркі — тіл, тілдің көркі — сөз,
Кісі көркі — жүз, жүздің көркі — көз,—

дейді Жүсіп Баласағұн «Құтты білікте».

«Өнер алды — қызыл тіл» дейді халық даналығы.

Осыған орай, «Құтадғу білік» те, Жүсіп Хас Хажыб туып өскен өзіміздің Шу өзенінің бойындағы көне қала Баласағұн да мәдени, тарихи маңызы зор, үлкен ескерткіштер.

Баласағұн қаласы жөнінде де болжамдар көп. В. В. Бартольд күйреген Ақ Бешім мен Боран бекеті ме деп шамалайды[1]. «Құтты біліктің» өлең жолдары жазылған қыш құмыраның (XIII ғ.) Сарайшық қаласынан табылуы да өте құнды дерек. Шу бойында қазба жұмыстарын жүргізген экспедициялардың бірінің жазбасынан Баласағұн жөнінде нақты, назар аударарлық мағлұматтарды оқыдық. Онда Баласағұн қаласының қазбалары бойынша Шу даласында IX—XI ғасырлардың өзінде-ақ суландыру жүйелері бар жер өңдеу, егін өсіру мәдениеті, ұн дайындау өндірісі жақсы дамығанын көрсетеді. Мысалы, көне қала орнын қазғанда бір үйдің бұрышынан VIII ғасырда жасалған ағаш соқаның, ені бір жарым метрлік диірмен тасының табылғандығы белгілі.[2] «Қазба жұмыстары кезінде табылған өрік сүйектері мен қауын-қарбыз ұрықтары да бау-бақша шаруашылығының өркендегенін білдіреді» дейді зерттеушілер, Тастан жасалған қолдирмен, темір орақтың табылуы, үйлердің құрылысы бұл қалада отырықшылық тұрмысқа ауысқан, түркілердің қарапайым халқының да тұрғандығының дәлелі. Құм басқан қала орнындағы Баласағұн храмы да архитектуралық бітімі жағынан дамыған мәдениетті танытады. Сарайдың бір бөлігінің жобасынан Шығыс Түркістан сарайларының мәнері байқалса, екінші жағынан Орта Азия сәулет өнерінің қолтаңбасы қанық танылады. Ғалымдар Баласағұн храмын VIII ғасыр архитектурасына жатқызып отыр. Күйреген Қыш құмыралар, отырған күйдегі бүйктігі төрт метрге дейін жететін алып мүсіндер, соғыста қираған буддалар, орталық зал мен галереялардың қабырғаларын, төбесін тұтас көмкерген жазулар, үстіңгі қабатты қазу кезінде табылған қараханидтердің жетпіс алты қола диргемі (X—XI ғ. ғ. ақша) т. б. көптеген белгілер, табылған заттар, бұйымдар, Баласағұн қаласының ірі мәдени-әлеуметтік, қоғамдық саяси орталық болғандығының куәсі. Көшпенділер мен отырықшы халықтың арасында болған қақтығыс, соғыс іздері де сайрап жатыр. «Сарайды (Баласағұн храмын) қазу жұмыстары тарихи процестің динамикасын, отырықшылық пен көшпенді тірліктің түйіскен тұсын, көшпенді түркі халқының отырықшылыққа ауыса бастау процесін айқын танытын берді»— деп жазды бұл жөнінде Л. Қызласов.

Поэманың тілі жөнінде ғылымда кереғар пікірлер жетерлік. Ұлы тюрколог В. В. Радловтың (1837—1918) өзінің «Құтты білік» тілін зерттеуде күрделі «шырғалаңға» түскені оның қаншалықты күрделі мәселе екенін аңғартады. В. В. Радлов алғаш Вена нұсқасы бойынша транскрипциялағанда Алтай түркілерінің тіліне сүйенгені (кейін Наманған, Қанр нұсқаларын алған соң ойланғанымен) белгілі. Дат тюркологы В. Томсеннің мақаласынан, Махмұд Қашқаридың шығармаларынан кейін В. В. Радлов принципінің жаңылыс тұстары да ашылған (С. Е. Малов, А. Н. Кононов). Қалай дегенде де, қазіргі тюркологияда бұл жөнінде бір байламды тұжырым жоқ. Пікір, болжам көп. Мұнда, шығарманың өз дерегіне қарасақ (кіріспеде): «бұғрахан тілінде, түркі сөзімен» деп жазылған. А. Н. Кононов аталған мақаласында: «Бұғрахан тілі — қараханидтер ұлысында (840—1212) тараған әдеби-жазба тіл»— деп тұжырымдайды. Көнеұйғыр тілінде (С. Е. Малов), қарлұқ тілінде (А. М. Щербак), қараханидтер, бұғрахан-хақан тілінде (Э. Р. Тенишев), қарлұқ-қыпшақ тілінде (Г. Ф. Благова), қараханидтер тілінде (А. Валиханов), қараханид-түркі тілінде, яғни түркі тілінде (түркия ғалымы А. Ділашар) жазылған деген де пікірлер көпшілік мәлім. А. Н. Кононовтың өзіне дейінгі зерттеулерді саралай келіп: «Жүсіп Баласағұн дастанының тілін жоғары көркемдік сипатына қарай түркі қағандық, әулеттік белгілеріне орай қараханид-түркіше, қараханид-ұйғырша, қай ру-тайпаға жататынына қарай сараласақ қарлықша, мәдени-тарихи белгілері бойынша қарлықша-ұйғырша деуге болар еді. Бұл ретте, В. В. Бартольдтың: «... қараханид (мемлекетінің — А. Е.) адамдары өздерін ұйғыр деп атамағандығы және де Жүсіп Баласағұн үшін ол жазған тіл, ұйғыр тілі болмағандығы (сапалма-

[1] Бартольд В. В. Сочинения, т. IV. М., 1966.
[2] Қызласов Л. Раскопки древнего Бласагуна «Вестник Московского университета», СОН, 1953, № 11, стр. 160.

ғаны) күмәнсіз» деген сөзін ескерген жөн[1]»— деп Э. Н. Наджип пен В. В. Бартольдқа сүйене айтқан болжамы да құлаққа қонарлық, ойландыратын түйін.

Қараханидтер мемлекеті, әулеті жөнінде арнаулы зерттеулер бар. Қараханидтердің шығу тегі жөніндегі жеті ғылыми болжам да аян. Біз, дастанда кездесетін шығыл (чигил), яғма, йағма сөздеріне назар аударғымыз келеді. Зерттеулерде шығыл, йағма, тохсалар Қарлұқтардың рулары. Қарлұқтардың Туғарстанда (Тохаристан), Алтайда, Жоңғарияда билік еткені, Жетісуда Тараз бен Сұяб қалаларын алғаны, Орта Сырдария, Ферғана бөлігіне ықпал еткені жөнінде жазылған. «Қараханидтер қағанатының пайда болуы қарлықтар әкелген көне түркі мемлекеті дамуының табиғи заңды жалғасы[2]». Тарихшы М. Ақынжанов: «...қарлықтар Алтай, Тарбағатай тауларынан бастап, Жетісуға дейін, одан әрі Талас, Сырдария өзендеріне дейін өзіне қаратып, 766 жылдары Қарлық атымен феодалдық мемлекет құрды. VIII ғасырдың аяғында, IX ғасырдың басында бұл мемлекет өте күшейіп үйсін, қаңлы, теклы, арғу және басқа кейінірек қазақ аталып кеткен барлық ру-ұлыстарды бағындырды[3]»— деген пікір білдіреді. Бұл пікірді Қазақ Совет Энциклопедиясындағы деректермен, Кляшторныйдан алған мысалмен салыстырып көргенде ойлануға да боларлық. Тексте «Ябгу» деген сөз кездеседі. «Ябгу — дейді «Худуд әл-әлемнің» авторы — бұл қарлықтар ханының бұрынғы лауазымы». «Әл-Жигази, Гардизи Тахир Мәрбази және Әль-Масудидің дәлелдері бойынша, ұйғырлар ықпалы әлсіреген кезде түркі тайпаларына жоғарғы билік қарлықтың Ябғасына көшті»— (С. Г. Кляшторный). Қараханидтер мемлекетін негізінен екі тайпа — шығылдар мен йағма — басқарады (С. Г. Кляшторный). Ең жоғарғысы Баласағұнда (Құзорда) тұрған, Арслан Қара-қаған атты шығылдардан (чигил) шыққан Шығыс қағаны саналған.

Иағма (яғма) тайпасынан шыққан кіші қаған, Батыс қағаны Бұғра Қара-қағанның ставкасы Таразда, кейін Қашқарда болған.

Міне, осы Қараханидтер дәуірінің тарихи-әлеуметтік жағдайы, «Құтты біліктің» көп жұмбақтарын ашып бере алар еді. Расында да, бұл дастанның туу себебі қараханидтар елінің саяси, әлеуметтік аласапыран күндеріне сәйкес келуі де мүмкін. Автор моральдық-этикалық негіздегі осындай шығарманың қажеттігін сезгендіктен жазуы да мүмкін.

Осындай толып жатқан (тізе беруді жөн көрмедік) болжам,

[1] Сонда.
[2] Кляшторный С. Г., Эпоха «Кутадгу билиг», Советская тюркология 1970, № 4.
[3] Ақынжанов М. Қазақтың тегі туралы. А., Қазмембас, 1957.

деректерге қарағанда басқа түркі тілдес туысқан, бауырлас халықтармен бірге қазақ мәдениетінің, әдебиетінің де көне дәуірлерден нәр алғандығында тарихи да, рухани да алғы шарттар мол болғанын көреміз. М. Ақынжанов өзіміз атаған кітабында: «А. Вамбери неміс тілінде 1885 жылы шыққан «Түркі халықтарының этнологиясы мен этнографиясы» деген еңбегінде біраз фактілерді келтіреді. Ең алдымен, ол қазақ деген есімнің IX—X ғасырларда жұрт таныған халықтың аты болғанын айтады, сонымен бірге, қазақ атты халықтың ол кезде болғандығын дәлелдейтін ресми және әдебиеттік жазба мәліметтер келтіреді. Византияның императоры — Константин Порфиророднидің Кубаньнан Шығысқа қарай мекендеп отырған елді X ғасырда «Казахия» деп атағанын дәлелге алады. Ал, ол кезде Кубаньның шығыс жағында қазақ халқының құрамындағы ең зор және саны көп ұлыстардың бірі — қыпшақ елі отырғаны мәлім»— деп жазыпты.

Қалай дегенде де, «Құтадғу білік» түркі халықтары мәдениетінің биік шыңдарының бірі екені анық. «Құтты білікті» аударып, әртүрлі аспектіде зерттеу қазіргі өзбек, қазақ, ұйғыр, түркімен, қырғыз, қарақалпақ, т. б. түркі тілдес елдердің, Орта Азия мен Қазақстанның мәдени даму процесін тануға, онда ықылым заманнан ғұмыр кешіп келе жатқан халықтардың рухани-моральдық, эстетикалық сипаттарын, тарихы мен өнерін, ғылымын жете тануына тікелей әсер ететіні сөзсіз. Жоғарыда айттық, бұған дейін «Құтты біліктің» толық аудармасы тек төрт тілде ғана, орыс тілінде (С. Н. Иванов. Москва, 1983), өзбек тілінде (Қ. Қаримов, Ташкент, 1972), түрік ғалымы Р. Р. Арат үш қолжазба бойынша құрап транскрипциялаған толық текстін жасап (Р. Р. Арат «Құтадғу біліг», Стамбул, 1947), түрік тіліне аударып жариялатты (Р. Р. Арат, «Құтадғу біліг», Анкара, 1959), ұйғыр тілінде (Шыңжаң ұйғыр автономиялық районы Академиясының бір топ аудармашылары, Пекин, 1984) жарық көрді.

Кітапта жер, ел ру аттары ауызға алынады. Солардың көпшілігі күні бүгінге дейін мәлім. Бұл мәселелерге қатысты ғалымдардың әртүрлі тұжырым болжамдары да көпшілікке таныс[1]. Оның бәрін салыстырып, талдау біздің міндетімізге жатпайды. Сондықтан, тек кейбірінің ғана аттарына сілтеме жасап отырмыз. Сонымен, дастанда «тәжік», «араб» деген сөздер кездеседі, көне мәдениеттің бірқатар ғалымдарының, жиһанкез, батырларының, билеу-

[1] Х. Короглы. Алп Ер Тонга и Афрасияб по Юсуфу Баласагуну, Махмуду Кашкари и другим авторам. «Советская тюркология», 1970, № 4; А. Сикалюк. Древнетюркские письменные памятники и погайцы. «Советская тюркология» 1970, № 4; С. Г. Кляшторный. Эпоха «Кутадгу билиг». «Сов. тюрк.», 1970, № 4; В. У. Махпиров. Антропонимы в «Дивану лугатит тюрк» и «Кутадгу билик». «Советская тюркология», 1979, № 4 и др.

шілердің не аттары аталады, не мифтер мен аңыздардағы кең тараған белгі-қасиеттері арқылы меңзеледі. (Бұл орайда 4710—4718, 6547, 6548, 6549, 6550 бәйіттерді атасақ та жетіп жатыр). Яғни, поэзия туындысы дегенмен, қалай дегенде де нақты дерек-тілік, ғылыми ой-толғамның негізділігі айқын аңғарылады. Тек осы белгілерінің өзі бұл іргелі, өркендеген мәдениеттің, цивилизацияның мәуесі екендігін ауыз әдебиетінен гөрі қалыптасқан, гүлденген жазба мәдениетінің мәуесі екендігін білдіреді. «Қаршы» («сарай») сөзінің, қазіргі Қаршы (Орта Азия) қаласымен әйтеуір бір тамырластығы бар ма деген ой келеді. Түркі әдебиетін зерттеудің ірі тұлғалары В. В. Радлов, Г. Вамбери, С. Е. Маловтан бастап барша ғалымдардың, әдебиетшілердің «Құтты білікте» кездесетін түйінді, мәнді атауларға ықыласпен, мән бере қарап, әр сөзді өздеріншe талдап тұжырым айтуы, айта отырып, көне ескерткішке керемет ықтияттықпен, қамқорлықпен қарауы үлкен мәдениеттіліктің, ғылыми адалдықтың белгісі, үлгі-өнегесі. Ал, кейбір өзіміз толық сеніңкіремей, күмәнмен, келіспей қараған тіпті келіспеген пікірлер де кездеседі. Бәрін болмаса да басы ашық, бір жағы ғылыми, бір жағы баспа ісінің (редакторлардың) үлесіне тиетін, ойласатын екі жайға назар аударғым келеді. «Құтты білік» алғаш жарияланa бастағаннан-ақ оның авторы дүниеге «Жүсіп Баласағуни», «Юсуф Баласагунский» ретінде танылды. Кейінгі кезде түркі халқының бұл үлкен еңбегіне ықылас-ынта күшейе түсті. Орыс, өзбек, ұйғыр тілдерінде аударылып жарияланды. Бірақ, солардың екеуінде ғана (Юсуф Баласагунский, «Наука быть счастливым» Москва. Х. Л. 1971 г., Юсуф Баласагунский «Благодатное знание» Москва, Наука, 1983) автордың аты-жөні толық көрсетілген. Ал, өзбек баспагерлері Юсуф Хос Хожиб «Қутадғу билик» (Ташкент, 1971), Юсуф Хос Хожиб «Қутадғу билиг», «Ташкент, «Фан» баспасы, 1972), уйғыр аудармашылары да «Юсуф Хас Һажип «Құтадғу билик», (Пекин, ұлттар баспасы, 1984) деп ат, дәрежесімен ғана қысқа қайырады. Неге? «Хас Хажыб»— атағы да, шын аты-жөні «Жүсіп Баласағуни» ғой. Мысалы, Махмұд Қашқари деген сияқты. «Баласағун» сөзінің не кітаптың сыртында, не титул беттерінде берілмеуі түсініксіз. Бұл, былай қарағанда елеусіз көрінгенімен, біз тарихи мәдени мұра туралы әңгіме қозғап отырғанымызды ұмытпауымыз керек. Ғылымда қалыптасқан атауды түрлендіргеннен көпшілік оқырманды алаңдатқаннан басқа ұтарымыз шамалы... Жүсіптің Баласағұнда туғаны, өскені, Баласағұн қаласының тарихта болғаны шындық қой. Сондай-ақ аударған кезде басы ашық, контексте де айқын атау сөзді түрлендірудің қажеті шамалы ма дейміз. Мысалы, түпнұсқада мынадай тіркес бар: «Көңүл, тил кичиг тут эй ер қывчақы» (Қ. Каримов транскрипциясы, 2439-бәйіт, Ташкент, 1972, 402-бет), «Көңүл тил кишиг тут ай әр қывшақы» (2477-

бәйіт, Пекин, ұлттар баспасы, 1984, 530-бет). Екі басылымдағы түпнұсқаның транскрипциясын (орыс, латын әрпіндегі) арнайы қатар келтірдік. Бәлендей айырма жоқ. Ұғынықты. «Көңіл, тіліңді кішік тұт ей, ер қыпшақ!» немесе «...ей, қыпшақ ері!» деген бірауыз сөз. Енді аудармаларға назар салайық, бұл тіркес өзбек тілінде: «Кунгил ва тилни кичик тут, эй қифчоқ (лардан булган) киши» (аталған басылым), ұйғыр тілінде «Қоңуул, тил кичик туут, ай қаучақ ер» деп «қыпшақ» сөзіне 140-сілтемеде: «іші бос, көуақ (?)» деген түсінік береді (аталған басылым). Енді үшінші, ең бір толымды арқа сүйер орнықты еңбек тындырған С. Н. Ивановтың басты бағытымыз болған текстіне жүгінейік: «Будь скромен, злосчастный, и в речи и в мысли!» (аталған басылым). Сонда қалай түсініп, қайсысына жүгінемізі? Көпшілікке ежелден мәлім «қыпшақ» сөзі неге үш түрлі болып шықты екен? Біздіңше, бұл жерде бас қатырып балама іздеудің, түсіндірудің де реті жоқ, түпнұсқада қалай болса, сол күйінде қалуы шарт. «Қыпшақ» (қывчақ) сөзі үш жерде кездеседі. Екіншісінде, былай аударылған. «Иалавач йавуз болса қывчақ кулы» (көне түркі)—«Элчи ярамас, қипчоқлар кули болса» (өзбек тілінде, 2600-бәйіт) «Иалавач иавуз болса қывшақ қовы» (көне түркіше)—«гәр елчи болса буш, тураксиз, наман» (ұйғыр тілінде, 2339-бәйіт). Ал, С. Н. Иванов аудармасында: «А если посол неудачлив и худ...» (2639-бәйіт) деп тәржімаланған. 3407-бәйітте де осы мағынадан өзгермеген. Тек, өзбек басылымында ғана (3362-бәйіт) «қинчоқи» деп түпнұсқадағы тұлғасы сақталыпты. Әрине, бұл творчестволық мәселе деуге болар. Қалай дегенмен, бесенеден белгілі «қыпшақ» сөзінің мағыналық «түрленуі» көңілге қонбайды. Әлде, аудармашылар Махмұт Қашқаридың сөздігінде айтылған деректерде көрсетілгендей сол кезде Баласағұн мен Сайрам Шаһарының арасындағы аймақ Арғу өлкесі деп те аталғанын, Талас өзені өңірінде қыпшақтардың бір бөлігі жасағанын білмеді ме екен?

Көне түркі мәдениетінің тарихы, ерекшелігі, даму сипаты дүниежүзілік мәдениеттің, адамзат цивилизациясының ортақ қазынасы, бiик шыңдарының бірі. Жүсіп Баласағұн классикалық еңбегінде адамды бақытқа жеткізу жолдарын, адам баласының күнгі тұрмысын жырлады. Адам баласының бақыты да, күдіреті де, сұлулығы да оның қоғамға, халыққа берген пайдасында деп ұқын.

Бір ерекшелікті ашып айту керек, дастанда жалпы адамзаттық, халықтық мәселелер қозғалады. Ауызға алып, атағаны болмаса ру, тайпа, ел, жер деп саралаудың қылаудай сарыны сезілмейді. Бұл тұрғыда Жүсіптің ақындық, ойшыл-философ ретіндегі тұлғасы биіктей түседі. Сондықтан, бүгін де ұлы ғалымды нәсілі «ұйғыр», не «ноғай», не «қырғыз», я «казақ» демей, ұлы мұраны қазіргі

әдебиет, тарихи прогресс мақсатында терең талдап, зерттеу — ұрпақ мұраты.

Қалай десек те, «Құтадғу білік» бауырлас түркі халықтарының ортақ қазынасы. Бұған екінші бір дәлел — бірінші тюрколог, түркі ғұламасы Махмұд Қашқаридың өз сөзі: «Мен ең бір қызылсөзге жүйрік түркілерінің бірімін, бәрінен (жұрттың) жақсы түсінісем, бәрінен жақсы түсінем, тегімнен де ең бір жауынгер, өжетпін, ең бір озығымын. Оның үстіне түркілердің күллі тайпа, ауыл мен даласын аралап шықтым. Түркілердің, түркімен, оғыз, шығыл, яғма, қырғыздардың сөздерін терең зерттеп, үйрендім. Білгендігім сонша, әр рудың сөз ерекшелігін еркін меңгердім. Ұзақ зерттегеннен соң барып өз сөздігімді жасап... оны «Диван лугат ат-түрки» деп атадым»,—дейді ол. Ал өзі осылай жазып отырған Махмұд Қашқариды бір халыққа меншіктеп жатсақ, бұрмалау болмай ма?!

Ол дәуірдегі түркі мәдениетінде қазіргі түркі халықтары әдебиетінің қай-қайсысының да сипат белгілері бар. Сондықтан ортақ мұра деудің тарихи да, мәдени де растығына ешкім күмәнданбас. Ал, одан қазіргі әдебиеттер тамырластығын, туыстастығын тауып жатса — ол да тарихи негізі бар заңдылық. Қазақ жазба әдебиетінің де тарихын сонау көне дәуірлерден, ғасырлардан бастап санап, әлі де тереңдей зерттеп, жүйелейтін кез жетті.

Орхон-Енисей, Талас жазулары (V—VII ғасырлар) жазба мәдениетіміздің, тіліміздің ең көне дәуірдегі үлгілері, тарихи мұра ескерткіштері. Олардың қазақ тілімен, қазақ әдебиетінің тілімен тамырластығы, етене жақындығы жөнінде көптеген мақала, зерттеулер, оқу құралдары қалың көпшілікке тіл мен әдебиет мамандарына жақсы таныс. Орхон-Енисей жазбаларын қазіргі қазақ тілімен салыстыра зерттеген белгілі тюрколог ғалым С. Аманжолов дулат диалектісінде жазылғандығын дәлелдесе, белгілі ғалым Ғ. Мұсабаев Талас жазуының ескерткіштерін үйсін диалектісінде жазылған деп болжап, жүйелеген-ді. Бірнеше түркі тілінің ортақ қазынасы деген тұжырым да бар. Ал, Орхон-Енисей жазуы Қытай іргесінен бастап Орта Азия, одан әрі Венгрия жеріне дейін тарап, кең жайылған. Оның қолданылу тарихы «V және X—XI ғасырлар аралығын қамтиды» (Айдаров Ғ, Құрышжанов Ә, Томанов М, «Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі», А., 1971). С. Е. Малов «Памятники рунического письма» деген еңбегінде фин ғалымдарының, Дат ғалымы В. Томсеннің (1893 ж.), орыс ғалымы Н. Ядринцев, В. В. Радловтың осы ескерткішке қатысты жаңалықтарын түсіндіре отырып: «...бұрын тек қытай жылнамаларынан ғана теріп жүрген көшпелі мемлекеттердің тарихына қатысты жаңа көз осылай табылды» дейді. Ол 1799 жылы Венгрияның Св. Николай селосынан табылған алтын ыдыстардағы жазулардың Талас жазуларымен ұқсастығын

айтады. Ол жазуды проф. Ю. Немет X ғасырға, печенегтерге жатқызған.

Осы Күлтегін ескерткішінің кіші, үлкен жазуларымен «Құтадғу біліктің» арасындағы үндестікті аңғармау мүмкін емес. Салыстыра қарағанымызда, біраз тектестікті байқадық. Екеуі де көне түркі мәдениетінің ескерткіші болғандықтан рухының, сөз орамдарының, тіл ерекшеліктерінің туыстығын таратып айтып жатпаймыз. Күлтегін ескерткішінде бірнеше жерде Өтүкен елі (Отюкен, Өтікен) жайлы айтылады. «Өтүкен бегі былай депті...» дегенді «Құтты біліктен» де кездестіресіздер. Күлтегінде айтылатын «Ябгу», «Умай», т. б. атаулар «Құтты білікте» де кездеседі. «Умай» аты Тоныюкук ескерткішінде де аталып қалады. Күлтегіннің үлкен жазуындағы «көк түрік» атауы «Құтты біліктегі» «көк айықлықпен» («көк етік»)— мағыналас емес пе деп те ойлаймын. Осының өзі-ақ Орхон-Енисей, Талас ескерткіштері (V—VII ғ.) мен «Құтадғу білік» (XI ғ.) арасында өзара байланысты дәстүрі үзілмеген мәдени-тарихи кезең жатқандығын меңзейді. «Құтты біліктің» тіл ерекшелігін анықтауда Орхон-Енисей Талас жазуларымен ұштастыра, салыстыра зерттеуден көп мәселенің басы ашылары анық.

Сөз тіркестерінің тектестігі, сөз орамдарының ұқсастығы бұлардың бір әдеби-мәдени дәстүрдің үлгілері екендігінің ерекше айғағы.

Біз шамалап қана келтірген қазақ мақал-мәтелдерінің, даналық сөздерінің «Құтты білікте» түйдек-түйдегімен ұшырасуы авторының осы жерде туып өсіп, қалыптасқандығынан ғана емес, халықтық тіл, ой өнерінің терең тамырлы дәстүр, заңдылықтарының да көрінісі. Яғни, авторды да, шығарманы да қалыптастыратын қасиет — өскен орта, географиялық, мәдени-әлеуметтік атмосфера.

Халықтық даналық сөздер, мақал-мәтелдер бөз күйінде ұшырасса, енді бірде қазіргі мақалға айналған ұлағатты сөздердің ой ұшқындары, ойдың алғашқы модельдері көзге ұрып тұр.

Пікірімізге дәлел боларлық мысал көп-ақ.

Қазақ халық әдебиетінде қазаны естіртудің, жоқтау мен жұбатудың, көңіл айтудың небір үздік үлгілері бар. Бұл орайда да, «Құтадғу білікте» рухани да, көркемдік тәсіл жағынан да туыстық белгі бұлтартпастай берік. Түс. Түс жору жөніндегі тараулардың былай қойғанда, Айтолдының, одан кейін Одғұрмыштың өлеңінде өсиет айтуы, өсиет жазып қалдыруы көп жайды сездірмей ме?! Қолбала шәкіртінің Өгдүлмішке Одғұрмыштың өлімін естіртуі, оның Өгдүлмішке көңіл айтып, тоқтау айтып жұбатуы, Өгдүлміштің Одғұрмышты жоқтап, аза тұтуы туралы, ханның, Өгдүлмішке тоқтау, көңіл айтуы сияқты тараулар тақырыбы, аталуы жағынан да, маз-

мұн-мәнері жағынан да халқымыздың әдеби дәстүрімен үндес, сарындас бірегей дүние.

Осынау бірқатар ойларымызды жинақтасақ, «Құтадғу білік» қазақ жазба әдебиетінің тарихынан үлкен, белесті орын алатын ұлттық мұрамыз екені күмән күдіксіз. Қазақ жазба әдебиетінің үлкен бір дәуірі жыраулар поэзиясының (XIV—XVI ғ. ғ) алдында, әрі ғылыми-философиялық трактат, әрі дидактикалық поэзияның әлемге танылған асыл маржаны, әрі ақындық шеберліктің биік шыңдарының бірі «Құтты білік» тұр. Қазақ халқының моральдық-этикалық тұлғасын, ұлттық қасиеттерінің хатқа түскен сипатын, рухани кескін-келбетін, жан-дүниесінің ғасырлар бойы қалыптасқан бедерлі белгілерін осы көне де өнегелі шығармадан айнытпай танимыз.

Бұл қазақ тілінде тұңғыш рет жасалып отырған аударма нұсқасы. Текст түпнұсқадан тұтас аударылды.

Өлеңмен жазылған бұл философиялық трактаттың жанрлық ерекшелігі, композициясы, поэтикасы автордың үздік дарыны мен білімін, сонымен қоса сол кездегі жазу өнерінің, жазба әдебиеттің жақсы дамығанын көрсетеді.

«Құтты білік» сол кездегі осындай жанрдағы шығармаларға тән кіріспелермен басталады. Мұнда да сол дәстүр бойынша құдайға шүкіршілік етіп, кітаптың мақсатымен, мазмұнымен таныстырып өтеді. Содан кейін кітаптың негізгі тараулары. Кітаптың соңғы тарауларында Жүсіп Баласағұн өмірдің, уақыттың өтпелілігін, опасыздығын, достардың жапасын айтып, өз кемшілік күнәларына күйінеді. Кейінгілерге өсиет сөздерін айтады. Соншама көлемді, оқиғасы жоққа тән дастан композициялық жағынан шымыр, ұтымды да ұшқыр. Тақырып аясы өте кең, күнделікті тұрмыс-тіршіліктен бастап ел, мемлекет басқару, еларалық саясат мәселелеріне дейін нақты сөз болады. Өзінің ақыл-өсиетін ақын сол кездегі астрономия, геометрия, математика, медицина, философия, тағы басқа ілімдер саласындағы білген білім, мағлұматтарымен безендіріп отырады.

Негізгі әңгіме Күнтуды (Әділ), Айтолды (Дәулет), Өгдүлміш (Ақыл), Одғурмыш (Қанағат) арасындағы сұхбат түрінде өтеді. Атынан да көрініп тұрғандай әр кейіпкер бір типтік ұғымды білдіреді. Күнтуды — әділдікті, заңды білдіретін әмірші, хан. Бұл жерде Күнтуды шартты түрде, әдеби қаһарман ретінде алынған болу керек. Тарихта прототипі болған-болмағаны жөнінде еш дерек те, сөз де жоқ. (Тек, Олжас Сүлейменовтың бір зерттеу еңбегінен XII ғасырдың аяғында өмір сүрген «торкі князі» Күнтуды жөнінде мағлұматтарды оқығанда, «Құтты біліктегі» осы есім ойға әлсін-әлсін орала береді.)

Ғылыми зерттеулерде «Құтадғу біліктің» өлең өлшемі сегіз буынақты келте мұтақариппен жазылғаны айтылады. (И. В. Стеблева, С. Н. Иванов, Қ. Қаримов, т. б.) «Құтты біліктің» өлең өлшемі негізінен қазіргі қазақ өлеңінде ықылым заманнан келе жатқан 11 буындық қара өлең өлшемі. (Кәдімгі, «Қаратаудың басынан көш келеді...») Поэма негізінен тұтастай осы өлшеммен, бір тыныспен жазылған. Әрине, бунақ пен ыргақ тараулардың мазмұнына, тынысына қарай өзгеріп ауысып келеді. (4—4—3, 3—3—4; 3—3—3—3) Ара тұра 12, 13 буынға ауысып кететін тұстары да ішінара кездеседі. Әсіресе, соңғы тарауларда. Кейде, он бір буынға жетпей қалатын жолдар да бар. Бірақ, оның ешқайсысы шығарманың тынысына, бітіміне нұқсан келтірмейді. Өлең өлшеміне байланысты айтпақ басы ашық пікір: он бір буынды қара өлең өлшемі өтемөте қазақ поэзиясына тән, төл қасиет екендігі. Жүсіп Баласағұн мұрасын туған поэзиямызға туыстастыратын, ғұлама ақынның туып өскен жері Құзордадан кейінгі, басы ашық бір дәлел осы ма деп те ойлаймыз. Ұйқас жүйесі де бұл ойымызды растай түседі. Жүсіп Баласағұн ұйқасты қатаң сақтап отырған. Бір сөзді қайталау арқылы ұйқастыру жоққа тән. Егіз жолдармен ұйқастырып отырады, тым жиі қайталанбайды (аа, бб, вв). Ара-арасында, оның өзінде де мысалдар мен цитаталарды келтіргенде қара өлең ұйқасын қолданған (ааба). Поэманың поэтикасындағы бір ерекшелік соңғы үш тараудың қазақ жырында, қазіргі қазақ өлеңінің төл қасиеті болып табылатын аттамалы ұйқаспен жазылуы. Бұл көбіне Абай поэзиясынан, XV—XX ғ.ғ. аралығындағы қазақ ақындарының творчествосынан кеңінен таныс түр. Әуелгі шумағы бүтін (аа ба), одан әрі бір жол бос қалып, келесі жолдар ұйқасын отырады (ба-ва-га-да). Әсіресе, жоқтау жыр үлгісіне тән бұл өлшемнің «Өмірдің өткелі опасыздығын, достардың жапасын айтатын» зарлы, мұңды тарауда қолданылғаны мағыналық та үндестікті білдіреді. Бұл тарауда зар, өкініш-күйініш сазы халқымыздың дәстүрінде бар жоқтау сарынымен үйлесе кетеді. Терме, толғауларда дәстүрге айналған аттама ұйқаспен де сайма-сай, әдіптес.

«Құтадғу біліктің» соңғы қорытынды үш тарауы (яғни 6521-ден 6645 бәйітке дейін) бір өлең өлшемімен жазылған. Олар: 1) «Жігіттікке опынып, қарттық жайлы айтқаны», 2) «Уақыттың озғышын, достардың жапасын айтып өкінуі», 3) «Кітап иесі Жүсіп ұлық Хажыбтың өзіне кеңес-өсиет беруі» деп аталады. Үшеуі де бір түрмен басталып, біртұтас өлең құрылымымен аяқталады. Әріппен белгілесек, ааба-ва-га-да-жа т. с. түрде.

Мысалы, ең соңғы, түйінді тарау:

6605 Білік біл өзіңе орын Қыл төрә, (а)
Білік білсә өзнә әді бәрк тура (а)

Біліксіз үүрәк тіл нәгүкә нарар, (б)
Білік бірлә, сув тәг қамуққа нара. (а)

Нәшә білдің әрсә тақы бір тілә (в)
Біліклі тәгір көр тіләккә сора. (а)

Білір мән тәсә сән білікдін ирақ, (г)
Біліксізкә сәндің біліклі ара. (а)

Басқа аталған тараулар да осындай.

(кәзәйі — тіләйі — тіләгү — көрәйі;— мән — бақайы — дүниә — қолайы — ақы әр — урайы... т. т., немесе: ідтім — түкәттім — иігітлік — қашыттым;— мәнә сән — төшәттім — барды — мә тіләттім... деген тәрізді). Ұйқас, түрі бітімі бірдей, буын саны да тұрақты.

Тура осы форманың таза түрін Абайдың жиырма өлеңінен салыстырып, тапқанымызда, жай ғана үндестік қана емес тамыры бір туыс, тұтастықтың куәсі болдық.

«Бес ғасыр жырлайды» жинағының үш томдығынан Асан қайғы («Бұл заманда не ғаріп»...), Бұқар («Ай, заман-ай, заман-ай»), Жанақ, Шөже (Дәукейге), Мәделі, Алмажан, Сүйінбай, Бұдабай Қабылұлы, Кемпірбайдан бастап Сұлтанмахмұт Торайғыровпен аяқталған жиырма екі ақынның қырық-елу шақты өлеңінен тұтас кездестіргенде қазақ өлеңінде сонау бір ықылым замандардан бүгінге дейін желісін үзбей сақталған, дәстүрі берік поэзия үлгісі екендігіне еш күмәніміз қалған жоқ. Назарға оңай шалына қоймағанымен басталуында да, өрбіп-аяқталуында да шымырлық, жұмырлық тән, үндестік тәртібі кемел өлең түрі. Бір-ер мысал келтірейік:

Қансонарда бүркітші шығады аңға, (а)
Тастан түлкі табылар аңдығанға. (а)
Жақсы ат пен тату жолдас — бір ғаиибет, (б)
Ыңғайлы ықшам киім аңшы адамға. (а)
Салаң етіп жолықса қайтқан ізі, (в)
Сағадан сымпың қағып із шалғанда, (а)
Бүркітші тау басында, қағушы ойда, (г)
Іздің бетін түзетіп аңдағанда... (а)

Бұған қоса Абайдың «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы», «Жасымда ғылым бар деп ескермедім», «Қыран бүркіт не алмайды салса баптап», «Базарға, қарап тұрсам, әркім барар...», «Ішім өлген, сыртым сау», т. б. өлеңдерін салыстырып қараңыз.

Жақсы жігіт ел-жұртының қаласындай, (а)
Жақсы әйел әмме жұрттың анасындай. (в)

Жақсыға ешкімнің де жаттығы жоқ, (б)
Көреді бәрін де өз баласындай. (а)
Жақсы жігіт сөзіне сақ тұрады, (в)
Қыранның қырдан байқар баласындай. (а)
Жаман парқы жақсымен бірдей емес, (г)
Жақсы жігіт елінің ағасындай. (а)
Жақсының сөзін әркім пайдаланар, (д)
Миуалы алма, өріктің ағашындай. (а)
(Сүйінбай Аронұлы)

Халқымызға әйгілі Әсеттің Кемпірбайдың көңілін сұрай барғанда айтқан жыр үлгісі де осы. Ыбырай Алтынсариннің «Жаз» өлеңінен де бұл үндестік айқын танылады.

Базар жыраудың «Өлеңнің аққан көзі едім», «Жыр күмбезі» атты қысқа тебіренісі де пікірімізді нақтылай түседі.

Жайықтың ақ түлкісі аралдағы,
Алдымнан сен бір қашқан марал-дағы.
Қараймын томағамды ашып-жауып,
Тауыңның ақиықша Оралдағы.
Ертістің құба талы секілденіп,
Алдымнан майысып шық бұрал-дағы,
Жаудырап екі көзің отырасың,
Тұндырған шай секілді құмандағы.
(Ақан сері)

Бұл түрді Ақан сері аса жиі қолданғанға ұқсайды («Торыны тақ асырып мінген қандай», «Біздің көңіл қайда жатыр», «Қыз сипаты», «Көңіл тілегі», «Адамның білігіне ақыл серік», «Айтамын замандасқа біраз кеңес», т. б.).

Ал, XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасыр басына дейінгі ақындарда тіпті жиі кездеседі. Біз бұл жерде бұл түр, ұйқастың құбылып келетін туындамаларын емес, «Құтты білікте» кездескен бір бітімін ғана сөз етіп отырмыз. Бертінірек, Тұрмағамбет Ізгілеуов, Сұлтанмахмұт Торайғыров та молынан қолданған.

Өлең сөздің формасы, жырдың түрлік үлгі-бітімі өте сирек өзгеретін, ұзақ сақталып, жеңіл-желпіге құбыла бермейтін баянды категория. Сондықтан да, тек Жүсіп Баласағұн толғамдарының ғана емес, бүкіл көне дәуір поэзиясының тамырластығын анықтайтын бірден бір белгі өлеңнің формасы, образ жасау жүйесі, сөз орамдары.

Тіл өнеріне зерек халқымыз сөздің нәші мен нәрін ғана тамсап қоймаған, шешендік сөздердің, жыр-толғаулардың, батырлық, лирикалық дастандардың кесек-кесек, шегедей берік композициялық

бітімін (модельдерін, структурасын), стильдік құрылымдарын түзіп, қалыптастырған. Ой, сөз, сезім ақын қабілетіне қарай құбылып келгенімен, негізгі жүйесі, арқауы, айтылу формасы тегінен ұқсас, түйдек-түйдек түсіп отыратыны да содан. Мұның өзі, кәдімгідей сала-сала дәстүрі бар поэтикалық мектеп дерлік. Жоғарыда халық поэзиясын толық зерттеп біткен жоқпыз дегенде, ойда осы жай да тұрғаны кәміл. Эпостың, мақал-мәтелдердің, қанатты сөздердің, шешендік сөздердің, т. б. тіл өнерінің толып жатқан көріністерінің поэтикасы, болмағанда композициясы, структурасы тұрғысындағы зерттеулер көп мәселенің көзін ашар еді. Әттең, жоқ...

Өзбек, ұйғыр тілдеріндегі басылымдардағы транскрипцияланған текстерді көргенде, қазақ тюркологтарының осынау бір ғылыми мәні зор іске селқос қарап келгені өкіндіреді. Әлі күнге бізде «Құтадғу біліктің» қазақ алфавиті бойынша жасалған транскрипциясы жоқ.

Сонымен, «Құтадғу біліктің» қазақ әдебиетіне де тән екендігіне дәлел ретінде ұсынатын бір пікіріміз — осы өлең құрылысы мен ұйқас, стиль орайындағы біртектілік.

Біз, негізінен, 11 буынды қара өлең үлгісімен аудардық. Ішінара бір-ер жерде ауытқу кездессе, ол творчестволық мақсатта жасалды. Аударуға көне түркі тіліндегі түпнұсқасын, соған қоса В. В. Радловтың, С. Е. Маловтың осы саладағы әйгілі еңбектерін, Қ. Қаримовтың жолма-жол аудармасы мен орыс альфавитімен транскрипциялаған түпнұсқасын (Юсуф Хос Хожиб, «Құтадғу билиг», Ташкент, 1972), С. Н. Ивановтың 1983 жылы орыс тілінде шыққан поэзиялық толық аудармасын, (Ю. Баласагунский, «Благодатное знание», Москва, 1983), Н. Гребневтың поэзиялық көркем аудармасын (Ю. Баласагунский «Наука быть счастливым», Москва, 1971), Шыңжаң аудандық ұйғыр автономиялық академиясының бір топ аудармашылары ұйғыр тілінде жасаған аудармасы мен латын әрпімен транскрипциялаған түпнұсқа текстін (Юсуп Хас Һажип, «Құтадғу билик», Пекин, 1984) салыстыра отырып пайдаландық. Әрине, басын ашып айтарымыз, негізгі тұғырымыз көне түркі тіліндегі түпнұсқасы болғандығы. Қалғаны — көмекші құралдар. Ж. Баласағұнның «Құтты білік» кітабының 900 жылдығына орай өткен түркологтардың IV конференциясының материалдарымен, осы еңбек жөнінде біраз жылдардан бері жазылған зерттеулермен таныстық. Аталған аудармашылардың, ірі түрколог ғалымдардың бұл ұлы мұраға сіңірген азапты еңбегін, үлкен мәдени ескерткіш тағдыры үшін атқарған азаматтық парызын сезінбеу мүмкін емес. В. В. Радлов, С. Е. Малов, Р. Р. Арат еңбектері болмаса, көне түркі мәдениетінің осы бір аса құнды, өте ерекше асыл мұрасының тағдыры қалай болар еді деп те ойлайсың.

Аудару үстінде орыс, өзбек, ұйғыр тіліндегі аудармаларды,

түрлі альфавитпен (орыс, латын, араб әріптерімен) транскрипцияланған түпнұсқа текстерін әр бәйіт сайын салыстырып, тексерін отырдық, сол тәсіл арқылы қазіргі қазақ тіліне тәржімаладық. Түпнұсқада кездескен (жиірек кездескен) қазақ тілінің табиғаты мен орамдарына жақын, бірдей, ұқсас сөз, тіркестерді қаз-қалпында алып отырдық. Әдетте, көркем аударма, ғылыми аударма, жолма-жол аударма, еркін аударма деп жіктеп жатамыз. Біз бұл «класификацияға» түспедік, ондай ережені ұстанбадық... «Құтты білік», егер жалған сыпайыгершілікті сырып қойып айтсақ, аударма ісінде өте сирек кездесетін, аудармашы қолына түсе бермейтін ерекше бітімді шығарма. Біріншіден, біздің әдебиеттің, тілдің, елдің тарихына тікелей қатысты тарихи мұра. Екіншіден, әр ойы, сөз саптасы шымыр түскен поэтикалық трактат. Тіпті, еркін аударма шығармашылығының ежелгі қуаты мен нәрін бере алмас деген де ойдамыз. Сондықтан, түпнұсқадан қия басып алшақ кетпеуге күш салдық. Әрі поэзия жанрының өзінің көркемдік принциптерін жоғалтпауға, қысқасы поэзиялық ажарын, көркемдік қуатын жасытпауға, көркем жеткізуге тырыстық. Осының бәрінде, жетектеп-жебеп отырған — «Құтты біліктің» қазақ халық әдебиетінің тамырлас, дәстүрлес, рухани туыс дүние екендігі, оқыған сайын халқымыздың тіліне, рухани жан-дүниесіне, санасына жақын қымбат қасиеттерді сезініп отырғанымыз.

Рас, С. Е. Маловтың, Қ. Қаримовтың, С. Н. Ивановтың, ұйғыр аудармашыларының жарияланған текстерінде ара-тұра пікір жарыстыратын біздіңше, түпнұсқаның кей сөздерін үстірттеу аударған, түсіндірген, ауытқып кеткен тұстары кездесті. Бұл үлкен творчестволық істің кейбір кіші-гірім сәттері ғана. Н. Гребневтің туындатып, көркемдеп еркін аударуы жөніндегі әңгіменің төркіні бөлек.

Аударған кезде әртүрлі транскрипция, әр тілдегі аудармалар әсерінен туындаған бәйіттер болды. Түпнұсқаның мағынасын толық жеткізу мақсатында, олардың кейбірін ішінара жақшаға алып кірістіріп отырдық. Мысалы, 539 (526 — Ташкент басылымы) бәйіттің екінші жолы өзбек, ұйғыр тілдерінде екі түрлі, түпнұсқасы да екі түрлі транскрипцияланған. Сондықтан екеуін қатар келтірдік, ал, 547-бәйіт (534) үш басылымда үш түрлі. Негізгі мағынасы бір. Өзбек басылымында (Қ. Қаримов) «Иорық болса кимуң будунка сыры» деп транскрипциялап, «Кимнинг сир-асрори халққа аён булса»— деп аударады. Орыс тілінде (С. Н. Иванов) «Кто хочет с народом быть духом и телом»— болып шыққан. Ұйғыр аудармашылары «Иорық болса кимиң бодунка сөзи»— деп транскрипциялап, «Өтәр болса кимниң хәлққа сөзи» деп аударған. Яғни «Иорық» сөзін «өтімді, өту» мағынасында алады. С. Малов сөздігі де осыны құптайды. Біздіңше де, «иорық» кәдімгі «жосық, жорық» («бұған не

жорық») үлгісінде «өтімдіге» жақын, мағыналас па дейміз. Контекстке де «сырдан» гөрі «сөз» үйлеседі. Осыларды салыстыра отырып екіншісін алдық. 564-бәйітті екі түрлі түсінуге болады. «Қыз» сөзі қыз мағынасында, екіншіден «аз, кем» (С. Е. Малов, «Памятники древнетюркской письменности», 1951) мағынасында. С. Иванов аудармасында «қыз» сөзін «...диво-девица» деп ойнатады. Ұйғыр, өзбек тілдерінде сол түрде «қыз» сөзі түпнұсқадағы тұлғасымен алынған. Ұйғыр тіліндегі басылымдағы 78-сілтемеде осы сөздің қос мағынасына ептеп назар аударады. Біз екеуін де алдық. Қалай дегенде де, «қыз» мағынасынан гөрі «аз, сирек» деу текстің мәніне өте жақын. Ал, 627-бәйіттің мәнін былай қарастырдық. Түпнұсқасы: «Бақа көрди элиг қамуғ түрлугун, Түгәл билди, билги укушун, өгүн». (Ұйғыр басылымындағы түпнұсқада екі сөз ғана «булди», «Укуши» деп транскрипцияланған. Бұдан мағыналық еш айырмашылық тумайды).

Ұйғыр тілінде: «Елік һаңа куз салди обдан қарап, Толуқ тапти әқил-хуши, илимни синап»; өзбек тілінде (Қ. Қаримов): Элиг турлича йўл билан кузатиб курди, Билими, заковатли, зехнини тугал билиб алды»; орыс тілінде (С. Иванов): «Элик, изумлен, оглядел его разом — Ведь он уже знал его мудрость и разум». Мағына бірдей сезілгенмен, контекстегі кереғарлықты айырып байқау қиын емес. Оның түп-төркіні —«қамуғ түрлүгун» деген тіркесте. «Қамуғ» өзімізге белгілі «көп», «күллі», «бүтін», «толық», тұтас мағынасында... ал, «Түрлуг»— әртүрлі («различный») деген мағынада. (С. Е. Малов). Сондай-ақ, «Түрлүк»— тағы да С. Е. Маловқа сүйенсек («разнообразный») «алуан қырлы», «түрлі қырлы». Бізге де осы ұғым жақын, әрі «көп түрлі», «алуан түрлі» деп қазақта жиі айтылады. Сонымен, «әбден қарап» та демей, «түрліше жолмен» де демей, «оглядел его разом»— дегенге де бұрылмай өзімізше талдап, түйдік. Халқымызда «көп қырлы адам» деген ұғым бар, «сегіз қырлы бір сырлы жігіт» деген тіркес бар. Бұл бәйітті осы желіге сүйеніп аудардық. Және де түпнұсқаның тініне де осы ой етене жақын келер деген сенімдеміз.

633-бәйіт болса әр тілде әр түрлі аударылған. Оның себебі түпнұсқаның екі түрлі оқылуынан болу керек. Ұйғырша басылымдағы түпнұсқада —«иаңлық башы», Ташкент басылымында —«наңлық иси». Сондықтан, өзбек тілінде: «Шашқалоқлик — барча адашган кишилар иши», ұйғыр тілінде: «ирур бу шашмақлық, ийңылиш бишы»— болуп шыққан. Орыс тілінде: «Поспешность в поступках — заблудшим присуща». Өзбек, орыс тіліндегі аудармашылар ойы анығырақ, көкейге қонымды. Біз осының бәрін де сездіруге тырыстық. Сол үшін жақшаға алып, бірнеше мағынаны білдірдік. Осылайша, аударма мен салыстыруды үнемі тең ұстадық.

5468-бәйіттің көне түркішесі:
«Иарағсыз йурытма тіліндә иавуз,
Байат тапламағай, эй билки өгуз»
Ұйғыр тілінде:
«Иғыздан чиқарма йаман сөзлни,
Ей, илими дория, хақ кешурмес унні»
Өзбек тілінде:
«Тилингда яроқсыз (сөз) юритма, бу ёмондир,
(Буни) худо хушламайды, эй, билими дарё!»
Орыс тілінде (С. Иванов):
«О муж, чьй познания — река! Горьких слов,
Не молви, негоже, господь к ним суров»

Біз аудармаларды салыстырғанда, түпнұсқадағы үш сөзге назар аударғымыз келеді. 1) Иарағсыз — жарамсыз, кей жағдайда: қажетсіз, керексіз; (С. Е. Малов сөздігі бойынша да:— негодный, неодобряемый.) 2) Иавуз — кәдімгі жауыз (қазақша). 3. Йурыт (иорт, иүріт)— С. Е. Малов сөздігінде үш мағынада түсіндіріледі: а) «заставить идти»; б) Вести (походом войско); в) «произносить языком»— істету, іске асыру, жүргізу... Бұл сөз 5467-бәйітте қолға байланысты қолданылған. Ташкент басылымында «нурыт», Пекин басылымында «Йорит» деп транскрипцияланған. Сонымен: «жарамсыз (қажетсіз) сөйлетпе тилинде жауыз» болып шығады.

Жарамсыз, сұм сөзге берме тіліңді,
Хақ құптамас, ей дария білімді.

дегенді жатық, түпнұсқаға өте жақын деп ойлаймыз.

Жалпы, творчестволық жұмыс болғандықтан әр тілдегі аударманың өз жақсылығы, өз ерекшелігі, аудармашылардың түпнұсқаға деген өзіндік көзқарасы сезіліп-ақ тұр. Сондықтан ептеген өзгешеліктер де кездесетінін айттық. Ондай мысалдарды тіпті көп тізіп көрсетуге болар еді. Бірақ, қай тілдегі аударма болмасын бәрінде де түпнұсқаға шама-шарқынша мұқият қараған.

Әрине, «Құтты біліктің» текстінің, тарихи кезеңінің жай-жапсарын ғылыми тұрғыдан зерттеп тани түсу болашақтың ісі. Бұл кітаптан Орта Азия мен Қазақстан мәдениетінің қоғамдық ойының, әлеуметтік ортасының тарихын, өзекті арнасын еркін тануға әбден болады. Бұл жай ғана тарихи-әдеби мұра емес, бүтін бір дәуірдің, өсіп-өнген цивилизацияның шамшырағы, жол-жобасы дерлік дүние.

Асқар ЕГЕУБАЕВ



I

Бісміллəхи-р-рахмани-р-рахим!

Əзиз, уə, күллі ұлылықтың иесі, жер мен көкті жаратқан, тірі жанның бəріне ризық берген құдіреті күшті тəңірге ырзамыз. Əрі ол атақ-даңқа бөлене берсін! Ол кім не тілесе тілеуін берді, өзі нені қаласа соны жасады; кімге жапа көрсетсе көрсетті; уа неге ықтияр болса, неге құлқы соқса соны жасады.

Адамдардың ең абзалы пайғамбарлардың қасиетті ұлы елшісі Мұһаммед Мұстафаға сансыз сəлем, мархабат болсын! Оның серіктестері болған əзіз, уа қымбатты сахабаларына алла разы болсын! Тəңірінің ризық, нұры жаусын!

Бұл бір бек əзіз кітап. Шын (Чин [1]) хəкімдерінің [2] мысал-хикыматтарымен безендірілген. Машын (Мачин [3]) ғұламаларының, ақындарының өлең-жырларымен жасандырылған бұл кітапты оқыған, бұл бəйіттерді басқаларға таратқан адамдар осы кітаптан да жақсы, ізгірек болар.

Шын-Машын ғалымдары мен хəкімдерінің бəрі бірауыздан мынадай бір келісімге келді, Мəшрық [4] уəлəятында күллі Түркістан елдерінде (бүтін түркі халықтары жасаған жерлерде) бұғраһан [5] тілінде түркі сөзімен бұл кітаптан жақсырақ кітапты ешкім ешқашан жазған емес; бұл кітап қайсы ықылым замандарда, қай патшалыққа жетсе де өмірді терең парықтап, пайымдағаны үшін, керемет көркемдігі үшін сол елдердің хакімдері мен ғалымдары ықыласпен қабыл алып, əрқайсысы əр түрлі лақап ат берген. Шынлықтар «Əдəбұл-Мүлік» («Шахтардың əдеп-қағидалары») деп атады. Машын мəлікінің [6] хəкімдері «Айинул мемлекет» («Мемлекеттің дəстүрі») десе, мəшрықлықтар «Зийнəтүл-үмəрə» («Өмір зейнеті») деді; ирандықтар «Шахнəмəи түрки» деп атады; ал бағзы біреулер «Пəнднəмə-ли мүлүк» («Падишаларға насихат») десті; турандықтар «Құтадғу білік» деп ат қойды.[7]

Бұл кітапты Баласағұнда туған бір сахаба, тақуа кісі жазып шығарған. Əммə бұл кітапты Қашқарда тəмамдап, Машрық мəлігі [8] Табғаш Бұғраханның құзырына ұсынған. Мəлік оның еңбегін қадірлеп, жарылқап əрі ұлықлап Хас Хажыб [9] деген атақ беріп ерекше ілтифат білдірген, сол үшін ол Жүсіп, Ұлы Хас Хажыб атанып атақ-даңқы жер жүзіне жайылды.

Бұл əзіз кітап төрт ұлы ұғым, төрт қымбат қасиеттердің сұхбатынан құрылған: бірі — Əділ (Əділет), екіншісі — Дəулет (Бақыт), Үшіншісі — Ақыл, төртіншісі — Қанағат; Олардың əрқайсысына жеке-жеке түркіше ат берген. Əділге —«Күнтуды Елік» атын беріп, хан орнына қойған; Дəулетке —«Айтолды» деген ат беріп, уəзір орнына қойған; Ақылға —«Өгдүлміш» атын беріп, уəзірдің ұлына балаған, Қанағатқа —«Одғұрмыш» деп ат беріп, уəзірдің туыс, ағасы деп санаған. Ғұлама өз пікірлерін ой-толғаныстарын солардың арасындағы пікірлесу, сауал — жауап сөздер арқылы əңгімелеп, желілеп жеткізген.

Тағы да мұны оқығандардың көкірек сарайы ашылып, жазған адамды жақсы дұғамен еске алсын деп, иншаллаху тағала!



II

Құдіретті бір хақ барша алапқа,
Соған лайық мәртебе де, мадақ та!

Пәк, зұлжалал [10], ұлылықтың иесі,
Жаратушы, кемел қадір-киесі.

Же жадырап, жер-көк, жұрттың иесі,
Дайындап берген ризығыңды тиесі.

Ол баршаға ризық беріп, жақтайды,
Тойындырып бәрін, өзі татпайды.

Тірі жанды ешқашан аш қалдырмас,
Жеп-ішкізер өзегін еш талдырмас.

Не қаласа — құдіреті жетеді,
Кім-кімді де тілесе, ұлы етеді.

Ықыласым пайғамбарға таңдаулы,
Достарына ықтиярым арнаулы.

Мұһаммед-елші барша жұрттың басы ол,
Тірі жанның көзі менен қасы [11] ол.

Әзіз кітап — бұл ұлылық негізі,
Біліктіге болғай білім теңізі!

Құт білікпен безенген бұл, жамағат,
Шүкір қылып ал да, тіле қанағат.

Күллі дана сөзі түгел сүзілген,
Інжу-маржан тізбегіндей түзілген!

Шығыс ханы, Машындардың бектері,
Даналары жердің, асыл тектері.

Бұл кітапты артық көрген асылдан,
Қазынасының ішіне ерек жасырған.

Бір-біріне мирас қылып қалдырған,
Басқаларға бермей, жеке алдырған.

Зияны жоқ көп пайда, нұр-арайы,
Мәнін ұқпас түркілердің талайы.

Тыңдағанға — ұғынықты, қадірлі,
Жазбасы — ауыр, надандарға кәдімгі!

Көз-қолыңды демеп жарық шашар да,
Ісіңді оңдар сөзі екі жаһанда.

Машын-Шынның хәкімдері жарысып;
Мадақтасты таң-тамаша қалысып.

Шығыс елі, күллі түркі ішінде,
Дүниеде — кітап жоқ бұл пішінде.

Кітап құнын білсе — білер білікті,
Ақылсыздар нені сезіп, біліпті!?

Бермеу керек кісілерге кез келген,
Бұдан жақын емес дос та көз көрген!

Білімсіздер қасиетін біле алмас,
Ақылдылар оқып, көзін бір алмас.

Бұғра хан тұсында бұл жасалған,
Құтты кітап — хан тілі деп атанған.

Бұрын-соңды мұндай кітап жазған кім,
Енді асырып, келістіріп жазар кім?!

Кім бар, қане, жазып бере алушы,
Мадақтайын шықса егер, жазушы.

• • •

Әр ұлыста, орда, сарай, шаһарда,
Жаңа атпен, кітап түрлі ат алған.

Әр елдің бек, даналары алыпты,
Ел рәсіміне бейім жаңа ат тағыпты.

«Әдәбүл Мүлік» деп атапты шынлықтар,
«Әнисул Мәлік»[12] деп атапты машынлықтар.

Мұны ұлықтар күллі Шығыс елінде,
«Зийнатүл умәра»— деп таратқан, тегінде.

Ирандықтар «Шахнама» деп қараған,
Турандықтар «Құт білімі» санаған.

Ат қойғанмен бұрып әр ел тіліне,
Жақын күллі адамзаттың діліне!

Жаңа ат беріп, қосқан сөздің шырайын,
Пенделерін жарылқасын құдайым!

Ей, кітапты қабыл алып, қарарсың,
Түркі тілі ғажабына қанарсың.

Оқып қара, кітап ұнар баршаға,
Тұтар қолға, көп кенд, оқыр патша да.

(Кітап күллі кісіге ақыл береді,
Шахтар оқып артар құрмет, беделі!)

Ел, мүлікті тұтушы кім? Өзі кім?
Айтқан кітап данышпандар сөзімен.

(Мұнда бәрін айтқан ойлы хәкімдер:
Елді қалай басқарған жөн әкімдер?)

Патшалықты басқарудың әр түрі,
Әмірліктің шарттары мен тәртібі,

Неден мүлкің хараб, бақи болмағы?
Неден кетіп, неден қолда қалмағы?

(Шахтықты не бақи қылып, не аздырар?
Қайтсе қалып, неден безіп, жазғырар?)

Әскер, қолды қалай жинап, бастайсың,
Жауды қалай тосып, қуып тастайсың?

Тәртіп-жөні бұл кітапта қадап-ақ,
Сипатталған, ұғындырған саралап.

Және елді берік ұстар кісіге,
Бұйырады ел басқару ісі де,

Лайық адам керек бұған ақылды,
Ай келбетті, ойнатар ой-жасынды.

Патшаларда қалың халық қақы бар,
Ал, халықта патшалардың қақы бар.

Ел патшаны сақтап, құлқын түзетсін,
Патша елдің жанын-тәнін күзетсін!

Қай патша да тайсалмайды ұрыстан,
Қолды ұрыста басқарған жөн дұрыстап,

Айтады, көр, қандай айла тұтуды,
Жау әскерін қалай бұзып, ұтуды.

(Айтады, көр, жауды қалай жеңуді,
Қолды қалай бастап жауға енуді.)

Қалай істеу керек шахтық жұмысты,
Қалай жөнге салу керек ұлысты.

Ондай ханы болса, халқы сүйінер,
Жүзін көрсем, деп талайлар иілер.

Құты барға қызмет бер, жанастыр,
Бәзбіреуді ку, қақпаңнан әрі асыр.

Жақын ұста, сені жақын тұтқанды,
Құтсыз, қорға сана, безіп шыққанды...

(Жақсылармен қалай жақын келуді,
Жамандардан қалай безіп, жеруді...)

Саясатта кімнің басын қаққан жөн,
Парасатты ер көңілін қалай тапқан жөн.

Ақылды, есті, алып жүрек ер болып,
Қалай қазна толтырған жөн, кең болып.

Бегі құтты, ел көңілі тоқ болса,
Күллі ісі — рахат, уайым жоқ болса.

Біраз сөзді өсиет еттім, құптта,
Дұға қылсаң, мені де ата ұмытпа!

Байқап көрген, бұл кітапты терген ер,
Елдің басы, құнары мол, өнген ер.

Ақылымен құрмет көріп, мақталып,
Рахатта өмір сүрді шаттанып.

Тақуа болып, жүріп шындық жолымен,
Ақылды өмір кешті пәктік жөнімен.

«Құзорда»[13] елі оның туған мекені,
Түп-нәсілі, анық, тілді екені...

Кетті шығып туған елден алысқа,
Жырмен кітап берді түгел халыққа.

Хаттап-қаттап барын жазды көңілде,
Тәмамдады жырмен Қашқар елінде.

Хандар ханы Тавғаш Қара Буғра —
Падишахтың құзырында оқыды.

Мархабатпен даңқ қосты атына
Ақылы мен қаламының хақына.

Хас Хажыбтық атақ берді тағы да,
Мұны сеніп жақын тұтты жанына.

Сол мәні үшін жұрт құрметтеп қарады,
Аты: Жүсіп Хас Хажыб деп тарады.

Кітабында талай жайды айтады ол,
Бұл төрт ұлық сөздерінен байқалар:

Бірі оның — шындық жолы, Әділет,
Екіншісі — құт пен ырыс, Дәулет.

Үшіншісі — Ақыл менен парасат,
Төртіншісі — ұстамдылық, Қанағат.

Әрбіріне басқа-басқа ат тағып,
Баяндайды қалатындай жатталып.

Әділдікті Күнтуды Елік атапты,
Өздеріне соны әмірші жасапты.

Ал, дәулетті Айтолды деп санаған,
Уәзірлік орынды оған балаған.

Өгдүлміш деп ат қойыпты ақылға,
Жалғыз ұлы ол уәзірдің қасында...

Одғұрмыш деп аталыпты қанағат,
Уәзірдің жақыны ол жұрағат

Бұл төртеудің хикматы шырын-бал,
Сол сөздерден осы кітап құрылған.

Кітаптар көп арабша да, тәжікше,
Біздің тілде бұл жалғыз-ақ әзірше.

Тек білікті білер мұның құрметін,
Ақылды ұғар ақыл-ойдың қымбатын.

(Тек білікті білер мұның түйінін,
Ақылды ұғар шын ақылдың қиынын.)

Біл, түркіше жырмен жазып арнадым,
Дұға қылсаң, мені ұмытып қалмағын.

Мен жаһаннан өтем, естіп, жасырсын,
Көп ғибрат алып, көзің ашылсын.

Илаха, сен жарылқағын аңғар да,
Ризық бер, күллі момын жандарға!

III

Тақырыптары

Құтты білік — бәйіт

1-бап. Әзиз уа ұлы тәңірдің құдіреттілігі айтылады . . . 1—33
2-бап. Әлийхис-сәләм, құдіретті пайғамбар . . . 34—48
3-бап. Төрт сахабаның қасиеттері, құдіреті туралы айтылады . . . 49—62
4-бап. Жарқын жаз*, аса қадірлі ұлық Бұғрахан қасиеті айтылады . . . 63—123
5-бап. Жеті жұлдыз, он екі бұруж туралы . . . 124—147
6-бап. Адам баласының қадыр қасиеті біліммен, ақылмен екендігі айтылады . . . 148—161
7-бап. Тіл өнерінің қасиет-сипаты мен пайда-зияны айтылады . . . 162—191
8-бап. Кітап иесі өзі үшін кешірім сұрайды . . . 192—229
9-бап. Ізгілік қылықтың сипаты, пайдасы айтылады 230—286
10-бап. Білім, ақылдың қасиеттерін, пайдасын айтады 287—349
11-бап. Кітапқа ат қойылуы, карттық туралы айтады 350—397
12-бап. Сөз басы — Күнтуды Еліктің өзі . . . 398—461
13-бап. Айтолдының Күнтуды Елікке қызметке келуі айтылады . . . 462—580
14-бап. Айтолдының Күнтуды Еліктің қызметіне (құзырына)) көрінуі айтылады . . . 581—619
15-бап. Айтолды Елікке өзі Дәулет екендігін айтады 620—656
16-бап. Айтолды Елікке Дәулет сипатын әңгімелейді 657—764
17-бап. Күнтуды Елік Айтолдыға Әділдің сипаттарын айтады . . . 765—791
18-бап. Күнтуды Елік әділдіктің сипатының қандай екендігін Айтолдыға айтады . . . 792—954
19-бап. Сөздің қадір-қасиеті және турашылдығы, шыншылдығы жайында . . . 955- 1044
20-бап. Құттың құбылмалығы мен дәулеттің баянсыздығын әңгімелейді . . . 1045—1157
21-бап. Айтолдының ұлы Өгдүлмішке айтқан ақыл-кеңесі . . . 1158- 1277
22-бап. Айтолдының ұлы Өгдүлмішке өсиеті . . . 1278- 1341
23-бап. Айтолдының Күнтуды Елікке аманат, өсиет жазып қалдырғаны жайлы айтылады . . . 1342—1547

24-бап. Күнтуды Еліктің Өгдүлмішті шақырғаны туралы айтылады . . . 1548—1580
25-бап. Өгдүлміштің Елікке жолығуы баяндалады . 1581—1590
26-бап. Өгдүлміштің Күнтуды Елікке қызметке кіруі айтылады . . . 1591- 1849
27-бап. Өгдүлміш Елікке ақылдың қасиеті туралы әңгімелейді . . . 1850—1920
28-бап. Бектікке лайық бек қандай болуы керектігі айтылады . . . 1921- 2180
29-бап. Өгдүлміш уәзір қандай болу керектігін айтады . . . 2181—2268
30-бап. Өгдүлміш Елікке әскер басшылары, қолбасылар қандай болу керектігін әңгімелейді . . 2269—2434
31-бап. Өгдүлміш Елікке ұлық хажыбтыққа қандай ер керек екенін айтады . . . 2435—2527
32-бап. Өгдүлміш Елікке қақпа басыға қандай ер керек екендігін айтады . . . 2528—2595
33-бап. Өгдүлміш Елікке елшіге қандай кісі керектігін айтады . . . 2596—2671
34-бап. Өгдүлміш Елікке шежіреші-хатшылыққа қандай кісі керектігін айтады . . . 2672—2742
35-бап. Өгдүлміш Елікке қазнашылыққа қандай кісі керек екенін айтады . . . 2743—2827
36-бап. Өгдүлміш Елікке асбасшы (хан салар) қандай болу керектігін айтады . . . 2828—2882
37-бап. Өгдүлміш Елікке ыдысшы басшысы қандай болуы керектігін айтады . . . 2883—2950
38-бап. Өгдүлміш Елікке қызметшілердің хақы, бектердің парызы қандай болу керектігін айтады 2957- 3186
39-бап. Күнтуды Еліктің Одғұрмышка хат жазып жолдағаны айтылады . . . 3187-
40-бап. Өгдүлміштің Одғұрмышка баруы айтылады . 3289-
41-бап. Одғұрмыштың Өгдүлмішпен сұхбаттасқаны айтылады . . . 3318-
42-бап. Одғұрмыш Өгдүлмішке дүние айырмасын айтады . . . 3446
43-бап. Өгдүлміш Одғұрмышка бұл дүниемен бірге о дүние қамын ойламақты айтады . . .
44-бап. Одғұрмыштың Елікке хат жазып, жолдауы айтылады . . .
45-бап. Күнтуды Еліктің Одғұрмышка екінші хатты жазып, жолдауы айтылады . . . .
46-бап. Өгдүлміш пен Одғұрмыштың екінші қайтара әңгіме-сұхбат құрғаны айтылады . . .
47-бап. Өгдүлміш Одғұрмышка бектерге қызмет істеудің заңдары мен тәртіп-рәсімдері туралы айтады . . . .
48-бап. Өгдүлміш сарайдағы қызметкерлермен қалай қарым-қатынас жасау туралы айтады . . 116
49-бап. Өгдүлміш Одғұрмышка қара халықпен қалай қатынасу керектігін айтады . . . .
50-бап. Әулиелермен қатынасу жайы айтылады . .

51-бап. Білгір, ғалым адамдармен қалай қатынасу керектігі айтылады . . . . . 4341—4354
52-бап. Оташылармен қалай қатынасу керектігі айтылады . . . . . 4355—4360
53-бап. Құшнаштармен (бақсы, балгер) қалай қатысу туралы айтады . . . . . 4361—4365
54-бап. Түс жорушылармен қатысу туралы айтылады 4366—4375
55-бап. Жұлдызшылармен қалай қатынасу туралы айтылады . . . . . 4376—4391
56-бап. Ақындармен қалай қатынасу жөнінде айтылады . . . . . 4392—4999
57-бап. Диқандармен қалай қатысу жайлы айтылады 4400—4417
58-бап. Сатушылармен қалай қатысу айтылады . 4418—4438
59-бап. Малшылармен қалай қатысу айтылады . . 4439—4455
60-бап. Қолөнершілермен қалай қатысу айтылады . 4456—4468
61-бап. Кедей, пақырлармен қатысу жайлы айтылады 4469—4474
62-бап. Қандай әйелді алу керектігі айтылады . 4475—4503
63-бап. Ұл-қыз туса, оларды қалай тәрбиелеу айтылады . . . . . 4504—4526
64-бап. Қол астындағы қызметкерлерді қалай ұстау жайы айтылады . . . . . 4527—4572
65-бап. Өгдүлміш Одғұрмышқа асқа (қонаққа) бармақ салт-дәстүрлерін айтады . . . . . 4573—4643
66-бап. Өгдүлміш Одғұрмышқа асқа(дәмге) шақырмақ жөнін айтады . . . . . 4644—4679
67-бап. Одғұрмыш Өгдүлмішке бұл дүниеден жүз бұрып, барға қанағат етіп о дүниеге пейілді болу туралы айтады . . . . . 4680—4933
68-бап. Күнтуды Еліктің Одғұрмышты үшінші жолы шақыртуы айтылады . . . . . 4934—5030
69-бап. Одғұрмыштың Өгдүлмішке таман келуі айтылады . . . . . 5031—5034
70-бап. Күнтуды Еліктің Одғұрмышпен көрісуі айтылады . . . . . 5035—5131
71-бап. Одғұрмыштың Елікке ақыл-кенес беруі айтылады . . . . . 5132—5466
72-бап. Өгдүлміш Елікке ел басқару заңын айтады 5467—5631
73-бап. Өгдүлміштің текке өткен тірлікке ашынып, тәубаға келгендігі айтылады . . . . . 5632—5720
74-бап. Одғұрмыштың Өгдүлмішке кенес беруі айтылады . . . . . 5721—5761
75-бап. Адалдыққа-адалдық, кісілікке-кісілік жасау туралы айтады . . . . . 5762—5952
76-бап. Одғұрмыштың науқастанып Өгдүлмішті шақыртуы айтылады . . . . . 5953—5992
77-бап. Өгдүлміш Одғұрмышқа түс жору туралы айтады . . . . . 5993—6031
78-бап. Одғұрмыш Өгдүлмішке түс көргенін айтады 6032—6036
79-бап. Өгдүлміштің Одғұрмыштың түсін жоруы айтылады . . . . . 6037—6046
80-бап. Одғұрмыштың бұл түсті басқаша жорығаны айтылады . . . . . 6047—6086
81-бап. Одғұрмыштың Өгдүлмішке өсиеті . . . 6087—6285
82-бап. Одғұрмыштың құмары Өгдүлмішке Одғұрмыштың өлімін естіртеді . . . . . 6286—6292
83-бап. Одғұрмыштың шәкіртінің Өгдүлмішке көңіл айтуы . . . . . 6293—6298
84-бап. Өгдүлміштің егіліп, Одғұрмышты жоқтауы . 6299—6303
85-бап. Еліктің Өгдүлмішке көңіл айтып жұбатуы . 6304—6520

* * *

I. Жігіттіке ашынып, өкініп, қарттық-егделік хақында айтқандары . . . . . 6521—6564
II. Заманның бұзылғанын, достардың жапасы туралы айтады . . . . . 6565—6604
III. Кітап иесі Жүсіп ұлық Хажыб өзіне ақыл-кенес береді . . . . . 6605—6645

* * *

Білім — қазына екендігі туралы 1
Сөз сиқыры туралы 1
Бұл тарауда кітапты жазушы ақылгөйлігіне кешірім өтінеді
Жақсылықтың мерейі туралы 1
Ақындар туралы 1
Адамшылыққа — адамшылық, қайырымға — қайырым ету туралы 1
Үйлену туралы 1
Текке өткен өмірге өкініш шер 1



ҚҰТТЫ БІЛІК

Бісмілләхи-р-рахмани-р-рахим!

1

Әзиз уа ұлы тәңірдің құдіреттілігі айтылады

Алла атымен айттым сөздің әлібін,
Жарылқаған, жаратқан бір тәңірім!

Құрметі көп, шүкіршілік мың да бір,
Еш зауал жоқ, хаққа лайық кіл қадір.

Жаратты ол: жасыл көк, ай, күн, түнді,
Қара жер, ел, заман, уақыт, бұл күнді.

Тіледі де, жаратты бар болмысты,
«Бол!»— деді де, бірден бәрін болғызды.

Жаралғанның бәрі мұқлық, мұқы көп,
Ием ғана, жалғыз шері, мұқы жоқ.

Ей, ерікті, мәңгі мұқсыз, құдайым,
Бұл ат жалғыз саған ғана лайық!

Ұлылық — сен, толы құдірет-күш еңсең,
Сенен бөлек жоқ өзіңмен түсер тең!

Саған өзге кіріге алмас, дарасың,
Әуелгі де соңғы да өзің, сарасың.

Жалғыздығың қосылмай еш санаққа
Еркің сенің жетті күллі тарапқа.

Құмәнсіз, сен — мәңгіліксің, ғажапсың,
Қатынассыз, сыртындасың санақтың.

Іш пен тысты бірдей білген асылсың,
Көзден — жырақ, көңіліме жақынсың.

Барың аян, күн мен айдай жарықсың,
Ақыл, көңіл жетпес, тегің алыс тым.

(Барың анық, күн мен айдай нұрлысың,
Тегің жұмбақ, ақыл жетпес, сырлысың...)

Бірегейсің, еш қоспасыз бір мүсін,
Жараттың сен нәрселердің күллісін.

Жараттың сен кішісін де, ірісін,
Өтер бәрі, өзің мәңгі тірісің!

Жаралғанға түгел таныс * жаратқан,
Қос дүниені * анық қолға қаратқан.

Ұқсасы жоқ, десең, ойлап қарайық,
Қандайлығын біліп болмас, халайық.

Жатпайды — ояу, ұйықтамас, жүгірмес,
Меңзер белгі жоқ, келбеті білінбес!

Кейінде-алда, не солыңда, оңда жоқ,
Асты, үстіде: отырар жай онда жоқ.

Өзі орынсыз, жаратқан сол орынды,
Онсыз орын болмас, білгін соныңды.

(Тұрағы жоқ, бәрін өзі жаратты,
Бар әлемді өзіне жай санапты).

Сыры жақын, ей, ділі әзіз, жаны қал,
Сенің барша сурет, ізің танымал!

Жараттың мың тіршілікті, ел, жерді,
Құрлық, құдық, тау, дала, көл белдерді.

Жасыл көкті безендірдің жұлдызбен,
Қара түнді жарық еттің күндізбен!

Қанша ұшқан, жүрген, тынған, інде өскен,
Ішіп-жемі сенен болып күн кешкен.

Көк үсті мен жер қойнының арасы,
Мұқтаж саған, жоқ өзгеше шарасы.

Хаққа бүтін сенсең, ділді табындыр,
Көңілің сенсе — ақылыңды бағындыр!

Қандай деме, көңіліңді баққайсың,
Бәріне де көншіп, тыныш тапқайсың.

Қайда, қандай!— деме, сақта өзіңді,
Шетсіз, шексіз, біл ұзатпа сөзіңді.

(Хақ қайда деп, қандай деп те сұрама,
Барлық жерде ол, біл де мұны сынама!)

Мұңсыз ием! Мен бір мұңлық құлыңмын,
Күнәмді кеш, мейіріңе жылындыр!

Табындым мен, сенде үміт, сенім де,
Қолыңды бер, мұңға батқан жерімде!

Сүйіп мені, пайғамбармен тең еткін,
Қиямет күні қолын беріп, деметкін.

Оның әділ төрт досына мың сәлем,
Жеткіз түгел: бармын, қолдап тұрса мен..

Ұлы күні жүзін көрсет, жебесін,
Жақсы сөзбен қолдан тұтып, демесін.

Саған лайық өзім мақтау таппадым,
Сөзді кестім. Өзіңді-өзің мақтағын!



2

Әләйхис-сәләм, құдіретті пайғамбар

Рахымды ием, пайғамбарын жіберді,
Кісі ізгісі, ел сарасы жігерлі.

Түнек түнде шамы болды халықтың,
Саған, жұртқа нұрын шашты ол жарықтың!

Ол құдайдың елшісі, ерім, білгейсің,
Сен, содан соң, тура жолға кіргенсің!

Ата-анасын қиып мұнда келді ол,
Үмбетіне тілек, бағыт, берді ол!

Кірпік ілмей, нәр де сызбай жүдеді,
Жалғыз сенің тілеуіңді тіледі!

Сені тілеп, бейнет шекті күні-түн,
Риза болсын, мақта: ақта үмітін!

Қара, хақтан, күндіз демей, түн демей,
Сені өтінді, өзге жайлы үндемей.

Үмбеті үшін — күллі қайғы-бейнеті,
Үзілмесін деп рахат, зейнеті.

Мейірбан боп атадан да анадан,
Хақтан дәйім тілеп, сені қалаған,

Елге деген рахымы ол құдайдың,
Қылығы хош, құлқы түзу, шырайлы.

Жібек мінез, ақылды әппақ пейілді,
Жаны жомарт, қолы ашық, мейірлі.

Қара жерде, жасыл көкте әзіз-ді,
Оған құрмет берді тәңір жаны ізгі.

Бастаулардың басы еді, оңдысы,
Болды, кейін, пайғамбардың соңғысы!*

Пейіл бұрдым енді оның жолына
Сүйдім сөзін, сендім ділі оңына.

Илләха! Менің көңілімді күзеткін,
Қияметте пайғамбармен бір еткін!

Қияметте көрсет толық жүзіңді,
Қолымнан демеп, раббым, өткіз өзімді!

3

Төрт сахабаның қасиеттері, құдіреті туралы айтылады

Төрт серігі бар еді оның сенетін,
Әрбір істе ақыл-кеңес беретін.

Қайын ата — екеу, екі күйеу баласы,
Игісі елдің, кісілердің сарасы.

(Қайын атасы екеу, екеу еді күйеуі,
Сарасы елдің, сүйері де сүйеуі.)

Бәрінен де Атық * ұлы, ірі де,
Хаққа түзу көңілі де ділі де!

Тәрік қылды, мал, жан-тәнін, жүдеді,
Тек пайғамбар сүйінішін тіледі.

Сонсоң, Фаруқ * еді кісі сарасы,
Тіл-ділі сай, халықтың ең данасы.

Діннің көркі, жәрдемші еді асқан ол,
Бет пердесін шариғаттың ашқан сол *.

Үшіншісі — Осман, жомарт, ақылды,
Таңдаулы ер, сақи, кең-мол, асыл-ды.

Пида қылды: барша малын, қосты өзін,
Пайғамбар да оған берді қос қызын.

Әли — сонсоң, жігерлі, мәрт, сері ер-ді,
Жүректі, отты, ақыл-ойы кемел-ді.

Қолы ашық, сара-таза жүрегі,
Білімді, есті даңқты әрі ірі еді.

Бұлар діннің, шариғаттың тұғыры,
Тартқызды азап кәпір, дінсіз қылығы.

Бұл төртеуі төрт тұғырдай * мен үшін,
Түзілсе олар, болар тірлік, келісім.

Оларға мен мың-мың сәлем жолдадым,
Жеткіз үзбей, нем сүйеп, қолдағын!

Сүйіндір менің сәлемімді жеткізгін,
«Ұлығ» күні, қолдан тартып, өткіздір.

4

Жарқын жаз, аса қадірлі ұлық Бұғрахан қасиеті айтылады*

(Жадыраған жаз жайлы, аса жоғары мәртебелі, құдіреті күшті, рахымды һәм мархабатты, ақиқат пен діннің сүйеніші Ұлы билеуші Табғаш ұлық Бұғра-Қарахан аба Әли-хасан бинни Арсланханға алланың нұры жаусын!)

Туғардан * есті келіп көктем желі,
Жәннәттің жолын ашты көркем жері.

Қара жер, ағы кетіп, жұпар шашты,
Безенбек болып, дүние көркін ашты.

Қаһарлы қысты қуды көктем лебі,
Жарқын жаз дәулет құрды, өктемдеді,

Көзін ашып, күн жарқырап оянды,
Балықтан *— Қозы *, жұлдызына таянды...

Қу ағаштар жасыл тонын жамылды,
Безеніп: көк, қызыл, сары тағынды.

Жасыл торқа жердің өңін кіргізді,
Тавғач Қытай керуенін жүргізді *.

Тау, дала, жер жасыл кілем төсенді,
Көкке оранып, қолат-қырлар безенді.

Мың-мың шешек гүлін ашты күлімдеп,
Дүние толып, жұпар шашты дүбірлеп.

Қалампырды саба * желі таратты,
Кин * жұпары кеуледі әлем, алапты.

Қаз-үйрек, қыл *, аққулар қалықтады,
Қиқулап биік-төмен шарықтады.

Қайсысы ұшып, қайсыбірі, қонады,
Бірі ойнаса, бірі суға қанады.

Көкшіл тырна көк төрінен үңіліп,
Сұңқылдайды түйелердей тізіліп.

Серігін іздеп үн шығарып ұлар құс,
Аңсағанын шақырғандай гөзал қыз!

Қасы — қара, қандай қызыл тамағы,
Кекілік сайрап, күліп-күліп алады.

Қара шымшық шықылықтап баурайды,
Үні ерке қыз үнінен аумайды!

Шешектерге төгер бұлбұл мың үнін,
Оқығандай ыбры * сүресін күні-түн.

(Гүлзарда мың құйқылжиды сандуғаш,
Күні-түні сайраса, үні талдырмас!)

Елік-жайран гүл үстінде ойнайды,
Арқар, киік жұптаса өріп тоймайды.

Қабақ түйіп, аспан жасын селдетті,
Гүл жүз ашып, күлімдетті жер-көкті.

Өзі-өзіне қарап жаһан бұл шақта,
Қуанып, сүйіп толды ғажап нұр-баққа,

Тілін ашты дүние мені тербетіп:
«Көрмедің бе,— деді,— хақан келбетін?!

Ұйықтап жатсаң, ашқын енді көзіңді,
Естімеген болсаң, есті сөзімді:

Түмен жылдар жүзім солған, тұл едім,
Тұл киімін шешіп, қайта түледім!

Бегім ұлы хақан болды, нұрландым —
Қабыл қылса, бердім, жаным — құрбандық!

Бұлт күркіреп, ұрды навбат қайратты,
Жасын ойнап, хақан туын жайнатты.

Бірі қыннан шықты, елді түзетер,
Бірі үнімен күллі әлемді гулетер!

Тұтты әлемді Тавғаш ұлы Боғра хан,
Құтайсын аты, құтқа орансын қос жаһан!

Дін әзизі, сүйеніші дәулеттің,
Миллатқа — тәж ей, діндары шәриаттың.

Құдай берді тілегіңді қалдырмай,
Хақ медетің бола бергей, талдырмай.

Дүние жамалы, ей, ұлықтық ажары,
Шахтың нұры — опасыз жау ажалы!

Заман сағаң берді дәулет, берді тақ,
Берсін тәңір тақпен бірге енді бақ!

Әлем тынды, хақан таққа отырды,
Дүние түгел куә болып, қосылды.

Шартараптан келді бектің құстары,
Үнді, Румнан, елдерден бек тысқары.*

(Келді аспаннан күллі ғалам құстары,
Бірі хинди райы, бірі — қайсары.*)

Атын атап, мадақтасып, сайрасты,
Қуанысып сағынышпен жайнасты.

Түрлі шешек жерге көркем түр берген,
Тау, дала, жер жасыл-көкті бүркенген.

Қызмет жасар бірі оңды ділімен,
Есік ашар бірі жылы түрімен.

Түтшік тұтар, қайсысы қол ұсынып,
Шашар жұпар, кейі әлемге тұщынып.

Сияпат жасар, бірі келіп Шығыстан,
Батыстан бірі қызмет етіп тырысқан.

Қызметке келіп, құт есікте тұрады,
Есікте тұрған, құлай қызмет қылады!

Қызмет етер бүтін әлем, аумағы,
Иығы өсіп, бойын иер жаулары.

Жаһан даңқы жылып, күші тасар,
Көре алмаған көздерден ұйқы қашар!

Заң түзелді, жаһан тыншып жайланды,
Әділ заңмен аты аңызға айналды.

Көрейін десе, кім сақидың суретін,
Көрсін келіп хақан жүзін, құдіретін!

(Көрем десе, кім сақидың түр-өңін,
Болар көрсе, кеп хақанның бір өзін).

Кісі іздесең, опалы, әсте жапасыз,
Көр: опалы ісі қате-қапасыз!

Пайда қылсам, десең өзің, зарарсыз,
Көңіл беріп, қызмет қып бағарсыз.

Құлқы түзу, асыл жанды жан ашыр,
Көрем десең, келіп мұны қарарсың.

Ей, ізгі ер, қылығы пәк, ұрығы асыл,
Әлем сенсіз қалып, азып құрымасын.

Ей, түркілер құты, құдай бақ берді,
Шүкір қылып, атын айтып, жатта енді.

Мен айтайын елдің көне мақалын:
«Ұлға қалар аты, орны атаның!»

Орны қалды, аты қалды атаның,
Тағы басқа болсын, өссін атағың!

Мың-мың қолдар сыйын беріп, табынды,
Менің сыйым: «Құтадғу білік», қабыл қыл!

Олардың сыйы келіп, кете барады,
Менің сыйым сенде мәңгі қалады.

Жиылған мал шашылады, қалмайды,
Жазылған сөз кең жаһанды шарлайды.

(Жиған дүние азып-тозып қалады,
Жазылған сөз мәңгі несін табады!)

Бұл кітапқа жазылды аты хақанның,
Өшпейді атың, «Түркі құты!» атандың.

Уа, раббым, бер тілегін, құт дарыт,
Барлық істе демеп, жебе, құтқарып.

Сүйінгенін қолдап, жауын аздырғын,
Сүйінішін көбейт, мұңын аз қылғын!

(Жауын кетір, көбейтіп дос-жаранын,
Қайғысын ал, мұң қаппасын қабағын!)

Нұрлы нөсер жаусын, шешек гүл ашсын,
Қу ағаштар көктеп, көкке ұлассын.

Аспан мәңгі айналсын да дамылсыз,
Құты тасып, дұшпан басы қағылсын!

Бұл қара жер мыстай қызыл * болғанша,
Жасыл от, гүл, дала тозып оңғанша,

Түркі құты, мың жасасын, кесірсіз,
Көре алмастың көзі отпен тесілсін.

(Түркілер бегі көп жасап, құт дарысын,
Көре алмастың көздерін шоқ қарысын!)

Тағы нендей болса мақсат-тілегің
Дәйім құдай болсын арқа сүйерің!

Ел сүйініп, қуаныссын, мақтансын,
Лұқманның *жасын жасап, шаттансын!

5

Жеті жұлдыз, он екі бұрұж туралы

Кешірімді ием, жаратқан һәм өсірген,
Сөз бастадым алла атымен өзім мен.

Күллі әлемді қалауынша ол жаратты,
Күн мен айды жағып, нұрын таратты.

Жаратты, көр, шыр айналған ғарышты,
Онымен бір ғалам тынбай жарысты.

Жасыл көкке шоқ жұлдыздар қадапты,
Қара түнді, жарық күнді жаратты.

Зер сияқты көкте олардың қайбірі,
Бірі — жолбасшы, шолғыншыдай ал бірі.

Халайыққа жарық берер жарасып,
Жол көрсетер кейі, кетсең адасып.

(Бірқаншасы жөнін білсең — шырағың,
Бірқаншасы жолдан шықсаң — құлабыз *).

Қайсысы — бері, қайсы бірі — арырақ,
Бірі — жолбасшы, шолғыншыдай ал бірі.

Секантір * бәрін ең үстінен айналар,
Бір бұрұжда екі жыл, сегіз ай қалар.

Сонсоң Оңай * болар екінші орында,
Он және екі ай уақыты бар оның да.

Үшіншісі Күрүд *, көк мұз қасарған,
Жақындасса,құрыр жасап, жасарған.

Төртінші Күн жарық шашқан ғаламға,
Жылу, жарық төгер жақындағанға.

Бесінші Сәбит *, нұрлы жүзін бұрғанда,
Сүйінерсің, тыншып қандай мұңнан да!

Одан кейін Арзу * тілек келеді,
Жақындасаң, бар тілегің береді.

Бұлардың алдын Иалчық * жүріп, шолады,
Күнмен қарсы келсе, жайнап толады.

Бұдан басқа он екі Өкөк * көрінер,
Бірі жұп боп, бірі тақ боп бөлінер:

Жаз жұлдызы — Қозы *, сонсоң Уд * келер,
Әрәндір * Құшық * жақын, жуық жіктелер.

(Жаз жұлдызы — Қозы, сонсоң Уд тұрар,
Әрәндізбен Құчық бірге жұп құрар.)

Арыстанмен * Бұғдай басы * қос болар,
Сонсоң Үлгі* , Чадан* , Иа* дос болар.

Келер сонсоң Оғлақ *, Көнәк * һәм Балық *.
Олар туса, болар көгің жап-жарық.

Үші — көктем, үші — күздің жұлдызы,
Үші — қыстың, үші жаздың жұлдызы.

Үшеуі — су, үшеуі — жел, үшеуі — от,
Үш — топырақ; жаһан туған түгел боп!

(Үш от, үш су, үш жел түгел таралды,
Үш топырақ — ғалам солай жаралды).

Бір-біріне жаулар бұлар мың жылдан,
Жауға-жауды салып, шоғын тындырған.

(Бірі-біріне жаулар бұлар өлгенше,
Жауды жауға салып қойған сөнгенше...)

Қатыспас жаулар, іштей тынып жарасқан,
Көріспес жаулар, өшін бүгіп тарасқан.

Жаратушы хақ жаратты апарып,
Жаратты да, жарастырды қатарын.

Манадан мен көп ойларды көзедім,
Білім, ақыл — кереметтің өзегі.

(Көп жайды айттым. Енді адамға келейін,
Білік, ақыл өсірер адам мерейін!).

6

Адам баласының қадір-қасиеті біліммен, ақылмен екендігі айтылады

Адамды хақ жаратты да ескерді:
Оған ақыл, білім, өнер, ес берді.

Көңіл берді, әрі тілін тербетті,
Ұят берді, берді құлық, келбетті.

(Ділін оңдап ,ерік берді тіліне,
Ұят берді қылық-құлық, тініне!)

Білік берді — адам бүгін жетілді,
Ақыл берді — талай түйін шешілді.

Кімге құдай берсе білім, ақылды,
Қолы жетіп, алар ол мол асылды!

(Ақыл, білім берсе құдай, білінер,
Қолы талай ізгілікке ілінер.)

Ақылды — ұлы, біл, білімді білікті,
Қонса екеуі, ұлы етер жігітті.

Бұл сөзіме куә мұндай сөз де бар,
Сөзді естіп, аларыңды көзден ал:

«Ақыл қайда болса, ұлылық толады,
Білім кімде, сол білікті болады.

Ақылды ұғар, білімділер біледі,
Түгел болар білімді, есті тілегі!»

Білік мәнін біл, не дейді білген ер:
Білім білсең, бәле жүрмес іргеден.

Білімсіздер бар кеселді көреді,
Емдемесе, тектен текке өледі.

(Надандарды дерт пен бәле үйірер,
Емдемесе, ерте сөніп, күйінер...)

Кел, ей, надан! Дертке дауа жасағын:
Надан білім алса, құты тасады.

Ақыл — бұйда, ере түссең — жетелер,
Сөйтіп, арыз-тілегіне жетер ер!

Ақылы болса, пайдасын ер көп көрер,
Білім білсе, әзиз тірлік өткерер!

Ақыл күллі ісіңді алып шығатын,
Бұл біліммен көрер бектер мұратын!

7

Тіл өнерінің қасиет-сипаты мен пайда-зияны айтылады

Ақыл, білім, тілмашы — тіл, бұл кепіл,
Жарық төгіп, елжіретер тіл деп біл!

Тіл қадірлі етер, ерге бақ қонар,
Қор қылар тіл, кететіғұн бас болар.

Тіл — арыстан есік баққан ашулы,
Сақ болмасаң жұтар, ерім, басыңды!

Не дейді, ұққын, тілден жапа шеккен ер,
Құлақ салып, амал қылып, есті елер:

«Тілімнен көп жапа шектім, есебім:
Бас кесілмес үшін, тілді кесемін!

Сөзіңді бақ, басың кесіп алмасын,
Тіліңді бақ, тісің сынып қалмасын!»

Жұрттың тілі удай, сөйлеп шет қылар,
Кісі құлқы сұм, етіңді жеп тынар.

Білім берді, білікті өткір тіл берді,
Тіл иесі, басыңды бақ, біл де енді!

Тілесең сен есендікте жүруді,
Жаман сөзге қимылдатпа тіліңді.

Біліп айтқан сөз — білікті, саналар,
Біліксіз сөз басыңды жеп, табалар.

(Біліп айтқан сөз — даналық деседі,
Біліксіз сөз, қайран басты кеседі!)

Көп сөйлеуден артық пайда көрмедім,
Және сөйлеп және ештеңе өнбеді!

Көп сөйлеме, аз айт бір-ер түйірін,
Бір сөзбен шеш түмән сөздің түйінін.

(Көрген емен көбік сөзбен оңғанды,
Тобықтай түй тоқсан ауыз толғамды!)

Сөз кісіні ұлы қылар, бек қылар,
Көп сөз басты қара жерге кеп тығар.

Көп сөйлесең, «Езбесің»— деп жек көрер,
Сөйлемесең, «Мылқау»— екен, деп сөгер!

Бұлай болса, тең ортасы — керегің,
Тілге ұстамды болсаң, өсер беделің!

Тіліңді бақ, басың аман болады,
Сөзді қысқа айт, жасың ұзақ болады.

(Тілді күтіп, бақсаң аман басың да,
Сөзді қысқа қылсаң ұзын жасың да!)

Зияны көп, пайдасы мол — ақталар,
Сондықтан тіл мақталар да, датталар!

Біліп сөйле, сөзіңде сөл, өң болсын,
Сөзің түпсіз қараңғыға, көз болсын!

(Тауып сөйле сөзің оңды, жөн болсын,
Сөзің, басыр адамдарға көз болсын!)

Біліксіздер өзі нағыз басырдың,
Білім үйрен, надан, көзің ашылсын!

(Біліксіздер — надан, көзін байлаған,
Білімдіден өнеге ал, ей надан!)

Туған өлер, көрсең қалар белгісіз,
Сөзіңді ізгі сөйле, өлсең де өлгісіз!

Қос нәрсені шалмас қарттық құрығы:
Бірі — ізгі сөз, бірі ізгі құлығы!

Туған адам өліп сөзі қалады,
Өзі кетіп, ізгі аты қалады!

Тіршілікте келсе өзіңнің өлмегің —
Сөз, құлқыңды жақсарт, оңда, ей, бегім?!

Тілді сөктім, һәм мадақтап демедім,
Мұным — сөздің сырын ұқсын дегенім.

Күллі сөзді жисаң да, ақылды асырмас,
Керек сөзді сөйлер кісі, жасырмас!

(Күллі сөзді жина, ақылға сыймайды,
Керек сөзді айтады тіл, тыймайды!)

Сөзді ұлыма арнадым мен, ер-батыр,
Ұлым, тыңда, менде алтын-кен жатыр.

Саған арнап сөз сөйледім, ей, ұлым,
Өсиетімді қабыл алғын құлыным!

Күміс, алтын қалса менен сендерге,
Оларды сен бұл сөзіме теңгерме!

Күмісті іске тұтсаң — бітіп қалады,
Сөзімді іске тұтсаң — күміс табады.

(Күмісті іске тұтсаң — құрып, азады,
Сөзімді алсаң, саған күміс қазады!)

Қалар мұра — сөз, кісіден кісіге,
Сөзді мұра тұтсаң, пайда ісіңе,

(Кісілерге мирас ата сөзі ғой,
Ата сөзі — ұқсаң — құттың көзі ғой).

* * *

Білікті бек, бүгін түйме қасыңды,
Именіп көп айтсам құзыр, расымды!

(Ей, дана бек, түйме бүгін, қасыңды,
Шынымды айттым, кешір, ндім басымды!)



8

Кітап иесі өзі үшін кешірім сұрайды

Тілек еді — білікті бек, сөз қымбат
Кейінгіге бір жәдігер қалдырмақ!

(Ей, дана бек, ұрпақ қамын жеп едім,
Тілегім — пір сөз қалдырсам деп едім.)

Әуелі — ес, сөз туды көр, сонан соң,
Сөзің жаңсақ шықса, өзің қор боларсың!

Халық тілі жаман, «жаман» деуге әзір,
Кісі құлқы тар, етінді жеуге әзір.

(Сөгер-сөйлер, халық тілі — былғаныш,
Етінді жер, кісі құлқы — қызғаныш.)

Байқап көрсем, жеңілдеді жүгім де,
Айтсам дедім, бар сөзімді тілімде.

Қандай десең, саған айтып көрейін,
Тында, мәрт ер, тілге кезек берейін:

«Иалнұқ * аты жаңылғаны үшін де,
Иаңлұқ *болды жаңылмағы үшін де!»

Сен айт маған: жаңылмайтын кісі кім?!
Мен айтайын: жаңылғандар түмен, мың!

Білімді — аз, білімсіздер қаптаған,
Ақылсыз — көп, ақылдыны таптаған.

(Білікті — аз, білектілер толып жүр,
Ақылды — жоқ, ақымақтар оңып жүр.)

Білімсіздер білімдіге жау болды:
Надандардың аңсағаны дау болды.

(Жау болды да біліктіге білімсіз,
Қастық қылды білімдіге білімсіз!)

Кісіден кісі айырмасы — парқы көп,
Айтсам, білім — бұл парықтың нарқы дөп.

Бұл сөзімді білімдіге арнадым,
Білімсіздің тілін ұға алмадым.

Білімсізбен ешбір сөзім жоқ менің,
Ей, білікті, қызметшіңмін мен сенің.

Сөйлегенім үшін саған, имендім,
Кешірім сұрап, жөн көрдім бас игенді.

Сөз сөйлеген жаңылар һәм адасар,
Есті естіce, түзеп-ондап қарасар.

Сөз бұрындық * дерлік таққан түйеге,
Түйе ере берер бұйда, иеге.

Біліп сөйлер кісілер көп өмірде,
Оны білген ерлер жақын көңілге.

Бар жақсылық, пайда ол, келген білімнен,
Болды көкке жол, мысалы, біліммен.

Білікпенен сөйлегейсің сөзді сен,
Ұлы деп біл күллі білікті ерді сен.

Қара жерге жасыл көктен келді сөз,
Сөзбен адам ұлы болды, енді сез!

Кісі көңілі түпсіз теңіз, ойласаң,
Білім — інжу, түбінде — анық, қойма сан.

Кісі інжуді шығармаса теңізден,
Тас не, інжу не пайдасы не тегінде?!

Қара жердің қатында алтын тас болар,
Егер, шықса, бек басында тәж болар.

Білімді ілімін шығармаса тілімен,
Жылдап жатсын жарық шықпас білімнен.

Ақыл, білім ең әз нәрсе, күшті, нық,
Егер болса, істет, ұшып көкке шық!

Не дер екен елдің бегі аңдағын,
Көріп білген ақыл, білім салмағын;

«Ақыл керек ерге жаһан бастауға,
Ақыл, жүрек керек елді ұстауға.

Ақылымен тұтты, әлемді ұстаған,
Білімімен биледі, елге нұсқаған!»

Дүниеде жаралғалы бар адам,
Ақылымен келді үйретіп заң адал.

Қай кез болсын, бұл күнде де, бұрын да,
Білімдіге тиді бектік орын да.

Кісі бұзығы ақылменен жоғалар,
Ел бұлғаңы білімменен оңалар.

(Кісі міні ақылменен күзелер,
Халық міні білімменен түзелер.)

Бұл екеумен қыла алмасаң жұмысты,
Білімді қой, ал қолыңа қылышты!

Ақылды бек — басшысы елдің, шырығы,
Қылыш жұмсау — білімсіздің қылығы.

Әлем тұтушы, болса ақылы асқан ер,
Ел билеуші, болса білімі тасқан ер.

Бұл екеуі біріккенде, ер кемел,
Кемел ерге — бүтін жаһан, жер келер.

(Бұл екеуі қосылса — асыл, ер бүтін,
Бүтін ерге — тиер әлем, жер бүтін.)

Ізгілік пен жақсы қылық — амалы,
Мұнымен ер екі дүниені алады.

Сен ізгілік тілер болсаң; одан да,
Кел ізгілік қыл, сөзіңді доғар да.

(Қайырым күтсең, ақылыңмен аңғар да,
Қайырым жаса, қайырымды жандарға!)

Кісі мәңгі болмас, мәңгі — ат, ары,
Мәңгі қалар оның жақсы атағы!

Өзің мәңгі емес, атың мәңгілік,
Атың мәңгі болса, затың — мәңгілік.

9

Ізгілік қылықтың сипаты, пайдасы айтылады

Егер қолың ұзын болса халыққа —
Қылық, сөзді ізгі қылып, жарылқа!

Жігітшілік өтер, өшер тірлігің,
Дүние — түс, көшерсің тез бір күні.

Ізгілік — пайда. Тірлігіңді пайда қыл,
Ізгілік, соңыра — жер, киерің, ойлағын!

Тында, кісі ізгілері не деді:
«Жүрген — тынып, тынған ақыр өледі!»

Жалғанға сан жаңылыс ер келді, көр,
Біраз жүріп, қайта кетті, өлді, көр.

Бек пе, құл ма, мейлі, жақсы-жаман ба,
Өзі өлді, қалды аты — ізі ғаламда.

Саған тиді енді орынның кезегі,
Жақсы боп өт, жақсылық ет еселі.

Тірі өлер, ақыры жер жастанар,
Жақсы кісі өлсе, жақсы ат қалар.

(Тірі өледі, жер — төсеніш, жастығың,
Аты өлмейді, өлсе де өзі жақсының!)

Екі түрлі ат, тілде жүрер, қалғанда,
Бір — жақсы, бір — жаман, мына жалғанда.

Жаманды — сөгіп, жақсыны асыл санайды,
Байқап қара, көңілің нені қалайды!?

Жақсы болсаң, атыңды атап мақтайды,
Жаман болсаң, ей ер, сөгіп, даттайды.

Байқа, Заххақ * сорлы неге сорлады,
Фаридун * жолын қалай қолдап, ондады?

Бірі ізгі ер-ді ,оны мақтады,
Бірі зұлым еді, оны даттады.

Жақсылық па, жамандық па қаларың?
Мақтауы ма, сөккені ме аларың?

Тілегің қайсы, бірін қалап, таңдағын,
Жаманың — жақсы боп өкініп қалмағын.

Мұны меңзеп сынаған ер дегені,
Сынаған білер ел-жұрт ісін келелі:

«Жақсы атты ер, білсең алғыс алады,
Жаман атты өлсе, қарғыс табады!»

Көп сынадым құлқы жаман зұлымды,
Күнде кейін кетті, күші үзілді.

Көп сынадым, жапашы сұм пенденді,
Күннен күнге кері кетіп, жерге енді.

Талай көрдік, бұл, жамандар, ісінен
Қайыр көрмес, ей, білімді түсін ер!

Жамандық — от, от күйдіріп өтеді,
Жолын бөгер күш жоқ, күл қып кетеді.

Қарап тұрсаң, бізден бұрын барғанды:
Қара халық, бек билеген жалғанды.

Қайсыбірі білікті боп толығып,
Өтті заман-дүние ісіне қол ұрып.

Кім білімді болса жаһан бегінен,
Әділ заңды солар түзеп, теліген.

Бұл күнде кім ізгі кісі атанса,
Солар басшы болды ізгі іс жасалса.

(Ол күнде кім ізгі атанса, жақсы боп,
Солар жүрді жақсылардың басы боп.)

Кім дана бек болса, жақын білімге,
Біліктіні жақын қылар түбінде.

Қолына алған ісін біліп атқарар,
Білімді істе тұтып, халқын басқарар.

Қара халық байыды, елін түзеді,
Ел баюын — қағидам деп жүреді.

Аты ізгінің өзін сақи атайды,
Сақи өлсе, аты өлмейді, жасайды.

Өлерін біліп, өзі әзірлік етеді,
Тіріде атын хатқа жазып кетеді.

Кім оқыса, білер бүгін, оларды,
Мінәжат қып, жақсы өнеге алар-ды.

Білімнен әзіз не бар дейсің жаһанда,
«Білімсіз, надан!»— десе, қорлық адамға!

Не дер екен, тында, білімді адамды,
Жасы жеткен, сынап көрген ғаламды:

«Білімсізге төрден орын болса, көр:
Төр — босаға, ал босаға болды төр!

Орын тисе данаға есік көзінен,
Есік — биік, төр-тағының өзінен!

Күллі құрмет білімдіге тиесі,
Мейлі, ол төр, мейлі есіктің иесі!

(Білігсізге төрде орын болса көр,
Бұл төр илкә санды, илиг болды төр. *»

Кісі асылы екі түрлі, қараңыз,
Бірі — бек те, бірі — ел басы, данацыз.

Басқалардың барлығы бір малға тең,
Қаласаң оны, мұны ұста қолға сен!

Қайсысың, енді маған айтып, аш,
Екінің бірі, үшіншіден тайқы, қаш.

Қылыш алсаң — ел, жорықты түзерсің,
Қалам алсаң — жөн-жосықты сүзерсің *.

Жақсы низам қалып келді олардан,
Мирас етсе, кісі өрлеп, оңалған.

Сөз, өсиет — мұра өліден тіріге,
Мирас тұтса, пайда өзіне, діліне!

Шыны, надан соқырмен тең бүгілген,
Ей, қараңғы! Көз, үлес ал білімнен!

Кісі көркі — сөз, бұл сөздің түрі көп,
Ізгі сөзді ерді мақта, тілі өрт!

Мысал келді, мұны меңзер, түркіше,
Соны қосып түймесем, сөз түрліше:

«Ақыл көркі — тіл, тілдің көркі — сөз,
Кісі көркі — жүз, жүздің көркі — көз!»

Адам сөйлер тілімен өз сөздерін,
Жақсы сөзден нұр жуады өңдерін.

(Тілмен адам өң береді сөзіне,
Жақсы сөзбен нұр береді өңіне!)

Назар салсаң, бұл түркінің бектері,
Жаһанның әз бектері, асыл тектері.

Түрік бектері ішінде атын асырған,
Алып Тоңға Ер * еді, құты тасыған.

Білімі — даңқы ұлы, көптің сарасы,
Білімді, ойлы әрі халық ағасы.

Зерек, дана көңілі сара, сері еді,
Жұтты жалған елге тұтқа ер еді!

Тәжіктер оны Афрасийаб атаған.
Елдерге ол көп ізгілік жасаған.

Қажет білсең білім, ақыл, даналық,
Қолға алуға дүниені қаратып.

Тәжіктер де хатқа мұны түсірген,
Кітапта жоқ болса кімдер түсінген!?

Жақсы айтқан хас батыр, ер кешегі,
«Не бір берік түйінді ерлер шешеді!»

Өнер керек жаһанды ұстап, ұғуға,
Гүр арыстан керек құлан қууға.

(Даңқ, қуат керек әлем жаулауға,
Гүр арыстан керек құлан аулауға!)

Жиһангерге қасиет керек мың, түмән,
Сүйенсе оған, білмейді елі мұң, күмән.

Жаудың бойын қылышымен бұқтырып,
Түзесе елін әділ заңмен ұқтырып!

10

Білім, ақылдың қасиеттерін, пайдасын айтады

Тілегім сөз еді білгір, ей, бегім,
Ақыл, Білім жайлы келді сөйлегім.

Ақыл шырақ, қара түнді ашатын,
Білім жарық, нұрын саған шашатын.

Ақыл қолдап, біліммен ер жетілер,
Екеуімен қадірі артып, бекінер.

Нушин рауанды *, көр, сенбесең айғақтан,
Ой көзімен дүниені жайнатқан.

Байыды елі, заңды түзу жүргізді,
Жақсы аты қалды, дәурен сүрді ізгі.

Дана айтқан мынадай сөз халықта:
«Күнәһар да құтылар,— деп — тамұқта!»

Қара, ақылға бейім адам баласы —
Қалам бермес жетпей жасы, шамасы!

Ақылды адам, көр, қартайса — қайғырар,
Ақыл кетті дер, қаламы қайрылар.

Егер, ақымақ өлсе, байқа, құны жоқ.
Келмес, кетті дауасыз дерт құлы боп!

Қандай десең, ақыл-ессіз кісілер,
Парықсыз һәм деме ештеңе түсінер.

Ақылдыға қадір құрмет лайықты,
Ақымақ жан керең, сезбес айыпты!

Көрсең бағып, мына бір сөз жаңылтпас:
«Ақылсыз надан өзін-өзі жарытпас!»

Қарап тұрсаң, күллі сөздің рәсімін:
Ақыл, білім ең асылы, әсілі.

Ақыл болса, асыл болар — болса ер,
Білім болса, бектік қылар — қылса ер.

Ақыл кімде болса — болар асыл ол,
Білім кімде болса — бек һәм басың ол.

Кісі ұланы қара жерге қол салды,
Көтерді бәрін, білімін ол қолданды.

Ақылымен кісі асыл атанар,
Бекке ел ісі білімімен жасалар.

Талай ізгі іс, атқарылды ақылмен,
Мың рахмет ақыл-еске асыл кең!

Пайдасы көп, аз ақылды аз деме,
Қадыры көп, аз білімді аз деме!

Төрт нәрсе бар, аз деп ұғып кейіме,
Дана айтқан сөзді түйгін зейінге:

Бұл төртеудің біреуі — жау, бірі — өрт,
Үшіншісі, тіршіліктің торы — дерт.

Бұлардан басқа біреуі бар, ол — білім,
Осал көрме төртеуінің ешбірін.

Көп бұлардың пайдасы да, әалалы,
Қайсысы беріп, ал қайсысы алады.

Қимәә тектес — білім қорытып, толысар,
Ол ордасы ақыл-ойдың тоғысар.

Жұпарға ұқсап білім де тез таралар,
Сақтап болмас басқалардан даралап.

Жасырсаң жұпар, оны иісі білдірер,
Жасырсаң білім, тілің айтып бүлдірер.

Білім — байлық, азаймас һәм жоғалмас,
Еш қарақшы, ұрыға да тоналмас!

Ақыл, білім бейне кісен кісіге,
Кісенді ашып бармас қылмыс ісіне.

Сәйгүлік атын ер кісендеп ұстайды,
Жәй күлік атын ер күзетке-ақ тастайды.

Кісенделген қашпас, керек жерінде,
Шідерленген жүрер тілегенінде.

Ақыл, сенің анттасқан нақ жолдасың,
Білім, сенген мейірімді қандасың.

Наданға жау — білгені мен көргені,
Екеуі соры, білмегенмен өңгені.

Бар түркіде мысал мұны меңзеген,
Сен оны ұғып, құйып алғын зердеңе:

«Ақылды ерге ақылы ес-дос болар,
Наданға аты-ақ қоңыраулатып қас болар.

Біліктіге білім — күллі тон, асы,
Білімсіздің қылығы — сұм жолдасы!»

Ей, ақылды! Өкпе-сорға шалдырма!
Сақтап атты, ашуға бой алдырма!

Өкпе, ашумен ешқашан іс етпегін —
Егер, олай қылсаң, жапа шеккенің!

Өкінерсің реніштi істе сен,
Адасарсың қызбалықпен істесең.

(Реніштi істің соңы — өкініш,
Жаңыларсың қызбалықпен етіп іс!)

Ерге керек төзімділік күш-қайрат,
Тұру керек күн мен айдай нұр жайнап.

Жомарттық һәм салмақтылық қажетті,
Білімділік, ақылдылық қажетті.

Ақыл керек, білім таңдап аларға,
Білім керек, іске жақсы қарарға.

Жарамды мен жарамсызды көрерге,
Керектіні-керексізден бөлерге.

Барлық іске зерек болса, парықтап,
Ала білсе өз керегін анықтап.

Сонда, толық болар ісің, пішінің,
Білімді асты жейді баппен пісіріп.

Мұндай кісі тілегіне жетеді,
Қос жаһанда ісі оң боп өтеді

Қызбалық пен ашу жауың қордалы,
Бұл екеуді тұтқан анық сорлары.

Естігін, не деген екен дана бек,
Ей, шырайлым, ойлы сөзді ала кет:

«Қызбалықтан абырой таппас дана да,
Ашу қысқан адамда ақыл қала ма!?

Қызбалық — сұм, ақыл-естен тандырар,
Жайсаң ерді ашу қапы қалдырар!»

Біліктіні тыңда, ақылдың бұлағы,
Білімді сөз — шырын, жанның құнары:

«Біраз нәрсе кісінің қас-дұшпаны,
Білсе оларды өзін қинап қысқаны.

Бұның бірі — тілдің жалған айтқаны,
Бұдан басқа — айтқан сөзден қайтқаны.

Үшіншісі — шарапқа аңсар ауғаны,
Шәксіз, текке өтер өмір қалғаны.

Тағы бірі — жүгенсіз іс-қылығың,
Сүймес ешкім, алған жанды шырығың.

Енді бірі — зымияндық бықсыған,
Кісі үйін түтіндетіп, тықсырар.

Және бірі: ашулы тіл — у, ашық,
Өлтіреді шағып сөксе, тіл ашып.

Бұлар жетсе, бір-бірімен қосылып,
Одан құт, бақ безер аулақ жосылып.

Басы айналып, тағдыр оған ілмес,
Сырт айналар, айнып, қайта сүйінбес!»

Ізгі кісі, кел, ізгілік — шырайы,
Ізгілік ісі — ақылдылық шынайы.

Не дейді, ұққын, тыңдап ілім білгенді,
Сынап, ұғып қолына алған күллі елді:

«Жақсы, қанша жасар, кәрі болмайды,
Жаман қанша түзегенмен оңбайды.

(Ізгі қанша көп жасасын · алжымас,
Арам қанша баптағанмен мандымас!)

Жаман жасы — қысқа, өкініп қартаяр,
Жақсылық жасы — ұзақ, қамсыз марқаяр.

Жақсы түлер, күнде — тілек тауып ап,
Жаманның күнде артар мұңы ауырлап!

(Жақсы күнде табар жаңа бір тілек,
Жаман күнде мұңмен сөнер біртіндеп!)»



11

Кітапқа ат қойылуы, қарттық туралы айтады

Кітап атын «Құтадғу білік» қойдым —
Құтын тұтсын оқушым білікті ойдың.

Жазған кітап, сөйлеген сөздеріммен,
Екі дүниені ұстауды көздедім мен.

Көрген адам, қызығын қос жалғанның,
Бақытты жан сөзімде жоқ жалғандық.

Күнтуды деп бастадым сөздің басын,
Тізейін деп шындығын көздің асыл.

Айтолдыны еттім жыр — мархаббатты,
Нұрын төккен бақыттың, шапағаттың.

Бұл Күнтуды заңның шын қара басы,
Ал, Айтолды Бақытты баламасы.

(Бұл Күнтуды тұп-тура заңның өзі,
Ал Айтолды — бақыт һәм құттың көзі).

Өгдүлмішті сонан соң сөзге қостым,
Ақылы асқан жоқ одан өзге достым.

(Ақыл жасар ғажайып, ғаламатты,
Ақыл деген зорайтар азаматты!)

Одғұрмышты сөз еттім тағы да мен,
Ақыбет * деп ат қойдым мағынамен.

Төрт нәрсені тіліме тиек еттім,
Көз ашылар, көңіліңе түйе кеткін.

Көкірегіңе түй, жігіт, бекер деме,
Тірлік тек ойын-сауық, шекер деме.

Жолын аршы шындықтың шеттеп кетпе,
Қор қылма жігіттікті тектен-текке.

Көшер бір күн жігіттік жағалатпай,
Кетер тастап тіршілік қазанаттай.

Бар болса жастық шақтың қайрат-күші,
Қадыр тұт тұрсын оттай жайнап түсі.

Құсалымын: жігіттік кеттің қайда?!
Тынайын, өкініштен жоқ қой пайда!

Асқан адам қырықтың қырқасынан,
Айырылар жастық шақ, сырласынан.

(Қырықтан өтсе кімнің тірлік жылы,
Жігіттік тілі қош айтар, білгін мұны).

Елу жасым мені де құрсауға алды,
Қарға түстес басымды қырау шалды.

«Кел! Кел!» деп шақырды үні алпыс жастың,
Жолымда ажал жатпаса тартынбаспын.

Алпысты ассаң — шілденің аптабынан,
Аттадым де қысқы аяз қақпанына.

Елу отыз жиғанды кері алады,
Алпыс қолын тигізсе, нең қалады?!

Ей, елу, менде қалған өшің бар ма?
Етек-жеңді жұлмалап, есімді алма!

Жас кезде у ішсем де шырын еді,
У қылды ішкен асты бүгін енді.

Жебедей ем, иілдім садақтайын,
Көңілім шұрқ-шұрқ, оқ жырған табақтайын.

(Бойым — оқтай, көңіл еді садақтай,
Көңілім — оқ, бойым енді садақтай!)

Алды қарттық бергенін жігіттіктің,
Саған да келер кәрін тігіп бір күн.

Тұтқын болдым ай, жылға, шектім жапа,
Ей, жанашыр, ал келіп қылма қапа!

Қісенсіз-ақ шалынып жүре алмаймын,
Көзім нұры түнерді, көре алмаймын.

Кетті шаттық, ләззәттің түні балды,
Жігіттіктің оты өшіп, күлі қалды.

Мойынсұнған, қария, ажалыңа,
Жоқта өткенді, өкін, күй азабыңа.

Өткен — өтті... Жыла, өкін,— бәрібір күл:
Енді қалған аз күннің қадірін біл.

О, нем, мәңгі тірі, қайғы-мұңсыз,
Тәуелді еттің ажалға қайырымсыз.

Дұғам бұл сөз — тілегім, жұбанышым,
Ұзартқын бұл дүние қуанышын.

Бұл сөзімді дәт тілеп бастап едім,
Гәмәмдауға медет бер, қоштап нем!

Жырла тілім, жаратқан қасиетін,
Қуат берген, жолатпай қасіретін.

Сәуле құйды санама көп ішінде,
Жаным таза, жап-жарық өрісім де.

Түнекте едім, түнімді сөкті барып,
Зұлматта едім, күн нұрын төкті жарық.

Адасқан бір пенде едім жөн сілтеді —
Сақтамаса, өртейтін өрттің селі.

(Азып жүрген едім мен, нұсқады жол,
Отқа түсер едім, тек, ұстады ол.)

Сайлап, таңдап, еңсемді биіктетті,
Қателіктен құтқарды, күйік кетті.

Көкірегімде шындықтың шамын жақты,
Тіл безесем сөздерім жалын шашты.

Көңіл берді, көз, ақыл, білім берді,
Сөз айтуға жаратты тілімді енді.

Қайда жүрсем пайғамбар үмбетімін,
Сүйініп сол, жар болғай, бірге ділім.

Бәрі осының — немнің мейірімі,
Мендей құлға түскені пейілінің.

Шүкірлікті енді қалай айтайын,
Өмір болса, тілді безеп байқайын.

Білсең алла! Жазықтымын, байқадым,
Мұң-шерімді саған ғана айтамын:

Саған шүкір ете алмай, егілемін,
Шүкір қылғай мен үшін өзіңе-өзің!

Түзу бастап, ақ жолды кесе көрме,
Иман тонын үстімнен шеше көрме.

Ғәнімнен шығарда бұл жаным менің,
Шахадатпен үзілсін соңғы демім.

Қара жерге кірсем жалғыз мен егер,
Қайырым ет, рахымыңды бере гөр.

Күнәм да көп, күнәһар бір құлыңмын,
Кешір өзің, түсір шетін нұрыңның».

(Момындардың бар күнәсін кешіргін,
Қоры олар тірліктегі кесірдің.)

Жарылқа өзің момындардың күллісін,
Көрсет бүгін бақи дүние түр-түсін!

12

Сөз басы Күнтуды Еліктің өзі

Ақыл — қолдар, ал білімнен құт туар,
Бұл жалғанның құлқын саған ұқтырар.

Арбар дүние қылымсып кәрі қыздай,
Қыз қылықты, кемпір бет, тәні мұздай!

Қыз қылықпен қылымсыр, құлқы кербез,
Сүйіндіріп, ұмсынсаң — қолын бермес!

Ынтыққаннан қашады киіктей нақ,
Безсең — аяқ құшады, күйіп бейбақ!

Қейде, елтітіп, қырланып, көзін қадар,
Кейде, көрмей — қуланып, төмен қарар.

Қарасаң, жүзін тезден бұрып алар,
Наз қылып, маңайлатпай тұрып алар.

Қартаймайды, қартайтты талай бекті,
Сөзі үзілмес өзінің, талай кетті.

Бір бек өткен дүниеде дана, батыл,
Сөз, ісінен тамырдай тарады ақыл.

Бұл — Күнтуды, тараған даңқы жұртқа,
Бақытты жан, балаған халқы құтқа.

Адалдықты пір тұтқан өмірі ұдай,
Көзі қарақты, сөзі шын, көңілі бай.

Білімді көкейіне көп іс түйген,
Жауға — үрей, зұлымдарға өртгей тиген.

Шындық жолын қуған ер түкті жүрек,
Атақ-даңқы күн сайын өсті үдеп.

Білімді бек, қадірлі құлығымен,
Тірлік етті жарасты қылығымен.

Атқарды ісін ақылмен, саясатпен,
Саясатқа сай келер парасат кең.

Мұны меңзер келіп тұр шәйір сөзі,
Ашылар оқығанның оны көзі:

«Ерлік, даңқ жарасар нағыз ерге,
Зұлымдық пен іштарлық намыс елге.

Ерлік, даңқ туады кісілікпен,
Ер қадірі — берсе, егер, екеуін тең!»

Бұл Күнтуды сонымен ер атанды,
Күн мен айдай нұрлантып кең жаһанды.

Кім ақылды, шақырып тартты жақын,
Кім білімді, ұлы етті атын-даңқын.

Ағылды оған жаһанның даналары,
Елдің ақыл-білімді саралары.

Ел, заң жөнін, өзі түзеп істеді,
Тағы ақылды кісілерді іздеді.

Сенді оларға, олар да көмектесті.
Дем алысып, жұмыста кезектесті.

* * *

Айтты бір күн отырғанда қамығып,
«Бектік ісі — ұлы іс» білсең қадірін!

Басты ауыртар, көрсең оның көп ісі,
Көп істі істер — кең ақылы, өрісі.

Ауыр екен билік жалғыз басыма,
Есті Ер қажет ұлағатты іс қасына.

Енді ақылды кісі маған керек бір,
Жұрттың басы болар есті, ерек бір.

(Ақылы терең кісі керек жұртыма,
Адамдарын көндіре алар ырқына).

Мейірімді, тура оңына-солына,
Тігер басын ақиқаттың жолына.

Істей берсе сол ер менің ісімді,
Көре білсе, сезіп сыртым-ішімді.

Не дейді есті, жасы келген адамды,
Бастан кешіп, сынап білген ғаламды:

«Жәрдемшілер керек елге қолдаушы
Білімді, есті бектер — елді қорғаушы.

(Қай істе де жәрдемшісіз болмайды
Жәрдемшісіз күдік — тұман, жол — қайғы)

Адал болса, келіп тұрса қолынан,
Айнымайсың ақыл, мақсат жолынан.

Көп болса олар еш машақат көрмейсің,
Заң бұлжымай іс оңалып, өрлейсің.

Көмекші жөн барша істе, білгейсің,
Бектік істе, сен көбейте бергейсің».

(Жәрдемшісіз тынбайды ісің тұрмыста,
Ел басқарсаң, онсыз қолың тым қысқа).

«Жәрдемшісіз көрген күнің сор екен,
Сабыласың, амалың не, қол — екеу.

Жалғыз басқа уайым, мұң қаптайды,
Күн-күн сайын қалыңдайды қақ — қайғы!»

Мына сөздің шындығы — шоқ сөнбейтін,
Құтты, әзиз өнегесі өлмейтін:

«Рахатқа машақат жүрер тұтасып,
Сүйінішке күйініш тұрар жұптасып.

(Масаттансаң, бәле келіп табады,
Қуаныштың ізін қайғы жабады.)

Бек қанша өссе, бас ауруы молаяр,
Бас қанша өссе киер бөркі зораяр.

(Дәреже өссе, уайым да аумақты,
Үлкен бастың бөркі сонша салмақты)

Көз, құлағын тікті Елік * күллі елге,
Оған барша қақпа ашылды бір демде!»

Парықсызды өз қолымен жазалап,
Ессіздерді қуды елінен қаралап.

(Жарамсызды ұрды қолмен күйретіп,
Жамандарды қуды елден сүйретіп.)

Басқарды сақ. Сүйінді елі, әулеті,
Марқайды өзі. Артты күнде дәулеті.

Барлық жерде ерге сақтық керек бек,
Бектік іске керек сақтық ерекше!

Сақтықпен ер, жасап алға асарсың,
Қілең пайда көріп, ұзақ жасарсың.

Мұны меңзер шайыр сөзін ұғып ал,
Көкірегіне түйген асыл сыры бал:

«Елі жақын — сақ, қырағы адамның,
Көрі жақын — уайымсыз наданның!»

Не істесең де, қапы қалма, тоздырар,
Қапы қалсаң екі дүние оздырар...

Бейғам кісі, көр, осалдық қылады,
Жау келсе, әуелі, осыларды қырады.

Не дейді екен тында, әлемді тұтқан ер,
Сақ боп, жауын ұтқан, жерге тыққан ер:

«Ел басқарсаң, сергек, сақ жүр түсініп:
Сақтық — ерлік, шариғаттың ісі бұл.

Енжар болсаң — ұйқы басар, нас басар,
Ұйқы басса, басыңдағы бақ қашар!»

Хан сақтығы елге пайда әкелді,
Мұндай пайда елге бірлік әперді!

Тәртіп орнап, жұрт байыды, білісті,
Бөрі мен қой бірге тұрып су ішті.

Әділ болды. Мақтады елі, сүйінді,
Жаулары естіп, бойын иді, күйінді.

Бәзбіреулер пана тұтты, пір тұтты,
Есігін сүйіп бәзбіреулер жүр тіпті..

Көңілі хош кісі, ақылын білгейсің,
Сөзі бейне шешек атқан гүл дерсің:

«Билік, бектік білсең, өзі жөн нәрсе,
Ей, шырайлым, жөн-жосығы оң келсе!

Ізгі бектік, болар еді ізгірек,
Заңды түзу жүргізсе егер, жүлгілеп!

Бегі ізгі боп, түзу жүрсе бек ісі,
Қандай құтты болар еді ел іші.

Құттың құты — ердің ізгі есімі,
Ізгі аты — мәңгілік құт есігі.

(Ізгілікті Ер, асыл атақ жақұттай,
Мандайына мәңгі жазған бақыттай.)

Бектіктен ер табар еді бақ қанша,
Елдің ісін кісілікпен атқарса!

(Құр қалмас бек бақыт, шаттық, даңқтан,
Кісілігін ел-жұртына танытқан!)»

Елік ісі нәсіп болып халқына,
Жер-жаһанға жайылды әділ даңқы да.

Әділ Ердің тілеуін ел тіледі:
Дәулеті артты. Тозды жауы, жүдеді.

Жаһан халқы жиналды, оған шұбады,
Тиер ме деп мерей, бақыт шуағы.

Жаһан көрді, құты тасып, көктеді,
Қозы-лақпен бірге өрді көк бөрі.

13

Айтолдының Күнтуды Елікке қызметке келуі айтылады

Айтолды атты бар еді бір ер кісі,
Даңқын естіп, келді ергісі, көргісі.

Жігіт еді жомарт жанды, жұғымды,
Көңілі зерек, ақылды, ойлы, ұғымды.

Көрікті еді, көз қарығар түрінен,
Сөзі майда, шындық тамған тілінен.

Үйренбеген өнер-білім қалмады,
Білгендерін қолына алып, талмады.

* * *

Бірде өзін-өзі сөгіп қамыққан:
Өнерім — мың, қалдым оқшау халықтан!

Неге мұнда бекер жүріп курайын,
Күнтудыға барып қызмет қылайын!

Соған болсын күллі өнер еңбегім,
Қайыры — оның, тисін менің көмегім,

(Білгендерім әділетке жарасын,
Жалқаулықтың бар қырсығы тарасын.)

Ақылды бек мейірімді білікті,
Шетке қақпас білімді, есті жігітті.

Ой сырына тек ақылды қанады,
Білім сатса — тек білімді алады.

Шайыр сөзі мұны терең меңзепті,
Ұшқыр сөзбен тілін безеп, тербепті:

«Білім құнын біліктілер біледі,
Білікті тек ақылды ұғып жүреді.

Қайдан білсін надан білім бағасын,
Қайда болсын, білімді алар алғасын!»

(Білімдінің атын білер — білікті,
Білім жайлы біліксіз не біліпті?

Білік құнын білген ғана ұғады,
Гауһар сынын зергер ғана ұғады)

* * *

Атты ерттетіп, қолын созды тонына,
Бұрдым,— деді,— бетті қызмет жолына.

Жолға шықты жиып керек-жарағын,
Күнтуды елік қуаттар деп талабын.

* * *

Және айтты: мұнан тұрып барамын,
Хан ісіне өзімді бек саламын.

Бөтен жерде керек азық, мал, даяр -
Қолым қысқа болса, жүзім сарғаяр.

(Жат жерлерде сорға бейім маңдайың,
Азық бітсе, семер жүзің сарғайып).

Ал, ғарыптық ерге қатты батады,
Ғарыптықтан ердің басы қатады.

(Мүсәпірсің, бол дананың данасы,
Қырық қадам кеткенде елден, шамасы!)

Шүбәсіз мол алтын-күміс керекті,
Қай-қашанда қаржы жөні ерек-ті.

Білімі теңіз ғұламаға, сыр ашқан,
Ей, шырайлым, пейіл беріп, құлақ сал:

«Қызметке кірмек болса, кімде-кім;
Екі нәрсе қажет, дұрыс білгеніңі..

Біріншіден тірлік керек, кеселсіз,
Жүзің жайнап, істі баянды етерсіз.

Екінші, саф алтын керек, ақылдым,
Өз ісіңде қажетке оны асырғын.

(Біріншіден, денсаулық пен күш-жігер,
Және шындық жұта алмайтын тістілер.

Екіншісі, алтын керек, саф алтын,
Шығынданбай қалай пайда жасарсың!)

Бұлар болса, өрге басар ісің де,
Жүрерің хақ күллі қақпа ішінде!»

Алтын-күміс тауарларды * тиеді
Тығырықта,— деді — себі тиеді.

Сапар ұзақ асуларды алса да,
Аяңдады, аялдады қаншама...

(Үйден шығып, жолға түсіп жөнелді,
Біраз жүрді, біраз шаршап-бөгелді.)

Келіп жетті Елік тұрған ордаға,
Ақыл-ділі күткен тілек орнына.

Кентке кіріп, түсер жайды көрді ойлап,
Түсер жер жоқ, дүние тар, көрдей нақ.

Мүсәпірханаға түсті. Өңі түнерді,
Кешке жатып, сабыр қылып түнеді.

(Түсті ақыры мүсәпірлер үйіне,
Күйінді үнсіз. Күй емес-ті күйі де.)

Енді естіңіз не дегенін дананың,
Сөзін өрді, түйіп тірлік сабағын:

«Жалғыз басқа, кірсе қалың жат елге,
Уайым көп, жетіп жатыр қатер де.

Нақ жетімсің жоқ бір таныс, жайлы жер:
Ал, жетімнің жан серігі — қайғы-шер.

Білісі жоқ, бейне соқыр қамыққан,
Сөкпе адасса, соқыр жолдан-бағыттан.

Келсе адам, бөтен елге тегінде,
Тілсіз тынар ұқсап ер де келінге!

Жолаушыны мархабатпен қабылда,
Ішкіз, жегіз — қан жылысын тамырда.

Жатты күткен жанның көзі ашылар,
Мүсәпірдің сөзі нұрдай шашырар.

Қай жерде де болсын таныс-білісің,
Қалмас сонда орындалмай бір ісің!

(Таныстық жөн ерге жақын-алыспен,
Күллі, түрлі ісің бітер таныспен!)»

Айтолды да кешіп қиын жағдайды,
Ғаріптіктен қуарды өңі сарғайды.

Адамдардан таныс тапты, сырласты,
Үй тұрғызды. Көзі ашылды. Мұң қашты.

Достар тапты. Жанға жақын балады,
Құрметтеді іниі де, ағаны...

(Жолдас-жора тауып, тартты ішіне,
Жүзін жарқын тұтты үлкенге, кішіге).

Жігіт тапты, мұңын, сырын бөлісер,
Жолдас тұтты өле-өлгенше сенісер.

Ісі игі ер, Көсәміш ол, ақылды,
Бауыр тұтқан алысты да, жақынды.

Айтолды оған ашты көңіл сөздерін,
Тілегі не, не үшін жаһан кезгенін.

Туған елден мұнда не үшін келгенін,
Айтып берді, өзі барлық білгенін.

Елікке жақын бір қас-хажыб бар еді,
Есімі — Ерсік, елікке сай жан еді.

Ал, Көсеміш, соған барды бір күні —
Сөз сөйледі, сыр айтпағын білдіріп...

Хажыб оның әрбір сөзін аңдады,
Тілегі не? Сұрап, естіп, талғады.

(Айт,— деді Ерсік,— ниетіңді жасырмай,
Тұнсын ойың күміс тұма тасындай).

Көсеміш те айтты естіп-білгенін,
Айтолды кім, неге келіп жүргенін.

ХАЖЫБТЫҢ КӨСЕМІШКЕ ЖАУАБЫ

Хажыб айтты:— Құзырыма келсін деп,—
Мен көрейін, мені де ол көрсін деп.

Күнтудыға сөз айтайын сендірер,
Қабылдайтын күнін өзі белгілер...

КӨСЕМІШТІҢ АЙТОЛДЫҒА АЙТҚАНЫ

Көсеміш шықты. Жақсы үмітпен қайтарды
Айтты келіп: «Күнің туды, Айтолды!»

Сен Хажыбпен танысуға жүр енді,
Тілейтұғын тілегіңді тіле енді!

Көрсін, білсін сөздеріңді тыңдасын,
Тілегің не, енді өз тілің жырласын.

Түсіндірдім сөйлеп сенің сөзіңді
Келістіріп айтқын тағы өзің де!

Түйіпті ойшыл білген тілдің киесін:
«Сөзі қандай болса, сондай иесі.

Көше берер әр ауызда сөз деген.
Өз ісіне жақын әркім өзгеден.

Жанашырлар жан-тәнімен берілген,
Саған жақын бола алмайды өзіңнен.

Тілер болсаң өзіңе-өзің мейірім,
Доғар сөзді. Кірсіз тек өз пейіліңі!»

Тонын киіп Айтолды, тұрды өре,
Көсемішпен шықты да жүрді ере.

Жетіп, ашып қақпаны, кетті еніп,
Хажыб кісісі қарсы алды, көріп келіп.

Көсеміш енді хажыбқа кіріп шықты,
Келсін, деген құзырын біліп шықты.

Хажыб қарсы ап, төрінен орын берді,
Жылы сөйлеп, пейілімен көңіл бөлді.

ХАЖЫБТЫҢ АЙТОЛДЫҒА САУАЛЫ

Айтты Хажыб:— Қалай көңіл-күйің?— деп,
Қайда келіп түстің, қалай үйің?— деп.

Бар ма мұнда жақын-туыс, білісің?
Не байқадың? Қалай ауқат, күйісің?

Сұрады тағы:— Не өзіңнің тілегің?
Не істейсің? Не іздеген керегің?

АЙТОЛДЫНЫҢ ХАЖЫБҚА ЖАУАБЫ

Айтолды айтты:— Уа, Хажыб, тірегім,
Күнтуды атын естігеннің бірі едім.

Естідім де атақ-даңқын жырақтан,
Білдім, ақыл, сөзін — кетпес құлақтан.

Есігіне табынғалы келдім мен,
Қызметіне өзімді арнап бергім кеп.

Тілегім сол — қызметіне жарасам,
Тек, хажыбқа сөзім ұнап, қаласа...

Ұнатты да ол, Айтолдыны жақтады,
Тіл жеткенше қасиетін мақтады.

Жүзі нұрлы, түсі игіден түңілмс...
Адалдығы тұр,— деді ол,— түрінде

Шын көңілмен сүйіп оны қалады,
Деді:— Анық хан ісіне жарары.

(Әділдіктің өрті сіңген қанына,
Осындай жан керек Елік жанына.

Сүйдірген жан, не дейді, есті анығын:
«Сүйіктінің міні — басты қадірі.

Кісі сүйсе, айыбы асыл көрінер,
Сүймесе егер, асылы айып көрінер!»

Сүйген ерден асып ешкім айта алмас:
«Сүйгеніңнің шұнақтығы байқалмас!»

(Сүйген жанның айыбы майдай тиер,
Сүймегеннің қайырымы жайдай тиер).

Осы сөздің куәсіндей келді сөз,
Бұл сөзді сен оқығын, ей нұрлы жүз:

«Көңілің сүйсе, міні жақсы болады,
Терісі оң боп, кемістігі толады.

Көңіл кімді сүйсе: құлар, бөлмейді,
Көрер көзге ұрса міні, көрмейді!»

ХАЖЫБТЫҢ АЙТОЛДЫҒА ЖАУАБЫ

Айтолдыға берді Хажыб жауабын:
«Маған сенгін, шағылмасын тауаның.

Мен Елікке айтайын бұл сөзіңді,
Тілегің не, таныстырып өзіңді.

Бұл сөздерді Елікке енді айтайын,
Қабылдайтын күнін естіп қайтайын.

Сені білсін, сонсоң көрсін өңіңді,
Қор тұтпасын, қадір тұтсын өзіңді.

Керегіңше көмектесіп тұрамын,
Бар ісіңді сүйінішпен қыламын.

Талай ізгі сөзді тілі сайрады,
«Ісіңді істейін!»— деп, қатты бел байлады.

Қайырымды, ізгі кісі көгерер,
Ізгі кісі — халық жүгін көтерер!

Не дейді ер тыңда, елді басқарған,
Күллі істі көріп қанып атқарған:

«Кімнің бағы асса, игеріп ел ішін,
Ізгі, түзу заң жасасын ел үшін,

Кімнің қолы ұзын болса жұртына,
Түзу, сынық болсын қылық, құлқы да!

Кімнің сөзі болса өтімді еліне,
Тілі шырын, болсын жылы өңі де.

Опасыз бақ, желпінтеді, бұзады,
Тиянақсыз — тозады һәм озады.»

Құтқа иланба ізгілік қып жүргейсің:
Бүгін мұнда ол, ертең — онда, білгейсің!

Құт иесі! Қуанба құр, сорың ең —
Келген бақыт, қайтар келген жолымен!.

Құт иесі! Ізгі дәулет күтпенен,
Тұрам десең тұрғың ізгілікпенен!

(Бақ иесі! Қимасаң құт-ырысты,
Жақсылықпенен шығысқаның дұрыс-ты.

Қонған құтты көтере алмай, қинасаң,
Көзіңді ашып, құлқыныңды тимасаң.

Мүмкін ұлы-ақ, мүмкін күшті-ақ шығарсың.
Қас-қағымда-ақ, қара тастай құларсың!)

Ұлық, бек боп алғың келсе жақсы атты
Кісі алдында кішілікті мақсат қыл!»

Бақытты бол!— деді Хажыб,— сен бүгін,
Байлап алдың құттың кемер белдігін,

Әр істің өз сәті келер саспағын,
Сәті келсе, есік қалмас ашпаған!

Бар мынадай білікті ой, терең сөз,
Білікті сөз — түгел түзу, берен сөз:

«Қай істе де аптыққандар кеш қалар,
Асықтырған іс — өкініш, еш болар!»

(Қай істе де асыққан жан жай қалар,
Асыққан іс күйінішке айналар!)

Абдырамай әр ісіңнің сәтін бақ,
Ей, бек, ісің, табар бабын сәтінде-ақ!

(Еш уақытта саспа, болма кейуана,
Бітер істің толғағы бар, ей дана!)

АЙТОЛДЫНЫҢ ХАЖЫБҚА ЖАУАБЫ

Айтты Айтолды, ұғып сөздің сыңайын,
Өзімді ұстап, мен де сабыр қылайын.

Көрді мені, Хажыб тыңдап сөзімді,
Белгілесін көрісетін кезімді.

Хажыб мені қай уақытта тілесе,
Келем сол сәт, шақыруға ілесе...

Тұрды Айтолды, шықты қайта киіне,
Тонын шешті келіп кіріп үйіне.

* * *

Көрді Хажыб Айтолдыны көзбе-көз:
Ерек кісі басқалардан өзгеше.

(Ұқты Хажыб: сегіз қырлы, бір сырлы
Өзге жұрттан тым өзгеше, бір түрлі.)

Мұндай жанды көргенім жоқ,— деді ол,—
Халық басы, білімді, есті, сөзі оң.

Мұндай кісі кездеседі өте аз,
Аз аздығын қылар, аздың аты аз!*

(Көрген емен бұл сипатты кісіні,
Білімді, ойлы, өзгеше өзі түсінің.

Мұндай кісі қыз мінезді, нәті қыз,
Қыз қылығын қылар, қыздың аты қыз.

Мұндай жан — қыз, мінезі — жан шырыны,
Қыз аты қыз, қызықтырар қылығы.)

Қай нәрсе аз, сол нәрсе асыл, о ғажап!
Асылды іздеп тауып болмас, бір азап!

Мұндай кісі Елікке өте керек-ті,
Елікке керек еліңе де керек, біл!

Мұндай кісі күллі істі істей алады,
Өнерлі ермен ер тілегін табады!»

Сәті келіп айтты Елікке барлығын,
Айтолдының ашып құлқын, тағдырын.

Айтты құлқын, хас асылға балады,
Ақыл, білім, қасиетін санады.

ЕЛІКТІҢ ХАЖЫБҚА ЖАУАБЫ

Естіді Елік:— Қәнеки, келтір!— деді
Қайда тұр ол. Көрейін көркін,— деді.

Тілеп едім, кісіні қосшы болар,
Ел басқару ісіне басшы болар.

Бар тілекке жеттім, бірақ ісімде,
Мұқтаж едім осындай бір кісіге.

Тезірек бар! Шақыр енді алдыма,
Қызмет етсін, маған, менің халқыма!

(Жүгір! Оны әкел маған шақырып,
Қызметіне келтір оны, ей батырым!)

* * *

Хажыб тұрып, қақпа алдына келді де,
Бір ұланды жұмсады, сөз берді де.

Ұлан оның жеткізді бар сөздерін,
Тонын киді Айтолды өңі өзгеріп.

Атын мініп ханордаға тез жетті,
Хажыб қарсы шығып өзі кездесті.

Құрмет қылып төрден орын ұсынды,
Айтолды үнсіз отырды, бек қысылды.

* * *

Әміршіге, айтты ол хабар бергенін,
Сол хабармен Айтолдының келгенін.

ЕЛІКТІҢ ХАЖЫБҚА ЖАУАБЫ

Елік айтты:— Шақыр, маған кірсін ол,
Көрейін мен, мені дағы көрсін ол.

(Кірсін!— деді ол,— жолығып, бір-бірімізді
көрелік,
Сөз — суретші. Жоқ оған, көзден әділ төрелік!)

Шықты Хажыб. Айтты:— Айтолды барарсың,
Елікті көр, құт белбеуін тағарсың!



14

Айтолдының Күнтуды Еліктің қызметіне (құзырына) көрінуі айтылады

**Кірді Айтолды тағзым етіп, көрінді,
Жүзін көріп ашылды Елік көңілі.**

**Инабатпен бастады сөз-тілегін,
Майдай сылап әміршінің жүрегін.**

ЕЛІКТІҢ АЙТОЛДЫҒА САУАЛЫ

Елік:— Кімсің? Атың кім?— деп сұрады,
— Қайдан келдің? Қайда ендігі тұрағың?..

Айтолды айтты сабырменен, кеңесті
Әр сөзінен, білсең, ақыл лебі есті.

Сабыр — ақыл-парасаттың белгісі,
Ақылсыз жан хайуанмен тең кісі.

Мұны меңзеп шәйір бәйіт қалдырған:
Ісің болса, саспа, баппен тындырғын!

Бастарда істі байыбына барып ал,
Асыққындар күйінер де жаңылар.

Сабыр тұтқан, іс істемей опынар,
Тексіз құл да, бек орнына отырар!

АЙТОЛДЫНЫҢ ЕЛІККЕ ЖАУАБЫ

Айтолды айтты:— О, құтты Елік, бағамда:
Құл қадірі — қызметіңе жарауда.

Қызметшімін, босаға — орным, атым-құл,
Ісім — қызмет, кісілікке жақынмын.

Келдім саған, ұзақ қиын жол жүріп,
Жеткендей ғой тілегіме қол бүгін!

Тілегім бұл: қайтарма сен бетімді,
Жақын тұт та, көргін қызметімді!

Сөзін естіп сүйінді Елік, сенді Елік,
Тілегенім осы,— деді, берді ерік.

ЕЛІКТІҢ АЙТОЛДЫҒА ЖАУАБЫ

Елік айтты:— Айтолды, көрдім сені,
Сүйінтті қылық, құлық, көркің мені.

Істің көркі — адалдық, ақылдылық,
Қақпамды бақ, өзіме жақын жүріп.

Менен — мерей болады, еңбек — сенен,
Еңбек болса, құт есік ашар, сенем!

Бүгіннен сен түзу жүр, еңбек ет те,
Қызметші құлақысын өтер бек те!

АЙТОЛДЫНЫҢ ЕЛІККЕ ЖАУАБЫ

Жерді өбіп ойын сөзбен демеді:
«Сүйінсе Елік — дәулет қолын береді.

Қызмет үшін келдім тастап үйімді,
Ұзақ жүрдім, көріп тұрсың күйімді,

Мен тілеймін, құдай медет берсін деп,
Ісің үшін сақтап, жебеп жүрсін деп!»

Тұрды орнынан көңілі өсіп, шаттанып,
Өңі жайнап, келді алдына қақпаның.

Не дер екен басына құт қонған ер,
Бар тілегі түгел қабыл болған ер:

«Бектер күліп қараса егер кісіге,
Көңілі өсіп, қан жүгірер түсіне.

Бектер сеніп, мейіріммен қараса,
Сөзі, өңі қызметшінің тамаша.

Кімді бектер жақын тұтса жанына,
Қара, өзгелер үйір соның маңына.

«Бек»— деген «құт!» Жақын жүрсе кісі оған,
Бар тілегі қабыл болып ісі оңар!»

* * *

Енді Айтолды қызметін бастады,
Ертелі-кеш ешбір тыным таппады.

Күндіз істі, түнде атқарды күзетті,
Не істесе де, күмәнсіз һәм ізетті.

Хан алдына кіріп, шығып жүреді,
Оң қарайды ол, сенеді бек жүрегі.

Күннен-күнге қызметін сіңірді,
Қадірі артты, ел көзіне ілінді.

Адал болса, бек те құлдай құлына,
Кішкене ерді ісі теңер ұлыға...

Қызмет қыл. Құл ісімен бек болар,
Терің сіңсе — тілегіңе сең болар!

Есті енді дана сөзін, білікті,
Ойын нәзік, кестелепті, тізіпті.

«Жанса еңбегі, тексіз төрге лайықты,
Жаман, іспен орнын табар байыпты.

Қызметші ісін мінсіз атқарсын,
Тілегіне жетер қадірі артқан соң!»

Бұл Айтолды қызмет етті тесіліп,
Елік ашты мархабатпен есігін.

Жақындасты күн-күн санап ол енді,
Қайғы тайып, қуанышқа бөленді.

Қызмет етті, Айтолды енді теңелді,
Елік пейіл беріп, құтқа кенелді!

Елік түрлі істі байқап, сынады,
«Тілегенім — сол!»— деп, сенді, құлады...

15

Айтолды Елікке өзі Дәулет екендігін айтады

Ойға шомып отырып Елік бір күн,
Айтолдыны шақыртты, келіп кірді.

Келіп тұрды Айтолды алдына тік,
Келгін, отыр бері деп ымдады Елік.

Шығарып, қойды тобығын Айтолды, көр,
Жастады да орнына отырды, көр

(Тобықтарын Айтолды жастап енді,
Малдас құрып, сөздерін бастады енді).

**Айтты Елік түрлі ойды, білім шашып,
Жауап берді Айтолды тілін ашып.**

**Сүйінді Елік, қуаныш жуды жүзін,
Оны көріп, Айтолды жұмды көзін.**

**Сөзін кесіп Елік еш тіл қатпады,
Көзін жұмып Айтолды, міз бақпады.**

**Елік қайта бастады үзген сөзін,
Жауап берді Айтолды түйіп жүзін.**

**(Елік қайта сөздерін жалғап көрді,
Айтолды, жүзі сынық, жауап берді.)**

**Байқады Елік көп қырын түрлі-түрлі,
Білім, ақыл, зейінін түгел білді.**

**(Байқады Елік түрінен қамыққанын,
Ақылды, ойлы адамның жабыққанын.)**

**Қарады Елік сабырмен, өңі жылып,
Айтолды тез әкетті жүзін бұрып.**

ЕЛІКТІҢ АЙТОЛДЫҒА АЙТҚАН СӨЗІ

Түнерді Елік:— Келіспе, келіс мейлі,
Ұшқалақтық кісіге келіспейді.

Жаңылыппын бұл тұста өзім де енді,
Не бетіммен жұртқа айтам сөзімді енді.

Не дейді екен, білімді тілін тыңда:
«Асыққан іс — өкінтер жылдан-жылға.

Шала біткен шаруаның түюі бар,
Шала піскен астың дерт — күйігі бар.

Ешкім жоқ сасқан іс оң бітті деген,
Асыққан — шайтан ісі, түрткілеген.

Бар жаңсақ іс — асыққаннан шығады,
Бар ізгі істің — ықтияттық шырағы.

Мен де асықтым, білмей жатып сырыңды:
Жақын тұттым, өтпей қызмет-сынымды.

Қай бек болсын, қызметші құлдарын,
Істе сынап, оңғарса онсоң жолдарын.

Әуелі істе сынап көрсе шамасын,
Көтерсе онсоң, құлдың қадір бағасын...

АЙТОЛДЫНЫҢ ЕЛІККЕ САУАЛЫ

Айтолды айтты:— О, Елік, қайырымды!
Неге ренжіп, тағаттан айырылдың?

Жазығым не, білмедім, ауаныңды,
Айтып беріп, естісең жауабымды.

Күнәм болса — қина, еркің; жазала да,
Жоқ болса, өзіңді өзің қаралама!

Мұны меңзеп өзі де, сөзі де үлгі,
Білімді жан не деген соны білгін:

«Қызметші жаңылса — шыдамақ жөн,
Қатесінің себебін сұрамақ жөн.

Жазықты ма, жазала, қалт жіберме,
Жазықсызға кінәні жат тілер ме!?

(Күнәсін арт, мойнына, қарала да,
Кінәсіздің жүрегін жаралама!)»

(Қызметші жаңылса — сұрау керек,
Жаңылғанын неліктен — сынау керек.

Жазығы болса, жазалап қинау керек,
Жоқ болса, қиянатқа қимау керек.

Жазықсыздың жанына қаяу салмай,
Сүйіндіріп көңілін, сыйлау керек!)

ЕЛІКТІҢ АЙТОЛДЫҒА ЖАУАБЫ

Сөйледі Елік ашуланып, арқырап:
— Ей, білімсіз, кісі екенсің ақымақ!

Қара өзіңе, кім едің сен мен үшін,
Қайдан келген мардымсу мен керісу.

Қызмет етіп жоқ сіңірген еңбегің,
Пайдаң тиді деуге жоқ еш бергенің!

Қызметіңсіз қадіріңді асырдым,
Орын бердім, ал сен мені басындың.

Тобығың жастап, жайғасып кеп дендедің,
Айтқын, мынау сен отырар жер ме еді!?

Сөзімді айттым, сөздеріңді тыңдадым,
Мазағың ба, маған көзді жұмғаның?!

Кешірдім де, жалғадым сөз — жібімді,
Айтқын — неге теріс бұрдың жүзіңді?!

Естіп, құлақ қоймап па ең ер сөзіне;
«Бекке жақын жүрсең, сақ бол өзіңе!»

Айтпап па еді саған атаң, анаң мен:
«Бекке өзіңде теңгерме, ей, балам!»— деп

Құймап па еді, топ басы:— Ұғып тегіңді,
Басыңды бақ, басынба,— деп,— бегіңді.

Бұл бектер — от! Отқа жақын бармағын!
Егер барсаң — күйіп, күл боп қалғаның!

Бек деген От! Ойнама отпен, жақындап,
Күйініп кеп — күл боларсың сақырлап.

Ақғал болма! Өртің де бір, бек те бір,
Өртке түссе — майдай ерір көк темір.

Байқап көрсең, бектер от-өрт жалынды
Басыңды үзіп, бас сап сорап қанынды!

(Байқап тұрсаң, қорқытар ол бұқтырар,
Қорықпасаң, күшпен жасқап ұқтырар!

Қорыққаннан, ұшар зәре-үрейің,
Қорықпағанды түтер қайрат — дүлей!..)



16

Айтолды Елікке Дәулет сипатын әңгімелейді

Күлді Айтолды:— Ұқтым — деді — өзіңді,
Сұрап қалдың, енді естігін сөзімді.

Істің мәнін ұғып қойдым талдадым,
Қажет енді сенің ұғып алғаның.

Міне, алдыңа жеттім, келдім тосылмай,
Көрдің өзің: мінез-құлқым осындай.

Орын бердің отырмадым оныңа —
Ұқсын деп ем: «Орным жоғын сорыма».

Сөзді растап: тобығымды төседім —
Ұсқынымды көрсін деген есебім.

Орның жоқта, тобыққа — сор, сезгемін,
Мен, құт — дәулет, сол тобықтай кезбемін.

Көзім жұмдым, мейіріммен қарап ең,
Тұр, пейілімді танысын деп санап ем!

Мен Дәулетпін, көзім соқыр,— дегенім,—
Кім жұғысса, соны ұстап ап, еремін...

Сен сұрадың — жауабымды асырдым,
Қарап едің — мен жүзімді жасырдым.

Бұл қылығым: айнып кете беремін,
Тұрақсызбын, маған сенбе!— дегенім.

Енді тында түрік мақал-нақылын,
Көпті көрген ақсақалдың ақылын:

**«Құтты кісі «Құттымын!» деп лепірме,
Даңқты кісі даңқынды айтып есірме.**

Бір орында Су, Сөз, Дәулет тұрмайды,
Жиһангерлер жүре бермей тынбайды...

Құт опасыз ұшып-қонба тегінен.
Тайғақ табан, қонбай жатып жеріген...»

ЕЛІКТІҢ АЙТОЛДЫҒА ЖАУАБЫ

Елік айтты:—Ұқтым жүрек сөзіңді,
Өз күнәңнен алдың аршып өзіңді.

Айтқын енді маған қадір даңқыңды,
Сөзің — өктем, сезбейсің тіл тартуды.

АЙТОЛДЫНЫҢ ЕЛІККЕ ЖАУАБЫ

Айтолды айтты:— Құт көзімін, бек сенем,
Жұртқа игілік тисе — тиер тек менен.

Қылығым — оң, жасым кіші, қарасаң —
Барша ұлылық, бектік менен тарасар...

Жүзім нұрлы, сырлы қылық, құлығым,
Бар тілекке жетті қолым, құрығым.

Қайда болсам, сонда, арман-тілегім,
Жүргені еріп, артып маған білегін.

Сабырым бар: төзбес безер тозағы...
Шаттығым бар: уайым өзі-ақ тозады...

Маған қарсы жан азаппен өтеді,
Бой ұсынған, мұратына жетеді.

Мені ұрамын деген өзі ұрылар,
Көр дайындаған, сол көрге өзі жығылар...

Мұны меңзер келді сөздің кезегі,
Ұққан жанға, толған ақыл өзегі:

«Қайда болсын, құтқа пейіл-бойды бер,
Егер, құтқа ерсең, жаулас қайғымен!

Бақыт қонса, құтқа толар күндерің,
Тілегіңді талғап... өмір сүр, керім!

ЕЛІКТІҢ АЙТОЛДЫҒА САУАЛЫ

Елік айтты:— Ұқтым, қадыр бағыңды,
Мінің бар ма? Айт, білейін, шамаңды...

АЙТОЛДЫНЫҢ ЕЛІККЕ ЖАУАБЫ

Айтолды айтты:— Жоқ залалым, жоқ мінім,
Жоқ мінімді тергіштер бар, күптімін.

Тұрақсыз һәм опасыз деп сөгеді,
Жұртқа жайып, тілдің кәрін төгеді.

Еш мінім жоқ! Ойлап, бегім, біл өзің,
Тек, жаңарып, түлеп тұру — мінезім...

Барша ескілік — түбі азапқа айналар,
Ал, азапқа тозақ әркез сай болар.

Жаңа нәрсе табылса ескі не керек,
Арзымасқа асылды кім теңемек?!

Ләззәт іздеп, қиналар ер, сабылар,
Ләззәт-рахат тек жаңадан табылар

«Опасыз!»— деп қылығымды сөгеді ел,
Өз атымды өз мінімдей көреді ел.

Мұны меңзеп депті өр кісі, ер кісі,
Қанатты сөз — қанатты ойдың белгісі:

«Туған нәрсе құрып, түбі өледі,
Жаратушы бұйрығына көнеді.

Өтер-кетер, тірлік те бір еспе жел,
Ұстап қалар пенде жоқ, ол дес берер!

Сенбе құтқа: келсе, кетіп қалады,
Сенбе баққа: береді һәм алады.

Баянды боп жаралса ғой құт деген,
Асыл бақыт сол болар-ау күтпеген.

Ұшпай бақыт, қонса алаңсыз түгелдей,
Мәңгі жайнар, күн көзі де түнермей!»

ЕЛІКТІҢ АЙТОЛДЫҒА ЖАУАБЫ

Елік айтты:— Білдім, қылық, тегіңді,
Із қала ма жүріп өткен жеріңде?..

АЙТОЛДЫНЫҢ ЕЛІККЕ ЖАУАБЫ

Айтолды айтты:— Жарда ойнаған кікіңің,
Сол мінезбен сүйікті һәм күйікпін.

Ұшқырмын мен, іздеген жан таба алмас
Тапқанымен, мәңгі ұстап қала алмас,

Тапқан адам болса ақылдың ұстасы,
Кете алмаймын! Осы сөздің қысқасы!

ЕЛІКТІҢ АЙТОЛДЫҒА САУАЛЫ

— Сені ұстайтын бар ма қамал, бар ма амал?
Қайғың бар ма? Сақтаушың кім таңдаған

Ұстасам деп торы бар да торығар,
Санап айтқын: қандай айла жолы бар?!

АЙТОЛДЫНЫҢ ЕЛІККЕ ЖАУАБЫ

Айтолды айтты:— Берік кісен бірнешеу,
Мен санайын, деген болса із кесем.

Іздеген жан, болсын жібек мінезді,
Көңілі таза, тілі майда, жігерлі.

Аяса өзін, мекерлікті білмесе,
Жауыз істің маңынан да жүрмесе.

Басқалармен тең тұтынса, керегін,
Жол-жобаны жақсы білсе, дер едім.

Құрмет қылса үлкендерге өзінен,
Кішілерге мейірім төксе сөзімен.

Кісілерді кішіктікпен тыңдаса,
Кіші сөзін аяқ асты қылмаса.

Тектен-текке шарапқа аран ашпаса,
Тектен-текке несібесін шашпаса.

Қол мен тілін бос ойыннан сақтаса,
Көңіл- арсыз көрінгенге лақпаса.

Міне, осындай құттың құлып-кісені,
Қашқанымен өзі-ақ келіп түседі.

Бұл жөнінде шайыр сөзі мынадай,
Шайыр тілі — көзінді ашар шырадай:

«Дәулет үркек, ор киікке ұсаған,
Қонса келіп, жөні тас қып тұсап ал!

Тұта білсең, дәулет тозып, безбейді,
Қолдан шықса, қайта айналып келмейді!»

ЕЛІКТІҢ АЙТОЛДЫҒА АЙТҚАНЫ

Елік айтты:— Ұқтым, ей, Құт, бақ асыл,
Сеніп едім, сен де тайқып барасың.

Мінезің бар құбылмалы, амал жоқ,
Болар едің айнымас дос, адал дос.

Сыртың — ләззәт, дайын құса, қапаң да,
Жеңіл емес шектіретін жапаң да.

Атадан да, анадан да мейірімді,
Жан өзіңсің берген кезде пейілінді.

Тез айнисың, үзбей үміт құрығын,
Әдірә қалар сұлу сөз, бал қылығың.

Еліктіріп еппен құрық тастайсың,
Еліккенге есігіңді ашпайсың.

АЙТОЛДЫНЫҢ ЕЛІККЕ АЙТҚАНЫ

Айтолды айтты:— Уа, Елік қадірлі!
Жайдым ірікпей сыр мен шама әлімді.

Қызықса кім, сынап көрсін нәсібін,
Мені ұстаудың айттым айла-тәсілін.

Обалым не, жете алмаса құр текке...
Мен — киікпін, үйренбегем бұлкекке!

Не дейді екен қариялар сарапшыл,
Қарттың сөзі — құттың көзі, тағат қыл:

«Келген құтты тұта алмасаң — озады,
Бергенге ие бола алмасаң — тозады!

Қонған құттың біл қасиет-қадірін,
Қадірді ұққан — көрмес тірлік жәбірін!»

Бақытты жан Бақыт қамын ойласын,
Арамдыққа әсте ниет қоймасын!

Кінәсіздің — көрер күні күнәсіз,
Болатынын білермісіз, жүдә, сіз!?.

Бақыт шарты: Құтты жанның кінәсіз,
Ертеңі де болу керек күнәсіз!

ЕЛІКТІҢ АЙТОЛДЫҒА САУАЛЫ

Елік айтты:— Ұқтым асыл затыңды,
«Айтолды» деп неге қойған атыңды?

Мәнісі не оны да айтқын ағайын.
Сені бүтін біліп-ұғып алайын.

АЙТОЛДЫНЫҢ ЕЛІККЕ ЖАУАБЫ

Айтолды айтты:— Дана кісі, атымды,
Қойған екен Айға меңзеп затымды.

Ай туғанда елеусіздеу болады,
Күннен -күнге көтеріліп толады.

Ай толғанда, көзі ашылар әлемнің,
Жүзі жайнар жаһандағы әр елдің

Толған ай да, қарасаңыз шетінен
Бозаң тартып, ажары азып кетілер.

Нұры сөніп, семіп мүлде жоғалар,
Қайта туып ,қайта толар, оңалар.

Мен де айдай жаңаланып тұрамын,
Бірде бармын, бірде жұмбақ тұрағым.

Ғаріп жанға түссе жүзім, жанарым:
Көркі артып, нұр жуады қабағын.

Байып, тасып даңқы алысқа жайылар,
Кетуім мұң — су алғандай шайылар.

Жиған-терген мүлкі күлдей шашылар,
Таз қалпына түсер, еңсе басылар.

Шайыр сөзін есті мұны меңзеген,
Білікті сөз — білімсізге көз берер:

«Бақ қонса адам, көңілі судай сарқырар,
Жаңа айдай толысар да, жарқырар.

Құт бір күндік, алды жар да, арты — бал,
Толар дәулет, толған айдай сарқылар!»

Бұл жөнінде сыр ашайын және бір,
Естіп ұғып, шын ниетпен сене біл!

Орын сайлап, жантаймас Ай жайланып,
Мекен-жайсыз жүрер сырғып айланып.

Саратанмен * жанып, бірге өшеді,
Ол көшпелі, бұл да бірге көшеді.

Қай үйге енсін, тәрк қып шыға береді,
Кіріп-шығып, шығып-кіріп желеді.

Мен де айдан айнымаймын, білемін,
Бірде — өрде, бірде ылдида жүремін.

Келіп-кетіп шарқ ұрамын, жатпаймын,
Кең жаһанды кезсем де орын таппаймын

Затыма сай, «Айтолды» деп атаған,
Білімдінің айтқаны аумас батадан.

Міне, мен — құт, аян мінез, тегім де,
Айттым, түгел, кеселімнің емін де.

Айттым, сенсең — шындығы осы сөзімнің,
Қалдырсаң да, қайтарсаң да өзің біл!

ЕЛІКТІҢ АЙТОЛДЫҒА ЖАУАБЫ

Елік айтты:— Ой мен от бар сөзіңде,
Сөзің де асыл, текті екенсің өзің де!

Сендей жанды аңсап, іздеп жүр едім,
Құдай берді, қабыл болды тілегім.

Құдай берсе кімге тілек, арызын,
Шүкір ет, тек, арқалама қарызын.

Өзім, бүгін бастап үзбей үнемі,
Айнымастан шүкірлік қып жүремін.

Енді дана, не дер екен, сал құлық,
Өзі қайтқан, сөзін бізге қалдырып.

«Шүкірлік қыл, медет тұтып бір өзін,
Шүкірлік қыл, қабыл болсын тілегің.

Кей сақаба, ұқпас қадыр-бағасын,
«Шүкірлік қыл, медет тұтып бір өзің,

Азды аз деме, шүкірлік ет, еселеп,
Көп нәсіптің, қадірін түй, жетеңе!

Шүкір, қылсаң, бір нәсібің он болар,
Бірі он болса, іс-тірлігің оң болар!»

Айтолдыны мақтап Елік қуансын:
«Күндіз-түні,— деді,— оңымнан туарсың»

Сый көрсетті, сырын ашып, тең көрді,
Алтын, күміс, дүние-мүлік өңгерді.

Ақтарды Елік ойын, сөзін сырларын,
Білікті ақыл-кеңестерін тыңдады

Көр: Айтолды сый-құрметке сүйініп,
Қызмет етті, бар өнерін үйіріп.

Бір қанша істе жұмсап, сынап көрді Елік,
Одан ерек ер жоғына сенді Елік!



17

Күнтуды Елік Айтолдыға Әділдің сипаттарын айтады

Елік бір күн өзді-өзі құстай торда,
Отырды үйде, жамырап ойы онға,

Айтолдыны шақырды, «Келсін!»— деді,
Қол қусырып кірді ол, сәлем берді.

Тұрды алдына Еліктің төр жақтағы,
Әуелі хан тіс жарып, тіл қатпады.

Байқап көріп, көзімен белгі беріп,
Ишарамен отыр деп берді ерік.

Бұл Айтолды отырды. Көзін жерге
Бұрып, ілтипатымен көрінді Ерге.

Қас-қабағын бұзбай, сол сыйығымен,
Бақты Елікті көзінің қиығымен.

Бекітілген үш сирақ — үш бұтаққа,
Отырды Елік айшықты күміс тақта.

Қарақшыдай зәр пышақ қолындағы,
Екі ыдыс тұр: оңы — бал, солында — у.

Мұны көрген Айтолды қорыққаннан,
Есіне алды алласын — торыққаннан.

Көрсеттің де маған таңсық ісіңді,
Ашу-ызаға будың бермей ішіңді.

Ашуландым — тұншықтырдың төзімді,
Қәрленіп ем — тұйықтадың сөзіңді.

«Мен құт болам!— дедің,— біліп танып ал,
Ұқтырдым мен, ұғын бәрін, қанып ал!»

Бар сырыңды айттың келіп бабыңа,
Мен түгелдей түйіп алдым жадыма.

Құзырыңды ұғып, сонда кешірдім,
Құрметтедім, мәртебеңді өсірдім.

Айтам бүгін қылық, сипат салтымды,
Біле жүр сен барша қайрат-даңқымды.

Міне, мені көргін, заңмын, әділмін,
Тұрқымды сен байқа, барла — бәрін біл.

Мен отырған тағым, міне, төрімде,
Үш аяғын көр де тоқы, көңілге.

Үш тағанды нәрсе берік, мызғымас,
Үш аяғы тұрғанда ұстап, жылжымас!

Егер үштің бірі тайса жетеді,
Қалған екеу өзі-ақ ұшып кетеді.

Үш сирақты нып-нық, түзу тұрады,
Төртеу болса, бірі қыңыр шығады.

Бірі түзу болса — түзу бәрі де,
Бәрі түзу болса — түзу мәні де.

Бір қыңырдан бәрі қисық шығады,
Бар қисықтан әмән, қырсық туады.

Қай тұғыр да осал болса тұра алмас,
Мықты тұғыр, сенімді ешкім жыға алмас.

Қылығымды көр, қылаудай жоқ міні,
Өзім де әділ, үкім де әділ — сот күні.

Әділдікпен кеспей жаза, тоқтаман,
Құл ма, бек пе, еш айырма жоқ маған.

Бұл пышақты кім нық тұтса қолына
Өнер ол да. Сілтер кесел жонына.

Пышақтай мен кесем аршып әр істі,
Кінәліні тауып, білем мәністі.

Шекер жәбір көргендерге бұйырар,
Қақпама кеп, әділ заңға ұйыған.

Бал-шекерді татқан кісі жадырар,
Жаны шат боп, уайым-мұңнан арылар.

У бұйырар қара жүрек кісіге,
Заңнан қашқан зәрін түйіп ішіне.

Келсе алдыма тезінде әділ жазаның,
У — ішкендей тартар жанның азабын.

Суық қабақ, кісі шошыр сұрым бұл —
Сыбағасы күштімсінген зұлымның.

Ұлым ба, әлде жақыным ба, алыс па,
Кештеу жүрген қонақ па, әлде таныс па?

Заң әлдында, бәрі бірдей мен үшін,
Кесем әділ, Болмайды ешбір келісім...

Біл, әділ заң — басшылықтың тұғыры,
Заң бар жерде — берік елдің жұлыны.

Мұны меңзеп есті кісі бүй дейді,
Есті сөзді кім тұтса, ісі өрлейді:

«Бектік берік — әділ заңның жөнімен,
Бұра тартсаң абыройың төгілер.

Бек заң жолын төрелікте ұстаса,
Бар тілекке жетер қолы, қысқасы».

АЙТОЛДЫНЫҢ ЕЛІККЕ САУАЛЫ

—Уа, Елік,— деді Айтолды,— рахымды,
Күнтуды деп неге қойған атыңды?

ЕЛІКТІҢ АЙТОЛДЫҒА ЖАУАБЫ

Елік айтты:— Атымды есті ер беріпті,
Қылығымды көріп, танып, сеніпті.

Дүниенің нұрлы жомарт алыбы,
Күнді қара, сөнбейтұғын жарығы.

Жарқыраған күнді көр де, көр мені,
Күн сөнсе егер, тіршіліктің өлгені.

Соған ұқсас менің барша қылығым,
Әділ заңды шала алмас еш құрығың.

Күйбектемей өзін-өзі тербетіп,
Күн шығады жарқыратып жер бетін!

Туады күн, дүние-елге жарығын
Тең бөледі, шығарады қарығын.

Мен де күндей — жоғалмаймын, өзгеріп,
Бар халыққа бірдей қылық, сөздерім.

Күн шықса егер, жер қызып, бұлт дүркірер,
Шешек атар мың-мың түспен гүл түгел.

Қай елге де төксе нұрын шындығым,
Гүлдеп тасы, дәулеті өсер мыңғырып.

Шыққан соң күн, жаман-жақсы демейді,
Жарық төгіп бәрін бірдей теңейді.

Әділ заңым жетер күндей бар елге,
Ниет, тегім үлгі болғай әлемге.

Маздар мәңгі өз жөнінен бұлжымай,
Қонып алып тұғырына бүркіттей *.

Күн Арыстан шоғырында, өзгермес,
Арыстанды Күнге қырсық кез келмес.

Бірқалыпты қылығымды көр менің,
Жарқын жүзім, құбылмаймын өзгеріп.

АЙТОЛДЫНЫҢ ЕЛІККЕ САУАЛЫ

Айтолды айтты:— Уа, Елік, құрметті,
Жер — жаһанға мәлім атың күн текті.

Менің өзім ұзақ жолда сетінеп,
Арып-ашып саған әрең жетіп ем.

Мейірім, жәрдем, пиғыл, құлқың үшін де,
Қызметіңе келдім арнап күшімді.

Айтып бергін, талабыңды, бабыңды,
Қай қызмет жадыратар жаныңды?

Қызметіңнен таппаса, бек, қанағат,
Ісің — зая, терің — арам, жамағат.

Тараған сөз Ыла атты кісіден,
Ұлағатты, мәртебелі ісімен:

«Бекке қызмет етсең, тұтқын жадыңа —
Мейірі қансын, сағына да табына.

Сүйсінтсе ісің, сындырмайды сағыңды,
Тұт та бәрін, байламағын бағыңды.

Қызмет ет, риза қыл, бегіңді,
Сонда алынбас қамал қалмас тегіңде.

Қызметші шығар төрге адал ісімен,
Қызметі олақ — өзін көрге түсірер.

Бек қуанса — шыққан іске қолынан,
Құлға құт кеп, айы туар оңынан!»

ЕЛІКТІҢ АЙТОЛДЫҒА ЖАУАБЫ

Елік айтты:— Ұқтым енді сөзіңді,
Қуант мені; ықтият бол өзің де.

Мен айтайын, жаманатты білгейсің,
Жақындамай, одан аулақ жүргейсің

Жақтырмаймын: жалғандықты жалғанда,
Зорлық етіп, қара күшке салғанды...

Ісі — олақ, өсек-өтірік тергені,
Өзі ұшқалақ, көзі ұятсыз пендені.

Дөрекілік, қызбалық та — ағаттық —
Құлы болса қу құлқын мен шараптың.

Ондай жандар шығыса алмас менімен,
Айттым ашық: тең ғой әркім теңімен.

Адал қызмет еткің келсе, кел, біліп...
Мұндайлардан тый өзіңді, ей күлік!*

Жақын тартып, бұл көңілің тоғаяр,
Менің де ізет, ықыласым молаяр!

АЙТОЛДЫНЫҢ ЕЛІККЕ САУАЛЫ

Айтолды айтты:— Ұқтым. Ойдың ауанын,
Тағы да бір сөзім бар. Айт, жауабын.

Ізгілік не? Тегі қандай? Түсі қандай өзінің?!
Мінез-құлық, ісі қандай өзінің?!

ЕЛІКТІҢ АЙТОЛДЫҒА ЖАУАБЫ

Елік айтты:— Ізгіліктің нышаны —
Халық үшін қайтпай құрақ ұшады.

Ізгі жүрек ізгілігін сатпайды,
Жомарт жандар құнын тілеп жатпайды.

Қайырымды жан қайырым етпес есеппен,
Есе күтсең — ұрғанмен тең кесекпен!..

АЙТОЛДЫНЫҢ ЕЛІККЕ САУАЛЫ

Тағы Айтолды айтты:— Білдім, мұныңды.
Тағы да бір тілегімді ұғындыр?

Айтшы маған, Әділдіктің мән-жайын,
Әділдік қой ашар жұрттың маңдайын...

Әділдіктің жөні қандай болады?
Түрі, тегі, өңі қандай болады?

ЕЛІКТІҢ АЙТОЛДЫҒА ЖАУАБЫ

Елік айтты:— Біл, әділ жан бір шынар,
Тілі, ділі сөзіменен бір шығар.

Тысы — ішіне, іші — тысқа жарасып,
Туған жаннан кетпес шындық адасып.

Қалмау үшін бетіменен жер басып,
Ет жүрегін тастар жұлып, кеуде ашып.

Әділдік — құт. Құт құрығы — кішілік.
Әділдіктің заты — тұнған кісілік.

Кісілер көп, кісілікке кендеміз,
Адалы — аз адам атты пендеміз.

Мұны меңзеп айтқан шайыр сөздерін,
Енді саған жеткізуді көздедім:

«Толып жатыр жүрген жандар жер басып,
Көңілі ашық, әділ ерге — ел ғашық.

Кісі сирек емес, сирек — кісілік,
Кісіліктің қадірін біл, түсінің!»

АЙТОЛДЫНЫҢ ЕЛІККЕ САУАЛЫ

Деді Айтолды:— Елік, кең ой-өрісің!
Сөздеріңнің бағасы жоқ мен үшін.

Қінә-міні бола ма ізгі адамның,
Жақсылығы бола ма арсыз, жаманның!?

ЕЛІКТІҢ АЙТОЛДЫҒА ЖАУАБЫ

Елік айтты:— Екі түрлі ұқсаңдар,
Бірі — ізгілік жолын шындап тұтқандар.

Бірі — анадан ізгі болып туғандар,
Сүтпен сіңіп сай-сүйегін буғандар.

(Емшек сүті ақ ниетпен буғандар,
Сүтпен сіңіп жан-жүйесін қуғандар

Енді, бірі — өткінші ісі, тұрағы,
Ессізге ерсе, ессіз * болып шығады)

Жақсыға ерсе, жақсы бола бастайды,
Жауызға ерсе, жауыздықтан қашпайды.

Ессіздер де екі түрлі болады,
Екі басқа ,екі жолдың сорабы.

Жаман болып туған мұның бірі де,
Өле-өлгенше арылмас өз кірінен.

(Өз азабы өміріне жетеді,
Сүтпен сіңген тек сүйекпен кетеді)

Тағы бірі — айнымалы болады,
Із тастайды шықса ізгі жол сорабы.

Тумысы ізгі, тек ізгілік төгеді,
Одан халқы, тек шапағат көреді.

Тумысынан ессіз, қанат қақтырмас,
Жаһанға да, жұртқа да опа таптырмас.

Мұны меңзер айтқан түрік мысалын,
Естіп, ұғып, көкейіңе ұстағын:

«Ақ сүтпенен бірге сіңген жақсылық,
Айнымайды еш, алғанша ажал қапсырып.

Ет-сүйекпен бірге біткен қылығың,
Өзгермейді еш салғанша ажал құрығын.

Іште біткен қылық, парыз мойныңа,
Бірге кетер қара жердің қойнына!..»

Ізгі жанның ессіз болса бір ісі,
Болар ерсі — қылық, құлық — күллісі.

Байқа, ессізді қосып алса ізгі адам —
Барша ізгілік бастауы ізгі із болар.

Тағы да бір кереметін көріңіз,
Жақын жүрсе, түсер екі із өріліп.

Ізгі бектің елі, жері гүлденер,
Өз ісі де оңға басып, түрленер.

Жақын тұрса бектер ізгі адамға,
Жақсылыққа іңкәрланар жаман да.

Егер бекті иектесе жамандар —
Ел үстінде жаландар сол арамдар!

Бас көтерсе жаман: жақсы қорланар,
Бас көтерсе жақсы: жаман жорғалар!

Болса бегің бақытты һәм мерейлі,
Күллі ісі ізгілікті демейді.

Бектері ессіз болмайынша, тегінде.
Ессіздердің көзі ашылмас елінде.

Берік болса бектер ізгі жарғаға,*
Зұлым біткен зынданда ұлып, зар қағар.

Егер, ізгі болса елдің басшысы,
Түгел ізгі болар атшы, қосшысы.

(Ессе ізгілік ел бегінің төрінен,
Қызметшілер пиғылынан көрінер)

Бектер ізгі болса, ессіздік жоғалар,
Байыр халық, әлем гүлге оранар!

АЙТОЛДЫНЫҢ ЕЛІККЕ САУАЛЫ

Деді Айтолды:— Ұқтым, рас, сенемін,
Елік айтқан сөздің лебі — от, өзі — өмір.

Ізгілікті білетін тек ізгілер,
Пайда іздеген, мүләйімсіп үздігер.

Дүние — боқты аңсамайтын адам жоқ,
Өйткені, ол ала алмайтын қамал жоқ.

(Дүние — бақты аңсамайтын адам жоқ,
Байлық үшін жұмсамайтын амал жоқ.

Адам сондай, шындық, түңіл-түңілме,
Дүние қуған не болады түбінде?!)

ЕЛІКТІҢ АЙТОЛДЫҒА ЖАУАБЫ

Елік айтты:— Бұл ізгілік — шын асыл,
Асылға үйір шын асылдар туасы!

Асыл — дара, кім жарысар, таласар?!
Қолға тисе, барша адамға жарасар.

Ессіздіктен тек жауыздық туады,
Ал, жауыздық ізгілікті буады.

Қадірсіз зат шеттеп, жерде қалады,
Асыл нәрсе төрден орын алады.

Ізгі іс етсең — текті тірлік сүргенің,
Жауыздығың — көрге тірі кіргенің.

Мұны меңзер терең сөзді оқып көр,
Сөз жұлынын көкірегіңе тоқып көр:

«Жолы — азапты. Аласұрып кезгенмен,
Ізгілікке жете бермес кез-келген.

Қасиетті істің қасиеті, жолы да,
Келмейді ондай біліксіздің қолынан».

АЙТОЛДЫНЫҢ ЕЛІККЕ САУАЛЫ

Айтолды айтты:— Уа, Елік, қадірлі,
Ізгі істе қасиет көп тәлімді...

Кемістігі бар ма мұның тілге ілер,
Не бар оқып, зерттеп көріп, біз білер?»

ЕЛІКТІҢ АЙТОЛДЫҒА ЖАУАБЫ

Елік айтты:— Ізгі іс — елдің мақтаны,
Тек ессіздер сөйлеп, сөгіп жатқаны.

Достық үшін құшақ жайса мәрт жігіт,
Кісімсініп, біреу жасар әккілік.

Ұсақ-түйек кінәмшілдік — мір, қайғы,
Асыл ердің ақ ниетін былғайды.

Ізгі жанның құлқы да ізгі, кең бейілі,
Күйкілік пен өкпеге ерік бермейді.

Бір күн үшін бүлініссе кімде-кім,
Білсін, өзі өз жүрегін тілгенін.

Ізгі ниет ер не дейді, тыңдағын:
«Жақсылық қыл, тиген жерге тырнағың.

Әлің барда жақсылық қыл, жатсынбай,
Көңілің өсер, өсер еңсең нақ шындай.

(Ей, ізгі адам, терең мәуең — бал-шырын,
Бері келгін, ашайын мен бар сырын.

Жақпас саған, бір күндікке алданба!
Жақсылықпен — жақсылық күт алдан да!)

Жауыздардың тұрса желі оңынан,
Жан азабын тартары, анық, соңынан.

Ізгілік — оң, Ессіздік — сол: Жүгің — ар.
Оның — ұжмақ, солың — тамұқ, біліп ал!

Ессіз бүгін қанша есірер, құлшынар,
Ертең сонша өкінішке тұншығар.

Ізгі кісі қанша егіліп, қорлансын,
Жаны жәннат табар, ізгі болғансын!»

Бұл — ақиқат, ей, Айтолды, білгін сен,
Өкінбейсің, ізгі іс жасап үлгірсең.

Турашыл ер тілі — шері, тыңдалық,
Түгел сөздің түп атасы — туралық!

«Ізгілік еткен, жамандықтан жерініп,
Боларсың сен кәміл сенер серігім!

Айт, жақсылық, кім бар тойып жеріген,
Мен өзіңе ашпын, енді бері кел!

Ізгі жұртқа бірдей жақпас, нетейін!?
Ризамын. Айнымаймын. Кел садағаң кетейін».

Бектік маған ессіздікпен ерттелген,
Керек емес. Алсын өзге, кек көрмен.

Кісілердің құлқы жаман, бұзық-ақ,
Рахаты — аз, өкініші — тым ұзақ.

Шайыр сөзі көкейге оттай басылар,
Ұқсаң мұны көзің, санаң ашылар:

«Ізгі ісіне опық жеген жан бар ма!?
Жаманатты зауал таппай қалған ба?

Жамандықты қусаң — азап шегесің,
Жамандыққа — жақсылық қыл: жеңесің!»

Ессіз істі мен қалайша мақтайын,
Ессіз жанды мен қалайша жақтайын!

Көрсоқырлық, ұятсыздық, ұлығым,
Бәрі түгел — жамандықтың қылығы!

Мехнат, жапа, күйініш пен көз жасы,
Білсең, жігіт, жамандықтың жолдасы.

Мақтамайын қалай ізгі кісіні,
Сүйсінбейін қалай ізгі ісіне?!

Ақылдылық — асылы ізгі жандардың,
Кішілікте — кісілік бар, аңғарғын...

Бар қылығы ізгі — ізгі кісінің,
Жан жылытар өзі-ақ түр мен түсінің.

Досың ізгі болса — ер де, сене бер,
Нені болсын, досқа сенген жеңеді ер!

Рахат, Даңқ, Қуаныш һәм Салтанат
Ізгі ниет еншілейтін мархаббат.

Елік айтты: түсін де, ал сауабын —
Сен сұраған сауалға осы жауабым!

АЙТОЛДЫНЫҢ ЕЛІККЕ ЖАУАБЫ

Жерді өпті де, Айтолды түрегелді,
— Әділ төре өзіңсің, демер елді!

Ұлық болдың — жасың ұзақ болғай-ды,
Ізгіліксің — басың есен болғай-ды.

Бұзылмасын бектің ниет, бектігі,
Рахат кешсін, күйіндіріп кектіні!

Жылдарыңды өкінішсіз өткергін,
Бекіп бектік белділерді бөктергін!

Қонған бақыт құрымасын, тозбасын,
Күнде ырыс-құт қақпаңды ашып, орнасын.

Бар қуаныш келіп жатсын сабылып,
Жау көре алмай өлсін өті жарылып!

Қызметшіні ал, қадірлейтін құқыңды,
Қыңыр болып, қашырмасын құтыңды.

Ол сай келсе, бектігіңе, тегіңе —
Құтты болып, биіктетер сені де!

Не дегенін тында, іскер адамның,
Құрта алмассың әр өрнегін қаламның:

«Қызмет ет жүрегі ояу жігітке,
Ер ақтайды ,үміт қосып үмітке..

Қызмет жаса жаны жомарт, жайсаңға,
Қазынасын аямайтын қайсарға.

Қызмет қылма, қалтыраған сараңға,
Қапаланып, қор боларсың аранда.

Өзі өзінен аяйтұғын саранда,
Несін қисын, жұртқа қалай аландар?!»

Сөзін кесті, Айтолды айдай жантайып,
Кетті үйіне, көңілі өсіп, марқайып.

Содан адал қызметін арнады,
Түнде тынып, күндерді іспен жалғады.

Қызмет етті бір шындыққа табына,
Елік те оны жақын тұтты жанына.

Жыл, ай өтті, түн артынан күн келді,
Айтолды іспен қызыл гүлдей түрленді.

19

Сөздің қадір-қасиеті және тұрашылдығы, шыншылдығы жайында

Елік бір күн Айтолдыны шақырып,
Орын берді ыммен меңзеп ақырын.

Отырды кеп, құрметпенен жүгіне,
Көзін жерге тікті, абай боп тіліне.

ЕЛІКТІҢ АЙТОЛДЫҒА САУАЛЫ

Елік айтты:— Сөйле Айтолды сөзіңді,
Неге отырсың үнсіз, бұрып көзіңді?!

АЙТОЛДЫНЫҢ ЕЛІККЕ ЖАУАБЫ

Елік ерік бермей, қалай бастайын,
Бектің жүзін көрсе, құлы қаймығар.

Айтолды айтты:— Білсең, ей Бек, жайды ұға
Сауал болмай, қалай жауап тастайын?

Білікті сөз — тіні барлық дауаның:
«Шықпасын тез сауалынан — жауабың!»

Кім шақырсын — болғаны бір керегің
Айтпай ма екен дерегі мен себебін.

Жөн-жосықсыз сөзге кірмеу — білгенім,
Жөніңді біл!— десе,— жерге кіргенің.

Қадірі артпас жел үрген құр көзеден,
Сөз сұрамай, бектерге тіл безеген.

Ғұмырыңды қысқартатын — қызыл тіл,
Есен болғың келсе, тірлік құнын біл.

Не дер екен, тында тілін тиған ер,
Төзім-тағат қалыбына сиған ер:

«Қара бастың қарақшысы қызыл тіл,
Қанша басты жұтты үзіп ұзын тіл!

Басты ойласаң, тиып ұста тіліңді,
Басың жұтар тізгінсіз тіл түбінде!»

ЕЛІКТІҢ АЙТОЛДЫҒА ЖАУАБЫ

Елік айтты:— Ұқтым, түгел түсіндім,
«Тілсіз — өлік» дегенді еске түсіргін!

Тілсіз кісі екі-ақ түрлі, білерсіз —
Бірі — сақау, бірі — надан, жігерсіз.

Сақау тілі — сөзге кенде, анық тас,
Біліксіздің сөзі сөз боп жарытпас.

Біліксіздің тілін тиған жөн болар,
Білімдінің сөзін жиған жөн болар.

Білімдінің сөзі жауған нұрмен тең,
Нұр жауған жер гүл көмкерген ну көркем.

Білімдінің нұрлы сөзі сарқылмас,
Бастауы — кең бұлақ көзі тартылмас.

Білімділік — шым бүркеген бір теңіз,
Бұрқырар су аяқ басып жүрсеңіз.

Білімсіздің көңілі — құм, құнсыз шөл,
Тойып, бермес күні-түні құйсын көл!..

АЙТОЛДЫНЫҢ ЕЛІККЕ ЖАУАБЫ

Айтолды айтты:— Елік те ұққан жайы бар,
Уытты тіл тірлігіңнен айырар.

Құйылса сөз, тау суындай құлаған,
Жағын ашпай тірі қалай тұра алар?

Сауал берсе — шеш тіліңді, жасырма!
Сұрамаса — ділмарсыма, тасынба!

Бейне, еркек — бақсаң, Елік — сауалың,
Зайыбындай оған берер жауабың.

Бір әйелге — бір еркек тең, тегі, біл,
Туса туар екеуара егіз ұл!

(Бір әкеден туар бала не түрлі,
Бір сауалдан туған жауап секілді!)

ЕЛІКТІҢ АЙТОЛДЫҒА САУАЛЫ

Ұқтым түгел,— деді Елік — бәрі шын,-
Ұғындыршы мына сауал мәнісін:

Сен көп айттың, тілдің кесір, зиянын,-
Пайда бар ма? Айтшы соның сияғын?

Тілді тістеп, жүрсең қорқып, күрсініп,
Есіл сөзің кетпей ме өліп, тұншығып!?

АЙТОЛДЫНЫҢ ЕЛІККЕ ЖАУАБЫ

Айтты Айтолды:— Білер сөздің киесін,
Толғаған жан тауып тілдің жүйесін.

Сөздерінің бірі — қоқыс, бірі — қақ,
Наданды жұрт теңер малға тілі жоқ!

Желбуаз сөз — қара құлық айғағы,
Ойсыз басқа түсер қаңғып қайдағы.

Көпірме сөз — басқа пәле төндірер,
Есті сөзден, құрығанда ел жөн білер.

Надан, пасық — сөзге өгіздей жайылар,
Тойса, ыңқылдап жатып — күйіс қайырар.

Сәл тойынса ,тіл қайырар, жата қап,
Сондықтан да малды мал деп атаған.

Ақылды адам қарын бақпас, ой бағар,
Жан семіртер, ой семіртер, ойланар...

Тән семіртер — нәр ауыздан сіңеді,
Жан семіртер — сөз құлақтан кіреді.

Білімдінің бар екі ерек белгісі –
Жүзі жарқын оны білген ер кісі.

Тіл мен нәпсі, тия алған бұл екеуін,
Қолын алар қазнаның жетеуін.

Білікті жан билер тіл мен құлқынын,
Бұл екеуін тиған, құлы жұртының!

ЕЛІКТІҢ АЙТОЛДЫҒА САУАЛЫ

Бәрін ұқтым,— деді Елік жайғасып,—
Біліп алдым сөздің мән мен пайдасын.

Бұл сөз қайдан шығып, қайда барады,
Қайтсе сөніп, қайтсе маздап жанады?

Қашан тиып, қашан тілді шешеді,
Бұл жөнінде естілер не деседі?

АЙТОЛДЫНЫҢ ЕЛІККЕ ЖАУАБЫ

Сөз — сыр, сиқыр,— деді Айтолды,- жүгін, ер!—
Ойға — оны, тілге бірі ілінер.

Бірін айт та, тый тоғызын, қашпайды:
Қажетсіз сөз қажеттісін ластайды.

ЕЛІКТІҢ АЙТОЛДЫҒА САУАЛЫ

Сөздің пайда, зияны не, нақтылап,
Айт та, Айтолды ,түсіндіргін жақсылап?

АЙТОЛДЫНЫҢ ЕЛІККЕ ЖАУАБЫ

Айтолды айтты:— Жүйелі сөз — ұлылық,
Өсірер ол құлдың дағы құзырын.

Сөз қуаты шығарар ел төріне,
Жер түбінен самғатар ен көгіне.

Сөзің ессіз шықса, басты тіге бер,
Биік көктен — жер түбіне жіберер!

ЕЛІКТІҢ АЙТОЛДЫҒА САУАЛЫ

Айтты тағы:— Білдір, сөздің өлшемін!
Азы қандай! Көбі қандай? Мөлшерін?..

АЙТОЛДЫНЫҢ ЕЛІККЕ ЖАУАБЫ

Көп сөзділік,— деді Айтолды,— лепірген,
Жөн-жосықсыз көку маза кетірген.

Сары алтындай салихалы сөз деген,
Бұлтақтамай тиер жерге көздеген.

Дәлдігімен бермес есе мірге де,
Ақылды сөз — алысқа атар сұр жебе!

Бұл жөнінде ақын былай жырлапты,
Жырдың сөзі дәлдігімен қымбатты:

«Айтар сөзді сыйлап алғын ақылмен,
Жауабың дөп, қатар түссін нақылмен.

Көп тыңдай біл, аз сөйлеп тез түсіндір,
Ниет қойып ,ой мен сезім күшін біл!»

ЕЛІКТІҢ АЙТОЛДЫҒА САУАЛЫ

— Мәнін ұқтым,— деді Елік,— бәрінің,
Түсіндірші, сауалым бар әлі бір:

Кімді тыңдау дұрыс? Кімнің сөзі шын?
Кімге бұрған жөн бұл сөздер өрісін?

АЙТОЛДЫНЫҢ ЕЛІККЕ ЖАУАБЫ

— Данадан ал — деді Айтолды,— сөз алсаң,
Наданға оны жеткізе алсаң, болар шам.

Ұлықтарды тыңдап, түйіп жадыңа,
Кішілерге дарыт, жетсін бағына.

Көп тыңдай біл, сөздеріңді таңдай біл,
Ізгі ойларды әз жүрекке жалғай біл!

Көп сөйлеген мылжың, дана болмайды,
Көп тыңдаған халық ойын толғайды.

Білікті жан — тілін білім билеген,
Түкті сезбес текке тілін білеген!..

ЕЛІКТІҢ АЙТОЛДЫҒА САУАЛЫ

— Түсінікті. Ұқтым анық!— деді Елік,
Мынадай бір сауалға енді келелік.

Іріккен жөн бе, берген жөн бе тілге ерік?
Ұшсын ба сөз, қалсын ба әлде күрмеліп?

АЙТОЛДЫНЫҢ ЕЛІККЕ ЖАУАБЫ

Айтолды айтты:— Өрісі өрлеп тіліңнің,
Жақ ашпаса, төрі түнек — білімнің,

Бал мен уың тілді сөккен жарамас,
Онда жақсы, жаман да көп, аралас.

Кісілердің кісілігі ол, асылы,
Тілсіз жәндік тіршіліктің масылы.

Тәңір өзі жаратты сан халықты,
Тілі барлар сайрап, тілсіз — қамықты

Екі нәрсе тірі адамға керегі —
Бірі — көңіл, бірі — тілдің желегі.

Көңіл — тілдің иесі, сүйенеді сөз тілге,
Сөз — күйресе, күйгені көңіл мен тіл, көркің де.

Тура сөзбен, түбінде алыс шабарсың,
Бекер сөзден сөгіс, қарғыс табарсың.

Тура сөзден — тартпа тілді, өңін қи,
Өтірікте — өз тіліңді өзің тый.

Үндемесең — сөз білмейтін сақау дер,
Көп сөйлесең — көкемиға тақау дер.

Кісілердің сүйкімсізі — мылжыңдар,
Жөнді-жөнсіз сөз тергіштеп қыржыңдар.

Қадірлісі — тіліне ұят сіңгендер,
Жүрек сөзін жүрегімен білгендер!

* * *

Қуанды Елік, гүл-гүл жайнап қабағы,
Қолын жайып, көзін көкке қадады.

Шүкірлік қып құдайына табынды:
«Ей, жаратқан, мейірбанды, сабырлы!

Берген едің бәрін ізгі — Нұрыңның,
Қайырымым жоқ, күнәһар бір құлыңмын.

Тілегімді бердің түгел, рахым қып —
Бердің рахат билік, дәулет, батылдық!

Мұның бәрін қалай өтей аламын?
Өзіңді-өзің жебе, айтсам адалын!»

Шүкірлік қып, қазнасын ашты кең,
Тәбәрік ап, қарқ болды аш кілең.

Айтолдыны қадыр тұтып, желпінтті,
Жомарт қолмен, майда тілмен серпілтті.

Уәзірлік атақ берді, байрақты,
Таңба беріп, көңілін бір жайлантты.

Барша елге үстем етті, берді ерік —
Бойын тартып, кетті дұшпан сенделіп.

Қызмет қылды, Айтолды аттай арыдан,
Мұның бәрін қуаныш, құттай қабылдап.

Халық байып, ырысы артты елінің,
Тілін безеп көтерді елі Елігін.

Құт дарыды, өсті халық өрісі,
Бірге жусап өрді қозы, бөрісі.

Ел масайрап, әділ заңды ту етті,
Елік ісін күн-күн санап түзетті.

Осылайша жалғасты жыл-жылдарға,
Қемелденді ел, қарқылдамай мұң-қарға.

Жаңа ұлыс, жаңа қала тізілді,
Алтын-күміс қазынаға түзілді.

Қуанды Елік көңілі өсіп, күш толып,
Кезді әлемді жақсы атағы құс болып!

20

Құттың құбылмалылығы мен дәулеттің баянсыздығын әңгімелейді

Түгел болды Айтолдының тілегі,
Арзан бақтың бостау, эттең, тірегі.

Білікті бек айтқан, сөздің әсілін,
«Мал жиылар, көру қиын нәсібін...

Қор толғанша қара шашың ағарар,
Тәнің тозар, ай мен жылдар жаңарар!»

Білікті сөз, біліктінің өзі екен,
Білікті сөз білімсізге көз екен:

«Жатқан — тұрар, көтерілген — жығылар,
Жанған — сөнер. Шаршағандар — тынығар.

Не істесең де, толық істе бүгіл ер,
Толық толса, жіңішке өзі-ақ үзілер!»

Айтолды алды бар тілегін қол созып,
Дүние мол, эттең, ғұмыр кетті озып.

Тола-тола жіңішкеріп Ай қалды,
Жасыл жазың кәрлі қысқа айналды!

Төрт қасиет бойды қуып алысты,
Бірі — басым, үшеуі пәс, налысты.

Тәні тозып, ас болмады ішкені,
Көңілі жасып, үстінен зіл түспеді.

Күші қайтып, жаны бордай үгілді,
Сұңғақ бойы, егілуден бүгілді.

Келген кесел ,шалып жерге құлатты,
Мұңлық болып, төсегінде бұл жатты.

Оташылар тамыр ұстап көрісті,
Кеселінің жайын айтып берісті.

Қайбірі айтты, қан тасынған жайы бар,
Қан алдырса, құлан таза айығар.

Бірі тұнба дәрі ішкізген ем десті,
Қатқан ішін босатса деп демдесті.

Бірі берді алуан шөптің шырынын,
Дәрі тасып алмады көз шырымын.

Бәрін жасап, көрмеген ем қалмады,
Сеп болар деп, әрбір талды қармады!.

Дауа таппай, күн-күн меңдеп кеселі,
Күн-күн сайын, суи берді төсегі.

(Күші тайып, есін жиі жоғалтты,
Мойынсұнып, қара жерге қол артты.)

Сақи жанды, ердің сөзін тыңдағын,
Көкірегіне түйген дүние сырларын:

«Балыңды бер, жаныңды бер — бәрібір,
Шырыныңды, барыңды бер — бәрібір.

Оташың да, өмір берген анаң да,
Шара таппас тура келген ажалға!

Ей, тірі жан, осал болма, құныкпа!
Тірі жансың, өлім барын ұмытпа!»

* * *

Естіді Елік, Айтолдының хал-жайын,
Ажал демі шарпығандай маңдайын.

*

Келді Елік, тұрды түгел жиналып,
Айтолдыны көрді жатқан қиналып.

ЕЛІКТІҢ АЙТОЛДЫҒА САУАЛЫ

Сұрады хан:— Қалай? Күйің сергек пе?
Ұйқың қалай? Күйреп текке, мендетпе!

АЙТОЛДЫНЫҢ ЕЛІККЕ ЖАУАБЫ

Айтты Айтолды:— Елік, қиын кеселім,
Тұтты мені, таба алмадық еш емін?!

Толған айым бара жатыр кетіліп,
Сара құлқым қара болды, сетіліп.

Қарсы алушы ем туатырын күнімді:
Батты күнім, түнек түннен түңілдім.

Шаттық тірлік безді, түйіп қабақты,
Жалған дүние жүзін теріс қаратты.

Қуаныш, құт, кейін қалып барады,
Мехнат, қайғы, маған сұғын қадады.

Үміт үзіп кеттім, жетті екінді,
Өкінішпен теріс бұрдым бетімді.

Дана бекті пейіл беріп естігін,
Ел бегінің тең келтірмес ешбірін;

«Қандай жақсы дәулет айнып кетпесе,
Жүрсе бірге, әсте сыртқа теппесе.

Қандай жақсы бектік — билік өрлесе,
Ажал тұтпай, кісі мәңгі өлмесе.

Қандай әсем, жігіттік шақ-аңғырт шақ,
Қарттық келмей, иілмеген албырт шақ!»

ЕЛІКТІҢ АЙТОЛДЫҒА САУАЛЫ

Елік айтты:— Жақсы лепес — жақсы ырым,
Атама оны, көңіліңнің бақ сырын.

Күллі дерттің емі ерге табылған,
Сен ғана ма дүниеде ауырған!

Неге тілді қайғыменен буасың?
Неге сонша, көңіл хошын қуасың?!

Мен өзіңнің тілекшің боп жүруші ем,
Сауығасың қиналғанмен бүгін сен.

(Дертсіз жан жоқ. Ол бір аунап тұрғаның
Сөзің де ертең сергір, түлер бұл жаның.)

Құдай өзі елер, демер ашынба!
Жанды өртеп, уайымыңды асырма?!

АЙТОЛДЫНЫҢ ЕЛІККЕ ЖАУАБЫ

Айтолды айтты:— Елік, айтсам турасын,
Ем таптырмас бұл сырқат кеп бұғасын.

Қай жан болсын өлу керек туған соң,
Қай зат болсын құлау керек тұрған соң.

өлім
бей

Таусылады дәм-тұзың. Семер, сөнер, жүрегің!
Жұтар үнсіз қара жер, табан тірер тірегің.)

Самғау — құлау. Шыққан күнде бату бар!
Шатқа — қайғы, тәттіге у тату бар!

Ұшбу сөзді айтпап па едім бір-бірлеп:
«Опасызбын, тұрақсызбын ,білгін»— деп.

Айттым қылық, құлығымды соны ұғып —
Жаны жүдеп, жүрмесін деп торығып.

Мен өлемін. Шүбәләнба, қиналма!
«Туған адам — өлмес» десе, иланба!

Мені сөкпе, сенбе — опасыз денең де,
Мына жалған көшеді ертең сенен де.

Жапа қылды деме мені, кет біліп:
Менен әрмен дүние жүр ғой шектіріп.

Сұм жалғанды татып, танып байқадың,
Сенер тірлік құнын түсін, айтарым...

Ісім сіңбей қадірледің, ей Елік!
Өтей алмай қайырылдым, не дейін?!

Тілек-аңсау емес менің өлмегім —
Жұмбақ, қашан кететінім, келмегім.

Жоқ амалым, әлем дүнием кебін боп,
Қу тірлікте құтылатын жерім жоқ.

Жаратты өзі, жоқ едім мен өсірді,
Ұлан едім, ер жасына көшірді.

Бозбала едім, сақал бітті, қайралдым.
Қара құзғын ем, ақ құсқа айналдым.

Оқтай бойым, иілді де бүгілдім,
Дәм таусылды, күнім жетті, түнілдім.

Білімі кең, дана сөзін таны да,
Ей, шырайлым, тұмардай түй жадыңа:

Басқа ақ түссе, әппақ кудай ағартып,
Сол ақ кудай тазарсын, жан жаңартып.

Бойы ніліп, алса діріл тізесін,
Бекемденіп, өз пейілін түзесін.

Қара шашың, ағарса мұрт-сақалың,
Дайын болғын, қалғаны ажал тақалып!»

Мұны меңзер шайыр сөзін қараңыз,
Оны ұқсаңыз, аршылады санаңыз:

«Шаштың ағы — тигені өлім демінің,
Түзетер де, басар көңіл желігін.

Несібеңді жеп келдің бе, өмірде
Енді өзіңді, жейді өлім егілме?»

ЕЛІКТІҢ АЙТОЛДЫҒА ЖАУАБЫ

Елік айтты:— Шыда Айтолды, сабыр ет,
Кесел — күнәң... алыс саған ақырет.

Сырқаттанған өле берсе, шамала,
Тілдесер бір тірі пенде қала ма?!

Дерт жазылар, рахым қылғай бір алла,
Жан жасытпа тірлікті естен шығарма!

• • •

Дұға оқып, «Сақта!» деп, хан жалынды,
Қолын жайып, жаратқанға табынды.

Тұрып шықты, сабыр, шіркін, жоғалды,
Көңілі пәс, сарайына оралды.

Кем-кетікке мал таратты, сүйер деп,
Үміттеніп, шарапаты тиер деп.

Күміс егер сақтай алса; Күні үшін
Кім болса да, шашар еді күмісін!

Пара беріп қалса ажалдан адамдар,
Ел жуаны өлмес еді, жарандар!

* * *

Дерті меңдеп тозды, сынды сағы да
Үміті өшті, шипа таппай жанына.

Деді өкініп:— Ессіз тірлік — зар-мұңым,
Өткізіппін, ессіздікпен барлығын.

Осалдықпен, текке тірлік кешіппін,
Жастық өшті, қаңбақтай құр көшіппін.

Көрерім көп еді, қонды мұң — қарға,
Ажал тұтты, сөзімде енді құн бар ма?!

(Көрмек едім жаһанды ұстап қолыма,
Көлденеңдеп алды тағдыр торына!)

Жаһан малын тердім тоймай араным,-
Қалып мүлік, мен жоғалып барамын!

Қол мен тілді тым ұзартып алыппын,
Өлім кесіп, қысқартты һәм тарылтты!

Өкінді һәм күңіренді, егілді,
Өмір-өлім өткелінде сөгілді.

Өтер ұлан, мұңлық болып туар да:
Тілегенмен тірлік тоқтап тұрар ма?!

Тілек бітсе, тірлігіңнің солғаны,
Тіршіліктің таусылмайды толғағы.

(Түгенделсе бар тілек — тірлігіңнің солғаны,
Тіршілікте тілектің таусылмайды толғағы.)

Аз дәулетке кергіп сатпа жаныңды,
Көкті шарлап, сөзің табар бабыңды.

Мәртебе өсіп қарамасаң әліңе,
Өлім тұтса — өкінерсің бәріне.

Тойынғандар шабынар нақ бурадай
Қарны ашса, жұтар бәрін қузамай.

Аштықта — ез, көтермейтін тоқтықты,
Жүрген жанбыз ұқпай дүние — боқтықты.

Күңіренді, қайраны жоқ қолынан:
«Жаңылдым,— деп,— туралықтың жолынан!

Неге керек күмісің мен алтының,
Бөлмедім бе — сауабын ап жарлының.

Неге қойдым жұртқа құлақ салғанды,
Неге сөктім, жазығы жоқ жандарды.

Қайырым етсем, маңайыма, ендігі,
Ізгіліктің қайтатыны белгілі.

Өкінішпен несін алам есімді,—
Өлім тұтты, үнім — тілім кесілді.

Не дер екен, көзі ашық, мәлім ер,
Мейірбанды айтар сөзі әділ ер:

Тірілерді баққан ажал — бір есік,
Түбі бәрің бұл есікке кіресің!»

Қандай екен өлім деген, бұл өмір?
Қайдан келдім, қайда қалай жүремін?!

Неге тудым, тұрса күтіп бір өлім?
Неге күлдім, қайғы барын білемін.

Ауыр не бар өлімнен бұл жаһанда?
Осылай деп өледі адам қашанда.

Шайыр сөзі күн нұрындай шашырар,
Мәнісін ұқ, зердең-көзің ашылар:

«Қатыгез жоқ ажалдан, сұм сиығы,
Есіңе алсаң, қашар тірлік қиюы!

Түпсіз, шексіз селді теңіз бұл өлім,
Тас шыңырау, жапқан қайғы түнегін!»

Өлімді біл, өмір мәнін түсінгін,
Ажал қысса құны жоқ сөз, ісіңнің.

Ау, өмірді таусылмасқа балаған,
Дәрмен кетер, алғанда ажал жағадан.

Тойып болмас сұғанақ көз пенделер,
Ажал келсе — ешкім шықпас дем берер.

Көшпелі құт күпіндіріп іскендер,
Жүрек жарып тынар, жерге түскенде...

Қуаныштан жүзін күлкі көмген ер,
Кейін, жасын құрғата алмай, көрге енер.

Білімді ер, айтқан сөзге сал құлақ,
Ішіңе түй, ал қалғаны — сандырақ:

«Ізгілікті ансар болса кімде-кім,
Өзгеге өзі қас қып, күндеп жүрмесін!

Құлқың, жаның жомарт жазға теңессін,
Сөз, ісіңнен ізгіліктің лебі ессін!»

• •

Бұл Айтолды, еңіреді ес кетіп,
Қандай қайыр өкінгеннен кештетіп?!

Пақырларға алтын-күміс таратты,
Ағайынға өсиет айтып, қаратты.

«Жаратқан!— деп, көзін тікті аспанға,—
Ием сенсің! Шатағым жоқ басқанда!

Жараттың сен! Шуағыңа бөледің,
Мейірің мол! Өтеу қиын төлеуің.

Мен де өзіңе, қызмет еттім жаныммен,
Ажал жетті; болдым базар барыммен.

Жан сауғалап, құтылатын жайым жоқ,
Рахымың бір, тигей енді қайыр боп.

Күнәм да көп, мен бір білмес шерменде,
Мархабатпен, кешірерсің пенденді!

Ессіз кештім, бейқамдықпен өтті өмір,
Өкініштің өксігіне бөкті өңір!»

Сөзін үзіп, жатты — науқас меңдепті,
Ұлын көріп, көздің жасын селдетті.

21

Айтолдының ұлы Өгдүлмішке айтқан ақыл-кеңесі

Айтолдының жалғыз ұлы бар еді,
Жасы кіші, бал қылықты бала еді.

Аты — Өгдүлміш, сүттен таза, асыл зат,
Пейілі — ақ, көркі ақылын асырған.

Шақырды ұлын, шақырды үнсіз қамықты,
Құшып, сүйіп, көзден жасын ағытты.

Айтты:— Ұлым, міне аттанып барамын,
Орным, бәрі қалды саған, қарағым!

Қарашығым, сен көзімнің нұры едің,
Хош-есен бол, бақилыққа жүремін...

Бұл түркі айтқан, жаққан ілім жұлдызын:
«Көрер көздің шырағы — деп,— ұл-қызың!

Ұл-қыз қамы түпсіз теңіз, тұңғиық,
Ұл-қыз деумен сарғайтады мұң-күйік!..

Болса кімнің қатыны һәм ұл-қызы,
Ол байқұстың тыныш болмас ұйқысы!?

Ұл-қызды ата көрде тыншып жата алмас,
Атасының атын ұл-қыз атамас!»

Айтолды айтты:— Ұлым, менен тыңдаған,
Сөзді ұмытпа, көңіліңді бұр маған.

Атаңмын мен, қара да еске сақтағын,
Айтолды айтты:— Ұлым, менен тыңдаған,

Толды Айтолды, өшті тірлік өтпелі,
Барам өліп, өкінішім көп, тегі...

Тірлік — шырын, уытты удан ажалың,
Қалай қаштым, таптым қалай амалын?!

Бұл дүниеге пейіл беріп, табындым,
Қылмады опа, жалт бұрылды, жаңылдым.

Еліктіріп, жалған дүние, арбады,
Бердім көңіл, сырт айналды, алдады.

Жапа қылды, алды дүние құтымды,
Сен де алданба, ұқ сөзімді ұтымды.

Керекті істің бәрін жиып тастаппын,
Керексізді керексіз деп қашпаппын...

Түбі, ел кешер қу тірлікті кешіппін,
Ашынамын, есер желдей есіппін.

Пара беріп, оңалатын ісім жоқ,
Қол ұшымен жебейтін де кісім жоқ.

Не дер екен, тыңда, құлақ қой, жаным,
Өлім жайын ұққан кісі ойларын:

«Ажал келсе, дана да ойдан жаңылар,
Ақылды естен айырылып, сабылар

Қандай сұмдық сұм ажалдың шеңгелі,
Қандай сұмдық бір-ақ қойып жеңгені!

Бар сарайды жапырар ол, жасырар,
Бар байлықтың құтын да өлім қашырар!»

Мұны меңзеп өлең дағы жазылған,
Оқып, біліп, шығармағын жадыңнан:

«Ештеңе жоқ жаһанда айла-шарғысыз,
Әр айланың шарасы бар, нанғысыз...

Не нәрсенің бір амалын табасыз,
Тек қана, эттең, өлім ғана шарасыз!»

ӨГДҮЛМІШТІҢ АЙТОЛДЫҒА САУАЛЫ

Естіп көрді ұл, атасының сөздерін,
Тілін ашты, бұрып нұрлы көздерін.

— Ата,— деді ол,— бір сөзім бар саған да.
Мен айтайын, өзің байқап, бағамда.

Бұл дүниеде көп жасадың, көп көрдің,
Білім құдың, сан өткелді өткердің.

Тыңдап, сұрап, көп нәрсеге бойладың,
Бәрін көрдің, тереңдеді ойларың.

Өлімнің де бар шығар бір шарасы,
Ажалыңа соны тұтып, қарашы.

Дауа қонбай, болса көгің мұнарлы,
Үлестіріп бер қазна, мұраңды.

(Қазынаңды бер де, алып қал жаныңды,
Есен болсаң, болар байлық, бағың да)

Қазнаңды төк, дауа ізде — жадырар,
Есен болсаң, алтын-күміс табылар.

Тұз-дәмі бай, көңілі жомарт жандардың,
Көзі тойып, не дегенін аңғарғын:

«Елге үлестір, бөлінбесін несібең
Кешір бәрін, олар сені кешірер.

Дүние емес, ерге есендік керегі,
Құс та дәнін тірлік үшін тереді.

Тірлік болса — тілек қуып кетесің,
Бас аманда — мұратқа бір жетесің!»

АЙТОЛДЫНЫҢ ӨГДҮЛМІШКЕ ЖАУАБЫ

Айтты Айтолды:— Ұлым, сен де жүгінгін,
Сөзімді ұғып, үмітіңді үз, түңілгін.

Өлім алтын-күмісіңе қарамас,
Білім, ақыл шылауына жарамас.

Дүние-мүлік тоқтата алса өлімді,
Бай-бек мәңгі білмес еді көріңді...

Әкімдерге әкімдігі сеп емес,
Біліктіні білімі кеп жебемес.

Ажалды алар болса дәрі-дәрмегі,
Оташыға тимей жүр ме жәрдемі!

Мәртебені сыйласа ажал, әрине,
Әлі тірі жүрер еді-ау нәби де.

Туғаннан соң, өзекті ерге — бір өлім,
Мойынсұнбай кім бар, тапқан бір емін?!

Дүние — жалған, келген-кетер, қуарар,
Аждаһадай тойым білмес сұм ажал!

ӨГДҮЛМІШТІҢ АЙТОЛДЫҒА ЖАУАБЫ

Айтты Өгдүлміш:— Ұқтым, әке, барлығын,
Өлім барда, беу дүниенің тарлығын.

Не үшін текке өткен күнді жерлейсің?
Не үшін енді өзіңді-өзің тергейсің?

Неге жидың, түбі қалар байлықты,
Неге артығын шашпадың, ап шайлықты.

Тірлігі осал болса, тірлік мазағын
Көрсін әркім, тартсын еншілі азабын.

Несі пайда текке ащы жасыңды
Ұлып жұтып, жерге ұрғанмен басыңды!..

АЙТОЛДЫНЫҢ ӨГДҮЛМІШКЕ ЖАУАБЫ

Айтолды айтты:— Тыңда, ұлым, қазірден
Түсін мені, келер күнге әзірлен!

Қапы қалдым, опық жедім, құладым
Осал болма, қапы қалма, шырағым!

Осалдықпен, көр, үзілді жұлыным,
Мен сияқты бейқам болма, құлыным!

Туған — өлер. Тіріні өлім табады,
Тырмыс қанша, ақыры ажал алады!

(Уақыт — бұғау, тұтар көзді аштырмас,
Уақыт жетсе, аяғынды бастырмас)

Мұны меңзеп айтқан шайыр тілінде,
Бар кіл шындық, түгел сөз сол түбінде:

«Бар нәрсенің уақыт, күні белгілі,
Тірі жанның тақыт күні белгілі.

Жыл, ай, күндей тіршілігің көшеді,
Көшкен күнмен өшетінің белгілі!»

Байқа, ұлым!— дейді Айтолды тағы да,
Тағдырымнан ал ғибрат жаныңа!

Сенсің — қайғы, өкінішім, арманым,
Қаршадайдан жетімдікте қалғаның.

Менсіз, қарғам, күнің қандай болады,
Соны ойласам, көзіме шоқ толады.

Ата жолын көрген бала тегінде,
Төзе алады ауырға да, жеңілге.

(Ата жолын білген оттай жанады;
Құс не көрсе, соны ұшқанда алады.)

Жаны жұмсақ — қатты ұстаған баланың,
Жарық жүзі ата менен ананың.

Қолдан ерте шығарсаңыз сіз егер,
Ұлдан қайыр жоқ, үмітті үзе бер!

Ұл өсіргің келсе дана, жүректі,
Қатты ұстап: үйрет білім, ізетті.

Сөзін тыңда ұл өсірген атаның,
Ақсақалды иесі ақ жол батанын:

«Кім ұл-қызын шолжаңдатса бетімен,
Тартар күйік, ет кескендей етінен.

Бейбастақ қып өсірсе ұлдың қылығын,
Кінәлі әке, жазығы жоқ ұлының.

Ұл-қыз кесір, болса ессіз, парықсыз,
«Өнегесі-ай әкенің!»— дер халықпыз...

(Кір болса ұлдың көкірегі, қолдары,
Атаның да тегі сондай болғаны)

Қатты тұтып, өсірсе ата баланы,
Өркені өсіп, бақ жұлдызы жанады.

(Тезге салып өсір ұлды, сүйгесін,
Кейін жауың күліп, досың күймесін.)

Ұл-қызыңа үйрет білген білімді,
Қолына ұстат кеудеңдегі күніңді.

Сонда, ұл-қызың адамдықтан таймайды,
Көңілі — таза, көзі шоқтай жайнайды!»

ӨГДҮЛМІШТІҢ АЙТОЛДЫҒА ЖАУАБЫ

Айтты Өгдүлміш:— Ата, панам, асқарым!
Сенің қайғың жеп, күйіне бастадым.

Қалай тірі тұрам өзің өлгесін,
Азабыңды сенің көзім көрмесін.

Сені сақтап тілегімді берсеші,
Қайғы төкпей, қанды жасым көрсеші.

Ажал төніп, тілегімді бермесе,
Пешенеге жазғаны сол ендеше.

Жылағанмен, бұл бір құдай бұйрығы,
Бұйрық келді: енді берер сый-мұқы.

Бұл дүние рахатын қия алмай,
Өткен талай ащы жасын тия алмай.

Егілме сен, өмір-өлім арбассын,
Тіршілікті күшпен ұстай алмассың.

Қаншама адам қабырғасы сөгіліп,
Саған дейін өткен жасы төгіліп.

Білдің енді опасызын жаһанның,
Зоры да осы-ау шеккен зәбір-жапаның.

Қанша мүлік жиғаныңмен көз толар,
Тиер нәсіп екі құлаш бөз болар.

Тірлік үшін өкінішке көмілдің,
Қайғыр, өкін, тима жасын көзіңнің.

Кеткен күндер оралмайды қасыңа,
Өткен — өтті. Төнді түнің басыңа.

Ал, мен болсам бар қайғының себебі,
Егілме құр, күйінгенің жетеді.

Жаралған жан бір күн ажал табады,
Жаралған — сен, ал жаратқан қалады.

Мейірімді ең, әке, жұртты қаратқан,
Сенен де асқан мейірімді, жаратқан.

Жаратты да, берді ырыс-құт өзіңе,
Маған да өзі берер. Сенгін сөзіме.

Әлсіздерге қуат берер, дем берер,
Ұлықты да, кішікті де тең көрер.

Бұл туралы есті жанға құлақ қой,
Дана сөзі — түнде жанған шырақтай:

(Дана сөзін түсінерсің ақылмен,
Бар кеселді ұқтырған ол нақылмен)

«Әзіз жандар әзіз іске жаралған,
Тек солардан байлық, бақыт таралған.

Кішікті — ұлық, қадірсізді сыйлы етер,
Ашты — демеп, саналыны күйлі етер!»

Айтолды ұлдың естіп сөзін жайланды,
Көзін көкке тігіп, қолын жайғанды.

Шүкір қылды, ес тоқтатқан ұлына,
Құдайына ақыл берген құлына.

АЙТОЛДЫНЫҢ ӨГДҮЛМІШКЕ ЖАУАБЫ

Айтты Айтолды:— Көңілім толды ұлыма,
Бақытты боп, өрлей бергей шыңына.

Асыл сөзді оқып, түйгін санаңа,
Мәнісі оның терең жатыр, сарала.

Құдай кімге берсе білім-білікті,
Қол ұзартып таятқаны үмітті.

Құлқы жақсы, жаңылмаса жолынан,
Тілегі боп, күні туар оңынан.

Барша ізгілік ізгілікке алмасар,
Ізгі қылық қуанышқа жалғасар!

Қолын көкке жайды Айтолды тағы да,
Шүкіршілік етті тірлік, бағына.

«О, құдайым!— деді,— бәрін жараттың,
Ризығынды түгел жайып тараттың.

Мені де өзің жараттың да, өсірдің,
Күнәһар бір құлың едім, кешіргін!

Ізгі тұтып әлі күнге қолдадың,
Құт дарыттың, бар тілекті орындадың.

Бердің бәрін, ризамын тағдырға,
Ей, ізгі ием, қарыздармын алдыңда!

Келді үкімің, кері аттанып барамын,
Қалды артымда жалғыз ұлым қарағым.

Ата едім, ажал келіп жықты анық,
Қайырым ет, ұланыма құт дарыт!

Құтқа итеріп, қиын тұста демеп жүр,
Саяңа алып екі дүниеде жебеп жүр.

Ізгілікке баста қарап қабаққа,
Мұқтаж қылма киер киім, тамаққа!»

Пейілін беріп, дуа қылды жалынып,
Ізгі дуа, құрт пәлекет сарынын!

Не айтты екен, тыңда, ақылды ер кісі,
Есті сөздер ізгіліктің белгісі:

«Құдай кімге берсе инаят, ықылас,
Екі дүниеде құт ұялап, ұтылмас.

Алла құлын жебеп, жөндеп, оңғарар,
Қос жалғанда бар тілегі оң болар.

Алла пейіл берсе, ісің жөнделер,
Итің оттап, тасың өрге өрмелер!»

Тағы айтыпты ақылы асқан бір дана,
Ісің — гүлдер, ішіңе түй, тыңда да:

«Сақталады, тәңірісі сақтаған,
Дәмі болмас, көңілі ауып — татпаған.

Кім құдайды шын пейілмен жақтасын,
Бәле, қайғы ашпас оның қақпасын!»

* * *

Айтты Айтолды:— Құй деп, ұлым, құлыққа:
— Өзекті ерге өлім барын ұмытпа!

Тіршілікке алданбағын, өшеді,
Дүниеге малданбағын, көшеді!

Мен өзіңді бір құдайға тапсырдым,
Салауатын өсіргей тек жақсыңның.

Бүгін, міне, бақұлдасып кетемін,
Өкініштен жасқа толып етегім.

Менсіз кешер өміріңнің сыры бар,
Мен айтайын, естіп түгел ұғып ал.

22

Айтолдының ұлы Өгдүлмішке өсиеті

Тіл, көңілді тұт та, текке алданба,
Ісіңді істе, өткеніңді малданба.

Жақсы-жаман бәрі құдай ісі деп,
Таны, табын, сана соны құдірет.

Не керектің тіле содан барлығын,
Одан күшті жоқ, мойында, жарлығын.

Қадір тұтып, істе тәңір бұйрығын,
Бүгін, не ертең тартар құрмет сыйлығын.

Турашыл бол, бұра тартып, шулама,
Тура сөйле, жөн-жосықсыз тулама.

Дүние үшін отқа өзіңді түсірме,
Кісі затын алма; күштеп; кішірме...

Тірлік еттім, өлем енді төрім — көр,
Дүние мені не қылғанын өзің көр.

Дүние жидым, жөнін білмей терледім,
Күнім өтті, еш пайдасын көрмедім.

Малым сағаң қалды, маған болды жүк,
Қанағат қып, әрі жалға жолды құт.

Тұтас біліп, күтіп-баптап жүргейсің –
Екі дүниеде жоқшылықты білмейсің.

Мұнша ырысты тұтып ұстай алмасаң,
Сорың сорып, қорланарсың алда сан.

Турашыл бол, тура жүріп жұмыс қыл,
Туралықтың өзегінде — ырыс-құт.

Турашыл ер не дейді екен қарашы,
Қай дүниеде тура сөз — ой сарасы:

«Ер күмәнсіз күн кешкісі келсе егер,
Турашылдық — жол, бағытың ең сенер!

Еске тұтқын бай болайын десеңіз,
Туралықпен келер қадір, есеңіз.

Ұлық елдің ұлылығын ойласа,
Дана болар, туралықтан таймаса.

Әділ жанның мол мейірі, шуағы,
Екі әлемде күні оңынан туады!»

Тағы Айтолды:— Тыңда!— деді,— тынысым,
Ізгілік — күш, ізгілікте — ырысың!

(Ізгі даңқың демейді, кездерінде қамыққан,
Ізгіліктің жолында құтыласың тамұқтан!)

Жақсылық ет, есерліктен безгейсің,
Сонда ізгілік келер, іздеп кезбейсің.

Жаманнан без, қор қылады басыңды,
Ол у жылан, умен булар асыңды.

Сөз сөйлеме, сенбе екі жүздіге,
Сыр, сөзіңді ашар, жаяр үздіге.

(Ол өзін де, өзіңді де сатады,
Намыс — тиын, сатқындығы — атағы.)

Өсекшіні жолатпа үйге, дарытпа,
Естігенін түгел жаяр халыққа.

Сыннан өткен кісілермен жолдас бол,
Пайдасы — мың, ал араммен оңбас жол.

Барша сөзді тында, алуға асықпа,
Сырыңды ашпа, көңіліңді жасытпа.

Көп жеп-ішпе, кісілерді күндеме,
Өйтсең сұмсың, оранғанмен бүлдеге.

(Шарап ішпе, таза ұста санаңды,
Ми былықса, көрер күнің — қараңғы.

Құтты қуар — қызғаныштың кесірі,
Қызғаныш, шарап — қияметтің есігі.)

Бос боспасын әйел, бекіт қақпаны,
Кесірі көп, сырты — бұлаң қаққаны.

Бөтенді — үйге, жіберме үйден қатынды,
Досты сынап алар адам ақылды.

Құлқыңды онда, дүние деп күйінбе,
Құлқың ізгі болса, толар үйің де!

Енді мұны меңзер сөзді ұғып ал,
Ұққан кісі мәйегіне құнығар:

«Жақсы нәрсе лайық жақсы кісіге,
Жақсы көрер кірмегенді түсіне!

Мал не керек қанағатсыз жаманға,
Мандымайды еш, маржан құнсыз наданға!»

Аулақ жүргін ұяты жоқ пендеден,
Ұятты, арлы алғыс айтсаң — дем берер.

Сабырлы бол, сабыр бастар мұратқа!
Күйіп-пісіп, өзіңді отқа құлатпа!

Қай істе де жоғалтпағын сабырды,
Ұстамдылық үйірер мал, бағыңды.

Тіліңді тый, қарай жүргін көзіңе,
Нәпсіңді тый, құлқының — жұт өзіңе.

Қиянатшыл болса еліңе, жолама,
Қараниет кісіге ерме додада,

Бектер сөзі тілді буып алмасын,
Текті сөздің тек әділін арнасын...

(Текті сөз бен тәтті сөз, екі басқа білгенге,
Кейде ащы сөз—тәтті де, тәттісі—удай тілгенде.)

Қастық қылма арамдықты сайлама,
Тый құлқынды жақсылық ет қайда да.

Қіреріңде, шығар жерді байқап ал,
Қор боларсың, шыға алмасаң қайтадан!

(Торға мойын сұнсаң да, кері жолды білгейсің,
Қайта шығар жеріңді, сайлап алып, кіргейсің.)

Өкпелесең, ашуланба, налыма,
Сабыр соңы — салқын сая жаныңа.

Сабаз ердің сөзін ұқ та біле бер:
«Сабыр етсең — бұзылған іс түзелер!

Сабырлы ер талмай жетер мұратқа,
Аққу өзі-ақ түсер, шыда, тұзаққа!»

Егер қайғы жараласа жаныңды,
Күт сабырмен туатын шат шағыңды.

Егер дәулет қатты жапса қақпасын,
Күт сабырмен, шұғыл бұрма ат басын.

(Сабырсыздың сазайы — қайта-қайта бас ұрар,
Сабырлы ерге сан қақпа өз-өзінен ашылар...)

Ер ажары — сабырыңды сақтай біл,
Сабыр жолы көк төріне бастайды.

Өлімді ойла, ұмытпа еш, сарала,
Өзіңді ойла, қасиетіңді бағала.

Жұрт алдында аузыңды бақ, лепірме,
Кісі үйінде көз қадірін кетірме...

Бастарда ойлап, сайла тілдің тиегін,
Қысыр сөзге қышымасын иегің.

Жалған сөздің сезілмесін лебі де,
Жүзің жанып, қор боларсың теңіңе.

Дос, туғаннан лебізіңді аяма,
Кіші, үлкенді жылы жүзбен аяла.

Тұз-дәміңді бөліс, жаса қайырым,
Кешіре сал көрсең, кісі айыбын.

Табына жүр хаққа беріп ойыңды,
Күнәден қаш, аулақ ұстап бойыңды.

Дәулет бітсе менменсіме, тасыма,
Жақсылық қыл, жиылсын жұрт қасыңа.

Бұл дүние өтпелі һәм көшпелі,
Құтқа сенбе, білінбейді өшкені.

Бұл тіршілік көрген түстей өтеді,
Қуанба, құт құстай ұшып кетеді.

Тірлігіңде ізгілігің көп болсын,
Еншісін ал, құр өткен күн жоқ болсын!

Шарап ішпе арамнан бой тасала,
Пасық болма, зинақорлық жасама.

Екеуінен бақтың құты қашады,
Бағың тайса, қорлық аран ашады.

Сөзін тыңда, сыннан өткен кісінің,
Сынап білген сырын тірлік ісінің:

«Зинақорлық, шарап уын тигізер —
Жоқшылықтың жыртық тонын кигізер!

Ішімдіктен мал-дәулетің шашылар,
Зинақордың ар-ұяты ашылар!»

Ұлым!— деді — аяқтайын сөзімді,
Еске сақта, сақтау үшін өзіңді.

Түгел айттым, соның өзі — жұбаныш,
Сөзімді тұт, таусылмас бақ қуаныш.

Аталық сөз, ақылымды жеткіздім,
Түйіп еске, ізгі тірлік өткізгін!

23

Айтолдының Күнтуды Елікке аманат, өсиет жазып қалдырғаны жайлы айтылады

Қағаз бенен қалам алды қолына,
«Бісміллә!» айтты құдай жолына.

Сөзді құдай атыменен бастады,
«Уа, жаратқан, кешір білмен басқаны...»

Сен жараттың мың сан тірлік кеспірін,
Ризық бердің, ашықтырмай ешбірін.

Қаласа егер, жаратады барлығын,
Құдіреті күшті, тыңдатады жарлығын.

Бар тілегі орындалар үкімдей,
Еш көмексіз істейді өзі бүтіндей.

Өмір — қысқа, өлім — үрей, жоқ амал,
Бәрі өледі, ал аллаға жоқ ажал.

Пайғамбарға менің шүкір шуағым,
Мәңгі бақи, хаққа құлдық ұрамын.

Сақабалар құдай жолын қорғаған,
Сәлемімді қабыл алсын жолдаған.

Ей, құтты Елік, ұзақ болсын ғұмырың,
Көп ел биле, биіктесін тұғырың.

Айтолды атым, толған айдай толы едім,
Орталандым, сөніп барам, өлемін...

Өлім келіп, қатты салды шеңгелін,
Дәрменім жоқ, құтыларға кем демім.

Мені ізгі тұтып, төктің мейірім,
Қызметімді өтей алмай, кейідім.

Қарызым көп, уайым естен тандырды,
Көк қағазға тілегімді қалдырдым.

Дүние қуып, қызығына түспедім,
Күллі ісіңді туралықпен істедім.

Мейірімдісің. Өмірден көп тоқыдым,
Өсиет қып жаздым, өзің оқығын.

Мейірімді жан не дегенін, қарағын,
Мейірімділік — кісіліктің жанары:

«Мейірлі жан сөзі майдай жағымды,
Құт дарытып, сылап-сипар жаныңды.

Мейірбанның адал ойы, жөні де,
Әділ сөзі, көтереді көгіне!»

Мейірім төгіп, мейіріңе сенемін,
Ақылымды ұқ, ей, даңқты ер Елік!

Өмірімді сұм ажал кеп торлады,
Өкінішті сөзімнен сеп болмады.

Қылған ісім хатталып, түйінделді —
Барлық ессіз қылығым күйіндірді.

Қалды алтын-күмісім қарай бердім,
Тиген үлес — күйініп, санай бердім.

Өкініштен күңірендім, бүгілдім.
Хақ үмітім, өз жанымнан түңілдім.

Еріксізден кетем, жетті кезегім,
Ертең сен де келеріңе сенемін.

Ажал келмей, сарп қылмай күшіңді,
Ақылға сап, тындырып ал ісіңді.

Ізгілікпен кәрі-жастың күйін біл,
Сөз, ісіңмен ел-жұртыңды сүйіндір.

Есендікте ізгілік ет, тарылма.
Қазна үлес, жарылқа һәм жаңылма.

Не дегенін тыңда, тура шыншыл ер,
Кісілікпен көзін ашқан қыршын ер:

«Ажал келмей, ойла қамын қазаның,
Ерте әзірлен, тартып тірлік азабын.

Ажал жетсе — өкінішсіз кетесің,
Жердің қойнын күңірентіп нетесің!»

Мен өлген соң, сен өзіңе бол серік,
Күн өткізбе, уайымға жол беріп.

Дүние кума, бұрма бетті жайлыға,
Қай істе де қайсарлықтан айныма.

Елге түзу заң түз, ұқсын бір-бірін,
Күнің ізгі, мәнді болар тірлігің.

Дүние үшін жанған отқа жүгірме,
Тый нәпсіні, сорың содан түбінде.

Өзің — бексің, дүниеге құл болма,
Үкім күтпе, өзің билеп бұр жолға.

Құр малданып, желпіндірме көңілді,
Сұм дүние құл қылар гүл өңіңді.

Жайсаңдармен жақындасып, танысқын,
Арамдармен алыс жүріп алысқын.

Сұғанаққа сырыңды ашып таратпа!
Опасызды есігіңнен қаратпа!

Ибадат қыл, қалсын күнә азайып,
Жоқ тірлікте, одан асқан ғажайып!

Өлімді ойлап, сапарыңды жалғай бер,
Ажал өзі жеткенінше самғай бер.

Өлім өзі тұтар қайда қашсаң да!
Жөнін табар, бүгін толып, тассаң да.

Қапы қалма, аян өмір аяғы.—
Қанша жаса, жастығың — жер, баяғы.

Кәне айтшы, кім бар озған ажалдан?
Аман қалған өлім атты тажалдан?!

Жақсы сөз бар — жарым ырыс, тәлімді
Зымыраған күн, жыл жайлы кәдімгі:

«Ана ұлдары керуендей көшуде,
Қала алмас бірі жердің төсінде.

Ұл атадан қас-қағымда байланар,
Ана ішін бірнеше ай айналар.

(Ұл әкенің арқасында жаралар,
Ана қарнын ,тек бірнеше ай, паналар)

Туа ат алып, санатқа тез кіреді.
Мүсәпір боп ғұмыр-атқа мінеді.

Күндіз-түні ол суып, тыныс алмайды,
Алып-қашып ажалға ақыр жалғайды!

Қос бекетің бұл жалған мен қабірің,
Бұл жалғанға түстен де, біл қадірін.

Жалған саған екі жолды тастайды,
Таңда бірін... Тағдыр қалай бастайды?

Жолды оңғарса, бар тірлігің оңалар,
Солға кетсе, алтын басың жоғалар!»

Дүние де бір егінжай, құтты Елік,
Өссе, күзде қуанысар жұрт терін.

Қара жерге нені ексең, сол өнеді,
Нені берсең, қайтар соның төлемі.

(Қара жерге не ексең соны орарсың,
Табиғаттан алсаң — қарыз боларсың.)

Кісі қанын төкпе, мүлкін алмағын,
Жан шығарда артар күнәң, салмағың.

(Алма затын, төкпе қанын адамның,
Бірі болар жаныңды жер жараңның.)

Көрген түстей ғұмыр-ғайып оралмас,
Құл мен бек — тең: онда құл, бек бола алмас.

(Тірлік өтер көрген түстей белгісіз,
Құл менен бек кетер қайта келгісіз.)

Кешкен күнің — көрген түсің, құр сағым,
Келер күнің — уайым-мұң, бір сарын.

Не деді екен болған кісі шерменде,
Уайым-мұң ет жүрегін кергенде:

«Ғұмырыңды түс көргендей жоғалттың,
Пайдаң кәні? Ұйқыға құр тонаттың!»

Күн өткіздің боп сұрамшақ — жарамсақ,
Қалды уайым, өтті маздап жанар шақ!

(Күн кешірдің тілеу, іреу, арызбен,
Енді уайым — өткен өмір, қарыз — дем!..)

Ғұмырды ойла ессіздікпен қырқыспа,
Өмір — Өлім арасы, біл, қып-қысқа.

Ақылға сен, сан пәледен қағады,
Ақылды аты, моңғі-бақи қалады.

Есті алтын, ғәскерге тек сенбейді,
Екеуі де түбінде опа бермейді,

Өзге үшін құрбан болма тектен-тек,
Текке күйме, бағаңды біл, кеткенше!

Саған дейін талай бектер келген-ді,
Бұл жалғанды тастап бәрі көрге енді.

Әлің жетпес жалғыз жауың — ажалың,
Торып жүр ол, қапы қалма, жанарым.

Тірлік мінін көрген, білген қуарып,
Саған айтқан сөзі, ұққай сыр алып:

«Тұзды судай байлық — шөлің қанбайды,
Қанша ішсең — құрғатар тіл таңдайды!

Ол — көлеңке, ынтықтырып жеңеді,
Қусаң — қашып, қашсаң ере береді».

Бұл жалғанның ісі бұлдыр сар сағым,
Ұстатпайды көз құртындай аңсарың!

Ширап, қатып атқар, Елік, ел ісін,
Бегі ізгі ел іші — нұр, кенішің!

Бегі қойшы, халық — қойы мыңғырған,
Мал ашуы — жан ашуы шыңғырған.

Күллі аш бөрі қақпаң алдын торып жүр,
Қойды, Елік, сақ күзетіп, қорып жүр.

Барлық істе тізгін берме қаһарға,
Күйгелек бек күлкі болар жаһанға.

Кісілерге тіл тигізбе, жерлеме,
Зәрлі сөз — өрт, өртке түссің ел неге?!

Әділ, ойлы бол, сабырды жоғалтпа,
Халқың үшін ізгі іске қол арт та!

Көр, алдыңда ұзын-сонар жол жатыр,
Бұл сапарда ақыл — азық, қол — батыр.

Ей, құтты хан, салма Сарай, қорған да,
Жер баспанаң, қорсынба да, зорланба!

Кең сарайың қалып, бір күн құларсың,
Қараңғы жер — үйде жатып жыларсың!

Мұнша алтын-күміс жидың несіне,
Екі бөз ғой тиер саған несібе.

Мұны меңзер шайыр сөзі ғажайып,
Көңіліңе түйе жүр, мен жазайын:

«Осал — адам: байлық десе ақыл — мас,
Неге қажет? Оған басын қатырмас.

Байлық жиып білгеніне жетеді,
Тірлік өтіп, мойын бұрмай кетеді...

(Байлық десе — жасқа толар етегі,
Қадірі не, ой жіберсе нетеді?!)»

Бек қызыққа құмарланба, шаттанба,
Тегіс ұшар қуаныш та, мақтан да!

Нәрсе қума тірлігіңді тәрк етіп,
Жыға салар, тұрғанында әл кетіп.

Оранып сың шымқай асыл жібекпен,
Жер төсеніп жүз жабарсың түнекпен.

Салтанатты қазір тірлік ойынын,
Бір табарсың қара жердің қойнын.

Жорға аттан түсіп, көрге түнерсің,
Мұңлық болып ағаш атқа мінерсің.

Ойла бәрін, ажалыңды еске алып
Өкінбеске қара жерді жастанып!

Барлық істе, рахымын күт алланың,
Қуат берсе, көресің ғой қалғанын.

Көтер бәрін — қуаныш па, қайғы ма,—
Мойынсұнғын, тек шындықтан айныма.

Қос жаһанға билік сткің келсе егер,
Бес нәрседен қашық жүрсең, ел сенер.

Зорлық қылма, араласпа арамға,
Қанын төкпе кек сақтама адамға.

Шарап ішпе, азғындыққа салынба,
Бұлар бекті қор етеді тағында.

Мәңгілік бек болсам десең тегінде,
Заңды ұстан, күш көрсетпе еліңде.

Бүгін, Елік, сен халықтың басысың,
Халықты ойла, мейірімі тасысын.

Зіл батпан жүк асылды, бек, мойныңа,
Осал болма, су кетпесін қойныңа.

Сенің еңсең — әуселесі жұртыңның,
Биікте тұр, құлы болма құлқынның!

Кешкен тірлік өтті желдей елеусіз,
Қалған тірлік болмаса екен кенеусіз!

Қалған күннің біл қасиет — қадірін,
Жолыңды оңғар, күтіп істің әлібін.

Жалған дүние бермейді опа басыңа,
Шамаңды біл, жөн-жосықсыз тасыма.

Талай-талай өткелекті өткерген,
Не дейді екен, ойлы кісі көп көрген:

«Дүние — бекет, сен керуен өтпелі,
Ұзын жолда жатар уақыт көп пе еді?!

Дүние — базар: жайнар, байлар көзіңді,
Өзің де алдап, алдатасың өзіңді.

(Дүние — сарай мол пайдасы, қызығы,
Жүру керек, арбағанмен ырызығы.)

Кеткің келсе, көшті алдымен сал жолға,
Керексізді қой, керегін ал колға!»

Мен жиналдым, күнің жақын сенің де,
Ойлан, жақсы ат қалдыруды кейінге.

Тыңда, бір ер дүниеден өтіпті,
Өлерінде өсиет қып кетіпті,

Естіп оны, көңіліне сақтағын,
Тірілерге айтқан сөзін ақтағын:

«Ей, тірілер!— депті, қапы қалмаңдар,
Қапы қалып, арманда өттім жалғаннан!»

Бек, баянды болсын десең бектігін,
Сен үнемі ісін істе тектінің.

Тура жүр де, зұлымдықты жебеме,
Қараны — аққа, қараға — ақты теңеме!

Екіншіден ,осал болма майысқақ.
Батырдай бол күнде жаумен сайысқан.

(Бір ғұлама өлерінде, айтыпты,
Айтқан сөзін медет тұтып, қайтыпты.

Әл үстінде тірі қамын ойлапты,
Бұл тірлікке ынтықтығын қоймапты.

«Жылдар бойы өкінішім қажады,
Қу тірліктің соқпай өтпес азабы!»

Ұқсаң Елік, ақылды ісі — баянды,
Нені істеу, тек өзіңе аян-ды.

Зұлымдықтың түбі, білсең, қара күш,
Хақты ұмытқан қара күшке жанады іш.

Сайлы тұрса, ақылың да, күшің де,
Кетпес жұртың тістегеннің тісінде.)

Қай істі де, екі қылма қиып түс,
Сабыр сақта, ашуды бу жиып күш.

Ақылымды көкірекке түй, біліп,
Берік, ұзақ — сонда бектік, билігің.

(Дүние түгел, елің аман болады,
Көз ашылып ,жүзіңе нұр толады.)

Жақсыларды көтер жебеп еңсесін,
Жамандардан бүтін сақта ел шетін.

Заңды түзе — сұмдық сонда сасады,
Құтың өсіп, абыройың асады.

Ой — білікте, білекті мәз жыққанға,
Жақсы лепес — жарым ырыс, ұққанға:

«Заң иесі, қара қылды қақ жарған,
Елді жұтар қараниет қан жарғың.

Әділ заң құр, қабақтарды жайнатар,
Жаман болса, жұрттың сорын қайнатар.

(Заң иесі әз жолыңнан жаңылма,
Жолдан тайсаң шындық қалмас қанында.)

Нәсіп көріп алма қарғыс, назаны,
Зұлым заңмен боларсың ел мазағы.

Әділ болсаң қараға — ақ, аққа — жақ,
Ұрпақтарың жақсы атыңды сақтамақ!»

Өзіңді бақ, қиялыңа алданба,
Өз тегіңді білмеу — қорлық жалғанда.

Жаманатты дарытпа да, сіңірме,
Арылмассың өлінде, не тірінде!

Орның биік, көңілің де биікте,
Күн өтпесін, ұқсап қашқан кикке.

Дүние — жалған! Үйрет бойды осыған,
Тұр ажалың, қарсы шығып, тосып ал.

Өмірім — сор ,тындырмадым ештеме,
Күн оздырып, кейін бармақ тістеме.

Кісі өлсе, өсиеті қалады,
Өсиетім — айтқандарым жаңағы.

Сүйген, Елік, тірегім ең сенімді,
Пайдалы сөз бердім, бұғын белінді.

Өсиет сөз, ақ тілеудің үзігі
Ғибратты, сөз біткеннің түзігі.

(Ақтық сөзім ұшқан тілдің ұшынан,
Тұмардай көр, ұрпағыма ұсынам.)

Шын сөзімді, ой-сезімнің ақығын,
Мені ұмытпай, жүрегіңмен оқығын.

Арпалыстым, бейнет болды шеккенім,
Өлім болды — тырбанумен жеткенім.

Қанша ұзақ жүргеніңмен — бір өлім,
Қара жерде қалар ыстық жүрегің.

(Қатыгез қол, елең етпей зарынды,
Жұлып алар бойындағы жанынды.)

Жан алғыштан келер қандай қайыр бар?!
Ұзақ жолға өмір бойы дайындал!

Еш шара жоқ өлімнен бой тасалар,
Қамдан ерте, күйікті сол баса алар.

Не дейді ойлы тағдырына шыдаған,
Өлетінін өлмей білген бір адам:

«Ажал келсе, сездіреді ызғарын,
Бетінді бұр, таусыларда тұз-дәмің.

Қамар белбеу күмістелген, түсін ер,
Өлім қысса, бытыр-бытыр үзілер!»

Өзіңе Елік, адал қызмет сіңірдім,
Мейіріңді өтеу үшін жүгірдім.

Жақсылардың ісін құдай оңдасын,
Құт дарытып, ризық беріп қолдасын.

Мың-мың жаса, төрт құбылаң сай болып,
Бектік құрғын басыңа күн, ай қонып.

Сөздерімде махаббаттың шоғы мол,
Ғұмырлы бол, мархабаттың қолы бол.

О, құтты Елік! Бақұлдасып жатырмын,
Ұлым қалды. Жаным шерлі пақырмын.

Жалынамын құдай жолын оңдасын
Оттан-судан сақтап өзі қорғасын!

Сұрайтыным көз қырыңды салғайсың,
Шет қалдырмай, маңайыңа алғайсың.

Хақ иесі жанды-жансыз ғаламның,
Құлы соның бәрі жақсы-жаманның.

Ұл мен қыздың өнегесі ата-ана,
Бәрі бізден — дұрыс па, әлде қата ма.

Атасы — мен, бетім әрі қарады,
Ұлым — шикі. Кімге телмең қағады?!

Қақым болса, сіңсе ісім халыққа
Өтеуіне — баламды оңға бағытта.

Қамқор боп, сал өнер-білім соңына,
Қонар құт боп білікті ел қолына.

Адал болсын қыз мінезді, құлықты,
Табар жолын, салар алыс құрықты,

Шолжаңдатпа, білсін тәртіп, талапты,
Талап қысқан бала құтты, талантты.

Не дер екен селсу шашты қария,
Көпті көрген, ақыл-ойы дария:

«Білім үйрет сәбиіңе сарыла,
Уызда ілім, сүтей сіңер қанына!»

(Уызда емген білімі, қасиет боп қалады,
Қасиетті кісінің қалмас алмас қамалы.)

Талшыбықпен аршы қырсық-түйнектен,
Ұл мен қызға таяқ білік үйреткен.

Сәбиінде көкірекке түйгені
Өлгеніншe санасында жүреді!

(Ұяда не көрсе, соны іледі,
Сүтпен сіңген өле-өлгенше жүреді!)

*

Үшбу хатын бітіп, буды жібекпен,
Берді ұлына, жазған сөзін жүректен.

* *

«Балам!— деді,— тигіз Елік қолына,
Бұл — аманат, бердім бата жолыңа.

Хатты оқыр, ой соңынан ой туар,
Ажалды ойлар, Сөзім болсын бой тұмар!»

* *

Ұлға айтты: «Жасық болма, қайсар бол,
Бір шындықты, ақиқатты айтар бол!»

Ұлын құшып, қам көңілін демдеді,
Дір-дір қағып, жаңбыр — жасы селдеді.

«Қара, балам, атаң қалай өлгенін,
Болды екі бөз — екі қарыс жөргегім.

(Туғанда анам жөргекке орап еді мәпелеп,
Туған балам ақыретке орар енді «әкелеп!».)

Нақ осы күн, келер, балам, басыңа,
Қара көзі боталап тұрар балаң қасыңа.

(Өлім жоқ деп ойлама, құтқармайды ажалың,
Мінім жоқ деп ойлама, мінің — тартар азабың.)

Сөзімді ал, сол қолымнан келгені,
Егер ұқсаң, еске аларсың сен мені.

Егер Елік қалуынды қаласа,
Адал атқар қызметің жараса,

Жалқау болма, алған істі аяқта,
Ақылды бол, жалқаулықты таятпа!

Кештеу жатып, ерте тұрып жүргейсің,
Ерте тұрсаң ырыс артар — білгейсің.

Қарсы тұрма, бір құдайдың ісіне,
Қызмет көрсет ханға, сеніп күшіне!

Жаманнан без, арамдықтың жолын кес,
Ізгіліктен қақпас пенде қолыңды еш.

Сақта өзің, сөзді, деннің саулығын,
Ширақ жүрсең, жеңесің сен барлығын!»

Сөзін үзіп, жасын төгіп егілді,
Ұлын құшып, уайымға көмілді.

* * *

О, дүние, қатігез, суық па едің апырмай,
Не күнәм бар, алмайтын қайғы-шерге батырмай?!

Қайырымды жанымды қаннан ыстық, кардан—ақ
Жұтып мұздай қара жер, соңымда ұлым зарламақ.

Жалаң тудым анадан, кірем жерге жалаңаш,
Көңілім күпті жарадар, оныма ажал қарамас.

(Тербеткендей жер беті қайғы-мұңы аралас,
Қара топырақ сормаса, сағынышым тарамас.)

Ар алдында қысылып, жан алдында қысылып,
Жатқан жанның ұққайсың ойларының ұшығын:

«Бір құрсақтан шығып ем, бір құрсаққа кез
болдым,
Тірлігім бал татып еді, жылан, құртқа жем
болдым.

Текке өткендей жастығым, құлан таудай талабым,
Күйігімді арқалап көрге кіріп барамын!»

*

Жасын тиып, әрең келіп әліне,
Айтты: малын үлестір деп бәріне.

Ағайынмен бақұлдасты, бүгілді,
Жасыл көкке жанымды ал деп жүгінді.

Қолын жайып, көзін көкке қадады,
Тіл байланып, жалбарына қарады.

Жаны ұшты, күні түнге ауысты,
Хақ атымен, тіршілігін тауысты.

(Жаны шықты, күні түнге ауысып,
Сөзі көзден құйылды, дем тауысып.)

Шыбын жанға сая тілеп тұншықты,
Жаны ұшып кетті де тән тыншыды...

Болмағандай жоғалды жан, не шара?!
Бұл жаһанда аты қалды, бейшара!

Көңілі ақ кісі айтқан деседі,
Сөздерінен дана ойы еседі:

«Тәннің үйі — қара жердің аясы,
Шырын жанның, тән — баспана, саясы.

Жан ұшқанда бос қалар үй — денесі,
Қайда екенін білер тек жан егесі?!»

Биік ұшса, жан жәннатқа енгені,
Төмен түссе, бір пәленің келгені.

Екеуінің бірі болар, алайда,
Жаның мәңгі қалар тірі қалай да!

Адам мұңлық болғанымен күнәсіз,
Құрып тәні, өшер сөзі, шүбәсіз!

Қайдан келді? Енді қайда барады?
Қай жерде тұр? Енді қанша қалады?

Біліктілер айта ала ма мән жайын?
Ақылдылар ұға алар ма әрдайым?

Білікті жоқ шешер мұның жұмбағын,
Жалғыз алла қанық білер сырларын.

Барлық жерде, тек тұрағы белгісіз:
Көз алдында, әуедей тек көргісіз.

Кісі өмірі, шолақ, қысқа дегенмен,
Тілі — ұзын, ойы ұшқыр береннен!

Ессіз адам бөркін киіп маңғырттың
Тұтқыны боп кергір пасық пәндықтың...

Екі күндік ғұмыры бар қас-қағым,
Кеуде керіп, несі кердең басқаны?!

Тыңда, өзің, көзі ашық не деген,
Өлімді өзі ұғып көнген, көреген:

«О, сұм ажал, зұлым тағдыр әмірі,
Мың амал аз, сенсің әккі, кәнігі.

Құтқармайсың жердің жүзі — өрісің,
Жаман, жақсы ізін баққан бөрісің.

Ұзақ өмір берсе дана адамға,
Өлшеп қойса тірлікті арам, наданға!

Жақсы, жаман түгел өлер шетінен,
Ұлық, кішік көшер жердің бетінен!»

Ей, тірі жан, баққан ажал құтты алмас,
Қанша жаса — қиып түсер құтқармас.

Жақсы айтқан, елдің бегі, ержігіт,
Істің мәнін зерделеген кең біліп:

«Қандай жақсы, арылса өмір паласы!
Өлім сұмдық, білмесе жан баласы!

Бәрін қиып қан жүзіндей қылыштың,
Берді маған, рахат көр деп тыныштық.

Керемет жоқ, туғанды ажал алады,
Өлім құшып, қара жерді табады!

Адам емес, адамдықты қимаймын,
Адал емес ,адалдықты қимаймын.

(Кісі өлсе де, кісілігі өлмесе,
Кісі күйген шындығын бір көмбесе.)

Қиқармысың, момынбысың бәрі бір,
Өзгертпессің қария тірлік әлібін!

24

Күнтуды Еліктің Өгдүлмішті шақырғаны туралы айтылады

Күтті Елік ауыр қаза ақырын,
Айтолдының ұлына айтты ақылын.

«Елжіреме,— деді Елік,— түңілме,
Қайғы өтеді шаттық келер түбінде.

Саған ғана тиісті емес бұл қаза,
Күйінемін, маған тиген бұл жаза,

(Елшім еді сенісер де өлісер,
Досым еді қуанышым бөлісер.)

Күңіренбе, ерік берме зарыға,
Қызмет ет, жақын жүріп жанына,

Әкең өлді, мені әкем деп санағын,
Туған ұлдан артық көрем, қарағым!»

ӨГДҮЛМІШТІҢ ЕЛІККЕ ЖАУАБЫ

Жерді сүйіп Өгдүлміш те деді еріп:
«Елге ие боп, ұзақ ғұмыр сүр, Елік!

Қызметшіңмін, құлыңмын мен қолыңда,
Қыршын жаным пида сенің жолыңда.

Бар өмірін атам саған арнады,
Мен де солай өтсем ,болмас арманым!»

* * *

Бала Еліктің ақ ниетін көрді анық,
Атасының өсиетін берді алып.

Елік хатты оқып тағы кейіді:
«Амалым не! Теңіз еді зейінің!

Енді, қайдам, сендей адам туарын,
Төрім жүдеп, қақпам қалды қуарып.

Тірлігіңде қызметіңді сіңірдің,
Өлеріңде қимай мені жүгіндің!

Оны өтемей жаным қалай жай табар,
Хақыңды енді құдай өзі қайтарар!

Жан разы, қайырылсам да қанаттан,
Мың есе артық қайтарады жаратқан!»

Сөзін үзіп, Елік жасы сорғалап,
Сүйретіліп кетті өксіп, жорғалап.

Кірді үйіне күңіреніп, қамығып,
Аза тұтты бір күн қара жамылып.

Аза тұтты баласы да қайғырып,
Үлестірді кем-кетікке байлығын.

Әке орнын күтіп ұлы табына.
Жақсыларды жақындатты жанына.

Өмір сүрді ата сөзін ұстанып,
Бағы жанды, маңдайына құт дарып.

Енді ізгі жан өнегесін тыңдайық,
Ұтымды сөз иесіне нұр лайық.

«Ата сөзін қасиетте, құрметте —
Аталы сөз шығарады нұр-көкке!

Ата-анаңның қуанышын еселе,
Бақ пен гүлге бөленеді пешенең!..»

* * *

Елік те енді қуат тасып, өрледі,
Әділ заңды күн-түн демей жөндеді.

Жері гүлдеп, кенелді елі табысқа,
Күнтудының даңқы кетті алысқа.

* *

Елік бір күн жалғыз өзі қалғанда,
Кітап оқып, қара көзі талғанда.

Іші толып, көңілді мұң қаптады,
Сырласатын тірі пенде таппады.

Айтолдыны еске ап, өзін демеді:
«Ей, дариға, асқан ерен ер еді!

Ізгі досым, сарайымның көркі еді,
Елге адал, қызмет етті тер төгіп.

Қурады орны, қалды иесіз ісі де,
Қайдан табам, сенем қандай кісіге!»

Өгдүлмішті алды есіне, ойлады:
«Ұят болты-ау, оны ұмыта қойғаны...

Өлерінде Айтолды айтқан аманат,
Ұлы еді ғой. Оны ұмыту жаман-ақ.

Атасы өлсе — мұрагері баласы,
Айтолдының ол көзінің қарасы!»

*

Тез арада Өгдүлмішті алдырды,
Жабылды есік. Тек екеуін қалдырды.

25

Өгдүлміштің Елікке жолығуы баяндалады

Келді Өгдүлміш тағзым етіп сыйлады,
Қуаныштан балбұл жанды дидары.

ЕЛІКТІҢ ӨГДҮЛМІШКЕ СҰРАЛЫ

Сұрады Елік көзін қадай көзіне,
Тағдыр қандай сыйын тартты өзіңе?

Қандай жолмен өтіп жатыр күндерің?
Неден безіп, нені аңсап, іздедің?

Атаңнан соң тағдырыңнан не көрдің?
Не қайырым, не қиынға бөгелдің?

ӨГДҮЛМІШТІҢ ЕЛІККЕ ЖАУАБЫ

Айтты Өгдүлміш: «Уа, Елік, даңқты ер!
Атағыңа жердің жүзі, қанықты ел.

Алыс жүрдім, Хан, қызмет етпедім,
Тағдыр суық қабақ түйіп, шеттедім!

Талай күндер назарыңды көрмедім,
Сағынышпен шерге шомып, күлмедім.

Бүгін мені есіңе алып, шақырдың,
Үміттендім көңілде таң атырдың.

Шақырған соң, алып ұштым басымды,
Күнім жайнап, көз шырадай ашылды!»

Елік сынап сауал берді кідірмей,
Өгдүлміш те жауап берді, мүдірмей!



26

Өгдүлміштің Күнтуды Елікке қызметке кіруі айтылады

Елік айтты:— Қызмет қыл, ей, балам,
Көңілің жықпа, пейіліңді бер маған.

Атаң артық еңбек етті, білемін,
Мандай терін өтей алмай жүр едім.

Әке ақысын енді саған төлейін,
Кісі өсегі, қаңқу сөзге көнейін.

Не дегенін тыңда Үш Орда бегінің,
Мен айтайын, сөзі болсын серігің:

«Біреу саған етсе зиян, қиянат,
Түй ішіңе, ойға сабыр ұялат.

Кісі екенсің, тінің сенің — кісілік,
Кісілерге адамдық ет кішіріп.

Қастық жасап, қинаса егер кім де кім,
Есесін бер, бойың тартып жүрмегін.

(Азаптаса ағайынды ағайын,
Шексін бейнет, артық тартсын сазайын.

Кісілікпен танытасың затыңды,
Кісілікпен шығарасың атыңды.

«Сезімсіз мал!»— деген атқа қалмағын,
Ғұмырыңды кісілікке арнағын.

Жаны ашып, ұқпаса ойын адамның
Малдан несі артық ондай наданның.

Кісілерді кісі еткен — кісілік!
Кісілікпен аты шығар кісінің!»

ӨГДҮЛМІШТІҢ ЕЛІККЕ ЖАУАБЫ

Айтты Өгдүлміш, жерді сүйіп, табынып:
— Жарығыңа шомдым шыққай қарагым!

(Әміршімсің, құлшылықты таңдадым,
Енді өзімді әз жолыңа арнадым.)

Мен — құлыңмын. Сен — әміршім, әмір бер!
Ұлы бектер құлын ұлдай қадірлер!

Тілесең — ку, құрметтесең — өзің біл,
Қолыңдамын, қасыңдамын тезіңнің!»

Жүріп кетті, тұрды да сәт аялдап,
Жалғыз өзі жетті үйіне аяңдап.

Содан бастап құт белбеуін тағынып,
Қызмет етті, тек Елікке бағынып.

Күндіз-түні пейіл қойды іске енді,
Түн ішінде, іс басында түстенді.

Ырза болып Елік жиі шақырды,
Құты тасып, бақ есігі ашылды.

Не дейді екен бақытты өмір сүрген ер,
Қиын істі аттай ерттеп мінген ер.

«Бек ісіме ырза болсын десеңіз,
Қызмет жаса кеткендей нақ есеңіз.

(Тындырғанша қайтпа кейін бетіңнен,
Сөзден қайтпа уәде беріп бекінген.)

Жанбаса ісің, жүргеніңмен тер төгіп,
Қорланарсың, ұятыңа өртеніп.

Қызыметің жарамаса, жанбаса,
Бар тірлігің бос текірек, далбаса!»

Өгдүлмішті Елік жиі шақырып,
Істі ұқтырды, айтты білген ақылын.

Бірде Елік, деді өртеніп, шыдамай:
«Қандай ерді жоғалтқанмын құдай-ай!

Төңіректе сүйретілген тірі көп,
Тындырымды, сүйенетін бірі жоқ!»

Бәрі олақ, кері кетті жұмысым,
Қане, кім бар, түзер істің тынысын!?

Бастан кешкен жақсыны да жаманды,
Тыңдап, көргін көңілі ояу адамды:

«Тілек болса — бар тілекке жетесің,
Сен күткендей кісілер аз, нетесің?!

(Жүргендер көп қара басы қалқайып,
Сенімдісі аз, сенер көңіл марқайып.)

Толып жатыр адалы да, адамы,
Тілегіңе сай бірі жоқ, ғажабы!»

Ол адамның тектісі еді, ері еді,
Қиындыққа алдырмайтын сері еді.

Ақылымен жақсыларды жебеді,
Ондай жайлы шайыр былай деп еді:

«Жүргендердің жақсылары сирек-ті,
Жақсыларын, ажал ерте күйретті.

Құмырсқадай келгендердің көптігі,
Осылардың іске жарар жоқ бірі.

(Іштерінде — жарайтыны жүрмейді,
Жарамдысы тіленуді білмейді!)»

Елік ойын мәтелдеді, балады:
«Текті ердің текті ұрпағы қалады!

(Ұрпақты ер жолы қырқылмас,
Атаға тартпай ұл тумас!)

Әке көрген, ұл әкедей болады,
Нені ексең, жерден соны орады!»

Айтолдыдан тусаң солай туарсың,
Ұл боп тусаң ата жолын қуарсың!

Ата өлді — орны қалды қуарып,
Көгерт қайта, ата жолын қу анық!

Мәпелейін — кісі болсын келісті,
Келісті іске кенелсін бір жер үсті.

Айыбы жоқ, атасына тенесең,
Бір айыбы, балғын, бала демесең.

Жақсы айтыпты құтты кісі халықта,
Сәулесімен тартқан елді жарыққа:

«Бектер кімді тартса қолдап қасына,
Бектен кейін, сол тұрар іс басына.

Жақын келіп, бек ойына толар кім,
Түгел болар тілегі де олардың.

Бектің өзі кімге жылы қарайды,
Басқа көздің бәрі соны талайды!

(Бектің көзі кімге күлім қағады,
Жұрттың көзі соның сөзін бағады!)»

Елік айтты:— Енді маған шара жоқ,
Білім берсем, шығар бала дана боп!

Әке орнына үлесімді бөлемін,
Махаббатпен тәлімімді беремін.

Бұл Айтолды, адам еді дана асыл,
Кісілік қып кісі етейін баласын.

Өзі ізгі жан — ізгілікті бағалар,
Адамшылық ізгілікпен қаланар.

Ізгі көңілін айнытпайды адамдар,
Ізгі еңбегін ұмытпайды адалдар.

Тында, енді, бабамыздың нақылын,
Сол нақылмен толысады ақылың:

«Ей ізгі жан, ізгілік ет, жаңылма,
Ізгілікті жұтпас жылдар қабыр да!..

Ізгілігің қартаймайды, қалады,
Ғұмыры — ұзақ, аты алысқа шабады!»

Өгдүлмішті Елік сеніп, үптеді,
Бар міндетті сеніп соған жүктеді.

Қызметі бағын ашты, ашығы,
Ісі жанып, абыройы тасыды.

Барлық істі заң жолымен жөндеді,
Қадірі артып, көңілі өсіп, өрледі.

Қашандағы мұның сөзі болды сөз,
Елікке — тіл, Елікке өзі болды көз.

* *

Елік құстай мәпеледі, ұшырды,
Іші-тысы толды, пісті, ысылды!

Түсінді Елік: Ісім енді оңалды,
Қай жағынан келсін міні жоғалды.

(Қыз жүгіндей жайнаған кіл келісім,
Тәрбиелеп, өсірдім — өз жемісім.)

Таптым кісі, жетік істің мәніне,
Жасы толса, кемелденер әлі де!

«Ұл»-дан ұлы шығар деп жұрт жорыған:
Болар бала танылады боғынан...

(Ұл мен Ұлы — бір ғана сөз қос ұғым,
Ұл боп тусаң, түбін ойла осының!)

Тұнсын мына бәйіт те ой-зеренде,
Оқып көрсең, мағынасы терендe:

«Әр нәрсенің бар ерекше шырайы,—
Белгісі сол, танытатын шынайы.

Жеміс дәмін айырасың гүлінен,
Ішкі мәні көрінер түс-түрінен!

(Жыл өткенмен, жоғалмайды қасиет,
Ер белгісі бар балада жас иек!)»

Қызмет етті күндіз-түні сарылып,
Өгдүлміш те төгіп жүрек жалынын.

Қажетсіз іс-әдеттерден арылды,
Игі іс үшін күйінді де тарылды,

(Күндіз — күлкі, түнде — ұйқы көрмеді,
Ел-жұртын да, шаруасын да жөндеді.)

Машақаты кетті Елік — бегінің,
Мәртебесі артты қалың елінің!

ЕЛІКТІҢ ӨГДҮЛМІШКЕ САУАЛЫ

Бірде Елік Өгдүлмішті шақырып,
Күллі іс жайлы сөз қозғады ақырын.

Елік айтты:— Құлағың сал, ей, ұлым!
Айтшы маған бұрып таза бейілің.

Не пайдалы? Не пайдасыз еліңе?
Игіліктің жөні неде, желіле?..

ӨГДҮЛМІШТІҢ ЕЛІККЕ ЖАУАБЫ

— Елік-бегім!— деп Өгдүлміш жүгінді,
Кісілердің көсемі сен, білімді!

Екі әлемде кісілерге, керегің —
Ізгі қылық, түзу құлық — дер едім.

Екінші — ұят, үшіншісі — әділдік,
Осы үшеуі бақ-дәулетің бәріңнің.

Құлқы түзу болса елі сенеді,
Қылығы түзу төрден орын тебеді.

Ұят, намыс — абыройын сақтайды,
Ұятсыздық алтын басын таптайды.

Ұят, шындық, түзу құлық қосылып,
Құт-ырысын күзетеді ел қосының!

Тағы бірі — түзу қылық қарымды,
Қос жалғанда сындырмайды сағынды!

ЕЛІКТІҢ ӨГДҮЛМІШКЕ САУАЛЫ

Ал, жаман не? Жауыздық не? Салалап,
Айтқын,— деді — жаңағыңа қанағат!

ӨГДҮЛМІШТІҢ ЕЛІККЕ ЖАУАБЫ

Айтты Өгдүлміш:— Тыңдап, сынап көріңіз,
Мен айтайын, көңіліңізді бөліңіз.

Үш нәрсе бар, жер қылатын адамды,
Үш күнә бар оттай қарыр табанды.

Біріншіден — арсыз, мақтан, жамандық,
Екіншіден — алдау-арбау, арамдық.

Үшіншісі — алып сатар, сараңдық,
Ақымақ қылар осы үш түрлі надандық!

Пейілі — тар, жаман адам жұғысса,
Қырсық шалып, кері кетер жұмыс та!

Аты шыққа кімнің өтірік, өсекпен,
Төмен болар, қадірі елге есектен.

Боқты терген сасық қоңыз сияқты,
Сараңдықтан асқан не бар ұятты.

Сарақ жайлы сөз бар елге тараған:
«Алаяқ сұм өзін-өзі талаған!

Ашкөздікпен бар көр-жерді жинайды,
Не өзі алмай, не басқаға қимайды.

(Жияды көп, үйіп-төгіп алтынды,
Өз ниетін өзіне-өзі тар қылды.)

Дүниені сандыққа сап сарандар,
Тағы не бар?— деп жалмандап, жаландар!»

Бұл үш түрлі қасиеттің жолы — құт,
Бұл үш түрлі надандықтың жолы — жұт.

ЕЛІКТІҢ ӨГДҮЛМІШКЕ САУАЛЫ

Елік айтты:— Ұқтым, түгел, қарағым,
Айтшы тағы мына сөздің жауабын.

(Дана болып туа ма адам анадан,
Шыға ма әлде көпті көрген санадан.)

Ақылды-есті болып бірден туа ма,
Әлде кейін білім жолын қуа ма?»

ӨГДҮЛМІШТІҢ ЕЛІККЕ ЖАУАБЫ

Айтты Өгдүлміш:— Сөзді солай бөлейін,
Білім, сана жайлы толғап берейін.

Туып оқу-тоқусыз, өмір бойы оқиды,
Дүние сырын ақылмен санасына тоқиды

Анадан да шарана білімсіз боп туады,
Біліп, оқып, үйреніп дана жолын қуады.

Тек ақыл-ес табиғаттан бұйырар,
Ақыл-еске білім, өнер құйылар.

Адам естен басқаны білімімен алады,
Білім, оқу-тоқуды еңбегімен табады!»

•

Жақсы сөзге Елік жаны семірді,
Марқайып бір, өзін құтты сезінді.

Ата жолын ұлы қуды, ұл басты,
Әкесіне берген білім ұласты.

Ұлығы әділ елдің әділ заңы да,
Жаны жарық нұрын төгер жаныңа.

Өгдүлміштің кісілігін танылым,
Талай істің тап басады тамырын.

(Жасаған жөн ізгілікке — ізгілік,
Ізгілікті ала алмайсың үздігіп.)

Қайырымына қайырым жасау — парызым,
Жақсылықтың өтеу ауыр қарызын.

Не деді екен кісілердің сарасы,
Көп білетін көсемдердің данасы:

«Ұрпағыңның ұрпағына үлгі ет те —
Кісілікті кісілікпен құрметте!

Кісілік сол, опаға — опа жасағын,
Опа бергей, шықсын атың, атағың!»

• • •

Желеп-жебеп, Елік сеніп қарады,
Аты-даңқы бүтін елге тарады.

Ел аузында аңыз болды мінезі,
Бар ғаламды жалт қаратты бір өзі.

Тұстастары бектігіне табынды,
Бек ішінде білігімен танылды.

Жылы сөзді, кішік мінез қалпынан,
Айнымады, мейірім тапты халқынан.

Көңілі — күн, сөзі мәнді, шырынды,
Халық біткен тілегіне жығылды.

Жүрегі — мәрт, жаны — жомарт ерлерді,
Бауыр тартып, терезесін теңгерді.

(Сенді сонсоң, сол ерлерге сеністі,
Ізгілікпен тірлік кешті келісті.)

Сеніскен дос — ер жігіттің тынысы,
Тыныстының басым күші, ырысы.

(Тұтас болса ағайынның арасы,
Ала алмайды жәдігөйдің жаласы.)

Білектілер тек өзіне сенеді,
Білікті мен бірлікті ер жеңеді!

Құт-дәулетке жарық көңіл жарасар,
Дана жүрек шыққан күнмен таласар!

Қанатты сөз — қанатты ойдың өркені,
Есте қалар есті сөздің көркемі:

«Бақыт қонса, шаңырағыңа күтпеген,
Кішіктікпен, байқап, соңын күт деген.

Даңғазалап қонбай жатып, ұшырма,
Ұя баспай үріксе, қайтпас құсың да.

(Күліп келіп, төксе бақыт жарығын,
Кісілікпен көтер, шығар қарығың.)

Бақтың тоқсан тарау-тарау тамыры,
Бұлбұл көңіл — маңдайдағы жарығы.

Құлқы жақсы кісі — бақтың иесі,
Ісі гүлдер, тиіп құттың киесі!»

Күні құрсын өркөкірек, кердеңнің,
Өзін көрмей, өзгелерден терген мін!

Бақ та білсең, білікті ерге лайықты,
Өзіне де, ісіне де байыпты.

Осы жайлы жыр бар құстай сайраған,
Ұғып ал да, білгеніңді пайдалан:

«Дәулет қонса, ақымақ та «зиялы»,
Кісіліктен бөлек, әттең сияғы...

Дәулет қонса ақылдыға, ағайын,
Шуағымен нұрландырар маңайын.

(Біліксізге жарасса егер бұл бақыт,
Біліктіге —таққанмен тең күн-жақұт.

Бұл бақ-дәулет жарасса егер наданға,
Қасиет қосар ақылды, есті адамға.)

Біліксіздің дәулет артын жабады,
Біліктіге құрметтеп тон жабады.

Ақымаққа қонған бақыт тоналар,
Қалай қонса, солай ұшып жоғалар!»

Бұл сөздер мен төркіндес сөз бар тағы,
Асыл сөздер бірін-бірі тартады:

«Ақылдыны бақ құрметке бөлейді,
Күн мен түнін кереметке теңейді.

(Ақылдыны бақ мұратқа жеткізер,
Бейнетін де көтерісіп өткізер.

Ал, ақмақ, өзі байлар өз бағын,
Ғұмыр бойы тауыса алмай өз қамын.

Білімсіздің берекесіз басына,
Бір күн тұрмас, кезіккендей қасына!»

* * *

Өгдүлмішті сынап Елік, сенді анық:
Өсірер ер туған екен ел бағын.

Қадір тұтып төбесіне көтерді,
Қадірсіз ғып, жасап көрді, бөтендік...

Қадірлесе — ісің мүлдем жандырды,
Қадір кетсе — ісіңе айыз қандырды.

Ұялды Елік, бірақ көміл сенді Елік,
Қазынасын басқарсын деп берді ерік.

Аманат,— деп, сенді, берді бәрін де,
Қазынаны, малы мен жан-тәнін де!

Таза Өгдүлміш көктен жауған жауындай,
Қойындасты топтың ішкі бауындай.

Жүргізді ісін: білді болса, кеселін,
Хаттап-шоттап реттеді есебін.

Сақтанды өзі, бек сақтады бегін де,
Қылдай сызат түсірмеді сенімге.

Қәрікұлақ, көнекөздің тілінен,
Бұл тірліктің кіл шындығы білінер:

«Байлық, алтын тіршілікте салмақты,
Салмақты ер алтыннан да ардақты.

(Ерді сүйреп кетпесе алтын көгені,
Бұл жалғанның бар қызығын көреді!)

Ішті кеулеп, құмарлансаң алтынға,
Алтын арбап, жоғалады өз нарқың да!..»

Қария айтқан: «Жақсы-жаман арналас,
Ақжүректі адамға нан, алдамас!»

Тағы бір сөз бар қылыштай қайралған:
«Ар намыстың садақасы қайран жан».

Кімді айтамыз турашыл деп, адал деп?-
Шыншыл сөзі әркез маздап жанар кеп!

Ардақты ер деп, айта аламыз кімдерді?—
Шындық үшін бейнет кешіп жүргенді!

Абыройға қандай адам лайықты?—
Жомарт — лайық, сараң әркез айыпты!

Адам сорлы бар бейнетті жеңгенмен:
Жарымайды, күн-түн ризық тергенмен!

Қайсыбірі, кең дүниені кезіп жүр,
Құлқын үшін тірлігінен безіп жүр.

Қайсыбірі, ажалға бас тігіп жүр,
Маржан сүзіп, көк теңізде жүзіп жүр.

(Бұл дүние рахаты — еңбекте,
Еңбек ет, тек айналдырма бейнеткe!

Мехнатын біл, зейнетінің біл өңін,
Малға ұқсама, сияқты анық тірі өлік.)

Қайсыбірі — тау қопарып күн көрген,
Енді бірі бәз кешіп жүр бұл жерден.

Біреу тауға өрлеп, дария кешіп жүр,
Су шығарып біреу жерді тесіп жүр.

Біреулер жүр ай қылышы жарқылдап,
Біреу өліп бара жатыр, салқындап.

Біреулері — алдамшы, сұм, қарақшы,
Біреулері — барымташы, шырақшы.

Бәрі осының — бір құлқынның қамы екен,
Құлқынға құл болғандар кіл — тағы екен.

Мұның бәрі надандықтың қылығы,
Надан да мал, қуған құлқын құрығы!

Білікті жан тұрмыс сырын саралап,
Дәм мен тұзын ақтап, көрер қанағат.

Деген екен қанағатшыл ер кісі,
Көргендері сөздеріне тең кісі:

«Жаһанды кез, үйіңде жат — өлесің,
Маңдайыңа жазылғанды көресің!»

Ей, білген құл ,түзет сөз бен көңілді,
Ырзығың бар, бүркенгенше көріңді!

Татқың келсе, тірлікте құт-балыңды,
Әділдіктің шоғы бусын жаныңды.

Келсе егер, бар жаһанды билегің -
Тағы да сол, ақиқатты сүй, бегім!

Күллі әлемді әділетпен билеген,
Парасатты бір ақсақал бүй деген:

«Түгел алғың келсе, жердің ырысын.
Таза болсын сөзің, ойың, жұмысың.

Дүниені кеткің келсе басқарып,
Шындық үшін от кеш, қалма жасқанып!»

Еліңді, бек, әділдікке бөлесең,
Құтты жұрттың қуанышын көресің.

Ақиқатпен, таза атқар бар істі,
Ту қып көтер адамшылық мәністі!

Өгдүлміштің артты бағы, беделі,
Жұртпен сырлас болды, «Бекпін!» демеді.

Елік сеніп, жақын тұтып, демеді,
Күллі істе соның сөзін еледі.

Ұқты: Өгдүлміш туған ұл деп бағына,
Қәміл сенді ақиқатшыл жанына.

Сүйсінесің, ақылды ердің ойына,
Надан, мұны сіңір түгел бойыңа:

«Қызметшісін бектер тұрсын тексеріп,
Қызметті де беру керек, тек сеніп.

Көр көзіңмен, істі алғанын игеріп,
Сонсоң ғана, құрмет білдір сый беріп.

Құлдың ісі ұнап тұрса бегіне,
Құл мал табар, бек мақтанар теңіне!

(Қызметшімен құтың тасып көлдейді,
Құл құрметке, бек даңққа өрлейді!)»

Жақсы айтыпты Яғманың * бір бегі,
Барлық іске пайдалы екен — білгені:

«Бек! Іс берсең, іс жөнін білгенге бер,
Қолмен ұстап іс қылып жүргенге бер!

Олақпенен жұғыссаң, көзіңнен көр,
Өзге емес, тағы да өзіңнен көр.

Құдай қолдап тұрса, жаның жадырар,
Қызметшің де есті жаннан табылар.

Оңдамаса, жасыратын несі бар,
Құлың сұм боп бар құтыңды қашырар!

Ондай надан шашар төрге күліңді,
Тозақ қылар көрген күн мен түніңді!

(Олақтықтан от шығарар орданнан,
Барлық ісі кері кетер қолға алған!)»

• • •

Өгдүлмішке Елік сеніп алды да —
Уәзір етті, тартты істерін алдына.

Билігі оның барлық елге жетті енді,
Қолы ұзарды, тілі оймен шектелді.

Ыдыс, таңба, құрал-жабдық, киімін,
Атын берді *— құты өсті үйінің.

Жылы сөйлеп, нұсқап, жөндеп ақырын,
Қолдап, мақтап, берді өзі ақылын.

Кішісі бар ұлығы бар талайдың,
Басы иілді; табынды елі сарайдың.

Құзырына құлдық етті ел барысып,
Қошеметтеп, тарту тартты жарысып.

Ал, Өгдүлміш ізгі заңын енгізді,
Құрметтеді, теңеді елге теңсізді.

Арылтты елді зәбір, жапа қамынан,
Бар кеселді қуды бойдан, маңынан.

Түзелді заң — түзелді ел, кенелді,
Риза Елік: соқты оңынан желі енді.

Жайнады елі елестетіп лағылды,
Туы құлап, жаудың тауы шағылды.

Құтылды Елік бейнетінен тірліктің,
Көңілі тасып, татты балын бірліктің.

Бұл дәулеттің бәрі білім мәуесі,
Біліктінің биік өре, әуесі.

Қалай ғана мақтамассың білімді,
Білімсіздік ірітеді тініңді.

Біліктімен ісің жанып тұрады,
Білімсізден кілең сұмдық тұнады.

Құт-ырыс та — біліктіге жарасар,
Қуат-күштің бәрі сонда, қарасаң.

Былай депті Ыла бегі сөзге епті,
Тілдің мірі надандарды көздепті:

«Қорлығынан надан, таяз бегіңнің,
Азап шегіп, бағы таяр еліңнің.

Басқарса елді білімді ер — білікті ер,
Бағымыз деп бағына бер, жігіттер!

(Біліксізбен тапса дәулет ұнасым
Біліктімен тасыр еске ұласып.

Біліксіздің қалып қойса қасында,
Білімдіні жоқтар өлсе, басында.

Білімді басын көтерсе төрден —
Біліксіз бықсыр шаладай сөнген.)

*

Елік болса, тасқын судай тасады,
Тәңірді ойлап, шүкіршілік жасады.

Көзін көкке тігіп, деді: «Жаратқан!
Өзің бізге білім нәрін таратқан.

Бердің — білім, құдірет-күш, өмірді,
Туралық бер, бекіндіріп көңілді!

Ізгі жолда, тек өзіңсің, медетім,
Құдірет бер жалғандықты жеңетін!»

* *

Құрмандық қып, үлестірді мал-мүлік,
Көңілін бұрып, бір аллаға салды үміт.

Қуанышпен ай менен күн жарысты,
Ел көркейіп, марқайып бір қалысты.

Бұл адамның адамына бұйырар,
Оның да өліп кететіні қиын-ақ.

Бегі әділ болса, елі бақытты,
Халқы түзу болса, бегі бақытты!

Жаман-жақсы, бір топырақ қабады,
Топырақ бүркер бірақ аты қалады.

ЕЛІКТІҢ ӨГДҮЛМІШКЕ САУАЛЫ

Елік бір күн Өгдүлмішті шақырып,
Сауал қойды, бере отырып ақылын.

— Ата көзін көрдің, өзін білмедің,
Тәрбиесі, еңбек тері сіңбеді...

Қарттан үлгі көруші еді балақан —
Өлгенде атаң, едің құйттай балапан.

Атаң саған бере алмады білімін,
Мен бермедім, жүрген көптің бірімін.

Мұнша білім, мұнша ақыл, сананың,
Көзі қайда? Кімнен алдың, қарағым?!

ӨГДҮЛМІШТІҢ ЕЛІККЕ ЖАУАБЫ

О, әміршім!— деді Өгдүлміш,— Еліңде,
Ұзақ жасап, даңқың өссін сенің де!

Кімге құдай жылы жүзін тігеді,
Соның аты шығып, болар тілегі.

Бұл жөнінде ақсақалды қария,
Айтқан мақал түркілерге жария:

«Іс оңалып, орындалуы арманың,
Ұлылығың — бұйрығы бір алланың!

Күшпен тартып ала алмайсың берместі,
Күшпен тегі келтірмейсің келместі!

Қашан болсын, адам ұзақ жолдасың,
Қыдыр қолдап, бір хақ өзі оңдасын!»

Бұдан басқа, ата-баба батасы,
Ер серігі, жоқ сөзімнің қатасы.

Бүгін көрсем бұл тірліктің шуағын,
Атамның ақ батасы деп ұғамын.

Елік мені жебеп, берді қол ұшын,
Жолға салды. Ердім — өсті өрісім.

Елік қолдап, зұлымдардан қорғады,
Тағдыр менің жолымды өзі оңдады.

Бұл бектердің ықыласын алған жан,
Бір шығады мұрат, тілек, арманнан,

Кісі көңілі бейне бау, сән беретін,
Бектер сөзі ылғалдай нәр беретін.

Суы мол бақ жұпар шашып, солқылдап,
Гүл — теңіздей тасып, шалқыр толқындап.

Бектің сөзі жылы тисе құлына,
Көңілі тасып, нұр қосылар нұрына.

Бектің сөзі өрттей тисе жандырып,
Көңілі құрап, қалар солып, мәңгіріп.

Құдайды ойлап асау көңіл басылар,
Құдай берсе — бақ есігі ашылар.

Мұны меңзеп шайыр сөзін толғапты,
Сөз ұққанды білік сүйеп қолдапты:

«Хақ қаласа, гүлі ашылып тіліңнің,
Жолыңды оңдап, берер кілтін білімнің.

Білім білсең, күнің нұрлы өтеді,
Қанша кішік болсаң да, ұлы етеді!»

ЕЛІКТІҢ ӨГДҮЛМІШКЕ САУАЛЫ

Айтты Елік:— Дұрыс, сөзің сіңімді.
Қалай алған біліктілер білімді?

Даналықты кісі үйреніп, тани ма?
Соның ана құрсағында дари ма?

ӨГДҮЛМІШТІҢ ЕЛІККЕ ЖАУАБЫ

Айтты Өгдүлміш, тілі тербеп көмейін:
«Бұған дағы жауап беріп көрейін.

Туғанда ақыл-есі болса адамның,
Сияр соған бар білімі ғаламның.

Күнде өсіп — қарап, зерттеп бағады,
Зерттеген соң — зердеге сап алады.

(Не тілесе — соны біліп, түсінер,
Білген сайын іштен жиі күрсінер.)

Ілім білген дана атанар ақыры,
Білім елге пайда берер, ашығы!

Туғаннан-ақ білімге ынта болмаса,
Оқу іздеп қиналмандар онда аса...

Бала білім жолын қусын десеңіз,
Бесігінде-ақ ілім шоғын көсеңіз...

(Бала миы дақ тимеген қағаз нақ,
Миға сөзін ұмытпасқа жазар бақ.)

Балалық шақ ілім қуып, тоналар,
Жылдар салып береке боп оралар.

Қайсарлығың — жеңіс болып қосылар,
Кісі ілімді үйренер де, шошынар...

Білім, даңқ — тоқуменен табылар,
Сәби кезде-ақ, ақыл-сана табы бар.

Бұл жөнінде түркілерден тараған,
Сөздің жөнін, ойлап-ұғып қарағын:

«Оқу-тоқу берер — білім, парасат,
Оның бәрі ақыл емес, қарасақ.

Ақыл-зейін хақ бұйрығы сіңірген
Желек жаяр, қосылғанда біліммен!»

Ақыл-ес те хақтың берген еншісі,
Білім-кенге түскен мидың елшісі.

Ақылды ер тұрар биік күллі елден:
Біліктіге береке мол білгеннен!

Оқымаған деу адамды қиын-ақ,
Әттең, бірақ айтқан сөзі сұйық-ақ.

ЕЛІКТІҢ ӨГДҮЛМІШКЕ САУАЛЫ

— Ұқтым бәрін!— деді Елік,— түсіндім,
Мынадай бір сауалды ойға түсірдім:

Жақсы аштың жігін білім, ақылдың,
Парқы қандай, ақыл — асыл затыңның?

Қайда оның мекен-жайы тұрағы?
Қайдан өніп? Қайтсе, қалай шығады?

ӨГДҮЛМІШТІҢ ЕЛІККЕ ЖАУАБЫ

— Ақыл,— деді ол,— қымбатыңның қымбаты,
Ақыл жоқта, құнсыз тәннің сымбаты.

Ақыл тұрар қатпарында миыңның —
Баста бәрі — қимас асыл сиыңның.

Кісіге ақыл бейне кісен тәрізді,
Тұрар бағып әр құлық, іс, әр ізді!

Қылық, тілді пендем, мойнын үзер деп,—
Қойыпты алла ақылменен шідерлеп.

Ақыл — тірлік, ақылсыз жан — бір өлік,
Ей, ақылсыз, ақыл болсын тілерің!

Адам — білсең — үй, түн түнеп түнерген,
Ақыл ғана жарық төгіп жіберген...

Бар жақсылық ақылменен келеді,
Кісі ақылмен аты мәшһүр, келелі.

Екеуінде адамдықтың белгісі,
Ақыл, білім адастырмас, ей, кісі!

Малдан адам айырмасы ақылда!
Малда мый бар — жоқ қой ақыл, мақұлда!

(Тең келетін нең бар, айтқын, ақылға!
Қасиетте, қасиетің — басында!)

Ақыл жайлы ақылды сөз, қарацыз,
Оқып,көріп, ой алдым деп санацыз:

«Кісілердің кісілігі — ақылда,
Білім болса, адам дана, батыр да!

Малға айналма, ұста білім, ақылды,
Танытатын білім, адам, затыңды!

Біліп сөйлеп, біліммен бу тіліңді,
Ұғып іс қыл бастағы ақыл-пірімді!

ЕЛІКТІҢ ӨГДҮЛМІШКЕ САУАЛЫ

Қадірін ұғып ойдың асыл нарқының,
«Тағы да айтшы,— деді Елік,— жарқыным!

Енді ақылдың қасиетін түсіндір,
Деген бабаң білсең, бірдің түсін біл!

Нарқы неде? Мәні қандай? Түр-түсі?
Ақ ба? Адам ба? Қандай сөзі, күлкісі?»



27

Өгдүлміш Елікке ақылдың қасиеті туралы әңгімелейді

Айтты Өгдүлміш:— Ақыл ісі баянды,
Құлқы тура, жолатпайды аярды.

Жасы кіші, жүзі нұрлы, көрікті,
Бар ізгілік бір өзінен өріпті!

Жомарт, ойлы білер істің шамасын,
Әділ, таза сақтар жұрттың арасын.

(Қиянаттан сақтайды адам баласын,
Шаң тигізбей ұстар намыс жағасын).

Қайда барса — іс қиюын табады,
Сөйлесе ақыл — тіліңнен бал тамады.

Жүзі игі барлық жерде сыйымды,
Табыстырар қиыспайтын қиырды.

Көзі жіті, қырдағыны шалады,
Қандай істе, еш таймайды табаны.

Былық істі, былғанбай-ақ кешеді —
Не түйінді, қас-қағымда шешеді.

Алды-артың — барлап — оң мен солыңды,
Бәрін талдап, жорып берер жолыңды.

Ұшқанды — ұстап, куып жетіп қашқанды,
Сынықты — сап, түзер асып-тасқанды.

Ақымақтар ақылды аңсап, жоқтайды:
«Ақымақ басым, ақыл қашан тоқтайды!?

Еш себі жоқ; кештім тірлік шөгірін,
Ақылсыз жан — сүлдер, арсыз көңіліңі!

Ақыл — жарық, басырларға көз болар,
Тірі өлікке — жан, мылқауға сөз болар!»

Ақылдылар ақылды әркез мақтайды:
«Ең ізгі дос! Сенен ешкім артпайды!

Пейіліңі — түзу. Бар ісің — оң, солың жоқ!
Достарыңа күйіндірер сорың жоқ!»

Ақыл-есі бар адамның белгісі:
Біліп бәрін, келер біле бергісі.

Ақыл-естің мақтамайын, мақтайын,
Түзік жолы — сағат сайын, сәт сайын!

Есті жанның тілі — шындық шұрайы,
Бар қылығы тегіс шымыр шығады!

Одан салқын сабырлылық сезеді,
Жеті өлшеп, жалғыз рет кеседі.

Ой ойланып, толғанады әуелі,
Болжап кіріс, сонда ісің мәуелі.

Қолынан іс келсе, жас деп, күтпейді,
Жұрт арыз-мұң, аманатын жүктейді.

Енді мына сөздерді естіп, ойлап көр,
Зейін қойып, тереңіне бойлап көр:

«Жасты да ақыл кемеліне келтірер,
Ессіз кәрі тоқсанында желпінер.

Жас ақылы — шығар сөлі шырынның.
Ақыл қайда болса, солай жығылғын.

(Кішісінде — махаббат, кәрісінде — мархабат,
Бәрі жақсы, ақылмен өтсе жүгін арқалап!)»

ЕЛІКТІҢ ӨГДҮЛМІШКЕ ЖАУАБЫ

Масайрады Елік мақтап баласын:
Ойың — дария, сөзің — терең данасың!

Құдай саған көп қасиет дарытқан,
Тағы да өзі маған сені танытқан.

Жүгім ауыр, елдің мұңы — ырысым,
Бүгілгенде, сен екенсің — тынысым.

Иығымнан жүгімді алдың аударып,
Сезіндің бе қанша салмақ ауғанын?!.

(Құттың барар жолы да ауыр, жүгі ауыр,
Ауырлықтың бар ләззәты бір ауық.)

Жүгімді алдың — сая табар жаның да,
Көзіңдей көр, қазынамды қабылда,

Құдай маған тауфиқ берсін, күш берсін,
Үш есе көп ақы ап, бір іс істерсің!

Білемін, сен біраз қызмет атқардың,
Адалдық пен мейіріңді ақтармын.

Адалдықтың өзгелігі өзгеден,
Өзін емес, бек пайдасын көздеген!

Қызмет сырын білген ерді тыңдағын:
«Бектің жаны — бейіш, тапса құл бабын!»

Бек шаттанып, дәулет тасар әлденіп,
Құл-құтаны қызмет етсе жан беріп.

Есті құлы бектің құлқын біледі,
Бек те, өзі де мейірлі өмір сүреді.

Бар бейнетті алса құлы басына,
Сауласа құт ұқсап таудың тасына.

Мұндай құлды тапса әмірші ақыры
Болар еді ол да құдай рахымы.

Осы арманмен, тағдырына кектеніп,
Бізден бұрын талай бектер кетті өліп!»

Бүкіл әлем шаттық құшты бақ дарып,
Елікке арнап дұға қылды бар халық,

Естіп басқа ел кісілері тамсанды,
Жүзін оның бір көрсек деп аңсапты.

Жылдар — жылға, күндер — күнге алмасты
Елдің құты өсіп әрі жалғасты!

ЕЛІКТІҢ ӨГДҮЛМІШКЕ СҰАЛЫ

Елік бір күн Өгдүлмішпен тілдесті:
«Білгеніңді айт, сұрамаспын білместі?

Адам жеті мүшеден тұр жаралып,
Әрбірінің қызметі бары анық.

Көңіл құрты неде, және көз құрты?
Пайдасы не? Қандай екен өң-құлқы?»

ӨГДҮЛМІШТІҢ ЕЛІККЕ ЖАУАБЫ

Айтты Өгдүлміш:— Қандай көңіл, шіркіннің,
Аңсарына жеткен сәті бір күннің...

Көздің құрты — сүйікті өңді бір көру,
Көңіл құрты — аңсарымен бірге өлу.

(Бір көрінсе сағынғаны — шынары,
Жайнар еді, шіркін, көздің шырағы.

Шықса алдынан аңсағаны — сыңары,
Ойнар еді-ау, шіркін, көңіл шырағы)

ЕЛІКТІҢ ӨГДҮЛМІШКЕ САУАЛЫ

Сұрады Елік:— Сыры неде сүюдің?
Махаббат деп өртенудің, күюдің?

Махаббат деп күңіренеді шетінен,
Тайсалмастай ет кессе де етінен?

ӨГДҮЛМІШТІҢ ЕЛІККЕ ЖАУАБЫ

Айтты Өгдүлміш:— Күлген көңіл төрінен —
Махаббатты білер қарап өңінен.

Көзің, бірақ, кейде алдана береді
Көңіл ғана кедергісіз сезеді.

Білгің келсе, сүйер я сүймесін —
Ашып қара көңіліңнің күймесін.

Сүюде бар белгі, білмес еш пенде —
Сайрап кетер көзің-көзге түскенде.

Шайыр сөзін махаббатты жырлаған,
Есте тұтып, таратып жүр мың ғалам:

«Ғашықтықты ғашықтардың өңі айтар,
Тіл қатысса, қызыл тілдің өзі айтар.

Кірпігі айтар дір-дір еткен жүректей,
Еріні айтар жанды өртеген тілектей.

(Батылың барып, көзді көзге қадасаң
Сүйгендігін күйіп-жанған жан ашар!

Қара көздер өртке күйіп шарпысар,
Сыр беріп ап, қайран жүрек тартысар!)»

ЕЛІКТІҢ ӨГДҮЛМІШКЕ САУАЛЫ

Елік айтты:— Бұл сөзің де қонымды,
Бір бұйымтай. Берсең енді сонымды.

Керекті сөз сұрайын енді сенен,
Жігітсің ғой білікті, сөзге кенен.

ӨГДҮЛМІШТІҢ ЕЛІККЕ ЖАУАБЫ

Лйтты Өгдүлміш:— О, халықтың Елігі,
Бектің атын шығарады білігі.

Бектің өзі — болар білім ордасы,
Құлдың сөзі — құрғақ тілдің жоргасы.

Сұрау оңай, қиын боп тұр жауабы,
Бек болмаса, қайтты құлдың тауаны.

(Керекті сөз айту үшін, о бегім,
Елік сөзі керек екен, білерім...)

Маған — ауыр, Елік тілі — ұстара,
Құдіреттім, ая мені, қыстама!

ЕЛІКТІҢ ӨГДҮЛМІШКЕ ЖАУАБЫ

«Сұраушының,— деді Елік,— күйі мұңлық,
Білмеген соң сұраушы ұрар құлдық!

Олай болса, мұныма — сүйінген жоң,
Мен сұраған сөзге — сөз үйірген жөн.

ӨГДҮЛМІШТІҢ ЕЛІККЕ ЖАУАБЫ

Айтты Өгдүлміш:— Ей, ізгі бек, тірегім,
Сөйлегеннен, тыңдау абзал, білемін.

Сөз сөйлеуші жанын қинап тынады,
Тыңдаған жан сергіп, семіріп шығады.

Деген екен көңілі ашық, көрікті ер,
«Тіліңді тый, ақылыңа ерік бер!»

Көп тыңдаған ой саралар көп біліп,
Көп сөйлеген басын берер көпіріп!

Есті сөзден — ғибраттанар құлағың,
Көп мылжыңнан лайланар ой-бұлағың.

Көңіліндегі айтылмаған сөз алтын,
Шықса қола болар, нарқын жоғалтып.

(Көрікті ой біле білсең ұққанға,
Тоз-тоз болар отыз тістен шыққанда!)

ЕЛІКТІҢ ӨГДҮЛМІШКЕ ЖАУАБЫ

Дұрыс айттың. Жоқ сөзіңде, сенде — мін!
Мықтап тақтың құттың қамар белбеуін.

ӨГДҮЛМІШТІҢ ЕЛІККЕ ЖАУАБЫ

Айтты Өгдүлміш:— О, құтты Елік, ақылды!
Құрмет тұтам, өзім, құлдық затымды.

Бек жолында құлы жанын салады,
Ақылы жетсе, бек көңілін табады.

Өз болмысым жайлы айтайын мен енді,
Кешіргін тек, қате кетсем егер де!



28

Бектікке лайық бек қандай болуы керектігі айтылады

Елік айтты:— Көңіліңді бұрайын,
Енді мына сауалымды сұрайын:

Жаратты адам баласын да бір алла,
Есті-ессіз, ұлық-кішік — бар онда.

Ақылды бар, ақымақ бар, бар ғалым,
Бай-кедей бар, надан, аңқау, бар залым.

Бәрін соның алаламай бөлектеп,
Басқаратын қандай болу керек Бек?

Елі гүлдеп, байып бектің бағына,
Даңқы тарап, өссе халық саны да!

Қазна толып, күміс судай ағылса,
Шоқтығы өсіп, күшіне әлем табынса.

Әскер толып, тұрса күші дігірлеп,
Тұрмыс, заңды тураласа іліммен,

Бектің аты бар жаһанға тараса,
Күн-күн сайын құты артса тамаша.

Ұзақ бектік құрып, жетсе мұратқа,
Рахат көрсе, мінгешінше пыраққа!

ӨГДҮЛМІШТІҢ ЕЛІККЕ ЖАУАБЫ

Айтты Өгдүлміш:— Құтты Бек!
Қиын сауал тынысымды тұтты кеп!

Бектік ісі аян бектің бәріне —
Бәрі жүйрік заң, саясат мәніне.

Бектік үшін туған олар анадан,
Бектік сүтпен, іспен бойға тараған

Жаратқан да берсе бекке береді,
Ес, парасат, бекке керек — себебі.

Кімге бектік лайық соған сенеді,
Оған ақыл, жүрек, қанат береді.

Бектің ісі, тек бектердің еншісі -
Бектер ісін, ұғар бекке тең кісі.

Білер бәрін Елік бектік жөнімен:
Атасы бек болған, кейін — өзі бек!

ЕЛІКТІҢ ӨГДҮЛМІШКЕ ЖАУАБЫ

Деді Елік — Ұқтым. Шын сөз айтқаның,
Тура сөйлеп, бұлтармадың, қайтпадың.

Іс істеуші тек ісімен жүреді,
Ал, сапасын көрушілер біледі.

Мен істеуші — сен көруші, бағасың,
Көрушіден құнын біліп, қанасың!

Алла саған ақыл, білім, ес берді,
Білік болмай сес болмасын ескерді.

Қаршадайдан маған келіп жалдандың,
Адамдықты сөбегіңмен аңгардың!

Барлық істі білігіңмен биледің,
Суға баттың, отқа түстің — күймедің!?

(Адал жансың сөзіңмен де ісіңмен,
Ниетімді кісілікпен түсінген.)

Сенген жанға айтар кісі жан сырын,
Сенгенге адам жанын берер, бар шының.

Сенем саған, сеніп кәміл, сырластым,
Сен де маған сенсең, үнсіз тұрмассың!

Не дегенін, тында ердің сеніскен,
Сенім деген қасиет қой келіскен:

«Ақылдылар сенгенді көп мақтаған,
Сүйікті ерді ел де түгел жақтаған.

Сүйінер дос тапсаң — білгін қадірін:
Білім-ойдан ұққан, менің тәлімім!»

ӨГДҮЛМІШТІҢ ЕЛІККЕ ЖАУАБЫ

Айтты Өгдүлміш:— Елік, елге ағасың,
Ұзақ, тыныш жаса! Даңқың тарасын!

Бұл бектікке асыл текті ер лайық,
Күшті, ер жүрек, епті бейне желқайық.

Атасы бек болса, ұлы да бек болар,
Ұлы бек боп туса, асыл тек солар!

Ақыл керек, бекке керек білік те,
Сақылық та керек лайық жігітке!

Бек халықты тек білікпен сендірер,
Барлығын да ақылына жеңдірер.

(«Бек»— дегенді «тек» дегенмен салыстыр,
Дейтін кім бар: бір-бірінен алыс тұр?!.)

Бек дегенің білікпенен берік тұр,
Білік кетсе, бек қалады — желік тұр.

Ақыл, білім сенер тыныс, қуатың
Білімдінің жауы да көп буатын.

Не дер екен, тыңда, білген білікті ер,
Бастан кешіп түйгені мол біліп кең:

«Бек білімді, зерек — болсын — қырағы,
Тосын қырсық сонда ығып тұрады.

Мың түрлі ерлік жасау керек мәнді, ірі,
Ізгі атың қалу үшін мәңгілік!»

Ұлы адамның барлығы да, парықта,
Тек біліммен жеткен мұрат, даңққа.

Тегі жақсы болса, жақсы адам да,
Жақсыларды құрмет тұтар әмәнда.

Бектік атақ — қасиетті, құрметте,
Бекке қажет өз қадірін білмекке!

Халыққа алып ұлдар керек саспайтын,
Ұлы істерде ұлы жорық бастайтын.

(Халыққа ұлы ерлер керек қаһарлы,
Саспай шығар өрт алса да жаһанды!)

Не дегенің, тыңда Өтүкен бегін де,
Есті сөзбен ер атанған тегінде:

«Шыншыл, сара басшы керек халыққа,
Халық үшін түсіп шығар тамұққа.

Халыққа жақ, көңілі — тоқ, көзі — тоқ,
Ойы — терең, тілі — майда, сөзі — шоқ...

Жасай алар ізгілік пен ірілік,
Заң, ұятты сақтай білер жүгініп!

(Басшы керек, елін сүйер ер керек,
Болмау үшін адамың — құм, жер — кебек...)»

Осындай бек — болар халық көсемі,
Ұрпағы өссе — даңқы тағы өседі.

Басшы істі білігімен атқарсын,
Ақыл — батыл, батылдығы — ақталсын.

Ұстау керек ел-жұртыңды біліммен,
Білім жоқ па, ақылың да бүлінген...

(Білікті бек елді ақылмен ұстайды,
Білім жоқ па — ақылыңды ел ұқпайды).

Бек жаңылса, билігі де шайқалар,
Дауа ләзім дертті жеңіп жай табар.

Дауасы оның — ақылыңмен емдерсің,
Құдіретім, дертке — білім дем берсін.

Болу керек бек білікті, ақылды,
Емде ақылмен, ауру шалмас басыңды.

Білімді бек, болса ақылың, таза арың,
Қос жалғанда бір шытылмас қабағың.

Екі әлемде ердің мәшһүр болғаны,
Тірлігінде басына бақ қонғаны.

Шайыр сөзі бұл жөнінде бар тағы,
Оны ұға алсаң, көңіліңді тартады:

«Бақыт не өзі? Емес пе елдің ермегі?..
Кім бақытты? Кім зұлымдық көрмеді?

Кімдер жомарт — сол бақыттың несі,
Бақыт берген жанға бақыт тиесі!

(«Жақсылық қыл!»— бұл дүниенің сабағы,
Сонда адам шын бақытты табады!)»

Қайтпаса бек әділдіктен, шыңдықтан,
Бақыт құшар бұғауда да шыңғыртқан!

Құдай кімге ізгі құлық сыйласа,
Оған да өзі жомарттығын тыймаса...

Құт қызығы бұйырады — құлқына,
Көре ме өзі, бере ме әлде жұртына.

Құдай ондап, бақыт конса кісіге,
Мейірім-мерей ұя салар ішіне.

(Әуелі алла оңдар пейіл-пиғылын,
Төгер сонсоң құт, береке, сыйлығын.)

Ізгі құлық, қасиет керек мың түрлі,
Ел басқарып, серпу үшін бұлтыңды.

Ізгі болса, құрыр көңіл күйігі,
Ізгі құлық — бектің нәсіп, киімі.

Құдай кімнің құлқын бұзса, жаман-ды,
Замана оғы тиіп, жөнін табар-ды!

(Ниеті — сұм, жүрсе жұртты қаралап
Құдай атар, өлімші қып жаралап.)

Бегің залым болса шөлдей су тақыр,
Қылығы — у, қуанышы су татыр!

1985 Ізгі жүрек ізгілікке бұлқынар,
Асыл текті тазалыққа ынтызар.

Жан секемшіл — тұмшалардай көк тұман,
Жүрек қорықса — ақтығыңа жоқ күмән!

Бегің қорықпай, кейде қорқып тұрады ел,
Бегің онда қорқау болды, ұға бер...

Сақи, сұлу кей бектер сақ, сабырлы,
Естиді ондай мұңыңды да, зарыңды.

Қиын істе ақыл ғана серігің,
Сор, не бағы елге — есі бегінің.

1990 Ақылды ердің, тиер себі ісіңе,
Кірмес ісің ақымақтың түсіне.

Көңіл жоқ па, көзден көрер пайдаң жоқ!
Ақыл жоқ па, құр көңілден қайран жоқ!

(Жүрегі жоқ тасбауыр жан, соқыр нақ,
Жүрек жоқта, ақыл байғұс, ақымақ!

Ел басқарған жүректі ер не дейді,
Ұлы сөзді ұқ, ғұмыр бойы жебейді:

«Қай кісі де ордасы ақыл-білімнің,
Ер деп сана, төк мадағын тіліңнің.

Білігі мол, ақыл-ойы сай кісі,
Кішігі — ұлы, ал кедейі — бай кісі!

(Жаман болсын — мақта, көзі ашық қой,
Білімсізді қасында оның, басып қой!)»

1995 Білік — қанат, құт-ырысың торықпа,
Ақылдыны «дана!» деуден қорықпа.

Ұшқалақтық — шайтан ісі, азғырар,
Жеңілтек бек елін-жерін аздырар!

Ыза, қызбалық, тыраштардың кергісі —
Мұның бәрі, надандықтың белгісі.

Асыққанда, іс қайнауы кем келер,
Асыққаннан шикі ас ішкен — сенделер!

Барлық істі ойлап істе, сабыр қыл,
Асықтың ба — ибадаттан жаңылдың.

2000 Ашкөзденбе, ұятты ойла, адал бол,
Ашық айтып, әділ іске жарар бол!

Мешкей тынып, сұғанақ көз қояр ма!?
Ашкөзділе жаһанды жеп, тояр ма?!

Сұғанақтық — дауасыз дерт, арылмас,
Күллі жаһан емі қонбас, жазылмас.

Барлық аштар, жесе ақыры тояды,
Сұғанақ көз, тек көрінде қояды.

Сұқ құтаймас, қанша мүлік жисаң да,
Кедсймін дер әлемді оған қисаң да!

2005 Бек кісіге — керек ұят, ақыл, ар,
Зұлмат күш жоқ, ақыл-арды жапырар.

Күшті болса кімде ұят құрыштай,
Сақтар арын, арамды орын қылыштай.

Хақ бұйыртса ұят пен ар, намысты,
Құт та бірге, желеп-жебер арысты.

Барша арамнан сақтаса, ұят сақтайды,
Игі іске бастаса, ұят бастайды.

Ұят — қасиет, нұр құяды өңіңе,
Ол сүйрейді ізгіліктің өзіне.

Жүрек ақ боп, тіл шындыққа шынықсын,
Шын сөзіңе сеніп халқың қызықсын.

Егер бегі қиянатшыл, сұм болса,
Халқы сорлап, күн көре алмас құл да онша.

Көңіл мен тіл болса алдамшы, жылтырақ,
Безер бақ, құт ел-жұртыңнан шырқырап.

Үміт артпа, сөзі сұйық, қу бекке,
Қапа болып өтер күнің құр текке.

Болу керек бек жігерлі, бек — сергек,
Салғырт болса — оған қалай ел сенбек?!

Бек мәңгілік қарауы шарт екі ісін,
Қырағылық және заңы — елі үшін.

Сақ болса бек, берік елдің іргесі,
Жауы жасып, тынар үнсіз күндесі.

Қай жерде бек заңды тура ұстаса,
Елдің де онда күні жарқын, қысқасы!

Осы екі жай, бұл бектіктің сынағы,
Олар болса, мықты бектің тұрағы.

Сақтықпенен жаудың бетін қайтарған,
Тыңдап көрші, батыр қалай айта алған:

«Уа, бектер! Ұстан ойын Еліктің,
Сақтықпен ол ел жүрегін еріткен.

Бектік бекір ел, бектердің күшімен,
Осалдықтан тозар бектік ішінен!»

Сергек қара, қадағала жауларды,
Елді бапта, баптағандай бауларды.

Екі нәрсе елдің бетін аздырар,
Түзу жолдан тайдырар да жазғырар:

Бірі — күш те, бірі — бей-жай әлсіздік,
Екі пәле берер елге әрсіздік,

Жауды басып, келсе тыныш ұстағың,
Көз, құлақпен бақ баққандай құс таңың.

Сақтықпенен бектер жауын күйреткен,
Осалдықпен елін, бағын күйреткен.

Осал болса, бектер ісі бітпейді,
Осал болса, ұзақ бектік етпейді.

Сақ тұрса ер, осалды әркез соға алар,
Сақ болғай бек, жауың да бас сағалар!

Сақ жүрсе бек, соқтыға алмас ешбір қол,
Тиісе қалса, табар ақыл-есің жол.

Зұлым күшпен бек ұзаққа бармайды:
Күш-зорлыққа халық шыдап қалмайды:

Асыл сөз бар. «Қыздырмасын елді — кек!
Күшпен ұзақ ұстай алмас елді бек!»

Зұлымдық — өрт, тисе өртеп қырады,
Заң — тірі су, құйсаң өніп-шығады.

Елді дана келсе ұзақ билегің,
Заңды ұстан, бұрсын елге бүйрегің!

Әділ заңмен — ғалам жайнап, ел сүйер!
Күш қысқанда — ғалам қайнап, ел күйер!

Зұлым, күшпен қырды талай орданы,
Ақыры аштан қатты, тағдыр қорлады.

(Зауал тауып, аштан өлді, тік тұрып,
Көмусіз қап, бөрі де аулақ зытты ұлып!)

Көңілі түзу, бектер заңға жүгінген,
Жасауда ұзақ, жауы да, ақыр түңілген.

Бәрінен де асқан сұмдық, Ей, бегім,
«Бектің суайт, жалғандығы!»— дейді елім.

Болсын бектің сөзі — берік, ісі — анық,
Халық сенсін! Халық сенсе — күш алып!

Өтірікшінің ісі жалған, көз бояу,
Көзбояушы — сұм; көреді өзге ояу.

Былай депті кісілікті кішік ер,
Кісілікті кісілікті түсінер:

«Тілі жалған кісінің, біл арамын,
Пиғылы арам жанды мал деп санағын!

Алдамшыдан опа тілеп қор болма,
Сыналған сөз, малды мал деп қараған!»

Елдің ері — болсын батыл, білекті,
Жауға қойса, жұлып алар жүректі.

Әскер басы — болсын қайсар, қаһарлы,
Жүрексізді демер, жайқап жаһанды.

Жүректілер жүрексізді бастаса,
Жүрек бітер бәріне де басқаша.

Сөзге куә, шайыр сөзі тағы бар,
Жүрегіңе жазып, сырын танып ал:

«Біл, арыстан басшы болса иттерге,
Арыстандай күркірер кең иттер де!

Арыстандар басы болса ит бір күн,
Арыстандар жасар еді ит тірлік!»

Мейірбанды болсын бектер жайсаң жан,
Қылығынан жайсаңдығы байқалған.

Сақи бектің атақ-даңқы жайылар,
Даңқты ерге жау батпайтын жайы бар.

Күн-күн сайын толар әскер-жасағы,
Жасағы көп бектің бағы тасады.

Баһадүрді тыңда, бұзған орданы:
«Тарат түгел, таңқан табыс, олжаны!

Ішкіз-жегіз, таусылар деп тартынба,
Тағы олжа, тұр олжаның артында!

Мәрт батырдың, олжа-азығы жолында,
Лашын құстың дән-ырзығы жолында.

Қылыш, балта, оқты ержүрек ерлерге,
Байлық мұң ба, тепсінісіп келгенде!»

Жиһангер бек бәрін қайдан алады:
Қайда әскері — сонда байлық, тамағы.

Ел қорғауға жер қайысқан қол керек,
Қол ұстауға, тамақ-қару мол керек.

Нәрсе алуға — болу керек бай халқың,
Заң түз елді байытуға найқалтып!

Бірінсіз бұл төртеуі де сұлайды,
Бәрі тайса — бектігің де құлайды.

Жүрсің бектер, бес нәрседен алыстап,
Есі болса, жұрнақ болса намыстап:

Ұшқалақтық — бірі, екінші — сараңдық,
Үшінші — ашу оған егіз надандық.

Қырсығың — сор, бетті жер қып жүргізер,
Бесінші — өтірік, жерге тірі кіргізер!

Бек бесеуден бойын аулақ ұстасын,
Білсін сонда, басынан құс ұшпасын.

Ең қорлығы — өзімшілдік, залымдық,
Олар жұқса азғаны тек, қаныңның.

Шайыр меңзеп айтқан ойды осыған,
Түсін өзің, сөзіңе — сөз қосылар:

«Қырсық қысса, ісің оңға баспайды,
Арылмасаң, буып-қорлап тастайды!

Жаулық істеп, қырсық қысып есірер!
Бұл да жауың. Жаудан мұның несі кем?!»

Бек еліңе артқың келсе, сеніп қол,
Қолың жетсе, үш нәрсеге берік бол:

Қылыш ұстап, жауды қырса оң қолың,
Мал таратып, сый көрсетсін сол қолың.

Сөйлеп кетсең, шырын тамсын тіліңнен,
Бек, ұлық, құл бәрі сөзге жүгінген!

(Жылы сөйлеп айдаһарды арбарсың,
Жылы сөзбен ділді ділге жалғарсың!)

Мұның бәрін білсең жұртың сүйеді,
Даңқың артып, төрден орын тиеді!

Жүзі, сөзі раушан, тілі май болып,
Бұл пішінге құлқы бітсе, сай қонып.

Жаны жұмсақ, сақылығы жарасып —
Мейіріммен жүрсе жұртқа қарасып.

Осы өнерді алса түгел, мойында,
Қалмас мысқал жаманат та бойында.

Ондай кісі ел ішінде саралар,
Сара адамда күнә болмас қаралар.

Әлем халқы дана бекті пір етер,
Билеп жаһан, құт-дәулетпен күні өтер.

Кердеңдерді қуар алыс маңынан,
Масқаралар жүре алмастай жанынан.

Бетсіз-арсыз, надандықтың бәрінен,
Қашық жүргей сырт айналып әріден.

Қара ниет бек біткенге жараспас,
Жұқса — қорлар, бек екен деп санаспас.

Құл қара да, бектер әппақ, қарашы,
Қара ақтың үйлеспейді арасы.

Даңқты болам деп тілесең, ұлы бек
Қасиетіңді, сақта білдір — құдірет!

Аты бек те, заты болса қап-қара,
Қараның ең қоры ол елде, масқара!

Бек көрікті болсын — жауы күйінсін,
Орта бойлы болсын — көзің сүйінсін!

Көрген жандар дидарынан серпілсін,
Жүзін көріп, елі сергіп желпінсін.

Көркімен-ақ жауын жайдай жайратсын,
Көрер көзге көңілдерді сайратсын.

Ұзын болса ойсыз сырық ол да бір,
Тапалдарда не көрік бар, не қадір!?

Орта бойлы сымбатты да келісті:
Жарасып тұр сүйінердей жер үсті.

Көпті көрген, көп жасаған кісінің,
Сөздері бар тыңдап, түйгін түсініп:

«Бойы қысқа, тапал — шақар ежелден,
Қайда барса — жанжал, шатақ кемерден.

Бой мен тұлға орта болса — тамаша,
Шап-шақ, сап-сай, емес ұзын, аласа!»

Шарап ішпе, зинахорлық қылмағын,
Құтың қашар, басыңа мұң шырмалып.

Бектер ішіп, тәттіге бой исе егер,
Күні ашты боп, елдің мұңы күшейер.

Жиһангердің — ойын болса құмары,
Елін бұзып, телімсек боп тынады.

Бектік дәурен өтер — күйіп-жанарсың,
Құстай ұшар — қарманарсың, қаларсың!

Ішімдікке құмар байқұс наданға,
Білікті ер айтқан, сақта сананда:

«Ей, маскүнем, ішімдікке жолама,
Қайыршылық — жолы, өзіңді тонама!»

Қара ішсе, мал мен мүлкін салады,
Бегі ішсе, елдің шырқын алады.

(Қара ішсе — малы желге ұшады,
Ішкіш бектің — тозар елі құсалы!)

Ішімдік — жау. Құртар алтын-күмісті,
Ішкен пенде бастар ұрыс-керісті.

Ішкен кісі ақылынан адасар,
Ал, ақылсыз тентектікпен жанасар.

Ердің сөзі, ұққан адам затынды,
О, бейшара, тында айтқан ақылды:

«Ішкен кезде — ұмытылар керекті іс,
Шығар қалқып — неше түрлі керексіз!»

Қанша ізгі ішімдіктен бүгілді,
Қанша істер ішімдіктен бүлінді!?

Бегің ойнап, болса шарап жастанар,
Қалай? Қайтіп халық ісін басқарар?

Зинақордан құт та қашар, безінер,
Зинақор бек тірі өлгендей сезінер.

Құт пен бақыт — тазалықты тілейді,
Дәулет — игі, ізгіліксіз жүдейді!

Бек — зинақор, ішкіш болса бұзылған,
Елі де ішер, құр қалып құт-қызырдан.

Қара мінін, бек тексерер, түзетер,
Бектің мінін кім түзетер, кім өтер?!

Кір мен ласты, халық сумен жуады,
Су кір болса, кірді немен куады?!

Кісі ауырса берер дәрі-дәрмегін,
Оташыны, кім емдейді, әл беріп?!

Бек үлгілі таза құлық, ісімен —
Ғибрат алып, жүрер халық ізімен!

Бегі заңды тұтса алдынан ай туар,
Халқы көріп, тілегіне сай тұрар.

Бұған куә сөз айтыпты бір дана,
Сырын, мәнін өзің ойлап біл қара:

«Қандай жолмен жүріп өтсе бектері,
Құлының да сол ізбенен кеткені!

Ізгі болса бектің жолы, істері,
Бақыт қонып хақ құл солай істері!»

Кісі емес, кеуде керген көкіректер,
Түзу жолдан таяр да бос текіректер.

Кішік көңіл, қамын жеген елінің,
Ұлық болды бек, ақтап жұрт сенімін.

Зерек жанның не дегенін естігін,
Білген бектің түрлі кейіп-кеспірін:

«Барлық бектер, кекірейген мардымсын,
Қадірі кеткен, алып жұрттың қарғысын!»

Көкірек кісі көкке ұша алмаған,
Кішік көңіл еншісінен қалмаған.

Күпірлік — сор, жүрегіңді мұздатқан,
Кішік — кісі, көңіл — құсты жырлатқан.

Бектер болсын — жайсаң — жаны жайдары,
Сұмдардан қаш — алпыс екі айлалы.

Кішіпейіл, болсын жарқын мінезі,
Кешірерді кешіре алсын бір өзі.

Мейірімді — айнымайды, сенеді,
Сенген адам, таза бейіл береді.

Ел ханына лайық ойдың теңізі,
Ел сүйінер, шындық болсын лебізі.

Қамқор, шындық жақсы атағын таратар,
Жер-жаһанды бек аузына қаратар.

Ал, күйкі бек, ол бір сорлы тірі өлік,
Екі дүниеде кешер тірлік сүреңін.

Қамқор көңіл саясатпен ынғайлы,
Сес, бұйрықсыз билік тағы тұрмайды.

Саясатпен жұртын, заңын түзетер,
Саясатпен елін-жерін күзетер.

Мына бәйіт сөздерімнің дәлелі,
Дәлел заңы — әрбір істің кәделі:

«Бұл саясат бек қақпасын зерлейді,
Саясатпен бектер елін жөндейді.

(Саясаты бектердің, күш-көркіне сендірер,
Есті билік халықтың ұлылығын сездірер.)

Ел былығы саясатпен арылар,
Алаяқтар есебінен жаңылар!»

Ел іргесін, күш қуатын сақтайтын —
Екі шарт бар қос жұлдыздай мақтайтын:

Бірі — елге әділ заңды қаратқын,
Екінші — әскер, ерге күміс таратқын.

Әділ заңнан жұрт көңілі тасады,
Күміс болса, әскер күші асады.

Бұл екі топ болса разы бегіне,
Жайланар да жайнар бегі, елі де...

Әділ заңын бермесе бек еліне,
Ел қорғаусыз қалса обырдың жеміне,

Қырық пышақ боп қырқысып ел бұзылар,
Билік белі сынып, сарай жығылар.

Бек әскерін, ұстамаса ырза ғып,
Қылыш қында таттанар, қол ырғалып.

Қылышпен бек ұзартады қолын да,
Қылышсыз бек — жүрер құлдың соңында!

(Қылышпен бек ұзартар өмірін де, қолын да,
Қылышсыз бек — құнсыз бек ерген жұрттың
соңында.

Қылыш, балта сақтар жаудан еліңді,
Қылышты бек — күшті бек һәм сенімді!

Қылышымен жауды қуған жапырып,
Тыңдаңыздар, жиһангердің ақылын:

«О, күшті бек! Сақтансаң тек сақтайды —
Қылыш жетпес жанға, у бір-ақ аттайды...

Қаруыңды дайын ұста қасыңа,
Қылыш тұрса — хауіп те жоқ басыңа.

Қылыш тұрса — жауың бұғар жасқанып,
Қынға кірсе — ербеңдетер бастарын.

Қадірле, бек, ерлеріңді, қылышты,
Аптықпа өзің, кеңірек ал тыныстыі!»

•

Айтты Өгдүлміш: «Құрметті Елік, әділ ер!
Аты — ұлық демесең, ел ісі бір әбігер.

Ел басқардым дегенше, өртке кірдім дегейсің,
Уайым, мұң, жүгінен төрт бүгілдім дегейсің.

Сүйінші күйініш, қайғы-мұңын жамырар,
Рахметі сөккені, тақпаған ат тағылар.

Қай жағыңа қарасаң, үңірейген үрей тұр,
Рахат, шаттық аңсасаң, парыз деген дүлей тұр!

Қалың түнек—қастарың, қостаушың аз демейтін,
Керістің жоқ шет-шегі, келісімді аз жебейтін.

Өтірікші, арсыздар бүтін елді бүлдірер,
Бүлінген ел — намыссыз, бек түземей кім түзер!

(Көңілің алаң, тұманды, ел қамы еншің бір сенің
Құрау-құрау көңілді, талайды иттей мұң-шерің.)

Қай ісіңе бұрылсаң, жылмаңдаған қатер бар,
Қатерде не рахат, жіпке тізген қатеңді әр!

Ақылды сөз — асыл сөз, інжу-маржан секілді,
Ақылды ердің сөзін ұқ, оңға бұрып бетіңді:

«Елік, қылдай мойыныңа, дағарадай басың бар,
Соған бола ақылды ер, дана екен деп бас ұрмас.

Асып жатыр басыңнан бектік ісің, міндетің,
Хауіп-қатер күніне мың келеді індетіп!»

Күллі бектің құқы бір — ұят болса бетіңде
Рахатын таттың ба, тік басыңды кепілге!

Екі дүние қамын да, парызыңдай ойласаң,
Мына түрлі істерді, тындырмай бір қоймасаң:

Сыйын алла атына түзет көңіл, тіліңді,
Екі қылмай бұйрығын, сүйрет тағдыр — жүгіңді.

Не жазылса маңдайға, разы бол, табын да,
Қызмет көрсет табынып, арың да сол, бағың да.

Бар халыққа көңіліңнен орын тауып, мейір бөл,
Туу үшін ізгілік, ізгілік қып, пейіл бер.

Қайырым ет халыққа, кесіріңді тигізбе,
Кеселден без алысқа, мойныңа азап тигізбе!

(Жақсылық ет, жарылқа, кесірлермен кескілес,
Өзің аттан салмасаң, үніңді ешкім естімес.)

Сонда тірлік ләззәты, түгел саған қарайды,
Нәсіп көріп, ойнап-күл, жер сүйгенше самайды.

Бүтін жаның үзілсе, үміт үзбе алладан:
Ізгіліктің тірлікте өтеусізі қалмаған!

* *

Аяқтадым сөзімді, Елік, өзің тыңдадың,
Тәмәмдалар осымен бектік жайлы сырларым.

Кімде осы белгілер болса, кемел беделі,
Бек деп атап, қолына — ел тізгінін береді.

Сенімді бек атанып, жүректерде жатталар,
Оның әрбір ісінен, қалғандары бақ табар.

Не дегенін тыңдайық білімді, ойлы кісінің,
Сөзі де үлгі басқаға, үлгісі мол ісінің:

«Бек білімді, ақылды, адал болсын, ақ болсын.
Парасаты, ақылы ізгілерге жақ болсын!

Өзі жомарт, өзі есті бек басқарған билік те,
Болып тұрар нақ сондай. Жүйрік ес қой
жүйрікке...

Кешірімді, мейірлі, көңілі тоқ, көзі тоқ,
Бегің болса, халайық, жұрттың басқа сөзі жоқ!»

Осындай бар қасиетін шығара алса жарыққа,
Бақ құсындай қонар еді қалың қара халыққа.

Қайсы ел бегі осындай кемел болса, келісті,
Сол ел құтқа бөленіп, көрмес еді кемістік.

Ел үстінде нұр сеуіп, құтты күндер туар-ау,
О, дариға-ай, осындай бектер де өліп, тынады-ау

Білгендерім осы, Елік, қалған ойда сақтағын,
Соны ақылым жеткенше баяндадым ақтарып!

ЕЛІКТІҢ ӨГДҮЛМІШКЕ САУАЛЫ

Елік айтты:— Ұқтым. Сөзің сенімді,
Күнсандықтай аштың ақыл-кеніңді.

Тағы да бір сауал бергім келеді.
Сенің ғана асыл ойың керегі.

Бегі сондай ұлы-ақ болсын керемет,
Уәзірі қандай болмақ? Не дер ең?

Қазнасы толса, тасып ырысы,
Елі өсіп, көбейсе кент, ұлысы,

Әділетке толып, жері жайнаса,
Әскері әкеп даңқ туын байласа,

Халық баққа жетіп, зорлық көрмесе,
Бектің даңқы көкке күнде өрлесе,

(Мұндай елде, мұндай бектің қасында,
Қандай уәзір керек екен, расында!?.)



29

Өгдүлміш уәзір қандай болу керектігін айтады

Айтты Өгдүлміш:— Біле біл,
Уәзір — бектің сүйеніші, тірег

Бекке уәзір керек, істің ұйтқысы
Жақсы болса — тыныш бектің ұйқысы.

Көтереді ол, бектің ауыр жүгін де,
Бекітетін бектікті өзі түбінде.

Кісі керек, мұқалмаған жігері,
Іске бұрып тұрса пейіл, жүрегі.

Білігі мол, ойы терең теңіздей —
Іс бітірсе, «Қешіктірдің!» дегізбей.

Намысшыл һәм зерек, арлы турашыл,
Болсын: бегі шындық жолын қуғасын.

Ұлық ісі — ұлы іс уәзір тындырар,
Намыс арын бағып, жауын сындырар.

Ақыл керек, керек білім, зеректік,
Іскерлік пен құлық бірі керектің.

Есті себер ізгіліктің ұрығын,
Қайда өнсін, сақтар шындық жұлынын.

Дінге берік, болсын әрі иман, ар,
Сонда халық сенер, ерер, иланар.

Сақи кісі — кісілердің сарасы,
Бар байғұсқа дәрмен берер, қарасып.

Сақи кісі ақылды істен шеттемес,
Түйгені мол зұлымдыққа беттемес.

Бектен кейін елдің басшы, иесі,
Бекке істе көп көмегі тиесі.

Тексіз кісі бетсізбенен шамалас,
Ал, бетсіздер уәзірлікке жарамас.

(Тексіз кісі кісіге опа бермейді,
Бекке көмек істеуге әлі келмейді)

Тектілердің күшті ары, намысы!
Тексіз байғұс сатқын әрі тар іші!

Не дейді екен заңды білген ер кісі,
Ел басқарған, жөн білетін кең кісі:

«Ақ ниетті, ақ жүректі тектілер,
Жұртын қолдап, елді ұшпаққа жеткізер.

Жапасы көп — сенбе тексіз қиқарға —
Бал татырып, мұрнына май құйсаң да!»

Ұяты бар, көзі де тоқ ер керек,
Өзі ұятсыз, бөрі-тажал не керек!?

Сенімді адам қажет арды ойлайтын,
Ашкөз кімге керек күйсеп, тоймайтын.

Кісілікті ұят сақтап қалады,
Ұяты бар кісі — адамның адалы.

Ұяты бар ерге ісіңді сеніп бер,
Намыс көрер адасуды желікпен!

Ұятсыздың алдау-арбау арманы,
Сөзі — өтірік, залымдардың заржағы.

Тыңда адамды ұяты — көз, жолы хақ,
Ақыл айтқан ақ жүрегін қолына ап:

«Ұятсыздың жақын жүрме маңынан,
Арылмассың — арға тисе, шаңынан.

Ұятсыздың көзі атойлап тұрады,
Тіміскіген тентектіктен тұнады!»

Құр қу сүйек етсіз өңі бетсіздің...
Дүңк-дүңк еткен дөрекі өзі тексіздің...

(Шімірікпейді, міз бақпайды иеніп,
Тірі талап, жұлып жейді тигенін!)»

Ұят болса күні жарық, өңі — гүл,
Тұрар жұртты нұры шарпып көзінің.

(Арлы адамда — сый-сияпат, құрмет те,
Даңқ та, атақ та — бұйырмас құр дүрмекке.)

Болу керек түсі жылы, адал, ақ
Іс-түсіне сүйсінердей жамағат.

Адал болса бектің құлық-қылығы,
Бұзылмайды қалың елдің шырығы.

Іс басшысы адал болмай, алдаса,
Ашкөзденіп оңды-солды қармаса.

(Бек құтының берекесі кеткені,
Уәзірі бақты басқа тепкені)

Адал болса, білсе істің мәнісін,
Бегі сонда сеніп берер бар ісін.

Түсі игінің, қарасаңыз ісі игі,
Кейінгіге ізгілікті ісі үлгі.

(«Түсі игіден түңілме!» дер халайық,
Сол халықтың тілегіне жарайық!)

Нұрлы кімнің сырт бітімі, түсі де,
Сондай нұрлы болар сұлу іші де!

Тіршіліктің білген жақсы-жаманын,
Тыңда терең, білікті ойдың адамын:

«Көркіне іші үндес келер кісінің,
Өңі қандай — түрі сондай ісінің.

Тысын көріп ішін танып аласың,
Бөлу қате іш пен тыстың арасын!»

Уәзірге салауатты әрдайым,
Салихалы жұмысы да дап-дайын.

Білімге ұста, жүйрік болса есепке,
Жазуға ұста, керең болса өсекке.

Есеп-қисап — еңбегі де, ісі де,
Ол болмаса түсер оттың ішіне.

Қисаптаумен адам ішкі тірлігін,
Өткізеді ай, апта һәм жыл, күнін.

«Есеп-қисап» деп тіркейміз бір-бірін,
Есепсіз ол «қасап» болар бұлдірін.

Түйсік болмай, істің бабы табылмас,
Түйсік болса, ешбір пенден жаңылмас.

Қағазға адам білгендерін түсірер,
Содан ертең не істегенін түсінер.

Жазу-сызу білім — білік белгісі,
Жазу білген түйсікті, есті ер кісі!

Жазу-сызу білмесе, адам қайырлап,
Жыл, ай, күннің сәтін қалай айырмақ.

Кітап жазып қалдырмаса даналар,
Есеп-қисап, білімді кім бағалар?!

Дүниені жаратпастан бір алла,
Жазу менен қаламды ойлап шығарған!

Ал құлдары не істеп, нені бүлдірді —
Періштелер жазып алып білдірді.

(Көңілі — жаз, сөзі жылы, байыпты,
Жақсы мінез жақсыларға лайықты.)

Мінезі — бай, тілі майда болғай-ды,
Сонда жолы — оң, қырсық жақын қонбайды.

Мінезді ердің жаны гүлдеп, бағы асар,
Досымен де, жұртымен де жарасар...

Тыңдап жайсаң, момын кісі ақылын,
Алып көрші, адамдықтың асылын.

«Көңілі жай — сүйкімді де, сыйымды,
Тасбауырдың сыюы да қиын-ды.

(Мінездіге түгел кәрі-жас бауыр,
Күллі тасқа соғылады тасбауыр...)

Жаны жақсы жақын билік, зейнетке,
Жаны доғал жақын жүрер бейнеткеі»

Уәзірге көп білетін ер керек,
Басқаға ойын көп түретін ер керек.

Қылығы адал, тіліне сай көңілі,
Шыншыл, арлы, күн сипатты көрігі.

Іс тындырар, аша бермей аранды,
Айыра алар жақсы менен жаманды.

Қарайтұғын ықыласпен елге ерек,
Халық үшін қаны қызған ер керек.

(Көңілі сара, аманатын түсінер,
Керек, туған, ізгіліктер үшін ер.)

Кімде болса мұндай білім, қасиет,
Уәзірге ал, жұртың саған бас иеді...

Асыл болса өз басы да, тегі де,
Рахатын көрер елі, бегі де.

Түгенделіп Еліктің бар тілегі
Елі түлеп, бақытты өмір сүреді.

Ел бұзылар, уәзірі оңбаса,
Байды кедей қылып, әбден қорласа.

(Дария — бастан, балық бастан бұзылар,
Уәзір қандай болмағы елдің тұзынан...)

Уәзір ізгі, болса — ел бағы ашылар,
Құтты халық бектің даңқын асырар...

Тыңдап қара, ақылы — дария дананы,
Құрмет тұтқан байтақ әлем алабы:

«Ізгі болса бектің көңілі, сөзі де,
Қызметкері тартып тұрар өзіне.

Бек сұм болса, мойнында ел зары бар —
Қызметшісі де әділ жолдан жаңылар.»

Бегі жақсы екен — жақсы құлы да,
Тағдыр да оны түсіре алмас қырына.

Бектің өзі айналмаса, залымға,
Жуытпайды арамын да, аңын да!

Жаман қайда барса, сонда жамандық,
Жақсылық қыл, жақсы болып жаралдың.

(Жаман жүрер жамандықтың басында,
Жақсы жүрер жақсылардың қасында!)

(Таласа да тірлік үшін бір-бірін,
Бұзбайды екен шиебөрі бірлігін.

Серік болмас көкте қарға лашынға,
Лашын — бұлтта, құзғын боқтық басында!)

Жаман-жақсы табыспайды ешқашан,
Түзу қисық қабыспайды ешқашан.

Қара түн жарық күнге қонақ болмас,
Жасыл су қызыл отқа жолап болмас.

Білгің келсе, біліспеген кісіні,
Білгенін айтқыз, сонда аласың түсініп.

(Білгің келсе адамның жөн-жосығын,
Сұра әуелі, кім екенін досының.)

Есті-естіге, жетесізге-жетесіз,
Түзу жүрсең — бұра тартып не етесің!

Білгің келсе бұл бәйітті оқығын,
Оқып, ойлап, көңіліңе тоқығын:

«Жүгірген аң, ұшқан құс та, қарашы,
Тұс-тұсымен, жік-жігімен жарас-ты.

(Дос-досымен, тұрымтайың тұсымен —
Жердің құрты жұғыспас көк құсымен.)

Жаман-жақсы туыспайды, біліп ал,
Бар нәрсенің өз жұбы бар, жігі бар».

Уәзір — бектің кеңесшісі, сырласы,
Кеңесші — тең болар, бейне құрдасы.

Ізгі кісі, теңіңді біл, табысар
Құлқы жаман — қырсық болып жабысар.

Бектер жаман кісіменен жұғысса,
Аты-шулы, пәле тиер ұлысқа.

Бек табысса азаматпен көшелі,
Ел марқайып, өз беделі өседі.

Болса сондай уәзірі хандардың,
Бегі — тыныш, қарасы — тоқ, аңғарғын.

Месел қайтпай. Өрлеп тірлік өріне,
Қайсы ісі де келіп тұрар жөніне.

Халқы байып, елі-жері жасанар,
Қазнасы артып, жылдар құтқа апарар.

Өшпейтұғын күндей жайнап ат қалар,
Өзі өлсе де бектік орны сақталар.

Көрген адам бұл дүние қызығын,
Білмес, әсте, ол дүние бұзығын!

ЕЛІКТІҢ ӨГДҮЛМІШКЕ САУАЛЫ

Есті сөзді,— деді Елік,— естідім,
Өзексіз деп айта алмассың ешбірін.

Қолбасшылар қандай болса дер едің?
Баһадұрсіз жауды қалай жеңемін?

Әскер басың жеңілмесе шайқаста,
Сүрінбесе, түсіргендей жай тасқа.

Айтқын маған, оған кімдер жарайды?
Халық кімді баһадұр деп санайды?

Жүректі ер ар-намысшыл келеді,
Намысты ер тек күресіп өледі.

Ер қылықты, қыз құлықты еріңді,
Құрметтейді сүйіп, сеніп елің де!

Сыпайы ер көңіліңді ерітер,
Тілі — аңқы, мақтаншақтар жерітер!

Әскербасы, өктем келсе, кердеңдеп,
Жау алдында тартады азап, сергелдең.

Өркөкірек әскербасы, ұраншыл,
Не өліп, не жау алдына құларсың.

Ал, қаһарман, қайсар батыр, ақылды,
Аты шығар, ту ғып намыс — асылды.

Ессіздерге ол ес болады қорықса,
Естілерге серік болсын торықса!

Әскербасы саясатты меңгерсін,
Не үшін жеңдің, білсін әскер жеңгенсін.

Саясат білсе, әскерің де сенімді,
Басы өлсе де, жібермейді кегіңді.

(Билік күшті болса, әскер де айбынды,
Күшті қолмен еш жимайсың айылыңды.)

Елік, егер әскер қалса басшысыз,
Қалды да елің және өмірің сақшысыз.

(Онда әскерің бүлінеді, іриді,
Билігіңнің бас діңгегі шіриді.)

Ессіздерді саясатпен бұрған жөн,
Естілерге құрмет жасап тұрған жөн.

Ізгілерге ізгілік ет, сыйла да,
Тілегін бер, тектен текке қинама!

Құрмет жаса, түзет көптің құлығын,
Кісі өзін сыйлағанның құлы, біл!

Мынау бір сөз жадыңызда жатталсын,
Бәйітті оқып, көңіліңіз шаттансын:

Ізгіліктің — құлы, азат кісі де,
Тек ізгілік тартар шындық ісіне.

Адамдыққа — сен де жаса адамдық,
Сонда жаннан түңіледі арамдық!»

Әскербасы талай істі меңгерсін,
Жауға шапса, сол білгені дем берсін:

Айқасқанда арыстандай алып түс,
Тірескенде қабыландай жарып түс.

Доңыздай доң, бол бөрідей азулы,
Ызалы аюдай, бол бурадай қарулы.

Сұм түлкідей, басқан ізі білінбес,
Бұғыдай бол орғып-ұшар, жүгірмес.

Сауысқандай екі шоқы бір қарап,
Құзғындай шол қырды бұлттан сырғанап.

Арыстандай айбат жасап — бүргенде,
Үкідей ояу болса, түнде жүргенде.

Мұндай жасақ талай бектің арманы,
Қолбасшыға белгілі ғой ар жағы.

Жасақ ісі — парызына сай қару —
Жауды жаншып, кек-өшіңді қайтару.

Наны-тұзы, ішер асқа бай болсын,
Киім-кешек, бес қаруы сай болсын.

Қару, нан-тұз жауынгердің өзегі,
Ас, ішімдік — тіршіліктің көзі еді!

Ыла ұлы айтқан екен көп үшін:
«Құтты кісі, тұз бен нанды көп ұсын!

Атақ-даңқың шықсын десең — тұз-нан бер,
Өлмей тірі жүрсем деген тұз-дәм жер!»

Кісілігің — еске ап жүрсең сен енді:
«Тұз-нан хақы — ердің хақы»,— дегенді.

Дастархан жай — ұлылықты тілесең,
Көп жасайсың жұртпен тойып, жүдесең.

Шайқастарда жету үшін жеңіске,
Қолбасыға бару керек көп іске.

Сөзі шынды, сөзде тұрды — ер дейді,
Бос айғайға халық сеніп ермейді.

Екіншіден, сый бермеген — сорлайды,
Саранда — дос, саранда қос болмайды.

Үшіншіден, қаулат жүрек түгін, ер!
Жүрексіздер жауды көрсе сүрінер!

Төртіншіден, білу керек айла-амал,
Айлалыдан арыстан да жайраған.

Дайындықта болу керек — шыдамды,
Шабуылда — батыл әрі орамды.

Мұндай ерге, ауыр емес ауырың,
Күйретеді қабырғасын жауының!

Мұндай ерлер жауға шапса қол бастап,
Қашар дұшпан шыбын жанын қорғаштап.

Жорықта ер жалтақтап ас аңдымас,
Түнді-күнге жалғар, қатып, қалғымас.

(Есіне алмай ұйқы-арудың шырынын,
Ат үстінде алар көздің шырымын...)

Тобырлы емес, толымды әскер керегі,
Тобыр емес, қару күшті себебі.

(Сансыз емес, сара сардар керегі,
Сара сарбаз — сансыз қару жеңеді!)

Сансыз шерік қалар басшы — тірексіз,
Қолбасшысыз әскер қорқақ, жүрексіз.

Айтыпты ер сынап, құрған көп кеңес:
«Он екі мың әскер тегі көп те емес!»—

Түзетіпті ер көрген талан-талайды:
«Маған төрт мың әскер болса, жарайды!

Қалың әскер кетер шетсіз жайылып,
Бәрін жинап, білу қиын айырып!»

«Сара сардар, қару қажет жеңіске!»—
Деп түйіпті, жау күйреткен келісті ер.

Не дейді екен батыр, шыққан атағы,
Сөзін ұққан — жеңіс дәмін татады:

«Саралап ал, сансыз әскер — қашқан жел,
Құмға сіңген дарнядай тасқанмен.

(Сара, күшті сарбаздарды сайлағын,
Қару-жарақ, бес қаруын байлағын).

Шымыр шерік — көк найзаның сүңгісі,
Шашылған қол — күннің тоз-тоз сүлгісі!»

Жауға аттанса батыр қолын аударып,
Жақын тартсын сол жауының жауларын.

Шолғыншы сан, барлаушы сан байқастап,
Көз, құлақты сақ ұстап, жөн айқасқан.

(Барлаушы әрі еніп кетсе терецдеп,
Шолғыншы сәл алда жүрсе елеңдеп.)

Сосын жауға жортуылшы жіберсе,
Оған дейін әскер сапы түзелсе.

Дер шағында сақшыларды реттесе,
Не жақындап, не алыстап кетпесе.

Қарауыл қойса тұрған жерін жасырын,
Жауды бақса ол айла-амалын асырып.

Байрақшы ер қан майданда талмаса,
Соны көріп ешкім шеттеп қалмаса.

Шекарада, орнықты бір жер сайлап,
Өзін көрмей, көз алдында тұрса аймақ.

Сақ болмасаң, бұлардан да түк өнбес,
Қапы қалсаң, жау да кегін жібермес.

Шолғыншысын қағып тастап, ұрандап,
Жауға тисең, орынында жұмарлап.

Сақтық етсе, жау «тіл» алып кетпесе,
Жасақ жайлы жауға сыбыс жетпесе.

Қатуланып жаудан «тілді» ілген жөн,
«Тілден» жаудың құлқын анық білген жөн.

Тілден сұрап, білсе жаудың аужайын,
Басын алып, пысын басса таудайын.

Бұл — сақтық пен білгендіктің пайдасы,
Кім сақ болса, артық соның айласы.

Зерек бектің сөзін тыңдап, алшы ұғып:
«Арыстан мінсең, қылышыңды қамшы қыл!»

Жауға қарсы екі түрлі қару бар,
Сол екеуі-ақ кек әперер жауыңнан.

Ең әуелі, асыр жаудан айланды,
Айламенен сал қан-қызыл ойранды.

Екіншіден, қырағы бол, сақтанғын,
Қырағылық — қорғаның да, қақпаның.

Сақтықпенен тұрып алсаң, сіресіп,
Жауыңның да қатырасың сілесін.

Жаудың күші асып тұрса — асықпа,
Дайындал. Бекін. Жасағыңды жасытпа.

Лажы болса, келіспекке кел жуық
Жараспаса, кір соғысқа бел буып.

Қапы қалдыр. Кес кәлләсін. Қаз көрін.
Қайдан білсін әскеріңнің аз-көбін!

Көзің жетсе ала-алмасқа белдесіп,
Елші жібер, жалғасып көр, елдесіп.

Тілге ие бол. Сақта елдік тәлімін,
Дауға текке түспе, білмей әлібін.

Бұған болмай. Жауың жаулық бастаса,
Көңіл бермей, ұрыс тілеп жасқаса.

Енгізбе ішке, тарт шерікті ұрысқа,
Малын тала, жұртын жайрат, қылышта!

Созба ұрысты — жау сырыңды алады,
Көп қараса, көзі де әбден қанады...

Тыңда ерді талай жауды жапырған,
Орда бұзып, арыстандай ақырған:

«Көрмеген жау, сырттан байқап, шалысар,
Көргеннен соң, көз үйреніп — алысар.

Жасыңдай ти, есін жиып алмасын,
Шұғыл тындыр! Өлдің — созсаң арбасып.

Біраз күшті тосқауылға қалдыр да,
Садақшылар кірсін — жүгір алдында!

Күшті топпен өзің бастап кіріп бер,
Көріп сені көтерілсін жігіттер.

Сақа сардар батыл, епті — шабысса,
Іргелесін бермес жауға алысса.

Жас сарбаздар лап етер де, басылар,
Беті қайтса, ірге жимай — шашылар.

Алды-артыңды мықтыларға шалдырғын,
Оң-солыңа басқаларын қалдырғын.

Таянысар шерік бастап батырлар,
Қолдарында қылыш-найза шақырлар.

Ең әуелі жаудыр оқты алыстан,
Жақындасса, дұрыс найза салысқан.

Аралассаң — қылыш, балта белінде,
Тіс, тырнақпен жабыс, өлмей, берілме!

Қасарысып, бұрма жауға сыртыңды,
Өлгенше ұрыс, берме бірақ ырқыңды.

Не дейді екен, ұрыс көрген ер кісі:
«Сабыр сақта. Сабырлы — ердің белдісі!»

Қыз ләззәті — неке қиған түндері,
Ер ләззәті — жау қайырған күндері.

Гүр алыптар қияда ойнақ салады,
Ат ойнатып жауын құл ғып алады.

Жауды көрсе ер қайраты тасады,
Қас батырдан ездің түсі қашады.

Соғыс көрсе ер арыстандай атылар,
Ат ойнатып, жаудың шебін жапырар.

Жауды көрсе, ердің жүзі қызарар,
Жауға кірсе жердің жүзі қызарар!

(Көздеріне қып-қызыл қан құйылар,
Аттың жалын аттар тістеп, қиылар!)

Ат, қаруы қып-қызыл қан болады,
Қызыл жүзі жап-жасыл боп оңады.

Жау ат қойып, төніп келсе жайпардай,
Берме арқаңды, бетін кері қайтармай.

Жау жылысса, сен тағы да тақымда,
Желкелеп қу, қайратыңды шақыр да!

Тағы қашса, тағы да қу, ұзатпа,
Тұтып түсір қыл арқанды тұзаққа.

Сапқа тізіп әскерлерді шашылған,
Қайтадан сал қашқан жауға жосылған.

Қашқан жауды ұзақ кума зорығып,
Жете алмассың қайтар жолға торығып.

Жеңілген жау — өлімге бой ұрған жан,
Не рахат, оған қарап тұрғаннан.

Осал кісі бостан-босқа өледі,
Жаны сірі бір жазғанын көреді.

Мұндай жерде өзіңе сақ боларсың,
Ажал — соқыр, соқырға тап боларсың.

Көп білетін, ер сөзіне құладым,
Көп жасамай, көп көргеннен сұрадым:

«Жау қашты деп, қамшы баспа атыңа,
Қайырылып қағып түсер қапыда.

(Ойласаңыз, қашқан жауға — қатын ер,
Бөркің бар ғой ер деп берген басыңа ел!?)

Күйреген жау қайта шауып ала алмас,
Су тиген от қайта қоздап жана алмас.

Жеңілген жан: Ал,— деп, сұрар,— көр, мені,
Өлмек болған, аямайды өзгені!»

(Жан кешкені, ұрыста ердің қашқаны —
Өзі өледі, аяп нетсін басқаны!)

Өжеттерді мақта, сыйын байласын,
Насаттансын, жүзі нұрмен жайнасын!

Көтер көкке баһадүрлер бурасын,
Сый, шаттықтан жүрегі аттай туласын.

Жақсы болар — жамандарды мақтасаң,
Жаман болмас — жақсыларды жақтасаң.

Ер — мақтаса, арыстанмен алысар,
Ат — баптаса, ұшқан құспен жарысар.

Жаралыны емдеткізіп, жазып ал,
Тұтқындарды айырбастап алып ал.

Өлген болса, ақ арулап жерлейсің,
Ұл-қызына несібесін бергейсің!

Қылығынды ерлер көріп сенеді,
Жау шапқанда сен үшін жан береді!

Жылы сөз, жылы шырай, жомарт жүрек,
Үш қасиет даңқыңды тұрар тіреп.

Ерікті адам құл болар құлығына,
Жанын қияр жаныңның тұнығына.

Осыған сай сөз жөні келді, бегім,
Шындығына көңілім сенді менің:

«Жылы шырай, жалын сөз, жомарт көңіл —
Ерікті, азат жандардың алар төрін.

(Күллі азат кісілер келер сүйіп,
Босқан киік секілді безер күйік)

Алтын-күміс арбаумен сындырады,
Мына үш нәрсе еркімен құл қылады».

Әскербасын бұл сипат көтереді,
Әскері де күшейіп кетер еді.

Бар алтынды үлестіріп бағыңыз,
Сары алтындай тазарады жаныңыз!

(Бер, алтынды артқа тығып сақтама -
Келер қайтып көңіл болып тап-таза!)

Бұл үшеуі құлды құрдай жүгіртер,
Бекті өсіріп, жауын жаннан түңілтер!

Табылса егер бекке осындай қолбасы,
Ісі өрлеп, сәулеттенер ордасы.

Қолбасшы ер мұндай болса, бағыңды
Асырады, шаттандырып жаныңды.

Уәзірге анандай жан жарайды,
Қолбасыға мынандай жан қолайлы.

Сен соларға! Сенсең — қуат аласың,
Бар тілекті тек солардан табасың».

Айтты Өгдүлміш:— Отырыңыз, Сіз біліп,
Екі ұлы іс бар — ұстар елдің тізгінін.

Бірі — уәзір, екіншісі — қолбасы,
Қалам, қылыш екеуінің жолдасы.

Екеуі елді түзеп, қуар наласын,
Біріксе олар, кім үзеді арасын.

Дара — сара, пысы төмен басқаның,
Бағынбаса... қаққан абзал бастарын.

Пайдалы олар адал болса антына,
Керібақса... кері тиер халқына.

Бегі болса ізгілердің данасы,
Бұл екеуі — қалың елдің сарасы.

(Бегі болса даналардың сарасы,
Бұл екеуі — саралардың ағасы.

Бегі болса саралардың санасы,
Бұл екеуі — ағалардың жағасы.)

Екеуі елге берер ырыс, пайданы —
Елі құтты бектің жаны жайдары.

Қалған сөз бар, ел басшысы данадан,
Ақылды сөз таң нұрындай тараған.

«Ел жаулаушы қылышымен алады,
Ел бастаушы қаламымен алады.

Қылышпенен басылар, ел ашынар,
Ал, қаламсыз — басшысыз, ел шашылар.

Қылышпенен билерсің де, жеңерсің,
Мезгіл жетіп, шырмауықтай семерсің.

Елді, жерді табындырса қаламың,
Түгенделер тілегің мен талабың!»

Білгенімді, Елік, саған арнадым,
Айттым түгел, ойлан өзің қалғанын!

ЕЛІКТІҢ ӨГДҮЛМІШКЕ САУАЛЫ

— Ұқтым сенің сөздеріңді,— деді Елік,-
Енді мына сауалға бер төрелік.

Бәрін біліп, бәрін билер ісіңнің,
Хажыб қандай болу керек, түсіндір!

Хажыбтарды билей алар қандай жан?
Бола ма жан қызмет үшін сарғайған!

Кімдер бекті қолдамақ жан-тәнімен?
Солар жайлы нақтырақ айт бәрінен.

Айт!— деді хан,— сара сырлы сөзді аш —
Шамшырақтай сөздерінмен көзді аш!

31

Өгдүлміш Елікке ұлық хажыбтыққа қандай ер керек екенін айтады

Айтты Өгдүлміш:— Қиын сұрақ бұл да аса!
О, құтты Елік, құтың тасып, мың жаса!

Ұлы Хажыб шыншыл болсын баладай,
Дінді білсін, дана болсын бабадай.

Тегі асыл боп, ізгі жаны ашылсын,
Күн мен айын елін ойлап батырсын.

Тегі ізгіден ізгілікті ер туады,
Ізгі жанның жуар елді шуағы.

Ізгі жанды ер — ізгіліктің несі,
Рахат та, байлық та оған тиесі.

Пейілі жақсы — ілтифатты кісіге,
Сөздеріңе құлақ қояр түсіне.

Көзі де тоқ, көкірегі ояу, ақылды,
Адам болып, айыра алса асылды.

Қарамас ер параңа да, басқаңа,
Парақор бек күлкі болар, масқара.

Пара әуелі құлқыныңды майлайды,
Содан кейін өн-бойыңды жайлайды.

(Бітпек істің берекесін алады,
Біткен істің соңына от салады.

Ұяты бар, құлқы түзу ер болса,
Ісі ізгі, жан-мінезі кең болса.

Ұяты бар, ессіз іске баспайды,
Жаманаттың қолын қағып тастайды.

Арлы ерге дәулет үйір келеді,
Арлы ерге құт та күйін береді.

Білімді жан ісінде еш жаңылмас,
Түйсігі бар мал үшін еш тарылмас

Білікті ер ойы өлмейді, сеніңіз,
Білген құлдың сөзі өлмейді, сеніңіз:

«Бектің ісін — білікті ер күйлі етер,
Білімсіздер күллі істі күйретер!

Білімсізді ақымаққа балағын,
Сырты — тірі, тіріөлік деп санағын!

Дана білім құрметіне бөленер,
Ісі өніп көсегесі көгерер.

Білікті орны — теңбіл көктің төрі ғой,
Білімсіз — қу сахараның шөлі ғой!..»

Ақыл — зерек ұстар істің құлағын,
Білім-зейін — кеудеңдегі шырағың.

Дүниенің бар қызығы ақылда,
Ақыл болса ардақталар атың да.

Ақылсыз жан — ағашқа тең жеміссіз,
Кімге керек қураған тұр келіссіз.

Зейіндінің қос жалғанда алды ашық,
Даңқың шығар зейініңе жалғасып.

Зейін-зерден — кісілігің, бастысы:
Кісілердің серкесі, ел басшысы.

Болу керек өнді, күнделі оянған,
Үні — күшті, сөзі — мәнді, ойы — орман,

Сүйкімді өңі көрер көзді қандырса,
Кірсе-шықса, тек сүйініш қалдырса.

Ондай ерлер салауатпен баурайды,
Салауатты ер — құрмет, құттан аумайды.

Дінді білсін. Дық түсірмей көңілге,
Көңілі ақтың — ісі де ақ өмірде.

Сақи кісі ісі үшін аянбас,
Сақи кісі ізгіліктен тая алмас.

Сақи жандар кісі мұңын бөлісер,
Қолдағы асын өзгелермен бөліс ішер.

Хажыб дәйім назарында жұртының,
Сұлуы жөн ішінің де, сыртының.

Көрікті өңді көріп, көңіл ашылар,
Көз қуанып, сезім тулап, тасынар.

Жадыңа алар дана сөзі тағы бар,
Есті сөзге ер көңілі жадырар:

«Нұрлы жүзден көзің шоқтай жанады,
Сұлулықтың кәусәріне қанады.

Құттың көркін байқап көріп, түй ішке,
Ісің оңды болар, тілмен тиіспе!..»

Жүрегі мен ақылы сай жарасса,
Көңіл хошы болса, тіпті тамаша.

Көңілі бар кісі сөзін жұтпайды,
Көңілі жоқ — бас ұрсаң да ұқпайды.

Көңілі жоқ, көзіне де ілмейді,
Ақылы жоқ, істің жөнін білмейді.

Көңілсіздің жүрер ілбіп сүлдері,
Көңіл ауса, анық ісің гүлдері.

Ақылды боп, аяу жүрсе есіңде —
Көңілі аусын кедей, жетім-жесірге.

Зеректікпен, заңды жақсы түсінсін,
Зейінімен қолға әлемді түсірсін.

Аузын ашса ақ жүрегі көрінсе —
Майда тілден шырын шекер төгілсе.

Құрыстырмай, бұзбай кескін-кейпін,
Кісілікпен кең ұстаса пейілін.

Сынайының сөзі әділ, дұрыс-хақ:
«Тіл, көңілді кішік ұста, ер қынжақ!»

Көңілі пәк, кішіктерге құт үйір,
Жылы сөз бен жылы жүзге жұрт ұйыр.

Ықыласқа елтір, ерір халық та,
Құлдық ұрып, түсер тіпті тамұққа!

Сабыр келіп, өзін төзім жаныса,
Көзіне — ұят, тілге — тізгін дарыса.

Құлағы сақ, ақыл-білім кең болса,
Ісі — ізгі, тіл мен тіні тең болса.

Парасатпен өнер білсін, хат танып,
Күллі істі ақылымен атқарып.

Күллі істі біліп, соған сүйінсе,
Қызарақтап, солар үшін күйінсе.

Қызметтің ең нәзігі, тозағы,
Хажыбтықтың машақаты болады.

Хажыб болған бәрін білсін осының,
Бастап жолға халқын, ерін, қосының.

Бұл жөнінде ақын айтқан өлеңмен,
Ақылды сөз төгілген нұр төбеңнен:

«Хажыбтыққа он қасиет табылсын —
Ажарымен, ақылымен танылсын.

(Зейіні ұшқыр, дана тілі бай болсын,
Қылықтары осыларға сай болсын!)

Көңілі кең, болсын әрі білікті,
Көзі жіті, құлағы сақ, жүректі»

Бектің өзі қанша өмір сүреді —
Оң көзі боп Хажыб бірге жүреді.

Заңды Хажыб бұлтартпаса басынан,
Алдында оның барлық есік ашылар.

Бұған да бір даналық сөз қалыпты,
Бектер ұғып басқарсын деп халықты:

«Хажыбтық іс — ұлы істердің төресі,
Істей алар дана, жеткен өресі.

Хажыбсың ба, бек бе — істер ісің бір,
Үлкен келер, кіші келер — түсіндір!»

Хатшы, ісші, қазынашы — қабылда,
Тоншы, етікші, асшы келер — тарылма!

Жат елшісі келсін-кетсін — бағала,
Сый, ықылас көрсет, жатқа балама!

Жатар орын, ас-суын бер — жасқама,
Аш па, тоқ па — ескерусіз тастама.

Хажыб ісі қонақтарды қарсы алу,
Хажыб ісі заң, іс үшін жан салу.

Кедей, жетім, жесірлерді елесін,
Бәрін тыңдап, берсін ақыл-кеңесін.

Кісі келсе нахақ күйіп, сорлаған,
Халін біліп, салсын дұрыс жолға аман.

Ішкі-сыртқы кемшілікті көргесін,
Алдын алсын, жөнін білсін, тергесін.

Бітпес, іс көп күткен оның жарлығын,
Ұлы Хажыб қолы жөндер барлығын.

Қай іске де жәрдем керек Хажыбтан,
Шеше алмаса — туар кінә қажытқан.

Хажыб, ханым, сақ болмаса — сорлайды,
Кейде берік, тас болмаса — оңбайды.

Ең әуелі — бектің ырқын сақтасын,
Екіншіден — жанды ақылмен ақтасын.

(Нәпсісіне шідер болсын ақылы,
Туралығын білер болсын жақыны!)

Үшіншіден — өзін бекем ұстасын,
Сөзі текке шықпасын да ұшпасын.

Арбаса да пара-жала алмасын,
Жақсыларды бегіменен жалғасын.

Екі мінді көрсең, қайта жолатпа,
Іс тапсырып, ондайларға қол артпа.

Бірі — тілі үйір болса жалғанға,
Бірі — алаяқ, аярлыққа салғанға.

(Өсекшіге, сөз тоқтамас тіліне,
Сенбес сұмға өліге де, тіріге).

Ал, екеуі бір адамнан кездессе,
Болмас оның атынан-ақ безбеске.

Үш нәрсе бар, қызметші ес қылар,
Байқамаса, өзін-өзі жеп тынар.

Естігенді тіл шашпасын, бақыла,
Көрме, күлме сүрінгенге қапыда.

Үшіншісі — әділдіктен таймағын,
Рахатпен өтер күнің, айларың.

Не деді екен дана кісі, білікті,
Бұл сөз демер сапардағы жігітті.

«Басыңды ойла бектің сөзін таратпа,
Кесір келсе, келер қарап қабаққа!

(Көп мылжыңнан — лағып басың қаңғырар,
Қаңғыған бас баққан жауға алдырар!)»

Жаза бассаң елге, басың шабылар,
Тілді тия алмаған тіс қағылар!

Талай көрдім ессіздерді, тынылған —
Жел сөзі үшін қыл мойыннан қиылған.

Көп естідім: қу тіл сайрап, сүйдірген,
Сырын ашып талай ерді күйдірген.

Дана сөзі әр нәрсені аңдаған:
«Басын жұтар өзін ұстай алмаған!»

Хажыб құлқы басқаға оқтай тимесін,
Көрер көзін, айтар сөзін билесін!

Шақырылмай бек алдына кірмесе,
Сұрамастан, текке сөйлеп жүрмесе.

Дана ойы пейілінді дұрыстар,
Ақылды сөз астарында ырыс бар:

«Сәті түссе, жүздесіп қал бегіңмен,
Сөйлегін тек сауал болса берілген.

Бар нәрсенің мезгіл, сәті келеді,
Дер кезінде көздің өзі-ақ көреді!»

Болса осындай қасиеттер басында,
Бақыт жүрер ұлы Хажыб қасында.

*

Осы әңгіме Елік, менің білгенім,
Баян еттім, ашып тілдің ілгегін.

ЕЛІКТІҢ ӨГДҮЛМІШКЕ САУАЛЫ

Елік айтты:— Сөздеріңе ұйыдым,
Бір сейілттің көп сауалдың құйынын.

Не істеу керек, айтшы, қақпа басшысы?
Қандай адам лайық оған: бастысы?



32

Өгдүлміш Елікке қақпа басыға қандай ер керек екендігін айтады

Айтты Өгдүлміш:— Мәртебелі Ұлы лік!
Тыныш, ұзақ жаса, нұрлы жүрегің!

Қақпа басы * жамандықтан жерінсе,
Жан-тәнімен қызметке берілсе.

Қақпа алдында батқан күнді атырса,
Қақпасында атқан күнді батырса.

Қызмет қылса біліп заңды, парызды,
Құлқы түзу, болса ашық, жаны ізгі.

Жомарттықпен жұрт көңілін ауласа,
Ерлерді алтын-күміс беріп бауыраса.

Жатпас бұрын сақшыларын тексерсе,
Орнын, ісін айтып, қатты ескертсе.

Адасқандар келсе, жөнін білген жөн,
Ұйқысы жоқ жанды бағып жүрген жөн.

Қақпаларды қалай жауып шығады,
Сол күнгі оның қызметі тынады.

Тұрса қайта атқан таңмен таласа,
Күндіз-түні сақшылар сақ қараса.

Қабылдауға өзі бастап кіргізсе,
Келген жұртты кезекпенен жүргізсе.

Бек алдында көп айналып қалмаса,
Тез оралып, қызметін жалғаса.

Келіп кірген әскерлермен тілдесіп,
Ниеттерін бақса, ішін білгесін.

Қабылдау бітіп. Кірмеген ер атынан,
Өзі кіріп, айтса бәрін сатылап.

Сорлылардың мұң-мұқтажын жақтаса,
Қиянатқа бермей аршып, ақтаса.

Алтын-күміс сый көрсетсе біріңе,
Біріне — іс, атақ берсе біріне.

Кім сенімді? Кімнің сіңді еңбегі?
Кімдер салақ? Кімнің қандай ермегі?

Пайдалы кім? Кім қызметке жарамсыз?
Кім күмәнді? Кім сенеді алаңсыз?

Кімге қандай жасау керек қайырым?
Соның бәрін берсе бекке айырып.

Қайта шықса. Сөзін еріп тыңдасаң —
Кісі көңілі қалар еді бір жасап!

Айтатын сол, бектің нұсқау, дерегін,
Қалай жүріп, қалай тұру керегін?!

Бөгде жұртты көрсе келген шалғайдан,
Қарсы алса, бал тамызып таңдайдан.

Тартқан кезде табақтарды барласа,
Жарамсызын тез қайтарса, алмаса.

Қадағалап шырындарды сақтаса —
Тұрса байқап — арам қолдар батпаса!

Қонақасы бергеннен соң, бағалап,
Тарту тартсын жөн-жобасын саралап.

Ақылмен теңбөлсе асыл затынды
Алаламай алыс пенен жақынды.

Екі нәрсе даңқты өсірер өмірде —
Ілген туын, тартқан асың төрінде.

Екі кісі сарай даңқын асырар,
Бектің аты шығып, бағы ашылар.

Бірі Хажыб бүкіл ісін қарайтын,
Бірі басшы қараушысы сарайдың.

Бұл екеуі жеткізсе елді табыска,
Сарай, бектің жетер даңқы алысқа.

Ыдысшы, аспаз, төсекшісі — түгелдей
Екеуінің орындар сөзін жібермей.

Құсшы, аңшы, садақшылар бабында,
Күнде өзір тұрса қақпа жанында.

Әуелі өзі қайтса үйіне тамаққа,
Қолдастарын ерте кетсе қонаққа!

Үстемелеп, дастарханын жимаса,
Тойғаннан соң құр қайтармай сыйласа.

Ат, тон-толым қалса жетер: қалғанын,
Қонақтарға сый тартуға арнасын.

Бөгде жандар қызмет іздеп жолықса,
Мейірім жасап орын бөлсе — торықса.

(Қызметке кіріскенше, қарайлап,
Қандай адам екендігін абайлап?!)

Іс бергенше, қарап қатты сыртынан,
Тағам, киім, ат бергізсе жылқыдан.

Өз жұртының жайын біліп, жарасса,
Аш па, тоқ па? Бар ма, жоқ па? Караса.

Қолы қысқа — соры қалың адамға,
Мұңын ұғып, көмек берсе, табанда.

Біреу-міреу келмей жүрсе сарайға,
Біліп алса, жөнін оның қалайда.

Науқастанса, көңілін сұрап қолдаса,
Қиық-қыңыр кеткен болса — оңдаса.

Мұның бәрі істегі адал-ақтықтан
Бекке — жақын, арамдыққа жаттықтан.

Не дегенің, есті, қызмет еткен ер,
Қызметімен мұратына жеткен ер:

«Қызметші бегіне адал болсын,
Қызмет десе жанымен жанар болсын.

Бек ісі үшін күйсе құл көкірегі,
Бек билігі күн санап бекір еді!»

Адал адам, арам ойға бармайды,
Бегі үшін қызметтен талмайды.

(Мұрша болмас, ойлауға да бас қамын,
Жайраңдайды жайын күйттеп басқаның.)

Жетелі құл, артық ұлдан жетесіз!
Күйінесіз, көнесіз — не етесіз?!

Азған шөптің пайда тисе — құлымын,
Гүл арам ба, кесем тамыр-жұлының.

Ынғылы арам қандастан без алыска,
Одан гөрі сен адал дос, таныска.

(Алыс артық, жаудай қысқан жақынан,
Берекең болса, береке кетер жатынан!

Берекесіз туыстан без ,озарсың,
Жаны таза досыңды сүй, озарсың!)

Тілің майда ,сөзің шырын татысын,
Көңілің ашық, ішің доска ашысын.

Аңшы сөзден жүрегіңе мұз қатар,
Көңіл қалып ғұмыр бойы сыздатар.

(Қату қабақ жақыныңды жат қылар,
Кімсі көңілін түсінер ме баққұмар?!)

Мұңы меңзер бәйтті оқып алыңыз,
Аңшы сөзден тұщынады жаныңыз:

«Сөзбен сөксе — тілмен ішің қанышды,
Сүйек сыздап, жалын қабар жаныңды.

Таяқ еттен, сөз сүйектен өтеді,
Сөз қалады, таяқ табы кетеді!

Тән жарасы жазылар, көп жүрмейді,
Тілдің зәрі тарқамайды, сіңбейді!».

Жауға аттанса бектер қару асынып,
Аңға аттанса, не сейілге асығып.

Хауіп-қатер болмай тұрмас абайла,
Бекке залал жасалмауын қарайла.

Қатер бекпен осындайда шалысар,
Ат үстінде, құс салғанда жабысар.

(Қиқу салып жау қуғанда килігер,
Киік қуып болдырғанда шүйлігер...)

Сенімсізді қусын алыс түгелдей,
Сезіктіні бақсын таса жібермей.

Жаны жақын жігіттері сенімді,
Жақын жортсын ортаға алып бегінді.

Әскербасы сақшы тізсін жолына,
Қырағы әскер тобы ерсін соңына.

Үлкен, кіші топтар жортсын жөнімен,
Соңы үзіліп қалмасын топ төрінен.

Қалай тұрып, қалай жүрсе ел сарайда,
Жорық-жолда сақта соны қалайда!

Сарай басы — сақтар сарай көрігін,
Нақ осындай болу керек, Елігім!

Болар жанға сарай, қақпа несі,
Міне, осындай іс-міндеттер тнесі.

*

Айттым бәрін, өзің ойлап қарарсың,
Кісі іздесең, сөзімді ойға аларсың!

— Ұқтым, ұлым,— деді Елік,— мынадай,
Жаңа сауал ,болмас оны сұрамай.

Сен білессің, бектер бнік атағы,
Елден елге елші жолдап жатады.

Елшілікке қандай парыз жүктелер
Қандай адам елшілікке дөп келер.

Қандай жанға елдің сөзін берген жөн?
Қандай жанға бек өзіндей сенген жөн?

33

Өгдүлміш Елікке елшіге қандай кісі керектігін айтады

Айтты Өгдүлміш:— О, құтты бек, білікті,
Мұның да ілім жайын зерттеп біліпті.

Елші ерекше, барлық ердің сарасы,
Артық біткен білім, ақыл-санасы.

Құдайдың ең асыл құлы - елшілер,
Ізгілерде ақылды, ұлы — елшілер!

Талай ізгі істі солар тындырар,
Ақылымен жауыздықты сындырар.

Жасқау керек қиялымен жасынды,
Тілге шешен, болу керек ақылды.

Зерек біліп, сөздің тысын, ішін де,
Түзей алса, елдің бұзық ісін де.

Не деді екен, тыңда әлемді шарлаған,
Жиһангер ер, талай сырды барлаған:

«Ақылды ерді қатар қойма малғұнға,
Біліктіні көтер елдің алдында!

Қандай іс те тисе ақылдың жетегі,
Бағың жанып, оңға басып кетеді!

Қайсы іске де қол тигізсе білікті ер,
Гүлдеп кетер, күлге айналып кідіктер.

Ақыл-білім небір істің ұстасы,
Оларға еш қиындық жоқ, қысқасы!»

Мейірімді болсын көңілі, көзі тоқ,
Құлқы жақсы, мірдей ұшқыр, сөзі — оқ.

Ойлар бектің молайсын деп асылы,
Бектің жайы — елдің қамы, ашығы.

Шын табынған қызметімен танылар,
Ондай жанды таппаса, бек жақылар.

Сүйген құлың — бауырыңнан сенімді,
Жүрек қаны — ол, алар жаудан кегіңді!

Сұқ көзділер көзін ашып қарамас,
Ондай пенде елшілікке жарамас!

(Ашкөз пенде бұл құлқынның құлы ғой,
Құлқын құлы — қу тамақтың пұлы ғой.

Құлқын жолы ұсақ-түйек толы егес,
Бұл елшілік саранлардың қолы емес.)

Көзі тоқ ер кедейлігін білдірмес,
Сабырымен Саранларға ілдірмес.

(Сабырымен жетер шыдап мұратқа,
Ер мінезбен төзер талай сынаққа.)

Сұқтар — сараң, сараң біткен комағай,
Қомағайдан безер жұртың жоламай.

Көңілі тоқ — байдың байы — дәулетті,
Былай депті елеңдетіп әулетті:

«Ашкөздерге ештеменің жоқ құны,
Байыта алмас бұл дүние тоқтығы.

Құлқын құлы, ұтылар һәм тұтылар,
Бұл құлдықтан өліп қана құтылар!»

Ашкөздердің көзін ашып бермекке,
Ақыл айтқан, құлағың сал, ер бекке:

«Бай боламын десең жерді еңсеріп,
Көңіліңді байытып ал, ей серім!

Құл көзі тоқ... Ашкөз тоймас құмартып,
Сұқ көз бектен көңілі тоқ құл артық!

Қомағай бек қайыршыдан бейшара!
Көзі тоқ құл бай да, бек те, не шара?!

Білу керек ұят пен ар, намысты —
Ұмытасың дүние-боққа налысты.

Арлы болсаң алдыңа ашық қарарсың,
Аранды ашсаң арандалып қаларсың!

Білім, мінез — байлығың да, ырысың,
Майға быксаң тарылар тек тынысың.

Ақыл, білім — қос қанаты адамның,
Ісін білер, тілін білер ғаламның.

Бәйітті оқып, мағынасын пайымда,
Есті сөзді ал, ақыл-білім жайында:

«Істі ақылмен ойлап, тындыр біліммен,
Жылмен — бақыт, келеін құтын күшіңмен!

Ақылмен ер тілегіне жетеді,
Білімсіз іс бітпей, алаң етеді!»

Ақылменен жазбаларды оқырсың,
Оқуменен ой-парасат тоқырсың.

Оқып, жазып, сөзді түйген кісілер,
Өзін баптап білім — кенге түсірер.

Түрлі өнерді біліп алса шетінен,
Парасаттың нұры ойнар бетінен.

Кітапты оқып сөздің мәнін түсінсе,
Өлеңді ұғып, ойды өлеңге түсірсе.

Жұлдыз танып, жори білсе түсті де,
Сөзі дәл кеп, емдесе оның үстіне.

Хандасаны *, білсе санның түбірін,
Жер, аспанды білсе санға жүгініп.

Нард, шатранж * ойнағанда жарқылдап,
Ұтып алса қарсыласын алқымдап.

Аңшы болса, ат құлағында ойнаса,
Құралайды көзден атып, қоймаса.

Тілін ашса-ақ, сайрап кетсе сан тілді,
Жазбаларды, білсе әріпті сан түрлі.

Білген елші қасиет, сырды жақағы,
Бір тілегін қиналмай-ақ табады.

Елшісі есті, зерек, дана, ақылды,
Бектер еспен билер алыс-жақынды.

Елші жауыз болса жаман, наданнан,
Бек беделі аса қоймас табаннан.

Елші ердің төрт құбыласы тең болсын,
Елде — кісі, сыртта бүтін ел болсын!

(Шеше білсін түрлі қиын түйінді,
Тани білсін қабақтан-ақ күйінді.)

Сүрінбесін тосын, жұмбақ сындарда,
Мыңды біліп, тұлға болсын мындарға.

Алуан сөзді айтқан досы, қасы да,
Ұғып, біліп, түйіп алса басына.

Елші кемел ері болса елінің,
Аты әлемге кетер еді бегінің!

Ақсақалдың кеткен сөзі нақыл боп —
Мұны ұқпаған кісілерде ақыл жоқ:

«Кім білікті, аты данққа бөленер,
Кім өнерсіз, ат-атақсыз көнерер.

Өнерімен кісі елден бөлінер,
Өнері асса самғап көктен көрінер!

(Біліксіздер, аты шықпай қартаяр,
Білікті ердің атына елі марқаяр!)»

Білікті ер, қолын көкке тигізер,
Ұлы таудың басын жерге игізер.

Әр сауалға берсе тездеп жауабын,
Ойдың дәнін ұстатса, аршып қауағын.

(Әңгімеде сөз тізгінін ұстаса,
Білмегенді білдімсінін қыспаса.

Шарап ішпей, өзін-өзі сақтаса,
Құт та қонар, бет алдына лақпаса.

Білікті ішсе, надан болар білімсіз,
Қандай болар есірсе егер біліксіз.

Ішімдік бұл жауы ақыл-есіңнің,
Шоғы даудың, төбелес пен кесірдің.

Қаншама есті, білікті, ойлы кісілер,
Шарапқа бас сұғып, қалған ісінен!

Қанша арлы, құлқы жақсы адамдар,
Шарап ішсе, итше аунап, абандар.

Қайран ақыл, ұят, білік, кісілік,
Шарап арбап, жалап құртқан пішінін!

Шарап ішпе, ішсең құтың қашады,
Ішкен сайын ессіздігің асады!

Ішке кірген шарап сөзді шығарар,
Шыққан сөзден жаның күйіп қуарар.

(Тәтті шарап ащы сөзді тудырар,
Ал, ащы сөз өзекті өртеп, ду қылар).

Бәйітімен айтыпты сөз шайырың,
Оқы, берер іші-тысын айырып:

«Егер ішсең, шарап мысы басады,
Ішіңді алып, сырыңды елге ашады.

Ақылды ішсе, жұрдай болып ақылдан,
Ақымақ ішсе, сөзді ұмытып шатылған!»

Тіл, жүрегің шырын болсын қайда да,
Сөз бен есті тектен-текке лайлама!

Тілі шырын кісі болар жағымды,
Сөзі сырлы сындырмайды сағынды...

Көңіл бұрып, айтқан сөзді ұмытпа,
Не істесең де, көкірегіңе құлыпта.

Сырты-іші бірдей болсын ажарлы,
Түр-тұрпаты тұрсын арбап назарды.

Өзі іскер, өзі ермінез жан болса,
Сегіз қырлы, қайтпас қара нар болса.

Тілі майда, шырын болса сөздері,
Ерір ұлық-кішілердің өздері.

Елшілікте сөздің құны бағалы,
Бір ауыз сөз елдің тілін табады.

(Бір ауыз сөз елдің атын өсірер,
Бір ауыз сөз ердің атын өшірер.

Бір сөзбенен қия-шыңға шығарсың,
Бір сөзбен-ақ жауды көрге тығарсың!)

Қымбатты Елік, тапсаң ондай асылды,
Туыстырып берер дос пен қасыңды!

Жұмса ондайды алыс, тауып ақылын,
Бөтен — алыс, бірақ елшің жақының!»

ЕЛІКТІҢ ӨГДҮЛМІШКЕ САУАЛЫ

— Сөзіңді ұқтым, бәрі дұрыс,— деді Елік,
Тағы да бір сауалымды беремін.

Сен не айтасың, сөзіңнен нәр терейін,
Нәрлі сөздің ақы-пұлын берейін.

Шежіреші-хатшы қандай болады?
Ол жұмысқа қайтсем көңілім толады?!

34

Өгдүлміш Елікке шежіреші-хатшылыққа қандай кісі керектігін айтады

— Елік,— деді Өгдүлміш,— бұ ада,
Оңар есті адамың тұрса ғана.

Бұл жөнінде айтайын білгенімді,
Шындығынан тірліктің түйгенімді.

Бектер қанша білімді болғанымен,
Сөзін жазар жан керек толғауымен.

Жылнамашы бар сырды білгені жөн,
Бәрін түйіп ішіне жүргені жөн.

Шықпау үшін құпия, жиған дерек,
Адал пейіл, қасиет иман керек.

Кетсе жұртқа жайылып ішіндегің,
Өзегіңді өрт тілер — түсін, бегім!

Құпияңды, сақтаған ақылыңда,
Екі адамға айтарсың ақырында.

Хатшы, уәзір — оларсыз аландайсың
Екеуінен жасырып қала алмайсың.

Екеуіне ашасың қырларыңды,
Сыр бергенің — бергенің ық жағыңды.

Сақта екеуін өзіндей жанарыңның,
Бірі сатса тайғаны табаныңның.

Өтүкеннің * бегі айтқан тебіреніп:
«Тілін тисын — сыр ашсаң еміреніп!»

Сыр бердің бе — тіліне ие болсын,
Сырға берік пәктерге кие қонсын.

(Сыр айтты ма, сертіңнен айнымағын,
Ашып алсаң — кетті бас, тайды бағың!)

Аузың ашық үңгірдей, тасы уәлі,
Жылт етсе сөз, қалғаны шашылады.

Жарқ етер де жайнар таң шапағындай,
Тарар жұртқа сөздерің атағыңдай!

(Күллі әлемді шарлайды, көрерсіздер,
Қалайша оған қақпақ боп, бөгерсіздер!)

От пен су ұшар тілден гүр-гүр етіп,
Бірі — өртеп, бірі — басып дүркіретіп.

Келеңсіз сөз — шыққан өрт, қырар жалын,
Ауыз ашып зұлымды шығармағын!

Жақсы сөз тас бұлақтай нұр береді,
Қайда ақса, сол жер жайнап, гүлденеді.

О, білікті ер, шалқырсың, тасынарсың,
Көңіл сырын көлдетпей, жасырарсың?!

Бәйітті оқып, шын мәнін ұғынарсың,
Тынарсың да, сыр ашпай тығыларсың:

«Жүрек сырын тілге алыс үйірерсің,
Ашып алсаң — опынып, күйінерсің.

Қызыл тіл — жауы соры қара бастың,
Жан үшін тілді тұтып, жағаласқын!»

Хатшыңыз білімді, есті болғаны жөн,
Хатқа жүйрік тілге құт қонғаны жөн!

Сұлу жазу серпілтер, еліктірер,
Қуаныш көңіліңе келіп кірер.

Сөз бен жазу жарасса жаныңды ұғар,
Жазудан ой төгіліп табындырар.

Ыла ұлының сөздерінен аңғаргын,
Жазу бағы — өнер қуған жандардың.

«Қасиетті сөз жазуда тұнып қалар,
Жазылған сөз мәңгі өшпей тұрып қалар.

Болмаса егер жазуың, жазбаларың,
Білермісің білімнің қазналарын?!

Қалдырмаса, даналар қатқа жазып,
Кім айырар өткенді ақ, қара ғып?!

(Кім ұға алар көненің жұрнақтарын?!
Кім біле алар өткеннің қымбаттарын?)

Болмаса егер жазуың мақұлдаған,
Кім сенеді құр сөзге тақылдаған?!

(Жазылған сөз тас болып қала берер,
Тіл мен жағың жаңылып, тана берер!)

Сәлем жолдар кісілер елден-елге,
Тіл қайтпекші? Хат жазып бермегенде!

(Қасиет бар жазуда өлтірмейтін,
Санасы жоқ, наданды келтірмейтін.)

Жазу — қымбат, сырыңның тас қамалы,
Жазумен бектер елді басқарады!»

Тиетін бектерге анық шарапаты,
Үш кісі бар, қызметі — марапаты.

Бірі — дана ғалымдар, зейінділер,
Бірі — хатшы, білсін дер кейінгілер.

Үшіншісі — жүректі ер, батырларың,
Жау десе, жайдай жайпар жасындарың.

Ақылды ерлер, даналар кеңеседі,
Сөйленеді ел мұңы, келешегі.

Ел ісін хатшы хатқа түсіреді,
Хатпен кіріс-шығысты түсінеді.

Қылыш ұстап батырлар жауға шабар,
Қырып, егер бағынса, сауға салар.

Бұл үш түрлі ер бір жеңнен қол шығарса,
Қалған жұртты үйіріп қоңсыға алса.

(Төтен келген жауың да шаба алмайды,
Жазылған тарихыңды ала алмайды.

Дәуірлейді елің де, бектерің де,
Хатың қалар келмеске кеткенінде).

Бұлардан тыс бар талай қайсарларың,
Үшеуін демеп жүрсін жайсаңдарың!

Елді аларда, алмас қылыш жарқылдар,
Ел басқарсаң, алтын қалам жалтылдар.

Білім, ақыл, елдің ішін түзетер,
Үш батырың бар әлемді күзетер.

Бек заңдарын біліммен басқарар,
Күллі ісі ақылменен басталар.

Қылыш елді күзейді һәм жасытар,
Қалам — түзеп, қазынасын тасытар,

Қылыштан қан тамызса, ел сыйынар,
Қалам қара * тамызса, алтын құйылар.

Дүние өзегі екі нәрсе білгенім:
Бірі — озған, бірі келер күндерің!

О, бек, білгін, екеуі де керемет,
Дана екенсің, керек мұны елемек!

Бұл жөнінде бәйіт бар толғандырар,
Ордалы ойға ой қосып қорландырар:

«Білім білсе ер шығарар елдің даңқын,
Қылыш ілсе ер қорғайды елдің даңқын.

Қылышпен жауға жапа шеккізеді,
Қаламмен тілекке елді жеткізеді!»

Хатшы көзі тоқ болып, сараңдықтан —
Алыс жүргей, айнымай адамдықтан.

Көзі тоқ жан сұқтанып, тырбанбайды,
Мүлік алса басқалар қызғанбайды.

Сараң құлы, малының табын-табын,
Ей, шырайлым, арды ойла, тарылмағын.

Қомағай бек құлы ғой ку құлқының,
Қайтіп ойлар құлқынын бұл жұртымның.

Сұғанақ хатшы жазғанынан жаңылар,
Жазғандарын бұзып, сатып — қағынар!

Алтын-күміс көрсе, тайса жолынан,
Тігер бек пен өз көлеңсің соңынан.

Елгезек жан іске адал, табынады,
Қашан болсын сарайдан табылады.

Бек ырзығы дегенде ес қалмайды,
Тәнін-жанын, малын да бекке арнайды.

Шарапқа жоқ, жаны пәк баладайын,
Еңбекке үйір бал жиған арадайын.

Шарап ішсе, хатшы азар білімінен,
Қате жазар қалған соң білігінен.

Хатшы жүргей күні-түн қастарында,
Іздеген сәт, табылсын қас-қағымда.

Екі адамды ел ішінен — таңдағын,
Екі істі соларға тән — арнағын.

Бірі — хатшы, қаламды аттай ағызған,
Бірі — елші, тілінен май тамызған.

Алыс-жақын, ел-жұрттың арасында,
Керіс шықса — сұрайсың, табасың да!

Ісің оңса осы екеуі оңдырған,
Ісің күйсе, осы екеуі тоздырған.

Бірі жазып, сөзінен жаңылғанда,
Бірі — оңдаса тілімен жақын маңда!

Хатшың сондай жан болсын, құрметті Елік,
Сенімді, есті, кетпейтін дүрмекке еріп.

Ондай жанға өмір бойы сенген жөн.
Адамдықтың шарттарына көнген жөн.

*

Міне, Елік, білгенім, баяндадым,
Міндетімді орындадым, саяңдамын!

Елік айтты:— Күмән жоқ бұларыңа,
Жауап берші тағы бір сұрағыма.

Қазнашы қандай болсын, түсіндір,
Қазна — кілт, тұғыры ғой ісімнің.

Қазна ғой — елдің байлық, беделі —
Кімге сеніп, кімге алаңсыз беремін!

35

Өгдүлміш Елікке қазнашылыққа қандай кісі керек екенін айтады

Айтты Өгдүлміш:— Ойласаңыз, Құтты Елік!
Алтын-күміс қуаныш һәм құт, көрік!

Адал, кемел, заңға жүйрік, тырашыл,
Болсын, көңілін әрне бұрып тұрмасын.

Әлем кезіп, дүние парқын түсінген,
Сарттар басы хатқа бұй деп түсірген:

«Жаның тәтті, бар одан да тәттірек,
Алтын-күміс шыбын жаннан тәтті, бек!

Егілместі — алтын-күміс егілтер,
Еріместі — алтын-күміс ерітер!

(Жеріместен алтын-күміс жерітер,
Жеңілместен алтын-күміс жеңілтер!

Иілместің басын алтын неді,
Үйілместі басыңа алтын үйеді!)

Күміс көрген адам көңіл бұрмаса,
Көзі тұнып, дымы құрып тұрмаса.

(Алтын көріп, адам жолдан таймаса,
Адамдықты, адалдықты ойласа.)

Ондай жанды періште деп қараңыз,
Шынында да періштеге балаңыз.

Алтын көрсе ердің өзі жұмсарар,
Күркіреген кердің сөзі жұмсарар!»

Көңіл тойып, ерді жебеп тұрса бақ,
Қазынасы арта берсе күн санап.

Ен байлыққа тойып көзі жасқанса,
Алланы ойлап тұрса — көңілі мастанса...

(Біліп тұрса заңның шегін, тарлығын,
Таразылап пайда, зиян барлығын.)

Айыра білсе адал менен арамды,
Парықтаса жақсы менен жаманды.

Көзі тоқтар жатқа сұғын салмайды,
Адал жандар ласқа қолын малмайды.

Алтын-күміс көріп өскен жасынан,
Аулақ жүрер сұғанақтық насынан.

Құдайынан қорыққан кісі, табынып,
Хақ жолынан айнымайды жабығып.

Адалдығың — асылдардың асылы,
Бақ та, құт та адалдықта әсілі.

Адалдардың жаны күндей жайнайды,
Мәңгі-бақи құты бастан таймайды.

Құлағың сал мейірімді ер сөзіне,
Мейірлі сөз медет болар өзіңе:

«Шыншыл болсын көңілің, тіл, қылығың,
Бақ,дәулетің тасыр, кетпес шырығың!

Адалсың ба, құтты күнің бақытты,
Сау-саламат өткізесің уақытты!

(Көңіл таза — дениңнің сау болғаны,
Денің сау ма — көңілің тау болғаны!)»

Мейірім, ақыл, шындық сені көтерсін,
Есің болса, мың тілекке жетерсің.

Ұятты біл, ұятсыздан қашық бол,
Парасатқа, тазалыққа асық бол!

Ар-ұятың жаманаттан сақтайды,
Ұят аршып, тазалайды, ақтайды.

Шарап ішпей, өзіңді-өзің ұстағын,
Келер тура сонда, шығар ұшпағың.

Шарап ішкіш өз ырысын ішеді,
Құтын шашып, мүскіндікке түседі.

Қазнашыға қараулау жан қолайлы:
Қынды — асыл, қын етер оңайды.

(Сонда құны қазынаңның артады,
Арзаныңды алтын қылып жарытады!)

Сенімді адам үмітіңді ақтайды,
Бек ырысын тасытады, баптайды.

Сенімді адам, сірек адам ұқсаңыз,
Жақын ұстап, ақ пейілін жықпаңыз!

Қазнашың іскер болса, саспағын —
Мол байлықты ұстар қосып бастарын.

(Бәрін ойлап, жөн-жөнімен бағалар,
Қайда — пайда, қайда — зиян — саралар.

Есі бар жан ешқашан да жаңылмас:
Санға жүйрік білер жөнін, қағылмас.

Ұмытшақтық — ессіздіктің елесі,
Шашып, төгіп, болып тұрар бересі.

Есеп-қисап жүрген жерге ес керек,
Есеп білмес, есі жоқтар не істемек?!

Жазу білген қажет есеп жазарға,
Хаттамасаң, қалай тұрар назарда?!

Жазсаң айқын: күллі кіріс-шығысың,
Жазу жөндер қазынаңның жұмысын.

Күнін, айын, жылын түгел жазып қой,
Күллі санды ашық-айқын салып қой.

Есебіңді тек жазуың білгізер,
Түзу есеп алшаң-алшаң жүргізер.

Дана сөзін көріп ұғып, түсініп,
Есеппен бек тұтар жігін ісінің:

«Хатталмаған іс есіңде тұра ма?!
Жазып қойғын, құр көңілге құлама?!

Жазсаң — есте, жазбағаның — жоғалар,
Есепсіз, көп қазнаң құрыр, тоналар.

Білер болса түрлі жазу сырларын,
Түсінгені қисаптың сан қырларын.

Қызметші болса есептен сүрінер,
Есептесер сәттерде өліп-тірілер.

(Болса егер, қазнашы жаңылар,
Есептессе — басын ұрып, аңырар!)

Хандасаны * жете жақсы түсінсе,
Күрделі есеп-амалды еске түсірсе.

Есеп-қисап жөнін кемел білген жөн,
~~Оған қоса сақ, шырақ боп жүрген жөн!~~

Нәзік есеп бұл хандаса тегінде,
Есептейді жер мен көктің шегін де!»

Құлағың түр біліп өмір сүргенге,
Білікті сөз үлкен олжа білгенге:

«Хандасаның терең қисап, есебі,
Тек хәкімдер бас қатырып шешеді.

Өлшеп-пішер жеті қабат көкті де,
Есептейді алыс-жақын, шетті де!»

Білікті, есті ер білмес дауды-таласты,
Естілердің күллі ісі жарасты.

Біліктілер бұлтағынды ұқпайды,
Тура жүрген ар жолынан шықпайды.

Ақылы жоқ өзін ұстай алмайды,
Білімі жоқ жұмыс істей алмайды.

Қазнашы ісі ішінде ғой сарайдың,
Сарайда істеу қолы емес талайдың.

Тура жүріп, түзу тұтсын қабағын,
Түтін, жалын қақтамасын ажарын.

Көзін тежеп, ие болсын тіліне,
Ақылмен су құйсын нәпсі ініне.

Көз сұқтанса — көңіл ауып қалады,
Көңіл ауса — кімдер ұстай алады.

Көңіл азса — үзгейсің күдеріңді,
Кеткен көңіл көксемес шідеріңді.

(Ауған көңіл, қайтпайды қыңырайып,
Өйткені, оның алды — шоқ, мұңы ғайып.)

Көңілі — басшы, адамның денесіне
Ере берер, құл басшы елесіне...

Дана ердің таңда айтқан ақылын:
«Көңілің мен көзіңді тый, батырым.

Тәнің, жаның көңіліне бағынар,
Көңілі ала мұңның бұлтын жамылар.

Көңілсіз жан жансыз сурет бітпеген,
Біліктіні ол отқа салар күтпеген!»

Сақа емес, керек берік, сақ адам,
Қазна тұрар қолда ұстауға жарағаң.

Жақсы нәрсе бұл жомарттық, жаны кең,
Сахи болма, бірақ, кісі малымен.

Білу керек сауда-саттық, айланы,
Саудасы жоқ, білмейді әсте пайданы.

Нарқын білсін алуан-алуан тауардың,
Баға-құнын айыра алсын олардың.

Құнын білсе, тектен текке алданбас,
Саудаласса, арзымасты малданбас.

(Саудаласып алданбаса бағадан,
Ұмтылмаса көп алуға шамадан.)

Тәтті сөйлеп үлкенге де, кішіге.
Жайлы болса алыс-беріс ісіне.

Гез қайтарса, сенен сұрап алғанын,
Ілтифат ет, қарызданып қалмағын.

Саудада адал, сенімді, пәк адамға,
Іздегенін тауып берер табанда!

Олжаны бек әскеріне арнаса —
Жеткізіп тең, қиянатқа бармаса:

Қазнашы қысса — әскерге жақпайды
Әскер көңілі бегіне кір сақтайды!

Тыңда, түсін, сахи жанның сөздерін,
Ей, бейшара, уын ішпей өзгенің:

«Дос көңілін қалдырудың амалы —
Серттен айнып, сөзін жұтып алады.

(Уәде беріп, үзбе үмітін алдама,
Емексітіп, құрыққа сырық жалғама.

Бермесіңді атап қойып айныма,
Қадір кетер, сөзден табан тайды ма!

Бек айныса — абыройы қашады,
Абыройсыз, құты тайып, сасады!»

Пысық қажет, жақындатпа езбені,
Ез келді ме — берекенің безгені.

Қызметкердің бекке еңбек сіңірген,
Мұң-мұқтажы толып жатыр тізілген.

(Қара көзі қара жерге тесіліп,
Кіріптар боп ашар қызмет есігін.

Қолы қысқа қызметкерге жаны ашып,
Жарлық етсе — бекке тұрар жарасып.

Қазнашы көп сүйресе, не бермей,
Ұмытылмас, алса да — у жегендей.

Керегіңді тапсаң сол сәт жөнімен,
Шағын нәрсең пілдей болып көрінер.

(Қастықтан соң достыққа асыл жетпейді,
Аштықтағы астың дәмі кетпейді.)

Көксақалды көрегеннің сөзін ал,
Сөзін емес, мәйегінің өзін ал:

«Тілегенің дер кезінде табылса,
Байғазыға аздау болар жаның да!

Керегінде азың пілге теңелер,
Солай болар, солай деген көнелер!»

Мұндай ойлы, ұятты адам табылса,
Қай істе де ақ жаныңан жарылса,

Қазынаңды тапсыра бер алаңсыз,
Қалған құтты сол адамнан табарсыз!

ЕЛІКТІҢ ӨГДҮЛМІШКЕ САУАЛЫ

Елік айтты:— Ұқтым! Жақын кел тағы,
Сауалым бар, жауабыңды бер тағы.

Қандай болу керек астың басшысы?
Қандай болу керек оның қосшысы?

Бек қай кезде күмәнданбай ас алсын?
Қалай сеніп? Қалай дәмін татарсың?

Ас-ауқат та, көңілің сенбей, жүрмейді,
Күдіктенсең, таза асың да сіңбейді!

Енді, осының жайын айтып жібергін,
Ерім, сенің саулығыңды тілермін!



36

Өгдүлміш Елікке асбасшы (хан салар) қандай болу керектігін айтады

Айтты Өгдүлміш:— Қадірлі Елік, бұл іске,
Мейірімді, жаны сау ер кіріссе!

Ары таза, сенімді ер табылса,
Жүзін көрген бар күдіктен арылса.

Адам болса судан тұнық, сүттен ақ,
Өзі адал. Ұяты — өрт. Іске — бап.

Қайсар болса, шыққан әбден сенімнен,
Әз бегіне жан-тәнімен берілген.

Бекке қатер келсе келер тамақтан,
Кім сезеді ажал кірсе жалақтан?!..

(Ажал аспен кетсе бірге қайнасып,
Кім біледі ас басшының айласын?!)

Екі шоқып бір қараса бек деген,
Бала болмай тағамды алса еппенен...

Ел бегінің мың-мыңдаған жауы бар,
Жауы бардың, жолында тор-ауы бар!

Ас басшысы адал, ширақ болмаса,
Қорғанса да, қатер жеңер — сорласа.

Көп білетін, тұзын-сөлін айырар,
Епті, есті кісі керек жайы бар.

Бейнетінің бекке сіңсе еңбегі,
Айдан анық: өрлеп, өсіп, өнбегі

Ізгі кісі не дегенін тыңдағын,
Бізге арнап жаздырғандай сырларын:

«Қай нәрсеге сіңсе бейнет, еңбегің,
Анық — соны сүйіп, соған сенбегің!

Қай нәрсеге ер өмірін арнаса,
Сол — жан-тәні, Тастамайды, арбаса!

(Тірлік есіл емес-ау, еңбек — есіл,
Сол еңбекпен өтелмес, тірлік — ес л!)

Тірлік бейнет емес-ау, еңбек — бейнет,
Бұл тірлікте бейнетсіз, болмас зейнет!)

Тірлік қиын, ал одан еңбек — ның,
Қиындықсыз тіршілік бермес йын.

Өмір өтер, ер жігіт ашынбайды
Есіл еңбек, өксігі басылмайды!

Болғаны жөн, сенімді, көңілі бай,
Сұлу, сырлы ұстасын, өзін ұдай.

Білу қажет шарапат, білімді де,
Білімді жан жол бермес шіріндіге

Бектер нәзік, нәзік-таза талғамы,
Қалай өтер сай болмаса тағамы.

Асшы таза болса — таза тамағы,
Таза ас-су қашанда ұнай қалады.

Көзі ашқарақ — аухатқа да ашқарақ,
Қолын былғап бүкіл асты ластамақ...

Барлық қырсық лас қолынан басталар,
Ласқа уланған қара жерді жастанар.

Қаншама адал, ақ ниеттің ішінде,
Тазасы өзің, өзіңе сен, түсін де!

(Қанша сүйсін, сені өзіңдей сүймейді,
Бейнетіңе, дәл өзіңдей күймейді.

Бәрінен де, өзіңе-өзің тазасың,
Өзіңе-өзің кейде көр де қазасың!)

Сенген жұртты түңілдірме, суытпа,
Сақтан. Сезік тудырғанды жуытпа.

Мұны меңзер асыл сөзді алыңыз,
Шындығына сенсін кәміл жаныңыз:

«Бәріне сен. Жаның үшін сене біл,
Екі көзің, тек күдіксіз сенерің!

Ғазиз жаның барлығынан қымбатты,
Ғазиз жанға ықыласыңды бұр қатты!»

Жүзі нұрлы, болсын ойлы, құлықты,
Тіні жұмсақ, білер дәстүр, ғұрыпты.

Сұлу жүзге тамақ ішпей тоярсың,
Настың асын у көргендей, қоярсың!

Таза Күні — падишасы ғаламның,
Тазалықпен тарар даңқы адамның.

Таза, дәмді болсын суың, асың да,
Таза болса сыйлайды адам қасын да!

Арамдарға ошақ басын басқызба,
Қылығы нас — қасыңның да, настың да!

Не істесе де ықыласпен істесін,
Аспазшыңдай ас дүмбілез піспесін!

Ас басшысы болса арамза, күйелеш,
Қосшысы да сау сиырдың қиы емес!

(Жайлап алса қазан басын мыстандар,
Бұралқы иттер жер кемірген тышқандар.)

Дастарханның берекесі келер ме!?
Бек ондайда аспазына сенер ме?!

Нан алдында тек адалдық киелі,
Ас обалы ас басшыға тиеді!

Көңілі түзу ердің сөзін қараңыз,
Ақылды ойдың астарына нанамыз:

«Адал жаннан бақыт қашып құтылмас,
Түзік жанның күні ешқашан тұтылмас.

Қайда тисе қиянаттың аяғы,
Қайырым жасар жандар қалмай, таяды.

Қиянаттың қолы тисе — бұл анық —
Жер қуарып, теңіз кетер суалып.

(Сұмырай келсе су құриды, паныңыз,
Сұмырай көрсең, суға айналар қаныңыз!)»

Бегін сүйіп, жанын кияр жан болсын,
Ұят-ар мен нысап білер нар болсын.

(Ондай жанның көп тигізер көмегі,
Ең болмаса, жанын беріп өледі!)

Білім, ақыл болу керек аспазда,
Түсін, дәмін түрлеп тамақ асқанда.

Білу керек — дастарханға беруді,
Қашан кетіп, қашан, немен келуді.

Қиын істе алып шығар ақылың,
Білім — мәңгі жоғалмайтын асылың.

Бекке ізгілік жасап, атың шығарсан,
Сол ат сені ордан алып шығар сан.

Ақылды адам атақ-құрмет алады,
Білікті адам ықыласқа қанады.

Ақылды-есті — кісілердің кісісі,
Білімділер — кісілердің кішісі.

Не дейді екен көп білетін бас кісі,
Есті кісі — кісілердің бастысы:

«Ақылды жан — адамдықтың асқары,
Адам үшін, анық, жанын тастары.

Арамзалар — арбап ләззат табады,
Пайда көрсе, сөзін сата салады!»

*

Ас басшысы болса осындай, о, Елік,
Айттым бәрін, білгенімнің керегін.

Қалай асты басқаруды сөз еттім,
Астың орнын — бек отырар төр еттім.

Айттым, Елік, ақылыма келгенін,
Санам менен жүрегімнің сезгенін!

Елік айтты:— Ұқтым. Өссін мерейің,
Сауалым бар. Енді соған келейін.

Айтқын: Қандай болу керек ыдысшы?*
Қайтсе оңдар шараппенен жұмысты?

Қалай біліп, тану қажет қылығын,
Көңілің сеніп, ішу үшін шырынын?

37

Өгдүлміш Елікке ыдысшы басшысы қандай болуы керектігін айтады

Айтты Өгдүлміш:— Елік, ойлап қарасам,
Бұған ісін білер кісі таба алсаң?!

Сыннан өткен, істің жәйін түсінген,
Көңілін ұстап, жөнін білген кісі жөн.

Көңілі тоқ, батыл, таймас оттан да,
Пейіл-құлқы түзу болса оқтан да.

Осындай жан ұстаса ыдыс құлағын,
Ісі өрлеп, төгер шырын құнарын.

Қолда тұрсын алуан түрлі дәрілер
Керегінде болмау үшін әбігер.

Тұрсын шырын, тұнба, ішірткі, майлары,
Сұйық, қатты, дәрілердің сай бәрі.

Жапырақтар, кептірген шөп, қауыздар —
Барлық дәрі, өтетұғын ауыздан.

Бекке қатер келсе-келер тағамнан,
Қанға содан жақсы-жаман таралған.

Ыдысшы, аспаз зұлым болып кездессе,
Бектің шырқы кеткені де келмеске!

Ойлап қара, есті сөздің төркінін:
«Құлқын болсын құлы кісі көркінің.

Аузында ынсап болса, тимес маңдайға,
Аз тағамның дәмі татыр таңдайға.

Тіл мен көмей тұлғасынан озғасын —
Көрдім талай жұтқандарды өз басын.

Дерт кісіге жабысады ауыздан,
Дертке дауа дәрі де енер ауыздан.

Білім керек, ақыл керек кісіге,
Ақыл бастар — адамшылық ісіне.

Есті кісі зұлымдықтан қашады,
Біліктілер ақ пейілмен асады.

Қисық ағаш отын болып от қабар,
Қисық адам — тұтқын болып тоқталар!

Тіршілікте тура жүргін, ей бегім!
Сонда адал емгенің де, еңбегің!»

Ыдысшыға тура сондай ер керек,
Жүрегі-ақ, көңілі таза, елгезек.

Міндетіне түзу, адал қарасын,
Залымдықтан таза тұтсын санасын.

Өзі құйып, өзі дәмін алғасын,
Өзі жауып, өзі соқса таңбасын.

Ең дұрысы, шарап, дәрі, тұнбаны,
Таза қолдың жасап, құйып тұрғаны.

Түрлі шырын, жемістерді баптаса,
Өзі қарап, өзі күтіп сақтаса.

Ащы, тұщы сусындарды сапырып,
Былықтырмай, күтсе жұмсап ақылын.

Еңбектенсе, құртпай соңын құрдымға,
Бейнеттенсе, бағы жанар құлдың да!

Кісі неге сіңірсе еңбек, тілегін,
Өсер жаны соған тамыр жіберіп.

Мұңы меңзер сөз бар сөздің жәннаты,
Ақылды сөз — білім-ойдың қанаты:

«Сіңсе неге маңдай тері адамның,
Содан жаны алар ләззәт, табар мұң.

(Неден мехнат көрсе өгіздей жегіліп,
Сүйер соны жан-тәнімен беріліп.)

Бейнетке де кісі өмірін арнайды,
Соны сүйіп, сүйресі берер, талмайды!»

Мұндай кісі келсе, құтқа жоры да —
Іс тізгінін ұстат соның қолына.

Тапсаң сондай ерді, миың талмайды,
Көңілде — алаң, жүректе жүк қалмайды.

Іс басшыға көмекшілер қымбатты,
Сақалсыз, жас, болсын олар сымбатты.

Жүзі жылы күн нұрымен шайғандай,
Қою қара шашы бұйра, ай маңдай.

Қыпша белді, жауырыны қақпақтай,
Кең иықты, көзі ұшқынды шақпақтай.

(Әппақ сті, жүзі қызыл шырайлы,
Сәмбі талдай бал денесі былайғы.)

Жасыл, сары, көк түсті кнім киіп,
Табақ тасып жүтірсе сүйіндіріп.

Мұнтаздай пәк, сақалдары болмасын,
Ыдыс, тағам қыл-қыбырға толмасын!

Ыдысқа түк жүрсе ілесіп — жарамсыз,
Қыл-қыбырға бола астан қаларсыз.

(Тәбетің де ерке қыздай қылықты,
Үп еткен леп үркітеді тымықты.)

Шарап басы «көсе» болсын дегенді,
Айтқан сөздің келгендейін кері енді:

«Шарап басы сұлу болса сүйімер,
Ұсынғаны тілді балдай үйірер.

Таза әдемі болса жүзі, ары да —
Не берсе де жаға түсер жаныңа!»

Көзі ашық, көкірегі ояу ерлерім,
Бұл бәйіттің, байқа нені меңзерін:

«Көркі болса, мандайдан күн көрінер,
Не берсе де, балдай шырын төгілер.

Қарны аштар қарай-қарай тоймасын,
Шөлдегендер іше-іше, қоймасын!»

Ыдыс басшы болсын, міне, осындай,
Қосшылары өзіне сай қосылғай.

Сонда оларға бектер сеніп, нанады,
Жақын тұтып, сый көрсетіп бағады.

Байқа қанша ізгі, арлы кісі керек,
Адал қолда жүруге ісің керек.

Бірі — хатшы, асбасшы, бірі — елші,
Бірі — ыдысшы, қосшы, ісші, тігінші.

Қай-қайсысын аларында, таңдағын,
Өкпешке, бөгіп, қапы қалмағын.

Елші, хатшы ессіз, надан болса егер,
Ел басына кетпей төнер бұлт кесел.

Ас басына алсаң арам, масылды,
Күнәсіне берерсің өз басыңды.

(Ыдысшыға кетсе қулар жанасып.
Дәрі орнына зәр ішерсің адасып).

Таңдағанда, ақылға сал, ей Елік,
Қателессең, таба алмассың себебін!..

•

Айтты Өгдүлміш: «Құтты бектің заты да.
Ісі де ұлы, ұлы бектік аты да!

Ұлы істерден басың қатар көбіне,
Бас ауырса, қалар бектік жөніне.

Дана ақылы-ай, көріпкелден аумаған,
Сөздерінен ой маржаны саулаған:

«Еңбек еткін, ләззат қуып жетесің,
Рахатқа михнатпен жетесің!

Бек қиналса, халқы құтқа батқаны,
Ел байыса, бек бақытын таңқаны!

(Ей, ләззәтты ер! Өмір бәрін таратар,
Бейнет жүрер рахатқа пара-пар!)

Шаттансаң да, шаманнан тыс тасынба,
Сығырайып михнат отыр қасында.

Ыдысшы, аспаз болсын қанша сенімді,
Ұмытпайды жеме-жемде тегінді.

Бәрінен де өзіңе өзің адалсың,
Өзіңе — жомарт, өзгелерге — сарансың!

(Сені өзіңдей сақтай алмас тірі жан,
Сөзді созбай, осы жайды білін ал!)»

Дана ердің өсиетін жазып ал,
Құлағыңа құйып әбден қанып ал:

«Өзің ғана көңіліңнің астары,
Қәміл сенер таба алмадым басқаны.

Сақта, бапта жайсын бүрін, желегін,
Көңілің азса, емін табам демегін!»

Айтарымды айттым, Елік, түсінгін,
Қажеттінің бәрін сөзге түсірдім.

Міне, осындай жандармен бек көгерер,
Жауын жайпап, даңқы тарап жөнелер...

Бәрін айттым, тиістіні білуге,
Тағы да бір сөзім қалды тілімде.

Тыңдаса Елік, оны дағы төгейін,
Тыңдамаса көкірегіме көмейін».

ЕЛІКТІҢ ӨГДҮЛМІШКЕ СҰАЛЫ

Елік айтты:— Тежеу бар ма білікке,
Айтқын, кәне, сөйлер сөзді ірікпе!

Сөздеріңе сусағанның бірімін,
Ақылың — дария, теңіздейін білімің!

ӨГДҮЛМІШТІҢ ЕЛІККЕ ЖАУАБЫ

Айтты Өгдүлміш:— Елік — ойдың мекені,
Елге өнеге, білім содан жетеді.

Айтып бердім, қызметшінің тірлігін,
Құл бегінің сыйлайтынын түндігін.

Қызметшіні қалай ұстау керегін,
Қайтсе олар, қандай пайда берерін.

Құлда бектің хақысы болады екен,
~~Құлдың бекте ақысы болмай ма екен?!~~

Бек құлдың қызметіне құмарлансын,
Тек, естен құл хақысын шығармасын!

Қызметші дүние үшін еңбек етер,
Табылмаса, күш, тері желге кетер!

ЕЛІКТІҢ ӨГДҮЛМІШКЕ СҰАЛЫ

Елік айтты:— Сөз төркінін байқадым,
Қызметші хақы қалай қайтады?

38

Өгдүлміш Елікке қызметшілердің хақы, бектердің парызы қандай болу керектігін айтады

Айтты Өгдүлміш:— Қызметіңе жаратсаң,
Қызметшілерге күш ақысын таратсаң.

Ең әуелі, ішіп-жемін берерсің,
Іске күші сай тұруын ерерсің..

Қызметшінің еңбегі — сор, жолы ауыр,
Түсінген бек, сезер өзі-ақ бодауын.

Құлы бектің сүйіншісін малданар,
Жанын салып жақсы істеуге қарманар.

Ыстық-суық, аш па, тоқ па, расында
Жалаң қолмен жауға түсер, қасында.

(Қолда қару бар-жоғына қарамас,
Кірер оққа өзіңменен шамалас.

Кірер оққа, қалқан болар жаныңа,
Жалғыз түйір құн сұрамас қанына.)

Оңға-солға, артқа ма, әлде алдыға...
Бір бегі үшін михнат шегер тағы да...

Жау ұмтылса, бегін оқтан қағады,
Өзі өлсе де, бегін алып қалады.

Бек сүйсінсін деп иығы жаншылып,
Күндіз-түні бейнет шегер сарсылып.

Қызметін бек ырысқа баласа,
Ізгілікпен, мейіріммен қараса.

Сөзін тыңда Үш Орданың ханының,
Ел сарасы, жұрты сүйген табынып:

«Ей, ұлы бек — иесі ұлы халықтың.
Құлыңды елеп, ұлық тұтып, қарық қыл!

Қызметшімен бектің қолы ұзарар,
Қызметшімен елге билік құра алар.

(Қала, елге үкіміңді жеткізер,
Жан біткенге тілегіңді өткізер.)

Бектер ұлық болып туар тегінен,
Қызметші, озық болып шығар елінен!»

Жомарт жүрек — кісіліктің күніндей,
Жомарт көңіл — адалдықтың түріндей.

Шындық жолы — ғұмыр жолы данқтың,
Өзегі ол, бір кісі емес, халықтың.

Бір үмітпен қызметші күн кешер,
Үміт өшсе — ай-жұлдыздай бірге өшер.

Қызметшісін көрсе бектер аралап,
Кім пайдалы, пайдасызын бағалап.

Қызметіне лайық болсын ақысы,
Сонда әділ, бек пен құлдық хақысы.

Ей, бек, кісі хайуаннан қор емес,
Соны білсең — болмас өкпе, сор, егес.

Малды да адам баптап, әбден бағады,
Сонсоң ғана терін сылып алады.

(Әуелі адам тойындырар малды да,
Сонсоң іске қосар салып алдына).

Жылы сөйлеп, пейіл берсе аялап,
Қызметкер де бектен жанын аямас.

Жүрегі еріп, құл да қалбақ қағады,
Өзін қинар, бек көңілін табады.

Бір сөзде тұр, тоқсан ойдың торабы,
Білікті сөз білген құлға қонады:

«Пайда көрсе — жанын қиып, жай табар,
Жақсылықты он есе қып қайтарар!

Жомарт ерге құлдық ұрып ереді,
Құл боп соған, өзі бейнет шегеді!»

Мейірлі бол, қызметшіңнің күйін біл
Ашты тойдыр, жалаңашты киіндір.

(Ей, құтты Елік, бектің сағы сынбай ма,
Құлдың мойны ұқсап тұрса ыргайға!)

Ей, құтты Елік, бекті сонда не дейін,
Кедейліктен құтқармаса кедейін?!

(Құлы кисе, жоқшылықтың қамытын,
Кедей,— дер ел,— бегінің де жаны тым?!)

Болмайды асыл-дана ойдың нашары,
Қария сөзі жігіт көзін ашады:

«Кісіге, егер, сіңсе еңбегі кісінің,
Еңбегінің хақын өтеу — кісілік.

Жаны ашымай, кісі еңбегін жегенді,
Кісі демей, хайуанға теңейді!

(Кісі ақысын ескермесе, жесе артық,
Ол наданның, хайуаннан несі артық!)»

Қызметшінің екі түрі болады,
Бірі — ерікті, бірі еріксіз болады.

Құлаққесті құл еріксіз, табынар,
Табынбаса — сабаған соң жалынар.

Еріктілер өз еркімен жалданар,
Мандай термен тапқандарын малданар.

Еріктілер — ізгілікке жығылар,
Ізгілікпен құл қылудың сыры бар...

Еріктіні құлдай ұстау жараспас,
Ерікті — еркін! Құлың құл ғой — таласпас.

Бек сарайы — адамдықтың сарайы,
Атын сақта! Қылық етпей анайы...

Құл байыса, бектің аты шығады,
Бек тілеуін тілеп, дұға қылады.

Бек пен құлдың тірлігінің сияғы,
Сатушы мен алушыдай баяғы.

Сатушы оған сатар айтып бағаны,
Алушы алып — айналымға салады.

Жыл, ай өтер, түскен пайда жиылар,
Есептесер, тағы түсім құйылар.

Енді бек пен қызметші келісер
Есептесер, ойласар һәм есірер.

Бегі берер пәрсесі мен ақылын,
Қызметшісі сауда жасар сапырып.

Қызметкері шығар қылыш құрсанып,
Буырқанып, жанын қиып бұрқанып.

(Қыстақ, қала қалар жайрап, бағынып,
Жаулар оған тізе бүгер, сабылып.)

Жау жеңілер, қазнасы толады,
Не тілесе, қас-қағымда болады.

Мұның бәрі жазылған іс мандайға,
Қадірле бек, татырғанды таңдайға.

Барлық сауда басшыларын тыңдағын,
Дүние кезген шешіп пайда жұмбағын:

«Пайдалы құл — жақын болар ұлықпан,
Пайдасыз ұл — жаудан жаман ұрынған.

Тірі жанның бәрі пайда қуады,
Пайдасызды үйде қырсық буады.

Әскер бектің қанаты мен құйрығы,
Оларсыз құс ұшпас — тағдыр бұйрығы!

Әскері мол бектің күші еселі,
Әскермен ол көп түйінді шешеді.

Күллі өнерді жиып алса бойына,
Орындалар келген тілек ойына.

(Өнер қонса, көңіл желдей еседі,
Не қаласа — алар, қайтпас мәселі.)

Қай бек қиын асулардан аса алар,
Әлемге сол сайыпқыран атанар!

Жиһангерге өнер керек мындаған,
Уысында тұрар сонда бұл ғалам!

Үйрен ұлым, арзан көрме өнерді,
Өнер көкке жеткізеді төбеңді.

Аққу құстай киелі, пәк өнер де,
Алып ұшар, көндікпейді көгенге!

(Өнер құты — кәсіпдей ақ ұдыл,
~~Құс қуғанын — атақ құдың, ат құдың!~~

Құстай самғар бұл өнерді тегі, сен,
Көктегі аққу деп атасаң келісер!)»

Дүниені қартайтқан һәм қартайған,
Қарт айтыпты ой-сезімі марқайған:

«Қадір тұтып, үйрен білім, өнерді,
Қадірлетер ол даңқыңды, өренді.

Білім, өнер болсын көңіл құмары,
Сәті келсін, күнің жайнап шығады!»

ЕЛІКТІҢ ӨГДҮЛМІШКЕ САУАЛЫ

Ойын көріп өзегіндей жасынның,
Деді Елік:— Асыл тектім! Ақылдым!

Кісіліктің жөнін жақсы ұғындым,
Ізгіліктің шуағына жылындым.

Өзім бекпін, ел тізгіні қолымда,
Айтқаным — заң, оңды оңым, солым да.

Бұл бектіктен не қуаныш, не қайыр?
Тыныштықпен батпайды күн, не айың?

(Тек есендік, тыныштықты тілеумен,
Жүргенің жай іштей тозып-жүдеумен.)

Бір тілегім: менімен кім жанасса,
Дәулет дарып, күші тасып, бағы асса!

(Бектің даңқы жақсы атымен тарайды,
Кезі жайлы бекті баққа балайды.)

Айта алмаймын деп билікпен жырғадым
Жақсылықпен атаса да ырзамын.

Алтын-күміс, қазна мүлік жинадым,
Келгендіктен әскерлерге сыйлағым.

Жақсы ат іздеп, кісілерге беремін,
Жұртқа — байлық, игі атақ — керегім.

(Бірге жүрген қызметшім, серігім,
Жоғалтпаса маған деген сенімін.)

Тілегім сол — олар менен кейін де,
Қалса байып — малға, жанға, пейілге.

Өзім өшсем — аман қалып бар халық,
Дуа қылса, жаны егіліп, жан налып!

ӨГДҮЛМІШТІҢ ЕЛІККЕ ЖАУАБЫ

Айтты Өгдүлміш:— Бектігіңді таныттың,
Сөз астарын тез аңғартып қалыпсың.

Не берерсің өліп, адам сорласа?
Жылы лебіз, жақсы атағы болмаса!

Құмісіңді тек тірлікте, тарылма!
Көрге бірге әкетем деп, жаңылма!

Алтын-күміс алмас жер жоқ, тегінде,
Кеңіт елдің тынысын да, шегін де!

(Бер де алтынды, қажетіңді ала бер,
Еліңе — ел, жеріңе қос жаңа жер!)

Не дегенін есті дана кісінің,
Жайын білген билік-бектік ісінің

«Қазна шаш — жасақта әскер, ерінді,
Сонда жауың сындыра алмас белінді

Қазна емес, әскер-қолың көп болсын,
Бек бай емес, қалың елің тоқ болсын.

Әскер болса — берекелі ел, ерікті,
Әскері жоқ бекке кімдер сеніпті?!

Егер әскер тұрса бекке бағының,
Қай ел болсын, келер бекке табының.

Болса әлем бектерінің қолы ашық,
Қос жаһанда төрге оларға жол ашық!

Білікті тіл, айтыпты бір себебін —
Сарандықпен басқара алмас бек елін:

«Екі нәрсе сиыса алмай, қашады,
Жомарт жеріп, ал сарандық сасады.

Сарандықтан адам біткен безінер,
Сақилыққа іздеп жүріп кезігер.

Бітіспес жау бектік пенен сарандық,
Өшпейтін дау, сараң маңы — арамдық».

Басқа екі күш, сақтап елді қалатын,
Бірі — қылыш, екіншісі — сара алтын.

Сақилықпен ел бекінер кеңейіп,
Сақилықпен бек даңқы өсер, сен, Елік!

Ер қылышын жарқылдатса жасындай,
Не істесін жау бұғынып, жасымай!

Бектің қолын ұзартады алтыны
Елді ұйытар қылышсыз, тіл арқылы.

Екеуіне ел де, ер де жүгінер,
Осы екеуін ұстанған бек — ұлы ер!

Саф алтынмен серпіледі түңілген,
Саф алтынмен түзеледі бүлінген.

Қайда қылыш ұрса · күміс қоры сол,
Қайда күміс жатса · қылыш жолы сол.

(Күміс қайда — қылыш солай сермелер,
Қылыш қайда — содан күміс теңделер.)

Күміс шашсаң — жақсыларың жиылар,
Күміс жисаң — жасақтарың сүйылар...

Қару-күшің болса — күміс табарсың,
Алтын жисаң — қылыш қауып қаларсың.

(Әскер жисаң — алтын жатар жолыңда,
Алтын жисаң — кеттің жаудың торында.)

Сараң бек қазынасын жауып алар,
Сақи бек — шашар, жаудан шауып алар.

Өмір заңы, қолдан келсе сақи бол:
Сарандар — қор, тіршілікте сақи — зор!

* *

Сөзін үзіп Өгдүлміш, жерді сүйді,
Дұға қылып, Елікке басын иді.

ЕЛІКТІҢ ӨГДҮЛМІШКЕ ЖАУАБЫ

Сөздерді естіп ол ағынан жарылды,
Қолын жайып, жаратқанға жалынды:

Ей, мейірбан, жаппар нем, жаратқан!
Үміт отын жаққан нем, жаратқан!

Сенен өзге таянышым жоқ менің,
Сенде — үмітім, сенде тілек-көксерім.

Шапағатың қалды ма мен көрмеген
Арыз-тілек қалды ма, сен бермеген.

Сөзім — дұғам, шындығым бұл іштегі -
Сен мұңсызсың, менің мұңым бітпеді!

Сенен медет, сенен қуат тілеймін,
Тура жолға сілте, солай жүрейін.

Мандай алды ізгіліктің көбінің
Болды Өгдүлміш, соған толды көңілім?

Біліп, сенің мейірімің екенін,
Мен күніне мың шүкірлік етемін

Жанын салып жүргізеді бек ісін,
Көбейтеді жұрт дұғасын мен үшін,

Күш бер маған, енді хақын өтейін,
Сүйіндіріп, жанын жақын етейін!



30

Өгдүлміш Елікке әскер басшылары, қолбасылар қандай болу керектігін әңгімелейді

Айтты Өгдүлміш:— Елік, соған келейін,
Жаудан үстем болсын күшің, мерейің.

Сөзсіз, бекке қажет мықты қолбасы,
Ұйқы қашып, сассын жаудың ордасы.

Мұндай іске жігіт керек құрыштай,
Жарқылдаған жалаң өткір қылыштай.

(Басынан көп бейнет, зейнет өткерген,
Тасжүректі, не сұмдықты көп көрген.)

Әскер бастап, ат ойнатпақ қиын-ды,
Шерік бастап, жау жайратпақ қиын-ды.

Керек сақтық, қырағылық, айла-амал,
Жау әскерді құртуға әркез сайланар.

Өзі жомарт, өзі мерген, жаны ашық,
Батыр... Ақыл... тұрсын түгел жарасып.

Мейірімді де болу қажет қолбасы,
Сонда ғана сүйер батыр жолдасы.

Дос, көмекші жақын санап жанына,
Мал үстесе әскерлердің малына.

Өзіне ат, қару-жарақ қалдырса,
Бұл жаһанда қолбасы аты жаңғырса.

Ұл-қыз, әйел деп дүние жимасын,
Алтыны емес, аты жерге симасын.

Бар азығы болса қылыш үшінде,
Қолбасшының құты әскер күшінде!

Бар әскерін киіндірсе, жегізсе,
Тұтқын бөлсе, бастап тағы жеңіске.

Сан мың қылыш кеп қосылып қолына,
Шыбын жанын арнар еді жолына.

Жүрек керек, ерлік керек, тағы ақыл,
Қайрат-жүрек, әскерде — екі қанатың.

Сұжүректер шыдай алмас дабылға,
Жүрексіздер батыр қатын жанында.

Сұжүректер шерікке үрей береді,
Үрейленсе, шерік қалай жеңеді?!

Кір, ұрысқа, мұздай қару жасанып,
Жау ат қойса — сен қарсы сал қасарып.

Бір өлім бар: көнбе мейлің, көн мейлің,
Ажал жетпей, баһадүрлер өлмейді.

Жауды жеңген, ажалды естен шығарып,
Былай депті, аты мәшһүр бір алып:

«Туғаннан соң текке өлу жоқ, біл енді,
Жауды көріп қалтыратпа тізеңді!

Өрт тигендей ти жауына, алқымда,
Ажал жетпей, айбалтадай жарқылда!»

Ер намысы үшін, қызсын намысың,
Жауыңды жең! Ер емес — ел арысың!

Намысшыл ер жаудың мысын басады,
Намыссыз ез жер бауырлап қашады.

Намысты ойлап болар қорқақ ер-батыр
Аяншақ ер болар маркұм, не қатын!

Тағы да айтты:— Ақылдылар, естілер,
Мақтан тұтып, Өгдүлміштен ес тілер!

Ақыл тілер болса, тұнған ақылсың,
Сенімді, адал, ақиқатшыл, батылсың

Кісілік күтсе, кемел-кеніш — білімің,
Ұшсаң — қанат, жортсаң жүйрік күлігің.

Қызметің асып түсті ақыңнан,
Ешбір істі асырмадың басыңнан.

Енді мен де, саған қайыр етейін,
Тірлігімде қарызыңды өтейін!

Мені елеген құдай сені елесін,
Дәл өзімдей сүйіндірсін, жебесін!

*

Елік сөзін түйіндеп, ойға кетті,
Қызыметшісі тағзым қып, жерді өпті.

Шықты бектен қуанышы жетелеп,
Атын мініп тартып кетті төтелеп

Қызмет қылды күндіз-түні, еленді,
Бақ қақпасын ашып, құтқа бөленді.

Толысты ақыл, терендеді білігі,
Берік болды, арылды бар күдігі.

Дәулетімен даңқы шыққан дананың,
Бұл жөнінде не дегенін қарағын:

«Дәулет қонса, басын көкке тигізер,
Көкке тиген басты кімдер игізер!?

Келе берсе, дәулет-дүние жамырап,
Кісі көңілі өсер, жүзі жадырап».

Бұл жөнінде ақсақал да айтыпты,
Көкірегіне көмбе көміп қайтыпты:

«Кім бай болса, қолы соның қарымды,
Терісі — оң, болар тілі алымды.

Кедей кісі ой тартқанмен тереңнен,
Сөзін алмас, қанша тілді дегенмен!

(Сөзі қисық шыққанымен, майлы ауыз
Түйе берер төреліктің байлауын!)»

Бұл дүниенің осы ғой бір қатасы,
Мал-байлықтың жаудан артық жапасы:

Ақымаққа қонса, көкке шалқаяр,
Кішік жанға келсе, ұлы боп марқаяр.

Дәулет келіп қонса кімнің басына,
Іші-тысын жөндей бастар асыға.

Бар тілегін, бере-берсе, түгендер,
Даңқын жайып, бақты мықтап жүгендер.

Кетсе дәулет, төбесімен жүргізер,
Көктен басын қара жерге кіргізер.

Ей, ақылды ер, дүние қуып шатылма,
Арбағанға көніп, пәле шақырма!

Не қыласың түн-түнекке тұншығып,
Мәңгі жарық әлемге ұмтыл құлшынып

Дүние-түшен күдеріңді үз, асқақта,
Қолыңды соз әзіз, бнік мақсатқа.

Не дегенін есті қария дананың,
Жақсы сөзден ашылады жанарың:

«Арзан-көшер, ұста өмірдің өзегін,
Ортаймайды сонда,бақыт — өзенің

Түбін ойла. Көшер дүние кезегі,
Дүние-жалған, безбесең, ол безеді.

Қу дүние бір опасыз ойласаң,
Жаутаң қағар, ойыншық қып ойнасаң.

(Жапашыл ол, сен де оны қапа қыл,
Жапа шексе, ерер — қойып шатағын.)

Ей, адасқан, бас қатырып желікпе,
Түбі — иірім сұм дүниеге елікпе!

Иірімге түскен әрі жұтылар,
Қайта шықпай, тұншығар һәм тұтылар.

Шық. Жанталас. Сүйре өзіңді жоғары,
Құлқыңды оңда, сонда ісің оң болады.

Қайта бастар, берер тірлік берерін,
Тіліңді тый, ойла өмірдің тереңін!»

* * *

Содан бастап хан пиғылын оңдады,
Халыққа әділ саясатты қолдады.

Халқы оңалып, арықтары тойынды,
Ел сүйініп, жауы әлсіреп жойылды.

Қуанышпен әрбір күнін өткізді,
Жұрт жақсы атын күллі әлемге жеткізді.

Елі солай құт-ырысқа кенелді,
Бөрі менен қозы тоқты теңелді.

ЕЛІКТІҢ ӨГДҮЛМІШКЕ САУАЛЫ

Елік бір күн Өгдүлмішті сынады,
Кешкен күнін, өткен ісін сұрады:

— Өткен күндер қалай өтті, қайда өтті?
Ел ішінде кедей көп пе, бай көп пе?!

Ел ішінде қанша жауыз, зұлым бар?
Қазір қалай жұрт пиғылы бұрынған?

Қалай елде ойдың, сөздің өрісі?
Мақтай ма, әлде көбірек пе сөгісі?

Маған деген ниет, көңіл аласын,
Айтқын ашық, ойланайын шарасын?

(Жарата ма, қаламай ма заңымды?
Ақтар бүкпей ел туралы барыңды?!)

ӨГДҮЛМІШТІҢ ЕЛІККЕ ЖАУАБЫ

Айтты Өгдүлміш — Қадірлейміз бекті ізгі,
Тілек келді, қолымызды жеткізді.

Әлем гүлдеп, саялады саянды,
Мұң-азайды, сүйініш, бек, баянды.

Ел байыды, көктеді жер кезерген,
Көңіл өсіп ұлыс, қала безенген.

Ел басынан күндер зулап жатты ізгі,
Түндерін тек махаббатпен өткізді.

Жұрт мақтайды бектігіңді, затыңды,
Тілеуіңді тілеп, қоштап атыңды.

Заң су дерсің, зұлымдық өрт есірген,
Өртті сумен булықтырып өшірген.

Заңды түзеп, аштың елдің пиғылын,
Көрінбейді еш қиянат, қиғылық.

Үш міні бар, бекті өлтірер өлгенше,
Бірі — жалқау, осал болса, сөзге ерсе!

Екіншісі — бектікті ұстай алмаған,
Үшінші — ашкөз, халық бағын жалмаған.

Елік, сенде бірі де жоқ бұлардың,
Қиянат, зорлық қайдан ғана шығар мұң!

Сен, әділсің елдің жәйін ескерген,
Тәңір саған білім, сезім, ес берген!

Ізгілікке тіктің тірлік, басыңды,
Ел тойынды, мұңнан көзі ашылды.

Шүкірлік ет, сақтан, сақта елінді,
Сен сақтансаң, сақтаушың да сенімді.

Сырттан тиер кесел-қырсық кездессе,
Мен — құлыңмын, тұрам жауға бермеске!

* *

Шүкірлік қып, Елік қатты шаттанды,
Қолын жайып, қуанышын ақтарды:

— Мейірімді ұлы иемсің, құлыңмын!
Әлсіз едім, қуат бердің, құбылдым.

Маған күллі жақсылықты ұсындың,
Қарыздармын. Өтесем деп, қысылдым.

Қарызымды қалай ғана өтермін,
Өзіңе-өзің менен өтеп өтерсің?!

(Жалбарынам, өте өзіңе мен үшін!?
Сенің арқаң ырыс-бақыт, жемісім!)

ЕЛІКТІҢ ӨГДҮЛМІШКЕ САУАЛЫ

Елік айтты Өгдүлмішке:— Жаратқан,
Екеумізді екеуара қаратқан.

Себеп сенсің, ізгілікті жебедің,
Заңды түзеп, залымдықты тежедің!

Жақсылығын аямады, мол берді,
Сені берді, былай қойып өңгенді.

Бектің өзі тырысқанмен тіресіп,
Құлсыз, жалғыз, ісі өнбейді, білесің!

Бек өзі ішті, құлы алысты шолады,
Тыстан бекке көз де, сөз де болады.

Көзім де сен, тілім де — сен, қолым да
Атым ізгі, оңым да — есен, солым да...

Не дер екен естіп, байқа, Хақанды,
Билеп көрген елді, жерді, жаһанды:

«Құл мейірлі болсын десең түрлі іске,
Көміп ұста алтын менен күміске.

Адал кісі тапса, бектің бағы асар,
Ісі өрлеп, бір-біріне жарасар.

Мейірімді, құтты адамды қаларсың,
Құтты, іскер құлды қайдан табарсың?

Құл қайырсыз, ісің қалай көгерсің,
Кісіліктің жөнін кімнен көрерсің?»

Есіркеймін, ай Өгдүлміш, атаңнан,
Маған қалған — жалғыз өзің, бата алған.

Тағы бір ер ерсе саған қарасып,
Оң-солыңда жүрмес пе еді жарасып,

Өзің ғана — оң пейілді, сенімді,
Сен жоғалсаң — таба алмаспын теңіңді.

Жалғыздығың қайғыртып егілемін,
Сен — сынарсың, қос-қостан төңірегің.

Тілеймін бір өзіңнің тілеуіңді,
Өлім тұрмақ, көргім жоқ жүдеуіңді!

Бар ма, ойлан, танысың өзің сенер,
Серік боп, қолдап-қоштап өзіңе ерер?

ӨГДҮЛМІШТІҢ ЕЛІККЕ ЖАУАБЫ

Айтты Өгдүлміш:— Ұзақ болсын ғұмырың,
Еңбектенем. Ізгіліктің құлымын!

Тыныш тірлік лаззатына шомылғын,
Оңғарылар жөні өмір жолыңның.

Елік, менің бейнетімді ұмытсын,
Алакөңіл болмай, жаны тынықсын.

Машақатым рахатпен алмасар,
Кезек-кезек бір-бірімен жалғасар.

Болса егер, бек, азаматтың керегі,
Ел ісіне тиер пайда, көмегі.

Дана сөзін естіп өзің салмақта,
Есті сөздің әр түйінін тармақта:

«Жәрдемшісі көп болса, бек ырысты,
Көңілі ток, елі өркенді, тынысты.

Болса, жақсы-ақ, олар әлді, тәлімді,
Елге тұлға, әрі қамқор, әрі үлгі!»

Жанын қиып, барын берер қандасқа,
Асып туған азамат бар марқасқа!

Сөзі құлақ құрышыңды қандырар,
Қолға тиген істі түгел жандырар.

(Ойлы, ақылды, білімді, ұшқыр, батыл жан,
Теңесе алмас көп есерлер тасынған.)

Аты Одғұрмыш — әділ, адал, білімді,
Ізгі ісіне жұрты талай жүгінді.

Бірақ, безген бұл дүниеден түңіліп,
Тауға кеткен түзді кезіп жүгініп.

Бұл дүниеден жүзін бұрып, қамыққан,
Күнәларын арылтсам деп жабыққан.

Жүз есе артық менен оның өнері,
Сара көңіл білген жаңа, көнені.

(Оған ешкім таласа алмас теңі келіп,
Жүре берер өнері елді меңгеріп.)

Сол туысым келсе менің қасыма,
Бақтың өзі қонғаны істің басына!

Елік, сен де кенелер ең алтынға,
Әлемде асып тұрар еді халқың да!

ЕЛІКТІҢ ӨГДҮЛМІШКЕ СҰРАЛЫ

Елік айтты:— Қазіргі арыз-тілегім,
Тез табыңдар! Көріп, сенсін жүрегім!

Тез жеткізіп жолықтырсаң ерлейсің,
Сонсоң бізді табыстырып бергейсің!

Не деп, қалай шақырамыз осында?
Кім шақырсын, ақылыңды айт, тосылма.

Хат дұрыс па, жаушы жөн бе? Өзің шеш!
Тездет. Істет. Уақыт-шұғыл, төзім — кеш!

ӨГДҮЛМІШТІҢ ЕЛІККЕ ЖАУАБЫ

Айтты Өгдүлміш:— Шағылмасын тауаның,
Айттың өзің сауалыңның жауабын.

Айттым ағам бар екенін, ессімін,
Келер, келмес — айта алмаймын кесімін.

Егер, келсе — сөзді қадір тұтқаны,
Келмесе, егер — сөзің құны ұшқаны.

Елік қапа болып қалып ғайыпта,
Бұйырмағай келіп мені айыпқа!

ЕЛІКТІҢ ӨГДҮЛМІШКЕ ЖАУАБЫ

Елік айтты:— Мен өзім гөй сұраған,
Жауап бердің, ойыңды айттың ұнаған.

Шақырып көр. Келсе-келер, келмесе —
Несі айып, сөзіме мән бермесе

Оның ізгі өнер, даңқын естідім,
Шақырып бір көргім келді кескінін.

Білімді, асқан дана дедің тағы да,
Одан да ермән жаға түсті жанымға.

Білімді, ойлы адам әркез адам да,
Малдан аумас надан аз ба ғаламда!?

Еңбек етсе, анық білім өнбегі,
Білім болса, жанады анық, еңбегі!

Бұдан да асқан ойлы сөз бар бұл жайлы
Тілге жеңіл, жанға жылы, ыңғайлы:

«Білім — кілті күллі түрлі қақпаның,
Білім үйрен, білген құлды қақпағын.

Білімді біл, тұтар күнін біл тағы,
Қапыл болма, жетесіздік құртады.

(Білім үйрен, керексізден жирен де,
Білгеніңді қорлама ұсақ күйбеңге!)»

Жалғыз маған қажет пе оның білгені,
Саған да бір себі тиер ілгері...

Қандас болса, қандасыңмен мұңдасқын,
Ол болмаса, достарыңмен сырласқын.

(Бауыр жоқ па, достарыңды бауыр қыл,
Еңсең биік сонда алдында жауыңның.)

Білімді бек берген мұның бағасын,
Ажыратпай қарындастар * арасын:

(Қарындасты ер — қалың жаудан саспайды,
Қарулас ер — досын ойлап таспайды.)

«Туыс болса — мығым берік тұрарсың,
Досың болса — бейне ордалы шынарсың.

Туыс жоқта туыс болар ер жолдас,
Ізгі досың — бауырыңнан кем болмас».

ӨГДҮЛМІШТІҢ ЕЛІККЕ ЖАУАБЫ

Айтты Өгдүлміш:— Елік, байқап көрейін,
Шын тілесең, айтқаныңа көнейін

Сен бұйырсаң, өзім соған барайын,
Шақырайын, жауабына қанайын.

Тілді безеп, түсіндіріп берейін,
Білігімді жұмсап, біліп келейін.

Хат жазса Елік өз қолымен егер де,
Көзі қанып, жарлығыңды елер де!

Шақыруды менен көріп, қадалмас,
Жарлығыңды оқып, келмей қала алмас!

Мен сұңқылдап сөйлегенмен кеңессе,
Елік жазған жарлық күші ерекше!

Айтыпты есті ер: «Көңіл құстан аумайды,
Бек бұйрығы кісі көңілін аулайды!»

Мына бір сөз нағыз ғұмыр ғазалы:
«Жарлық сөзі қам көңілді жазады!»


Бегі құлын сөзімен-ақ қылар мас,
Жылы сөзді ол өлгенше естен шығармас.

Бектің шырын тілін ешкім қимайды,
Үлкен, кіші — халқы түгел сыйлайды.

ЕЛІКТІҢ ӨГДҮЛМІШКЕ ЖАУАБЫ

Елік айтты:— Жөн-ақ. Жарлық жазайын,
Ол аң болса, мен ұрамды қазайын.

Сен барарсың, Жолға тездеп дайындал
Баяндайын хатқа істің жайын бар!



39

Күнтуды Еліктің Одғұрмышқа хат жазып жолдағаны айтылады

Ол қолына қалам, қағаз алдырды,
Хатқа отырды, бөтен істі қалдырды.

Жаратқанды аузына алып бастады,
Бөтен ойды көкірегінен жасқады:

— Алла атымен үшбу хатты бастайын,
Тәңірімнің бұйрығынан аспайын.

Атақ-даңқым жетер, құтты мекенім,
Бір өзіңе шүкіршілік етемін.

Бір жаратқан бар тірлікті жаратты,
Жан бітірді, ризығын таратты.

Күш бітірді мақұлықтың бәріне,
Ақыл берді адамзаттың тәніне.

Жасыл көкті, күн мен айды жаратты,
Түнді, күнді, ай-жылдарды санатты.

Айландырып қойды күллі ғаламды,
Мәңгі айналып, тағдыр болып қаланды.

Жаратпастан бұрын қазаға үйретті,
Жазмышты біл!— деді, әйтпесе, күйретті.

Не тілесе, дайын болды тілегі,
Не қаласа, сол боларын біледі.

(Не істесе де жаратқанның еркінде,
Жазмыштың ырқында ғой сертің де.)

Көңіліңді сұрап, дана, хат жаздым,
Саулық тілеп көңілімді ақтардым.

Көңілің жарқын, аман-есен бармысың!
Күнің қалай? Күйің қалай? Армысың!

Сенің өнер, біліміңді естідім,
Тең келтірмес тірі жанның ешбірін,

Құдай саған пейілімен сеніпті,
Білім, ақыл, өнер, бақыт беріпті.

Сен жайлы естіп, жарық күнге теңедім,
Көріп сені, дидарлассам деп едім.

Қарындасың * Өгдүлмішті жібердім,
Сөздеріңді сол арқылы білермін.

Туған-туыс жақыныңнан безіпсің,
Жалғыз кетіп, иен тауды кезіпсің.

Сен безгенмен сұм дүние оңар ма?
Жалғыздықтан жарлы көңіл толар ма?!

Бауырларың неден көңіл қалдырды?
Құлазып жан, басың неге қаңғырды?

Қорландың ба, мұң есіңді алды ма?
Өкпең бар ма? Айтсаң, келіп алдыма.

Әділ заңмен саған медет қылайын,
Тұр осында, оңдап тірлік шырайын.

(Туғанынан туған қалай безеді,
Безгенімен өртенбей ме өзегі!?)

Безгеніңмен, қандасыңнан жақын жоқ,
Қарайласып, қараспаққа хақың жоқ.

Ағайынмен достарыңдай барыс-кын,
Достарыңмен ағайындай табысқын.

Жарастыққа көнсін патша көңілің,
Жарастықсыз құлар іргең сөгіліп!

Шайыр сөзі:— «Адамға адам қарасса,
Күн мен көктей, екі жақсы жарасса!

Жарасса егер, жер, су, күннің шапағы,
Мың-мың гүлдер күліп шешек атады.

Жарасса егер, ағайын мен достарың —
Қандастардың қалың жолын қосқаның!»

Егер, қызмет-құлшылыққа беттесең,
Шаһарда істе, дін жолынан кетпе сен!

Дәруіштер қала, ұлыста толып жүр,
Құр тентіреп, дала безген, тозып жүр.

Құлшылыққа қажет білім білдей, бек,
Білімсіз іс — берекесіз бір бейнет.

Екі кісі — кісіліктің ұстасы,
Бірі — шәкірт, екіншісі — ұстазы.

Ал, қалғанын хайуанға санайды,
Өз еркінде кім қайсысын қалайды.

(Осы екеуін таңдап, табан тіресең,
Анасы бол, бол мынасы — тілесең!)

ЕЛІКТІҢ ОДҒҰРМЫШҚА ӨСИЕТІ

— Екеуінің бірін өзің қалағын,
Үшінші жол болмайды деп санағын.

Білім жинып, білген болсаң өнерді,
Еңбегіңе пайдаланып көр енді.

Үйрен, ұмтыл, егер, білім білмесең,
Қызмет жоқ, қолға білік ілмесең.

Айтқан сөзін есті білім білгеннің,
Білімімен қызмет етіп жүргеннің:

— Білім білгін — қызмет қылсаң қағбаға,
Білім таңба болар күллі қақпаға.

Білімменен құлшылық етсең — өнерсің,
Білімсіз іс жаныңды жеп, шегерсің.

Білімсізді сәждеде ұйқы меңдепті,
Білімді жан ұйқыға әркез сергек-ті!

Ел ішінде құлшылығың құп болар,
Иен тауда жарымы оның жоқ болар.

Онда, әйтеуір намазға ұйып тұрарсың,
Содан кейін ораза ұстап шығарсың!

Онда, басқа не құлшылық етесің?!
Айтқын, ұлым! Қай мұратқа жетесің?

Өзіңді — өзің захидпын * деп атадың,
Құлшылыққа азап болды атағың...

Енді өзіңді алдандырған боласың,
Құлшылығың одан қалай оңалсын.

Құлшылық қыл, оны жүрттан жасырғын,
Көп табынған сайын, «аз»— деп, асырғын.

Білген кісі оңашада табынар —
Жұрт көрместей есік-тесік жабылар.

Айтқан сөзді осындай іс жайында,
Тында, ойлап, ақылға сап пайымда:

«Тәу еткенін жасырады ерен ер,
Жүз жыл қызмет етсін, аз деп шегелер.

Сөзіңді ешкім естімесін табынған,
Ақылым бұл, ақ жүректен жарылған!»

Ұлысқа кел, кетер шелі құсаның,
Бар ізгілік ашар саған құшағын.

Елге пайдаң тисін, ойла ол жағын,
Туғандарға бейіл беріп, қолдағын,

Көзіңмен көр жетім-жесір, мұқтажды,
Соқыр, ақсақ, шерлі қайғы жұтқанды.

Намазға ұйы жамағатпен, қарағым,
Кедейлерге арна жұма намазын.

Кемтарларға тарат адал малыңды,
Қайырым ет жұмсап қолда барыңды.

Мұның бәрі құлшылық боп саналар,
Содан жаның гүлдеп, көңіл ағарар.

Жараспайды кезбе өмір сүргенің
Тек ораза, намаз ұстап жүргенің...

(Бәрін қойып, кісі киік болғаның,
Жалғыздығың — бақыт емес — сор қалың!)

Құлшылық қып өз жаныңды бағыпсыз —
Өзін-өзі күйттеген жан — бақытсыз!

(Бейшара жан, ойлаған тек бас қамын,
Ісі болмас азабымен басқаның.)

Жақсы айтыпты кісілердің сарасы,
Көңілі — сара, сөзі — сара данасы:

«Кісі ізгісі өз пайдасын ескермес,
Біреу үшін машақатқа дес бермес.

Ер бауыры еріп тұрса адамға —
Жол көрсетсе жақсыға да жаманға!»

Тірі пенде пайдасын бергені жөн —
Пайдасыз кісі туса, өлгені жөн!

Кісі ізгісі пайда берер кісіге.
Ондай жанға жылыр халық іші де.

Құлшылыққа иланған құл — мандымас,
Тәңірінің рахымы оған шалдырмас.

Бір алланың рахымы ма — тілерің?
Мұсылманға өзің рахым тілегін!

Құлдығыңа мұңлық * емес құдайың,
Әрекет қып, жақсы ат қалдыр, ылайым!

Атың құл ма, құлшылық қыл, себебі —
Құлшылықсыз құл алдамшы келеді.

Құлдың хақы — құлдық ұру, құлдық ұр,
Осы жолды берік сақта, көңіл бұр!

Жақсы айтыпты білігі кең дана ер,
Ей, қолы кең, еске тұтып, ала бер:

«Қызметім көп, табындым деп күпібей
Құлдық — әзіз, жүгін хаққа бүтіндей!

Құлшылық ет, тек жүрерсің кесірден,
Табындым деп адаспа ақыл-есіңнен!»

Ей, Одғұрмыш, шақырдым мен білер деп,
Ойлама сен өз пайдасын тілер деп.

Егер, келсең, пайда тиер саған да,
Келмесең, жоқ маған келер залал да.

Елге берер пайдаң үшін шақырдым,
Халқың үшін, қырсық қыспай, басылғын.

Сөздерімді айтқан байқап көрерсің,
Қонса ойыңа, бізге қарай келерсің.

Бірге тұрып, көмегіңді берерсің,
Пақырларды жақсылықпен елерсің.

Саған — пайда, маған қалар жақсы атың,
Қос жалғанда қайтпас тілек-мақсатың.

Ізгілікке жеткіз мені, ізгі бол,
Түзер кісі ізгі ерден ізгі жол.

Себеп болып, ізгілікте демегін,
Саған құдай сәтін салар, ей ерім!

Күші әйгілі даналықтың алыбы,
Не дегенін есті тәжік ғалымы:

«Бегі ізгі болса бүтін еліне,
Барша халық шомар бақыт селіне.

Өзіңді емес, ізгі қылғын бегіңді,
Бегің — ізгі болса, өсірер еліңді.

Қара ізгі болса — елмен теңелер,
Бегі ізгі болса — халқы көгерер!»

Қай кісіні айта аламыз кісі деп:
Кісілікті көп жасаса ісімен.

Ізгілікке іңкәр адам баласы,
Ардақтаймын, болса кісі сарасы.

Ізгіліктен пайда болса еліңе
Сол пайдадан қызыр қонса жеріңе!

Ізгі кісі болар елге бауырмал,
Бауырмал бол — жан аямай қауымнан!

*

Сөздерімді ұзақ жазып, оралдым,—
Сөз түгесіп, қаламымды доғардым.

Тағы нендей сөздерім бар, сіз білер
Қарындасың тіліменен білдірер!

* *

Хатшы тұрып жазған хатты таңбалап,
Берді ұмсынып, оны Өгдүлміш алды орап.

*

Елік айтты:— Барып, алып қайтарсың,
Қарымды сөз болса, ауызша айтарсың.

Оны маған жеткізер сәт келді ақыр,
Онсыз мұнда қайта келме, ей батыр!

Дана сөзін сақтай жүргін есіңде:
«Есті елші бол — сөзің құнын кетірме!

Енді қандай сөзін берсем тілімнің?
Сөздің бәрі өзіңде ғой, білімдім!

Қай сөз лайық, тұндыр нәрін тіліңе,
Қайсы іс қажет, тындыр бәрін тіріде!»

*

— Солай болсын!— деп Өгдүлміш жөнделді,
Жан еді ол тәрбиелі, көргенді.

Атын мініп, қайта үйіне айналды,
Үйге түсіп, белін шешіп, жайланды.

Күн еңкейіп, басын жерге тигізді,
Дүние алаулап жүзін күнге сүйгізді.


Аспан шашын жайып, жапты нұр жүзін,
Жердің жүзін бүркеп, шашты жұлдызын.

Дәрет алып, оқып болып намазын,
Төсек салып, бұрды ұйқыға назарын.

Белең алып, бас көтеріп қарады,
Ашылыпты қара зәңгі қабағы.

Дәрет алып, таң намазын оқыды,
Дұға оқырда тасбих ұстап отырды.

Тұман шетін түрді жібек перденің,
Әлем күліп нұрландырды жер бетін.



40

Өгдүлміштің Одғұрмышқа баруы айтылады

Атын ерттеп, кетті суыт аттанып,
Қарындасын табар тұсты бетке алып.

Қарындасына жақын келіп кідірді,
Аттан түсіп, әрі қарай жүгірді.

Жетті ақыры, есік қақты қолымен,
Шықты Одғұрмыш ізет қылып оңымен.

Есік ашып, тағаттарын тауысты,
Жүз көрісіп, есендесті, қауышты.

Қолын алып, бастады үйге, төріне,
Орын беріп, қан жүгірді өңіне.

Көзайым боп, қуанышқа бөленді,
Қайта-қайта шүкір қылды ол енді.

Қандай жақсы туғанымен қауышқан,
Айырылып — тілеуің кеп, табысқан.

Қандай жақсы бауырынмен алыста —
Жақындасып, сағынысып қауышса!

Жарасып бір тұрар еді, қарашы,
Көңілі жақын болса ағайын арасы.

Қандай көркем, көр, бауырмал бауырын,
Тапқаны аңсап бауырының ауырып.

Не дегенін тында ердің мейірімді,
Жақын санап түсінетін көңілінді:

«Күллі ғайып — көз көріссе, ғажайып:
Жүрек толар, сағыныш-мұң азайып!

Айырылысқан суыныспай, өзгеріп,
Сау қауышса, қуанбай ма көз көріп!»

ОДҒҰРМЫШТЫҢ ӨГДҮЛМІШКЕ САУАЛЫ

Ағайынды сұрап білді Одғұрмыш,
«Бәрі есен!» деп хабар берді Өгдүлміш.

Қалай келдің? Неге келдің маңыма?-
Деп Одғұрмыш сауал берді тағы да.

Естіп едім бірге жүр деп Елікпен,
Елге қызмет істеп жүр, білікпен!

Қалай келдің істі қойып ар таман,
Халық жүгін үйіп алып арқалап!

ӨГДҮЛМІШТІҢ ОДҒҰРМЫШҚА ЖАУАБЫ

Айтты Өгдүлміш:— саулығыңды қалаймын,
Сен деп келдім, ей көріктім, арайлым!

Көңілінді ашайын деп келдім мен,
Сағыныш, мұңды басайын деп келдім мен.

Аңсап едім, жөнін іздеп көрудің,
Бүгін ғана сәті түсті келудің

Бүтін ғұмыр өтті, сені көрмедім,
Мұрсат таппай, іш өртеніп шөлдедім...

Жолықтым да, тарқағандай құмарым,
Сәті түсті, соған шүкір қыламын.

Кісі есен-сау болса, тыныш мекені,
Түбінде бір тілегіне жетеді.

Не деді екен көсем кісі көп көрген,
Көп тілекке жетіп, бастан өткерген:

«Тірлік болса, кісі табар тілегін,
Тілек болар тек тірлікте — білерің!

Тірі кісі тілегімен табысар,
Есен болса, кеткен қайта қауышар.

Тірлік тіле, білсең, тілек тілеме,
Тілек туар — кісі тірі жүре ме!?»

Берді құдай ақыр маған тілекті,
Есендікпен қауыштырдық білекті.

Бұдан басқа, тағы да бір бар сөзім,
Оны да айтсам — көңілің хош алса — өзім!

41

Одғұрмыштың Өгдүлміштен сұхбаттасқаны айтылады

Жауап берді, айтты Одғұрмыш:— Сөзіңді
Естідім мен, сөзімді есті өзің де.

Жақындығың үшін тәңір бақ берсін,
Ізгі атақ, мың-мың түмен ат берсін.

Тағы да бір сөзіңді де айт, қысылма —
Тілге келген сөзді кейін ысырма!

Айтты Өгдүлміш:— Сөзімді әрі созайын,
Сені көріп сергіп, болдым көзайым.

Жорыса кім өз жөн-жолын, тілегін,
Опық жемес, ей білікті ер, білерім!

Не дегенін есті сыншыл кісінің,
Пейіл беріп, ал мәнісін түсініп:

«Қай іске де шапса ықылас, ниетің,
Гүлдеп кетер болса-ақ қолың тиетін.

Тілектессе — жақын болар алысың,
Жақын жүрсе — жаныңды ұғар танысың!»

(Тілек болса, жақын тартар қашық жер,
Бет көріссе, жүз ұялар, асыл ер!)

Айтты Өгдүлміш: Өзің үшін күйініп,
Үзе алмаймын айтар сөзді үйіріп.

Бездің — ұлыс, қала, ағайын, туыстан
Жолдас, жоран, жоқ бір пендең, ұғысқан.

Аш-жалаңаш, арып-ашып, күйзелің,
Иен тауды жалғыз кезіп күйредің...

Бар туыстың, көңілі — шер, сен үшін,
Сені көрмей қалай шері ерісін?!

Жалғыздықтан азар адам баласы,
Дауасыз зар — жалғыздықтың жарасы.

Күйінішім шаңырағымды тербеді,
Сағынышым жанға маза бермеді!

Жаратпаған саған деп хақ тозақты,
Сен шексін деп айтпаған бар азапты.

Неге мұнша өзіңді-өзің торлайсың?
Неге мұнша өзіңді-өзің қорлайсың?!

(Айтқын ашық, құлағымды түрейін,
Сөйле түгел, күллі сырын білейін)

ОДҒҰРМЫШТЫҢ ӨГДҮЛМІШКЕ ЖАУАБЫ

Жауап берді Одғұрмыш, былай деді:
— Сені естідім, тыңда енді құлай мені!

Жылы сөзің, нұрлы жүзің жайдары
Туыстықтың, жақындықтың айғағы.

Қандас қамын қандас жемей, кім жейді,
Ол болмаса, жат жаныңды білмейді.

Өзім қимас туғандардан кетісіп,
Мына жерге келдім неме жетісіп!?

Дінім — әлсіз, біліп, қайғы жеп едім,
Игілікті осы жер ме деп едім.

Содан келіп, мекен тептім бұл жаққа,—
Жалғыз қалып тәу етсем деп бір хаққа.

Шырмалса адам бұл дүние ісіне,
Ол дүние қамы кірмес түсіне...

Бұл халыққа тура қақпа жапқанша,
Сыйынбассың жаратқан бір хаққа онша...

Қатты сығып, нәпсіні қу бойыңнан,
Жайланарсың, шығар ісің ойыңнан.

Не дегенін есті ойшылдың ірісі:
«Әзәзілмен үйлеспейді дін ісі.

Нәпсі құмар — жауы ұлықтың, жандырар
Осы екеуі қызметші құлды аздырар.

Құмарға ерік берген көрер тұтқынын,
Тәп тілегі, көнсең алар құл қылып.

Болма әуейі, ақылмен кес түбірден,
Нәпсі басын көтерсе — бас біліммен!»

Осы іс үшін ұлыс, кентті қалдырып,
Ақыр, мұнда жеттім бейнет талдырып.

Егер жұрттан болмаса алыс тұрғаным,
Құрғақ сөйлеп, я ғайбат қылмадым.

Жалғызсың деп арттың міннің ауырын,
Құдай жалғыз — мен жалғызбын, бауырым!

Ет жақыннан жырақ кетіп жатқаным,
Оларға азап-міндетімді артпадым.

Ел көңілі жұқа, нәзік алмадан,
Көңіл сынса, әділдік тап алладан,

Елге қанша пайдам тимей кеткесін,
Соншалықты ел менен зиян шекпесін

Пайда-зиян, жақсы-жаман — барлығы,
Хақтың ісі, көр сол оның тағдыры!

Арыстан, ер, құрт-құмырсқа... төгінде
Бәрі тура бір алланың еркінде!

Ел ішінде не боп жатыр, ей, күлік,
Пайда, зиян — бәрі саған белгілі.

Табынудан не пайда?— деп сұрарсың,
Құт есігін ашқанда, құл, ұғарсың.

Күні-түні құлдық ұрып, табынды –
Құлға сонсоң құл атағы тақылды.

Қабыл алсын, құдай қабыл алмасын,
Құлдық аты тілден түсіп қалмасын.

Жазығы жоқ жалғыздықтың бұл маған,
Болдым аман құмарлықтан қинаған.

Бәйітшінің, есті айтқаның, түсін ер,
Тысын көрме, мәнін байқа, ішін көр:

«Жалғыз кісі, саған төрің, көрің құт,
Жалғыз жүріп, өз сөзіңді өзің тұт!

Құлдық етіп, елсіз жерді қаладың,
Елге қалай тисін, сенің, залалың!?»

Кісілермен қатыс дейсің, қандасым,
Қалай жүрем, арбасып һәм жалғасып?!

Сен келгелі, бүгін міне, қарағым,
Құлшылықтан қолымды үздім, қарағын!

Сөйлескенім үшін тек бір сенімен,
Шектім зиян, көне алмаспын тегі мен.

Өзім кірсем енді елдің ішіне,
Қашан тиер қолым құлдық ісіне!

ӨГДҮЛМІШТІҢ ОДҒҰРМЫШҚА ЖАУАБЫ

Айтты Өгдүлміш:— Сөздеріңді естідім,
Мен сөйлейін, енді өзің естігін.

Сөздеріңнің жаны да бар қанығар,
Ақиқатын айтсам, міні тағы бар.

Тірі кісі кісілігін асырсын,
Кісіліктен зұлым пысы басылсын!

Тірлігің не, бір жақсылық көрмесең?
Өмір бойы көнің кеуіп шөлдесең?!

Әйел алып, бала сүйгін жадыраң,
Ұлсыз ғұмыр — қаңыраған шаңырақ!

Естіп, байқа сара сөздің салмағын:
«Нәсілді үзбе, тірлігіңді жалғағын.

«Ұрпақсыздар өлерінде өкінер:
— Кейінгілер, бала өсір!— деп, өтінер».

Кімнің ұлы қалса артында, бағала,
Тірі дегін, оны өлдіге санама!

Ұлсыз кісі өлсе — тұқымы өшеді,
Аты да өшіп, орны құрып, көшеді!»

ОДҒҰРМЫШТЫҢ ӨГДҮЛМІШКЕ ЖАУАБЫ

Жауап беріп, айтты Одғұрмыш:— Бұл да шын.
Мұнан да өзге басқасы бар, ол да сын.

Егер, ұл-қыз жақсы болса, зерделі,
Айтқаныңның айнымай дәл келгені

Егер, жаман болса, сені ұлытар,
Өзің өлсең — тәрк етер де ұмытар.

Қарғыс тиіп, жақсы атыңды қаралар,
Бас көтеріп жауың сөгіп, табалар.

Балаң дұшпан болса, дұшпан не керек!?
Жаусыз тірлік неткен жақсы, керемет!

Не сәулесі түссін жаудың, есердің?
Жаудың аты-ақ куәлігі кеселдің!

Не жақсы ілім береді екен білімді:
«Ұл қыз сақтар өңің, түрің, тіліңді!»

Мұны меңзер білікті сөз бар еді,
Көңілі ашықтың сөзі түзу, әдемі:

«Күйетін сен, ұл-қыз деп бас тігетін,
Ұл-қыз қайда бұл бейнетті білетін!?

(Деп күйесің: «Ұлым, қызым — мұрағым!»
Ұл-қыз қайда бейнетіңді ұғатын!?)

Машақатпен өтесің, ол қалады,
Сен — өкініп, ол тілегін табады!»

Қатын алған, бірдей кеме мінгенге,
Ішіндесің көк теңізге кіргенде

Ұл-қыз туса, сынар кеме, амалсыз,
Кеме сынса, қалай тірі қаларсыз?!

Атаға ұл-қыз дерсің күн мен гүл болар,
Бірақ, бала — бірде зағар, бірде бал!

Атадан соң, жаман ұл-қыз жетесіз,
Ата-анасын аузына алмас, нетесіз?

Мұндай жаннан қайтіп опа көрерсің,
Қылық-құлқы оңбас, жапа шегерсің.

Ұл-қыз үшін машақаттан күй кетер,
Бала жүгін ата пілдей сүйретер.

Дос, туысқа жақын-жуық жүр дедің,
Оның дұрыс, ол да бір жүк, білгенім.

Білікті бек айтқан ойдың дүлдүлін:
«Кісі көңілі нәзік, алма бүлдіріп.

Көңіл бейне, құмыра, я шарайна,
Ей, ұланым, сындырарсың, абайла!

Көңіл нәзік — тез суалып, тез толар,
Ыстыққа — ерір, ал суыққа тез тоңар.

Дос көңілі сынса, жауың тасынар,
Қайда жүрсін маздап, пысын асырар.

Жауың болса, тірлігің де татымсыз,
Ол тірліктен безінерсіз, жасырсыз!

Сенен дұшпан кішік болса, ақылым:
Оны соңша ұлық тұтқын, батырым!

Шын жауықса осал емес шыбын да,
Шақса, піл де үркіп, шоршып жығылған.

Өмірі өткен жауыменен алысып,
Тыңда ердің жаугер, батыл арысын:

«Дұшпан әлсіз деп желпініп, есілме,
Неге қорқам деп, құр сөзбен есірме!

Жауың болса, қапы қалма ұрыста,
Жауға жау бол, түзу қара дұрысқа!

(Жаулық еткен, сенен жаулық күтеді —
Сен қойғанмен, екі талай бітері!)»

Айтты Өгдүлміш, ашты тілін тербеді,
— Айтар сөзді есті, көңіл бер — деді.

Бұл дүниені тәңір біліп жаратты,
Халал қылып берді ішіп, жер тамақты.

Қатысса кім, қарасса ізгі дос тұтып,
Ізгі іс қылар, қосар доскa дос құтын.

Кім пайдалы, сыйлап жақын жүргейсің,
Пайда қылған кісі олжалы, білгейсің.

Жалғыз жүрген кісі қыпшақ көшпелі,
Шарапаты тимес елге еш, тегі.

Шарапаты тимес кісі — бір өлік,
Өлік болма, пайда келтір, ер-күлік!

Көп болса ердің қолдаушы дос-орманы,
Аты елге тарап, ісі оңғаны.

Бұл дүниеде ол тілегіне жетеді,
Егер өлсе — досты медет етеді.

Сағыныш-шер болса, бірге күйінер.
Сүйініш болса, жайнап көзі сүйінер.

Бар халыққа жаяр даңқ-сыныңды,
Тілін тияр, көрсе — мінің, мұңыңды!

Жауың — тыныш жатсаң дағы бүлдірер,
Мін, даңқыңды — түгел елге білдірер.

Жау болмаса — елге ердің ерлігі,
Аты, тіні жетпес еді ендігі?!

(Жау болмаса, ерге ат қалай танылар,
Қашан атақ-даңқы тарап танылар?!)

Кімнің мұндай көп болса, даңқ, жүлдесі,
Теңдессіз көп болар дұшпан, күндесі.

Асыл текті болса, кімнің жаны-нар:
Елі-жұрты жау боп талар, жабылар.

Жақсы адамның, қарап тұрсаң, жауы көп,
Жаман — өлік, өліктердің жауы жоқ.

Қалың дұшпан кімге тиісіп, таласа —
Сол өнерлі, ер болғаны тамаша!

Ердің аты шығар жаумен тіресіп,
Жаусыз жанның аты естілмес, білесің.

Даңқты ердің не дегенін естігін,
Жібермеген тілегінің ешбірін:

«Мың дұшпансыз ер атанар несіне —
Күніне мың сөкпесе, алып есіне.

(Мың кісіге неге өшіксін бір кісі —
Күніне оны атамаса мың кісі.)

Көп төбетті бөрі елемей жеңбей ме?
Ит үреді, керуен көше бермей ме!?

(Бұрылса итке бөрі бөрі болар ма!
Мың ит үрсін, естісе де жолар ма!?)»

Ерге, қастық ойламаймын дедің сен
Құр-бекерге сөйлемеймін дедің сен.

Не сөйлерсің, кісілермен тұрмасаң,
Араласып, өзің мойын бұрмасаң!

Нағыз ер сол: жүріп жұрттың ішінде,
Төрге шықса, бағып сөзін, ісін де!

Қатты сөзге жұмсақ жауап қайтарса,
Ащы айтқанға, тәтті тілмен айта алса.

Кісі жүгін алса, жүгін артпаса —
Жана қылған жанға опа қып, мақтаса

Өшін-кегін қуса жүрек түбінен,
Ділінде бар — тұрса шығып тіліңен!

Не дегенін есті ойлы нар адам,
Ізгілікпен атақ-даңқы тараған:

«Ауыр сөйлеп, тіл тигізбе адамға,
Кеш сауығар, көңілде дық қалар да!..

Сені сөксе, мақта — оңбассың таласып,
Ол жер болып, сен жақсы атта қаласың!

(Өзің мақта, сені сөккен наданды,
Ол ұялып, арттырасың бағаңды!)

Жапаға — опа жаса, батпа қапаға,
Мәрт опалы, жаман жақын жапаға!

Алыстаса сенен туыс-қарындас,
Ей, бауырым, оларға өзің жақындас.

Егер, күшті күш көрсетіп қинаса —
Кешір оны, діннің жолын сыйласаң.

Жазықты боп қалса құл-күң, жазығын
Кешіре біл, бер тоқ қылып азығын.

Заты текті ер көтеріп жүк-азабын,
Сабыр сақтап жүрер күтіп ажалын!»

Бүгін үйде тұрған жалғыз қарасың,
Ей, ақ көңіл, не барқадар табасың!?

Рахат, ләззәт, тілегіңді көрмедің,
Күміс, гаухар, алтын, бақыр термедің.

Сенде жер-су, сарай-жайдың түгі жоқ,
Ат ұстайтын * ұл-қызыңның бірі жоқ.

(Сенде жер-су, сарай дәулет бірі жоқ,
От ұстағыш, қыз-ұл, қане, түгі жоқ.)

Кісіге қол, билігің жоқ, мақұлда,
Өзің жақсы болсаң, жақсы атың да.

Қандай нәрсе сені ел-жұрттан бездірген,
Қандай тентек сені захид деп жүрген?

Азды олжалап, молға ықылас қоймаса —
Захид солар — қанағатты ойласа.

Безбе болар тілегінен жаңылған
Айласы да қалмас өзге сабырдан!

Мың тілегі орындалса да нағыз ер,
Жүзін бұрып, болмас текке әбігер.

Жоқ-жітікке жеп-ішкізіп, қарасса,
Ибадат қып хақ жолымен жанасса.

Дүние келер болса — көңіл бөлмесе,
Кетер болса — қабақ түйіп көрмесе.

(Мән бермесе дүние-мүлік жеткенде,
Қапаланып, қайғырмаса — кеткенде.)

Егер қолы жетсе арыз-тілекке,
Өзін ұстап, тілін-ділін түзетсе...

Бұған мына сөздің мәні келеді,
Ей, пейілі ақ, тыңда, болар керегі:

«Ердің ері — қайсы істе де күймесе,
Қай жерде де өзін берік билесе!

Мың тілекке жетсе де, есін сақтаса,
Мәрттің мәрті ол: өзін тиып, лақпаса!»

ОДҒҰРМЫШТЫҢ ӨГДҮЛМІШКЕ ЖАУАБЫ

Жауап беріп, деді Одғұрмыш:— Шыныңды айт,
Тілегің не, көріктім ай, нұрындай?

Не сөйлесем, сен сөзімді иіріп,
Жауап беріп, тоқтатасың шүйіліп.

Тілегің не, айтқын маған ашығын,
Не құлқыңда, ашық айтсаң, асылы...

ӨГДҮЛМІШТІҢ ОДҒҰРМЫШҚА ЖАУАБЫ

Жауап беріп, Өгдүлміш айтты:— Өзім,
Тілекпенен келіп ем, ашсын сөзім.

Күнтуды елік естіді өзің жайлы,
Көрді саған жұмсауға мені ыңғайлы.

Көңілі-ділі кетті сені көрмекке,
Мені сөзші етті, ертіп келмекке

Қанша ауыр тисе де, барғаның жөн,
Елікке бір көрініп қалғаның жөн.

Ізгі сұлтан, Елік бір пейілді жан,
Елге жайлы, жүрегі мейірлі жан.

Ханның жүзін кім көрсе, құтты болар,
Екі әлемде түгелдей құтқа толар.

Рахымды елге, жаһанды ұстап билеген,
Ел-кент бегі — құлағың сал — бүйі деген:

(Не дер екен тыңда, бұл ел-кент бегі,
Жаһанды ұстап, жарылқаған кендені:)

«Әділ бекке құт үйірсек, білгенге,
Ол құтынан тиер үлес күллі елге.

Әділ бектің қайда даңқы тараса,
Сол жерге бар, сонда ер құты, қаласа.

Көк тірегі — тура әділ төрелік,
Тірек тайса — шайқалғаны төбенің.

Болмаса ерлер әділдікті білдірер,
Жеті қабат жерді құдай бүлдірер.

Әділ бектің жүзін көрсе, құт қонар,
Сауап болып, күнә, мұңы жоқ болар!»

Білсең, бұл күн кісі болдым алдыңда,
Себебі, Елік; тоқ көңілім, қарным да!

Құдай берді ақыл, білім, еңбекті,
Барша ізгілік, жақсылыққа қол жетті.

Құдай таупық беріп, пейіл тіктедім,
Халық үшін, алдым ауыр жүктерін.

Сені де Елік тілеп отыр, есіл ер,
Қол біріксе, берік түйін шешілер.

(Қол біріксе, тұсау біткен кесілер,
Тұсау кетсе, көңіл көлдей көсілер!)

Салды мені келістіріп, айтарға —
Ей, мәрт батыр, мені жалғыз қайтарма.

Өз қолымен хат та жазып жіберді,
Не жазғанын, сөзін оқып біл енді!

* * *

Шығарды да, хатты ұсынды қолына,
Алды Одғұрмыш шомып ойдың торына.

ОДҒҰРМЫШТЫҢ ӨГДҮЛМІШКЕ САУАЛЫ

Көп ойланды, оқып хатты байыптап:
Көп білімді берген хатқа лайықтап.

Елік мені шақырыпты, келсін деп,
Санапты кіл ізгілікті, сенсін деп.

Бұл қиын іс болды маған, көргейсің,
Не істеу керек, кеңесіңді бергейсің!?

ӨГДҮЛМІШТІҢ ОДҒҰРМЫШҚА ЖАУАБЫ

Жауап беріп, айтты Өгдүлміш:— Тіліңді,
Кеспес Елік; тіл қатты: естірт — үніңді...

Тіл тербесе, атыңды атап бір сен деп,
Көзін ашса, бағып отыр көрсем деп.

(Тіл тербесе, сөзінде атың жүреді,
Көзін ашса көрсем деп көз тігеді.)

Көңіл кімді ери сүйсін, тілесін,
Тілде аты жүрер сөзге ілесіп.

Бәйітті оқы, не дер сүйген шынайы,
Сүйгеніңнің жүзі — көңіл шырайы:

«Көңіл кімді сүйсе, көзден қалмайды,
Көзің қанша көрсе де, еш қанбайды.

(Көңіл сүйсе, көз алдыңнан кетер ме,
Көре-көре көзің ағлар бекерге!)

Көңілде не тілек жүрсе жүгінер,
Ауыз ашсаң, бәрі тілге ілінер!»

(Арыз-тілек көңіліңнен көрінер,
Ауыз ашсаң тілден сөз боп төгілер!)

ОДҒҰРМЫШТЫҢ ӨГДҮЛМІШКЕ ЖАУАБЫ

Айтты Одғұрмыш жауап беріп:— Батырым,
Не істеген жөн. Қажет кеңес-ақылың?

Сенсің жалғыз қандас, бауыр, жақыным,
Өтеуін бер туысқандық хақының.

Бұл істе мен қылдым сені кеңесшім,
Біліміңмен бұл кеңеске теңескін.

Қадашымсың *, бол тілесең — адашым,
Адаш — қадаш жақын, бөлмес арасын.

(Қандасымсың, бол тілесең — жолдасым,
Айырма жоқ қандас — жолдас болғасын.)

Сен ғанасың, бақсам, бүгін сенерім,
Не қылайын, айтқын, ерік беремін.

ӨГДҮЛМІШТІҢ ОДҒҰРМЫШҚА ЖАУАБЫ

Былай деді Өгдүлміш жауап беріп:
Ей, құтты ер, сұрама мұны сенің.

Хабаршы қып жіберген Елік мені,
Кеңесші етіп, білмексің енді нені?

Баралық,— тек сөзім сол, қайталарым,
Барма деп өзім қалай айта аламын.

(Баралықтан басқаны айта алмаймын,
Барма — деп те өзімнен қайта алмаймын.)

Пайдасы көп өзіңмен бірге жүрсем,
Қандай ақыл беремін, біле-білсең...

(Бірге болсаң, көп пайда теңдес келмес,
Өз пайдасын көздеген кеңес бермес.)

Не депті, анда, білімдісі, шегілдің *
Біліксіз, ұқ- бойың беріп, егілгін:

«Кеңеспе, өз пайдасын көздегенмен,
Себі тимес, ей құтты ер, сөйлегенмен.

Кеңессең, сондай жанмен ақылдасқын,
Бас пайдасын бұлдамай жақындассын.

Пайда ойлаған пайдасы үшін жаныңар,
Күшін салар, арпалысар, тарылар.

(Өз пайдасын тілеп, іші күйеді,
Кері сөйлеп, бір зияны тиеді)

Қай істе де кісі керек кеңесер,
Көңілің сүйсе оған кім бар теңесер?.

Өзіңе-өзің бауырмалсың өзгеден,
Сөзіңді тый, кісіге айтпа көлденең!»

Сен өзің біл, бір шешімге келерде,
Бұл істе ақыл сұрамағын менен де?!

Сені алғалы келдім алыс жолды асып,
Кеңесім сол — тұр, аттандық қолдасып!

Кісілерден бұйыратын ізгілік,
Мына жерден табылмайды, жүр, біліп!

Ұлыс, шаһар жақсылығын, аңғарсаң,
Айттым түгел, енді таңдап-талғарсың.

Білерсің сен, шын сөзді айттым ылайым,
Тілеуіңді тілеп, куә құдайым.

Не істеді, кісілерден жерісің,
Кісі ісін істе, аралас — ерісің...

(Не істеді, кісілерден қашасың,
Кісілермен қатыс — өрге басасың.)

Мейірім жаса, мұңлыққа қарасып,
Ұжмақтың төрінен жай табасың.

Тіл, көңілді түзе, қыңыр түспегін,
Қайда жүрсең, құтты қылық істегін.

Кісімен бол, кісілерден безбегін,
Кінәңді біл, кісі айыбын термегін.

(Кісікиік болып, жұртты бөлмегін,
Өзіңнен көр, кісі айыбын көрмегін)

Мұны меңзер бәйітті, бек, қарарсың,
Оқып, ұғып ішке түйіп бағарсың:

«Қайда жүрсең жақсы бол, төк теріңді,
Ізгілік ет, бұлдама асыл тегіңді.

Кісі ізгісі, көр, өзін де ұмытпас,
Қайда жүрсін, теріс жолға жуытпас!

(Бағар өзін, жақсы кісі жөн білер,
Қайда жүрсін тек қана ізгі жол тілер!

Қылығы ізгі көңілі ізгі ер — көгерер,
Қайда істесін, мың шаттыққа бөленер.

Барлық жерде жақсы жақсы боп қалар,
Жақсылық еткен, жақсылықты көп табар.

Құлқыңды оңда, ессіз болма, торықпа,
Қайда істесең сонда жүргін, қорықпа!

(Құлқыңды онда, жаман надан болмағын,
Сақпа, барғын, қайда апарса жолдарың!)



42

Одғұрмыш Өгдүлмішке дүние айыптарын айтады

Айтты Одғұрмыш:— Сөздеріңді тыңдадым,
Енді сен де айтқанымды тыңдағын.

Бұл дүние сүйгізіпті өзін бек
Бар айыбы — саған сұлу көрінбек.

Таңданба сен, мысал да бар білсеңіз:
«Күллі нәрсе мінсіз болар — сүйсеңіз!»

Сүйгеннен соң бар айыбы әлемнің,
Көрінеді, ей әлді ұлық, әдемі!

Тыңда сөзін сүйіп, ойын түйгеннің
«Сүйкімді боп тұрар міні сүйгеннің!»

Айдан анық сүйгендіктің белгісі:
Кемістігі көркі болар, ей кісі!

Дүниені сүйгенің біл, айырып,
Көңілің сұлу тұтыпты бар айыбын.

Бұл дүниені мақтадың сен, не дейін,
Бар айыбын саған айтып берейін.

Адам жаза басса құдай қинады,
Дүниені түнек қылып «сыйлады»

(Дүниені зындан етіп қамады,
Күллі адамға күнәһар деп қарады.)

Түнектен сен қандай тілек тілерсің,
Құт-жәннәтты жұмақта деп білерсің.

Адам барса ұжмаққа бидайды жер,
Бұл дүние құсырып, басын иер!

Хақ лағнет қылғанды, шайтан арбап,
Хақ жолына құлады пенде қалған...

Құдай ондап, қолдаса қалған құлын,
Дүние бермес, оңғарып — ашар жолын.

Бұл дүние құты аздырар, кездірер,
Құдайдан да, иманнан да бездірер.

«Құдаймын!» деп бір кісілер есірді,
Әлемді алдым!— деп, өлді иттер секілді.

(«Құдай мен» деп, біреулер кем ақылы,
Ит өліммен кетіп тынды ақыры!)

Ел байыса күпірлікке салынар,
Кедейлікте бар күнәдан арылар!

(Байлар шалқып, елге симай есірер,
Кедей көрпе ыңғайымен көсілер.)

Жалаң туған, кірер көрге жалаңаш,
Дүние неге керек, болса адал ас.

О, ажалды, неге құлқын торлады,
Екі күндік қонақсың бар болғаны!

Білесің сен, тірлік келер ажалға,
Өлім сәтін тұрар аңдып, аларға!

Өмір есік ашса, тұрар ажалы,
Ашылса есік — өлімге жұрт барады.

Екі күндік қонақ үшін жаныңды,
Күйдірме отқа, қайнатпа өзің қанынды

Мына жалған опасыз, біл, айтарым
Не берсе де алады тез қайтарып!

Кісілерді бек деп, құл деп қарамас,
Бірдей оған, жақсы-жаман аралас

Бірін бек қып, ертеңінде суынып,
Күнде өңін өзгертеді, құбылып.

Бақсаң, дүние көлеңкеден аумайды,
Қусаң — қашып, қашсаң еріп қалмайды!

Мұны меңзер келді сөздің кезегі
Мәнісін ұқ, түйгін, болар керегі:

«Бұл дүние қусаң-қашып, безеді,
Егер, қашсаң аңдып, қуып, ереді.

Бұл дүние дінге де өш, жазғырар,
Ойла, байқа дініңді жеп, аздырар!»

Бұл дүние безеніп бір көрінер,
Жас келіндей жасанар — нұр төгілер.

Көңіл берсең, жүзі аумай қарғадан,
Жағаңнан ап, күнде сілеп қарғанар.

Жапа шашып, құлқы опа қылмайды,
Ерімен бір үш ай толық тұрмайды.

Көңіл беріп, кім түссе оның қолында,
Қапа болар, ессіз тірлік торында.

(Ерсе оған, ауып кімнің көңілі,
Ессіз, текке өтер соның өмірі.)

Бұл тірліктің күні ғажап, сұлу-ақ,
Бекер іске салсаң сөніп, суымақ

(Қыз-тірліктің мәнін ұққан оң болар,
Қапалы істе қадір кетіп, қор болар.)

Кіл ізгілік — тірлік, сақта есіңде,
Ей, арысым, оны зая кетірме!

Дүниенің үш мәні бар бағарлық:
Бірі — адалдық, шүбә және арамдық.

Адалға — есеп, арамға азап бұйырар,
Шүбә болса — сақтан, қарап түйіп ал!

Жаһан бірде сүйікті етсе, жат қылар,
Көңіліңді шат қылар да, сап тынар.

Сүйінішпен бірде жанды семіртер,
Бірде аздырып, қайғысына кеміртер.

Сүйінішін көрсең, түбі — күйініш,
Күйінішін кешсең, келер сүйініш...

Үші * сәтті болса, мехнат береді.
Басы михнат болса, ізгілік келеді,

Қайғылы ер не дегенін елерсің:
«Алыстау тұр, дүние зарын, шегерсің!»

Байлық сенің — пақырлығың, қарасаң,
Кедей-пақыр сенен де бай орасан.

Сені сөксе, кешір, жібер ссеңді
Кейін, қара жерде аларсың өшіңді.

Тарыдай боп бар тергенің шашырар,
Жиғаныңның бірі қалмай шашылар.

Бұл дүние тәрк етер де аттанар,
О дүние мәңгілікке сақталар.

Кетуші әр күн кете берер алыстап,
Келуші тез келіп саған таныспақ.

Кетушіге көңіл бермес білімді,
Келушіге сақтар ақыл, ілімді.

Өлімді білген тірлігіне сүйінбес,
Өлім көрген опынбас һәм түйілмес.

Жүрген кісі жолда үй-жай салдырмас,
Көшкен кісі мүлкін жұртта қалдырмас.

Сен қонақсың түстенген бұл жаһанға,
Еш мұршаң жоқ, керіліп көп жатарға.

Сонсоң, ізгі демес дүние қылығын,
Кімнің болсын бұзар пиғыл-құлығын.

Әулиелер бадал қылды мал, жанды,
Әмбиелер етті тәрк жалғанды.

Саған бұлар тұзақ көзге шалынбас,
Бұл дүние мүлкі — қақпан жаңылмас.

Адам ғафыл, сұғанақ көз тоймайды,
Мүлік-торға түссе, ойланбай тойлайды.

Шайыр басы не дегенін естігін,
Тірлікте істің құтқармаған ешбірін:

«Жеміті арбар, тұзақшысы көрінбес,
Дегбір қалмас қыз көргендей көңілде еш...

Дәмін татсаң, ашкөздіктен аптығып,
Аяғыңды буып түсер қатты ғып!..»

Бар дүние тисе бүтін бәріне,
Жүз жыл жасап, дән қосылса дәніңе!

Пайдасы не, ақыры көр айқарар,
Қара жерге еніп, түбі жай табар

Қешкен тірлік көрген түстей, сынарсың:
Не істесең — түгел жауап қыларсың.

Кеш өкініп, бұл күн текке жаңылма,
Қылығыңа ай, күн куә жаныңда!

Ләззәтті өмір үш нәрседен таратар,
Сол үшеуі — жүз нәрсеге пара-пар

Ішпек-жемек әуелгісі бұлардың,
Қатын алмақ — бірі рахат-құмардың,

Үшіншісі — тән саулығың, тірлігің,
Бұл үшеудің сақтау қажет бірлігін.

Бұл үшеуге күллі ләззат таласпас,
Тағы үшеу бар, ей ел бегі, жанаспас.

(Бұл үш нәрсе бар ләззаттан асыл-дүр,
Басқа үшеуге тиме, есіл ер, қашық жүр.)

Ішпек-жемек ол бір ләззат, ағайын,
Жамандық боп кейде жалмар маңайын.

Үш саусақпен ауызға алсаң болады,
Одан артық барса қарның толады.

Ас сіңбесе тәбет, тәнің бұзылар,
Тән бұзылса кесел өршіп қуырар.

Ең аштысы — адамға ажал келгені,
Рахат жоқ өлімді — опат жеңгені,

Тағы да бір ләззәт — қатын ләззәты,
Суық суға түскендей ал, мехнаты!

Одан кейін ұл-қыз туар, қарап тұр,
Сол екеуі-ақ машақатқа жарап тұр.

(Одан басқа ұл, қыз қысар бірдей кеп,
Ұл-қызды тік тұрғызу да бір бейнет!)

Ақылдылар былай деген дескеді —
Қатын, ұл-қыз ердің күшін кескеді:

«Қатынменен сұхбат — шырып, зейнетті,
Суық суға жуынғандай — бейнеті.

Ләззат қайда жүрсе, сонда азабы,
Тәтті қайда, сонда ащтысы, ғажабы!»

Егер, тірлік болса осындай татымсыз,
Дүние жапа шектірген бір пақырсыз!..

Ләззәтті-ақ дүние, күнім — ғұмырым,
Ақыры өлім жеңер де, алар шырының!

Бар дүниеде үш рахат — тұғырың,
Құлқы түзу, ал жауабын ұғынып.

Бір жауың — тән, екіншің — жан құмары,
Осы екі жау аулап, құртып тынады.

Үшінші жау-шайтан, діннің ұрысы,
Хақ сақтасын зиянынан, дұрысы.

Жауың жауыз болмас асқан бұлардан,
Күйгізер көп тәнің шықпай құмардан.

Құдай атын айтсаң, шайтан сасады,
Өзің қисаң — дүниең де қашады.

Тән-жаныңнан қалай безіп шығарсың,
Өлсең — қалар, өле-өлгенше шыдарсың!

Білікті бек жақсы айтыпты ерекше,
Дана сөзі жарар, білсең керекке:

«Мұңға салып жүр жан-тәнім бүлдіріп,
Бір жылатып, көрсең, бірде күлдіріп.

Тілек қуып жаһан кезіп бағамын,
Бірде тоқпын, бірде аш — жалаң қағамын.

Бір тілекке, жетсем бірі кезігер,
Тағы бірі жетпейтіндей сезілер!

Баса алмаймын өзім нәпсі-тілекті,
Мейірімді ием, тиып бер сен, жүдетті!»

Бұл тән нәпсі тойып бермес қомағай,
Семірсе ол жалмай берер жағалай.

Ат семірсе мөңкіп, тулап, қызынар,
Иесін жыға қашып, безіп бұзылар.

(Жаман атқа жал бітсе әбден қағынар,
Ерді аударып өз жөнінен жаңылар!)

Тәнің, білсең, аңшы итімен бірдей-ді,
Семірсе ит аңшы ақысын білмейді!

Қарны тойса жатады аңға шаппайды,
Иесі айтса, бармайды, елең қақпайды.

Тәнің-жаның кейде балғын ұландай,
Қарны тойса ұшар, ойнар ұлардай.

Тән тойынса, жойылар жан-жүрегің,
Бере берме тәннің барлық тілегін.

Тірлігіңнің күллісі өзі үш-ақ күн,
Қалғандары түс, кіл өңкей түнек түн.

Бірі атқан таң, бірі өтіп кеткен түн,
Ұласар ма ертеңге бұл жеткен күн.

Бұдан басқа еш тірлікке қарама,
Кесіп айтам, тіршілік деп санама.

Қатынменен сұхбат бір-ер сағаттық,
Еркек отын басу үшін, тағат қып.

Бұл отты әйтеу өшірерсің, тұсарсың:
Көрікті, не көріксізді құшарсың.

(Не ару, не күң құшағы ашылар,
Содан кейін мауқың да өзі басылар.)

Ауыз қамы — қарын тойса болғаны,
Қарын тойса, істі ойламас ол дағы.

Арпа, халуа бірдей — тойса қарының,
Артып қалар, кірер жолы тарылып.

Шекер, халуа жесін, айтсақ ашығын:
Тойып жатса, тұрар таңда ашығып.

Өзі кедей, көңілі тоқ, көзі тоқ,
Не дейді екен, кембағалдың сөзін ұқ:

«Қолың ұзын шекер, май жеп, саспадың,
Мен тағат қып, кебек жеп жан сақтадым.

Екеуміз тең тойып кешке жатамыз,
Келмес күндер кетіп, тағы татамыз!..»

Мал жиғанмен өлесің — жан кетеді,
Белгілі ғой, онда екі бөз жетеді!

Бай — кедейді теңер өлім бір демде,
Бірдей болар қара жерге кіргенде!

Екі күндік дүниені малданып,
Несін тірлік кешіп жүрсің алданып?

Сұқтанасың сен дүние жиғалы,
Сұқтанады өлім сені тиғалы.

(Алу үшін сен дүниені аңдисың,
Шалу үшін сені өлім аңдиды).

Тірлік сенен күнде безіп кетеді,
Жауыз өлім тамырыңды кеседі.

Тірі — ажалды, мәңгі өмір сүрмейді,
Тек қай күні өлетінін білмейді.

Кіші сақал өссе екен деп ойлайды,
Сақал шықса, ағарса деп қоймайды.

Келгені өлім — сақалға ақ тараса,
Табылмайды оған құрал, араша!

Өзіңді отқа дүние үшін тастама,
Өзіңді-өзің қарап тұрып қақтама.

Бұл дүние тұзды судан аумайды,
Ішсең тілің құрғап, шөлің қанбайды!

Құрғақ құмға ұқсас екен бұл адам,
Дария құйса толмайды көз сұғанақ.

Дүние ісі сағымдай боп көрінер
Қолың созсаң сусып, тұрмас, төгілер!

(Қарап тұрсаң, ұшар көзден сағым да,
Құсаң — безер, тұрмас сенің жанында.)

Нәпсіні ұстап, қызмет еткен — ақ алмас,
Жауы да оның осал жерін таба алмас.

Нәпсіге ерік берме, име бойынды,
Ләззәті — жел, тілегі оның ойын-ды.

Кешкен тірлік өте берер келгісіз,
Қалған тірлік қанша екені белгісіз.

Қалған күнді текке зая кетірме,
Өлімді күт ибадат қып бекін де.

Не дейді екен кісі пейілі ағарған
Кінә, кірден жанын сүзіп тазарған:

«Өтті өтері кештің бастан, түніңді,
Кешермісің енді келер күніңді.

Кешкенің мен кешпегеннің арасы —
Бір қонақтық сол тірлігің шамасы...»

Өткен тірлік зая кетті деп едім,
Кешіп бәрін уайым-мұң жеп едім.

(Тазарсам деп иен жерге келіп ем,
Оңашада өзімді-өзім жеңіп ем.)

Бүгін мені шақырдың ел, қалаға —
Нәпсім ерттеп мінсе, кім ап қала алар?

Тәнің — бір жау, білсең нәпсі тырнағын,
Тұзақ, торын құрып тастап тұр бағын.

Тілекке ерме, қуат жинып, қайрат қыл,
Тізгін бермей бұл нәпсіге айбат қыл!

Не деді екен өзін ұстап, басқан ер,
Құмарлықты жеңіп, күші тасқан ер:

«Тәнге тұтқын болма, білсең, байланып,
Дінді құрбан қылар оның айланып...

Барлық істе құмарлықтан қайта алмас,
Болса, ерді білікті деп айта алмас.

Тән ырқына ере берсе, көз жұмып,
Нағыз надан, керегі не сөз қылып!

Ақымақ деп айтар әркез ашығын,
Жүрген ерді бір нәпсі үшін шашылып!»

Зейін-есін нәпсі буып алғасын,
Ессіз кісі — тірі өлік, қандасым,

* * *

Міне, осындай бұл дүние, нансын деп,
Бар айыбын ашып айттым, қансын деп!

43

Өгдүлміш Одғұрмышқа бұл дүниемен бірге о дүние қамын ойламақты айтады

Лйтты Өгдүлміш:— Ей, құтты ер, сөзіңді,
Лйттың, естіп жсткіздім мен көзімді.

Бұл сөзімді ұғып алғын белгілеп,
Ақылға һәм білімге де үлгі деп:

Білсең, дүние халі сондай екенін,
Тірлік жолын ұзақ қылып нетесің!?

Кең дүниені күшпен тар қып алмағын,
Күнәһар құлға пейілі бар алланың.

Азабы көп болса, көп қой рахымы,
Күнәһарға кешірім — әзіз, асылы.

Азаптан қорық, рахымын күт үмітпен,
Құлша қызмет атқар, арылт күдіктен.

Әлем халқы тастап елді, шаһарды,
Жүгін артып, кезсе тауды, жаһанды.

Жаһан азып, құрыр қала, даласы,
Ұрпағы өшіп, тозар адам баласы.

Бар халыққа екі үйді жаратты,
Бірі — тозақ, бірі — ұжмақ жәннатты.

Күллі елдің бұл дүние — сұрары,
Арпалысып түнді-күнге ұрады.

(Дүние деп, жастық көрмей құлағы,
Шуылдап ел, түнді-күнге ұрады).

Тозаққа еніп күллі дінсіз, қомағай
Жұмақ-жәннат қақырап бос қалмағай?!

Екіден көз, құлақ берген құлға хақ,
Екі дүниені қатар бағып, тұр қарап

Ұзын тұту үшін екі қол берді,
Бірі — көрде, жарар бірі жерде енді.

(Қос қол берді, ұмтылса — еркін алсын деп,
Қос дүниені бірдей құшып қалсын деп.)

Екі-екіден аяқ берді жүрсін деп,
Бірі — мұнда, бірі анда тұрсын деп.

Ғажап жақсы айтыпты бек білімді,
Аты әлемге кең тараған ілімді:

«Есің болса, осал болмай бағарсың,
Сақтан күнә, кесіріне қаларсың!»

Жаратты хақ қатар екі әлемді,
Мұны таптың саспа, ұзартып ал енді.

Жаратты хақ күллі адам ұланын,
Тәннен — тойып, бірде ашығып тұратын.

(Адам — пенде, ашынар да басылар,
Дене бірде тояр, бірде ашығар)

Қарынға — ас, киім керек ілуге,
Інім, бұлар қажет өмір сүруге.

Онсыз тірлік жоқ, қарағым-қанатым,
Құлқынды — ас, денемді — тон жабатын!

Адал дүние, адал асың табылса,
Кедейге үлес, жұртпен бөліс барынша.

Ас — арқауың, онсыз күнің қараңғы,
Құлқын-ауыз билемесін адамды!

Қорқып тұрғай кәрінен бір алланың,
Күтіп жүргей, содан — үміт, арманың.

Бұл екеуі — құлшылық жол, адаспа,
Жаңылма һәм жамандыққа жанаспа.

Жақсы айтқан ой тез тарайды ғаламға,
Білікті сөз білім берер наданға:

«Үміт, хауіп — осы екеуін қанат қыл,
Екеуімен тірлігіңді жәннат қыл.

Құлқыңды онда, хақ жолынан жаңылма,
Сарайға ұшып кіріп, сүйен сабырға!»

Үміт, хауіп — сенер екі қанатың,
Екеуі, ұшсаң — көкке де жол табатын.

Күнәм көп деп үмітіңді үзбегін,
Ибадат қып, қызметіңді істегін.

Құл тірлігін қызметке арнасын
Аты құл ма, құлшылықтан танбасын.

Әзіз деп біл жаратқанның әмірін,
Құлшылықпен асар сенің қадірің

Кедей, өзің өзіңді іспен демей біл,
Бар байлығы — күнәлары, кедейдің!

Өзіңді- өзің кісі қоры деп сана,
Сөзің, өзің ізгі болар, тек қана.

(Өзің кісі жаманымын деп білгін,
Жұртқа мейір, шуағыңды жеткізгін!)

* * *

Бағанадан білгенімді ақтардым,
Лайықтысын көкейіңе ап қалғын.

Егер, менің айтқанымды алмасаң,
Жауап қайыр, ерім, алам — арнасаң.

Сөздер ұзын болған сайын пайдасыз,
Тағы ұзарса одан әрмен пайдасыз!

ОДҒҰРМЫШТЫҢ ӨГДҮЛМІШКЕ ЖАУАБЫ

Одғұрмышта басын ұстап тұрды көп,
Ақырында, ойлы жүзін бұрды кеп.

Айтты:— Інім, қиналдың-ау өзің де,
Қандастықпен арнап айттың сөзіңді.

Қамымды жеп, жақсы айттың білемін,
Құдай саған қайырым етсін, тілерім!

Ей, мәрт батыр, байқа, ойым он болды,
Бұл істе мен көре алмадым оң жолды.

Қаламай тұр көңіл қашып бұл істен,
Қатер — істен, көңіл жатпай кіріскен.

Көңілі жүйрік, өзі сүйген, сүйікті,
Дана, өнеге сөзін былай түйіпті:

«Қандай іске келсе өзіңнің кіріскің,
Ең әуелі көңіліңмен кеңескін.

Кісілермен ашып айтып, ақылдас,
Көңілің қалап тұрса ғана жақындас.

(Көңілің соқпас жерден әмән жырақ жүр,
Адамдардан ақыл-кеңес сұрап жүр).

Өзіңе өзің бәрінен де жанашыр,
Сөзіңді тый, қаламаса жан асыл.

Іс істесең өз жаныңа жақпайтын,
Аққөңіл ер, одан пайда таппайсың!»

Көңілім сүйіп, қаламай тұр, тосылдым,
Қойдым сөзді, осыдан-ақ шошындым.

(Өзім үшін сенен пұрсат алайын,
Ей, ізгі адам, босат мені, қалайын!)

Еш пайдам жоқ тигізетін Әмірге,
Құлық, қылық, сөзім келмес тәлімге.

Бере алмаймын мен Елікке еш пайда,
Ей, бауырым, әурелеме ешқайда.

Дүниеден қашып мұнда келіп ем,
Не деп қайта ораламын кері мен.

Алла ісіне арнағанмын өзімді
Кісі ісіне баспан, тидым сөзімді.

Енді мені тәңіріме * жібергін.
Ей, ер, сенің тірлігіңді тілермін.

Көрісуді тілеп қалсаң, ағайын,
Маған келме, өзім іздеп барайын.

Бейнет — маған, рахат саған бөлінсін,
Елікке істеп, пайдаң елге төгілсін.

Қызмет жөнін жақсы білген кісінің
Мейірімді сөзін алғын түсініп:

«Жүрсе кісі, еркіне еріп жүректің,
Жақындары анық күллі тілектің.

Тілек қуған адам азып, талмайды,
Мақсаты бар — орта жолда қалмайды.

Аңсары ауса, кісі ешбір кідірмес,
Жетер түгел, шаршағаны білінбес!»

Ел сүйісінткен мәрттігі мен ерлігі,
Сүйікті ердің сөзін есті, ендігі:

«Көңіл жақын болса, жақын алыс жер!
Көңілді бақ! Алыс кейде, қарыс жер!

Бір өрлем жер Туар — Батар * арасы,
Күшті, опалы болса бірлік, шамасы!»

ӨГДҮЛМІШТІҢ ОДҒҰРМЫШҚА ЖАУАБЫ

Жауап беріп, айтты Өгдүлміш:— Өзіңді,
Естідім мен, тыңда менің сөзімді.

Аға, өзің, ерсең мақсат — тілекке,
Зорламаймын, кір жасырма жүрекке!

Сөзді қойдым, тусын күнің алдында!
Хат жаз ханға, мені ұятқа қалдырма!

Елік хатты өзі жазды, аңдасаң,
Хатың барсын, оған өзің бармасаң.

Жеткізейін жауап түсір, сараптап,
Тіліңді өлшеп, сөздеріңді жарақтап.

Хатқа түсір, дегеніңді айтайын,
Ей, білікті ер, мен Елікке қайтайын.

44

Одғұрмыштың Елікке хат жазып жолдауы айтылады

Айтты Одғұрмыш:— Аялда, ерім, не дейін,
Керек десең, хат та жазып берейін.

* * *

Дәуіт, қағаз, қалам алып сайланып,
Елікке хат-жауап жазды ойланып.

Алла атымен сөзін жазды алғашқы,
Уа, жаратқан, кешіргін!..— деп, жалғасты.

* * *

Құдайға осы тілімменен, діліммен,
Сансыз тәубә, шүкір еттім бүгін мен.

Жасыл көк, жер, ай, күнді сол жаратты,
Кедей мен бай, қараңғы мен жарықты.

Жаратты елді, сансыз тірлік несін,
Берді аш қоймай ризығын тиесі.

Жарастырды екі дүние тірлігін,
Есеп жетпес айтуға оның бірлігін!

Өзі — жалғыз, бар екені шүбәсіз,
Түрін емес, ділін сақта, күпәсіз.

Ұлы, асқақ, бәрінен ол биік тұр,
Қадірі, ісі артық: әлем сүйіп тұр.

Жаратты көп, күллі сансыз құлдарын,
Тілегенге берді пайда, пұлдарын.

Тік көтерді жасыл көкті жаратып,
Зерледі ай, күн, жұлдыздарды қалатып.

Түнек басқан еді күмбез түндігін,
Құдіретімен жағып қойды күнді іліп.

Жерді гүлдеп, жасыл суды жайнатты,
Желмен желпіп, қызыл отты қайнатты.

Құрлық пен су, ыстық пен бу, суықты,
Жанды-жансыз — жарастырып құбылтты.

Тілегенін жаратты һәм реттеді,
Оған демеу-көмек керек етпеді.

Құлшылықсыз құлын қолдар, тілесе,
Құлшылықты құлын қорлар, тілесе!

Нені тілеп, «Бол!» десе ол болып тұр,
Әр үкімі не десе де қонын тұр.

Мың-мың сәлем пайғамбарға қадірлі.
Дұрыс жолға салған тірлік, жаныңды.

Ханға, міне, дұға оқып, хат жаздым,
Саулық тілеп, сәлемімді ақтардым.

Хан хатынан мейірімі шашылды,
Оқып жүзім жайнап, көзім ашылды.

Ізгі жарлық, түрлі кеңес, ақылы,
Барша сөзі, таңдайыма татыды.

Ізет, құрмет, ішіп-жемек, киімді,
Уәде етіпті — бәрі ізгілік, тиімді.

Бұл тілеуді қуып іздеп пенделер,
Күллі әлемді шарлап, кезіп, сенделер.

Қызмет етпей артса құрмет, мейірім,
Бұл дәулетке разы болмай не дейін.

Мұның біраз зияны бар, қарағын,
Өзім барсам, жетер еріп залалым.

Бірі — менде қызмет қылар білім жоқ,
Қате істесем, жұртқа қарар түрім жоқ.

Заң ретін білмеймін мен, расым,
Заң білмесең таппайды ісің ұнасым.

Екіншіден, көрдім дүние жапасын,
Жапа қылдым өзім, күтпей опасын.

Бір құдайға сиындым һәм сыйладым,
Сақтар енді құдай, дінім-иманым.

Тамағым бар, бар иыққа жабарым,
Артық мүлік жиып қайда барамын?

Қуып нетем ас пен киер киімді,
Жаппар нем кем қылмайды күйімді.

Ол жаратты, асырады бағыма,
Ей, ел бегі, сақтар енді тағы да!

Саған дүние берді. Есіркемеді,
Сақи нем маған бермес пе еді!?

Күллі ізгілік, кедейлігім — байлығым,
Бір құдайдан, ең аяғы — қайғы, мұң.

Ибадат қып, бақтым құдай есігін,
Түбі күллі ел келер жер сол, шешімім...

Бағып сенің есігіңді, түнейін,
Тірлік жұмсап, сонда, нені тілеймін?!

Екеуміз де бір құдайдың құлымыз,
Алдында оның бірдей тағдыр, құнымыз.

Құлға құлдың табынғаны жараспас,
Қызметшілер қадірлеспес, қараспас.

Ыстық ниет болса жұрттың бәрінде,
Шын жүректен тәует етсін тәңірге.

Білікті ер, сәтті айтыпты, бағала,
Ей, ақжүрек, естіп сіңір санаңа:

«Қызмет қылма, тоққа дағы, ашқа да,
Табынбағын бір тән үшін басқаға.

Бір құдайға табын, күтіп кесімін,
Күндіз-түні шаршамай, бақ есігін!»

Әуелі Елік төрт шартымды орында,
Табынайын; іс істейін қолыңда:

Мәңгі өлмейтін тірілікті тілеймін,
Қартаймайтын жігіттікті тілеймін.

Күллі кесел-аурудан сақтағын,
Бай қыл, кедей тауқыметін артпағын.

Бұл төртеуін берсең қарап қалмайын,
Табынайын ғазиз жанды арнайын.

Осыларды берсең маған, ей Елік,
Қол қусырып, құлың болып келейін.

Мұны істеуге құдірет-күшің жетпесе,
Менен артық не айырман бар, айт кеше!?

Қиім де бар, тарықпаймын тамақтан,
Тағы керек болса, берер жараткан.

Құрмет, қорлық — бір құдайдан, мұңайман,
Тірлігім мен ажалым бір құдайдан.

Мұны білген-білімдардың ерені,
Өзге не бар, ей өркенді ел ері?!

Бір құдайым сақтар мендей пендені,
Тек, асырай алмайсың, бек, сен мені.

Келіп сені асырасам, асылы!
Мені құдай сақтар, сөздің ашығы!

Өзің тоймай, татырмассың маған ас,
Мен тойғанша, хақ тамаққа қарамас.

Мұңайғанда хабаршы да іздемен,
Сезеді өзі, айтпасам да тіл безеп.

Қақпашы да, құл да бағып тұрмайды,
Тірі пенде күштеп, зорлық қылмайды.

Жаза бассам, кешірмейсің сынайын,
Күнәмді ием кешіреді ылайым!

Не дегенін есті құлдың жазықты,
Көңіл сырын тілмен толғап бағыпты.

«Ей, мейірлі, жаппар ием, тәңірім,
Мейірбан тек, сенің әділ әмірің!

Құсалансам сенің көңілің иеді,
Жарлылардың сенсің арқа сүйері.

Дертке — шипа, күтінгенде — сүйініш,
Зеріккенде ермек, шерде — сүйеніш.

Қуанышым, уанышым құралып,
Сүйінішің ішіне енер, ей ұлық!

Көп күнәға баттым енді расында,
Бәрі бір аз рахымыңның қасында.

Күнәмді кеш, жоқ саған еш залалы,
Қинама көп, кім рахат табады?!

Күнәм да мол, рахымың мол қарасар,
Рахымыңды берсең — саған жарасар!

Сен қинасаң — қиналмаққа лайықпын,
Сен кешірсең — кешірмекке лайықсың!

Білесің сен, білсең, мұнда, мен — жалғыз,
Білемін мен, бір сен онда, сен — жалғыз!

Кінәлімін, кінә, азапқа батырар,
Сен — әділсің, ақ нұр сенен шашырар.

Аманатқа алсаң адал жанымды ал,
Өзге түк жоқ менде сүйіп, табынған!»

Ей, хан, мына өткінші өмір озады,
Күн-күн санап кеми-кеми тозады.

Несі қажет құр мұңайып, қамығу,
Неге қажет арпалысып, жанығу.

Атаң кетті, кетер інің, ұл-қызың,
Анаң кетті, сөнер құрбың, жұлдызың!..

Өлгендерді көрдің, сен де өлерсің
Кірер жерге бір күн бәрі, көрерсің.

Қапы қалма, Елік ойлан, абайла,
Жақсы ат қалдыр өзіңнен соң қалайда!

Зая қылсаң бастан кешкен күніңді,
Зая өткізбе енді келер түніңді.

Өткен күннен керегіңді аларсың,
Келер күнге дайындалып қаларсың.

Осы халды көзім көріп тұрғанда,
Не пайда бар, өзіңе жол бұрғанда.

Сұм дүниеден көңілімді көшірдім,
Сүйенішім жалғыз алла, кешіргін!

Қалдыр мені, өзімше өмір сүрейін,
Осында, Елік, тілеуіңді тілейін.

Барғаныммен еш пайдам жоқ беретін,
Өзіңді-өзің қолда, берер кеңесім.

Мен түңілдім, жөн саған да — шеттемек,
Екеумізге кісілерден жоқ медет!

Енді қалған күннен дұрыс кетейін,
Ибадат қып, парызымды өтейін.

Жетер бәрі, керегі жоқ артықтың,
Дүние де тұрған жоқ қой шалқып тым.

Өмір өтті буырқанып борандай,
Күйінемін, кетті мәңгі оралмай.

Киім бүтін, тамағым тоқ, дұрысы —
Пайдасы жоқ дүниесі құрысын!

Айтқан екен тоқкөңіл жан, көшелі:
«Бармын!— десе бекке құты жетеді!»

Жақсы айтыпты қанағатты бақкан ер,
Қанағаттан құт-ризық тапқан ер:

«Ауыз үшін, ризық еттім тапқанды,
Иық үшін, киім еттім жапқанды.

Тірлік болса, тамағымды табармын,
Ием берер, керегімді алармын!»

Пайдасы үшін Елік мені шақырса,
Жоқ еш себім, жоқ білім де, ақыл да.

Ел ішіне жарап қалар десе егер,
Кесіп айтам, жоқ жарайтын еш өнер!

Десе, егер, іске жүрсін жұғысып,
Істейді інім мың кісінің жұмысын.

Егер мені ізгі тұтсаң, ей Елік,
Өзің де ізгі бол, осыған келейік!

Мың іс бастап тастағанша бітірмей,
Бір-ақ іске пейілді бұр бүтіндей.

Дақпы шыққан не түрлі ерен, бағыца,
Жиылыпты түмен қол боп жаныца.

Елік менен қандай пайда көреді,
Пайдасыз іс — татымсыз, жоқ көмегі.

Өзімді өзім сұранамын алдыңда,
Босат мені, ашуға бой алдырма.

(Өз еркімді өзіме бер, жібер де,
Ренжіме, ашуыңды шідерле!)

Тағы не бір сөздер қалды жазылмай,
Естіді інім айтар түгел жасырмай.

* * *

Түгесіп сөз, тұрды, хатты байлады,
Інісіне берді, жолға сайлады.

* * *

Айтты:— Жаздым, тілегімді, сөзімді,
Тілмен айтқан сөзді естідің өзің де.

Ауызша өтін, Елік естіп жақтасын,
Қоя берсін, маған қолын артпасын!

Сөз әкелген елші жауап жеткізер,
Жауап сөзді естідің, тез жеткін ер.

Үш Орданың ханы айтқан сөз көшелі,
Күллі жұртқа тарап кеткен деседі:

«Сөз бұрмайтын Елшіге мін тағылмас,
Сөздің шынын жеткізсе ол жақылмас».

Түркі ханы жақсы айтыпты байыптап:
«Тура айтса Елші, бұйырмандар айыпқа!»

Өлім де жоқ, тұқ жоқ елші мұдірер,
Естігені тура шықса тілінен.

Елші деген тілші, тілмен, бірдейді,
Тілі сөзін айтса, ажалды білмейді.

Болса елші зейін, тілдің ұстасы
Мақта, сый бер, ұзын сөздің қысқасы!

ӨГДҮЛМІШТІҢ ОДҒҰРМЫШҚА ЖАУАБЫ

Айтты Өгдүлміш жауап беріп:— Түгелдей,
Естіп алдым сөздеріңді жібермей.

Хатқа хатпен жауап жаздың есті ер,
Маған бергін, аман болсам, жеткізем,

Айтсам бірақ, күдігімді қалдырмай,
Елік қоймас, өз қасына алдырмай.

Сырбаз туыс, мені Елік қайтарар,
Сені алдырмай қалай жаны жай табар.

Тағы өтінер, біл мінезін білмесең,
Көңілі қалар, егер сонда жүрмесең.

ОДҒҰРМЫШТЫҢ ӨГДҮЛМІШКЕ ЖАУАБЫ

Айтты Одғұрмыш жауап беріп:— Бауырым,
Жанды жейтін, айтпа сөздің ауырын.

Бұл жерден мен кете алмаймын, одан да,
Өзіңді өзің қинап, қайта оралма.

Тілеу жаман — болмайтұғын тілекті,
Сөзде қадір жоқ тербемес жүректі.

(Жаман — болмас тілегінді қозғаған,
Айтып, жауап ала алмаған сөз жаман).

Не дер екен, тында, білген адамды,
Бастан кешіп көрген жақсы-жаманды:

«Бермегенді, сұрап, күштеп жүдеме,
Алмағанды тілеп, күштеп тілеме.

(Сұрап алмағанды, күшпен ала алмайсың,
Тілеп, бармағанға күшпен бара алмайсың)

Жетпес жерге жүріп аяқ жетер ме?
Шықтың екен — төктің терді бекерге!»

*

Айтты Одғұрмыш:— Аттан, дұрыс пейілмен,
Қайта айналып келме, енді ей, інім!

ӨГДҮЛМІШТІҢ ОДҒҰРМЫШҚА ЖАУАБЫ

Өре тұрып айтты Өгдүлміш:— Жүрейін.
Сөзді қойып, саған құлақ түрейін!

*

Жолға ұзатты, Өгдүлмішті жақынын,
Тағы айтты білген кеңес-ақылын.

Атқа мініп кетті Өгдүлміш асығып,
Суыт келіп түсті үйіне, басылып.

Күн алаулап, жерге жүзін жасырды,
Көк төріне қара сусар асылды.

Жаһан жүзі көмірдей боп қарайды,
Көз жұмылып, ұйқы басты маңайды.

Өгдүлміш те төсекке кеп жантайды,
Көз шырымын алып мызғып, марқайды.

Туардан жалын ойнап, боялды бел.
Келіндей көзін ашқан оянды жер.

Көтерілді гауһар-маржан қалқаны,
Жайнап жаһан ақ меруерт алқалы.

Үйден шығып, сарайға енді келгесін,
Құзыр сұрап, күтті, белгі бергесін.

ЕЛІКТІҢ ӨГДҮЛМІШКЕ САУАЛЫ

Одғұрмыштың сұрады Елік қандайын,
Айтқын деді, сонсоң, істің мән-жайын.

Не сөз болды? Ісің қалай, көне ме?
Тілегіңе не деді? Өзі келе ме?

* * *

Өгдүлміш ең әуелі хатты берді,
Елік алып, ашты да, оқып көрді.

Қызарды өңі, өзгерді, жүз ойланды,
Күлімсіреп сонсоң біраз толғанды.

Деді:— Інің ірі сөздер теріпті,
Торқа берсем, тікен түйіп беріпті.

Мін жоқ сөзде. Шын сөз мірдей кескілер,
Тура сөз — шын, шындық ащы естілер.

Тілмен не айтты, нендей ойға кенелдің?
Түгел жеткіз не естідің, не көрдің?!

ӨГДҮЛМІШТІҢ ЕЛІККЕ ЖАУАБЫ

Естігенін айтты Елікке аудырмай,
Түгел тізіп, бір де сөзін қалдырмай.

Талай сөздің,— деді — мойнын қайырдық,
Ол да, мен де айттық, жөнін айырдық.

Бар сөзіме түгел жауап қылады,
Тағы қыссам, көзін қатты жұмады

Не қылсам да өзі бері келмеді,
Сөзін сөзбен кестім, пейіл бермеді!

* * *

Естіп, оқып Елік ұқты мәнін де,
Ақыл, білім сөзінің әр дәнінде.

Тағы егілді, көңілін шер кернеді,
Көңілі шерлі кісіні — мұң жеңгені.

Мәрт басшы ер жақсы айтыпты, түсінем:
«Көңіл кетсе — ерік кетер кісіден!»

Бұл көңіл — бек, күллі мүше құл оған,
Бегі қайда, құлдар солай құлаған.

Тілек тілер болсаң — көңіл құласын,
Ол тілекке жетпей тынбас, құлазып..

ЕЛІКТІҢ ӨГДҮЛМІШКЕ ЖАУАБЫ

Өгдүлмішке тағы айтты Елік:— Бұл сенің
Ағаң, ойлы адам екен, білсеңіз!

Сөзін естіп, сезбесем ой-күлігін,
Құлқын, түрін, қылық-мінез, білімін.

Естіп, оқып, көңілімнен өткіздім,
Қайтсең де енді, тілегіме жеткізгін.

Өз елімде тұрып сөзім өтпесе,
Не болғаны, тілегіме жетпесем?!

ӨГДҮЛМІШТІҢ ЕЛІККЕ ЖАУАБЫ

Айтты Өгдүлміш:— Күллі бектің сарасы,
Құлқы сұлу, мейірлі, ел ағасы,

Қайтарда туысыма: Сезем — дедім,
Елік қайта жіберер, келем дедім.

Қадірле оны, бүгін жүр — дедім тағы,
Қалдырмайды, ақыры алдырады.

Түңілдіріп кесіп айтты келме,— деп,
Мен бармаймын, күш-зорлыққа сенбе!— деп.

ЕЛІКТІҢ ӨГДҮЛМІШКЕ ЖАУАБЫ

Елік айтты:— Ұқтым. Айтар налалы ер.
Бұл сөз іске аспас, өзің бара бер.

Не болғаны, бек тілегін тілесе,
Көңіл елтіп, қолы жетпей жүдесе!?

Бекте не ерік, сөзін ешкім ілмесе,
Күллі жарлық, ел ішінде жүрмесе?!

Ұлылықтың бір белгісі біле бер:
Тілегіңе қолың жетсе тілеген.

Не нәрсені аңсап көңіл қаласа,
Тілегіне жеткіз — ем сол тамаша.

Бұл тілегім енді кесел, дерт болды,
Емдемесе, өлтірердей жеп болды.

(Бұл арманым өзі болды кеселдің,
Емдемесе мұны, өліп кетермін).

Не дейді екен, бұл бәйітті оқып ал,
Мәнісін ұқ, көңіліңе тоқып ал:

«Күллі дерттің шипасы бар белгілі,
Шипагердің шарттары бар белгілі.

Тілек тілеп болса жаның ауырар,
Іздеп тапса — құлан-таза сауығар!»

ӨГДҮЛМІШТІҢ ЕЛІККЕ ЖАУАБЫ

Айтты Өгдүлміш:— О, құтты Елік, бағамда,
Дауасы жоқ не бар дейсің ғаламда!

Ұзақ ғұмыр кешкен Елік, дін-аман,
Өзің үшін, жаным пида сұраман.

Бұл сөзді айтам өтінгеннен жүгініп:
Еш пайда жоқ өкінгеннен түңіліп.

Былай депті ақылды ер бір өткен:
«Айтарыңды сайлап сөйле, жүректі ер!

Тілді тыйып сөйлемесең — бір тәлім,
Өкіндірді сайрап, талай бұл тілім!

Сөйлемесең сөзің саған құл болар,
Сөйлеп қойсаң сені өзі құл қылар.

Санап сөйле, асықпай сен толғанып,
Асықтың-ақ өкінішке қалғаның!»

Одғұрмышты, ойламадым келмес деп,
Шақырғанда, тілегімді бермес деп.

Бір тілесең, мен мың мәрте тілегем,
Келіссе, өзім көмек көріп жүрер ем.

Тілегім сол, бірге болсақ деп едім,
Қол ұстасып, қызмет қылсақ деп едім.

Мен қаншама қатты айтсам, өтімді,
Ол соншама қатты қақты бетімді.

Тағы бару қажет болса барайын,
Айтар болса, тағы да айтып қалайын.

Елік тағы бір хат жазып жіберсін,
Оқып хатты сенсін, ойға тірелсін.

ЕЛІКТІҢ ӨГДҮЛМІШКЕ ЖАУАБЫ

Елік айтты:— Хат жаздым гой атына,
Тас толтырып жауап берді хатыма

Енді не деп хат жазайын. Барарсың —
Хат орнына енді өзің де жарарсың!

ӨГДҮЛМІШТІҢ ЕЛІККЕ ЖАУАБЫ

Жауап берді Өгдүлміш:— Ей, құтты Елік,
Олай болса, көр тағы хат жіберіп.

Елші қанша түзу болсын оқтан да,
Хат болмаса, сөзге көңіл тоқтар ма!?

Таныс жанға, хат — сенімнің кепілі,
Кепіл болса жабық құлық есігі.

ЕЛІКТІҢ ӨГДҮЛМІШКЕ ЖАУАБЫ

Елік айтты:— Осы болса қаларың,
Хат жазайын, сөзбен тағы қадалып.

Хат жазайын. Хаттың аты хат, білсең,
Хатқа сенбей, өзің тілмен бір көрсең.

Нені сөйлеу керек, сөйлес, мүдірме,
Шақыр, сендір, келтір! Әсте түңілме...



45

Күнтуды Еліктің Одғұрмышқа екінші хатты жазып, жолдауы айтылады

Қағаз, сия жеткіздірді алдына,
Хат бастады қолға қалам алды да.

Сөз бастады құдіретті есіммен,
Жаратқан деп, қуат берген, кешірген:

— Мың-мың алғыс үкімі ақ тәңірге,
Құлқы, заңы мейірімді, әділ де.

Бір өзі-ақ, таза, нұрын таратқан,
Жоқтан барды, бардан жоқты жаратқан.

Бірге болып, оны сақта ділінде,
Ибадат ет, жүрсін жүрек, тілінде!

Не сұраса, сұрағанын береді,
Не тілесе, қалағаны келеді!

Тырбанганга ырзық берер, біле бер,
Тірі өлікке бір өлімін жіберер.

Әзіздік те, қаралау да қолында,
Ұлы да оның, кіші де оның торында.

Оның тілек-ойын ешкім ұға алмас.
Қазасын да ешкім тыйып тұра алмас.

Мың-мың сәлем пайгамбарга, қолдай гөр,
Тура жолга, рахымға алла жолдай гөр.

Күллі үмбетке мың-мың алғыс жолдадым,
Хақ, соларға қосылуға қолдағын!

Ең әуслі сәлемімді арнадым,
Мен өзіңе, ақылы — кен, ардағым!

Хал-жайыңды сұрап жаздым хатымды,
Күйің қалай, құрметтейміз затыңды!?

Мен өзіңе туысыңды жолдап ем,
Сен келсе деп тілек етіп болмап ем.

Оны өзің қаламадың, келмедің,
Назарыма түсіп, мені көрмедің.

Жауабыңды жазған хатың білдірді,
Айтқаныңды інің айтып үлгірді.

Хатыңды оқып, сөздеріңді ұғындым,
Қашқақтамай ойды тыңда, бұрылғын.

Шекерден де тәтті сөздер айтқанмын,
Удан ашты жауабыңды қайтардың.

Тағы мына сөздерімді жібердім,
Көңіліңе тоқып өзің біл ерім:

Өзің сеніп, діннің жолын қалдың,
Содан бері Захид атың тарады.

Бұл атағың ел ішіне жайылды,
Бөлек белгі болып жұрттан айырды.

Атың үшін дұрыс оған барғаның,
Өзіңді ойла, несібеңнен қалмағын.

Егер жұрттың көзі тисе қызығар,
Зая кетер, ибадатың бұзылар.

Хаққа табын, бүркс бірақ пердесін,
Бұл күн перде елге еш сыр бермесін.

Сүйген құлын құдай өзі қолдайды,
Оның жөнін халық ұға қоймайды.

Құл өзі өзін білмес бақсын-бақпасын,
Қайдан білсін хаққа жағар-жақпасын?!

Осында кел, жаса халық ішінде,
Білмейді ешкім, шаруасы жоқ ісіңде.

Адал мал тап, өзіңді өзің сүйіндір,
Ашын елдің тойындыр да, киіндір.

Еңбекпенен тапса кісі, адал ас,
Қос жалғанда, әсте қолға қарамас.

Бұл сөзді есті, келмей қалған, ей маған,
Не дейді екен ақылды, есті ойлы адам:

«Жақсы адамға дүние малы тисе егер,
Қос жалғанда төңірегі гүлденер.

Дүние малын артық жисаң құныгып,
Күнің қараң тірлігінен ұрының!»

Хақ құлына тисін пайдаң ей, бегім,
Пайдаң тисе, нағыз ерім дейді елің.

Күштеп сені, ей захид ер, ақылдым,
Мұсылманның пайдасы үшін шақырдым.

Келіп бері, тіле жұрттың тілегін,
Кісілерге пайдасыз жан — бір өлік.

Адам ба адам өз пайдасын күйттеген,
Адам нағыз — ел пайдасын діттеген.

Сахи емес, нәрсе беріп жанасқан,
Сахи нағыз — жанын қиып қарасқан.

Қайырымды емес, өзін-өзі демеген
Қайырымды сол — ел пайдасын елеген.

Кісі ізгісі дер, кімді оған теңерсің,
Ей, білгір бек, оны да айтып берерсің?.

Кімді жақсы дейміз? Айтшы тағы да,
Дауа болса ол, шипа болса жаныца!

Ізгі таза, ей білімді ер, мойында,
Бұл сөзіме ой жіберіп, пайымда.

Растығын сарапта, бұл сөздердің,
Рас десең, болма әуейі, тез келгін.

Ұзын сөздер зеріктіре жайылар...
Есті ерлер сөзді қысқа қайырар.

Сөздеріңді азайт, енді, есілме,
Ақыл, білім құнын сөзбен кетірме!

Қалған сөздер болса, несін тізейін,
Бауырласың баяндар, мен үзейін!

* * *

Хатты аяқтап, тұрды, мықтап байлады,
Қаламын шайып, хатты орап сайлады.

Хатты алып, әне, басты таңбасын,
Өгдүлмішке берді әзірлеп алғасын.

* * *

Айтты Елік Өгдүлмішке:— Аяңда,
Хатты беріп, әрі ауызша баянда.

Қандай лажы болса, істеп торып бақ,
Шаһар — кентке келтірудің жолын таң.

Не тілесе, тілегенін берейін,
Келсін мұнда қорғап-қоштап, демейін.

* * *

«Әлбетте!»— деп, шықты Өгдүлміш сайланып.
Ізгілікті ер келді үйіне айналып.

Келін түсті, үйге кіріп жайланды.
Ішті, жеді, демін алып, ойланды.

Руми қызы * жүзін жерге жасырды,
Кең әлемді зәңгі-түнек басынды.

Қап-қара құс тұтып, аспан налыды,
Толды әлемге қара құстың мамығы.

Төсегінде кешті ойдың тереңін —
Тумасына көріскенде не дерін.

Мызғып қана, оянды: бар алабы,
Көмір қара түнге оранып барады.

Ұйқы қашып, тұрды басын көтеріп
Қап-қара түн түріп апты етегін.

Күн де басын жерден алып, көрінді,
Нұрлы жүздің нұры аспанға төгілді.

Тұрғаннан соң таң намазына ұйыды,
Намазды өтеп, дұға қылды, сыйынды.

Бір ұланмен атын тездеп ерттеді,
Көңілі күліп, шығып жолға беттеді.

Қандасына келді жақын, бірақ та,
Хақын сақтап, түсті атынан жырақта.

* * *

Жүріп барып ақырын есік қақты,
Ағасы ісін үзіп, есікті ашты.

Есікті тез ашты ол, шығып барып,
Сәлем қылды, қарағын, қолын алып.

Алып кірді Одғұрмыш қолын ұстап,
Орын берді құрметтеп төрді нұсқап.

ОДҒҰРМЫШТЫҢ ӨГДҮЛМІШКЕ САУАЛЫ

Айтты:— Інім, бекер бейшет шеккенің,
Мен сеземін, тегін қайта жетпедің.

Кесіп айттым, естіп — айыл жимайсың,
Не үшін зорлап, күштеп мені қинайсың!?

Не айтқан тында, білім беруші адамды,
Сынап білген жақсы менен жаманды:

«Бір көріссе жетер кісі тануға,
Бір тілдессең, жетер сырын алуға.

Мыс алтынды көзбен айыра алмасаң,
Жетер алып сәл сыр тасқа жану да!

(Кісі сырын бір көріссең, білесің,
Сүйгендігін бір сүйіссең, білесің.

Кісі сынын бір көргеннен байқайсың,
Сүйген сырын бір сөйлессең байқайсың.

Сынасуға бір көріспек жетеді,
Білісуге бір сөз ғана жетеді.

Мыс, алтынды айырмаса ер жігіт,
Алып аз-маз тасқа сүртсе жетеді!)»

ӨГДҮЛМІШТІҢ ОДҒҰРМЫШҚА ЖАУАБЫ

Айтты Өгдүлміш:— Ойлап келдім бабыңды,
Маған кейіп, жаралама жаныңды.

Қызметші бегін көрер, көз ашса
Істер оқтай, не істе деп бегі айтса.

Елікке хат-жауабыңды тигіздім,
Айтқаныңды еш бұлжытпай білгіздім.

Хатқа жазып, жауап қылды сөзіңе,
Өз қолымен жолдады оны өзіңе.

ОДҒҰРМЫШТЫҢ ӨГДҮЛМІШКЕ ЖАУАБЫ

Одғұрмыш қолына алып ашты хатты,
Хатты оқып көрді, қалың ойға батты.

«Неге екенін,— деді,— інім, білмедім,
Бегің мені сонша неге іздеді!?»



46

Өгдүлміш пен Одғұрмыштың екінші қайтара әңгіме-сұхбат құрғаны айтылады

Жауап беріп, Өгдүлміш тілін шешті:
— Ей, туысқан, біліп ал, сөзімді есті.

Тұр ізгілік өзіңе Елік тілеп
Ізгіліктің ішінде ізгі тілек.

Бұл жердегі дұрыс-ақ ибадатың,
Білесің ғой, қандайлық қиналасың.

Ел ішінде, мен айтқан кент ішінде,
Бар жақсылық не түрлі, кел, түсін де.

Дүние, құт та жамандық емес сонша,
Баянды боп, бағыңа даңқ қосса.

Заһид қылар дүниеден безіп жүрсең,
Сауап болар қызығын көріп жүрсең.

Дүние құтын қимаңыз жамандыққа,
Ал-бер елге — нұрлансын амандықта.

Жақсы айтыпты басшысы сақылардың,
Ей, ізгі ер, соны оқып, жадыңа алғын:

«Мал-дүние бастайды ізгілікке,
Мал-дүние ем табар күллі дертке.

(Байлық күллі ізгілікке дем берер,
Күллі дертке шипа болар, ем берер.)

Дүние болса, табарсың ілім-білім,
Қолы жетер бәріне білімдінің.

(Малың болса, білім-ғылым табарсың,
Қолың жетіп кіл жақсыны аларсың).

Малды адам тілесе, егер тілек,
Жасыл көкке өрлейді, түріп түнек.

Қажылықты тілесең — қажет тауар,
Әзіздікті істесең — малың жарар.

Нәрсесі ердің болмаса алып-берер,
Ізгілік жоқ, қайран жоқ қолдан келер!»

Бұл жақсылық қадірін түсірмегін,
Ойлы сөздің астарын түсінбедің!

Ибадатқа ел, сенсе ғана жүгінер,
Тәу еттім деп қарап жүрсең, түңілер.

Табынумен құдай таппас әзір, құл,
Табынушы жолы, білсең, нәзік жол.

Неше мың жан талай жылдар табынды,
Жан шығарда оң жолынан жаңылды.

Тәу етпеген күнәһарлар неше мың,
Ақырғы сәт тапты жолын, есебін.

Құдайдың бар сүйініші білемін —
Құлшылықтың ішінде, ұлық жүрерін.

Білмесе адам, тәу етуді түбінде,
Ұқпағаны құлшылықтың түгін де.

Татқың келсе бар ләззатын ақтарып,
Түгел орында құлшылықтың шарттарын.

Айтқанымды ақылға сап көрерсің,
Айтқанымдай шықса, жауап берерсің.

Егер, шыны шықса болып осындай,
Көңілі ізгі, сөзімді ал, тосылмай.

Болма әуейі, бас көңілдің желігін,
Елмен қатыс, парызды атқар беріліп!

ОДҒҰРМЫШТЫҢ ӨГДҮЛМІШКЕ ЖАУАБЫ

Жауап беріп айтты Оғдұрмыш:— Ей, Қадаш *,
Мұңға салдың, зәһар болды ішкен ас.

Болсын делік, саған құлақ асқаным,
Елікке де барып, қызмет бастадым.

Қызмет үшін білу керек заң-жөнін,
Құлығы оң боп, сезу керек сөз лебін.

Кірген-шыққан, отырыс һәм тұрыста,
Жөн білмесе, түсер реніш ұрысқа.

Былай депті қызмет білген білікті,
Білген ойын сәл ұшынан іліпті:

«Бекке қызмет етсең болсын ізетің,
Сөзіңді бақ, көңіл, тілді түзетіп.

Ісіңнің заң, шарттарын ұқ, қарағын,
Қызмет білсең, сен өзің де жарадың!»

Өзім жұрттан жырақ кеткен жан едім,
Құлық, сөзде жоқ әдетім, әдебім.

Бекке менен болар қызмет не қылған,
Байқа, маған онда есік жабылған.

Не үшін мені күштейсің өзің тұтып,
Бекке қызмет жаса деп, сөзімді ұтып.

ӨГДҮЛМІШТІҢ ОДҒҰРМЫШҚА ЖАУАБЫ

Айтты Өгдүлміш жауап беріп:— Бұл сөзің,
Ақ көңілдім, теріс бұру, білсеңіз.

Мұныңды Елік көтереді, білгейсің,
Қажет не — отыр, қажет десең — жүргейсің!

ОДҒҰРМЫШТЫҢ ӨГДҮЛМІШКЕ ЖАУАБЫ

Айтты Одғұрмыш жауап беріп:— Мұның да,
Құлқы оңдым, тым жақсы емес, шынында!

Саған, маған тұрмас соның жарасып,
Жөнді білмей, лағып жүрсек адасып.

Жұрт басқарып, тегінде, елді түзету —
Бектер ісі — әлемді оңдап, күзету.

Ел басқару — бектің ісі қашаннан,
Заң тәртіптің күшімен ол жасалған.

Сол үшін де бектер қолын ұзартқан,
Ақыл, білім берген ілім — бұлақтан,

Жақсы айтыпты оны халық басшысы,
Әлем ісін есті атқарған, бастысы:

«Ақыл керек жаһанды ұстап тұруға,
Жүрек керек елге билік құруға.

Бұлар болса, қызметші керекті,
Заңға жүйрік, іске зерек ерек бір.

Бұлар түгел болса, күші тасынар,
Жауын жаншып, өшін алар қасынан.

Заң, тәртіпті тізушінің көзіміз,
Жараса ма, бұзсақ оны өзіміз!»

ӨГДҮЛМІШТІҢ ОДҒҰРМЫШҚА ЖАУАБЫ

Айтты, Өгдүлміш, жауап берді:— Қадашым,
Қиын емес, істе — үйреніп аласың.

(Айтты Өгдүлміш, кетпейді, біл есеңіз,
Қиын емес. Ас сіңеді — жесеңіз!)

Мен білемін заң, тәртіптің шарттарын,
Өзің тыңда, айтайын мен ақтарып.

Білмегенін кісі үйреніп кетеді,
Білген кісі бар тілекке жетеді.

Мұны меңзеп айтқан екен білікті,
Ұқпағанның білем деуі күдікті:

«Ешкім дағы туа біліп тумайды,
Тіл де сөйлер, туа сайрап тұрмайды.

(Кісі үйренер, іштен біліп тумайды,
Тіл де сайрар, туа сөйлеп тумайды.)

Кісі үйреніп барып білім алады,
Біліктінің қолында ісі жанады!»

ОДҒҰРМЫШТЫҢ ӨГДҮЛМІШКЕ ЖАУАБЫ

Айтты Одғұрмыш, жауап беріп:— Білерім,
Менікі емес, бұл бір сенің тілегің.

Әуреледің бүгін сүйреп өзіңе —
Айтшы, қане, қызыметіңнің жөні не?

Көңіліме кірер ме екен тыңдайын,
Үйренер ме екем өзім аңдайын.

Қане, енді заңның жөнін сарала,
Тармақтарын бас-басына сана да!

ӨГДҮЛМІШТІҢ ОДҒҰРМЫШҚА ЖАУАБЫ

Айтты Өгдүлміш, жауап беріп:— Адасып,
Түзу сөзге жаңа келдің жанасып.

Ақылдан алыс едің маңған жолың
Бұрылып жаңа таптың жолдың оңын.

Мен айтайын тыңда, көзің ашылсын,
Үйреніп бақ, санаңа оттай басылсын.

Үйренемін десең енді, егер де,
Сөзіңді тый, тіл тербеме бекерге!

47

Өгдүлміш Одғұрмышқа бектерге қызмет істеудің заңдары мен тәртіп-тәсілдері туралы айтады

Екі түрлі болады қызметші кісі
Қызмет етсе, көбейер күнде ісі.

Бірі ұлан кезінен іске кірер,
Енді бірі есейіп білек түрер.

Екеуінің жақсысы түсін, бірақ
Жастайынан істесе көңілі құлап,

* * *

Бүгін қанша сөз айтсаң да, саспайын,
Бұл сөздерді кішілерден бастайын.

Сөзді ортадан тұтсақ, соңы жоғалар,
Соңы жоқтың, басы да жоқ оралар.

Пісір сөзді, пысықтықты тілесең,
Түзу бол, сен түзулікті тілесең.

(Пысық сөйле, пысықтықты тілесең,
Бүтін сөйле, бүтіндікті тілесең).

Кім ашқысы келсе қызмет қақпасын,
Кішкентай, жас кезінен-ақ бастасын.

Жөн-жосықты, білсе заңды, әдепті
Кіріп-шыға білсе, болып әдепті.

Ерте тұрып қызметке кіріссе,
Тілін тұтып, құлқы игі боп, біліссе...

Іскер, шаншақ, қызыметке бап болса,
Құлақ, көзі алғыр, ұшқыр, сақ болса.

Қызмет етсе, өзінен үлкен ұлыққа,
Тілін бағып, сүйенсе әдеп-ғұрыпқа.

Ондай жастар іскер болса тегінде —
Ісін оңдап, жақын тартар бегі де

Олар бекке емін-еркін енеді,
Баян қылса тілек-арыз, сенеді.

(Олар бекке еркін кіріп-шығады,
Арыз, хабар, істі баян қылады.)

Бек те сеніп ондай кіші кісіге,
Болысады күллі тілек, ісіне.

Қызметші есті, болса құлқы жағымды,
Өтінішшіге жарар ұтқыр, қарымды.

Мерген болса, болар қару, оқ басы,
Құлқы түзу болса болар таңбашы.*

Ұлығы пәк, болса өңі шырайлы,
Ыдысшы етпекке, бек көңілі құлайды.

Есеп-қисап білсе — қазна қаратар,
Есті болса, хатшылыққа жаратар.

Осылар тең тапсырылса кісіге,
Қорқып, бәрі құлшынады ісіне.

(Бар қызметші қиын тисе жұмысы,
Жанын салар тарылғанша тынысы.)

Не дейді есті, өзі қызмет еткен жан,
Қызметімен тілегіне жеткен жан:

«Тұрар болсаң бекпен өзің жүзбе-жүз,
Іменіп тұр, сақтықтан қол үзбеңіз.

Құлық, жүрек һәм өзіңді күзетіп,
Шират сөзді, көңіл-тілді түзетіп!»

Қызметпен жақсы іске жетерсің,
Қызметпен жақсыны дос етерсің.

Қайырым қылып құрметтесең өзіңді,
Қызмет қыл: Нұр жуады жүзіңді.

Егер, бекке бетпе-бет кеп жүгінсең,
Құлағың — түзге, көзің жерге тігілсін.

Қол қапсырып *, түзе аяқты — оң болғын,
Сол қолыңды қой үстіне оң қолдың.

Оң аяқпен атта енгенде есіктен.
Жарлық берсе, ықтиятпен есіткін.

Өтініш айтсаң — қусырып кеп ұстап қол,
Тізеңмен шөк, түзу әрі жұмсақ бол.

Қия баспа, оңға-солға қарайлап,
Сөз-ақылын ұғып, тыңда абайлап.

Сөз сұраса — айтқын сөздің шындығын,
Жарлық берсе — жүргін тура тындырып.

Ішпе ішімдік, жүрме бекер, тасыма,
Жақындама жарамсыз іс қасына.

Естімеген бол, естіген сөзіңді,
Көрмеген бол, жұмып көрген көзіңді.

Кім жараса қызыметке, есебі —
Ісі өрлеп, құты күнде өседі.

Әскербасы болар бірі жау жасқан,
Болар бірі атқамінер ел бастап.

Әскербасы, не хажыб боп шығады,
Қайсыбірі ғылымға бой ұрады!

Қызыметпен бірі атақ алады,
Ұлық болып, бар тілегін табады.

Бірі ақылмен кеңесшілік етеді,
«Көк айықлық»* атқа бірі жетеді.

(Ақылды боп, данышпан боп қай бірі,
«Көк етікті» атанады қай бірі).

Бірі — ынанш *, бірі шағры * бек болар,
Бірі текті, бірі атақты бек болар.

Бірі — иабқу *, бірі иукрүш *, ел бегі,
Бірі асқан атақты, асыл еңбегі!

Егер құлдың атақ-даңқы тараса,
Даңқтан бар байлық-мүлік аласа.

Жетсе осы істің біреуіне ер егер,
Ұлық болып, тілегіне кенелер.

Қызметші атын, болса биік көтерер,
Одан бектің хақысы да өтелер.

(Болса бектің қызметшісі құрметті,
Пайда, атаққа көтереді бұл бекті.)

Құрметті іске жақындатсаң наданды,
Бүлдірер де, бегіне ашар аранды.

Келістіріп айтыпты әкім ақылды:
«Тексіз жанға берме ісің мен асыңды!»

(Жақсы айтыпты ақылды, есті ел бегі:
«Берекесізге дәреже беріп, сенбегін!»).

Бұдан да артық айтылыпты толымды:
«Надандарға берме, бегім, қолыңды!»

Ақылсыздар білім сорын қайнатар,
Білімсіздер халықты кеп жайратар.

Білімсізді биіктетсе, өзі егер,
Бек жазықты, бекке күдік көбейер.

Ұлықтыққа жетсе егер надандар,
Иесінің басын жұтар, қарандар,

Дұрыс бекке құлын әділ бағалап,
Жарылқаса — білім, ісін саралап.

Сынап қатты құлдың құлық қылығын,
Ақыл-есін байқап алғын, ұлығым!

Құл жанқияр, серік болса бегіне,
Сол ғой бекке берерінің өзі де...

Тыңда, адамды, заң-жарғыны, басқарған,
Заң жөнімен бектік ісін атқарған:

«Құл аты құл, ұлықтыққа жеткенмен,
Қызметші ол бекке демеп-жеткерген.

Бек аты бек, қанша кішік дегенмен,
Қызметшіден бектік ерек еленген!

Бектер сыйлап, ұлық болған адамдар,
Қадір тұтып, бекті ұлы деп қарандар.

Бұл бектермен өшігіспе, теңеспе,
Сүйіп сөйле, тиіп сөйлеп, егеспе!

Олар құтты, ұзын қолы құттының,
Олар оттай, күйдірер кеп ықтырып.

Замана — олар, заманаңмен жарасып,
Жүру керек сүйінішпен тарасып!»

Жақсы айтыпты бәрін сынап білген ер,
Тілек, құтын қызметпен ілген ер:

(Дана сөзі қандай жақсы, жарқын сөз *,
Дана сөзін құлақ ассаң — баршын жүз)

«Бектер көзі күліп, сені барласа,
Сүйінбе ұзақ, онысына нанба аса.

Қызметке нанып, көңіл демдеме,
Бек жақылса, туар азап сенде де!»

Кішік, ұлық, мәшһүр нә батыр ма,
Қызметші дәйім қызметші сапында.

Тырыс, бекке қызметте сүрінбе,
Іс жолынан тайып, азып, бүгілме!

Бектер қанша жақын тұтсын, құныкпа,
Түзу жүргін, өзіңді әсте ұмытпа!

Жақын көрген сайын, кетір мазаңды,
Сенбе, ойлап тұр алатұғын жазаңды.

Бірде от боп, бірде су боп — бүлдірер,
Бірде егілтіп, бірде сені күлдірер.

Үш нәрсеге қоңсы қонба, жақындап,
Бек көзі һәм от, су тұрған лақылдап.

Гүр арыстан сияқты бұл бектерің,
Жұмсарады еркелетіп-ептедің.

Ерегессең, жағалассаң — бас алар,
Тамырың қиып қаныңды ішіп — қасарар!

Ашу қысқан бекке жақын бармағын,
Бардың екен — бір пәлеге қалғаның.

Сұрағанда — айт, шақырғанда — кір барып,
Сәлем жаса, қадір тұт та, тұр бағып.

Не естісең — таза естімей, қоя сал,
Көзің көрсе — көрмегенге сая сал.

Не дейді екен, анда, өзін тұтқан ер,
Тілектерін кіріп, айтып шыққан ер:

«Кіріп тұр» десе, қадіріңнің болғаны,
«Шығып тұр» десе, қырсық сені торлады.

Ұстамды боп һәм көзіңе қарағын,
Ұстамды — әзіз, алар күллі аларын!..»

Үш нәрседен жүр алыс, сақ, байқағын,
Бірі — қыңыр, қисық болма, айтарым.

Бірі — жалған, сұғанақтық — үшінші,
Үшеуінің түбі қорлық, түсінші!

Кісі сөгіп, ұсақ сөзге берілме,
Дұрыс сөйле, теріс-қағыс керілме.

Өзіңді адал ұста, адалдық — киелі,
Бектер — адал, адалдықты сүйеді.

Сарайға енсең, байқа түсін, біл сезіп:
Қадірле сен қадірлесе кім сені!

Кергіп, қолды (қалтаңа) сап кірмегін,
Қол алысып, хам тұтысып жүрмегін.

(Кірсең, ойлап әдебіңмен келіп кір,
Қапы қалма. Ал сәлемін Еліктің.)

Отыратын өз орныңды білгейсің,
Кішік болып, жұртты көзге ілгейсің.

Жөткірінбе, қақырынып, түкірме —
Надандық бұл. Қадіріңді түсірме.

Көсіліп кеп, жата кетпе жантайып,
Қауқылдап көп, қарқылдама шалқайып.

Тырнақ алма, мінгестірме аяқты,
Құтың қашар, наданды кім аяпты.

(Сайма-сай бол, өзіңді өзің ұмытпа!
Құтың безер, үркісе қылық-құлыққа!)

Өзіңнен де зорлар сөзін қозғаса,
Құлағың сал, сөйлеп әуре болма аса.

Түзу сөйле, жүзің жарқын болады,
Ізгілікке ашылсын әр орамы.

(Тура сөйле, жүзің нұрға бөленер,
Тілдеспе тек, болмаса ешкім теңелер).

Ұста өзіңді, ішіп кірме сарайға,
Мастық — қастық. Қор боласың қалайда.

Үш нәрсе бар. Сақтанбаса солардан —
Басын берер. Үшеуі үшін солар жан:

Біріншісі, бектер сөзін бек ұстау,
Тәнін-жанын сақтағандай бұлжытпау.

Екіншіден, шындыққа өзін арнаса,
Топалаң күні туса да естен танбаса.

Үшіншіден, сарайда да түзу жүр,
Жаманаттан ат құйрығын үзіп жүр.

Кісі үшеудің бірін тыйса, шешілер:
Қаншама бек болса да бас кесілер.

Ей, ақ пейіл жүре берме өңмеңдеп.
Уақсыз уақта көзге түспе көлбеңдеп.

Егер, өзің тең-құрбыңмен отырсаң,
Кіріп барғын, қайда сені шақырса.

(Егер, өзің төрде отырсаң жайланып,
Кісі кірсе, тұр ізетке сайланып.)

Қашан бектер сауал берсе, ер жігіт,
Сөзді ұзартпа, жауабын бер келтіріп.

Сұрай қалса — білгеніңді айт жасырма,
Сөзін кессе — қой, сөзіңді асырма.

Шақырса, егер, бектер сыйлап тамаққа
Әдеппенен іш-же, жерге қаратпа.

Оң қолмен ал қойған асты алдыңа,
Әуелі алла аты түссін аузыңа...

(Оң қолмен ал алдыңдағы асыңды,
Айт әуелі «Бісміллә рахман-рахымды...»

Қол созба асқа тұрған кісі алдында,
Ал, ей зерек, қойған асты алдыңда.

(Кісі алдында тұрған асқа сұқтанба,
Өз асына алданады сырттан да.)

Пышақ алма, сүйек қажап кемірме,
Татып, тамсанба әрі үндеме, тегінде.

Әйелдердей түсіп кетпе қызығып,
Әйелдердей және қалма сызылып.

(Әйелдердей құныкпағын асығып,
Әйелдердей назданба құр ашығып.)

Тоқ болсаң да, бектің асын қайтарма,
Бектің асы — ізет басы, найқалма!

Не істесең де, пейіліңді қасыңа ал,
Жаныңды сал, сонда көзің ашылар,

Білікті ер жақсы айтыпты саралап,
Тұт бұл сөзді саф алтынға бағалап:

«Егер, бектік тисе, өсіп беделің,
Білікпенен ісіңді атқар, ей ерім,

(Егер, істің еркі тисе, ей ерім,
Білікпенен атқар, өсер беделің.

Егер сөздің еркі тисе, батырым,
Салауатты бол, билесін ақылың *)

Егер, асқан билік тисе теңдессіз,
Опалы бол; күштен есе бермессіз...

Тиіп, әскер басы болсаң, ерулі,
Ей, мәрт ерім, сақ бол, нық бол, сенімді!

Тисе үй-жай, мүлік пен мал жайлаған,
Қолыңды ашып, малыңды іске пайдалан.

(Тисе саған бір топ әскер, басшылық,
Қылыш алып, мал таратып, ал шығын) *

Уәзірлік тисе, қолың ұзарып,
Саясатты түзу, таза жүр алып.

Кеңесшілік тисе, кеңес ақыл тос,
Жаңылса бек, жол көрсетіп, ақыл қос.

«Көк айықлық»* тисе, тұрғай сенімде,
Құт белдеуі жүрер бекем белінде.

Әскер басы әрі ел басы... білерсіз —
Көз-құлақты бағып, тура жүрерсіз.

Хажыб болсаң, пара ап күнә қылмағын,
Кемтар, жетім, тұлдың сөзін тыңдағын.

Қазынаға қазынашы қылып жіберсе,
Тура, шыншыл жүріп, оны үнемде.

Хатшылыққа алса, сақ бол бұдан да,
Құпия, сырды сақтап, сөзді шығарма!»

Қызметтер, міне, осылар секілді,
Бұдан басқа түрлері бар не түрлі.

Тағы қанша жетіп жатыр ісшілер,
Төсекші, аспаз және аңшы, құсшылар.

Жырақ тұрсаң бұл істерден, еңбектен,
Рахат көрмей, көз ашылмас бейнеттен.

Тілесең сен дәйім құрмет өзіңе,
Құрметте елді, қара кісі көңіліне.

Ұлықтарды — ұлы көріп, қадірле,
Ұлы берер бақыт, ырыс, бәрін де.

Не депті қарт, көпті көрген басы бар,
Қария сөзін естісең — көз ашылар.

«Жаһан заңы — құрмет тұту үлкенге,
Үлкен келсе — тік тұрып күт, іркілме!

Ұлыға кішік құрметі бек жарасар,
Кішіге ұлық құрметтесіп, санасар!»

* * *

Сөзін үзіп, Өгдүлміш былай деді:
«Бек қызметінің сипаты бұлай еді.

Айттым түгел, естідің сен, түсіндің,
Не екенін бекке қызмет — ісіңнің.

Бекке қызмет сіңірген жөн, осылар,
Қызмет сіңсе — бақытқа есік ашылар.

Білген дұрыс қай қызмет тиімді,
Егер білсең, кіріс, ойлан күйіңді!»

ОДҒҰРМЫШТЫҢ ӨГДҮЛМІШКЕ СҰРАЛЫ

Жауап беріп айтты Одғұрмыш:— Сөзіңді,
Естідім мен, түсіндірдің, ей ізгі!

Сенен сұрар тағы бар бір сауалым,
Оның маған бергей дұрыс жауабын.

Кентке ханға қызметші боп кіргенде,
Баруым шарт есігіне мен күнде.

Білу керек, қарекетін-мінезін,
Тірлігі де өзге олардың білесің.

Қатынасу керек шексіз, ерлермен,
Жандай болып терезесі тең келген.

Бүгін соның бәрін маған баянда,
Мен білейін қосылу жолын қалайда



48

Өгдүлміш сарайдағы қызметкерлермен қалай қарым-қатынас жасау туралы айтады

Айтты Өгдүлміш жауап беріп:— Барлығы,
Керек саған, айтайын, сен ал білің.

Енді мұны берейін мен үйретіп,
Қалай жүру керек ойға түй жетік.

Тірлікте елмен тәтті болсаң, ұтарсың,
Бірін — туыс, бірін — жолдас тұтарсың.

Сарайдағы жұртпен түгел жарасқын,
Барыс-келіс, қатыс әмсе жанасқын.

Олармснен шығыспасаң жарасып,
Ей, ізгі ер, оңбас тірлік таласып.

Не дейді, есті, қызметкер кісіні,
Әділ билеп, жөнін білген ісінің:

«Жақын болғың келсе өзің бекпенен,
Сарайдағы елмен қатыс, шеттеме.

Десең, өзің ұлықтыққа жетемін,
Қызметшіңмен тіл табысып, жете біл.

Бектер сені жақын тұтса қаншалық,
Қызметшілермен жақындау бол соншалық!»

Сарайдағы ел үш топ болып жіктелер,
Күллі іс солар билігімен істелер.

Бірі олардың — ұлық сенен жоғары,
Ұлыққа қызмет етсең, құтың толады.

Ұлықты ұлық тұтып, сөзін қабыл ал,
Сені де ізгі тұтып, жүзің жадырар.

Жақсы айтыпты бек білікті, алғыр да,
Бектер сөзін текке шетте қалдырма;

«Кішіге ұлықтық ұлықтардан болады,
Ұлыққа қызмет етсең, құт та қонады.

Ұлық сөзін тыңдыр, жүгір, жұмыс қыл,
Сөйтсең келер бәрі тілек, ырыстың!»

Құт ұлықта, құтты болғың келсе егер,
Қызмет қыл, құт ісіңмен өлшенер.

Тағы бір топ өзіңнің тең-тұстасың;
Сырттасаң — жау, тартсаң — досың, қысқасы..,

Бұлар сенің қатар,құрбың, ұштасар:
Жауапқа жауап беріп, тең қып ұстасаң..

Үшінші топ, сенен соңғы кішілер,
Сүйінсең де, күйінсең де түсінер.

Басындырма, кішілерді қатты тұт,
Әзілдеспе жөн-жосықсыз сөзді құрт.

Қызмет қылса — нәрсе бер де, аяла,
Бос жіберме, кінәлі ме — аяма.

(Тентектерін тый да, естісін қолдағын,
Бір сәт іссіз қалдырма, тек қолдарын.)

Жолдас-жора, ағайынмен аралас,
Көп болса олар, мақтар, қырсық жоламас.

Білмей жатып ерді өзіңе жау қылма,
Болмас шаттық жауы бардың алдында.

Дұшпаның аз болса да, бар залалы,
Дұшпан әркез дұшпан болып қалады,

(Зияны мол, тіпті сәл-пәл егестің,
Дұшпаныңнан пайда тиер демеспін!)

Не дейді ұқ ердің сөзін жиналған,
Дұшпанынан зиян шегіп, киналған:

«Бір дұшпаның болса, оның мың зияны,
Мың досың да аз, біреудей-ақ сияғы.

Кісі жаудан әсте пайда таппайды,
Пайда көрсе, тек өзі істеп ақтайды.

(Жақсылық жоқ жаудан даяр айласы,
Пайда көрсең — тек жеңістің пайдасы!)

Неше іс қылса, саған сенген достарың,
Сен де сонша қайтар, досты қоштағын.

Құрбы-досты туысқандай елегін,
Тең-тұстасың қатарың һәм сенерің.

Ессізді ес көрме, аулақ жүр маңынан
Ессіз доспен адам жолдан жаңылар.

Қалам десең сақтап ізгі атыңды,
Жамандардан артық көргін жатыңды!

Құллі жәндік, көрдім, білер үйірді,
Кісі, жылқы, құрт та, құс та үйірлі.

Не дейді екен, тында елдің басшысы,
Жақсы-жаман, бәрін көрген бастысы:

«Қараторғай көрдім ұшқан шырқырап,
Өзі, тобы — қара — күздің бұлты нақ!

Байқа аққуға жанаспайды қарға-ұзақ,
Қарақұс пен аққу жүрер кіл жырақ!..»

Құс екеш құс білгенде үйір, тобырын,
Кісі, сен де кісіңді ізде, жолығып...

Екі түрлі бұл достықтың себебі,
Сол үшін жұрт табысады, сенеді.

Бір достық бар тәңірді алған араға,
Болмайды онда қалтарыс та, нала да.

Тағы бірі тек пайда үшін достасар,
Мұнда адамдық болмас, түбі қоштасар.

Достассаңдар тәңірді алып ортаға,
Жүгін бөліс, ашуланба, шаршама.

Бұл дүниеде тілеме одан еш пайда,
Алда, құдай берер, кетпес ешқайда.

Егер, пайда үшін дос боп табысса:
Қатынаспа, түйінін шеш қатысса.

Не дейді анда кісі сөзін досты ұққан,
Білген сырын жақын-жаман достықтың:

«Сына досты жамандықта, пайдада,
Аяқты нық тіре, көнбе айлаға.

(Сына досты жақсылықта, жаманда,
Сына да біл, біл де тіре табанды.)

Дос көңілін білгің келсе, өзің де,
Сына ашумен, суыт сөзбен жүзіңді.

Білгің келсе сені сүйер, сүймесін,
Сұра қимас, өзі сүйген дүниесін.

Осы екеуін ұқса, түймей қабағын,
Ондай жанды жан жолдас деп санағын!»

Өсекшіге араласпа жақындап,
Өсекшінің өртер тілі лапылдап.

Әлем содан бүлінер һәм ашынар,
Мәртебелім, ғайбатшының басын ал.

Дүниеқоңыз, пайдакөске жолама,
Шүбәсіз, ол — жауың, жау дос бола ма?

(Дүние куған, дүние қоңыз оңа ма,
Дүниедос дүние — бос, жолама).

Дүниеқоңыз шетін көрсе пайданың,
Сенен кетпес «шеше», «әке», деп айналып.

Тілегенін бермесе егер, сұрланып,
Көрмегендей бойын тартар тұлданып.

(Бұрын дос боп білмегендей — қырланып,
Сырт айналар сыртқа бермей тырнағын)

Ақ жүректі туыс, жолдас, бауыр тұт,
Соларға сен — болмас қайғы, ауырлық.

Дос, туыс сол қуанышта қуанар,
Қайғы келсе, қасында боп уатар.

Сүйсін десең көп достарың өзіңді,
Тұз-нан ұсын, жарқын ұста жүзіңді.

Бұл қос құлық кісі есінде сақталар,
Жаман, жақсы күндерде ісін атқарар.

Айтыпты ер келтіріп бір бабына,
Ей, ақжүрек, түй бұл сөзді жадыңа:

«Тұз, нан сыйла кісілерге көңілмен,
Ашық жүзбен, қоштап шырын сөзіңмен.

Бұл қос қылық құл қылады адамды,
Басқа амал жоқ, сен таппасаң амалды!»

Екі түрлі болар жау да айырғын,
Жауы болса, тұзақ-торы дайын бұл.

Бірі — діні бөтен діншіл дұшпандар,
Бұл кәпірлер, өзге жолды ұстанған.

Тағы бірі — пайда көздеп туады,
Бұл жолды адам өштікпенен қуады.

Кәпір — дұшпан, күрес, жұмса барынды,
Пида қыл да, сал додаға жаныңды.

Пайда-зиян үшін туса дұшпандық,
Бер пайдасын, жарастықты ұстанғын.

Пайда көрсе, жау да жақын тартады,
Дұшпандығы тарап, пайдасы артады.

Жарасып бақ жауларыңмен жақындас,
Саламат болып, жүрер аман асыл бас.

Жаулықтан жоқ пайда, есте жаттағын,
Пайдасы жоқ іске қолды артпағын.

Ісіңді атқар, көбейтпе жау-қасыңды,
Жаулық қума қатырар көп басыңды.

Дос тұт кісі жақсысы мен сарасын,
Жаман достың соң тартасың наласын.

Жақындыққа жақсы кісі іздесең,
Екі жол бар, тында егер білмесең.

Бірі — асыл, ізгі, кісі сарасы,
Достас, келсе ондай адам баласы.

Тағы бірі — тақуалар тәңірлі,
Қайнар көзі — кісіліктің кәдімгі.

Жақын тұтып, екеуін де сүйегін,
Бұлардан тек игіліктер тиеді.

Атышулы жамандарға қарама,
Олардың іс, құлқы кілең қара дақ.

Ей, әсілі ақ, жақындаспа қараға,
Аққа қара тез жұғады, шамала!

Білімді адам ізгі білім беріпті,
Білікті ұқса, ғұмырына серік-ті:

«Ей жақсы ер, қосылма сен жаманға,
Айналарсың құлқы жаман адамға.

Жақындаспа жауыздарға, ей, сара,
Атың кірлеп, дақ қалдырар, бейшара...

Жақын жүрме пенделерге жарамсыз,
Келер саған, жаласына қаларсыз!

Талай көрдім ізгі, атақты жандарды,
Жамандармен жаманатқа қалғанды.

Жақсы көрдім, ессіздерге қайырылып,
Кесір тапқан, күштерінен айырылып!»

Бектер тұрар үйдің атын «Қаршы»* дер,
«Қаршыдағы» тұрғындар тек қарсылар.

Сарайда әркез өкпе-реніш жетеді,
Белгілі оның ұрыс-талас екені.

Сенен үлкен ұлық сені қорлайды,
Отқа салып, оттан алып зорлайды.

Тең-тұсың да көре алмайды, күндейді,
Күндеріңді қаран қылып, жүндейді.

Кішілер де күңкілдейді іргелес,
Олар дағы жақсылығын тілемес.

Осыдан соң қаршы-қарсы жік туар,
Екі қарсы бірін бірі жеп тынар.

Кісілерге өштік етпе, тілдеме,
Тура жүргін — күндеме де, үндеме!

Күндестік бұл дауасы ұзақ бір кесел,
Өзін-өзі жеп, жалмап боп бір кетер.

Хақ үкімі жақсылық пен жамандық,
Күндес етсе, құтылмассың амал қып!

Қызғаныштан жұрт не пайда табады?
Қызғаныштың өзі азаптан жанады!

Жақсылық қыл жұртқа қолдан келгенше,
Шүбәләнба, қайырым қайтар бергенше.

Кімге шаттық келсе, бірге қуан сен,
Кімге қайғы төнсе бірге жұбан сен.

(Қуаныш кімді тапса бірге қуанғын,
Кімді қайғы басса, бірге қуарғын!)

Атың ізгі болып, жұртың сүйінер,
Қатыспаққа шашылар да, жүгірер.

Жау көбейтпе. Аш қабақты, уысты,
Көбейт, жина қаншама дос, туысты.

Егер, жауың торын құра бастаса,
Тұзағыңды сайла да құт, саспа аса!

Не дегенін тыңда ердің жау қуған,
Жеңіп, құртып жауды есінен тандырған:

«Осал болма, жақындама шалдырып,
Жер жастандыр, өзін ғафыл қалдырып.

Ұлы деп кіл ойла жауың жайында,
Таяқтыға темір қалқан дайында!»

Жүгін көтер, дос көңілін қалдырма,
Бұл сөзімді шырақ еткін алдыңда.

Дос жау болса, қас қылады жаныңа,
Көзін тігер жиған, терген малыңа

Іш-тысыңды досың жетік біледі,
Оны білген дүниеңді іледі.

Нәрсеңе қол тигізеді, тілесе,
Жаныңа иелік жүргізеді, тілесе!

Өзіңді-өзің қаншалықты күзетсең,
Досыңды да соншама сақ күзет сен!

Ең қиыны: досты тауып — сақтамақ,
Жауласып ап — татуласпақ, жақтамақ.

Жауың болса, жаныңды бақ дауынан,
Тым аз адам аман қалған жауынан.

Жолама ерге екі түрлі, қатыспа,
Қатыстың ба, бастар шатақ-шатысқа.

Бірі — өсекші, шағымшы әрі күңкілшіл,
Бірі — күндес, екіжүзді күдікшіл.

Және ішкішті жолдас етпе, мәй құмар.
Опа қылмас, көңіліңді қалдырар.

Көңіл берме, доска пайда көздеген,
Пайдаң жоқ па, дұшпаның боп өзгерер.

Ұзақ дос боп жүрем десең, шыда да
Райын бақ, сұрарыңды сұрама.

Сүйінішпен десең тірлік етемін,
Қастық қылма, дос қадірін жете біл.

Құл қылайын десең, түгел жатыңды,
Тұт сақалдан, төк те сара алтыңды.

Жақыныңды жат қылуды ойласаң —
Сұраганын бермей, сөйлей қоймасаң...

Ұзақ тірлік тілесең сен егер де,
Сақи бол да, нан-тұзды мол бер елге.

Тілесең сен болуды елге сүйікті –
Тәтті сөйлеп, көңіл-тілді біріктір.

Десең өзің қадір-құрмет табайын,
Кісілерді қадірлей біл ағайын.

Болам десең, белгілі әрі кемел бай,
Қанағат қыл, сенен аспас нелер бай.

Мақтан тұтсын жұртым десең өзіңді,
Қылығыңды әз жарық ұста жүзіңді.

Өзіңе деген кісілік — тірліктің белгісі,
Кісілерге кісілік — кісіліктің белгісі!

Білгің келсе кісі әсілін, құлығын,
Сөзін тыңдап, көргін байқап қылығын.

Бұл бәйітті жақсы айтыпты иесі,
Сөзін зерлеп мағынамен тиесі:

«Білгің келсе кісі әсілін анықтап,
Көңіл, қылық, тіл — бұл істі танытпақ.

Ізгі қылық, түзу қабақ, көңіл, тіл,
Куә-белгі танытатын төгілтіп!»

О, асыл ер, қатынаспа наданға,
Арың төгер, жүзіңе күл жағар да.

(Наданға әсте қатынаспай бекінгін,
Айдай қылып төгер арын бетіңнің.)

Заң адамы не дегенін естігіш,
Надан ертпей тұтқан ақыл, ес, білім:

«Әдепсізге қосылма сен, тыныш бол,
Түбі жанжал — әдепсізден, ұрын, ұл!

Ызақормен жақын болма, асылы,
Достық хақын бұзар, қысса ашуы!»

Көңіл сырын аша берме тектен-тек,
Ашсаң егер, шегерсің сен тек бейнет.

Үнемі үстем жақындықты ойласаң,
Кісіліктің тереңіне бойласаң!

Шырайлы өң, шаттықты әмісе қаласаң,
Турашыл боп, құзырға адал қарасаң.

(Сөзге, өзіңе ұзақ ғұмыр тілессің,
Қолды қысқа тұтсаң аман жүресің.)

Әзіз болсам десең өзің, сөзіңмен,
Сақта өзіңді, қосылма іске көрінген.

Сен тілесең абыройлы ғұмырды,
Тіліңнен құр шығарма сөз жырынды.

Қайда дәулет бас көтерсе, ей, ізгі ер,
Болысқын сен, қолдап-демеп пейілмен.

Өшікпей сен, бұл дәулетпен жарассаң,
Зағар қылар асынды ол, талассаң.

Тілесең сен сөздің өткір, ашығын,
Сөйлегенде айт: турасын, шын-асылын.

Шақпа жұртты, сөз болмасын ермегің,
Кек сақтама, ұсақ сөзді термегін.

Сөз борандап қарыр, көңіл қалдырар,
Көңілі қалған кекпен есің тандырар.

Тілді қысқарт өз бегіңе келгенде,
Қисық-қыңыр айтпа, жауап бергенде.

Ұлығынды қадірле де, құрмет тұт,
Ұлықтық келер саған түбі, қонын құт.

Тең-тұсыңмен жаса келіс-барысты,
Қатынас, қосыл, жаса беріс-алысты,

Қадірле, қадірлесе жақындас та,
Жирен сен ол жиренсе, маңын баспа.

Не қылса ол, сайлап қайтар қылығын,
Тәтті сөзге, төк сен тілдің шырынын.

Күллі ізгіге, арна ізгілік жолыңды,
Жамандыққа жамандық қыл — орынды.

Жақсы айтты заң-жобаны білген ер,
Низам-заңмен елді түзеп берген ер:

«Сіз» дегенге, өзің дағы «Сіз» дерсің,
Мүмкін бұдан жақсы жауап іздерсің.

Қалар не бар, жаңғырықтан кем бе едің,
«Сен!» десе егер, қайтарып сен «Сен!» дегін!

* * *

Сұхбат-сырдың шарттары бұл, адалы,
Қатынаспақ болсаң, осы амалы.

Айттым түгел тиген сөзді құлаққа,
Көңіліңе ал, жауабыңды ұзатпа.

ОДҒҰРМЫШТЫҢ ӨГДҮЛМІШКЕ СҰРАЛЫ

Айтты Одғұрмыш жауап беріп:— Тыңдадым,
Сөздеріңді көңілі түзу, тұлғалым!

Бұдан басқа тағы да бір бар сөзім,
Жүзі нұрлым, оны дағы айт өзің.

Бір күн қала, елдің ішін аралап,
Қатысуым керек жұртпен жағалап.

Қалай жүріп-тұру керек олармен,
Айтып берсең, ақыл-кеңес болар тең.

ӨГДҮЛМІШТІҢ ОДҒҰРМЫШҚА ЖАУАБЫ

Жауап беріп айтты Өгдүлміш:— Шынында,
Құлқы түзу қажетті сөз мұның да.

Қажет болар сөзді менен сұрадың,
Мен айтайын, түрік болсын құлағың.

49

Өгдүлміш Одғұрмышқа қара халықпен қалай қатынасу керектігін айтады

Жай халықтың ісі, көңілі, құлқы да,
Сай келеді білік, ақыл, құлқына.

Қара халық әдепті ойлай жүрмейді,
Араласу, заң-дәстүрді білмейді.

Олармен еш іс бітпейді емес пе?!
Жылы сөйлес, тек олармен теңеспе.

Қара қылығы болар түгел қап-қара,
Өзің қара жағып алма, сақ қара.

Пейілі хошсыз, әрекеті кем келер,
Іс-қылығы құлығына тең келер.

Жеуді біліп, болса риза, қарны тоқ,
Құлқынды ойлар, одан басқа қайғы жоқ.

Не дейді, есті, қара жұртты білген ер,
Кісі парқын сынап, сөйлеп жүрген ер:

«Қараның уайым-қайғысы бір тамағы,
Бұл жұрт, құлқын үшін жанын салады.

Құлқын үшін өліп қанша халықтар,
Жер астында, от ішінде жаныпты!»

Қара қарны тойса, тілі сайрайды,
Шек тұтпасаң әкімдікті ойлайды...

Олармен де араласқын, қандасым,
Ішіп-жемін беріп, тілдес жалғасып.

Жылы сөйле, бер тұрғанда қолыңда,
Берген алар, пайдасы бар оның да.

Көп сөйлеме, тілді бағып, аралас,
Көп сөйлеген сөзде қадыр қалар аз.

Не дейді, есті өзін тілден тиған жан,
Өзін ұстап, білім нәрін жиған жан:

«Күллі сөзді сөз деп тілден шығарма,
Көніп, сақтап керегін айт ұғарға.

Ақылдыны көрдім өзі аз сөйлеп,
Өкінгені сөзім айдын көп қой деп...»

50

Әулиелермен қатынасу жайы айтылады

Құлдан бөлек, бек кісіден ерекше,
Адамдар бар, араласар керексе.

Бірі олардың — пайғамбардың әулеті,
Қадірлесең, қонар құт пен дәулеті.

Сүй оларды көңіліңмен, жаныңмен,
Нәрсе сыйлап, жақсылық қыл барыңмен.

Бауыры бұлар пайғамбардың етжақын,
Пайғамбарлық қақы үшін сүй, ей жаным!

Сұрастырма еш қаракет, сырларын,
Айтқан сөзін еш қайтармай тыңдағын.

51

Білгір, ғалым адамдармен қалай қатынасу керектігі айтылады

Тағы бір топ ғалымдар мен даналар,
Ілім беріп, халық жолын саралар.

Құрмет қылып қадірле сөз, түйгенін,
Көп пе, аз ба білімдерін үйренгін.

Солар жарар-жарамасты парықтар,
Пәк турашыл жолды тұтып, анықтар.

Олардан сен үйрен, тырыс, білім біл,
Жақсылықты жаса, тартып тіліңді.

Хақихат, дін зердеге сап жаттары,
Білімдері — шын шариғат шарттары.

Ғалым, дана болмағанда жаһанда,
Жерде игілік өнбес еді қашанда.

Білімдері шырақ болды халыққа,
Түн жолы да адастырмас, жарықта...

Шырын сөзбен үлесіп тұр мүлкіңнен,
Жегіз, қызмет жаса жылы күлкіңмен.

Именіп тұр, тілмен текке есілме,
Бос сөзді удай көрер, сақта есіңде,

Тіліңді тый, тұз-дәміңді келтіргін,
Қадыр тұтып, сыйла оларды, желпіндір.

(Тұз-дәм алғыз, сөзден қуырдақ қуырма,
Қадірле де, көтер сыйлап тұғырға.)

Істе айтқанын, білімін ұқ жатта да,
Қылық-құлқын жамандама, даттама.

Ілімі ғой олардағы керегің,
Хақты іздесең, айтар шындық — дерегің.

Олар — серке, қой ішінде бастаған,
Бастаса, қой түзу жолдан қашпаған.

Оларменен араласып, сыйлас бол,
Екі дүниеде құт дарытар, қимас бол.

52

Оташылармен қалай қатынасу керектігі айтылады

Бұдан басқа талай топтар тағы бар,
Білімі де, білігі де алуан.

Соның бірі оташылар, ғажабы —
Күллі дерт пен кеселіңді жазады.

(Оташылар емдер жан, тән, еркіңді,
Сылып алар күллі кесел, дертіңді!)

Ең керекті кісілерің, оларсыз,
Тірлік ісі оңалмайды — соларсыз...

Тірі адамды кесел кенет буады,
Оташылар соған шипа қылады.

Кесел — кісі өлімінің бастауы,
Өлім — кісі тірлігінің қас-жауы!

(Кісі үшін, дерт — өлімнің қолдашы,
Өлім — кісі тірлігіне алдашы)

Жақсы көріп, құрмет көрсет басына,
Шаң тигізбе хақына да, атына.

53

Құшнаштармен (бақсы, балгер) қалай қатысу туралы айтылады


Бұлардан соң бақсылар бар мәселді,
Емдер келген жын-періден кеселді.

Оларменен қосылған жөн жақсылап,
Пері-жынның кеселіне қарсылап.

Егер, көргің келсе олардың көмегін,
Жақсы қара, қаласа — бер корегін.

Оташылар оларды елең қылмайды,
Оташыға олар жүзін бұрмайды.

Оташының дәрісі, дертің бетін қайырар,
Құшнаштың жазуы, жын-періден айырар.



54

Түс жорушылармен қатысу туралы айтылады

Тағы бірі — түс білімі деседі,
Жорушы тек жақсыға жол кеседі.

Кісі ұйықтаса, түрлі түстер көреді,
Жори білсе, айтқаны анық келеді:

Түс жорушы жақсылықты мезгесе,
Көңілің өсер, сол жақсылық кез кесе

Егер, түсің болса жайсыз һәм жаман,
Садақа бер, ең дұрысы сақтанған.

Түс ілімі — хақ мейірі шынында:
Жақсылық қып, аян берер құлына.

Түсі ізгі болса, көріп сүйінсе,
Жаман болса — бір құдайға сиынса.

Пақырларға тауар, күміс таратсаң,
Пәле бетін қайырар хақ, жаратса.

Не жорысаң — сол болады, сенгейсің,
Түс көруші, түсті нәзік көргейсің.

Жақсы жорып, жақсылыққа балайтын,
Ақылдылар бар, жақсылық қалайтын.

Жақсы көріп, бұларды ізгі санасаң,
Қаласаң — дос, туысқан қыл қаласаң!



55

Жұлдызшылармен қалай қатынасу туралы айтылады

Мұнан басқа жұлдызшылар бар енді,
Бақсаң, бұл жол — өте нәзік, дәлелді.

Жыл, ай, күннің саны болар бұларда,
Бұл қисабтың керегі көп ұғарға.

Білгің келсе, хандасаны жатқа алшы,
Сонда ашылар есеп-қисап қақпасы.

Көбейту, бөлу, бөлшектерді білгейсің,
Кемел біліп, емтиханды бергейсің.

Тазифті * де, тансифті * де талдарсың.
Егер білсең, жұлдызды іздеп барларсың.

Қосу-алу, масахатты игергін,
Жеті қат көкті жіпке тізіп үйренгін.

Тілесең сен мұқабәлды * қарасаң,
Ұқлидистің * қақпасын қақ, қаласаң!

Бұл дүние, ақірет ісі қандай-ды,
Дана адамдар қисаппенен барлайды.

Ей, ізгі ер, егер қисап жаңылса,
Қос дүние ісі бұзылады барынша.

Атқармақшы болсаң істің сен бірін,
Білу керек сәтті-сәтсіз мерзімін.

Күн мен айдың бар құтсызы, құттысы,
Ей, ақпейіл, таңда құтты-мықтысын.

Жақсы айтыпты ойлы, есепті, білімді:
«Білімдіден біліп алғын ісіңді».

Адам ісін бастаса егер біліммен,
Мақсатына жетер тілеп-жүгінген.

Қай ісің де білімменен гүлдейді,
Білім кейін қалса, қолың жүрмейді.

Бәрі шындық деме, олардан сұрарда,
Білетін тек құдай, естен шығарма.

Жарасқын да, жақсы қара бұларға,
Діліңді бақ, салма тілді бұлаңға!



56

Ақындармен қалай қатынасу жөнінде айтылады

Шайырлар бар сөзден кесте төгуші,
Кісілерді мақтап, даттап-сөгуші.

Қылыштан да өткір, ащы тілдері,
Қылдан нәзік ойларының іздері.

Ұққың келсе ұшқыр, нәзік сөздерін,
Естіген әр сөздің тінін көздегін.

Ақын көңіл теңізіне батады —
Інжу, гауһар, жақұт нұрын шашады!

Мадақтаса — елге даңқың жетеді,
Егер сөксе — масқара, қор етеді!

(Мадақтаса елге даңқың жайылар,
Егер, сөксе — абыройдан айырар!)

Тату-тәтті араласын жүр, досым,
Шоқ тілінен сақ бол, өртер, біл, досым!

Мақтау күтсең — көңілін тап, сүйінсін,
Сүйіністен тілімен бал үйірсін.

Не қаласа, бергей түгел, аяма,
Ая өзіңді от тілінен аяла!



57

Дикандармен қалай қатысу жайлы айтылады

Тағы бір топ — дикандардың әулеті,
Ең керекті жұрт ол, биік дәулеті.

Қатынасып, ынғайынды бергейсің,
Ас-тағамнан еш кемшілік көрмейсің.

Одан жанның бәрі пайда табады,
Ішпек-жемек күллі дәмін алады.

Тірі жанның бәрі тояр, арымас,
Тірлік болса, мұқтажы да арылмас.

Еш шүбә жоқ, бұл кісілер қажетті,
Солар билер тамақты да, тәбетті.

Бұларменен қатыс, көңілің толады,
Құлқының таза, асың адал болады.

Не дейді, анда кісіні істі басқарған,
Түрлі еңбекті ықтиятпен атқарған:

«Нәзік, түзу жолды ұстанам десеңіз,
Ей, ақжүрек, ділге пәктік берсеңіз.

Сақилықты ұстансаң, без һарамнан,
Киім, асың болсын дәйім адалдан.

Кедей болмай, байлық жолын қусаңыз,
Тырысып көп, зиналықты тисаңыз,

Құрмет, қадір болсын десең өзіңде,
Зинәдан без көңілде де, өмірде»

Зинақорлық күйретер де көшірер,
Зинақорлық жақсы ізіңді өшірер.

Қонған бақты ұшырар да боздатар,
Өшкен өртті қайта үрлеп қоздатар.

Жақсы айтыпты, таза жанды өр кісі,
Білімімен іс тындырған ер кісі:


«Құмарлыққа, нәпсіге ерік берме сен,
Оларға ерген қорлық, сорың кездесер!

Зинақормен дәулет қонбас, малданба,
Бір түнерлік қонағың ол, таңданба!»

Дикандардың жомарттықтан қолы ашық,
Хақ бергеннен жаны да бай, жолы ашық.

Жердегі бар жорғалаушы, жүруші,
Аяқтысы — ас, қанатты дән теруші.

Бұларменен араласып өтерсің,
Жылы сөйлеп, жүзіңді ашық етерсің.



58

Сатушылармен қалай қатысу айтылады

Мұнан басқа сатушылар болады,
Сатып-алып тынбай пайда табады.

Тірлік істеп бар жаһанды шарлайды,
Ақыл, көңілін бір құдайға арнайды.

Олармен қатыс келіс-барысың,
Не сұраса бергей беріп-алысып.

Бар оларда күллі әлемнің аңсары,
Кіл асыл зат қызықтырған баршаны.

Туардан — батар беттеп кезеді,
Тауып сенің тілегіңді келеді.

Дүниенің таңсық, қымбат нәрсесі
Көп оларда, ей, ер, биік еңсесі!

Кезбесе олар жаһанды, ұлы-кішікті,
Киер ме едің қара сусар ішікті?!

Қытай керуені жүрмегенде жосылған
Қайдан келер еді мың-мың асылдар.

Кезбесе олар күллі жаһан іздерін,
Көрер ме едің інжу-маржан тізбегін?

Санай берсе, таусылмасы білінді,
Сөзді созбай, шиырайын тілімді.

Міне, осындай, уыста ұстар қашқанды,
Оларға әркез ашық таста қақпаңды.

Жүр олармен ізгілікпен жарасып,
Жақсы атың жырақтарға тарасын.

Солар жаяр дүниеге атыңды,
Жаман-жақсы болсың, таныр затыңды.

Азды-көпті сыйлық қылса саған да,
Сүйіндіріп қарымта бер табанда.

Сезгіш пайда-зиянды тез бұлар да,
Аралассаң, мұны есіңнен шығарма.

Не дегенін, тыңда, дүние кезген ер,
Бастан кешіп, көп нәрсені көрген ер:

— Жақсы атыңды жайғың келсе жаһанға,
Мүсәпірді жақсы қарсы ал, қашанда.

Тарасын деп тілесең сен атағың,
Саудагерге жақсы нәсіп жасағын.

Жақсы атыңды шықсын десең, сайлы бол,
Мүсәпір мен керуенге жайлы бол!

Араласқын саудагермен баптанып,
Күліп жайнап, жақсы аттанып, шаттанып,

59

Малшылармен қалай қатысу айтылады

Малшылар бар берекелі іс тындырған,
Күллі жылқы * алдарында мыңғырған.

Бәрі ақкөңіл, шыншыл, елдің адалы,
Адамдарға жоқ еш зиян, залалы.

Жемек, кимек, мінбек — айғыр, байталдар,
Жүк таситын жануарлар, шайқалған,

Қымыз, сүт-май, ірімшік, айран, сүзбе, құрт,
Киіз, перде — қолдарында күллі құт.

Бұл адамдар құтты жандар, пайдалы,
Ей, өркенді ер, араласқын жайдары.

Қатыс, қосыл, ішкіз-жегіз қолдағын,
Түзулікпен кешсін тірлік жолдарын.

Не сұраса, бер қажетін аяма,
Көзім көрді, жоқ пайда мен айлаңа.

Тілеме заң, ілім-білім бұлардан,
Пейілдері кең, қарымды қыраннан.

Қосылсаң да жүргін бірақ абайлап,
Заң-тәртіпсіз, жасап жүрер тағы айбат.

Жылы сөйлес, дос болуға жүгірме,
Білімсіз жұрт, ұғынбайды түгін де.

Жақсы айтыпты заң шығарып, білген ер,
Халықпенен араласып жүрген ер:

«Білімсізді жіберме тым жақынға,
Істемегенді істер, жүріп қасында!»

Дана кісі жақсы айтыпты бұдан да,
Біліммен кел әр іске қол ұрарда:

«Біліксізден без, өзіңді тұтып жүр,
Өзін тұтқан — құты тасып, ұтып жүр.

Білімсіздің өзі, сөзі дарақы,
Білімсізден аулақ жүру — шарасы!»

Малшылардың бәрі осындай қарарсың,
Араласаң сөзімді еске аларсың.

Баяндадым бәрін саған жасырмай,
Не істеріңді ойланарсың — осындай...



60

Қолөнершілермен қалай қатысу жөні айтылады

Қолөнерші қолдарында түрлі өнер,
Қол өнерін пайдаланып күн көрер.

Бұлар да бір ең қажетті кісілер,
Жақын жүргін, көп-көп пайда түсірер.

Темірші, етікші, балташы, терішілер,
Сыршы, зергер, садақшы, жебешілер.

Бұл дүние ғажабын істейтұғын осылар,
Өнердің кереметтерін істейтұғын осылар.

Таусылмайды санын тізсең олардың,
Аңғар өзің. Мен сөзімді доғардым.

Араласып, түсінісіп жүрерсің,
Сүйіндірсең — сүйіншіті өмір сүрерсің.

Ісіңді істеп берсе, қайтар құның тез,
Ішкіз-жегіз, мол ауқат бер, сырын сез.

Елге даттан, арың төкке күймесін,
Өзіңді ойла, атыңа шаң тимесін.

Жақсы айтыпты білікті бір сөзінде,
Мейірлі елге адал болған өзі де:

«Тірлік емес, ізгі ат тіле — тілесең,
Ізгі атың — тірлігің ол, білесің!

Өзің өлсең, тастап ақыр атыңды,
Атың ізгі болса — тірлік татымды!

Кімнің аты кірлей түссе — аштырақ,
Болғанынан болмағаны жақсырақ!

Өмірің емес, атыңмен шық арыңдан,
Жақсылықпен атың шығар жалыңдан!»

61

Кедей, пақырлармен қатысу жайлы айтылады

Бұлардан соң ел ішінде кедей жүр,
Ішкіз-жегіз, жақсылық ет, елей біл.

Дуасы тиер кедейлердің, ағайын,
Дуа да бір жақсы нәрсе, ағайын.

Тілеме ақы, болса киген-жегені,
Ақысы — алла жәннаттан жай береді.

*

Ел ішінде кездеседі осылар,
Сенің — онда, оның сенде ісі бар.

Ісі түссе — мейірім ет, қарай жүр,
Сонда сені бәрі жақын санайды.

Екі дүние қызығына қанасың,
Даңқың тарап, жақсы атақпен қаласың.

62

Қандай әйелді алу керектігі айтылады

Әйел алмақ болсаң, егер, қарарсың,
Жіті бағып таңдаулысын аларсың!

Жақсы болсын тегі, заты: ұрығы,
Пәк, ұятты, болсын жанның тұнығы.

Дұрыс үйдің қызын ал, қол тимеген,
Сенен өзге еркек жүзін көрмеген.

Сені сүйіп, басқа жанды білмесін,
Жаман, тексіз қылық істеп жүрмесін.

Тегі өзіңнен пәстеу қызды аларсың,
Асыл текке өзің құл боп қаларсың.

Тыңдап қара, сынаған ер дегенін,
Сынаған ер білер істің беделін:

«Түзігін ал, алсаң — тегі төменін,
Сүйінішпен өтер дәурен-көрерің!

Көркін емес, ізгі құлқын қаларсың,
Жақсы болса, ерірсің де жанарсың!»

Өз теңіңді ал, алсаң — қатын алмағын,
Ей, есті ер, ақылдысын таңдағын.

Көркін қуып, алма қылқы кемісті,
Құлқы жақсы болса — кемел, келісті!

Сұлуқұмар, сұлуды аңсап сор қума,
Қызыл жүзді сарғайтпа һәм қор қылма.

Әйел алсаң төрт белгісін көздеші,
Бұл төртеуден кездеспейді өзгесі:

Бай әйелді біреу іздеп жүреді,
Енді бірі сұлуға көз тігеді.

Бірі тілер тұқымы асыл, тектіні,
Қуаныш қып, қызықтырып бектігі.

Бірі нәзік, ақылдысын таңдайды,
Оны тапса, көңілде алаң қалмайды.

Таңдаулысын айтайын мен бұлардың,
Әйел алсаң, түргін маған құлағың:

Ей, таңдаушы, бай әйелден үміткер,
Құлы болып қалма оның, білікті ер.

Көңілі малда болып, тілін ұзартар,
Көтерерсің — болса малға құмартар.

Кісі ізгісі, гөзәлді іздеп шоларсың...
Сұлуды алма, елге күлкі боларсың.

Шырайлыны күллі ел сүйер, жақтар мың,
Оны құдай құдіретімен сақтарсың...

Асыл текті, бек әйелді таңдарсың
Өміріңді қор қып, талды қармарсың.

Асыл текті, бектер тіні тым зәрлі,
Әйелге құл болма, ділі ызғарлы!

Есті, нәзік жар іздегін, бекзада,
Төртеуі де, тапсаң сонда бір ғана.

Кездестірсең ақылды, ізгі адамды,
Ей, ізгі ер, үйлен қойып алаңды.

Тілегің мал болса, берер мал тізіп,
Байытады, жүзіңе қан жүргізіп.

Жібек мінез — қыз-келіншек шырыны,
Біле білсең, әйел көркі — қылығы!

Ақылды, пәк болса, асылға баларсың,
Үш сипаттың бәрін содан табарсың!

Ақылды әйел, ізде — іздесең сен егер,
Есті болса, төрт құбылаң теңелер.

Мұндай жанды кездестірсең, бекін де.
Ей, батырым, тырыс, қолдан кетірме!

63

Ұл-қыз туса, оларды қалай тәрбиелеу айтылады

Ай маңдайлы ұл-қыз туса алдыңда,
Үйіңде өсір, бөтен жерде қалдырма.

Тәрбиеші ал ізгілікті, көшелі,
Ұл-қыз жақсы, таза болып өседі.

Ұл-қызыңа әдеп үйрет, білім бер,
Қос жалғанды бірдей көріп, күлімдер.

Ұлыңа әйел әпер, қызды ерге бер,
Қайғы-мұңсыз тірлікке не тең келер!

Ұлды үйрет күллі өнер-білімге,
Онымен мал-дүние табар түбінде.

Бақ ұлыңды, бекерге бос жүрмесін,
Бейбастақ боп кетер бекер жүргесін.

Қызыңды үйде бексіз ұзақ ұстама,
Ауырмай-ақ өлерсің сен, құсадан.

Ағайын дос, кесіп айтам, тыңдасаң,
Қыз тумаса, иә тірі тұрмаса!

Туа қалса — жердің қойны жайлырақ,
Үйі өліктер жайы болса сайлырақ.

Әйелді үйде қатты күзет, қорғанда,
Әйелдің іш-тысы бірдей болған ба?!

Әйелді үйден шығарма, жат кіргізбе,
Жолдан таяр, жаттың көзін тигізбе.

Көз көрмесе, көңілің де тілемес,
Көзің көрсе, көңіл ауу түк емес.

Көзді бақсаң, көңілің де аңсамас,
Көңіл жоқ па, жоқ жүректе — жанталас.

Жеп-ішісте ерге әйелді қоспағын,
Егер, қоссаң бұзылмақты тосканың.

Қызыңды үйден ұзатпа алыс, жүгін ер,
Егер, шықса, тура жолдан сүрінер!

Қыз да бір ет, сақта-бапта қалайда,
Сақтамасаң ет бұзылар, не пайда?

Қадірле де, не сұраса бер тауып,
Жуытпа еркек, жүр есікті бек жауып.

Әйелде опа жоқ, аумалы ауаны,
Көзі қайда түссе, көңілі ауады.

Жапаменен өсіп, өнген ағаштың
Жемісі — у, татпа, улайсың — жанастың...

Неше мың мәрт, ерлер даңқты, есімді,
Әйелдердің кеселінен кесілді.

Абыройлы, талай ерге шер қонды,
Әйелдерден жарық жүзі жер болды.

Талай мың ер, баһадүрді ірі, дөйі,
Бұл әйелдер жерге көмді тірідей!

Ерлерді кім қалай сақтап, жақтасын?
Төңір өзі көз қырын сап, сақтасын!

64

Қол астындағы қызметшілерді қалай ұстау жайы айтылады

Қызметшіні қолда, ұста күтімде,
Ішкіз, жегіз, киімдерін бүтінде.

Күшіне сай жүк арт, қинап талдырма,
Жауаптысың ол үшін хақ алдында.

Зорықтырып, артық бейнет шектірме,
Құдай кегін алар, артық кеттің бе?!

Бір құдайдың құлдары олар шынында,
Зұлымдық қып, тозаққа өзің ұрынба!

Сен ұлықсың, олар сенен кішіктер,
Кішіге ұлық болуы шарт кішік, кеп.

Ұлық болдың, көңілінді кішік тұт,
Ұлықтарға, ұл, жарасады кішіктік.

Тында, ойлыны ақылы шоқтай жайнаған,
Кең білімді ей, бұл сөзді іске пайдалан:

«Халыққа бек, ұлық болсаң егер де,
Тіл, көңілді кішік тұт, ел елер де.

Өзіңді ойла, тура жолдан жаңылма,
Келер бақтың жолын кесіп, қағылма!»

Үй-мүлкіңді таза ұста, қолы ашық,
Дәулет саған келер, ойлым, жол ашып.

Ас, тамақты тұз-дәміңді мол тұтын,
Атың шығып, келе берер мол құтың.

Кіріске сай, шығысты да санағын,
Шығыс болса, кірісті де қарағын...

Ізгі, ыңғайлы бол алымға-берімге,
Пайдаң болса — жолың ашық сенің де.

Қолың қысқа болып қалса, тегінде,
Кісіге мұң шағып, ерім, егілме.

(Сүйгенің бермес қол ұшын,
Сүймеген күлер сол үшін.)

Сүйгенің қол тигізбес ол ісіңе,
Ал, сүймеген күлер, симай ішіне.

Сырт айналар дос, ағайын, туысың,
Зарға толар көңіл, кеуде-қуысың.

Кісілікті кісілермен жарасқын,
Кісілермен кісілікпен қарасқын.

Үлес қуып, дүние жисаң — мұң даяр,
Қызыл жүзің өкініштен сарғаяр.

Үлкен жолға жақын салма үйіңді,
Қатер-қауіп кетіреді күйіңді.

Қоңсы болма бек, өзенге тасыған,
Алыстау жүр, ұқсаң, қамал қасынан.

Көршіліктің бұл үш түрі пайдасыз,
Зиян шексең, таба алмайсың айласын.

Үй іздесең, көрші жайын сынарсың,
Жер іздесең, судың жайын сұрарсың.

Саламат жүр, жамандарға қатыспа,
Көңілді — оң, ақыл — көзді сақ ұста.

Бек атанып, қанағат қыл барыңа,
Қайғыңды еріт тіл мен сезім балына.

(Қанағат ет барға, бектің ал атын,
Сүйініш, тілмен қайыр қайғы қанатын).

Опық жеме — өлім барын ұмытпа!
Көз ашылар, иең барын ұмытпа.

Қайғы келмес — сөзді ойлап сөйлесең,
Өкініш келмес — күнді зая бермесең

Асқақтама — бір тоскауыл табарсың,
Сараң болма — сөгіс естіп қаларсың!!

Тында, айтыпты нәзік жанды, кең кісі,
Кісілікке кісілік еткен ер кісі:

«Болсам десең өзің жұртқа жақсы атты,
Жомарт болғын, сақилық деп мақсатты.

Сақилықпен сал мүлкіңді — қыл құрық,
Аласың сен, кімді болсын құл қылып.

Басым көкке тисін десең сен тұрып,
Біліммен іс істе сәтін келтіріп.

Десең, атың дүниеге тарасын,
Мүсәпірді мүсірке, атың жарасын.

Сүрсем десең әзіздікпен шатты өмір,
Осалдықты сырып таста, ақ көңіл!

Хаққа қызмет қылсам десең, сен келіп,
Тән-жаныңның есігін жап, берме ерік!

Десең егер жақсылықпен күн кешем,
Нәпсіңді тый, құмарлықты биле сен!»

Жақсы айтыпты тақуа жан білгенің,
Іскс алу үшін ішке түй керім:

«Бұл нәпсіге ерме, берме тілегін,
Берсең — алар, басың болар тігерің.

Жақсылық қылсаң, ол жамандық қылады,
Жамандық қылсаң, бойын иіп, тынады!»

* * *

Сөзін үзіп, айтты Өгдүлміш:— Туысқан,
Қызметшілер құлқы осындай, ұғыссаң...

Айтып бердім, құлағыңмен естідің,
Ұққан болсаң, сөзіңді енді кес бүгін!

ОДҒҰРМЫШТЫҢ ӨГДҮЛМІШКЕ САУАЛЫ

Айтты Одғұрмыш, жауап беріп:— Түгелдей,
Естідім мен, аққөңіл жан, жібермей.

Сенен сұрар бір сөзім бар әлі де,
Соны айтып, қанықтырсаң мәніне.

Аралассам бұл жандармен өмірде,
Барыс-келіс жасауым шарт көңілді.

Әлбетте, олар мені асқа шақырар,
Мен шақырып, сонсоң маған қатынар.

Қалай сыйлап, асты қалай алған жөн?
Шақырғанда қайтіп, қалай барған жөн?

Ашып айтқын, естіп-ұғып алайын,
Бұл істен де үлгі біліп қалайын?!

65

Өгдүлміш Одғұрмышқа асқа (қонаққа) бармақ салт-дәстүрлерін айтады

Айтты Өгдүлміш, жауап беріп:— Ағайын,
Бұл да аса керекті, айтып бағайын.

Түрлі-түрлі шақырудың жөні де,
Түрлі-түрлі қонақасы, төрі де...

(Шақыратын адамдар сан алуан,
Ұсынар ас-тағамдар да алуан).

Соның бірі: неке тойы оңды аса,
Сүндет асы, шілдехана, болмаса.

Шақырар не тең-тұс, құрбы-құрдасың,
Үлкен, кіші, туыс, бауыр сырласың.

Иә, қазаның азасына шақырар,
Ұлға ат қойып, біреу азан шақырар.

Бұл ас-судың қайсыбірі болмасын,
Әуелі, ақдап шеш барарың-бармасың!?

Ағайын, дос, туыс-бауыр шақырса,
Ләзім барып, көріп мауқың басылса.

Жат шақырса — даярлап сый, ас камын,
Аз ба, көп пе дұрыс дәмін татқаның.

Жақын, көрші, көңілдестер шақырса,
Құдайы дос ілтифатын асырса,

Бар оларға, аула көңіл-пейілін,
Сүйіндір де, сүйін өзің ей, ұлым!

Егер, құрмет, өз атыңа арналса,
Бар, сүйіндір, бәлсінгенше-танғанша.

Бұдан басқа шақырудың біріне,
Бармай-ақ қой, жара түсер діліңе.

Отырып-тұрып, тәнің суып-қызынар,
Асыл тектім, көңілің жаман бұзылар.

Есіріктер ұстасып, дау шығарар,
Асың сіңбей — көңілің жүдеп қуарар.

Әрбір түйір тағам үшін сорлама,
Сен күшпенен өзіңді-өзің қорлама!

Не дейді екен аузын тиып жеңген ер,
Құлқынына берік болып көрген ер:

«Нәпсіні тый, нәпсіге шыр-пыр болма,
Құлқын үшін құлқыныңа құл болма.

Талай көрдім әзиз, сыйлы ерлерді,
Құлқындарын ұстай алмай сенделді.

Талай көрдім даңқты, ұлық ерлерді,
Құлқынға құл болып, бәрі жерге енді.

Талай байды көрдім, құлқын алқымдап,
Азып-тозып, кедей болды қалтылдап.

Құлқынға құл болып, аран ашпассың,
Құлы болсаң, құтылар жол таппассың!

Қай қонаққа барсаң да сен, тағамды,
Әдеппен іш, аша берме аранды.

Тәртіп білмес, өнегесіз пенделер,
Тәртіп көрсе, басы қаңғып сенделер.

Қолын аска созса, үлкен, бек кісі,
Сен кейін соз — көргенділік белгісі.

Оң қолыңмен ал асыңды: алла,— деп,
Баянды құт құйылады барға кеп.

Кісі алдында тұрғанды алма, ұмсынып,
Өз алдында тұрғанды же, қымсынып.

Сүйек алып, пышағыңды шығарма,
Болма ұшқалақ, түспе түлкі бұлаңға.

Тоқ болсаң да, дастарханға кел, қосыл
Кісі асты кісіге қарап жер, досым!

Ұзақ талға тісіңе не бассаң да,
Ыстық асты үрме ауызбен, сассаң да.

Асты алдыңа тартпа, теже құлқынды
Кісі кейпін бұзба, түзе құлқыңды.

Бұл жөнсіздік, жөн әдепті сақтаған,
Кісі қоры — кісі әдептен аттаған.

Жақсы айтыпты тәртіпті адам. «Әуелі,
Әдептінің түр-түсі де әдемі!»

Әр нәрсенің бар тәлімі, жөндері,
Жөнді жанның мандайы ашық, өр демі.

Жөнді білмес кісі құлқы болар нас,
Кісілерге қатысса, ісі оңалмас.

Зауықпен же, асты қолың жиі ілсін,
Үй бикесі сені көріп сүйінсін.

Асын берсе, кісі еңбегін-зейнетін,
Тастай жұтып, зая қылма бейнетін.

(Еңбекпенен келген асты қалдырма,
Обалды ойла, ренішке шалдырма!)

Көңіл қойсаң, қозғанты ер терендеп,
Түрлі мәнді толған, ойлап кемелдеп:

«Кісі көңілі нәзік шиша, шар айна,
Мұқият бол, шағып алма, абайла!

Кісі көңілі қалса — әзәзіл есірер,
Пайда үзіліп, жақындығың кесілер!

Досты ойласаң көңіл аулап, үңілгін,
Көңіл қалса — жақындық жоқ ,түңілгін

Мейірленіп же тағамды, шамалап,
Бұл туралы айтыпты есті ер саралап:

«Көп жеген ас сіңбей, маза бермейді,
Ас сіңбесе, кісіні дерт меңдейді.

Аузыңды бақ, енер содан кесел де,
Аз ішіп-же, ауқат-тағам жесең де!»

Бұл дерт тұтса, тозар адам қалтылдап,
Емдемесе, өлім алар алқымнан.

Оташы әкім жақсы айтыпты, келісті,
Кәкімдердің сөзін кімдер кеміс дер:

«Дерт өлімнің хабаршысы алғашқы,
Кісі ауырса, қоңсысы өлім-албасты.

Кесел — мехнат, жаршысы ол ажалдың,
Ажалда — опа, жоқ жақсылық, адалдық!»

Тегіне сай адам бәрін сай ұғып,
Білу керек ыстық-суықты айырып.

Тәбетіңді біліп барып — жеген жөн,
Тәбет жоқ па, ішпей, «Аулақ!»— деген жөн.

(Көңіліңе жаққаның же, біліп ап,
Жақпады ма, әуре болма тіліңе ап.)

Ыстық көп пе, салқын ішіп теңестір,
Суық көп пе, ыстық ішіп келістір.

Дәуренің жаз, болсаң жігіт жасында,
Қанды суыт, суық ішіп басыл да!

Күз күндері болса, ассаң қырықтан,
Жөн ішіңді ыстықпенен жылытқан.

Уағың — қысқа, жас алпысқа келгенде,
Тек ыстық іш, без суықтан, желден де.

Құрғақ, суық буса — ыстық суды тап,
Бұл екеуі оған жауап, дауа нақ.

Суық, дымқыл алса ауыртып мазаңды,
Ыстық, құрғақ молайтылса жазар-ды...

Сарай суық болса, күшейт ыстықты
Сарай ыстық болса, күшейт суықты.

Егер бабын біле алмасаң өзің де,
Ыстық,суық арасынан жөн ізде.

(Егер, жанның жайын тауып білмесең,
Ыстық-суық арасынан ізде сен.)

Тәнді бақсаң, жанның жәйін білерсің,
Амандықта ұзақ ғұмыр сүрерсің.

Оташының не дегенін тыңдап ал,
Көп жасағыр, ерім, мәніс-сырға қан:

«Жан-тәніңді мен айтатын, біліп ал,
Қызыл, сары және ақ, қара түрі бар.

Бір-біріне жаулық тұтқан жайы бар,
Жау жауына жақындасса — айырар.

Ақылды жан-тәнін біліп, талғайды,
Не жағатын болса, соны таңдайды.

Айырмасы осы адамның жылқыдан,
Жаққанын жер, ей ұл, тән мен құлқына!»

Тыңда енді көкшіл сақал не деді,
Тұрып қалма, ұқ сөзіңді керекті.

(Кісі қырық жасап, тәнін сезбесе,
Қанша айтсаң да; малмен бірдей ендеше!

Сынап, көріп кісі білім алмаса,
Оны кісі санатына алма аса).

«Білмесе өзін адам қырық жасында,
Айырма жоқ, мал ғой малдың қасында!»

Сынап, көріп үйренбссе білімді,
Оны кісі санама, ей, ілімді.

Бастан кешіп, білмесе өмір парығын,
Кісі емес, хайуан деп танығын.

Заман кешіп білмесе, егер кісі көп,
Жылқы дегін, атамағын кісі деп.

Көріп бақсаң, жақсы айтыпты емшілер:
«Асты аз жесе, ұзақ тірлік ер сүрер!»

Тілесең сен дертсіз тірлік жайнаған,
«Аз» деген бір дәріні, ерім, пайдалан.

Тыныш тірлік тілесең һәм мұратты,
Ей, ақпейіл, етті жегін «Тіл»* атты.

66

Өгдүлміш Одғұрмышқа асқа (дәмге) шақырмақ жөнін айтады

Кісі шақырам десең, кіріс қамына,
Күту ісін келтір мінсіз бабына.

(Егер кісі шақырам десең, шақырғын,
Күту ісін жақсы қылып, асырғын.)

Таза болсын, тон-төсек, үй, ыдысың,
Ішіп-жемек, ас-тамағың — ырысың.

Табақ — таза, болсын дәмді тамағың,
Қолын созсын зауықпенен қонағың.

Ас-су міні, шақырмасаң, бір болар,
Келіп көрген бір мініңді жүз қылар.

(Шақырмасаң — ас-су мінін кім білер,
Шақырсаң, мінді мыңы көріп, бүлдірер).

Ойла, астың дәмін, бабын, шамасын,
Меймандарың тойып, жақсы тарасын.

Дос, туысың, алысың ба, жақын ба,
Хақын сақта, тұз-дәміне шақыр да.

Келгендері келер, егер келмесе,—
Көңілі қалмас; қалар көңіл бөлмесе!

Дәм өкпесі — дүниенің жаманы,
Кек-өш туып, өле-өлгенше қалады.

Қара, көпке жегіз, жеткіз тамақты,
Кешіккенді тойғыз, бағып қабақты.

Кісі ас жесе, сен ішімдік тосып тұр,
Оны ішсе, тағы еселеп қосып тұр.

Жемек жерде, ішпек керек болады,
Ішіп, жеуді теңгерген оң болады.

(Қайда жемек болса, ішпек керек-ті,
Ішіп-жеуді теңестірмек керек-ті).

Ішерің жоқ болса, тұрып тағамың,
Жесе де оны, у жеді деп санағын.

Тілесе — боза, бер тілесе шырын, нәр,
Тілесе — сөл, тілесе бер шарап, бал.

Бұдан басқа не бересің бұл жағын,
Менен емес, білгендерден сұрағын.

Үлкендер жеп болса, үлкен табақтан,
Кішілерге, дұрыс мүше таратқан.

(Ұлықтар жеп, ішіп-жемін тауысса,
Кішілерге ішіп-жемек ауысса...)

Түгел жеткіз, бағып жетер-жетпесін,
Ап қайтарып, сені сөгіп кетпесін.

Астан кейін, ұсын шырын, тұнбалар,
Түрлі жеміс, миуа, тәтті құрмалар.

Шаман келсе, жыртыс жыртып, сый бергін,
Жөн-жөнімен тең бөлуді үйренгін.

Ас, ішімдік ісі осы айтарға,
Қайтса кісі, есігінді аш, қайтарма...

Шақырылар жандар болар төрт түрлі,
Баратұғын адамдар да төрт түрлі.

Бірі, күллі шақырудан қалмайды,
Не берсе де ішіп, жейді талмайды.

Енді бірі үйге кісі шақырмас,
Үйде асқа мұрнын тығып, бас алмас.

Тағы бірі қонаққа да барады,
Асын ішіп, қарымта етіп бағады.

Тағы бірі, шақырғанға баспайды,
Шақырмайды, өзі де есік ашпайды.

Тірі өлік — ол. Тіріге оны санама,
Тіршілікте араласпа, қарама.

Тағы бір топ, шақырғаннан қашады,
Қонақ қылып, өзі малын шашады.

Бұлардың ең жақсысы да осылар,
Бек, даналар мақтап, соған қосылар.

Қонақ, дәмге барарсың, не бармассың,
Құлқынды тый — сонда ұятқа қалмассың.

Мешкей адам дерт-кеселден арылмас,
Сарғайып жүз, ішіп-жеуден жаңылмас.

Мұны меңзеп оташы сөз қалдырған,
Тәнді білген, білімімен қандырған,

«Кісіге ас пен дерт ауыздан енеді,
Дерт қартайтып, жасқа жетпей семеді!

Құлқынды тый — кесел тірлікті оздырар,
Дерт — кісінің қызыл жүзін тоздырар!»


Бұл заң болар ішкенге де, жегенге,
Қонаққа өзің барып, қонақ келгенде.

•

Айттым — ұқтың. Тоқталайын мен енді.
Сөзді ұзартпа. Мұны ұғар кез келді.

Дүние халі, жосығы бұл — білесің,
Егер жұртпен қатыспақты тілесең.

Көңілімнің жарығы — адал, ардақтым,
Сөздерімнің мәнісін ұқ салмақтап.



67

Одғұрмыш Өгдүлмішке бұл дүниеден жүз бұрып, барға қанағат етіп, о дүниеге пейілді болу туралы айтады

Жауап беріп айтты Одғұрмыш:— Сөзіңді,
Мен естідім, жауапты есті өзің де.

Кім сөзіңді ұғып, бағып өтеді,
Жаһанда бар тілегіне жетеді.

Баянды өмір көрем деген кісінің,
Білікті бек, алғаны жөн түсініп.

Кісі мұнша бейнет шегіп, нетеді,
Мал жиғанмен, қысқа тірлік етегі.

(Кісі мұнша азап шегіп қайтеді,
Дүние жиып, ертең өзі-ақ қайтады...)

Адам дүние соңына ерсе жамырап,
Ибадат, қызмет қалар тоқтап қаңырап.

Бүгін өзің келгелі де, айтарым —
Ибадат-ісім қалды тоқтап ,байқағын.

Бір кісімен қатынасу үшін де,
Мұнша зиян көрдім. Қыспа, түсін де.

Менің өзім барсам шаһар, ұлысқа,
Болады елмен сөзім, ісім, жұмыс та,

Тәу етпекпін қалай, жай жоқ табынар,
Ол тараптың есігі маған жабылар.

Кішіліктен кетіп, бұл күн қартайдым,
Шүкірлік қып, құдайды ойлап — марқайдым.

Қайта оралу, бос тірлікке қарайлап,
Мейірбан жан, енді маған жарай ма?!

Білімі — өзен, жақсы білім беріпті,
Есті мұны; ей, құлқы түзу — көрікті.—

«Жігіттікте кәрілік қамын істе сен,
Қартайған соң, жасың жетпес күш кетер.

Жігіттіктен хаққа тәует еткейсің,
Кәрілікте одан зиян шекпейсің.

Ұланбысың, жақсы құлық жолын қу,
Ұлғайғанда ұшқан жалын, отың — бу.

(Кіші екенсің, тұтқын жақсы құлықты,
Есейгенде — жоқ, салғанмен құрықты).

Қандай жақсы жігіттікті өткерген,
Үлес тисе күллі ізгіліктерден.

Жараспайды-ақ қартайғанда кісіге,
Араласса жігіттіктің ісіне!

(Қандай жаман, бақсаң, жасың келгенде,
Жастар істер іске өңмеңдей берген де!)»

Тірлік үшін — дүние мүлкің, есебі,
Тірлік өшсе — мүлік мұны өшеді.

Өмір өтер жиюмен мал-ырысын,
Қалдырасың кімге, үзілсе тынысың?!

(Тірлік үшін дүние мүлік, мал қайғы,
Өмір бітсе — мал қайғысы қалмайды.

Мал жиюмен өмір өтер қас-қағым,
Өзің өтсең, оны кімге тастадың...)

Сен айтқандай, Елікке іске жүрейін,
Жөн-ақ, жұмыс, халық құлқын білейін.

Не пайда одан, өлсең өзің түбінде,
Екі бөзден өзге ілмейсің түгін де...

Неге керек суып, күйіп-пысынбақ,
Екі тілек — бар болғаны, мұсылман!

Бірі — дүние жиып, демдеу көңілді,
Тағы бірі — елге өткізу сөзіңді!

(Бірі — өзіңді Мүлік жиып, зор қылу,
Тағы бірі — сөзіңді елге жол қылу!)

Жақсы-ақ, жетіп екеуіне аңсаған,
Өлім келмей, мәңгі тұрып қалса адам.

Бұл ләззаттың екеуін де алды өлім.
Білікті ер, қызығар нем бар менің?!

Құтты адамның болар белгі, шырайы,
Төгіп тұрар күнде ізгілік райын.

Егер құтсыз болса, адамды зарлатар,
Қартайғанда пейлін бұзып сорлатар.

Жақсы айтыпты білімі кең, дана бек,
Ей, шырайлым, өзің тыңдап санаңа ек:

«Бақытты сол, қартайғанша жаңылмай,
Жақсы болса, жамандық қып тарылмай.

Жүгірсе кім құмарлықтың соңында,
Сол білгейсің, бақытсызың, қорың да!»

Қәне, әлемді қолына ұстап елірген,
Өзіне шаһар-бекет салған темірден?![1]

Қайда, төбет, дүние кезіп шарлаған,*
Қарақұс мініп жасыл көкке самғаған?

Қане, «Құдай өзіммін!»— деп бақырған,
Тәңірі өзі көк теңізге батырған?!*

Қане, дүние малын жиып алушы,*
Байлығымен жер қойнына барушы?!.

Қане, Туардан Батыс кезіп, барлаушы
Дүние тұтып, елді алып, жаулаушы.*

Қане, таяғы жылан болып дем берген,
Айырылып теңіз, ортасынан жол берген.*

(Қане, асасы жылан болып қолында,
Теңіз айырылып, жүріп өткен оны да).

Қане, дию пері, құсқа, адамға,
Ұлық болған, пейілі таза жаһанға.*

Қане, өлікті тірілтіп жан ұшырған,
Ақыры өзін өлім торлап тұтылған.*

Қане, адамның ішіндегі ең ірі,
Дүние босап қалды, толық кеміді.*

Алды бәрін, өмірге өлім тоя ма,
Ей, құлқы пәк, сені алмай қоя ма?!

Осындай бұл дүниенің жазмышы,
Ұстан оны, ұстанба — жоқ озмышы.

Енді, қара жер қойнына қарағын,
Қанша кісі кірді — орта араны.

Ашып көрсе қара жердің қабатын,
Жатыр не ерлер қайғы қиған қанатын!

Қанша бектер жатыр қара жер болып,
Қанша дана сіңді жерге жер болып.

Бекті құлдан айыра алмай қаламын,
Бай-кедейді танымайды жанарым.

(Онда бектен құлды айыра алмайсың,
Бай-кедей бір, көрмес соқыр жандайсың!)

Қанша батыр, білмеген дерт-кеселді,
Қыбыр етпей қара жерді төсенді.

Сондай жандар қара жерде қалғанда,
Сен, иә мен тұрар ма едік жалғанда.

(Сондай жандар жастанды жер түгелдей.
Сен екеуміз тірі қалып, жүрер ме ек?!)

Жолаушы — адам, жүріп-тұрып тынбайды,
Ұлы жолда жолаушы үй-жай құрмайды!

Үміт-тілек күллісінен арылдым,
Қалдыр. Қолдар, бір құдайға жалындым.

Сұғанақтық — құл қылатын пенденді,
Көзім де тоқ, сұққөздік жоқ менде енді!

Не дейді, бұл дүниені қойған жан,
Дүниеден көңілі қалып, тойған жан:

«Бұл жаһанда тілегіме жетілдім,
Жанарымнан ашкөздікті кетірдім.

Дүние үмітін қойдым, аршып есімді
Үзілді сөз — қалай тілек кесілді!»

Егінжай бір бұл дүние көлемі,
Немене ексең соның ертең өнеді.

Жақсы ұрықтың, жақсы болар шығымы,
Жақсы өнімнің жақсы түсім шырыны.

(Жақсы ұрықтан өнімге өрең толады,
Жақсы өсімнен киім, тамақ болады).

Жаман ұрық ексең, жаман өседі,
Жаман жүк боп ,өз мойныңды кеседі.

Тия алмасам, бүгін нәпсі, сезімді,
Қиямет күні қинармын тек өзімді.

Сені қоймай, бұл дүниені қоярсың,
Саған тоймай, одан бұрын тоярсың.

Сен қоймасаң, оның өзі-ақ қояды,
Сен тоймасаң, оның өзі-ақ тояды.

(Тастамасаң — оның өзі-ақ тастайды,
Жасқамасаң — оның өзі-ақ жасқайды.

Сен кетпесең — оның өзі-ақ кетеді,
Сен безбесең — оның өзі-ақ безеді.)

Ақыр, қалса, неге қажет бұл ғалам,
Өзің бастап, кетіспекке бұр қадам!

Қойып, мұны, ол дүниені ойлағын,
Сонда мәңгі рахатқа бойлағын.

Бұдан да әбден мәнді тірлік іздесең,
Қос жалғанды ұмыт, үміт үз де сен!

Тіле, екі әлем иесінің тілеуін,
Не етесің біреуінсіз біреуін.

(Екеуінің иесі де бір алла,
Табын соған, айтқанымды құп ал да.)

Жаратқанға ер — жаратқаны сенікі,
Тудырғанға ер — туғандары сенікі.

Туылғаннан қорықпа, тілеп, табынба,
Жаратқаннан қорық, жолдан жаңылма.

Жаратқанға ибадат қылмай, тарылып,
Кісіге қызмет еткен қалай жағынып?!

Қызметші ісі екі түрден аспайды,
Не ісі өрлеп, басымен көк жасқайды.

Не қызмет, еңбегі өнбей, жарамай,
Тірлік, уақыт, күні текке жанады-ай.

Қызметі ұнап, бек көтерсе жоғары,
Сол күнге өзі еге болмай қалады.

Жүгірген жөн тоқтықта да, аштықта,
Бегің айтса, бейнеттенгін аптықпа!

Егер, зая болса қызмет қылығың,
Қапа болар бүкіл кешкен ғұмырың.

Айтшы, кәне, қызметші көрер пайданы,
Қызметтердің ішінде не пайдалы?

Ыла еркіні * не дейді екен, тыңдағын,
Айтыпты ол қызметтің сан сырларын:

«Бабы қиын бектік ісі, бақсаңыз,
Кісі ұнатпас, қаншама істеп жатсаңыз.

Ұнаса ісің — сен еріксіз боларсың,
Ұнамаса — күннен-күнге соларсың.

Ей, қызметші қызметке тасыма,
Ол, ақыры, бәле әкелер басыңа.

Сөгер, зекір — ол сүйінді дегенше,
Төгер кәрін — ол суынды дегенше.

(Сүйінді десең, ұрсып-сөгіп тиеді,
Суынды десең, қабағын тарс түйеді.)

Қылықтарын түгел біліп болмайды,
Аларыңды және іліп болмайды!»

Түбі бір жел бұл дүние, ей, ұлым,
Тұрағы жоқ көлеңке бір, көр, ұғын.

Сағымданып көлбең қағып шоқталар!
Қол ұмсынсаң ұстайын деп, жоқ болар!

Бақсаң дәулет көрінер де елп етер,
Опасыз ол, тез қартаяр, тез кетер.

Бұл дүниені аңсап, ерім, не теңім —
Бақтың сағым сәтін қуып не етеміп!?

Құдай аты сүйінішім, тірегім,
Жарлығы оның табынарым, білерім.

Сүйсе ием, қайтем өзге сүйгенді,
Жауым — шайтан, о бастан-ақ, түйгем-ді.

Тілегім — сол, сол үмітім-жұбаныш,
Сыйынар ием, күтем содан қуаныш!

Қойдың жүні — тоным, арпа жегенім,
Ей, бауырым, түгел менің дегенім.

Не дегенін есті адамның бауырмал,
Тақуа кісі, безген жұрттан, ауылдан:

«Дүниеде алдым несібемнің тигенін,
Асым — қабық, қой терісі — кигенім.

Шекерден де татымды асым кебектен,
Өрім тоным кем емес еш жібектен!»

Қарын тойғыз күллі ішіліп-жемекпен,
Арпа ма, әлде ботқасы ма кебектен.

Өлмес үшін не болса да талғасаң,
Жаның азар, тек малға ұсап жалмасаң.

Тәтті қума — тәттінің зор азабы,
Терең шұңқыр — ләззаташылдың табары.

Ащы, тәтті ас — ләззәт тілді үйірер,
Оны қусаң, малдай сені иірер.

(Ащы, тәтті ас — дәм ләззәты қаулаған,
Малменен тең ауыз дәмін аулаған).

Шәйі жібек, тон киеді кісілер,
Жан-тәніңді жабуды ойла, түсін, ер!

Қарның тойса, екі-ақ күнге жетеді,
Киім кисең, екі жылға кетеді.

Екеуі үшін өзімді өзім құл қылып,
Қызмет етсем, жараса ма бұл қылық?!

Кеудесі — шың, жерде, майса егегі,
Мұқтаждықпен барша тірлік етеді.

Мұңсыз жалғыз құдай ғана рахымды,
Білген күллі мұңды, көрі-жасыңды.

Көңілімді бір құдайға бұрдым мен,
Тілекші бол, соны тілеп тұрмын мен.

Маған шәксіз барлығы анық білінді,
Көңілім, тілім, ділім түгел жүгінді.

Пейіліммен тілеп көзді ілмеймін,
Қайдан тілек табарымды білмеймін.

Иемді іздеп, өзіме ұйқы бермедім,
Нышаны бар — көрінбеді, көрмедім.

Тіле, тынба, ұйықтамас тілекші,
Жатып қалма бермеді деп тілекті.

Тіле тынбай, оған түгел жету жоқ,
Таппадым деп, жанбас тесіп жату жоқ.

(Тіле, кісі бар тілегін ала алмас,
Жетпедім деп, жатып алу жарамас!)

Тілекшілер жүгірген жөн үнемі,
Тыныш жатса келмес өзі тілегі...

Тынбай тілеп — неге тілек таппасын?
Тілек — арызын кім береді жатқасын?!

Сүйіп мені, тіледі ол алдымен,
Сүйініп оны тілеушімін енді мен.

Әуелі ол мені тілеп, жаратты,
Сондықтан мен бердім пейіл қабақты.

Бұл иемді қалай ғана сүймейін,
Тілеуі үшін қалай ғана күймейін.

(Жаратқанға қалай пейіл бермейін,
Қалай ғана жан-тәніммен сенбейін).

Жалғыз қалсам мүсіркейді, елейді,
Қайғы-мұңға түссем, мені жебейді.

О бастан-ақ қалап мені таңдады,
Ауды сонсоң, көңілім тыншып қалмады.

Сөздің шыны: жаратқан сол өзімді,
Асырады, киіндірді, өсірді.

Түңіліп елден, паналадым, табындым,
Жебеушісі, пірі енді сол жанымның.

Жалғыз қалсам ием аты — медеуім,
Сөз сөйлесем, иемнің аты — демеуім.

(Жалғыз қалсам, есімде ол тұрады,
Сөз сөйлесем, тілімде ол тұрады.)

Жұбанышым, сүйенішім, қазығым,
Аштықта да, тоқтықта да азығым.

Не дейді, есті, кісі көңілі ағарған,
Иесіне шын беріліп тазарған:

«Көңілімнің сырын саған ашармын,
Үмітімді алып саған ұшармын.

Қуанышым, сүйенішім, уанышым — бір нем!
Барлығынан безіп саған қашармын!»

Бұл дүниедей онда орын табарсың,
Мұны қоймай, оны қалай аларсың?!

Жүзді бұрып, бұл дүниеден қашарсың
Сонда есігін ақыреттің ашарсың!

Сұм жалғанды қолға ұстап қалмақсың,
Қалай ғана мәңгілік қып алмақсың...

Шәрбеті — у, қатерлі бұл дүние,
Ішіп-жемді тұтқын таза күйінде,

О дүниеден табу үшін жақсы жай,
Бұл дүние құлқын тыып тастағай.

(Бұл дүниенің тығын тілек, арызын,
Ол дүниеде өтеледі қарызың).

Өгдүлмішім, мұны шындық деп білгін,
Келді саған білгенімді жеткізгім.

Бұл төрт істі бітпей кісі тәмамдап,
Ол төрт істі тындыра алмас аландап.

Бұл дүние ісін тәрк етпей толық,
Ол дүние ісін қылмассың, ұлық.

Кісіден жырақ кеткенше, қадаш,*
Тәңірге құлдық ету жоқ, адаш.*

Сындырмай тілек, құмарлық — бәріп
Туралық жолға кіре алмас тәнің.

Бұл дүние мұңын көңілден шығар,
Сүйіп хақ сонда, пейілін бұрар.

Мұсылман үшін бұл дүние түнек,
Күдер үз, қайырым іздеме жүдеп.

Тәнге ерік берме, мықты ұста қолға,
Шығарсың сонда, туралық жолға.

Жіберме зая күніңді өтер,
Өткен түн келмес, өтер де кетер.

Күйігі қиын, текке өткен күннің,
Келмейді қайта, текке өткен тірлік.

Не депті, тында, білімі теңіз,
Көңіліне сара құт-құлқы егіз:

«Ұлыстан — ұлыс көшерде кісі,
Түзсе көш басын — оңалар ісі.

Көш алды кетсе, көшпестен бұрын,
Пайдалы жетсе, жайнар көз нұрың.

Көшіңді жібер-жіберме — мақұл,
Болмағын осал, көшерсің ақыр!..

Қаласаң бек бол, қаласаң құл бол,
Қалмайсың мәңгі, өлімге — тұр жол.

Қаласаң, жаса: он сегіз мың жыл,
Жақсы атақ қалдыр, өлесің бір күн.

Қаласаң бай бол, немесе шығай *
Тірлігіңді жер, кешкен күн, жыл, ай.

Бас көкке жетіп, бектігің тасар,
Қара жер қойны — орының жатар.

Тірлігін кісі өткізсе боска,
Ол бір мал, өзін тастаған отқа!»

Есен боп, ердің текке өтсе жасы,
Көріксіз тірлік бұл бауырым, расы.

(Текке өтсе жасы, саламат жанның,
Көріксіз тірлік, ол да ісі малдың).

Қайғымды жеме, болмайын масыл.
Өз қайғыңды ойла, төгіп көз жасың.

Бұл дүние саған тұзағын құрар,
Тұзаққа түспе, пұшайман қылар.

Дәулет кеп бүгін, тілегің болар,
Иланба оған, қолма-қол оңар.

(Тілегің болып, бір күн құт жетер,
Иланба оған, тез қайтып кетер!)

Болма осал, өлім жүр гой деп жырақ,
Шыққанда тосын, білерсің бірақ.

Осалды мың-мың, басқан да өлім,
Байлықты талай, шашқан да өлім.

Не депті, тында, көңілі сақ ерді,
Өлімге сақ бол, сорлатар елді:

«Көп жұртты өлім таратты, қара,
Ойласам, жас боп ағады нала.

(Көп елді, бақсаң жалмады өлім,
Еске алсам соны, қанды жас — көзім)

Меңмендер өтті көкірек керіп,
Қару мен әскер қылмады себеп!

(Қалмады бектер көкке ұшқан «мен!» деп,
Қалды — әскер, қару, жеңді ажал меңдеп!)

Болма осал, тірлік — белгісіз желдей,
Кешкен бұл күнің, зарлатар келмей.

(Болма осал, тірлік, жөнелер тайқып,
Көшер бұл уақыт, оралмас қайтып).

Күн өтер текке, рахатқа сенбе,
Иланба құтқа, тұрақсыз-кезбе.

«Биікпін!»— деген талайды құртты,
«Ұлықпын!»— деген талайды жұтты!

Бұзды ұлыс, қала, орданы өлім,
Бұзды үй, сарай, қорданы өлім.

Неше мың тірі, өлік боп жатыр,
Күтумен бізді, келер деп ақыр.

Көзіңді ашып соларды көргін,
Бек пенен құлды, айырып бергін.

Өлімге бектік дәрменсіз қалды,
Қашарға одан дүние тар-ды.

Пайғамбарларды әкетті, алып,
Қару мен дауа кім берер тауып!

Жапашы жаһан, көзді арбар сырты,
Опасыз сұм ол, тұрақсыз құлқы.

Қалайша кешсең, күн озар солай,
Жақсылы-жаман, қыңыр һәм оңай!

Тоқтар да өлер, аштар да өлер,
Бек пе, бай, құл ма құтылмас, көнер!

Рахат, бейнет созылмас ұзақ,
Не керек шапқын-сүргін боп шулап.

Жақсы айтқан еді, білімді бек бір,
Көңілі, құлқы сайма-сай текті:

«Аз баққа адам, ұмытар өзін,
Көк көктен әрі ұшырар сөзін.

Бұл өлім талай кәрі мен жастың,
Шығарып көзін, кеудесін басты!»

Көңілім бұрып, айтпағым еді,
Айттым мен сахи, жаттағын енді.

Кім білсе шыңдап, бұл халдың хақын,
Бұл дүниені өзі көрмейді жақын.

Жігіттік өтті, жетілді жасым,
Жұпар жоқ, ақ түс бүркенді басым.

Бұл күннен кейін, ей, ізгі адам,
Шүбәсіз өлім, көңілім алаң.

Сүйініш кетті, шерлі өлім торлап,
Өлімнен кейін, қандай іс болмақ?!

Алаңмын өзім, қайғы-мұң меңдеп,
Елікке өзім барармын не деп?!

Елікке менен еш пайда болмас,
Септессін десе, оным да оңбас.

О дүниелік мені тілесе егер,
Жүрер де түзу, келді деп білер...

Ат беріп, адам баласын құдай,
Екі іс үшін жаратқан бұлай.

Тамұқ, не жұмақ бегі болуға,
Әзіз ер, не ел қоры болуға.

Әзіздік десе, нұсқады бағыт
Қорлықтың жолын айырды танып.

Атқару керек пенделік хақын,
Хақ тауфиқ беріп, қолдаса жақын.

Тапса егер тауфиқ, құдайдың құлы,
Ашылар жолы, аршылар мұңы!

Қызмет етсе күш жұмсап қатты,
Игілікке қалың, ашылар қақпа.

Осылар еді білгенім менің,
Сөйледім саған, ей ізгі ерім.

Сендерге қажет, пайдалы сөзім,
Өзімнен гөрі, ізгірек сөзім.

«Ақырет жолы осы — болсаң сен тілер,
Бұл дүние сырын — білесіз түгел!

Үзілмей бағың, құйылсын құтың,
Тілесең нені — бұйырсын бүтін!»

Не ізгі іс болсын, өзімде бөлек,
Сендерге, ізгі ер, беруден көмек.

Тәңірге Елік, жіберсін жолдап,
Дұғаммен ізгі жүрейін қолдап.

Сұраса білім ,білгенімді айттым,
Естідің, өзің айта бар, қайтқын.

Тұтындар сөзді, тұтпасаң егер,
Ерте ме, кеш пе баршасы келер.

Айтыпты жақсы білімі теңіз,
Тұтынсаң іске, гүлдендім деңіз:

«Бұл сөзім бүгін, тұс болар саған,
Көр, ертең, анда, тұс болар саған.

Болма осал, тырыс, сөзді іске тұтқын,
Тұтпасаң егер, төнгені жұттың!

(Тасынды өрлет, сөзді іске асыр,
Әйтпесе, жаншыр өзіңді тасың...)»

Еліктен сұра, құзырымды менің,
Дауасы не екен жасарсың емін.

Бейнетті шектің сен барып-келіп,
Қайтарсың құдай күндей нұр беріп.

Ауыр ап жанды шерлі етпе, тегі,
Суытып қанды шеттетпе мені!

ӨГДҮЛМІШТІҢ ОДҒҰРМЫШҚА ЖАУАБЫ

Өгдүлміш айтты, ойланып болып,
Ұқтым деп енді, ақиқат жолын.

Сөзіңді ұқтым, тыңдадым бәрін,
Сөзімді кестім, аңдадым мәнін.

Турасын айттың, сөз — шындық толған,
Басқаның бәрі, кіл қисық жолдар...

Сенікі — шындық, менікі — ойын,
Бой ұсындым шынға, ойынды қойып.

Барайын енді, қал жақсы, аман,
Қос дүние нұрын көргейсің әмән.

Бауырым, құдай күш, тауфиқ берсін,
Дуаңда ұмытпай, қамымды жерсің!?

Құдайдан мені тілей бер оңдап,
Көңілімді ашсын, құдайым қолдап.

Үзді де сөзін, орнынан тұрды,
Қоштасып, үйге ол жүзін бұрды.

• • •

Атқа мініп, келді үйіне оралып,
Түсіп, кірді, тынды біраз, дем алып.

Ішті, жеді. Біраз ойға торықты,
Естіген сөзін пісірді, өзі қорытты.

Күннің жүзі түнек буып, жоғалды,
Бүкіл әлем қара түске оранды.

Румн қызы жүзін шашы жасырды,
Күллі әлемге қап-қара шаш шашылды.

Аспан зәңгі болып, түнек асылды,
Құстар тыншып, жүрер аяқ басылды.

Дәрет алып, оқып түнгі намазын,
Орын сайлап, бұрды ұйқыға назарын.

Біраз ұйықтап, оянды да қарады:
Төбесінен миррах * ауып барады.

Және көрді: үркер ауып өтіпті,
Туардан чадан ** туып, өрлеп кетіпті.

Тағы біраз жатты ұйқы көрмеді,
Безгек қысқан адамдай көз ілмеді.

Жатты ұйқысыз, ойынан ой түледі,
Әппақ болып, бозарды аспан реңі.

Абыр бүркеп, түйді аспан қабағын,
Жерден арай өніп, шашты шапағын.

Күн өрледі, жерден, нұры алаулай,
Түсі жайнап желбіреген жалаудай.

Тұрды Өгдүлміш, жуынды да күтінді,
Білгеніншe намаз оқып бітірді.

Қызыл қалқан найза бойын асқанда,
Сарайға кеп, кірді тура жасқанбай.

*

Келгенін естіп, Елік оған жол берді,
Кірді Елікке, қауыштырып қол берді.

Елік ымдап, отырар орын нұсқады,
Бұл орынға барды әдепті ұстанып.

ЕЛІКТІҢ ӨГДҮЛМІШКЕ САУАЛЫ

Біраз тұрып, айтты сөзін Елік те:
Ей, құлқы оң, сөйле, келтір, ірікпе!

Не болды ісің? Ағайының не деді?
Тілегің ше? Досың қашан келеді?

ӨГДҮЛМІШТІҢ ЕЛІККЕ ЖАУАБЫ

Жауап берді, айтты Өгдүлміш сөздерін,
Не айтылып, нені естіп, сезгенін.

Екеуара болған сөзді түгелдей,
Айтты Елікке ештеңесін жібермей.

*

Елік біраз тұрды, ойланып қамығып,
Көзінен жас төкті, көңілі жабығып.

ЕЛІКТІҢ ӨГДҮЛМІШКЕ ЖАУАБЫ

— Ағайының,— деді,— дұрыс сөйлеген,
Сөздің сөзін айтқан, болса үй деген.

Өзімізді күштеп бүгін бағармыз,
Оны дағы күштеп, өш қып алармыз.

Өтер дүние, қайта айналып келгісіз,
Қалған тірлік қанша екені белгісіз.

Шүбәсіз, бақи дүние келер-жетер,
Рахат, бейнет ұзамас, өтер-кетер.

Мәңгілік сол — ол онда рахат тапса,
Орны, ісі оң болар, көңілі шат та.

Қандасың ұққын бәрін, бекем екен -
Шақырып келтірем деу, бекер екен.

Бәріміз құмарлықтың боданымыз,
Текке өтіп жатыр күндер, заманымыз.

Тында енді, ділі тірі ер не дегенін,
Сөзімен не ақыл беріп, меңзегенін:

«Нәпсі мен құмарлық — жау. Күш алса егер,
Күнә өш алып, жан-тәнің бейнет шегер!

Тірілсе — нәпсі, көңілің көзін жұмар,
Көңіл өлсе, табыну қалып, тынар.

(Нәпсі жеңсе, көңілің өлер анық
Көңіл өлсе, мінажат өшер қалып.)

Тұтқынбыз, біздің көңіл өлген, сөніп,
Нәпсі, құлқын жалмаған жаудай төніп.

Ұлықтық, бектік, дәулет, һәм жасың да,
Ұзақ тұрмас, ақ пейіл ер, басында!

Жалғанның бейнеті көп, рахаты аз,
Қарғыс-сөгіс ауыртып, қатады бас.

Жақсы айтыпты білімді адам пендесі,
Әлемді сынап, ашылған көз, зердесі:

«Ұлықтыққа қуанба артық, күлімдеп,
Ұлық болдың, бас ауыртар күнің көп.

(Ұлықтыққа көп қуанып, күлмегін,
Ұлықтық бас қатырар, жөн білгенің)

Сүйініштің пәле жүрер соңында,
Рахаттың бейнет тұрар жолында!»

ЕЛІКТІҢ ӨГДҮЛМІШКЕ САУАЛЫ

— Өгдүлмішім,— деді Елік,— біле біл,
Шақырғанда мынау еді тілегім:

Жақсылыққа тисе себім, себебім,
Тірілер ме еді көңіл, ей бегім!

Тұрып алды, көнбей мұнда келуге,
Дос-жар, туыс, таныс жүзін көруге.

Айтқан сөзі түгел шындық, ойласаң,
Болмас енді күштеуді оны қоймасаң.

(Айтқан сөзі кіл ақиқат, ұққанға,
Болмас енді, оны күштеп қыстауға!)

Өзің қанша бейнет шегіп, бүгілдің,
Сөйлеп тілмен, арып-ашып жүгірдің.

Күтелік те, көрелік ей, сақы ұлым,
Не боларын уақыт, заман ақырын.

Келер істі тұрар бүркеп жауып түн,
Ей, ізгі дос, ашар оны жарық күн.

Құрулы тұр бұл заманның садағы,
Не пайдасы, тиеді не залалы.

Күллі ісіңді бергін құдай жөніне,
Кезі келсе, жөнге келер өзі де.

Қай іс болмай, көре алмасаң қызығын,
Оны әншейін, қоя бергін, құзырым.

(Қай іс болмай, үзсе жібін үміттің,
Жөніне оны қоя берсең, біліктім).

Бұл дүние жайы: қусаң — қашады,
Қойып қойсаң, өзі жолын ашады.

Біраз оны күтейік те, сынайық,
Заман, күннің халін бағып, тынайық.

Бізді іздер өзі-ақ қайта айналып,
Өз жағдайын, жақсылығын ойланып!

• •

Осымен Елік сөзін тәмәмдады,
Өгдүлміш, шығып кейін аяңдады.

Күндер өтті... Елік ойын аңдады,
Шығып істің алды-артына, барлады.



68

Күнтуды Еліктің Одғұрмышты үшінші жолы шақыртуы айтылады

Шақырды Елік Өгдүлмішті бір күні:
Саған бір іс істеу ләзім, біл мұны.

Туысыңды шақырып ем келмеді,
Менің арыз-тілегімді бермеді.

Ол тілеген тілегімді кетірдім,
Енді басқа тілекті ойлап, бекіндім.

(Ол тілеген тілегімді тастадым,
Тілегімнің жөні енді басқа-дүр).

Көр, бүгінгі менің тілер тілегім,
Бір көрейін өзім оның жүз-өңін.

Зиарат үшін, ей шырайлым, гүлжүздім,
Мен барайын, не ол келсін, білгізгін.

Ақыл-кеңес берсін, түссін түстеніп,
Қайтсын сонсоң, жасай берсін істерін.

Оған зиян жоқ, тигізсін пайдасын,
Былғаныштан тазарайын, жайғасып.

ӨГДҮЛМІШТІҢ ЕЛІККЕ ЖАУАБЫ

Бұл сөз шынға шығатындай тіпті,— деп,
Айтты Өгдүлміш,— дұрыс сөз деп, құтты бек!

Тілесе Елік, мен келуін сұрайын,
Жарлық етсе, тағы жолға шығайын.

Барайын мен аршып сөздің арнасын,
Келтірейін, Елік өзі бармасын.

Жарылқасын Елік тағы хат жазсын,
Жақсы кісі, мұнда сеніп аттансын!

ЕЛІКТІҢ ӨГДҮЛМІШКЕ ЖАУАБЫ

Елік айтты:— Қайтесің хат дегенді,
Хаттан толық ендігі хат сен енді!

Хатты сенбес адамдардан берісер,
Сенен өзге кім бар бізге сенісер!

Бүкіл істі ақылменен істеген,
Иағма бегі не дегенін естігін:

«Елшіге бек сенсең, хатың не керек?
Сенім болса, әзірленіп не керек?

Тіліңмен айт, есті сөзді тілінсін,
Тағы бір хат, ей ақылдым, не керек?!»

Онша қиын іс емес бұл, сасарлық,
Белең алып, шошып одан қашарлық.

Неге керек мұнша сөзге хат жазып,
Сенерім сен, хатым да өзің мақтанып!

Маған келсін, жүздессін де тез қайтсын,
Ерік бердім. Күштемеймін... сен де айтқын.

Қажет үшін жұмсадым мен, жасырман,
Ізгілікпен шақыр, күштеп шақырма!

Мен барайын, келе алмаса ол бері,
Көріп өңін, оралайын тез кері.

ӨГДҮЛМІШТІҢ ЕЛІККЕ ЖАУАБЫ

Жауап беріп, Өгдүлміш айтты:— Тілек,
Болар түгел, қолдаса құдай желеп!

Қатуланып мен алдынан өтермін,
Арыз-тілек бәрін түгел стермін.

Бергей құдай, Еліктің бар тілегін,
Есен-аман болсын Елік! Жүремін!

* * *

Тұрып шықты, аттанды, үйге жетті ол,
Түсіп, үйге кірді, тонын шешті ол.

Сары болды күннің қызыл ажары,
Әлемді алтын реңі орап, тарады.

Күн жүзіне сары зафран жағынды,
Аспан, жаһан сол реңді жамылды.

Түйіп қабақ аспан суық түрге енді,
Жаһан қара зәңгі түсті бүркенді.

Ішті, жеді, жуынды, оқып намазын,
Төсек салып, кетті ұйқыға қамалып.

Сары сандуғаш сайрап қоя бергені,
Елең алып оянды, ұйқы келмеді.

Ояу жатты, оны қанша тыңдады,
Сүйінді де үнге, тұрып таңданды.

Ұйқы қашып, түні артық ұзады,
Аңсар болды жарық күннің шығары.

Аспан жыртты киген қара көйлегін,
Жүзі ашылып, көтерді күн иегін.

Күліп бақты, өрлеп, сұлу қыз жүзі,
Бұл дүниенің жарқырады жер, құзы.

Күн келді өрлеп, нұрлы жүзін шығарды,
Жарық қылды өзін, қолат, құзарды.

Жуынды да, киінді, сәй тұрды ол,
Өзі игілік жорып, намаз қылды ол.

Бір ұланмен атын ұстап, ерттеді,
Сүйініп, күліп туғанына беттеді.

Таяғанда ақырын жүріп аяңдап,
Түсіп, баяу келді есікке жаяулап.

Тоқылдатты, үй есігін тұтты да,
Туғаны тез шықты алдынан, ұқты да.

ОДҒҰРМЫШТЫҢ ӨГДҮЛМІШКЕ СЛУАЛЫ

Өгдүлміштi көзі көріп түнерді,
Айтты:— Інім, істі ұзатып жібердің.

Өзіңді күштеп, неге бейнет шегесің?
Неге маған қарысасың, егесіп?

Жүр, келген соң, сөйле, үйге кірелік,
Неге келдің қайта айналып, көрелік.

Екі туған жүріп, кірді үйіне,
Захид қасын түйіп алды ініге!

ӨГДҮЛМІШТІҢ ОДҒҰРМЫШҚА ЖАУАБЫ

Келгені айтты:— Сенің басың асыл-ды!
Сөзді тында, түйме ашумен қасынды.

Сенің айтқан сөздеріңді айнытпай,
Елікке ұзақ баяндадым қаймықпай.

Есітті Елік, сөзді түгел тыңдады,
Сөзіңді естіп таңдады, көп таңданды.

Қоя берді, сені қақпай бетінді,
Бұдан бөлек бір тілегін өтінді.

Сол іс үшін сөзші болып келемін,
Мені ұятқа қалдырма сен, ей ерім!

Әр нәрсенің аян, бар шек-шамасы,
Істің сәтін алма өткізіп, ағасы.

Тыңдап алғын, ақылды тіл не деді,
Бұл сөз мәні бар нәрсеге келеді:

«Алма өткізіп әр істің сәт, шамасын,
Өткен екен, істен қашық қаласың.

Әр нәрсенің бар түр, түсі, жосығы,
Бар нәрсені сақтар солар қосылып!»

Қойды Елік ол тілегін ақыры,
Түсін, отыр бір зийаратқа шақырып,

Не сен барғын, не өзіңе ол келсін,
Ей, мейірбан, дидарыңды бір көрсін.

Бұдан саған еш зиян жоқ, ағайын,
Ей, тас бауыр, илан, мойныма алайын.

Елік асқан ізгі сұлтан, жаны асыл,
Кедей, кемтар, жамандарға жанашыр!

ОДҒҰРМЫШТЫҢ ӨГДҰЛМІШКЕ ЖАУАБЫ

Айтты Одғұрмыш жауап беріп:— Бұл сөзің.
Ұғымға шақ, ей аққөңіл, жөн сөзің.

(Айтқан сөзің көкейіме қонады,
Ұғымға шақ, жақын мәні-орамы).

Мұсылманға мұсылман туыс барысың,
Зийарат қылар, ей көңілі ақ, танысып.

Бұл сөзге мен егілдім, бой беремін,
Бүгін оған зийарат қып келемін.

Бұдан бұрын оған өзім бармадым,
Қалар еді онда пайда алғанын.

Оны қойды, тұтты жолдың адалын,
Туралыққа көндім, тілін аламын!

Барайын мен Елікке, Елік келмесін,
Бейнет маған тисін, оған тимесін.

Елік — елдің бегі, халық ұлығы,
Соған: құрмет, сый пайданың шырыны.

Түзер сөзін, жөн жол-жосық түзілер,
Аршыр елді ессіздердің ізінен.

Білімі теңіз не дегенін тыңдағын,
Ақылымен егіз көңіл сырлары:

«Бек жарлығы кілең бұйрық бекіген,
Үлкен-кіші қадірлейді шетінен.

Құл болса да, сатып алған күміске,
Бектің сөзін құрметте, алма бетінен!»

Бек жарлығын құрметтеймін мен енді,
Болам жақын, зийарат қып келем де.

Жүр, қайт енді, Елікке айт сөзімді,
Келеді де, жетермін мен өзім де.

Жарық дүние жүзін перде жапқанда,
Барайын мен, дайында ескі жай жатқанға.

Кісі көрсе күндіз мені, шатағы:
Мені сөйлеп, өзін отқа атады.

Аттан енді үйге, сабыр сақтағын,
Мен келгенше сен біраз күт, жатпағын.

Ең әуелі саған барып түсейін,
Не істерімді, сонда жорып білейін!

ӨГДҮЛМІШТІҢ ОДҒҰРМЫШҚА ЖАУАБЫ

Сүйінішпен айтты Өгдүлміш жауабын:
Тым әдемі болды, аларсың сауабын!

Барайын мен енді Елікке, тұраіын,
Келеді деп, қуанышты қылайын.

Менен кейін, сен сөзіңді жасытпа,
Жеткін өзің, уәделескен уақытта!

*

Екеуі бір сөздің ұстап астарын,
Сүйінішпен шықты, жазып қастарын.

* * *

Және түйіп қайталады ол:— Қандасым,
Сөзді қима, келгін, көңілім қалмасын!

Жүзін жауып, күн жерге еніп жатқанда,
Дүние жүзі көмір түске батқанда.

Күтем сені, кел үйіме жайланып,
Отырамын күтіп сені, сайланып!

* * *

Атын мініп, келді Елікке оралып,
Түсіп кірді, құзырына жол алып.

Айтты түгел болған сөзді жаңағы,
Сүйінді Елік, ашылды көз, қабағы.

ЕЛІКТІҢ ӨГДҮЛМІШКЕ САУАЛЫ

— Бұл бір ізгі іс, болды,— деді,— келелі,
Сен айтқандай, шын болса оның дегені.

Және айтты Елік:— Қай уақытта келеді,
Ей, білімдім, көзім қашан көреді?

ӨГДҮЛМІШТІҢ ЕЛІККЕ ЖАУАБЫ

Жауап берді, айтты Өгдүлміш:— Кешкісін,
Жарық дүние жүзі түнді кешкесін.

Үйіме ол келмекші, дем алмақшы,
Қашан келсін десең, сонда бармақшы.

ЕЛІКТІҢ ӨГДҮЛМІШКЕ ЖАУАБЫ

Елік айтты:— Көп жүгірдің бейнетпен,
Алла берсін сауабын саған зейнетпен.

Бұл дертімді дауасымен емдедің,
Сүйіндірдің көңілімді демдедің.

Сен үйде күт, келсе маған хабарла,
Келер менен шақырушы адам да.

Туысыңды алып, маған келгін, шырайын
Зийарат қылып, көрейін мен тынайын.

Мұны меңзер — білгін сөздің түбірін,
Не дейді екен, тыңда да ұқ жүгінін:

«Кісі көңілі ізгілікті ұнатар,
Үмітпенен өзін-өзі жұбатар.

Түгел тапса, егер арыз тілегін,
Көңілі өсіп, қояр сөзін, жүдеуін.

(Тілегін тапса, тілін де тез жияды,
Марқайып жан, сөйлеуін де тияды!)»

Әлбетте!— деп, шықты Өгдүлміш белсеніп,
Үйге келіп, отырды сәт бел шешіп

Күн жерге еніп, жүзін жауып жасырды,
Қара тұман туып дүние басылды.

Әлем тұлдың тонын киіп тұлданды,
Аспан жүзін қара жауып мұңданды.
Қыбырлаған түгел ұйып жұмды көз,
У-шу, тынып, кесілді тіл, тынды сөз.



69

Одғұрмыштың Өгдүлмішке таман келуі айтылады

Тұрып, ақыры, келді, қара, Одғұрмыш,
Көріп, күтіп алды оны Өгдүлміш.

Сәлемдесіп, соңынан қол алысты,
Екі ақылды үйге кіріп барысты.

Ас, ішімдік шығарды ол құрметтеп,
Кісі кетті ханға хабар бермекке.

Естіді Елік жауап берді ашылып,
Жақын тартып, алды оларды шақырып.



70

Күнтуды Еліктің Одғұрмышпен көрісуі айтылады

Барды екеуі таяп жақын, әмірге,
Көріп Елік, қарсы алды қадірлеп.

Ең әуелі көріп сәлем берді Елік,
Захид тұрып, сәлеміне деді:— «Әлік!»

Хан Захидпен қол алысты жайдары,
Хал сұрады, күлім қағып жайнады.

Орын беріп, өзіне аса тақады,
Мейірім қылып, құрмет-ізет жасады.

Айтты:— «Мұнда өзің жаяу келіпсің,
Ей, Одғұрмыш, көп машақат шегіпсің!»

ОДҒҰРМЫШТЫҢ ЕЛІККЕ ЖАУАБЫ

Айтты Одғұрмыш:— Өзіңді, әмір, ғұрыптым,
Көзім көріп бейнетімді ұмыттым.

Келсем, енді, мен өзіңе тіленіп,
Не машақат болушы еді, біл, Елік!?

Жүріп барса тілегіне кісі өзі,
Арып қалмас, қолына олжа түседі.

Не дегенін, анда, ердің қаһарман,
Ақылымен даңқын алыс апарған:

«Жырақ жер де жақын — көңіл қаласа,
Жетер анық ол тілекке тамаша.

Тілегіне ұмтылса ер көңілмен,
Тез жақындар үмітке алыс көрінген.

Аяқ бассаң көңілің соқпай, тегінде,
Қашық болар, қанша жақын жерің де!»

Аяғыңмен жүрсең михнат жетеді,
Көңіліңмен жүрсең михнат кетеді.

Көңіліммен келдім саған, ей, Елік,
Қалай бейнет тисін маған, сен, Елік!

Қара, көңіл кімді сүйіп, қаласа,
Қанша жырақ болсын, жақын сол аса!

ЕЛІКТІҢ ОДҒҰРМЫШҚА САУАЛЫ

Елік айтты:— Сөзден бұрын, сауалым,
Бар өзіңе, айтып бергей жауабын?!

Көңіліңмен келдің маған, жөн делік,
Бұл қай ісің өзің жауап бер, ерім!—

Білесің сен, сәлем ауыр жол аса,
Кім алдымен сәлем берсе, сол ашар.

(Білесің сен, пысы басым сәлемнің,
Жол ашады әуел берсе сәлем кім?)

Көріп тұрып, маған сәлем қылмадың,
Сәлем беріп неге мойын бұрмадың?

ОДҒҰРМЫШТЫҢ ЕЛІККЕ ЖАУАБЫ

Айтты Одғұрмыш:— Әу баста ұғып, сенгемін —
Біле тұрып, жорта сәлем бермедім.

Сәлем — жолы есендіктің адамға,
Сәлем бердің — саулық бердің аларға.

Сәлем — аман бол дегенің әмәнда,
Сәлем қылсаң, аман болар адам да.

Мұны меңзер келді сөздің кезегі,
Көңілі түзу, есті мұны сен енді:

«Сәлем берген берер ерге амандық,
Әлік алған саламаттық алар-ды.

Сәлем ерді жамандықтан қағады,
Жауап берген амандықта қалады!»

Кішіге сәлем бергені жөн ұлылар,
Алдын алса, күллі ісіңнің ығы бар.

(Кішілерге берсін сәлем ұлықтар,
Құнттар да, бар бәлені құлыптар.)

Кіші үлкеннің сөзін тұтып, атқарса,
Әмәнда аман жүрер көзін жапқанша.

Кішік аман болса ұлық көрінен,
Қайыры тиіп, есен қалар бәрінен.

Ханға менен не шер келсін аландар,
Мен — кішікпін. Кішіктен не залал бар.

Елік қолы ұзын барша халыққа,
Не қылса да қылар, тулап-тарылса.

Қор, қаралар бекке сәлем қылмайды,
Ей, білікті, оның мәні сондайды.

Қызмет етсе деп әуелі санадың,
Шақырттың сен, өзің тілеп қаладың.

Қабыл көріп, мен сөзіңе ермедім,
Алдамшы дүние байыбына сенбедім.

Оны койып, жүздесуге шақырдың,
Енді алдыңа келдім аман, бас ұрдым,

Тағы иманып едім сенің алдында,
Сәлемет, аман бердің, қолды алдың да.

Қозғар ма деп сол сөздерін қайтадан,
Тағы қорқып, сенен сәл-пәл тайқағам.

Түгел сендім, нандым енді табанда,
Шапағатың тигей сенің, маған да!

ЕЛІКТІҢ ОДҒҰРМЫШҚА ЖАУАБЫ

Елік айтты:— Бек жараспас бектерге,
Тілі сөйлеп, өзі тайқып кеткенде!

Жетпес, болмас үлкендікке сайлы жан,
Тілі айтқан сөзден қайтып, айныған.

Елге иелік ете алмайды, шындығы,
Сөзі жалған, мәнсіз құлық-қылығы.

Қалай болсын халыққа ол бек, ұлық,
Сөзі жалған, қолы болса, тек, құрық.

Бұдан да артық сөз айтылған мақалдап:
«Сөзден қайтсаң, құтың қайтар — қашар бақ!»

Ер жаманы жалтақ, жалған айтқандар,
Ең жаманы уәдеден қайтқандар.

(Жалған айтқан ең жаманы адамның,
Серттен тайған ең жаманы жаманның).

Жақсы айтқан шындық үшін өскен ер,
Шыншыл ердің өзін құдай ескерер:

«Бек шын айтып, болу керек сөзге ие,
Өз сөзінен айныса, оны ер деме!

Тілі айтқан сөзден қайтпас ерен ер,
Сөзден қайтса қатыңа ол теңелер!»

ОДҒҰРМЫШТЫҢ ЕЛІККЕ ЖАУАБЫ

Айтты Одғұрмыш жауап беріп:— Ер Елік —
Бұл ізгі іске қолы жеткен теңеліп.

Арттырсын һәм құдай сені қолдасын,
Жақсы қылық, құлқың сені қорғасын!

Бектер елдің таңдаулысы сарасы,
Болсын сара қылық, сөзі, санасы.

Білік беріп былай депті білген ер:
Бегі әділ, ізгі ел байып, гүлденер.

(Біліктіден білік-тәлім тараған:
«Халқы байыр, болса бегі ақ, адал!»)

Не дейді екен, тыңда, ақ басты адамды,
Ұзақ жасап, кешкен бастан ғаламды:

— Құлқыңды онда, ей, тұтушы жаһанды,
Келуші құт кетер, қайта қашар-ды.

Жақсы ат қалдыр тырыс, сен де өзіңе,
Опа бермес, жат қылар құт сені де!

(Ізгі ат қалдыр, өзіңді-өзің аңғарып,
Құт-опасыз, кете берер аударып.)

Ей, қолы ұзын, жамандыққа бармағын,
Сөз, қылықты ізгілікке арнағын.

Бек, ұлықтық өшер, кетер, ақылым —
Тек жақсылық айнымайды, батырым!

(Бек, ұлықтық сенен жүзін бұрады,
Тек жақсылық құбылмай нық тұрады).

Ізгілік ет, халық жүгін көтер де,
Жақсылығың қайтар, дәурен өтер де!

Тірлік күні, түбі, ізсіз жел екен,
Құтқа алдансаң, текке өткенмен тең екен.

ЕЛІКТІҢ ОДҒҰРМЫШҚА ЖАУАБЫ

Елік айтты:— Білікті ұлық, түсінгін,
Тілегім сол, ізгілік нұрын түсіргін.

Саған мұнша құлдық ұрдым, аңсаттың,
Осы еді, асыл тектім, мақсатым.

Енді ақыл-кеңес бергін, болысың,
Ізгілікке қолым жетсін, толысып.

Кісілер көп құлқын қамын аңдыған,
Ей, сақи, жоқ мейірімді, арлы жан.

Бектер барша тілектерін табады,
Көңілін демдер демеу таппай жанады.

Сарайда көп қалтақтаған қалың бас,
Біреуі жоқ сүйеу болып, жаңылмас.

Бәйіт, сақи айтар мұның жосығын,
Ұққың келсе, ең әуелі осыны ұқ:

«Кісімін деп жүргендердің саны көп,
Пайда жасап, кісілік қылар мәні жоқ.

Мың кісінің ісін істер бір кісі,
Атқара алмас қаптап оны мың кісі!»

* * *

Ей, Одғұрмыш — деді Елік тағы да,
Хақ пейілін аударыпсың, бағыңа.

Жарасады қылық-құлқың атыңа,
Бақ, тілеуің келсін түгел басыңа!

Хақ бергеннен маған үлес байларсың,
Тіріліп көңіл, нәпсім өлікке айналсын!

ОДҒҰРМЫШТЫҢ ЕЛІККЕ ЖАУАБЫ

Жауап беріп, айтты Одғұрмыш:— Көрдің бек,
Кісімін мен мақтарға тән сыртым тек.

Білсең егер, ей, бек, менің ішімді,
Бүгін қуар едің, салып түсіңді!

Маған «Захид»— деген атақ тағылды,
Ибадатқа жүк боп, жеді жанымды.

Мені құртқан осы лақап тағылған,
Осы ат үшін жан сарайым жабылған.

Дүкенімді безендірдім көрерге,
Құр көрініс, жоқ пайдасы берерге.

Сыртын көрме, сен, ей, Елік, кісінің:
Ісін қара, сырын аңда ішінің.

Тысы сонша көркем қауын болады,
Хош иісті, көздің жауын алады.

Ол қауынның ішінде дәм болмаса,
Тысқа тастар, ұстамас та қолға аса!

Жаны сұлу сөзін есті, мән бере:
«Безе ішіңді, сырт бойыңды сәндеме!

Мәні ішінде күллі заттың жағалай,
Іш болмаса, қалар тысы жарамай?!»

ЕЛІКТІҢ ОДҒҰРМЫШҚА ЖАУАБЫ

Жауап беріп, айтты Елік:— Жан, таза,
Ішің-сыртың тұтас, бірдей тап-таза!

Бұл дүниеден безіп, жүктен арылдың,
Мен дүние жүгін артып, арыдым.

Бұл дүние ісі қылды пұшайман,
Хаққа ибадат ету қайда, жоқ айлам.

Маған ақыл кеңесің бер, тұтайын,
Тазарайын мен сөзіңнен құтайып.

ОДҒҰРМЫШТЫҢ ЕЛІККЕ ЖАУАБЫ

Жауап беріп, айтты Одғұрмыш:— Ей, бегім,
Жақсылыққа жақсылықты тендегін.

Ең қоры — мен, хақ құлдары ішінде,
Білімі дария, білме өңгені, түсін де.

Менен жаман құдай құлы, іздесең —
Тағы өзіммін, егер, Елік, білмесең.

Сөздерімнен қандай пайда келеді,
Кеңесім саған қандай демеу береді?

Және иемнен үмітімді кеспегем,
Кешір ием — сол күнәмді істеген.

Жазықты құл не дегенін тыңдағын,
Жазығын біліп, тілмен құзыр қылғанын:

«Күнәһар, надан құлыңмын мен жазықты,
Бақсаң, мені күнә буып қалыпты!

Сенен өзге, жоқ ием де табынар,
Күнәмді кеш, құтқа баста, жалынам!»

ЕЛІКТІҢ ОДҒҰРМЫШҚА ЖАУАБЫ

Жауап беріп:— Көңілі қош!— деді Елік,
Құлқың қандай, сөзің қандай келелі!

Өзіңді қор санағаның үшін де,
Жақсы, сыйлы боларсың жұрт ішінде.

Тіл, көңілің, өзің де өстің, көріндің,
Бір кеңес бер, себі тисін сөзіңнің.

Ей, ісі ізгі, қылығы шын, асыл ер,
Мейірім ет маған кеңес-ақыл бер!

Құдай саған бар жақсыны берді үйіп,
Ізгілік жолын ашқын маған, ей, күлік!

Ізгі ер, енді, маған ақыл берерсің,
Құдай сені, қиямет күні демесін!

71

Одғұрмыштың Елікке ақыл-кеңес беруі айтылады

Жауап беріп, айтты Одғұрмыш:— Ей, Елік,
Тілекке хақ қол жеткізсін, теңегін.

Жалған дүние, өткінші әлем әрқандай,
Талай бекті қартайтты, өзі қартаймай!

Сендей талай бекті «сүйіп» өшірді,
Саған қарай енді назар көшірді.

Сен бұған шын пейіліңді бермегін,
Опа қылмас, түңіл, елтіп ермегін.

Тірлік сыры осы, білсең, сен елеп,
Менің үгіт- насихатым не керек!?

Сенен бұрын жаһан тұтқан болар мың,
Қайда кетті, қәне күші солардың?

Ойла, олар қанша жүрді, біл хақын
Саған дағы солай барар күн жақын.

Саған тиді, бектік енді, дұрыс та,
Іс жасай жүр, ұзақ тұрмас уыста!

Пайда қылған болса қай іс оларға,
Соны жаса қол қусырып жоғалма.

(Неден рахат көрсе олар, соны істе,
Неден бейнет, шексе соған келіспе!)

Өлерінде неден олар өкінсе,
Содан қашық жүр, жолама — өтінсе.

(Өлерде олар неден сасса, бұғынып,
Ізгілік тіле, қайталама қылығын).

Жақсы айтыпты, бек білікті, бақытты ең,
Білікті сөз тең ғой інжу, жақұтпен:

«Көрдің бе өлік, сен де тірі қалмайсың,
Құлқыңды оңдап, әзірленіп алғайсың!

Ей, қылқы осал, өлім сырын танып қал,
Өтер тірлік, үлесіңді алып қал.

Ей, қамсыз құл, жүрме, қалғын қарманып
Өлімге бас ұрма, келер алғалы!

Байқап қара, кешкен күн мен бұл күнді,
Ойла: түгел көрген түстей бір түрлі...

Егер өзің қылған болсаң ізгілік,
Өзіңе пайда жасағаның мәңгілік.

Зая өткізсең тірлігіңді егер сен,
Күні-түні өкініш, зар шегерсің.

Тілеуменен өткен тірлік оңалмас,
Жігіттіктің күші қайтып оралмас.

Зая қылма дәуреніңді қазірден,
Ибадат қып, ақ өлімге әзірлен!»

Сенен бұрын, Елік, байқап біл: ерең,
Бек еді атаң түрік елін түзеген.

Қазна, әскер, қошеметке бөленіп,
Тілегі боп, құрды қанша төрелік.

Ақыры өлім тұтты жетті, сүйреді,
Құрмет, даңқтың еш пайдасы тимеді.

Өсиетін айтты атаң кетерде,
Ата сөзі — тұтсаң — қант, шекер де!

Мұны меңзер, мына сөздің мәсі бар,
Пайдасы көп ұқсаң, көзің ашылар:

«Атаң өлсе, қашан болсын қарманып,
Айтар: Ұлым, көр,— деп,— дүние жалғанын.

Өлім тұтты. Кеттім. Келер саған да,
Жақсы ат қалдыр, харекет қып ғаламға!»

Ұғып алғын, ата-анаңның өлімі,
Ұлға үлгі, тіршіліктің тәлімі.

(Ата-ананың өлімі — өмір тәлімі,
Ұл-қызға өнеге, тіршіліктің әлібі.)

Ата-анаңды алды өлім, қоймады,
Уақыт жетсе, қоймас сені, ойлағын!

Дүние қысып жапа қылды оларға,
Құлқын оңдап, саған опа қылар ма!?

Керек іске жұмса өмірді жарасып,
Сауабын ал, елге үлесіп қарасып.

Керегіңді ал көшер күндер ішінен,
Дайындал, текке сені қапы түсірер.

Өзің мұнша халық жүгін көтердің,
Қисапты біл, сақ бол, қапы кетер күн!

Сені қалың аш бөрілер торып жүр,
Ей, ел ері, қойды қатты қорып жүр.

Бола қалса, біреу егер еліңде аш —
Құдай оны сенен сұрар, көзіңді аш!

Бүгін шамдай жанып көзді қарыдың,
Ей, паңзада, басқа үшін жарығың.

(Бүгін, Елік, шырағдандай жанасың,
Жарығың бөгде жандар үшін, қара, шын!)

Тірлік тозып, жасың азып, сөнерсің,
Ешкім саған қолын бермес, көрерсің!

Кісі үшін өзіңді отқа салмағын,
Өзіңді өзің зорлап, қорлап жанбағын.

(Біреу үшін өзіңді отқа қақтама,
Біреу үшін босқа өзіңді жасқама!)

Қалар бәрі — ұлықтықта, ұлылық,
Есік ашып, салса ажал құрығын.

Туралықпен, адал бектік құр ұдай,
Билігің нық тұрар ұзақ, мызғымай!

Білікті ұлық берген тәлім, қабылда,
Бұл сөзді еске түйіп, жолдан жаңылма:

«Келсе, бектік жөнін берік ұстағың,
Әділ болып, шындық жолын нұсқағын!

Ол дүниені қолға тұтсам десеңіз,
Шындықты ұстан, сөзді осымен кесемін!

«Бекпін»деуші кеуде керіп, күпінбе,
Опасыз бұл дүние түңіл, күтін де!

Нанбағын бұл дүние-құтқа малданып,
Жапа шегіп, қаларсың құр алданып!»

Ей, Елік, бұл — сарай, орда, тағыңыз,
Тіккен саған бір қонақ-жай, нағыңыз.

Сенен бұрын талай түсіп өткен-ді,
Түстен тұрмай, көзін жұмып көшкен-ді.

(Бұрынғылар түстеніп, түс көрген-ді,
Тірілмей сол түс ішінде өлген-ді!)

Саған енді тиді орын да, орда да,
Көшті өзіңнен бұрын сайла жолға да!

Бүгін мұнда салма орда, үй, сарай,
Қоймас сені, өтіп жатқан жыл, күн, ай!

Өзің жатар орныңды көр, сайлап ал,
Жақсылықпен жақсы қылып жайлап ал!

«Бүгін сарай менікі!— деп санарсың,
Ақылдылық емес, шынын, бағарсың...

Тыңда өзің, саған қарсы не деріп
Байқап көрсең, шын айтады, ей ерім:

Өзеурейсің: «Менікі,— деп,— менікі!»
Неге айтасың? Қане, несі сенікі?!

«Шық!»— дер саған, кейінгілер өзіңнен
Кіргенше ол да: «Менікі — дер,— менікі!»

Дүние бегі, түнек, зындан бұл жаһан,
Зындан мұңсыз болған емес, бір қапам.

Тілеме артық бұл зынданнан сүйініш.
Жұмақта асыл уаныш та сүйеніш.

Рахат деме рахатты кететін,
Сүйініш деме сүйінішті өтетін.

Дәулет баста тұрмас мәңгі, қашады,
Жиған-терген малды түгел шашады.

О дүниені мәңгі орным деп сана,
Соған бет бұр, бұл дүниені таста да.

Баянды бақ тіле, қойып ләззатты,
Мәңгі ләззат жолы да ауыр, азапты.

Хақтың пейіл, ықыласын айтамын,
Қанша ізгілік жасады ол, байқағын.

Қалың халық ұзын қылды қолында,
Тіл, тілекті берді, ондап жолында.

Саған ұқсас, өзіңдей хақ құлдарын,
Саған мұқлық қылды, көрдің сұрларын.

Шүкір қылып бүгін, Елік, ғұрпыңа
Қайырымды бол құдайдың бұл жұртына!

Тәңір сені әділет үшін қолдады,
Әділ жүріп, әділ тұрсаң болғаны!

Күллі ісіңді ақылменен істегін,
Діліңді — пір тұт, нәпсіге түспегін.

Барша елге мейіріммен қарар бол,
Үлкенге де, кішіге де адал бол!

Халық құлқы бұзылса, тез ескеріп:
Қатты тұтып, түзет оны тексеріп.

Тыңда адамды, білім-теңіз білінген,
Жүзің жарқын, іс істесең біліммен:

«Бүгін ізгі болсын десең күллі ел,
Өзің ізгі болғын елдің ішінде, ер!

Түзетемін десең бәрін, біле бер,
Өзіңді өзің түзе, халқың түзелер.

(Таза болсын десең жұртың сағалар,
Өзіңді-өзің тазарт, халқың тазарар)

Бұл бектер — бас. Қайда маңса ел басы,
Солай еріп, барар маңып баршасы.

Халқы азса, оны бектер түзетер,
Бек азса егер, оны кімдер түзетер?!

(Бегі түзер, егер елі бұзылса,
Кім түзетер, елдің бегі бұзылса!)

Онда өзіңнің қылығыңды, құлқыңды,
Жаның тыншыр, құлқын ондап халқың да!

Өзің тілеп, жақсылыққа бастасаң,
Сөзді тиып, жамандыққа баспасаң!

Арсыздан — без, ластан алыс қонарсың,
Бұл екі істен жүзіқара боларсың.

Жарамсыз, жауыз нәрсені өзің құмағын,
Жарамсыз іс қылма, ақыл қылганым.

Шарап ішпе, рахат қума, көпірме,
Бұлар теңіз жоқ өткелі, көпір де!

Құлқыңды онда, қылығың соған теңессін,
Ақыл жолшың, білім болсын кеңесшің?

(Құлқыңды онда, қылықты оған телігін,
Білім, ақыл болсын адал серігің.

Діліңді онда, әділетке табын да,
Өзіңді ұстап, дұрыс жолдан жаңылма!

Кішік болғын, кекіреймс, кекіреп,
Әскер, күшім көп деп керме көкірек!

Не әйгілі, тәккәппар, пақ ерлерді,
Өлім жеңді. Топырақ жапты, жерге енді!»

Жақсы айтыпты білікті ер мынаны,
Білімдінің сөзі — шындық шырағы:

«Қазынам көп деп, мардымсыма, тасынба,
Қосын, әскер көп деп, бойыңды асырма!

(Байлығым мол деп, лепірме жасаның,
Көтерме нық көп деп қосын, жасағым!)

Күшеншек ер күшін айтып болмапты,
Бір шыбынға әлі жетпей сорлапты!»

Азап көріп, істеп, жерін үрікпе,
Өкпең келсе, жең өзіңді кіріс те!

(Азап демей, пейіл қойсаң қайнайды іс —
Азап келсе, өзіңді-өзің қайрай түс!)

Шайтан ісі — абдырағап, асыққан,
Асыққанды іс ығын бермей, жасытқан!

Сый берерде — тез бер, созып қашыртпа,
Жазаларда — таяқтауға асықпа.

(Сүйін де, тез сыйла — сынға келгенде
Таңда, сабыр сақта — жаза бергенде!)

Болма ұшқалақ сөзде, ойда, жұмыста —
Сабыр сақта, сабыр еткен дұрыс та...

(Сөзде, істе алма жанды алқымға,
Сабыр сақта — ол тең сары алтынға!)

Сақи болғын, елге үлес мал, сыйыңнан,
Бектер сараң болса, атағы сұйылған.

(Халыққа үлес, дүниеңнен — жоғалмас,
Сараң бектің өшер аты — оңалмас.)

Қыңыр сөзге берме ерік — бол берік,
Қырсық сөзден суыр көңіл, тез жеріп.

Бар кісіге сөйле шырын сөзіңді,
Маңдайды ашық, жарқын ұста жүзіңді.

(Күллі адамға тіліңнен гүл төгілсін,
Жүзіңнен нұр, маңдайдан күн көрінсін)

Ел сайлады — қылық, ісің сай болсын,
Көңіл діл, іс, сөз шындығы — сый болсын.

(Жұрт таңдаса — ақта таңдау, талғамын,
Сөзден тайып, істен ауып қалмағын!)

Жақсы болса — жақсылығы қараның,
Өзіне болар, ей, таңдаулы ер, қарағын!

Егер, ізгі болса бектер қылығы,
Күллі жұртқа тиер мейір, жылуы.

Жаман болса бектер құлқы, қылығы,
Жаман жеңіп — жақсы ұлыды, құрыды!

(Болса бектің құлқы жаман, ісі есер,
Ессіз «ерлеп», ізгіліктің ізі өшер!)

Жаман болма, жаман атқа қалмағын,
Жаманды қыс, ерік беріп алмағын.

Жамандық — у, уды жеуге болмайды,
Уды жеген, тірі қалып оңбайды.

Кім ақылды болса, соны жақын тұт,
Білікті сөз болса, ұғып, хақын тұт,

Аты ізгі, шын асылды таны да —
Ісінді бер, жақын тұтып жаныңа.

Алдамшы әлем, бойында мың — айла аңғар.
Осал болма, сақтан, жолы тайғақ, тар.

Безеніп кеп, көр, көңілді арбайды,
Көңіл берсең, жалт береді, алдайды.

Өлімді ойла, қайғы — мұңға жеңілме,
Ей, ел бегі, өлімге ерте берілме.

Ұйқы — ғафыл, ұйықтама, ей, Елік,
Мас болма, естім, бұл бектікке сен еріп.

Бір күншілік рахатқа малданба,
О дүние жәннатын бақ, арманда...

Сүйініші ләззәты мол, тұттың ба,
Рахат болса сондай болсын тұп-тура

Рахат қусаң — өзің ізгі, жақсы бол,
Мәңгі нәмәт ішінде жүр, үлгі бол.

Не дер екен, тында, білім конған ер,
Білігімен елге сыйлы болған ер:

«Құдай берсе, рахымының шегі жоқ,
Рахатыңның рахметі тегі көп!

Егер безсең, қорлығың бар табатын,
Ол қорлыққа кімнің шыдар тағаты!?

Бейне оташы, Елік, бүгін сен де бір,
Мұңын шағар саған бүтін ел келіп.

Қайсыбірі күші қайтып, қорлаған
Қайсыбірі кедейліктен сорлаған.

Қайсысы — аш, қайсыбірі — жалаңаш,
Бірі қайғылы, қан мен жасы аралас.

Сенде болар, бақсаң, емі бұлардың,
Дәріс беріп, емдеп, мұңын шығарғын!

Егер, дауа жасамасаң, обалсыз,
Халқыңа сен тірлік жұты боларсың.

Қияметте тәңір сұрар, қазірден,
Қалдырып ат, жауабыңа әзірлен.

Бектік қалар, тірлігің тез көшеді,
Жетер саған қалса ізгі атың көшелі.

Тарыжай, Елік, бұл дүние, қарасаң,
Нені ексең, қолға соны аласың!

(Дүние, Елік, бір егінжай орасан,
Нені ексең, ертең соны орасың!)

Қел, ізгілік жаса, ек те ізгілік,
Мәңгілік саған нәсіп болар ізгі бір,

(Жақсылық қыл, ек жақсылық ұрығын,
Мәңгі аялап тұрар жақсы қылығың),

Іс дейді, анда, ел басқарған елші бек,
Істі білген, білікті де белді бек:

«Халыққа ұлық болушы бек, дер едім:
Көңіл, тілді кішік тұтсаң — беделің!

(Ей, ел бегі, кішік болғын, кішілік —
Беделің һәм көргенділік, кісілік!)

Ей, қолы үстем, бас болушы, күллі істе,
Ақылды жек, біліммен кеп кіріс те!

Күллі түрлі істі істе іліммен,
Барлық істің келер көркі біліммен!

Бәрі өтер, ештеңе жоқ көшпейтін,
Жақсылық қыл, өзің кетсең өшпейтін!

(Кетер бәрі, қалмас тұрып бұл жалған,
Жақсылардан өшпес жақсы нұр қалған)

Қалар дүние, туған өлер ақыры,
Жақсы-жаман атың қалар, асылы!

Жаманнан қаш, күйіндірер-күйгізер,
Ізгі атың, ізгі ізіңді білгізер.

(Жаманға сен жолама, жаласына жанарсың,
Жақсылыққа жанассаң, жақсы қылық табарсың!)

Ширап, Елік қырағы бол талаптан,
Қаперсізді қатер қағар қабақтан.

Сақ, қырағы болу — бектік көкесі,
Тағы бір дүние қусаң — жолдың төтесі.

Осал болма, осал бектік құриды
Осал улап екі әлемде ұлиды.

Өзіңе жау іздеме де, төкпе қан,
Бұл қос күнәң ұлытады кетсе жан.

Арамнан без, сақ бол, ұзын құрығы —
Харам жеуші орны тозақ құдығы!

Барша елге бауырмал бол, қарасып,
Жанға жаулық қылма, жолдан адасып.

Шарап ішпе, азғындықтан қорғанғын
Бұл екеуі бұзар сарай, орданды.

(Зинақорлық, шарап қусаң — жазғырар,
Бұл екеуі сарайыңды аздырар!)

Өлім үшін туар — жарық көрген жан,
Атымен із қалдырады өлген жан.

Тұтам тірлік таусылар да, тарқалар
Жақсы-жаман болсын, бақсаң, ат қалар!

Төрбер дүние алданышпен әлдилеп,
Ұйықтап кетпе ғафыл күні «ән» билеп.

Бұл ғафылдық ұйқымен ес танырар,
Ұйықтаған жан күллі істі қалдырар.

(Ұйқы талай ерді торға түсірді,
Ұйқы — өлім, өлі қайтсін ісінді!)

Болмаса, адам, бұл ғафылдық қинамақ,
Періште боп, қылар еді ибадат!

Жақсы айтыпты білімді өз сөзінде,
Көңілі-жаз, ұғып ал, түй көңілге:

«Бар ғафылдық — сүйінішпен меңдейді,
Ғафылдықпен кісі азап теңдейді!

(Бар ғафылдық — рахат боп таралып,
Адам ғафыл қалар, бейнет қадалып.)

Ғафыл болма, қалма ішінде мұнардың,
Сақта, ғафыл ұйқысынан, раббым!»

Жіті ұста көз-құлақты еліңде,
Күллі елге мейірімді бол, тегінде.

Ақыры, анық, құдай сенен сұрары,
Хақ сұрағы — күнәһәрдің тұзағы.

Тақуа кісі, не депті, ұқсақ оң болар,
Тақуа сөзін тұтсаң, ісің оңдалар:

«Ей, бос жүріп, баққан жұрттың ауанын —
Сұрағы бар хақтың, дайында жауабын!

Ей, кесірлі, ерген көңіл желіне,
Бір күн, тәңір, жауапқа алар сені де!

Ей, ішіп-жеп текке жүрген өмірде,
Есеп беріп, шығатұғын жол ізде.

Бәрін құдай сұраққа алар, саспа әлі,
Құтылатын жерің бар ма, қаш кәні!»

Қылыш, қамшы, Елік, сенің қолыңда,
Қамшы ойнасын жамандықтың жонында.

Жамандықтан жамандар қол үзбесе,
Қамшыны бас, жазаны да үзбе сен!

Көнбесе ығып таяғыңнан жамандар,
Сақтан өзің алыс тұрғын олардан.

Елік жаман болса, дүние қағынар,
Тиюшы жоқ болса, жолдан жаңылар.

Жақсыларды құрметте, істеп ізгілік,
Халық түгел жақсы болар, ей күлік!

Ойынды қой, шира, тастай түйіл де —
Қалды аз күнің, рахатқа сүйінбе!

Туралықпен, әділ заңнан жаңылма;
Әділдікпен тұрар бектік бабында!

Қатуланып, тырыс, күшің жеткенше,
Қателессең,— құзыр сұра,— өткенше,

Не дейді екен ел басқарып кеткен ер,
Әділдікпен ел сыйына жеткен ер:

«Ей, бек, тырыс, ағат кетпе тасалап,
Әділет қыл, тигіз елге шапағат.

Егер, нұқсан келсе, құзыр сұрарсың,
Тіліңменен тынбай тәубә қыларсың».

Көп қазна жима алтын-күміспен,
Не болса да беріп, көппен үлескін.

Өлім тұтса, қалар кейін өзіңнен,
Ұл-қыз шашар жамандыққа көрінген.

Мал-дүниеден тірлігіңде арыл да,
Сауабын ал, қисап қуып сарылма!

Жақсы айтыпты, халық бегі-данасы,
Халық бегі — кісілердің сарасы:

«Қазна жиған дүние бегі, талдың ба...
Кел, өзіңнен кейін қазна қалдырма!

Рахатын — басқа, қисабын сен көресің,
Асыл текті, елесі тек — үлесің.

Бай болушы, ей ел бегі, сарасы,
Тарат та оны, сауабыңды ал аласы!

Опасыз жалған, бұған көңіл бұрмағын,
Ақыры жапа қылар, бой да ұрмағын.

Елге ерте бек болушы, ойлағын,
Бектікті ерте беріп, орын сайлағын.

Ей, сұқ көзді, күйттей бермей бабыңды,
Өлмей тұрып, таратып бер барыңды!

Өлім тұтса, ақыр малдан пайда жоқ,
Қалар нәрсең, ала кетер айла жоқ!?»

Асты аз же, ибадат қыл көп енді,
Сөзді аз сөйлеп, үйрен барлық өнерді!

Қарасып тұр кедей, жетім, тұлдарға,
Шын әділдік — соларға көз бұрғанда.

Жақындатпа өсекшіні қасыңа,
Пасықтан без, шырмау болар басыңа.

Мұндайлар сұм, зиянкестер тек қана,
Зиянкесті жаудың жауы деп сана!

Сұққөзге елде орын берме, қол берме,
Еш, шүбәм жоқ, бұзар елді ол демде.

Қатуланып, ауаша жүр тұзақтан,
Ізгілік қыл, сақтар құдай жұбатқан.

Ізгі болсын түгел — келер түндерің,
Күн артынан келер түн мен күндерің.

Жақсы айтыпты ғалым, әділ ақ адам,
Күллі ісіңді хатқа жазып қараған:

«Бұл күнге ертең, жауап берер күн келер,
Ертеңді ойлап, әділдікпен тілге кел!

Ұйықтап, ғафыл қалма, ұйқыға берілме,
Кірпік ілме, ұмыт бәрін, тегінде!»

Бұл дін «далы», дүние «далы» қабыспас,
Қарама-қарсы, жолдары да жанаспас.

(Бұл дін ділі, дүние ділі кірікпес,
Қайшы екеуі, жолдары да бірікпес.)

Дін дүниемен бірікпейді табысып,
Біл, екеуі қосылмайды қауышып.

Бірі таяса, бірі безер, әрі асар,
Екеуін тұтқан, кісі жолдан адасар.

Дәл дүниені жел, жаңбырға теңесең,
Гүрілдеп тез, келер де — үні тез өшер!

Қалың құт кеп, қақпаңа бақ кептелер,
Көңіл берсең, басқаларға жалт берер.

Байыдым десең, пақыр болып шығарсың,
Әзілдендім десең, жер боп, тынарсың.

Дүние тоқтығы, бәрі аштыққа жай болар,
Сүйініш, рахат, көр бейнетке айналар.

Өз нәпсіңмен қатты күрес, ей Елік,
Тілегін берме, зауығын тый, шегеріп!

Жауыңның ең зұлымы осы, айырар,
Жақсылықты жамандықпен қайырар.

Опа қылсаң, жауап берер жапа қып,
Жапа қылсаң, көтереді опа қып.

Бұл нәпсіні қорла, рахат жан табар,
Білімің — бек, ал ақылың хан болар!

(Бұл нәпсіні қина, жаның жай табар,
Білімің — бекке, ақыл — ханға айналар!)

Дүние бір жау, нәпсің — жаудың аяры,
Екі жауың саған тұзақ жаяды.

Қуанып құтқа, көңіліңді көтерме,
Қу тірлікке сене берме бекерге!

Бек, ұлықтық көшеді де құриды,
Күллі дәулет оты өшіп, сунды.

Ей, асыл бек, бұл жөнінде не дейді.
Мейірбанның сөзі, тұтсаң — жебейді:

«Көтерме иық сен бектікке мақтанып,
Артық көкірек керме, өзіңді сақтағын!

Бұл дүниені ұмыт, ойдан шығарып,
Анда құдай берер қызық басқа мың!»

Елік, тауып ал сенер үш кісіңді,
Тапсыр сонсоң соларға істер ісіңді:

Бірі — қазы, таза, зерек, пәк болсын,
Өзі ойшыл, халыққа өзі жақ болсын.

Екіншісі — халифа, бек сай болсын,
Өзі жайлы, халқы аман, бай болсын,

Үшінші — уәзір, болсын сара, сенімді,
Сол арқылы басқарасың елінді!

Болса осы үш кісіңіз сайлаулы,
Барақат тауып, елдің күні жайнайды.

Ел түзеліп, халық байып, көгерер,
Елік саған дұға қаулап жөнелер!

Бұл үшеуі — жайсыз болса, сол — қайғы
Барша елдің күнкөрісі оңбайды!

Мұны меңзер сөз реті келіп тұр,
Есті сөзді естіп алғын, көріктім!

«Уәзір бектің жетекшісі демеуші,
Елді бағып бектік ісін жебеуші.

Егер жолдан тайса уәзір жетегі,
Мен айтамын, түгел кері кетеді!»

Дүние, бейне, мол жайылған дастарқан,
Кісі соның дәмін татып, ас тартар.

Бізден бұрын талай жандар келген-ді,
Жеді, тойды, қанды, өліп жерге енді.

Ұлы тойға — жатыр күтіп, шақырып,
Барамыз, көр, еш шүбәсіз, ақыры.

Тағы бір әулет — ол қарында жатқандар,
Бізден кейін дәм татуды баққандар.

Қетуімізді күтіп отыр бұлар да,
Келуімізді күтіп жатыр олар да.

Дастарқан дәмі бүгін бізге бұйырды,
Қанша киіп, жейміз... айту қиын-ды.

Бізді өлгендер шақырып: «Кел тез!»— дейді,
Қарындағы (құлар) «тұр!»— деп мегзейді.

Бірі шақырып, бірі қуып бағады,
Екі ортада кім рахат табады!?

Ғафыл болма, Елік, ұзақ толғанба,
Ұзақ ғұмыр жоқ, қорған, сен қорғанба!

Харамға сен жақындама бір қадам,
Көңіліңді қарайтады бұл харам!

Сақ болайын десең, Елік, зарардан,
Халалды же, үлес көтер халалдан.

Не дейді екен халал жеген күшті адам,
Сақи басы, халал сөзді ұстаған:

«Адал жесең, жоқ құдайға жазығың,
Адал болсын ертең де жер азығың!»

Кімнің таза болса ауызы, тамағы,
Күнәдан пәк болар, таза жаны, ары!

Тазалық қусаң, таза болсын тамағың,
Құлқын таза — теңіз пайдаң-аларың.

Ел пайдасын көзде, ішіңмен түсін де,
Өз пайдаң бар ел пайдасы ішінде.

Не дейді, есті, ұлық, бегі шаһардың,
Күллі істе парасатты ер атанған:

«Халыққа құт беру керек құтты бек,
Құтайса елдің жаны, қарны, тоқ, демек.

Бектер — теңіз, түбінде інжу-маржаны,
Байыр адам жақындаса болғаны!

(Інжулі өзен бұл бектердің өзі енді,
Өзегі талмас өрлегеннің өзенді!)»

Алтын-күміс кеніндей бұл бектерің,
Кен қазғандар көрдік байып кеткенін.

Бектер жомарт болу керек, қолы ашық,
Әлем халқы санар сонда, оны асыл.

Жайна, ел бегі, күндей сәуле түсірген,
Халық сеніп, тапсын сенен ішіп-жем.

Хақ мойныңа аманатты жүктеді,
Сұрар сенен, сақ бол, дайын күт тегі.

Елік, өзің-өзіңді көр шамалап,
Қанша нәрсе, жисаң саған жарамақ.

Теңіздегі ғаyһар бітпей, қоймассың,
Түбіндегі інжу бітпей, тоймассың.

Жер астынан алтын-күміс қазасың,
Қазынаны жиып-теріп аласың...

Тау қойнынан шығар ғаyһар, көп алмас
Ей, ер саған қазып түгел бере алмас.

Қара жерде өніп-өскен дәнді бар,
Қазынасына жиып түгел алдырар...

Ұшқан, жүрген, суда жүзген балық та,
Құтылмас, кеп, түсер тулап ғарыққа.

Керуенің кезіп әлемде елдер арасын,
Жібек, сусар, тиін теріп аласың.

Дүние таңсығы Руми, Үнді жібегін,
Қазынаң толмас жатқанымен жіберіп!

Қәвал тазы, бүктәл, тағы арғымақ —
Қоранң толды, толмады көңілің ал, бірақ!

Жайлауында түмен-түмен қалың мал,
Жусап жатыр жылқы, түйе — табындар.

Қырда-тауда қойың жатыр мыңғырып,
Қызметші, күң, құл жүр істі тындырып.

Қалың қодас жүр құзында әнекі,
Сиыр, өгіз жүр түзінде және де.

Киік, теке қияларда секірген,
Ер бек, сенен құтыла алмас шетінен!

Бұғы, марал, теңбіл киік, ор киік,
Жеп тауыса алмассың, бек, ол қиын.

Құлан, бұлан, көк теке ме керегі,
Ей, бек, аулап алдыңа әкеп береді.

Қасқыр, түлкі, арыстан, аю, доңыз да,
Құтылмас бірі, бәрі сенің қолыңда.

Аққу, қордай, болсын тырна, иә йуғақ,
Той, тұт, йүгдүк, тодлыш, иә қақ.

Қара құс та самғап ұшқан көктегі,
Сенен қашып құтылмас, ей, көк бөрі!

Алғыр құсың ұшқандарды ұшырмас,
Жүгіргендер барыс, итіңнен құтылмас!

Аталылар жалғыз қалар атасыз,
Аналылар жетім қалар анасыз.

(Жалған дүние ата-анадан асыл ма?!
Тұқымың да қалар жүрген қасында...)

Бүтін жаһан бұйырмайды, ойласаң,
Құдіретті ер, тойдырмас сен тоймасаң!

Аз болғандай киім, ішер тамағың,
Бар дүниені тердің, өлсең — қалады.

Пайдасы не тердің дүние, малыңды,
Тамырды үзіп, терер ажал жаныңды.

Қарап тұрсаң, сұғанақ көп жаландар,
Қалай тойсын сұғанақ сұқ адамдар.

Тыңда, көзі тоқ кісі не деді екен,
Көз тоқтығы — байлық көзі, береке:

«Қолға алса да, сұққөз түгел жаһанды,
Бай деме оны!— деген еске ал мақалды.

Кедейлерді кім кемсітіп: «кедей!» дер,
Бай болса да, сұққөздер шын кедейлер!

(«Кедей!» деп, кім айтсын кедей пақырға,
Ашкөзді бай — сол кедей де, тақыр да!)

Баюдың да сұққөзге жоқ пайдасы,
Ей, тоқ көңіл, жарылқашы, ойлашы!

(Сұққөз — жұт көз, Байыса да: «Жоқ, түк!»— дер,
Жарылқап, сұқты, көңіліне тоқтық бер!)

Ашкөздерге дүние жетпей жылмыңдар.
Бақыттылар, беу, қанағат қылғандар!

Сұққөз көзі тоймас дүние-малға онша,
Аясына топырақ толып болғанша!»

* * *

Осылар еді, Елік, менің білгенім,
Ұққанымды айттым беріп тілге ерік.

Сен естідің, мен сөйледім ашына.
Ұқсаң ойлап, көңіл-көзің ашылар.

Себі тиер сөзімді ұғып, құптасаң,
Өзіңе жүк болар, егер, тұтпасаң.

Ақылды ер не дейді екен, құлақ сал,
Саған үгіт-насихат ол, ұнатсаң:

«Пайдасы көп берер кеңес-ақылын,
Кеңес тілеп тұрса ғана, ашылғын.

Сөз қадірін білмесе, егер, ояу ер,
Араласпа, күйсін отқа, қоя бер!»

(Айтқаныңды түсінбесе, жасқама,
Күйсін өзі, жайыңа кет, таста да!)

ЕЛІКТІҢ ОДҒҰРМЫШҚА ЖАУАБЫ

Бұл сөздерді естіп Елік таңданды:
«Ей, ақылдым,— деді,— адамның абзалы!

Ей, хош көңіл таптың сен де салауат
Бектік маған болды енді бәлекет!

Білдім енді, көзім менің ашылды,
Өзімнің мен отқа атыппын басымды.

Туралықтан адасыппын ей, ұлық,
Түзу жолын айттың, алдым мен ұғып.

Дуа қыл, ей, Одғұрмыш, сен мен үшін,
Құдай тауфиқ, берсін, ізгі жемісін!»

ОДҒҰРМЫШТЫҢ ЕЛІККЕ ЖАУАБЫ

Айтты Одғұрмыш, жауап беріп:— Бек, ұдай —
Тілекке жет, тауфиқ берсін бір құдай!

Ақылыңмен тый нәпсіңді жел берер,
Қор болады құмарлыққа ерген ер.

Құртар сені тән мен жанның құмары,
Құмар қусаң — азар жанның құпары..

Күнә толы, кәрі дүние алдады,
Құлқы түзу талай бекті жалмады.

Қартайтқан ол сендейлердің талайын,
Сені де ұзақ еркелетпес, ағайын.

Олар кетті, сен жайғастың орныңа,
Енді әзірлен, уақытыңды қор қылма.

Ұмытпа, Елік, өлім түбі жеңеді,
Құмәнданба, тез-ақ жетіп келеді!

Ұмытпа, Елік, сақта өзіңді шыда алда
Ұмытсаң да, әсіліңді естен шығарма!

Бұл екеуін ұқпаса кім, сабылар,
Туралықтың жолынан кіл жаңылар.

Не дейді, есті, өзін-өзі білген ер,
Құмарлықты ақылменен бүрген ер:

«Барар орның, өлімді сен ұмытпа,
Абыройды ойла, өзіңді өзің ұлытпа!

Жаралғанның бірісің, «Мен!» демегін,
«Мен! Мен!» десең, өрісі сол дененің...

(Қас пен көздей өлім — өмір арасы,
Соны ұмытпай, ұятты ойлап қарашы!

Сүйек-еттен жаралдың ғой сен де бір,
Тыраштанып нәпсіге ерік бермегін!)»

Тасада аңдып, өлім көзге шалынбас,
Шықса — табар, өз жолынан жаңылмас.

Еш қиындық көрмегендер өмірде,
Күңіренер — бір қараса өлімге.

Бұдан басқа, қанша іс бар қарасаң,
Ғайып болар, ажал алса алашақ.

Өлімнен соң, таппассың ат, затын да,
Шіріп, құрыр қара жердің қатында.

Бұл халді ұғып, түсінген соң ақылды ер,
Қалай тыныш ұйықтап, қалай асын жер.

Не дейді, есті, елге білім берген ер,
Құн-қадірін ақылымен білген ер:

«Бағаңды біл, от бер көңіл-сезімге,
Үмітіңді үз, бұл дүниеден безін де.

Дүние — түнек, іші — оқ жылан ордасы,
Ұмыт мұны, шын дүние — шын жолдасың.

Таза жаның қара топырақ жамылар,
Ей, сақи жан, тәнің көрге бағынар.

Бұл дүние — зындан, шыңырау қарақғы,
Бәле, бейнет мұнда қинар адамды.

Сен зынданнан не рахат табарсың,
Не үміт тілеп, не қайырым аларсың.

Арзымас қара топырақты қой, жайланба,
Мәңгіні ізде, несиеге айналма!

Бұл шаң, тозаң, тұманнан тез өзің қаш,
Мәңгі, таза мекен ізде, көзіңді аш!»

Неше мың жыл жаса, түбі — бір өлім,—
Күнім, деме:— мәңгі тірлік сүремін!

Дүние озған сайын, дерті қаптайды,
Қаптайды, ерім қамар, қарап жатпайды.

Неше мың жыл жасап, тілек тілерсің,
Бар тілекке жетпес ешкім, білерсің?!

Не дейді екен, есті, ей таза көңілдім,
Көңілі жарым, оғы тиген өмірдің:

«Мың жаса, мейлі, түгел болмас тілегің,
Түгел болып түгенделмес керегің.

Түгел тілер кісі тілек тілесе,
Тіленумен білмей қалар өлерін!»

Сөз пайдасы, көп жырлаудан емес, біл,
Қайран қалып, көп тыңдаудан емес, біл.

Сөз пайдасы, айтқаныңа құласа,
Ішке түйсе көңіліне ұнаса!

•

Естідің түгел, сөз сөйледім толғанып,
Пайдасын ал, сөзімді істе қолданып.

Тіл тиылмай, сайрады көп құбылып,
Сөз азаймай, азайды оның шырыны.

(Тілім тынбай, сөзді-сөзге жаныды,
Сөз көбейді, кетті қадір-жалыны!)

Саған құдай тауфиқ берсін, ей, Елік!
Бар жақсыға қолың жетсін, ей, Елік!

Тәңірің сақтап, тілегіңді бергей-ді,
Дұғаңда әркез еске алғайсың мендейді.

* * *

Сөзін үзіп тұрды, бастап қозғала,
Тоқтатты Елік:— Отыр! — деді,— аз ғана!

Ішіп-жейтін түрлі тағам шығарды.
Дәм тат,— деді,— ауыз тиіп бұл дәмді.

Қол ұсынып, алды Одғұрмыш тағамнан,
Ішті-жеді дәмін татып аз-аздан.

Тағамнан қол тартты, басқа алмады
Хақты ауызға алып, «шүкір!» арнады.

* * *

Өре тұрды, айтты Одғұрмыш сәлемін,
Елік тұрып берді ықылас жауабын.

Шықты Одғұрмыш, аттануға бет бұрды,
Елік өзі ұзатып сап, ниет қылды.

Қол алысты қоштасарда қайырылып,
Қол алысып, Елік қалды қайғырып.

•

Тұрағына жетіп, кетпекті ұйғарды,
Қолын өбіп, жан бауыры қиналды...

Туысқанын қайтарды үйге Одғұрмыш,
Хош-қайыр деп қайтты кейін Өгдүлміш.

Келді үйіне, көңілін мұң меңдеді,
Қайғы-алаңмен көзіне ұйқы келмеді.

Туар тұстан бас алды күн оянып,
Дүние толды аққу түске, боянып.

Шықты биік, көкірегін Күн керіп,
Нұрланды әлем әппақ-сұлу түрге еніп.

Жайнады әлем періштенің өңіндей,
Қафур сеуіп тұрғандай көк өрімдей.

•

Тұрды Өгдүлміш төсегінен асығып,
Жуынды да, тұрды сәждеге бас ұрып.

Киім киіп шықты үйінен, көр енді,
Сарайға кеп, кірді оған, көр енді.

Аттан түсіп, сарайға кеп кірді бұл,
Шақырды хан, бұл келгенін білді ол.

ЕЛІКТІҢ ӨГДҮЛМІШКЕ САУАЛЫ

Одғұрмышты сұрап білді алдымен,
Қанша болды? Қашан кетіп, барды екен?

Және айтты Елік:— Өгдүлмішім, қарағым,
У болды енді, ішер асым, тағамым.

Бұдан былай, қалай тұрам, түңілдім,
Бойым шөгіп, түзей алмай бүгілдім.

Неге керек халық жүгі, бұл бектік,
Сағыныш-қайғы тамырын үзді жүректің.

Елді әскерсіз болмас әсте басқарып,
Бір бек бектік ісін жүрмес атқарып.

Әскер ұстау үшін қажет мал, тауар,
Бұл болмаса, жиылмас ер, жалтарар.

Не дейді, есті, әскер басы болған ер,
Бектік істе басына құт қонған ер:

«Қазна, әскер — бектің қайрат, беделі,
Бұл екеуін сайлаған ер, жеңеді.


Бұл екеумен бектің даңқы артады,
Екеуі берік болса — берік тәж-тағы!»

Қосын жиған мол дүние береді,
Мал, дүние, білсең күшпен келеді!

(Мол шығынмен қосын-әскер жиылар,
Қазна-байлық білсең, күшпен құйылар!)

Тұрған бойым, жалғыз мойным, тамағым,
Неге мұнша елдің жүгін аламын?!

Қанша пақыр болғандар да аш қалмас,
Тіріден өлім алар өшін, жасқанбас!



72

Өгдүлміш Елікке ел басқару заңын айтады

Жауап беріп, айтты Өгдүлміш:— О Елік!
Күллі іске қолды тигіз әуелі.

Жарамсыз, сұм сөзге бұрма тіліңді,
Хақ құптамас, ей, дария білімді!

Ұлықтықты алған жоқсың сен тілеп,
Берді құдай, рахымымен белгілеп.

Бұл бектікті берді саған даралап,
Ей, білікті, шүкірлік ет бағалап!

Хаққа табын, сеніп адал құлқыңа,
Бауырмал бол, түзу қара жұртыңа.

Құмарлықты ақылыңмен қиғайсың,
Білігіңмен нәпсіңді сен тиғайсың!

Біліктінің шын сөзіне құлағын,
Білімімен тиған нәпсі, құмарын:

«Нәпсіңді үз бойдан, жаның ағарар,
Нәпсі өлсе, ділің-тілің тазарар!

Сақ бол, нәпсі құлы болма, құрысың,
Құмарлық, нәпсі — екеуі дін ұрысы!»

Көңілің неге орта түсті, ей Елік,
Күшің кемел — күш қой істе сенерің.

Мұнша қатты қайғы жұттың несіне?
Тірілігіңді ащы тұттың несіне?!

Қазынаң мол, әскер-қосын, басың бар,
Барлық іске жолшы болар, ақыл бар.

Сүйіндіріп әскеріңді сыйлағын,
Сонсоң, әскер күшімен мал жинағын.

Не дейді, есті, жауды қуған асыл ер,
Асыл ерді көрсе, қасың бас иер:

«Әркез үстем тұтсын десең, қолдарың,
Мақтап ерді, әскеріңді қолдағын!

Қошта әскерді, тілегіңді тілегін,
Жау иіліп, болар күллі тілегің!»

Қалың әскер ұстап, сыйла, тарылма,
Солар қияр саған шыбын жанын да!

Қәпір жауды жаншы, сақтан жәбірден,
Ақ пейілмен пәрмен тіле тәңірден.

Қәпір үшін қалың қосын, қол ұста,
Қәпір өлмес, сұм ажалға тоғытса.

Бұрханын шақ, өрте үйін, мал-жанын,
Жөн орнына мешіт-жәмшат салғаның!

Ұлын құл қыл, қызын құң қыл, қосын ал
Дүниесін қазынаңа қосып ал!

Шариатты тарат, ұғып, таны да,
Ізгі атағың бірге тарар бағыңа.

Мұсылманға қол тигізбе, жақыпдап,
Құдай өзі қорғайды оны, мақұлдап.

Мұсылманға — мұсылман, біл, туысқан,
Туысқанмен жұлыспай, жөн, ұғысқан.

Әділ заң құр, ел марқайып, көсілсін,
Дұға қылып, өркеніңді өсірсін.

Құдай өзі берер саған берерін,
Екі дүние сендік болар, ей, ерім!

ЕЛІКТІҢ ӨГДҮЛМІШКЕ ЖАУАБЫ

Елік айтты:— Ұқтым нәрлі сөзіңді,
Істі солай атқарармын өзім де.

Қәні, соны пайдаланар ісім, ер,
Қолдануға маған өзің жәрдем бер.

Әуелі елді сүзіп, жөнге салған жөн,
Іші-тысын, құлқын біліп алған жөн.

Сүйгендерді пайда беріп сүйіндір,
Сүймегеннен без, сүріндір-күйіндір.

Бұдан бұрын жөн еліңді түзеген,
Тазартып іш тысын мінін күзеген.

Заңмен түгел түзелсін ел алаңсыз,
Арылсын жұрт іс-қылықтан жарамсыз.

Қане, елді қалай жөндеп, не істерміз,
Көз ашқызбай қабаттасты іске-іс!

ӨГДҮЛМІШТІҢ ЕЛІККЕ ЖАУАБЫ

Өгдүлміш бұл берді жауап:— Ей, бек! Сен,
Істі созба, кіріс тездеп, еңбектен!

Бітер істі неге ұзақ созасың,
Үлгірмесең, өмірден құр озасың.

Бітпеген іс — ертең тағы жүк болар,
Іркіліп кеп іс үстіне іс толар.

Ертеңге — деп, бітер істі тастама,
Қалар кейін, шықса ісің басқа да!.

Түзетіп тұр, тазалап тұр ел ісін,
Елге, өзіңе болар ертең — кенішің.

Жаман болма, жаманға қу жаманды,
Шығар елден барлық жаман, арамды.

Тура болып, түзет ділді, тілеуді
Жамандықты жақсы құлық түзейді.

Бар қылығы қырсық, қырсық кісінің,
Жамандықсыз қыры келмес ісінің.

Жаласы бар жолама сен жаманға,
Шуағы бар қосыл адал адамға.

Былай депті көңілі ақ, адал жан,
Қылық-құлық тілінен нұр таралған;

«Тура жүріп, жамандыққа жұғыспа,
Туралықпен шығар күнің дұрысқа!

Кім арамдық қылса, көрер арамдық
Адалдардың жолы әрқашан адамдық.

Қосын жина, өзге шараң жоқ, Елік,
Елді түзер әскермен бек көгеріп.

Әскеріңді сайлап, жасқа қасынды,
Ашты — тойғыз, байыт кедей-пақырды.

Қызмет еткен жүрер үміт-сеніммен,
Безер, тұрмас үміт үзіп, жерінген.

Қызметші де түрлі-түрлі ойласаң,
Танып, талғап жұмса, жолдан таймасын;

Бірі тілер абырой, бақ, беделді,
Қыбы қанса бер абырой дегенді.

Тағы бірі тілер сенен мал-тауар,
Жанын пида қылар тауар алса олар.

Тағы бірі байлық тілер, даңқ тілер,
Ат-тон тілер, һәм абырой-бақ тілер!

Ержүрекке, бер аямай күмісті,
Қылыш ұрсын, ашсын кентті, ұлысты.

Болса ойлы, ақылды, әрі білікті ер,
Жомарт қолмен, қадірлеп мал-мүлік бер.

Қолпаштама болса залым, құлқы тар,
Ел билетпе жылатар да, ұлытар.

Байлық беріп есіртпе сен ессрді,
Шәксіз, у қып қайтарады есеңді.

Тыңдап көргін білімді бек бүй дейді:
«Кісі қоры — байыса бас имейді!»

Байыптағын, ей ер, надан, жаманды,
Байыса ессіз — артар зұлым, арамдық!

Байытпағын, ей ер, надан, жаманды,
Байыр надан — байыр бірге арамдық!

Мұқтаж болса, кісі ізгі қылықты,
Бұзылар да, құртар, ізгі құлықты.

Қолы қысқа болса ізгі, игінің,
Жаны жүдер мұқтаждыққа килігіп.

Құлқын түзер, жамандарды жасқағын,
Жақсарсын кеп, жақсыларды мақтағын.

(Құты қашсын, жамандарды азапта,
Құты тассын, жақсыларды мадақта!)

Мейірбанды жақын тұтып, жақ болғай,
Ұятсызды жырақ тұтып, сақтанғай!

Кім зарарлы, кім пайдалы, залалсыз,
Ей, білгір, бек, танып, талғап аларсың.

Сүйетінін, сүймейтінін таны да,
Сүйгенді — сүй, жасындай ти жауына!

Сүйеуіңді қаламаса — алыс қыл,
Сүйгізбе де, бермей ішті қарысқын.

Аманатты қиянатпен теңгерме,
Жарамдыны жарамсызбен тең көрме!

Бұйырма, айтпа бір істі екі кісіге,
Болмай, бітпей қалар бітер ісің де.

Ісіңді — істі білгендерге берерсің
Іс білмесе, өзі мұң жер, көрерсің!

Жағынғаны үшін ерге іс берме,
Таңдап тапсыр, іскерлігін ескер де!

Ел пайдасын, өз пайдаңды тіле де,
Кісі ақысын аңдыма да, жүдеме.

Пайдаң үшін көңіл аулап, жағынба,
Ел пайдасын ойла, өзің тарылма!

Пайдалыға пайдаң тисін, алайда,
Пайдасызды маңайлатпа, абайла!

Қадыр тұтып, сен пайдалы кісіңді,
Тапсыр оған, Елік, керек ісіңді.

Сен атқарар істер осы, ей, Елік,
Мұны істесең — гүлдер елің, түзеліп.

Жақсы атанып, құтаярсың өзің де,
Сенен кейін қалар атың, сөзің де.

Халық байыр, елдің орны түзелер,
Қалауыңша қазна-байлық түзілер.

Не дегенін тында жаны бай кісі,
Мейірімі тіл, діліне сай кісі:

«Қай ел бегі жақсы болса дуалы
Сол ел халқы байып, күні туады!

Ел байлығы — бек байлығы саналар,
Қаласаң — оны, тұт қаласаң мынаны!»

Ұлыс, кентті аршы ұры-қарыдан,
Аман өтсін керуен, құл арыған.

Елдің ішін зорлықшыдан тазала,
Тысын күллі қарақшыдан тазала.

Жаза кесіп түзет құлқын наданның,
Жарасады жамандыққа — жамандық!

Жамандарды ұстау керек зынданда,
Босат оны жақсыға ой бұрғанда.

Бұдан да өзге адамдар бар алуан,
Жолың ашық болсын, бөліп танып ал.

Тағы бірі — білім қуған ғалымдар,
Ғылымменен құт-береке табылған.

Қәдірле, олар не айтса да ергейсің,
Шариат ұстап, иіліп, бой бергейсің!

Тима хақын, ас-ауқат бер оларға,
Мұңайтпағын, ей бек, қара обалға.

Білім беріп, көңілденсін күйленсін,
Білімсіздер одан білім үйренсін.

Мұһтасіптер мүлде бөлек бұлардан,
Қолы күшті болсын, берік шынардан.

Тиып ұстап пасық, қырсық, кезбені,
Мешітке тартса жамағатты елдегі.

Қызметші бар, қия бассаң — басынар
Осал болсаң, басқа шығып тасынар!

Жүк көтермес, өзің жүгін артарсың,
Жүгін тасып, сор-азабын тартарсың.

Бұдан басқа, қара халқың қалады,
Әділ заңмен, оларға оң қарағын.

Бұлар — үш топ. Соны еске сақтағын,
Басын қоссаң — басың қатып жатқанын:

Бірі байлар, көзі шелді, шелді іші,
Бұл халықтың күштілері, белдісі.

Бұлардан соң, қара, орта кісілер,
Қол тигізбес олар байдың ісіне.

Бұлардан соң келер кедей, бейшара,
Ең алдымен соларды күт, ей, сара!

Байдың жүгін орташаға артпағын,
Орташалар бұзылады мастанып.

Орта жүгін артсаң егер — торығып,
Кедей байқұс аштан өлер зорығып!

Сүйе — кедей орташаға ауысар,
Тырысса — орта байлықпенен қауышар.

Орта — байып, орта болса пақырың,
Бай байыса, түгел сенің асығың...

(Пақыр орта болса — оңғаны кеміңнің,
Байыса орта — байығаны еліңнің.)

Ел түзеліп, табар халық ырысын,
Дуа тиіп, жайнар ғұмыр, жұмысың.

Үш орданың ханы айтқан, білерсің,
Соңында ізгі ат қалғанын тілерсің:

«Өлгенде кім болса ізгі есімді,
Үзілмейді аты дұға секілді.

Қалса атың әрі мәнді, әрі ізгі,
Ұмытылмассың қайта туған тәрізді.

Жер үстінде, не астында жатарсың,
Жетер, өзің жақсы атпен атансаң.

Ғұмырыңды жақсы атпен жасағын,
Өлсең, мәңгі қалар жақсы атағың!»

Үш хақы бар бұқараның, көр, сен де,
Хақын өте, күш көрсетпе өлсең де.

Күміс елде таза болсын, саф болсын,
Ийәрін * бақ, эппақ болып қақталсын.

Тағы бірі, халқыңа әділ заң бергей,
Бір-біріне күштімсітпей, теңгергей!

Үшіншісі, күллі жолды қорғағын,
Қадағалап қарақшы, ұры болмауын.

Өтеп осы хақыларын жұртыңның,
Ей, сақи бек, өз хақыңа ұмтылғын!

Бұқарада үш хақың бар сенің де,
Құлағыңа, құй оларды тегінде:

«Біріншіден, қадірленсін жарлығың,
Не болса да, тез тындырсын барлығын.

Екіншісі, қазна хақын жемесін,
Ей, қолы ашық, дәл уағында төлесін.

Үшіншіден, жауы болсын жауыңның,
Сүйсін ділін сені сүйген қауымның.

(Үшінші — қас-жауы сенің қасыңның,
Досы болса сеніп, сүйген досыңның!)

Өтер болсаң, сен өзіңнің хақыңды,
Олар да өтер қарызыңды, ақыңды.

Бек жол жүрсе, жүргені жөн осылай,
Ұлық, ел де болса болсын осындай.

Содан халқы білсін бектің бағасын,
Бегі игі боп, атақ-даңқы тарасын.

Сенің құтың ел-жұртыңда, ей, Елік.
Екі әлемде көрер қызық, керегің.

Одан кейін білгір, дана, ғалымың,
Тынбай елге берсін білім, тағлым.

Мұқтасіптер қолы күшті, табанды,
Жамағатты кезіп, тисын жаманды.

Саудагерлер аманатын сақтасын,
Шәкірттерің насихатын жаттасын.

Тарышылар баптап егін, даласын
Малшы-жалшы көбейтсін мал, қарасын.

Әскер қалды енді ісіңе ұстарға,
Қарсы жортар бөріге де, дұшпанға.

Жайсаң кісі айнаң болар, қаласаң,
Түзер құлық-мінезіңді, қарасаң!

Кімнің жаны болса өзіңе шын жақын,
Сенің оған, дұрыс жақын қылғаның.

Сенгеніңмен еркін сөйлес, қорықпағын
Сенген кісің айтса, сөзге тоқтағын!»

* * *

Өгдүлміш хан сөзін естіп, діттеді,
Көзі жайнап, сүйінді де: «Құп!» деді.

Елік сөзін үзді, үнсіз тынды да,
Кетті аттанып, енді Өгдүлміш тұрды да.

*

Содан бері Елік тыным көрмеді,
Бейнет шегіп елін түзеп, жөндеді.

Қалды жаман, жиды бәрін жақсының —
Жақын тартты, сеніп жұмыс тапсырып.

Түзелді де, елі-жұрты тазарды,
Ай, күн, жылы, тілі тыншып, жаңарды.

Ел толысып, артты тірлік татымы,
Сүйінішпен күлді, ырысы тасыды.

Өгдүлмішті қолдады Елік сенді де,
Қадыр тұтты, іс тізгінін берді де.

* *

Кешті Өгдүлміш, уайыммен көп күнді,
Еңбекпенен біраз ғұмыр өткізді.

Байқап көрді өзін, құлқын, істерін,
Сөнген шоқтай жігіттік шақ өшкенін.

Көзін ашып, көңілі өксіп жүдеді,
Жан-тәнімен тазармақты тіледі!

73

Өгдүлміштің текке өткен тірлікке ашынып, тәубаға келгендігі айтылады

Ғафылдықпен,— деді,— текке күліппін,
Тірлік зая кетті, босқа жүріппін.

Ғұмыр өтті, буын кетті, әл тайды,
Қолға таяқ тиді, тәнім қартайды!

Өкінді, айтты:— Ессіздікпен күн өтті,
Тірлік бітті. Түнім қара түнек-ті.

Тілек, мүлік бәрін малдай жалмадым,
Малдай тірлік кештім, талғай алмадым.

(Малдай, тірлік құнын біле-білмеппін,
Малдай күйсеп, ойға ештеңе ілмеппін).

Деді:—«Бекер, масайраппын алаңсыз,
Күнім өтті, қапы қалдым, амалсыз.

Жігіттіктің күні өтті асығып,
Күйінемін, әл тайған соң ашынып.

Өлім жетті, тірлік тынып тоқтады,
Құтылатын жоқ шарасы, соңғы.

Бозарды бас, бозарды көз суалып,
Күзгі шөптей сақал қалды қуарып.

Отыз екі тісім — әппақ інжулер,
Жібі үзіліп, сетінеді бір-бірлеп.

Күндік жерді шолар, қайран, жанарым!
Қасымдағы ерді көрмей қаламын!..

Тұнып құлақ еститұғын қиырды,
Енді ымдасып сөйлеу маған бұйырды.

Құзғын түстес қара еді басым да,
Басқа аққу қонды, жетті жасым да.

Қайтар уағым болды, енді құдайдың
Күнәм үшін, кешірімін сұраймын.

Уақыт келді қайтатұғын, есіл ер
Мінәжәт еттім, күнә болса — кешірер.

Бар жарамсыз қылығымды тастадым,
Көңілімді тез тазарта бастадым!»

* * *

Тәуба қылып, тілек тілеп, жүгінді,
Тәңірінен кешірім сұрап, бүгілді!

* * *

Ойына алды, айтты:— Енді саспайын,
Сабырсыздық — жау, жаулыққа баспайын.

Әуелі, істі алу керек кеңесіп,
Қуу керек жамандықтың елесін.

Кеңесіп іс жасау керек кеңінен,
Кеңеспеген кісі өкініп, еңірер.

Тыңда, бұған сара кісі не деді:
«Ақыл-кеңес — күллі істің дауа, емі!»

Кеңескен жөн жақыныңмен сенісіп,
Күллі іс бітер кеңесумен келісіп.

Кісі өз ісін кеңесумен оңдайды,
Кім болса да, кеңеспесе — сорлайды.

(Кеңеспесең — өзің, азап шегесің,
Келте болмас пішілген тон кеңесіп!)

Енді мен де туысыма барайын,
Бұл іс жайлы ақыл-кеңес алайын.

«Жарайды!» деп, құптаса, істі бастайын,
Қоштамаса, құр кеңесті тастайын.

Кісі өз ісін біле бермес бағамдап,
Басқалардан сұраған жөн хабарлап.

Ер кеңессе — білігі артып, бекінер,
Кеңес, білік қосылса қол жетілер.

Кісі өз ісін тындырады кеңеспен,
Не дейді екен, тыңда адамды кеңескен:

«Не істесең де, ер кеңесін елегін,
Кеңеспейтін кісіні дос демегін.

Қор болмассың, кеңесіп ал әуелі,
Кеңесті асыл тілегіңе теңегін!»

*

Кеш жатты да, ерте тұрып баптанды,
Атын мініп елік жаққа аттанды.

Рұқсат сұрап, жөн-жобамен келді сніп,
Қадір тұтып, оған орын берді Елік.

ӨГДҮЛМІШТІҢ ЕЛІККЕ САУАЛЫ

Өтінішін айтты, қалмай сыр бүгіп:
«Бауырыма барғым келіп тұр бүгін.

Тез келемін, жарылқасаң, барайын,
Зиярат қылып, ақылдасып қалайын!»

ЕЛІКТІҢ ӨГДҮЛМІШКЕ ЖАУАБЫ

— Ей, біліктім, барсаң барып келгейсің,
Деді Елік,— менен сәлем бергейсің!

Хаққа сырын ашқан күні, егіле –
Ұмытпасын дұғасын да, мені де.

Жазығымды сұрап берсін хұдадан,
Кешіргей керім, болғай дуа дұғадан!

• • •

«Жарайды!»— деп тұрды Өгдүлміш, аттанды,
Үйіне кеп түсті, жаны шаттанды.

Жаһан жүзі алтын түске шағылды,
Күннің жақұт өңі запыран жамылды.

Түнерді өңі, түйіп аспан қабағын,
Ұйқыға енді, жұмып күллі ел жанарын.

Намаз оқып, төсегіне ол енді,
Көзін жұмып, ой-қиялға кенелді.

Мызғып алып, қиял кешіп бірауық,
Ояу жатты, кетті қара түн ауып.

Төсекті оңдап, батты ұйқыға тереңдеп,
Кетті оянып, елегізіп, еленделп.

Содан қайта көз шырымын алмады,
Ояу жатып, ойды-ойға жалғады.

(Содан қайта ілінбеді екі көз,
Уайым меңдеп, жеді жанын жегі сөз!)

Жерден ұшқан от-жалындай лапылдап,
Қарақұс та ұшты қанат сатырлап.*

Ылдырық *, айғыр * туып көрінді,
Әрәнтір * кеп қосылды да, төгілді.

Сүкіш * ұшып көтерілді қалықтап,
Ыбры айтып үні шықты шалықтап.

Шығыстан күн нұры шықты, ай батып,
Бас көтерді жердің жүзін жайнатып.

Найзадай нұр бұлтты түрді ұзарып,
Алабұртты көктің жүзі қызарып.

Жаһан жайнап, алтын шапақ көрінеді,
Қайғы-түнек тарап, шаттық тербеді.

Тұрып, дәрет алып, намаз атқарды,
Атқа мініп, бетке алды тау, шатқалды.

Келіп түсті, қақты ақырын қақпаны,
Туысқаны қарсы алды, ішке аттады.

•

Сәлем берді ықыласпен Өгдүлміш,
Жауап берді сәлем алып Одғұрмыш.

Үйге кірді қол ұстасып, тілдесіп,
Сөзге — сөзі, ойға — ойы бірлесіп.

ОДҒҰРМЫШТЫҢ ӨГДҮЛМІШКЕ САУАЛЫ

Сұрады ол:— Бауырым, не болды?— деп,
Ай толған жоқ, жолыққалы соңғы рет.

Көңілің пәс, басыңқы үнің — қарасам,
Қызыл жүзің сұп-сұр тартқан — қарасам.

Қандай қайғы аш бөрідей торыған,
Сырыңды аш, арыл күдік торынан.

ӨГДҮЛМІШТІҢ ОДҒҰРМЫШҚА ЖАУАБЫ

Айтты Өгдүлміш:— Бауырыңның денесі
Жарақатты, тиді тағдыр жебесі.

Уақыт жылтып, жарық берсе — қан жүрер,
Өлген көңіл, сөнген тәнге жан кірер.

Өзім ғафыл, ұйқыда еді көңілім,
Мені оятты түртіп тағдыр, өмірім.

Көңіл көзі, ой көзімен барладым,
Өз жолымды өзім аңдап, таңдадым.

Жүгім — ауыр, тірлік өтіп кетіпті,
Күнәдән жан өртенер кез жетіпті.

Қызыметпен қайран өмір ағыпты,
Ғапыл боппын, құдай жолы қалыпты...

Бұл дүние келер, тірлік көшеді,
Дүние қалар, қайран тірлік өшеді.

Тірлік үшін тіледім жер-жаһанды,
Керегі не, енді тірлік тақалды.

Өткізермін бүгінгі бұл күнімді,
Көре алам ба, білмен, келер түнімді.

Шашым құп-қу, селеу шөптей ағарды,
Сақалды — мұз, қырау жапты жанарды.

Әзірленсем: артым — түнек, қайғы — алдым.
Ей, ақылды ер, ертеңімді ойға алдым.

Мұны меңзер келді сөздің кезегі,
Бұл сөзді тұт, іске кебі келеді:

«Өкінемін — өтті ғұмыр, көнеміз,
Енді қанша қалды дейсің, сөнеміз.

Зая кетті жігіттік шақ, дәуренім,
Қалған күнді аяп, санап, әуремін!»—

Есімде айтқан біліктінің кеңесі,
«Бүгінгі істі тындыр, келер — келесі!..»

(Біліктінің сөзі үлгі басқаға:
«Бұл күнгі істі — бүгін тындыр, тастама!»)

Қапы қалма, іссіз текке теңселме:
Бүгінгі ісің — даярлығың ертеңге!

Іштім, жедім, жүрдім малдай бекерге,
Құр өтті өмір болмаған соң жетең де!

Дүние, тілек көптігінен семірдім,
Арықтайтын кезім келді, жеңілдім.

(Семіздіктен жаным-тәнім тұншықты,
Арылар көз жетті қуып қырсықты.)

Рахатқа бөкті тәнім ылжырап,
Аяқ басып, тік тұратын туды шақ.

Көп адамды қас қып алдым шіреніп,
Көңілдерін хош қылайын түзеліп.

Кісіге көп тигіздім тіл, қолымды,
Онымды оңдап, табайын оң жолымды.

Кісілерге көп тиді сор қырсығым,
Түзелейін, әзіздікке құлшынып.

Хақтан безген күнәһармын, наданмын,
Күллі күнә, кінә көмген һараммын.

Бүгін оған тәубәмен мен барайын,
Иемнен өзім пұрсат тілеп қалайын.

Тәу етейін жаным бойдан ұшқанша,
Мұрша бермес, ажал құшса мыстанша!

Не дегенін, тыңда, ғалым көреген.
Ей, тасбауыр, бұл саған да өнеге:

«Ажалды ойла, құдайды ойла тірінде,
Өлім тұтса, опынарсың түбінде...

Тәубә қылып, бұл тірлікті бағамда,
Қапы қалма, өлім қолы жағаңда!

Жігіттікте қызмет ет, қайраттан,
Қарттық келсе, қаларсың күш, айбаттан.

Өмір барда мекерліктен қашарсың,
Өлімді ойлап, тірлік қамын жасарсың.

Өлім келмей, есіңді жи қалайда,
Өлім жетсе, амал болмас, абайла!»

Осы оймен келдім саған, білгейсің,
Өзің кеңес, ақылыңды бергейсің.

Жан бауырым, қан-жаны бір, сенерім,
Не істейін, ақылыңды бер, ерім!



74

Одғұрмыштың Өгдүлмішке кеңес беруі айтылады

Жауап беріп, айтты Одғұрмыш:— Тыңдағын,
Мен сөйлейін, інім, көңіл сырларын.

Бұрыпсың сен, оң ниетке жүзіңді,
Худа тауфиқ беріп, ашсын көзіңді!

Жақсы ниет — ниет қана, қарасаң,
Дұрысы, оны іс қылуға жарасаң.

Айтайын, біл, бірінші оның шарасын,
Әзірленіп, кіріс, танып шамасын.

Бүгін саған онда тұрған жақсырақ
Бүгін маған мұнда тұрған жақсырақ.

Елге бүгін сенің пайдаң көп тиер,
Ал, тимесе — елің қарғап, көп сілер.

Ел ішінде қолыңды ұзын етті Елік,
Сауабын ал — жақсылық қыл ескеріп.

Ел рахат көріп, халқың жүгінер,
Дұғамен бір атың түспес тілінен.

Не дегенін, есті, ердің данасы,
Әділ кісі — кісілердің сарасы:

«Елге пайда берсе, болып ісі оң,
Кісілердің ішіндегі кісі сол!

Безер кісі пайдасыздың маңынан,
Пайдалы ердің кетпес елі жанынан!»

Жақсы болса ердің ниет-құлығы,
Іс-тілегі түгел болар ғұмыры.

Ниеті оң — тек жақсылық табады,
Ниеттен-ақ жанға сауап алады.

Әділ заңың елге ырыс үйірер,
Хан мен халық сүйер сені, сүйінер.

Заң түзелді — жақсылық кең жайлады,
Кетті құрып зар жамандық қайдағы.

Тастап бәрін, келсең мұнда отырып
Іс бұзылар — өкінерсің, опынып!

Іс бұзылса, заң бұзылса — ер азар,
Ел бұзылар, бағы қайтып, жер азар.

Орныңа ессіз келе қалса, білгін ер,
Еліңді езіп, ойран қылып бүлдірер.

Жаман — елді жаман жолға тартады,
Жаман із сап, бар жамандық артады.

Мұны сенен сұрайды ертең жаратқан,
Жақсы атақпен құтылмассың жауаптан.

Заңды бұзба, жамандарға ермегей,
Жаманнан без, қол ұшын да бермегей!

Не дейді, ойлан, сенген жақсы ғұрыпқа,
Өсиет қылды ол, өнегесін ұмытпа:

«Заңды бұрма, ессізден қаш, ерме сен,
Құлқы зұлым ессізге қол берме сен!

Жақсылық ет, түзу заңды ұстанып,
Қос жаһанда еш жамандық көрме сен!»

Жақсылыққа тауфиқ берді саған хақ,
Жолың ашық, еш тайсалма, аландап.

Жақсылықты несіне енді бұзасың,
Жаласына қаласың да, тынасың!

(Шырық бұзып, не жақсылық табарсың,
Ей, аққөңіл, жаласына қаларсың.)

Елден безіп, құтыңнан қол үзгенмен,
Не жақсылық іздейсің сен бұл жерден!?

Бұл жер маған ыңғайлырақ дегенім,
Мынау еді, айтсам мәніс, себебін

Маған дүние-дәулет бітіп көрмеді,
Тілегімнің бірі қолға келмеді.

Қатыспадым, біліп ел-жұрт арасын,
Бектер құлқын сезбедім мен, жанасып.

Бұл жалғанның дүние-малын көрмедім,
Жаман-жақсы деп кісіні бөлмедім.

Хәлім оңбас, енді анда барсам мен,
Біліп тұрып, құлшылықтан тансам мен.

Егер, кісі алтын-күміс көрмеген,
Көрсе, құрыр, буынан-ақ өртенер.

Сөзді тыңда сарттар басы аңдаған
Қытай, жерді керуені шарлаған:

«Кедейлікпен күн өткізген пақырың,
Байып кетсе, болар нағыз тасырың!

Байып кетсе, қайыршы да, бағы бар,
Бұрынғы ақ жолынан тез жаңылар?

Құтсыз-бақсыз, дәулет бітсе құт қонып,
Құлқы өзгеріп, тиер елге жұт болып.

Әкім болса, әкімдікті білмеген,
Қатты тиер елге қолмен, тілменен!»

Көрдің, білдің: мал-дүние жидың да,
Көңіліңді һәм нәпсіңді тидың да.

Көзің тойды, көңілің де бабында,
Жарастықпен жүрсің Елік жанында.

Мұның бәрі бір құдайдың пейілі,
Төккен күллі жақсылығын, мейірін!

75

Адалдыққа-адалдық, кісілікке-кісілік жасау туралы айтады

Бұл бір түрлі, тағы бірін айтамын,
Тыңдап мәнін, мағынасын, байқағын:

Жаңылдың ба, қарайды ма жанарың,
Қандай, оймен мұндай істі қаладың?

Ей, әзіз ер! Опалы, есті адамға,
Мақтау-мадақ, білсең, көп-ақ ғаламда.

Сүйенеді заңға жаһан, жер, кісі,
Кісілік қой кісіліктің белгісі!

Қайырымға жасар кісі қайырым,
Жақсылығын он есе өзі қайырып!

Асыл болса кімнің ата тегі егер,
Одан елге пайда тиер, сене бер!

Ұрық суын ұрлап алса анасы,
Ұлы жұт боп, тиер елге наласы.

Ұмытпа енді жақсылығын бегіңнің,
Сені демеп, киіндірген-жегізген.

Ақыл, білік, күллі құрмет-беделге,
Есік ашқан Елік, өзің келерде.

Ұлық қылды, атақ беріп демеді,
Ізгілікке есік ашып, еледі.

Ұмыттың ба, жақсылықты сен енді,
Жақсылықпен жауап берер кез келді!

Айттым, досым, ащырақ та, ашық та,
Ашуланба, көңіліңді жасытпа!

Ақиқат сөз көңілге ащы соғады,
Сіңіре алсаң, балдан тәтті болады.

Ашуланба, қату келер қалар сөз,
Өзің ащы болма, ащы адал сөз!

Мұны меңзер келді сөздің кезегі,
Ей, шырайлым, есті сөзді елегін:

«Шын сөз ашты, у да болса сіңіргін,
Тиіп пайда, сүйіндірер, сіміргін!

Шын сөз — ашты, қатқыл тиер жаныңа!
Басқа асыл сөз бар ма, кәне, тағы да?»

Әкең өлді сенің сәби шағыңда,
Көрмедің сен өнегесін, бағын да!

Тәрбиелеп баулыды Елік, өсірді,
Санатқа сен кірдің, жиып есіңді.

Құл-күң, жер-су, ат-айғырлар баршасын,
Сыйлап Елік, ашты дәулет қақпасын.

Күллі рахат, жақсылықты игердің.
Жайылды елге абыройың, күйлендің.

Жарар ма енді: ойлан, жина есіңді,
Жау сияқты кері бұрсаң бетіңді.

Пайдаң тиер шақта сенің, шалғайға,
Қашқаныңнан ер көңілі қалмай ма?!

Жақсылығын жасап Елік сенген соң,
Жауап беру керек, кезі келген соң!

Көрген кісі мақтап, ерге балайды,
Опалы!— деп, атың елге тарайды.

Не дегенін, тында ізгі ер кісі,
Кісілік қой шын кісілік белгісі:

«Кісілікпен ей, мәрт ерім, ұлы бол,
Кісілікке түсер содан ұлы жол!

Адамшылық жаса адамға, адам бол,
Адам атын мақтаныш қып алар бол!»

Көрдің ханнан мың жақсылық, мың сауап,
Жақсылықпен жақсылыққа қыл жауап.

Кісі ізгісі — қайырымды кең кісі,
Ел сарасы, кісіліктің белгісі.

Білімсіз, жас балақанның бірі едің,
Құт дарытып жол көрсетті — түледің.

Жан-тәніңмен қайтар енді ырысын,
Күні-түні жатпа, тындыр жұмысын.

Жақсылыққа жақсылық қып жетесің,
Берер саған құдай өзі есесін.

Мейірімді, кісілікті кісінің,
Ей, ақ көңіл, ұққын сөзін түсінің:

«Кімнің асын ішсең — соның ісін біл,
Мейірімі өсер, асың да адал — түсіндің!

Тұз-дәм хақын бағып, өтеп адалдар,
Басын берер — асын берген адамға!»

Бар тілегің болып, таптың ізгі жол,
Енді өзің мейірімді, ізгі бол!

Қидің өзің небір жібек, асылды,
Көз қарығып, қас-дұшпаның басылды.

Енді Еліктің даңқын шығар, шаттансын,
Жаты басын иіп, жауы жасқансын!

Тілек, мүлік бәрін алдың арындап,
Бұқадай дәл мойын, жалың қалыңдап.

Бұл күшіңді арна Елікке, тартынба,
Ұзақ ғұмыр тілер саған халқың да.

Дүние малын жидың байып, қонды бақ,
Міндің кілең тазы тай * мен арғымақ.

Байла Елікке, көрсін күллі пайдасын,
Тілегін ап шаттансын да жайнасын!

Хан тағында күшті отырсын, қайратты,
Жауы сассын, сезіп ерен айбатты.

Қол ұзартты, сөз бен білік ұстадың,
Қабағыңа қарады дос-дұшпаның!

Сен енді оған жақсы дұға арнағын,
Ұзақ жасап, артсын дәулет, аруағың!

Әсілі оңды кісі ізгілік жасар да,
Мәңгілікке аты қалар жаһанда.

Араб сөзі жақсы айтыпты саралап,
Білу жөнін кісі әсілін бағалап:

«Кісі әсілін танытады * қылығы:
Ісі қандай — сондай тіпті, құлығы.

Құлқы ізгінің қылығы да әдемі,
Оңбағандық — оңбас құлық әлегі!»

Елік құлқы бұзылса өзің оңдарсың,
Қайтарарсың, білік қосып қолдарсың.

Елік басшы, күллі ізгілік басында,
Одан қашып шеттеме, бол қасында.

Маған сеніп, өзің кеңес сұрадың,
Айттым саған білгенімнің құнарын.

Айтқанымды көңіліңмен шамала,
Сарала да, іске асырып, бағала!

ӨГДҮЛМІШТІҢ ОДҒҰРМЫШҚА ЖАУАБЫ

Сүйінішпен айтты Өгдүлміш:— Ағайын,
Ақылыңды кісілік деп алайын!

Келісті айтқан сөзіңе жан сүйіндІ,
Шешіп бердің шешілмейтін түйіндІ.

Перде жапқан сөздің мәнін, астарын –
Ашып бердің, пердені алып тастадың.

Өзім енді бұл тілекті қояйын,
Қолдап жүргей мені ләйім құдайым!

Жаппар ием сақтасын һәм қорғасын,
Қылық-құлқым, пейілімді оңдасын!

Дұғанда атап, медет беріп, демегін,
Мені ұмытпа, сенсің тірек, сенерім!

Сөзін үзіп, тұрды, шықты ақырын,
Қош айтысып, басын бұрды атының.

Келіп түсті, кірді үйіне жадырап,
Асын ішіп, демін алды азырақ.

Зеңгір аспан қара киім киінді,
Шашын жайып, жарық жүзі түйілді.

Қиғандай нақ шашын күннің, жұлдыздың,
Дүние ішін жапты түсі құндыздың!

Төсек салды. Жатты, біраз керілді,
Сонсоң тыншып, тәтті ұйқыға көмілді.

Оянды да, қарады ашып қабағын,
Көрсетті аспан қыздай күліп ажарын.

Күн шықты да, алтын шапақ таралды,
Күллі жаһан аққу құстай таранды.

Тұрды Өгдүлміш, жуынды да тазарды,
Намаз оқып, асын ішті азанғы,

Атқа мініп хан сарайға барды да,
Келіп кірді тура Еліктің алдына.

ЕЛІКТІҢ ӨГДҮЛМІШКЕ САУАЛЫ

Сұрады Елік Одғұрмышты арнайы:
— Есен-аман бар ма?— деп, һәм жағдайын.

Ала ма екен дұғасында мені еске,
Жанды қорғар хақ дұғасы емес пе!?

Дұғасымен кісі ізгілік көреді,
Дұғасымен жұмаққа да енеді.

Жақсы дұға жоқ болса бұл жаһанда,
Тумай жатып күйрер бәрі қашанда!

ӨГДҮЛМІШТІҢ ЕЛІККЕ ЖАУАБЫ

— Дұрыс, айттың,— деді Өгдүлміш,— өзің де,
Білікті, оңды, еш жалған жоқ сөзіңде.

Жалғыз қалды ол, қайтарды да інісін,
Дұға қылып, мұңлық болып біз үшін.

Бізден басқа кімнен күнә шығады?
Біз күнә істеп, сол оқиды дұғаны!

Елік үшін жан ұшырып, табынып,
Дұға оқып жүр, жан-тәнімен жанығып.

Адалдықта одан ешкім аспаған,
Біз үшін ол өз қайғысын тастаған!

Бізден осал кім бар, Елік, білмедім,
Қол тимейді, өтті текке күндерім.

Мал-дүние, ку тілекке семіріп,
Рахатта құр жатыппыз керіліп.

Тәніңді құрт, жылан жер, бір өлерсің,
Ажал деген бір өкініш, көнерсің!

Есті сөзді естіп, ұғып аларсың,
Содан ерім, сен шапағат табарсың,

«Жылан, құрттың жемісің — көп семірме,
Қонар-кетер қонақсың — көп елірме!

Көрген түстей өтер-көшер тірлігің,
Белгісі оның қуған күндер бір-бірің!»

ЕЛІКТІҢ ӨГДҮЛМІШКЕ ЖАУАБЫ

— Ей, біліктім!— деді Елік,— айтқайсың,
Қалай жүріп, қалай жанды сақтайсың?

Маған сенен мейірбан жоқ, қиналдым,
Саған сеніп, саған ғана иландым.

Мен жатырмын сарайымда алаңсыз,
Барша істен алыс әрі хабарсыз!

Көз-құлағым өзіңсің, сен қарарсың,
Қыңыр кеткен істі түзеп бағарсың.

Менен жәрдем керек болса — хабар қыл,
Қай істің де бір амалын табармын.

Келіспесе бір-бірімен жан-жағың,
Қапа қылма, тынышымды алмағын.

Кетсін елден аяр баққан пайдасын,
Білік жайлап, білімсіздер жайрасын!

Халық байып, ел түзелсін, жайнасын.
Шүкір қылып, менің тілім сайрасын.

ӨГДҮЛМІШТІҢ ЕЛІККЕ ЖАУАБЫ

— Ей, бегім,— деп айтты Өгдүлміш жауабын,
Құдай * тауфиқ берсін, қайтпай тауаның!

Тілерім сол, керегім сол, қысқасы,
Тәңірім ақ, адал жолын нұсқасын!

Ұзақ болғай ханның құты, жасы да,
Бейнет, кесел түссін менің басыма.

Қидым саған өмірімді: жанымды,
Ей, елші ұлық, жасап баққын бағыңды.

Бір тілегім бар өзіңде, сенгейсің,
Сүйіншті түйіп ішке, бергейсің.

Бектер кімді жақын көрсе, білесің,
Соны ел сөгіп, қатырарын сілесін.

(Білесің бек, тапса сенер адамын,
Күллі ел соның, кем-кетігін санарын!)

Мені қанша жақсы көрсең, бағала,
Шырай берме ғайбатшыға, жалаға,

Батыр ердің сөзін тыңдап көргейсің,
Есті сөзге ықыласты бөлгейсің:

«Жүрек бір ет, ет бұзылар, білгейсің,
Ей, батырым, сақтап, бағып жүргейсің!

Көнбеген ер қанша ғайбат, жалаға,
Құлақ түрер, өсек кірсе араға.

Қанша ақылды, берік бегің, қарасаң:
Жалақорды жақындатса-ақ, адасар!

Денең ел де, бек — жүрегің сыз батар,
Сөз жүректі жылтар, бірде мұздатар!

Тәңіңнің Төрт белгісі бар арбасқан,*
Шаттандырып, енді бірі зарлатқан.

Ширатар да, енді бірде бүлдірер,
Жылатар да, енді бірі күлдірер.

Сүйініш күт: күйініш кеп — қашарсың,
Күйініш де, сүйініш кеп — сасарсың!»

Ойым мынау — Елік, құлақ түрерсің —
Бұл жалақор иттен жаман, білерсің!

Көңілің қалса, түңіліп мін тағарсың,
Еңбегім еш болар, теріс қарарсың.

Тілегім һәм өтінішім: Кімде-кім,
Жала жапса — жөн өзімнен білгенің!

Түгел сұрап, талдап-тергеп, тексергей,
Неге шағым қылса, соны ескергей!

Шағымшының сөзін тыңдап, талдағын,
Айырып біл шындығын һәм жалғанын.

Жақсы айтыпты бұрынғылар алдында:
«Сөзді тыңда, көңілде дық қалдырма!»

Бұдан өткір сөз бар, тыңдап көрерсің,
Ішке түйіп, істе көңіл бөлерсің:

«Керегіңді ал, күллі сөзді тыңда да,
Керексізден қаш, малданып жырғама!

Бәрін тыңдап, ақ-қарасын аңдағын,
Шыншылын ал, жазала да жалғанын.

Өтірікші дүниені күйретер,
Шыншыл қолы ұзын, өрге сүйретер!»

ЕЛІКТІҢ ӨГДҮЛМІШКЕ ЖАУАБЫ

Жауап беріп, Елік айтты:— Ей, ерім,
Тілеуің — оң, сөзің — рас, сенемін!

Кісілік берді, құдай саған бақ берді,
Көңіл, тіл, ес, шындық, атақ-данқ берді.

Қалай шықсын сенсіз зұлым, жамандық?
Сүтпен сіңген адамдық пен адалдық!

Сені сөгіп сөйлер болса кімде-кім,
Ол маған жау біліктім, жөн білгенің!

Аз сөйлер һәм көп сөйлер бұл ағайын,
Олардың құр сөзін қалай алайын!

Ұлық болдым, несін билеп жаһанды,
Айырмасам, егер, жақсы, жаманды!?

Бек атанып: қалай елді билемек,
Оң-теріске есі жетпес күйгелек!!

Қашан елге дұрыс билік құра алған,
Сенбегендер серігіне сыналған?

Заң шығарып, қай мұратын табады,
Айыра алмай тұрса ақтан қараны?

Хақтың берген шын сыйысың бүгінгі,
Шештің күллі шешілмейтін түйінді!

Жан-тәніңмен қызмет еттің, сенемін,
Тұз-дәмімнің хақын адал төледің.

Қызмет еткен өміріңе тегінде,
Жақсы жауап бергенім жөн менің де!

Тында сөзді ақылды ер таратқан,
Адалдықпен елді аузына қаратқан:

«Кішілікпен ұқсаң кісі бағасын,
Ізгі кісі — кісі ішінде данасың!

Кісілікке кісілікпен бер жауап,
Сол үшін де, кісі атанып қаласың!»

ӨГДҮЛМІШТІҢ ЕЛІККЕ ЖАУАБЫ

Өгдүлміш те жауап берді:— Ей, Елік,
Еліңе бер құтты білік, керегін!

Екі жаһан құтын бергей құдайым —
Тілегіңе қолың жеткей ұдайы.

Аспан саған тұрсын бұрып пейілін,
Тілегің боп, төксін тағдыр мейірім.

Ей, ақ көңіл, құлқы түзу, ерен ер,
Есендікте, құтты ғұмыр көре бер!

Бар жақсылық сенен тиіп — сүйіндім,
Құрмет, дәулет бердің, іштім, киіндім.

Қызметіңе белді будым, кірістім:
Құдай өзі тауфиқ берсін, біліктім!

Айтты Өгдүлміш:— Сенің асыл затыңды,
Қасиеттеп, жайды құдай атыңды!

Хақ құт берді, ізгі тілек қылғайсың,
Бақыт қонды — көңілді оңға бұрғайсың!

Баянды, ұзақ бектік құрсам десеңіз,
Төрт шартты орында, түгенделер есеңіз.

Бірінші — тіл: ақ сөйле, айт ашығын,
Екінші — заң: ұстан адал, асылын!

Үшінші — елге қолың ашық, сақи бол,
Жаныңды қос, жұртпен мәңгі бақи бол!

Төртіншісі — керек қуат, қайсарлық,
Жаудың мойнын ніп, тегіс жайпарлық!

Бек қолынан бұл төртеуі келмесе,
Жасып, жүдеп, бола қоймас елде еңсе!

Бек жұлдызы сонда ғана жанады,
Бектік ісі сонда жөнін табады.

Осы жолдан тайма, бұзба алаңдап,
Бұл жол қалған бұрынғы өткен бабаңнан.

Бек бұл жолдан тайса, әсте, оңбайды,
Бектік бағы ұшар, қайта қонбайды!

Адамның үш түрін қоштап, сүйерсің,
Мен айтайын, сен есіңе түйерсің:

Бірі — алып, құрыш жүрек кісілер,
Қылышымен елге пайда түсірер.

Екіншісі — елші, ғалым, даналар,
Кеңестерде елдің ісін бағалар.

Үшіншісі — хатшы, зерек күллі істе,
Қазнаң толар, білгір шығыс-кіріске.

Сен бұларды айырып ал, байыптап,
Сый-құрмет қыл, еңбегіне лайықтап.

Сонда, ісің өрлеп, құрмет көбейер,
Ел байлығы тасыр, жерің кеңейер.

Жақсы атың шығып, даңқың тарайды,
Жақан халқы бір көруді қалайды!

Ойлы кісі айтқан сөздің ақ шынын:
«Кісі өлсе де, өлмес аты жақсының!»

Не ғұмырлы, тек ізгі атың ғұмырлы:
«Кісі өлер, жақсы ат жықпас туынды!»

Мәңгі тірі аты жақсы ер өткенмен,
Шіріп, қара жер астында кеткенмен.

Тірлік емес, жақсы ат тіле — тілесең,
Атың жақсы болса, мәңгі тірісің!

Тірлік қандай? Жақсы ат қандай? Айырып
Айтқын, есті ер, жаса маған қайырым.

Бұл жақсылық — шындық, пәктік көзі ғой,
Ал, тіршілік — жақсылықтың өзі ғой.

Кім ізгілік етсе — тірі ол, тірегін,
Кімнің құлқы harам болса — тірі өлік!

Қөшер жалған, ізгі құлық көшпейді,
Құлық болса, жөн жорық та өшпейді!

Фани жалған жүзін теріс бұрады,
Қайырым қыл, сол тіршілік мұраты.

Нәрсеге құл болма, Елік, күйерсің,
Опа бермес бұл дүние, білерсің!

Ойын сынды бұл дүние мінезі,
Аяғын күтсең, бірден басын тігеді.

(Бұл дүние құлқы сықыр, ұғынсаң,
Басың кетер, аяғына жығылсаң!*)

Өсіп-өнгір, қатыспа сен ойынына,
Ал, қатыстың, тұзақ түсер мойыныңа.

Жазбасы бар хатқа түскен ілімнің,
Ей, ақжүрек, ұмытпа оны біліп жүр:

«Бұл дүние қылығы ойын, ойын құр,
Сен, қатыспа не қыласың ойынды!?

Құлдық ұрып, орында үкімін неңнің,
Орындамасаң, онда иіп бойынды!»

* * *

Міне, Елік, менің біліп-түйгенім,
Іші-тысын бірдей саған сөйледім.

Сөзімді алсаң алғай, егер алмасаң,
Шүбәң қалмас, өзің көріп, аңдасаң!

ЕЛІКТІҢ ӨГДҮЛМІШКЕ ЖАУАБЫ

Елік айтты:— Тауфық бергей, не дейін,
Бір құдайдан медет, көмек тілейін,

Тілеуімді беріп құдай, жар болғай,
Нұрыңды құй, түнекке орын тар болғай!

Күллі істі көзден таса қалдырма,
Сақ бол, құлақ жанарыңды талдырма.

Күшің жетсе — тыңдыр, маған қарама,
Жәрдемдесем, көнбесе іс шамаңа!

* * *

Елік сөзін үзді, тілі байланды,
Тұрды Өгдүлміш, кетуге енді сайланды.

Атын мініп, тез жетті үйге қайтарда,
Кірді үйіне, тонын шешіп жайланды.

Кешке жатып ерте тұрып аттанды,
Кірді ордаға, албарында ат қалды.

Қайраттанып істі Өгдүлміш басқарды,
Тізе бүкпей бар жұмысты атқарды.

Халық рахат көріп, жаман жайнады,
Сүйінішпен Елік ұзақ жайлады.

Тарады елге жақсы лепес сенгісіз,
Аты қалды мәңгілікке сөнгісіз!

Не жақсы, көр, әуелі әділ заң жақсы,
Әділ заңмен бектің аты қалмақшы!

Ел басшысы болса бектің алғыры,
Мәңгі мұңсыз елі-жұрты, барлығы.

Құлқы түзу, іскер болса халқы бар,
Онда бектер күні туып жарқырар.

Бұл бектерді құдай қолдап-бағыпты,
Елі жақсы болса, бегі бақытты!

Елі сорлы болса, бегі сорлайды,
Сорлыға сорлы қосылса — оңбас, сол — қайғы.

Ел түзелсе, бектің құлқы ағарар,
Бек түзелсе, ел одан да тазарар!

*

Тағы біраз күн, ай өтті, жыл өтті,
Байыды ел, дүние көркін түзетті.

Тұман тарап, ашылды көк ғажайып,
Түзелді өмір, құрыды лаң азайып.

Құдайға Елік шүкір қылды мақтады,
Мадақтады, мақтады көп, жақтады!

76

Одғұрмыштың науқастанып Өгдүлміштi шақыртуы айтылады

Бұл Өгдүлміш бір күн түнге кеш келді,
Басын қойып енді ұйқыға кеткен-ді.

Үн естілді, шу қақпаға тірелді,
«Шығып, көр!»— деп, қызметшісін жіберді.

ҰЛАННЫҢ ӨГДҮЛМІШКЕ ЖАУАБЫ

Қызметшісі:— Бір ер келіп тұр — деді,
Рұқсат сұрап сөзім бар, деп, кіргелі...

ӨГДҮЛМІШТІҢ ҚЫЗМЕТШІСІНЕ САУАЛЫ

Және айтты:— Барғын. Сұра — сөзінің,
Мәнісі не? Не демекші? Өзі кім?!

ҰЛАННЫҢ ХАБАРШЫҒА САУАЛЫ

Қайта шығып ұлан айтты:— Кім едің?
Қайдан келдің? Қандай бізге тілегің?

ХАБАРШЫНЫҢ ҚЫЗМЕТШІГЕ ЖАУАБЫ

— Одғұрмыштан келдім, сәлем берейін,
Сөзін айтып, туысқанын көрейін,

ҚЫЗМЕТШІ ҰЛАННЫҢ ӨГДҮЛМІШКЕ ЖАУАБЫ

Қайта кіріп, айтты ол не дегенін,
Ағасының бұған хабар бергенін.

ӨГДҮЛМІШТІҢ ХАБАРШЫҒА САУАЛЫ

Тез орнынан тұрып оған берді ерік,
Бұл ер, сонсоң, сәлем беріп келді еніп.

«Хәкім, қайдан, неге келдің сен?»— деді,
«Тілегің не? Жөніңді айтып бер?»— деді.

ХАБАРШЫНЫҢ ӨГДҮЛМІШКЕ ЖАУАБЫ

Мені Одғұрмыш аттандырды өзіңе:
«Келсін,— деді,— бір көрінсін көзіме!»

Халі ауыр, жатыр жаны қиналып,
Жанашыры, қасына жүр, жиналып.

ӨГДҮЛМІШТІҢ ХАБАРШЫҒА ЖАУАБЫ

Айтты Өгдүлміш:— Бар тағамнан дәм алып,
Ауқаттанып, әлден, бірге баралық.

ХАБАРШЫНЫҢ ӨГДҮЛМІШКЕ ЖАУАБЫ

Айтты ұнатпай:— Халі мүшкіл, жаман-ды,
Тез жүрелік, бек, көруге ағаңды.

Мен алдымен, сенен бұрын барайын,
Сен соңымнан үлгірерсің, ағайын!

•

Қақпа алдынан қайтты Өгдүлміш жабығып,
Қолын жайды қамығып һәм аңырып.

Үйге кірді һәм жабығып, қамығып,
Қайғы жеңді, алды шаттық, сабырын.

Жатып еді, қашқан ұйқы келмеді,
Жылдай ұзап түн де бітіп бермеді.

Ұйықтамақ боп, көзін жұмды қалжырап,
Көзден ұйқы кеткен ұшып, жамырап.

Қайта тұрып, бас көтеріп отырды,
Сары таңды ол көзімен атырды.

Гүл ішінен бұлбұл үні төгілді,
Жүрек талып, қабырғасы сөгілді.

Атқа мініп, келді де, енді үш аттап,
Көзайым боп, сүйді ағасын құшақтап.

Жатыр сұлап, әрең-әрең қас қағып,
Ескі-құсқы төсеп, жеңін жастанып.

ӨГДҮЛМІШТІҢ ОДҒҰРМЫШҚА САУАЛЫ

— Не болды, аға?!— деп, елжіреп қарады,—
Сені көріп болды жаным жаралы!

ОДҒҰРМЫШТЫҢ ӨГДҮЛМІШКЕ ЖАУАБЫ

— Бауырым!— деді,— жолым, дәмім таусылды,
Ажал бүріп, құшағына қаусырды!

Шақыртқаным, бір көрейін деп едім,
Бейнеттенін жеттің — көрдім, демедің.

ӨГДҮЛМІШТІҢ ОДҒҰРМЫШҚА ЖАУАБЫ

Айтты Өгдүлміш:— Тіршілікте, бауырым,
Жан бола ма қиналмайтын ауырып?!

Тіліңді тый, жамандыққа жорыма,
Ауру-сырқау күнәһардың соры да.

Білікті сөз, тыңда, ойыңды өрбітер,
Көңіл шаңын қағып, жанды сергітер:

«Кісі кінә, күнәсі үшін ауырар,
Ал, күнәсіз пенде бар ма жаны бар!?

Кісі ауырса — бірге кетер күнәсі,
Күнә кетсе, сырқатынан арылар!»

Азды-көпті күнә жасар барлық ел,
Күнәсізге зәру жаһан, жарлы жер!..

Дертің кетер, сауығарсың дін аман,
Сауап болып, арыларсың күнәдан!

Неге ауызға алдың, хәкім, жаманды?
Қайдан білдің өлеріңді, ажалды?

ОДҒҰРМЫШТЫҢ ӨГДҮЛМІШКЕ ЖАУАБЫ

Айтты Одғұрмыш өлімнің шын келгенін,
Түсіне еніп несі аян бергенін:

— Түсім айқын, айтып берді, сенемін,
Өлерімді ұқтым анық, ей ерім!

Құдай жаман-жақсы, қаза келгенде,
Аян берер түнде, ұйқыға енгенде!

ӨГДҮЛМІШТІҢ ОДҒҰРМЫШҚА ЖАУАБЫ

Айтты Өгдүлміш:— Есті сөзде — есендік,
Ей, ақ жүрек, бар сөзінде бекерлік.

Өле берсе ауырған жұрт шетінен,
Кісі қалмас, құрып жердің бетінен!

Тіріде адам еш ауырмай кете алмас,
Түп-тұқымын тіпті ажал да кесе алмас.

Кісі ұйықтаса түс жүреді иектеп,
Жорушылар жорыр жақсы ниетпен!



77

Өгдүлміш Одғұрмышқа түс жору туралы айтады

Түс ілімін аса жақсы білген жөн,
Сонсоң бәрін жорып, сезіп жүрген жөн.

Түс жорудың түрлі-түрлі түрі бар,
Ей, ақылды ер, ұғып түгел білін ал.

Біліксізге түсіңді айтпа, тіс жарма,
Біліктіге айт, ескіреді кеш қалма.

Кешегі, ескі, түс жоруы бір бөлек,
Жаңа, күндіз көрсең — жөні өзгерек!

Түс ілімі шарттары көп білім бір,
Ақылға сап, жөн-жосығын, жігін біл.

Көрген түсті жорыма өзің өзіңше,
Және де айтпа көрінгеннің көзінше!

Деп жүрмегей түстің бәрі түс қой деп,
Түстің жөні, жоруы аса көп қой, бек!

Түс жорыма, біліп жоры — жорысаң,
Түсініп ал мәні, астары, жолы сан.

Түс көрсе адам, жорытуға асығар,
Жорытпаған — түстің құтын қашырар!

Ойы теңіз ер сөзіне қанғайсың,
Жүзің жарық болар, ұғып алғайсың:

«Жақсылыққа жоры ойлап түсін де,
Жоруына қарай бағар түсің де!

Солай болар түсті қалай жорысаң,
Қор қылады сұмдықты еске түсірме...»

Талай түс бар, бірі — түске ас кірер.
Жарамсыз ас — жамандық, нас, қас біл, ер!

Жыл мезгілі түсіне енсе егер де,
Түрлі сөлдің алмасқаны денеңде.

Жас жігіттің түсіне енсе нұр көктем,
Қара жер мен қып-қызыл түс гүл бөккен.

Тасып, қаны күшейгені сол болар,
Айтқын оған, қан алғызған оң болар.

Түсіне енсе жасыл жаз жас жігіттің,
Сары-жасыл түрлі нәрсе үгіткен.

Ей, бек, оның запыраны артқаны,
Азайтудың жөн амалын тапқаны.

Күзді көрсе адам орта жастағы,
Тау, құдықты, жерді қара аспаны.

Көз қарайтып өршігені құмарлық,
Дәрі ішкен жөн оны азайтып, қуарлық.

Қарт түсінде қарды көрсе, қыс көрсе,
Ағынды су, аяз бен сыз, мұз көрсе.

Суық буып тастағаны денені,
Ыстық ішіп, қыздырынсын керегі.

Тағы бірі, түсініксіз құр елес,
Жоруы жоқ, жоруды ешкім тілемес.

Нені ойласаң — соны көрсең түсіңде,
Оны жорып қасиетіңді түсірме.

Бір түстердің, сайтан білсін, не екенін,
Оны көрдің — суға түстің, есебі...

Жүрсең егер, ас пісіріп, іс істеп,
Жорыма оны, қиын жорып біліспек.

Мұның бәрін талғап, талдап, тануға,
Білім керек жорып, айырып алуға.

Не дегенін тыңда ақылды адамның,
Түс жорушы, жөнін білген ғаламның:

«Жөнін білмей түс жорыма, сүрінбе,
Не жорысаң — сол болады, түбінде.

Қуанып жүрсең, қайғырарсың өңіңде,
Реніш көрсең, қуанарсың, түңілме!»

Түс жорудың түрлі-түрлі өзегі,
Ей, дана ер, зерделі өзі сезеді!

Қара халық түсін жору бір басқа,
Бек пен ұлық түсін жору бір басқа.

Ойын тойда жүрсең жайнап, шаттанып,
Қайғы-мұңның қақпасын сен қаққанық.

Түсте жапа шексең, жылап, суалып,
Уанарсың өңіңде мың қуанып.


Енді бірі кіріп сенің түсіңе,
Жақсылығы тиер басқа кісіге.

Кісісіне қарай түсті жориды,
Неге лайық келсе, адамға сол игі.

Біреуге түс ұлықтықты мезгейді,
Басқаға ол түс қайғы-мұңды теңдейді.

Мұның бәрін білу керек туысқан,
Түс жоруы шықпас сонда уыстан.

Не түс көрдің, айтқын маған ашылғай,
Мен жориын, қалтарысын жасырмай!



78

Одғұрмыш Өгдүлмішке түс көргенін айтады


Айтты Одғұрмыш:— Дұрыс көңіл бұрғаның,
Мен сөйлейін, ықыласпен тыңдағын.

Саты көрдім, тіп-тік әрі тым тайғақ,
Тұп-тура елу баспалдағын тұр сайлап.

Бір-бір басын көтерілдім сатылап,
Санап шықтым баспалдағын бақылап.

Бір атты адам су ұсынды басында,
Қанғанымша іштім, шөлім басылды.

Сол сәт биік көкке ұшып самғадым,
Сіңіп, ізсіз-түссіз кеттім, қалмадым!



79

Өгдүлміштің Одғұрмыштың түсін жоруы айтылады

Айтты Өгдүлміш:— Түсің жақсы екен!— деп,
Жақсылығы көп, толқынсың бекер,— деп.

Неге жаман жорисың өз түсіңді,
Түс жоруға бұрылады, түсінгін.

Ұшып жүрсең, мәртебеңнің артқаны,
Қанша биік ұшсаң, сонша асқаны.

Қанша биік ұшсаң — құтың тасады,
Бағың жанып, атақ-даңқың асады.

Саты ұшына шықтың — құттың жеткені,
Ұлықтықпен атың тарап кеткені.

Мына бір сөз сөздерімнің дәлелі,
Жорушы өзі-ақ жорыпты ғой әдемі:

«Түсіңе енген саты — құрмет көрінген,
Әр басқышы қадірге сай бөлінген.

Қанша шықса — сонша қадір, мәртебең,
Мыңғырып мал, құт құйылар төріңнен!»

Суды түгел ішіп, шөлің қанғаны —
Тірлігіңнің жұлдызы ұзақ жанғаны.

Ұшып көкке, самғап бара жатқаның,
Тәңірден бар тілегіңді тапқаның!



80

Одғұрмыштың бұл түсті басқаша жорығаны айтылады

Жауап беріп, айтты Одғұрмыш:— Түсімнің,
Жоруы бұл емес, достым, түсінгін.

Бұл түсті өзің көрген болсаң егерде,
Жорыр едің ашып-анық, сол жерде.

Бұл жалғанға ауған сенің ниетің,
Тілегің сол, үлесің сол тиетін.

Бұл жаһанды қойып өзім қашқанмын,
Осы жерде жүріп бейнет тартқанмын.

Бұл түсімді түгел жорып бермедің,
Жоруымды тыңдап байқа, сен менің.

Басқышы — елу, биік саты көргенім —
Елу белес тірлік кешіп келгенім.

Сол сатының басына өрлеп шыққаным —
Тірлік, дәмнің таусылғаны, ұққаным!

Шыққанымда, атты адамның келгені,
Шөлді бассам, қанып ішіп бергенін —

Ол аттылы аталыны атасыз
Қалдырады, ей пәк, ұққын сен мені!

Ол аттылы бәрін бұзып, шағады,
Тірі жүрген жанның жанын алады.

Ыдыстағы суды өмірге баладың,
Қандым — ұзақ, баянды деп санадың.

Сен айтқандай, бейне тірлік болса су —
Жартысын ішіп, ал жартысы қалсашы!

Бөліп ішіп, ал жартысы қалғанда,
Жарты ғұмыр қалар еді жалғанда.

Ыдыстағы суды сарқып, сімірдім,
Қош-аман бол, бітті тірлік, жүгіндім!

Ойшыл хәкім айтқан екен, ұқ, нені,
Хәкім сөзі сөз біткеннің түп тегі:

«Түсімде ішсем, ыдыстан су жарымын,
Бар болғаны — әлі көрер жарығым.

Егер ішсем, суды түгел тауысып,
Тірлік бітіп, қазылғаны қабырым!»

Жоғары ұшып, ғайып болып жүргенім,
Жасыл көкке еніп, будай сіңгенім.

Шыбын жаным көкіректен тысқары,
Енді жерге келместей боп ұшқаны!

Хақ түсімде аян берді, батырым,
Өлімге енді дайындалған жөн, ақырын.

Бұл түсімнің жоруы осы, қатесіз,
Ал, басқаша жорып, оны нетесіз!?

Жақсы сөзбен көңілімді аулайсың,
Өлім келді, оны алдай алмайсың.

Ей, тірі жан, оң-солыңды байқа, көр,
Қара жерде қазды ажал, қанша көр!

Қаншама орда, сұлу сарай, қаланы
Өлім бұзып, ойран қылып талады!

Қаншама ұлы, пақ бектерді, ірі, дөй,
Өлім буып, жерге тықты тірідей!

Қанша күшті, білектінің жинаған,
Өлім шашты қазнасын қимаған.

Таң қалдырмас, тірі адамның өлері,
Тірі пенде ажалға, ақыр, көнеді.

(Туғанда адам, ажал тұрар алдынан,
Тірі жанға бір өлім бар аңдыған!)

Таң қалдырар, ажалдының өлімді,
Мүлде ұмытып, сайрайтыны көңілді.

Сезеді адам — табады ажал жаңылмас,
Ғафылдықпен ұйқысынан арылмас.

Аман қалар амалым жоқ өлім хақ,
Өлгеннен соң не боларым бір жұмбақ.

Достым, бір ой алған менің есімді
Өлген соң хақ ұмытпаса ісімді!

Қанағат деп барға, өзімше күн кештім,
Бейнетпен де, зейнетпен де бірге өстім.

Қолды қысқа ұстап, тауар термедім,
Нәпсі-тілек біріне діл бермедім.

Барша күнә-жазығымды білемін,
Жазығымды жеңілдетсем деп едім.

Білім берген хәкім сөзін аңдағын,
Мейіріммен жұртқа кезек арнаған:

«Қапы қалма, тарт жүгіңді, қажыма
Қылдан нәзік жолың, сақ бол сағыңа...

Бітер істі бүгін бітір, аянбай,
Өтер-өшер қапаны ұмыт, налыма!»

Және де айтты:— Ей, бауырым, жанашыр,
Мен кетемін, сен соңымнан барасың!

Саған талай сөзімді айттым — жаттарсың,
Мен кеткен соң, есіңде ұзақ сақтарсың.

**Өле-өлгенше жанашырың өзіммін,
Өлгеннен соң, мәнін тергей сөзімнің!**

81

Одғұрмыштың Өгдүлмішке өсиеті

Айтар сөзім:— Інім, қапы қалмағын,
Тірлігіңді құр өткізіп алмағын.

Адалдықтан еш айныма, тура бол
Бар тілекке жеткізеді тура жол.

Тірі жанға мейіріңді арна да,
Жан-тәніңмен қызмет қыл аллаға.

Мұңды қысқарт, қызмет ет жасқанба,
Ашуда — сақ, сабырлы бол сасқанда.

Дайындала жүр, өлімді де ұмытпай,
Тегіңді біл, өзіңді де ұмытпай.

Қарауланба, дүниеге сұқтанба,
Өкінерсің өмір өте шыққанда!

Ісіңді атқар, көніп хақтың құлқына,
Пайда тапсаң, пайда тигіз жұртыңа.

Тура сөйле, адал сөздің кіді жоқ
Жаман жанның сөзі жалған, тілі шоқ.

Жылы жүзбен күле сөйлес, жадырап,
Бақыт қонып құтың тасыр жамырап.

Жомарт, сақи бол, қырсығып, есірмей,
Кісі айыбын ашпа, сөкпе, өшіргей!

Нәпсіңді тый, өкпе-кекті тастағын,
Құмарлықтың жолынан қаш, баспағын.

Пайда қума, ел пайдасын ойлағын,
Өз жүгіңді өзгеге артып қоймағын!

Малға алданба, аямай төк теріңді,
Білікті ұлық, риза еткін еліңді.

Ізгі кісі кісі үшін шырқырар,
Жаны күйіп, сай-сүйегі сырқырар.

Жақсы айтыпты кісі ізгісі, есті ер,
Ақылды ой нақыл сөздей естілер.

«Пайдалы ер — кісілердің данасы,
Қайырымды ер — ол елінің сарасы.

Кісілікке екі нәрсе қос қанат:
Бауырмалдық, жомарттыққа тоқтамақ.

Бұлардан да қымбат — ақыл, ұққанға,
Олжалы жол — ақыл жолы, тұтқанға.

Жомарт қандай? Кімді айтамыз сақи деп,
Сақи жан тек ер хақына бас имек!

Сақи емес күміс шашып бөлгендер,
Сақи — елге жанын қиып бергендер!

Дүние беріп, сый көрсетсе елге кім —
Қайтарар ел оны қолдап бергенін!

Екі нәрсе түзер дүние сыңайын,
Бірі — мүлік, екінші — атақ, шырайың!

Мың жыл жасап жарқырасын маңдайың,
Өлім тұтса, басқа болар хал-жайың.

Қолдаса елі бек байлығы артылар,
Үзеңгі болса, тізгін қатты тартылар.

Бұл бақ-дәулет бола бермес қарадан,
Болғанша алжып бек те кетер арадан!»

Көшерсің сен, атың сенің өшеді,
Көшір — өлім, ақыры бір жетеді,

Көшуші ер орда-сарай тұрғызбас,
Жолаушыға жолы мойын бұрғызбас.

Інім, кетер жолаушымын деп сана,
Қуанба көп, сақтама көп кек-нала.

Шалқып басып бұл жаһанды бергісіз,
Ажалды жүрер, өлер күні белгісіз.

Өлім дәйім даяр ұстар тырнағын,
Қапы қалсаң, саған тастар қармағын.

Дүние — тағам, татып соны аңсаған,
Адам қанша? Сана, санар жоқ шамам.

Құмарланба тый, нәпсіңді, жаланды,
Тіліңді тый, ғайбаттама адамды!

Не дейді есті, ақкөңіл жан зиялы,
Бұл сөзді ұққан кісі көрмес зиянын:

«Тілек, шіркін, балдан тәтті таттың-ақ,
Сұрауы, әттең, ащырақ һәм қаттырақ.

Ащы-тәтті, дәмді-дәмсіз шарпысар,
Самғау-құлау, шың-шыңырау тартысар!»

Қыз қылықты бұл дүние арбайды,
Ей, ақкөңіл, аңдамасаң алдайды!

Сендейлердің талайын ол өшірген,
Талай бекті жер бетінен көшірген.

Көзін тігіп, қолын созды саған да,
Ей, көзі ашық, қапы қалма, амалда!

Не берсе де, түгел қайтып алады,
Не жисаң да, төгіп-шашып қағады.

Қанша күлсең, бір жылатып тынады,
Не тұрғызсаң, соны бір күн бұзады.

Қылығы — жапа, құлқы оңбаған, масқара,
Жарығы аз, түтіні көп қап-қара!

Ол қылымсып, сұлусынып тақайды,
Көңіл бердің, аяғыңды матайды!

Шекерімен, арбап алып — у берер,
Ей, біліктім, баянсыз бақ бұл деген.

Не дегенің, тыңда ақылды ерен ер,
Бақыт сырын бағып көрген кемеңгер.

«Көңіл берме, өтер дүние қу жалған,
Әркез одан бақсаң — жапа, мұң қалған!»

Жақсы айтыпты, көр, ақылды, есті ер,
Біліктіні естігенге ес кірер:

«Құт опасыз, еріп, жолдан жаңылма,
Бақ тұрақсыз, жағынба да табынба!

Дүние, дәулет көлеңкеден аумайды,
Көлеңке көшіп күніне мың аунайды!»

Ей, ақылды, сырын ұққан білімнің,
Әзіз тұтып, қадірін біл дініңнің!

Құтқа құл боп, құр дәулетке салынбай,
Хақты ойлап, қызмет қылып табынғай.

Дәулет сені есіртпесін қонғасын,
Ес жиғанда — тыя алмассың көз жасын.

Халық бегі айтқан сөзді аңдағын,
Сынап көрген әрбір сөздің салмағын:

«Дәулет қонып, кім есіріп, елірер,
Қара жерде ет жүрегі егілер.

Ұлықтыққа кім мастанып, кердеңдер —
Сыбағасын алар көрге кіргенде!

Мастығы бұл жігіттік, құт, байлықтың,
Шараптан да артығырақ, әй мықтым!

Шарап ішіп, болса есінен жаңылар,
Ұйықтап тұрса — айығар да, арылар.

Ал, дәулетке масайраса, мастанып,
Өле-өлгенше мүлгір ұйқы жастанып!»

Құл екенсің, бектен бойды асырма,
Қызмет істе, басқа бәле шақырма!

Тірлік күні баста мәңгі қалмайды,
Ұлықтықтың үні алысқа бармайды.

Неше мың жыл жаса — бір күн өлерсің,
Өкінерсің, үзілерсің — көнерсің!

Мұны меңзер сөзді тыңдап біл, енді,
Көңіліңе түй де, текке түнерме:

«Құллі тілек, ләззәтіңді табарсың,
Тірлік суын тамсап ішіп, қанарсың,

Қолды созып көк күмбезін аларсың,
Төбең көкке тисін — жерде қаларсың!»

Ей, бауырым, тілім тура сөйлесін,
Көңілі бір, жасырайын мен несін.

Бұл дүние байлығын кім сүймейді?!
Рахат, ләззат шоғына кім күймейді?!

Тиылған жөн құллі ақсар, құмардан:
Бұл қақпасын жапқан маған сұм жалған!

Сұм дүние құдайдан да бездірер,
Қайырымды істен безіп, ел жүрер!

Дүниені білген қорқып, түңілер!
Бейнет шегіп, жаһан кезіп жүгірер!

Бірі — үңгір тауда жүрер қаңғырып,
Көк шөпті жеп, ішіп көктің жаңбырын.

Қайсыбірі шөлде жүрер қаталап,
Хақтан қорқып, қайғы-шерін арқалап,

Бүкірейіп, өрім-өрім киініп,
Жүрер бірі жұтып зар, жас, күйігін.

Қайсыбірі — тамақ ішпес, мандымас,
Енді бірі — түн баласы қалғымас!

Сондай болар толған оңған адамдар
Ұйқы басқан, жайымыз жоқ алаңдар!

Сақ бол, інім, сенікі бұл дүние,
Өзің бассың, өзің енді бір ие!

Нәпсіні тый, құмарлықтан арылғын,
Белгісі бұл ерлік, ақыл, арыңның!

Ол екеуі ердің күшін алады,
Құл болса оған, көп зияны-залалы.

Қетем бүгін, мен бәрінен адамын,
Жолың осы, болғай құтты қадамың!

Жаманнан без, бол мейірбан, рахымды,
Қос жаһанда жаман қорлар затынды!

Тыңда сөзін көңілі тоқ адамның,
Іс тындырған, алдын орап ажалдың:

«Жамандықты күшпен тиып тастағын,
Жамандық — у, жамандыққа баспағын!

Ел сарасы, кешпе тірлік наласын,
Өлім келер, тездет оның дауасын!

«Мен! Мен»— деуші, қойып «Мен! Мен!»—
дегенді,
Дайындала бер, түбі ажал жеңер-ді.

Дүние құлы, сұқкөз, пасық, ашқарақ,
Өлім сұғын қадап тұр, о бастан-ақ!»

Мұның бәрін айттым, әттең бауырым,
Екі жайға өкінем, жан ауырып:

Бірі, алла қызметінен қалармын,
Екінші атын атай алмай барармын!

Бүгін, ертең дүние теріс бұрылса,
Дұға етіңдер, менің көзім жұмылса!

Дұғаңда, інім, мені ұмытпай жүрерсің,
Менен кейін сен келесің, білерсің!

Көрерсің де бұл халіме қанарсың,
Қапы қалмау үшін ғибрат аларсың.

Ажал жетті, мұңға бөгіп барамын,
Саған да енді келіп қалар, қарағым.

Айырылысып кеттік бүгін, мұңайып,
Қауышамыз қашан, білер құдайым.

Тыңда ерді беті әрі қараған,
Өлерде ұлып, басымен жер сабаған:

«Өкінішпен өліп, көзім суалар,
Тәттіні — ащы, дәмсіз етер бұл ажал.

Өлімнен соң екі айырық жол жатыр,
Қайсысына салып мені қуалар?»

Жан-бауырым,— деді тағы,— айнымас,
Жан ауыртып жабырқама қайғыма!

Менен кейін жаныңды жеп жылама,
Сабыр етіп, шырық, ұйы дұғаға!

Егілме артық, ұста өзіңді, есті жи,
Бұл құдайдың қылған ісі, сөзді тый!

Жинал енді, қайта айналып үйге бар
Қайғы-мұңмен көңіліңді қылма тар!

Қажет сөзді саған түгел ақтардым,
Ей, аққөңіл, ұмытпа, есте сақтағын!

Менен сәлем айт Елікке, тегінде,
Бұл сәлемім — соңғы, тынар демім де!

ӨГДҮЛМІШТІҢ ОДҒҰРМЫШҚА ЖАУАБЫ

Жауап беріп, айтты Өгдүлміш қайғырып:
— Қалай кетем, сені бұлай қалдырып!?

Дертпен өзің, ауру меңдеп қаларсың,
Асыл тектім, жалғыз не істей аларсың!?

ОДҒҰРМЫШТЫҢ ӨГДҮЛМІШКЕ ЖАУАБЫ

Айтты Одғұрмыш:— Аттанғаның жөн!— деді,
Қамымды жеп, қайғымды сен көрмегін.

Сүйенерім, сыйынарым құдайым,
Көрер, қолдар, ісімді оңдар, шыдайын!

Жақсы көріп, кімді құдай елесе,
Күллі ісі түгел болар, демесе!

Жақсы айтыпты көне * сөзді өрген ер,
Жіті көзді, талай істі көрген ер:

«Кімге құдай жәрдем беріп, қарасар —
Бұл жалғанда соның құты — бағы асар!

Кімді құдай көңілі ауып, қолдайды —
Қос жаһанда халы жаман болмайды.

Егер, жеріп, сырт айналса — бітті өмір,
Көк бөрі де, бұратылған ит те бір!

Сөзін тиіп, айтты Одғұрмыш:— Шыда да
Аттан інім, қош-есен бол, жылама!»

* *

Өгдүлміш Одғұрмышты тұрып құшты,
Көз жасы жерге тамып, өбіп, қысты.

Егіліп, қайғы жұтып, шықты бері,
Аттың басын үйіне, бұрды кері.

Түсіп, кірді үйіне қайғы басып,
Мұң кеулеп, көңіл жүдеп, жаны жасып.

Неткен мұңлық бұл адам, тұрсаң қарап;
Сүйініш — аз, қайғы көп туғаннан-ақ!

Тілеуін берсе — шаттығы күлдіреді,
Қасірет келсе — қайғысы күйдіреді.

Аңсағанын көргенде, сылдырайды,
Ажырасса, қайғымен тұнжырайды.

Не, қауышу қуантып — жадырайды,
Не, қоштасу жылатып — аңырайды.

Ауыр не бар қоштасудан — мұң-күйік?
Қайғысы оның теңізден де тұңғық!

Тірілер тірі болса — табысады,
Тілеулесіп, бір хабар алысады.

Жолы да, соңы да ауыр — ажалының:
Шарасы, дауасы жоқ тажалының.

Ерте, кеш пе, табарсың қанша қоштас,
Айырған соң сұм өлім қайта қоспас!

Мұны меңзер бәйітті оқып қара,
Оқып, мәнін ойыңа тоқып қара:

«Бәрінен де қайғылы ажал-тажал:
Жылай-жылай суалар қайран жанар!

Тірі айырылсаң үмітпен күн өткізіп,
Айырса өлім, түңіліп жаның қалар!»

*

Ауқаттанып Өгдүлміш тынды біраз,
Тұрып сонсоң, намазға қойды ықылас.

* *

Күн еңкейіп, жерге жүзін жасырды,
Көк күмбезі ізін қуып асылды.

Төсек жайлап, жатты — ұйқысы келмеді,
Кірпік ілмей тынды, қайғы мендеді.

Сыртқа шықты, жасы жуып жанарын,
Жаһан бейне зәңгі, түйген қабағын.

Қайта кіріп, төсегіне жантайды,
Ішті өртеген қайғы қайтсе тарқайды!?

Руми қызы жүзін жерге жасырып,
Жаһан жүзі тұнжырады, басылып.

Ұйқы келмей, қайта тұрып, қарады,
Түн жамылып үркер ауып барады.

Көзін көкке тікті түрмен қамыққан,
Түн. Түнек түн, бір сызат жоқ жарықтан.

Қайта жатып, сәл мызғып ап, тұрды да,
Жасыл көкті тінтті, көзін бұрды да.

Көтерілді қара құс * та шығыстан,
Талаурады жалындап от зымыстан.

Иәтікән * бас көтеріп алыпты,
Ылдырық * айғырға * кеп қалыпты.

Әрәнтірдің * басы жерге жақындап,
Нұрын шашып, шықты Күн де жарқылдап.

*

Қайта тұрып, жуынды да киінді,
Бірдің * оқып, намазына иілді.

Жаһан өңі алтын түске көмілді,
Дүние жүзі маздақ шоқтай көрінді.

Тонын киіп, мінді де тез атына,
Сарай жаққа жүріп кетті асыға.

Келді ордаға, өңі-түсі қуарып,
Шақырды Елік, кірді жаны құлазып.

Өгдүлмішке Елік көзін қадады:
Ізгі ердің сынық екен қабағы...

ЕЛІКТІҢ ӨГДҮЛМІШКЕ САУАЛЫ

Сұрады Елік:— Халің қалай? Қабағың,
Сынық неге, ей, сабырлы саналым!?

Нені бүгін ауыр алдың діліңе,
Көрдім, қайғы нышаны енген түріңе.

Қызыл жүзің неден солып, түйілді!?
Дүние саған неге мұнша шүйілді!

Құтың жүзін беріп, бағың тасып тұр,
Жалған жаһан саған нұрын шашып тұр.

Уақыт, саған бұрар дәйім шырайын,
Тілекшің боп туар енді күн-айың!

Түймедім мен саған көзім-қасымды *,
Жылы жүзбен сүйіндім, біл расымды.

Халің қандай? Тынышыңды алған кім?
Айтқын, сені қайғы-мұңға салған кім?

Бұл қайғының мәнісі не, ей ұлым,
Айтшы маған, алайын мен ұғынып?!

Саған төнсе жүзі қайғы-қылыштың,
Қайдан болсын менде рахат, тыныштық!

ӨГДҮЛМІШТІҢ ЕЛІККЕ ЖАУАБЫ

Түсіндірді Өгдүлміш өз мән-жайын,
Ағасының дертін, халін, жағдайын.

Айтып берді қалай барып-қайтқанын,
Не көргенін, ағасы не айтқанын.

ЕЛІКТІҢ ӨГДҮЛМІШКЕ САУАЛЫ

Көңілі босап, Елік жасы төгіліп:
— Бір ізгі адам еді!— деді, егіліп:

Қиналмағай алла оның әз жанын,
Суытпасын, аздырмасын тән, қанын!

Қалай қиып, қалдырдың!?— деп сұрады,
Қазір қалай? Дәтің қалай шыдады!

Дертімен ол жатыр жалғыз егесіп,
Күтетін кім? Кім ем жасап демесін!..

Өзің қалып, неге қайырым етпедің?
Көріп тұрып, кімге сеніп кеткенің?

ӨГДҮЛМІШТІҢ ЕЛІККЕ ЖАУАБЫ

Айтты Өгдүлміш:— Осыларды, ей бегім,
Әлсін-әлі түсіндіріп сөйледім.

Тілімді алмай, енді үйіңе «кет»— деді,
Сөз қайырып көрдім, күшім жетпеді!

ЕЛІКТІҢ ӨГДҮЛМІШКЕ ЖАУАБЫ

Елік айтты:— Құдай өзі қолдасын!
Шипа беріп, дертін қуып, оңдасын!

Ол аллаға жан-тәнімен берілген,
Жаратқан да жапа қылмас тегіннен.

Егер де құл барлығынан түңілсе,
Жаратқанға пейіл беріп жүгінсе.

Шүбәсіз, хақ оны сақтап қолдайды,
Жақсы ат беріп, тілектерін оңдайды.

Мұны меңзер сөзді тыңдап көрерсің,
Ойға түйіп, істе көңіл бөлерсің:

«Бәрінен без, бір құдайға жалбарын,
Көңіл, тілді пәк құлыққа арнағын!

Сайтаныңды басып, хаққа мойынсұн,
Болар сонда түгел арыз-арманың!»

Бекін!— деді,— Өгдүлміш, ес жина да,
Қайғы- мұңмен жүрегіңді қинама!

Жақсы кісі ол, жақсылықты таратқан,
Егер өлсе, қолдар өзі жаратқан!

Ей, бек, бұл күй келер енді бізге де,
Не өмір кештік! Айта аламыз біз не деп?

Текке өтті жас, жігіттік күніміз,
Бір оңбады ақылымыз, діліміз,

Қешкен тірлік көрген түстей болып тұр,
Қалай өтті? Айту қиын соғып тұр.

Қалған күнді енді зая қылмасақ,
Құмарлыққа текке көңіл бұрмасақ!

Алады ақыр, ажал айыл жимайды,
Өлім келсе, мың өкініш қинайды!

Бүгіннен сен сырттан бағып бәрін де,
Халық күшін көр, сүйініп, қадірле!

Құтқар мені, өзіңді де азаптан,
Адал жолын нұсқар, болкім, жаратқан!

Не дейді есті, сөзін адал кісінің,
Хақтың күллі құлын сүйген түсініп:

«Кім жақсылық етсе қайтар қарымы,
Құдай көзін ашып, шығар қарығы!

Кім зұлымдық етсе — өзін буады,
Зұлымдықтан тек зұлымдық туады!

Қалағаның жамандық па, жасағын,
Ұлырсың тек, өзің тартып азабын!»

ӨГДҮЛМІШТІҢ ЕЛІККЕ ЖАУАБЫ

Айтты Өгдүлміш:— Осылай сен әрқашан,
Баршаға ақыл-кеңесіңді арнасаң.

Күллі жұртқа заңың әділ болғай-ды,
Бектігіңді құдай мақтап, қорғайды.

Құттың құтын көруі үшін әмірдің,
Жан-тәнімді қиюға мен әзірмін!

Жақсы аттан артық не бар өлгенге,
Атын мәңгі қалдырса хақ, көмгенде.

Бір тұтсам деп, өлім сені бағып жүр,
Ұйықтап кетпе, басыңды аман алып жүр!

Біліктінің тілі әдемі айтыпты,
Бұл сөз, бақсаң, шындығымен айшықты:

«Тасадан кеп аңдып тұрар сұм ажал,
Қапы кетер тұсты бағып, сығалар.

Бәрінің де барар жері қара жер,
Тура келсе, ажалға жоқ тұк амал!»

ЕЛІКТІҢ ӨГДҮЛМІШКЕ ЖАУАБЫ

— Құдай енді тауфиқ беріп, демегін,
Әділ заңды ұстанамын,— деді Елік!

Сөзін үзіп, Елік үнсіз бөгелді,
Өгдүлміш те тұрды орнынан, жөнелді.

Тағы арада күндер өтті тізіліп,
Жүрді Өгдүлміш қайғы жұтып, түңіліп.

Ағасы үшін уайым жеп, қуарып,
Шөгіп кетті, сарғайды өңі суалып.

Шыдамады, тағы хабар алмаққа,
Белін буды ағасына бармаққа.

Ой бөлінді, жаны мұңға көмілді,
Шақырды Елік, кірді алдына көрінді.

ӨГДҮЛМІШТІҢ ЕЛІККЕ САУАЛЫ

Өтінді:— Елік, ағайыма барайын,
Зиарат етіп, халін біліп алайын.

Халі қандай екен, көріп қалайын,
Тірі ме екен қайран, менің ағайым?!

ЕЛІКТІҢ ӨГДҮЛМІШКЕ ЖАУАБЫ

Елік айтты:— Бару міндет-парызың,
Барғаның жөн, туысқандық қарызың.

Бар, сәлем айт көңілін сұра мен үшін,
Көңілін аула, кеселін біл, сергісін!

«Хош!»— деп, қайта жолға шықты сайланып,
Үйіне кеп, тыным алды ойланып.

Тамақтанып, атын ерттеп, түйіліп,
Жүріп кетті жұтып қайғы-күйігін.

Таяғанда, жаяу жүріп келді ол,
Қағып қақпа, аш деп белгі берді ол.

82.

Одғұрмыштың құмары Өгдүлмішке Одғұрмыштың өлімін естіртеді

Шықты алдынан ағасының құмары ,*
Сәлем беріп, сонсоң өксіп жылады.

— Ой, бауырым!— деді жақын келгенде,
Құдай қуат берсін, болма шерменде?!

Бұл жалғаннан өтті ағаң, мықты бол,
Өзің енді ұзақ жаса, құтты бол!

Өзіңді тұт, еңіреме бүгіліп,
Өлімге еш шарасы жоқ тірінің!

Тірі — өлер, алар ажал талғамас,
Бек пе, құл ма, пайғамбар ма — таңдамас!

Өлім қолы жүрер даяр, жағанда —
Амал да жоқ, құрал да жоқ ажалға!

*

Естіді де сорлы Өгдүлміш егілді,
Өзін-өзі ұрып, жасы төгілді.

83

Одғұрмыштың шәкіртінің Өгдүлмішке көңіл айтуы

Қолбаласы көңіл айтты, жұбатты:
— Хақ үкімі, бұр тіл, ділің, құлақты.

Баршаны өлім алар күні алар-ды,
Ол өлді, өзің ойлан енді ажалды.

Текке еңіреп, еңсеңді езіп, тарылма,
Кім бар қорлап, ұрып-соққан — шағылма!?

Құдай өзі, шыбын жанды сыйлады,
Беріп өзі, қайта алды, қимады!

Қайта бермес, сенбе тағы келер деп,
Безер түбі бізден, сенен, менен де!

Зиярат қылып қабірінің басына,
Көріп аттан, бойыңды жи, жасыма!



84

Өгдүлміштің егіліп Одғұрмышты жоқтауы

Қабіріне барып көріп, құлады,
Жерді құшып, зар еңіреп жылады.

«Жан бауырым! Бас көтеріп, қарашы,
Бір көрінші, қайғы-шерім тарасын!?

Үміттеніп келіп едім көргелі,
Жаптың неге жүзіңді, аға, көр мені!?

Жайсаң жаның жанына пір, тірегім,
Сенсіз енді қалай тірі жүремін?!

Көрген түстей, бір елестей көріндің,
Көзімді ашсам — жоқсың, жас боп төгілдім!

*



85

Еліктің Өгдүлмішке көңіл айтып жұбатуы

Естіді де сарайынан келді Елік,
Көңіл айтып, жұбатты күш, дем беріп.

«Ей, Өгдүлміш! Есіңді жи,— деді Елік,
Дұға оқып, өлген ерді жебегін!

Одғұрмышты жарылқап хақ, қолдасын!
Күнәларын кешіріп һәм қорғасын!

Қайғың үшін бергін алда адал жол,
Хақ рахымы түссін, өзің аман бол!

Жүз жасырып, қойып ауыз ашқанды,
Жолды кесіп, бекітіпсің қақпанды.

Жараспайды, бұл қылығың болмайды,
Жөн-жосыққа, ақылға еш қонбайды!

Айтшы маған: кім жәбірлеп, күштеді?
Кім кек түйіп, кімдер қастық істеді?

Бір құдайдың бұйрығы — адал қазасы
Құлқынды оңда, ауыр жанның азасы.

Неге сонша зарлап, сорлап шағылдың,
Жақсы құлық емес мұның, сабыр қыл!

Туған — өлер, анық ұшқан — құлары,
Берген алар, ал жүрген бір тынады!

Өлім де бір ғибрат, сабыр сақтағын,
Қант-шекер болсын енді татқаның!

Өлім көріп тірі жүрген адамдар,
Ғибрат алсын, өлім жайын бағамдап.

Өлген пенде айтар: Маған қараңдар,
Өлім тұтты — кеттім, келер саған да!»

Мұны меңзер бәйітті енді оқып ал,
Оқып ұғып, көңіліңе тоқып ал:

«Ерте өлгендер сені қапы қалар деп,
Ғибрат берер: «Маған қара, маған!»— деп.

Ғафыл жүріп, көп өкіндім тірімде,
Өлім тұтты — кеттім, келер саған!»— деп.

*

— Қалай өлді Одғұрмыш?—деп сұрады,-
Білгеніңді айт, сөйле, сенде құлағым.

ӨГДҮЛМІШТІҢ ЕЛІККЕ ЖАУАБЫ

Айтты Елікке көргендерін тағдырдан,
Өсиетін өлерінде қалдырған.

Құмыра мен таяқ алып, тақалып,
Мұрасы деп қойды алдына апарып.

«Осы,— деді,— одан маған тигені,
Бар мұрасы, мүлігі осы үйдегі.

Жәдігерге алсын Елік біреуін,
Құтайтқай бұл, түгенделсін тілеуің!»

ЕЛІКТІҢ ӨГДҮЛМІШКЕ ЖАУАБЫ

Елік асатаяқты алды қолына,
— Құтайтсын!— деп,— құт берсін деп жолыма!

Құмыраны ал,— деді,— өзің, жабығып,
Аңсағанда, қолға аларсың сағынып!

*

Құмыраны алды Өгдүлміш ұмсынып,
Көңіл босап, жасы саулап, тұр сұлық.

* *

Бұл ғибрат,— деді,— өмір жайында,
Ғұмыр мәнін ақылыңмен пайымда!

Өмір сүрді бұл жалғанды малданбай,
Қалды жаһан. Өтті арбалмай, алданбай!

Сөзін тыңда ақылды, ойлы кісінің,
Білігімен жөнін тапқан ісінің.

«Бұл дүние көп болса да — жарытпас,
Аз дүние — табар жөнін, арытпас!

Дүниенің ләззәті бір — мұңы мың,
Қалай кешсең, солай өтер ғұмырың!

Байлығыңның пайдасы не өлген соң,
Рахатын өзге көрер, көмген соң!»

Ағаң күллі дүние-малдан безінді,
Шоқпыт киіп, арпа жеді, көз ілді.

Солай тірлік кешті, өліп қалмады,
Байлықты емес, кісілікті таңдады.

Күні-түні жүк көтеріп, қарманып,
Өтті артып ел азабын малданып.

Атқарды ісін, құтылды енді, тыншыды,
Біздің іс қой, түйін-түйін қырсығы!

*

Айтты түгел Елік ізгі ақылын,
Жанымменен ұғып түйген асылын.

Қайтты сонсоң сарайына өзінің,
Ауыр ойдың салмағынан езіліп.

*

Өгдүлміш те көп күн қара жамылды,
Тірлік жеңді, жан жарасы жазылды.

Ұмытылды қайғы-шері, күйігі,
Ішті, жеді, күлді қайта сүйінді.

Жақсы айтқан елдің басы болған ер,
Ақылымен ісіне құт қонған ер:

«Қайғы сені қыссын, қанша аланда,
Жылаған көз, күлер сонша табанда!

Бұл жалғанның ережесі ежелгі —
Тұрмас, өтер жақсылық та, жаман да!»

Өгдүлміш те қайғы-зарын түгесті,
Серпілді де, қызметіне кірісті.

Құштарланып, күш-жігерін үстеді,
Күнді-түнге ұрып ісін істеді.

ЕЛІКТІҢ ӨГДҮЛМІШКЕ САУАЛЫ

Шақырды Елік Өгдүлмішті бір күні,
Айтқын,— деді,— елдің жайын білдіріп.

Қалай екен елдің тұрмыс жағдайы?
Заман қандай, айтқын,— деді,— арнайы!

Күллі істе көз-құлағым өзіңсің,
Ашылып айт, жұрттың жайы көрінсін!

Істен қалдың, қайғың ұзақ торлады,
Енді, қазір, ісің қалай қолдағы?

ӨГДҮЛМІШТІҢ ЕЛІККЕ ЖАУАБЫ

Өгдүлміш тез айтты:— Бегім, тамаша!
Тілеуіңді тілеуде ел таласа!..

ӨГДҮЛМІШТІҢ ЕЛІККЕ ЖАУАБЫ

. . . . . .
Бірі — іштарлық, нәпсі әрі тіл мен көз,
Қызметіңді бұзар бұлар, ділмен сез!

Бірі — аз сөйлеп, бірі тиса ауызын,
Жағаламай жамандықтың ауылын.

Құмарлықты қатты тиып тастаса,
Ашуды ұстап, таспаса һәм аспаса.

Білікті де, ақылды да сол болар,
Оның әрбір харекеті оң болар!

Ақылды ердің сөзі ақылға қонады.
Ойлы-нәрлі, өзі ақ-адал болады.

Жарамсызды жақтырмас һәм қаламас,
Керексізді көрмес, тіпті қарамас!

ЕЛІКТІҢ ӨГДҮЛМІШКЕ ЖАУАБЫ

Елік айтты:— Мына сөзің ғаламат!
Өзің — асыл, сөзің — кемел, жамағат!

. . . . . .
ӨГДҮЛМІШТІҢ ЕЛІККЕ ЖАУАБЫ
. . . . . .

Опасыз тән, нәпсі жапа шектірер,
Жапашыға — жапа қылсаң, шет жүрер.

Нәпсіге еріп, сүйіндірсең денені,
Жапа сонша жамандықпен өреді.

Жақсы айтыпты ғалымдардың сарасы,
Бұл сөз тәннің дауасы да, шарасы.

«Кімге опа бердің — күткін жапасын,
Жапашының жаласына қаласың!

Кімге ізгілік етсең, содан сақтанғын,
Зар жылатып, тартқызар бір наласын!»

Үш нәрсенің жаман семіз болғаны:
Бірі — тәнің, ит пен құсың — қалғаны.

Баптау үшін — ашықтырған пайдалы,
Бабын тапсаң — ұшқыр, алғыр, айлалы!

Тойынған құс — ұшпас, аңға қарамас,
Тоқ, семіз ит — жүгірмес, із ала алмас.

Тойынған тән бурадай нақ шабынар,
Ерік берсең, тулар — естен жаңылар!

Құс алмаса, бір үйрегің кем болар,
Ит шалмаса, бір сусарың кем болар.

Ал, сен өзің бурадай жын шақырсаң,
Бақыртар бір, бұйдалар — құр тасынсаң!

Тоқ жүреді, тойынбаған пақырлар,
Байдың байы — қанағатшыл тақырлар!

Асын ішіп, лыпа болса — жамылып,
Іс тындырар тынбай, хаққа табынып.

Бектік, дәулет, құттан кісі есіріп,
Тигізеді іске, жұртқа кесірін!

Тәкаппарсып, құдайдан да «қорықпас»,
Ақылдылар жолдан тайып торықпас.

Бай үзілер, кедей қыршын қиылар,
Екі бөз бен екі кез жер бұйырар!

Кедей өлсе жоқшылықтан құтылар,
Бай қысылар — малын қимай құтырар!

Мұны меңзер сөз мәніне қанарсың,
Өнегелі ойдан үлгі аларсың:

«Өлім — зейнет, ей иесі бейнеттің,
Өлім — бейнет, ей, иесі зейнеттің!

(Ей, бейнетқор, өлім сенің зейнетің,
Ей, зейнетқор, өлім сенің бейнетің!)

Кедей өлсе — бар бейнеттен арылар,
Бай өлсе егер, есебінен жаңылар!»

ЕЛІКТІҢ ӨГДҮЛМІШКЕ АЙТҚАН СӨЗІ

Елік айтты:— Бұл дүние, шамасы,
Жылан, шаян ұясындай, қарашы.

Асы аз да, татар уы көбірек.
Мақтауы аз да, сөгіс-шуы көбірек!

Ақылдылар — қалағанын таба алмас,
Біліктілер — шөлін басып, қана алмас.

Білімсіздер сауық құрып тойлайды,
Сұм жалғанды жұмақ көріп ойнайды.

Ақылдыға қалың тікен бұл ғалам,
Аяқ басса-ақ, кіріп қаны саулаған!

Дүние асы біліктіге у екен,
Ішкен сайын уайымы өсіп, жүдетер.

Захит жандар безіп ұл, қыз, үйінен,
Құлшылық қып, айнып жайлы күйінен.

Біз де бүгін осындайға таядық,
Сақта, хұда, құтқар бізді, аяғын!?

ӨГДҮЛМІШТІҢ ЕЛІККЕ ЖАУАБЫ

— Шындық!— деді Өгдүлміш,— бұл түгел сөз,
Ақылды, ойлы, көкіректе жүрер сөз.

Қылық, құлқы аждаһадай ысқырған,
Сұм дүние кім-кімді де ықтырған,

Өзі өсіріп, өзі баптап, семіртер,
Өзі сорып, әлсіретіп, жем етер!

Ұқсаң қарап бұл жаһанның айбатын,
Басылады тасып тұрған қайратың.

Адам, Хауа бұл жаһанға келді де,
Ұрық шашты дүниеге белгіге.

Содан бері кімдер келіп-кетпеді,
Өтті талай ерлер, бектің бектері.

Бірі — алып, бірі — ғалым боп туды,
Бірі — асқақ, бірі — залым боп туды.

Бірі — дана, бірі — ойлы, зиялы,
Бірі — жынды, бірі — еріншек, қияли!

Туды қанша елшілер һәм пайғамбар,
Жол көрсетіп, алла үкімін жайғандар.

Қайсысы аз, қайсысы көп жасады,
Қайсысының артты сөзі, атағы.

Қайсыбірі жаратқанды жау санап,
Жауласып — оқ атты, күнә арқалап.

Бұл бәйітті оқып, әбден қанарсың,
Мағынасын ұғып, пайда аларсың.

«Данышпан бол, қаласаң — мың жасағын,
Жаһан құтын көр, шалқысын атағын,

Ақыр өліп, қара жерге айналып,
Өкінішпен, анық, көрде жатарың!»

Қанша ғалым, хакім, дана жүрмеді,
Тілеп — ұзақ, баянды өмір сүрмеді!

Бүгін көрсең — болмағандай өмірде,
Ізсіз-түзсіз жатыр өліп көрінде!

Қанша кісі, не түрлі ер келмеді?!
Көр құшты да, шеттерінен жер жеді!

Орда, сарай қалып, талай қамығып,
Жатыр жерді төсеніп һәм жамылып.

Ұйқыда ма, үні де жоқ, тілі жоқ!?
Халі қандай? Ұқтыратын түрі жоқ!

Бұл күн мұқтаж ізгілікке өздері...
Ішіп-жерге жоқ қолдары, көздері.

Жатыр олар өкініштен күйініп,
Жақсылыққа сусап, жердей түйіліп.

Бұл күнді хақ берді бізге, сыйынған,
Құр жіберсе болмас сәтті бұйырған.

Құдай енді әділ заңға бастасын,
Тауфиқ беріп, ешкім заңнан аспасын!

Көр, Өгдүлміш, мақтап, тілін тербеді:
«Ұзақ жаса, ей білікті ер!— деді.

Жаһан сенсіз қалып, аза тұтпасын,
Құдай сенің тұқымыңды құртпасын!

Саған хұда ашсын күллі қақпасын,
Бар тілегің келсін, кері бақпасын!

Тағы қандай болса тілек, үмітің,
Құдай түгел бергей, сақи жігітім!

Сүйініште баянды өмір сүргейсің,
Рахаттың ішінде, ерім, жүргейсің!

О, дариға, сендей асыл азамат,
Қара жерде жататыны, жаман-ақ!

Жаһан ісі — хақтың ісі, көнеміз,
Жаратылыс заңы солай — өлеміз!

Егер өлсең, сені өлдіге санамас:
Жүректерден жақсылығың тарамас!

Ұзақ жаса, дәм тауысып өл, мейлі,
Жақсы сөзің, жақсы атағың өлмейді!

Сүйінсін көп, досың жерге сыймасын,
Жерің кеңіп, дұшпандарың қирасын!»

*

Жерді өпті, шықты сөзін аяқтап,
Атқа мініп, кетті үйіне аяңдап.

Жетті үйіне, тамақтанды — марқайды,
Белін шешіп тыныс алып, жантайды.

Ерте тұрып ісін қайта жалғады.
Нұсқау беріп, істің күйін барлады

Таза жүрек, тілмен істі күзетті,
Жөнін —«жөн!» деп, қисықтарын түзетті.

Жайнап жаһан, жақсы дұға көбейді,
Құттың күні туды, тыныс кеңейді!

Олар кетті, қалды жақсы аттары,
Құрметтеп ел, жақсы аттарын жаттады!

*

Назар салғын, енді кісі тініне,
Періште ме, әлде көптің бірі ме?!

Кісі десек, өткендерді бұрынғы,
Кімдер дейміз айтшы, жұртты бүгінгі?!

Өлімізді кісі десек егер де,
Шәксіз, олар шын періште тегінде!

Қылық-құлқы, сөзі — құтты олардың,
Естіп, ұқсаң қолыңа ырыс қонар мың.

Ақылды — ұғар, біліктілер біледі,
Дүние шәксіз қалар, тірі — өледі.

Енді қалған күнің зая кетпегей,
Біліп мұны қызмет қыл шеттемей.

Мұның ұлы шындығы бар әуелден,
Сенен бұрын жасағанның бәрі өлген.

Қалар орда, сарай, қала тізіліп,
Бәрін тастап кетер адам үзіліп.

Қанша берік бекет, орда қаланы,
Жермен жексен етіп ажал талады!

Қанша шаһар, қаншама бау жайнаған,
Қалған құрап, бағын өлім байлаған.

Қала, сарай, орда — бәрін аларсың,
Ал, ақылды мен алды деп санарсың,

Қайда қалың қол бастаған қаһарман?
Жерге кірді, орын таппай жаһаннан!

Ашкөз қайда, елім аз деп жылаған?
Көп елді алды — билей алмай, құлаған!

Көздегендер қайда жерін басқаның?
Жатыр енді құлаш жерді жастанып!

Қайда, қане, қанын төккен мұсылман?
Күші қайда? Көрге неге қысылған?

Қатігездер қайда құлын қинаған,
Неге жердің үстіне ол сыймаған!?

Қайда пенде дүние үшін қандасқан,
Өлді, қалды дүние, күш, алдаспан!

Қайда пасық мал жинаған қиырдан?
Оған да тек, екі кез бөз бұйырған!

Қайда кісі жердің жүзін аңсаған?
Жерге кірген, айырылып баршадан!

Дүние халі, білсең, міне осындай,
Ұғып түгел, құт қақпасы ашылғай.

Шаттығы — мұң, ал ләззәты — азабы,
Ақылы — азап, ал ақыры — ажалы.

Не бұйырса, көтер жүгін түңілмей,
Жақсы-жаман өтер, кетер білінбей!

Тірлігінде көп бейнетке шыдаған,
Ерді тыңда, сөзін өзі сынаған:

«Құт иесі, шүкірлік қыл, сүйін де,
Сор иесі, сабыр қылып күйінбе!

Сабыр етсең, сорың құтқа айналар,
Қанағатпен өсер құтың, күйің де!»

* * *

Ей, білікті, бақсаң заман сыңайын,
Бәрі өзгерген, өзгерткен ел райын.

Біліктіге есе бермей қорлады,
Ақылдылар тілін ашпай сорлады.

Зұлымдардың қолы елді жайлады,
Момындардың жолын жоқтық байлады!

Маскүнемдер бетін жуған шарапқа,
Ер атанып, аты шықты алапқа?!

Зинақорды ерен десті, жаратты,
Сараң десті татпайтынды шарапты.

Ораза, намаз ұстағанды жақтырмай,
Түрлі-түрлі ат біткенді тақты ұдай...

Адалдықты түгел арам таптады,
Арам ниет жердің жүзін қаптады.

Адалдықтың аты қалған, көзі жоқ,
Қарақшы — арам, әттең тоқтау, тезі жоқ!

Қане кім бар арам деген арамды,
Арамнан бір қорғап қалған адалды?!

Жаны таза адал қайда, ақ қайда?!
Қияметте адалдыққа жақ қайда!?

Арам біткен жапты жұрттың көңілін,
Адалдықты қайдан таптым, ей ұлым!

Сөз кезегі келді мұны меңзеген,
Тыңдап, ұғып, түйіп алғай зердеге:

«Былғанды бек, жаным қара араммен,
Білім қуар қуатым жоқ алаңмен.

Сырымды ашсам, тән-нәпсінің соңында
Жолдан тайған бейшара мен, арам мен!»

Жаһан құлқы мүлдем бөлек болды, көр,
Кісі жаны тілден бөлек болды, көр!

Опа кетті жұрттан, жапа жалмады,
Сенетін бір кісілікті ер қалмады.

Жұртты жапа жеді, опа тоналды,
Сүйенерге лайық кісі жоғалды.

Бауырынан бауыр безіп суысты
Жатбауыр боп сөкті туыс-туысты!

Кішіде — әдеп, қалмады ақыл ағада,
Сыйластық жоқ, бөктік нала-жалаға!

Жақындықтың бәрі пұлға сатылды,
Адал адам таппай жаным ашынды!

Аманаттың өзін кім бар ақтаған?!
Өсиеттің сөзін кім бар сақтаған?

Қайда, қане, қайырымды асыл ер?!
Қане, арамдық жолын қиған жасын ер!?

Саудагерлер аманатты ұмытты,
Ұста, өнерлі мұрагерін құрытты!

Ғалым айтпай ақиқаттың ашығын,
Ұят кетті, әйел беті ашылып!

Кетті әділдік, сұм-аярлар арбады,
Құдайшылық сұрар кісі қалмады!

Ел ақшаның құлы болды, табынды:
Күміс кімде болса, соған жағынды!

Бұрын мешіт аз, жамағат көп еді,
Мешіт көп те, жамағат аз келетін.

Не дегенін тыңдап ойлы кісінің,
Ей, жақсылық иесі, алғай түсініп:

«Бар ма әділдік жолын қуған, қанеки?!
Бар ма хақтың ісін қылған, қанеки?!

Күллі жаһан бастан-аяқ бүлінді,
Таңданған бір пенде болса, қанеки?»

Мұсылмандар бір-бірімен жауықты,
Қәпір біткен рахат, шаттық тауыпты.

Мұсылманның күллі малы таланды,
Қане, ерің, тыйған арам аранды!?

Азғындықтың үні үдейді түнімен,
Тияр әл жоқ құран, ілім тілімен.

Діл қатайып, тіл мүләйім боп алды,
Аты қалды, шындық өзі жоғалды.

Атасына, көр, аталық етті ұлы,
Ұлы — бек те, ал атасы бек құлы!

Тірлік қысты, өршіп-өсті қайғы-мұң,
Сұғанақтық өрді, жүрек шайлығып!

Кейде, жетім, тұлды демер пенде жоқ,
Азды жаһан, таңырқайтын ер де жоқ!

Жақсы айтыпты білімі кең, ғалым жан,
Жаһан кезіп, жомарттықпен танылған:

«Заман ақыр келді, жарғы бұзылды,
Жаман-пасық жақсыларды қуырды.

Ақылды ұғар, біліктілер біледі,
Түзелместей ай, күн, заман құбылды!»

Ұмытты ұл-қыз ата-анаға құрметті,
«Қария» аты ерді қорлау іспетті.

Заң-жосықтың бәрі өзгеріп, құрыпты
Ақ-қараны айырмастай былықты!

Мұның бәрі ақырзаман белгісі,
Белгі берді, жетер келген келгісі.

Иманды бір алла сақтап, кешіргей,
Бітнә-бәле сұмдық ізін өшіргей!

*

Төрт жүз де алпыс екінші жыл еді бұл,
Мен түйгенде үлгілеп сөз өрімін.

Ақылымды түгел сөзге түсірдім,
Оқып, өзің үлгі аларсың, түсінгін!

Қандай болмақ мінез, жолың, айналаң,
Айтып бердім, аз да болса пайдалан.

Бұл дүние жолы әрі дін жолы,
Жөн-жобадан жаңылмағын біл де оны!

Қаласаң бұл дүниені, жолы осы,
Ақырет жолы қусаң егер, ол да осы.

Құлқыңды онда, қуат берер бір алла,
Үшінші жоқ, таңда бірін құп ал да!

Бұл сөздерді бастаудағы тілегім,
Не екенін, өзің, алла, білесің.

Қызықпадым дүние, атақ-атқа да,
Жақсылық етсем дедім жақын, жатқа да.

Оқушы оқып ұқса, мені түсінер,
Дұғасында есіне бір түсірер.

Тілегім де, үмітім де осы еді,
Оқып, маған дұға қылса — жетеді.

Тілім сөйлеп, қолым жазды бұл сөзді,
Қол да, тіл де семер-өлер, біл, өндім!

Қол мен тілдің нышаны осы жазғаным,
Қойдым енді, ерім, саған арнадым.

Бұл жалғаннан озып, жерге кіргенде,
Мені еске алып, оқы, тірі жүргендер!

* *

Мәңгі мұңсыз ием, ұлық, ғұмырлы,
Жарылқай жүр, мені, мұңлық құлыңды!

Кінәлі бір құлыңмын, көп жазығым,
Күнәмді кеш, ием, шықсын қарығым!

Өзің — ием, мен — құл, құлдың аты құл,
Ием сенсің, иелік ет, рахым қыл!

Ием өзің, мен құлыңмын есірке,
Жарылқағай, жазығымды кешір де!

Алып жатқан шығыс — батыс арасын,
Момындарды жарылқағын, ей асыл!

Күнәһармын күнәліден — көп жала,
Күнәмді кеш, түзет, мені қолда да!

Жұпардан тек жұпар иіс шығады,
Шіріктен тек шірік аңқып тұрады.

Үмітім сен, өзің үміт-сенерім,
Үмітімді үзбе, демеп-елегін.

Жазықтымын, құлмын құлқы жапалы,
Опалы ием, өзің маған опа қыл!

Жападан тек жапа келер, көнгемін,
Опадан тек опа, өңгені көрмедім!

Жарылқағай күллі момын пенденді,
Жүрсем, кешір, арасында мен де енді!

Пайғамбарға мың-мың сәлем жолдадым,
Дұрыс жолға бағыт беріп қолдағын!

Сәлем бердім серігіне төрт бірдей,
Уа, алла, мұны толық жеткізгей!

I

Жігіттікке ашынып, өкініп, қарттық-егделік хақында айтқандары

Жортқан бұлттай жігіттіктен ауыстым,
Ескен желдей тірлігімді тауыстым.

Қайран жастық, қайран отты күндерім,
Тұта алмадым, қадіріңді білмедім!

Жігіт дәурен, оралшы бір құстайын,
Бүлде жауып, алақанда ұстайын!

Беу, жігіттік, қайда жолың, тұрағың?
Таба алмадым сарсылдым сан, сұрадым!

Тірліктің бар жан ләззәтін, шырынын,
Тек жігіттік беретінін ұғындым!

Жастық балын, жігіттіктің қуатын,
Өткіздім бос, жоқ енді әл-қуатым!

Қәріліктің қорлығы жоқ, оң жолды,
Өткен өмір текке кетіп, қор болды!

Сені есіркеп, жігіттік шақ, ашындым,
Шырқымды алдың, ажарымды қашырдың!

Әрқұбандай қызыл еді нұрлы өңім,
Запырандай сарғайдым да, жүдедім.

Қара жұпар басыма ақты жолаттым,
Толған айдай жүзді қайда жоғалттым?

Көктем едім мың гүл-шешек гүлдеген,
Қазан түсіп, құртты бәрін, тонаттым!

Оқтай түзу, қайыңдай тік едім мен,
Садақтай боп иілдім һәм жеңілдім.

Текке өткен тірлігімді сағынып,
Көзден қанды жасым ақты қамығып!

Жастық шағым өтіп, мұңнан уладым,
Күнім қараң болды, өзім курадым!

Ішпек-жемек болса, малдай жалмадым,
Тілек-нәпсі үшін шаңды қармадым.

Аңға түскен құстай ессіз атылдым,
Ұшқан құстай ұшырдым мен атымды.

Ағайын, дос үшін жанды тосыппын,
Ал, жауымды түсінде де шошыттым!

Енді, сөгіп күнәсізді күйгіздім,
Жазықсызға тіл, қолымды тигіздім,

Қеуде кердім жауды жеңген батырдай,
Қалдым қатып қара тастай-тасырдай.

Мас адамдай есін енді жинаған,
Күнәм үшін хақ алдында қиналам!

Пенделікпен құдай ісін тастадым,
Жаһан кезіп, дүние кудым, саспадым.

Тілек, нәпсі қуып, қанша құмарттым,
Жынды бөрі тектес, жұртты жылаттым.

Кісі тонап, күшпен алдым мал-жанын,
Бірін қинап, бірін кудым, алдадым.

Мұның не?— деп, сұрай қалса жаратқан,
Ұят қысып, тосыламын жауаптан.

Ақымақ жоқ соры қалың өзімнен,
Құр ермекпен өттім босқа өмірден.

Рахат жоқ, кетер ме еді азап та,
Өкініштен түстім жапа, мазаққа.

Хұсрау, иә Қайсарша өмір бастайын *,
Шаддадуше бейіш бағын баптайын.

Ескендірше бар жаһанды алайын.
Нухтың жасын беріп ұзақ қалайын.

Ұстап жасын қылышын да Қайдардың,*
Рүстемдей даңқпен жерді жайлармын.*

Не Исадай ұшып көкке шығайын,*
Нұшырбандай әділ заңды құрайын!*

Иә, Қарындай байлық жинап алайын,
Не темірден қамал қала салайын!

Не пайда? Ақыр, қара жерге кетермін,
Екі бөзді өлгенде енші етермін!

Жалаң келдім, жерге жалаң кетермін,
Қу дүние мүлкін қуып не етермін!?

Қөшер ғұмыр көшті желдей аңырап,
Өкініштің мұң-шеріндей жамырап...

Тірлікке не бердім, қандай құлығым,
Қайда септім жақсылықтың ұрығын?

Нені ексем — соны орармын ақыры,
Нені орсам — соны алармын, асылы.

Жастық өтті, кәрілікті бастадым,
Жауабын тап, талай сауал тастадым.

Ұзын тонлы *, жатпа, табын құдаға,
Күнәңді жу күн-түн тынбай, шыда да!

Жылан, қоңыз, құртқа жем боп қалармын,
Бұл рахат үшін несін жаралдым?!

Ей, қалғыма, жыла тынбай жалынып,
Халің мүшкіл, табын хаққа шағынып.

Қарттық жетті, жігіт дәурен жоғалып,
Тірлік дәмі азды, ендігі — жол анық.

Сұм дүние алдамады кімдерді,
Ешкімді де ол аямасын білгем-ді!

Көз қырыңнан жаппар ием, қалдырма,
Сыртқа теппе, ақпын сенің алдыңда!

Жарылқа да, ием, асыл құлықтым,
Күнәмді кеш, жазығымды ұмыттым!

II

Заманның бұзылғанын, достардың жапасы туралы айтады

Тұрайын да дүниені шарлайын,
Опалы жан кезігер ме барлайын.

Кісі сирек, жеткізе ме тілегім,
Іздеп тапсам, бір көрейін реңін.

Бәрін таптым, тек кісілік таппадым,
Кездессе егер, жүзін көру, баққаным.

Опа құрып, жапа толды ғаламға,
Аз-маз опа қалды қандай адамда?

Егер, тапсам, опалы ер, ағайын,
Көтеріп ап, жанарымдай бағайын!

Опалы жан табылмаса егер де,
Тағы киік тобымен бір лағайын!

Көк отын жеп, қақ суына қанайын,
Құм төсеніп, үстіме тон жабайын.

Тағылықпен шөлді кезіп кетейін,
Елден жырақ бұл жаһаннан өтейін,

Болмаса онда, қойып тыным алайын,
Иірім кешіп, өзен болып ағайын.

Жапа шектім, ием, мұңлы сияғым,
Опалы кім, шыбын жанды қиямын!

Аты қалды, кісіліктің өзі жоқ,
Қайда кетті? Іздегенге ізі жоқ.

Бауырмал жан таппадым мен аралап,
Қатігезді қайтем, жанды жаралап!

Кімді өзіме жақын балап, қарасам,
Албасты боп шықты, қалай жанасам?!

Кімді сүйіп, жақын тартсам жаныма,
Жапа қылды, кімді сүйем тағы да!

Кісі жанын танытатын сөз бен тіл,
Тіл, жан ала болды, сенсін қайтіп діл!

Кімді сүйеу, кімді жақын санайын,
Кімге сеніп, кімді досқа балайын?!

Көңіл беріп, кімге мұңым шағайын,
Мұнымды айтсам, мұңаярсың талайың.

Көңіл қалды туыстан да, жаттан да,
Бауырың — жат, құлқы жаман қастан да!

«Антты сақта,— депті,— адамдық қасиет!»
Ант ұстаушы бар ма? «Ер!»— деп, бас ием!

Кім ақтаушы тұз-дәмінің төлеуін,
Сыйға алтын, жәуһар, күміс беремін!

Көрші қане, бірге күйіп, сүйінген
Бәрін беріп, мен кетейін үйімнен.

Дос-туыстан кім бар сенер, ағайын?
Оны бек қып, өзім құл боп қалайын!

Сенер кісі таппай, жалғыз жүдедім,
Мұңым меңдеп, тек сүйініп күлемін!

Ел неге азды? Заңды қалай түзедім?
Қай заманға келдім, қалай жүремін?!

Иә, жынды, иә ақымақ шығармын,
Айтқанымды ұғындыршы — ұғармын!

Сауда қуып, бұзылды ма маңайым,
Елес пе әлде, көзімді кең ашайын!?

Кезіктім бе кіл сондайға, ағайын?
Әлде өзім бе, қырсық буған анайың??!

Опалы адам қане, қарап қанайын,
Мақтанайын, мақтап ләззат табайын!

Солар заңды түзеп, берік сақтаса,
Құлқы түзу болып, қыңыр лақпаса!

Жақсыға — жақ, әділ заңның ашығын,
Айтып берсе, жаман құтын қашырып.

Заң, ізгілік кетті — ниет қарайып,
Сұмдар қалды, қайдан шындық табайын!

Бұрынғылар бойы таза, тік жүрген,
Шын періште екен, оны кім білген?!

Олар өтті, бұлармен не табармын?
Қалай жүріп, қандай іске жарармын!

Айта-айта, бітірмеспін сөзімді,
Мен кетейін, тиып өзім өзімді!

(Сарнай-сарнай тауыспаспын мұңымды,
Аттанайын түйіп сырым-шынымды!)

Еш жақсылық, таппадым мен, не етейін,
Шаһар, ұлыс, жұрттан безіп, кетейін!

Атымды естіп, көз көрмеске көшейін,
Сөзді үзейін, таба алмастай — өшейін!

Қалай шыдап жүрем, азып шыбындап -
Шаян, шыбын шағып, иттер ырылдап!..

Сұм-сұғанақ ортасында ұлыдым,
Күні-түні азап артып құрыдым!

Жапа, сұмдық маңын аттап баспайын,
Жаласына қалып, асып-таспайын!

Пайғамбарың өңін берсе, ей, алла!
Төрт сахаба жүзін көрсем, ей, алла!

III

Кітап иесі Жүсіп,

ҰЛЫҒ ХАЖЫБ ӨЗІНЕ АҚЫЛ-КЕҢЕС БЕРЕДІ

Білік біліп — төрден орын аларсың,
Білік білсең — күшті, берік адамсың.

Біліксіз тіл, жүрек неге жарасын,
Жанды судай біліктен күш табасың.

Қанша білсең, ізден тағы, тағы да,
Білікті адам жетер тілек, бағына.

«Білем!»— десең, жыраксың сен білімнен,
Хас білікті: «Наданмын!»— деп, түңілген!

Білік — түпсіз, шетсіз-шексіз бір теңіз,
Қанша сімір, сарқылмайды, білсеңіз!

Біліммен ер басын алып жүреді,
Ал, білімсіз басын оққа тігеді!

(Білімменен басыңды алып жүрерсің,
Ал, білімсіз өзін қорлар, білерсің!)

Білім алып, биіктей бер, адам бол,
Ел ішінде мал атанған надан мол.

Білікті бір ойдан, мұңнан арылмас,
Біліксіз құр ыржақтаудан жаңылмас!

Сабыр етсе білікті, ойы жетектеп.
Тұрмас надан тау ешкідей секектеп.

Білік-кісен, білікті оймен аландар,
Ал, біліксіз тұра шауып, арандар!

Сен — кісенде, білімсіз жүр шідерсіз,
Кісенде оны, бура болып бүрерсіз!

* * *

Қол ұмсынып, білім іздеп терледім,
Сөзді сөзге өріп, тізіп зерледім!

Түркі сөзін үркек тағы киіктей,
Қолға үйретіп, қамап, ерік бермедім!

Сылап-сипап бақтым, көңіл берді тез,
Әрі де үркек, сақ һәм жаны шерлі еді...

Мәпеледім сөзім қолға қонғанша,
Жұпар сеуіп, қошеметтеп демдедім!

Тура айтып, теріс сөзге ермедім,
Түзу сөзді ұғар түзу ер дедім...

Оқушымның көніліне келмесін,
Деген оймен көрінгенді термедім!

Тура сөзден өңге сөзді сөз деме,
Ақ-қарасын парықтамай сенбегін!

Төрт жүз алпыс екінші жыл ішінде,
Бұл сөзімді тіздім бәйіт пішінде.

Он сегіз ай құрастырдым, талғадым,
Теріп түгел сөз сарасын таңдадым!

Тізіп болып, мәпеледім — бүрледі,
Жұпар шашып, шешек атып гүлдеді.

Таусылмайды айтқанға сөз, атқылап,
Сыңғырлайды тас бұлақтай шапқылап.

Уа, Жүсіп, керек сөзді таңдағын!
Керексізін тіл ұшына алмағын!

Көп сөйледің, сөзің су боп кетпесін,
Жұрт зерігіп, сөзден жапа шекпесін!

Фани жалған — опасыз сұм, арбалма,
Есің болса, алданба да малданба!

Бұл жалғанға біріктің де кіріктің,
Қатулан да, үзгін жібін үміттің.

Бұл жалғанға сенбе, тастай ішті түй,
Хаққа сыйын, соған ашыл, соны сүй!

Мына жалған қанша елді қайғыртты,
Қанша жанды тура жолдан айнытты.

Енді саған таяды ма қылмыңдап,
Сенбе, ерме! Қалсын текке жылмыңдап?

Қанша бекті бұл күлкімен сендіріп,
Өлім құшып, кетті көзі телміріп!

Өтті күнім, кетті жапа шеккізіп,
Жігіттікті өкінішпен өткізіп.

Сан мың жаса, ақыры бір өлесің,
Жиған нәрсең қалар, өзің көнесің!

Сақта, құдай, сыйынарым бір өзің,
Ғапыл қылма, сергек қылғай — тілегім!

Жазығым көп, ұятсыз бір құлыңмын,
Рахым келсе, сенен келер, ұғындым!

Көп күнәға баттым сенен көз жазып,
Бүгін келдім, жалбарынып мен ғаріп!

Неменеге сендің, мұңлық дәуренім?
Қайда келдім, түсінбестен әуремін!

Ей, жолыңды, пейіліңді түзегей,
Қос жаһанда төрден орын тілегей!

Бұл дүние сүйініші өтпелі,
Ең дұрысы, ол дүниеге көшкенің!

Аузыңды жап, тиып тыныс, тіліңді,
Көзіңді жұм, тыңдама өлі-тіріңді!

Иә, раббым, қолда күллі момынды,
Рахым еткей, беріп әділ жолыңды!

Мың-мың сәлем пайғамбарға жебеуші!
Және де төрт серігіне демеуші!

Білім-қазына екендігі туралы[1]

Адамзатты — топырақ, су, ауа, оттан,
Құдіреті күшті жалғыз алла жаратқан.

Жаратқан соң, өрттен өткір көз берген,
Сай-сүйекті сырқыратар сөз берген.

Ақыл берген теңіздейін телегей,
Биіктерге самғасын деп жебедей.

Кең дүниеде тек адамға қол берді —
Еш мақұлық тең келмейтін болды енді.

Зерде берген білімге бой ұрсын деп,
Тірлігінде қайырымды іс қылсын деп.

Ұят берді, намыс берді, ар берді,
Намысына — қамшы болар жар берді.

Ары үшін Ер күреспесе, несі өмір?
Қосып берді күншілдік пен өсегін.

Тағдыр кілті...— өзіміздің бәрі де,
Лайықсың ба? Биіктейсің әріге.

Жетер болсаң, бұл тірліктің мәніне,
Тағдыр, өзі-ақ айналады сәніңе!

[1] Бұл тараулар Н. Гребневтің орыс тіліндегі аудармасынан тәржімаланды: Ю. Баласагунский «Наука быть счастливым». М.— 1971, изд. «Худ. лит.».

Есті сөзді еске түйіп ал енді:
«Білген құлдан білікті жоқ әлемде!»

Әуелі — оқып, оны ойыңа өре біл,
Өзі-ақ келер сонсоң жазу өнері.

Надандықты құрта алмассың дәрімен,
Біліммен тек құтын қашыр әріден.

Ақыл — арқан: құз, шыңырау, құзарда
Шыбын жаның сол арқылы ұзарған.

Кім болсаң да, ғұлама бол айтарым —
Тек білімнен маңдай терің қайтады.

Билей алсаң — ақыл, білім, жүректі
Орындадым де, қасиетті тілекті!

Сөз сиқыры туралы

Естінің сөзі — хауыздың лебіндей есер,
Есердің сөзі — сүйреңдеп өз басын кесер

* *

Тиянақ жоқ әсіре қызыл сөзіңде,
Пәтуа жоқ көкмылжыңның өзінде.

Айтар болсаң, әр ойыңды қадап айт,
Бір сөзіңді мың толғамға балап айт.

Бір сөзбен-ақ ұлы болып шығарсың,
Көп мылжыңмен күлкі болып тынарсың.

Әр сауалың асыл болсын жасындай,
Ауыр тисін диірменнің тасындай.

Надан — мылқау, көкірегі көрсоқыр,
Көзі ашылар — соқыр-мылқау болса оқыр.

Басың болса, даңқың қалар соңында,
Ізің қалар, хатың қалар жолында.

Өсек-өтірік қор қылмасын тіліңді,
Телитін тіл санаңа әкеп білімді.

Білер болсаң, мен айтайын ашығын,
Тіл кесілсе — кесілгені басыңың.

Басыңды ая. Басқа пәле тілінен,
Бірі — есірсе, ес кетеді бірінен.

У менен тең зәрлі сөзі наданның,
Күйе-жала — қаны зұлым адамның.

Ойлы сөзді, құлақ құрышын қандырар,
Білім ғана, май құйғандай жандырар.

Қорға жұртты, қорғағандай арыңды,
Тіл тигіздің — байлағаның бағыңды.

Қалар атың мынау жарық жалғанда,
Қайырымды сөз, қайырымды ісің қалғанда,

Өлсең бір күн, күлге айналар тәнің де,
Сөзің қалар — тілі бардың бәрінде.

Өсиет еттім сәулесі бар пендеге,
Зеріккеннен емес, түйгін зердеңе.

Байлық болмас күмісің де, алтын да;
Тілге ие бол. Байлық сөздің нарқында.—

Ел аралап. Сырын ашсам білімнің —
Сол ғана арман — мәні күн мен түнімнің.

Түпті білмеу — одан асқан сор болмас,
Білер болсаң — одан даңғыл жол болмас.

Ақыл, білім — құрметті етер халқыңа —
Көз жұмылса, айналады даңқыңа.



Бұл тарауда кітапты жазушы ақылгөйлігіне кешірім өтінеді

Әуелі сана сәулесін берді,
Еншіме сөз бен білімді бөлді.

Тілекті түгел теңдедім сөзге,
Басымды тігер кез келдім — тезге...

Шындықты сарқып айтпағандарды —
«Қорқақ!— деп атар,— сақтаған жанды!»

Қауесет терең тамырын жайған,
Адамнан да ұзақ салады сайран...

Тірліктің тентек толқынын кешіп,
Келемін өмір жұмбағын шешіп.

«Не түйдің ішке? Ойға алдың нені?,—
Ұятым:— Сөзге айналдыр»,— деді.

Шын асыл қандай? Жасырмай елге,
Айтайын түгел, Кінәлай көрме.

Қып-қысқа ғұмыр озар да тозар,
Қалатын мәңгі есімің болар.

Бір ғана іс бар құзырың жүрер —
Қалдыру жақсы ат, ұрпағың білер.

Жаман ат қалдыр жетпесе — алғыс,
Ұқсын деп ұрпақ. Айтсын деп қарғыс!

Жақсылықтың мерейі туралы

Бұл дүние қып-қысқа көрген түстей,
Қадірін білген дұрыс көрге түспей.

Өмір де бір қазына, алған қарыз,
Қайырым етті қайтара салған парыз.

Түптің-түбі бұл тағдыр теңестірер,
Ажал келсе: ұлық, құл демес, білем.

Жақсылық қыл, суымай бойда қаның,
Бір өлім бар, жөн болар ойлағаның.

Қалар өлсең меншігің — есімің де,
Қатты серпкен кең дүние есігінде.

Құрметтер ел, жан болсаң затың жақсы,
Талай ғасыр жаңғырар Атың жақсы.

Қарғысын естір талай ғұмырлардың,
Есімі қаны қара зұлымдардың.

Не күтіп жүр: Даңқы ма, мазағы ма?
Өз ырқында. Тек сынба азабына.

Қалар ныспы, сіңерміз қара жерге,
Мақтап?.. Даттап?.. «Тірілтер» қалың ел де...

* *

Ақиқатшыл дананың өсиетінің жаны бар,
Зұлымдыққа қайда да өз зауалы табылар.

Жоғында ма, ашығы, барында ма көзіңнің,
Тажал болып жолығар зұлымдығың өзіңнің.

Тоскауылдар жолыңды, өрт сиякты жалындап,
Басқызбайды бір қадам аждаһадай арылдап.

Айналасын жапырып, жалмап жалын-пышағы,
Ақырында зұлымдық өзін қоса жұтады.

Ұлықпысың, құлмысың — кім болсаң да мейлі,
Әппақ айдың астында қараймасын пейілің.

Әлімсақтан әйгілі, ең әділін заңдардың —
Ақыл-ойы қалдырған көкірегі ояу хандардың.

Даналық пен адалдық — табынары бұл елдің
Ұлығы көп, биі көп, көңілі жетіп білер кім?

Өтіпті Хан дүниеден ел-жұртына ардақты,
Болған әрбір үкімі сара алтыннан салмақты.

Ішінде көп жандардың жақын тартып қолдаған,
Көкірегі — кір, көрсоқыр тірі пенде болмаған.

Ерткен қара халықты білім-бұлақ көзіне,
«Ел мерейі — Ер даңқы!»— деп сендірген өзі де.

Разы болса, күйінбей бек те, тексіз қара да,
Мен де разы тірліккеі— деп сіңірген санаға.

Хан да болса, борышын нағыз ерше атқарған,
Аты қалды жақсының, сөзі қалды хатталған.

Күлге айналсын мейілі, дүние әсте сөнбейді,
Ол туралы жақсы сөз, жақсы лепес өлмейді.

Күлге айналар сүйегі, аты-даңқы мың жылдық,
Ел аузында жүрер ол, жолдарындай бұл жырдың.

Даналардың тұғыры — күнге жақын шың болар.
Ақымақтардың ғұмыры — ұрыс-керіс, мұң болар.

Көпті көрген көнекөз, әппақ сақал-шашы да,
Айтқан дейді бір ойды, түйген көп жыл басына.

«Надан таққа отырса, көрген күнің сор болар,
Асыл тағың наданның бөксесінде қор болар.

Есіктегі есті ер сүйген адамшылықты,
Тақтан биік көтерер сүйем табалдырықты».

Даналықтың тақ-тәжі сатылмайды ақшаға,
Жасымайды асыл тас, топырақта батса да.

Даналық пен биліктің тегі біреу түбінде,
Екеуі де тең асыл, кемсітпеймін бірін де.

Ғалым білім береді, заң-әкімнің қолында,
Ақ жол түбі деп білем, екеуінің жолын да

Әділ әкім, үкімің — дүниенің тұғыры,
Шырын сөзің, шын ойшыл, тіршіліктің жұлыны.

Қанатты сөз құйылған данышпанның жанынан,
Күшті ол кейде, патшадан, табиғаттың заңынан.

Ұлы сөзге табынам, бір түйірі санаңның,
Еш өзгермей жететін, баласына балаңның.

Тілсіз жанға тіл бітсе, жайып сезім желегін,
Еңбегімнің далада қалмағаны, сенемін.

Жандар болса қимайтын даналықтың арнасын.
Менің әрбір сөзімді өз сөзімен жалғасын.

Сөз білгенге — қолқа жоқ. Ол өнердің жүйрігі,
Сөз туралы бір сөз бар, зердеңе оны түй, біліп:

«Қандай өңнің шырайы — шуағы нұр көз болар,
Тіл — ақылдың ажары. Тіл қуаты сөз болар».

Даналардың әр сөзі тең ғой бейіш үнімен,
Бет ажары әрқашан тапса үйлесім тілімен.

...Әңгіме еттім, тең көріп билік пенен ақылды,
Адамдықтың белгісі — қасиеттеу атынды.

Тәж қып басқа көтерсе ел, асыл білім—жақұтты,
Ондай елдің қашанда адамдары бақытты.

Көне көздің сөздерін қайталаймын тағы да,
«Даналықтың мәуесі — қайырымдылықтың бағы да!»

Ақындар туралы

Енді ақынға біраз назар салайық,
Өлең сөзді құдірет тұтқан халайық.

Олар шебер мақтауға да, даттауға,
Сөзі ынғайлы жұрт жадына сақтауға.

Сәулелі сөз күндей шыққан шығыстан,
Шаштан нәзік, өткір алмас қылыштан.

Тілімді алсаң, ақындарды ұқ әуелі,
Ұғыныкты сонда әр жырдың әуені.

Теңіздегі лағыл, маржан — өлең де,
Таба алмайды сүңгімеген тереңге.

Ақын сөзі қандай үлкен жанды да,
Масқаралар халайықтың алдында.

Ақын сөзі — жүрегімен сенсе шын,
Көтереді бишараның еңсесін.

Ұлы ақын ба, әлде көптің бірі ме,
Байлама тас, ешбірінің тіліне.

Кір тигізбей ұста ойыңның өресін,
Мейірім етсең — мейірімділік көресің.

Еркін ұста, ақын жанын ұғын да,
Сыйла бәрін, көтер қайғы, мұңын да.

Тек шындыққа сөз — бөбегін бөлесін,
Сол кезде оның пайдасын да көресің...

Адамшылыққа — адамшылық, қайырымға — қайырым ету туралы

Ілкі сәттік өмірің болса жалғанда —
Қайырым ет, қайырым қылған жандарға.

Серттей түйсең, ұшқан ойды сөзімнен,
Шет қалмайсың несібеңнен, еліңнен.

Сиымды бол сыйлап сені жақтаса,
Тайраңдама — қалың елің мақтаса.

Адамшылық — адамға тән қазына,
Солай қазір, солай болғын бағыдан.

Қайырым етсе достарың, не бауырың,
Еселеп бер, көтер жүктің ауырын.

Сөйтсең, дана ер болғаның сенімді,
Құрығанда, байқатасың тегіңді.

Қызғаншақтар бұлай істей алмайды,
Тексіз байғұс, тіпті ондайға бармайды!

Ақымақ болма — тимесін еш кесірің,
Дәм татырған жанға, ашып есігін.

Азаматсың, бір күн дәмін татқанға,
Түбінде бір рахметің қайтқанда.

Қайырымды бол, қырық қатпар ғаламға,
Көзіңді ашып, білім берген адамға.

Досың болса, алға тартқан ақылын,
Хан көтер сен, сенсін саған жақының.

Қайда жүрсең, жасай көрме бетсіздік,
Самарқаулық, ұмытшақтық — тексіздік.

Бауырыңдай демеу болған жігітке,
Сырт айналма, адамдықтан түңілтпе!

Қызмет еткен азаматты жанында,
Жаудай көріп, ар жолынан жаңылма!

Сөзімді ұғып, орындауды бақ сана,
Жүрегіңе тұздай тиіп жатса да!

Айттым мұны айналмасқа — Адамға —
Қайырымы жоқ, қасиетсіз наданға.

Ашты айтты деп кінәлама ақынды,
Ащы сөздің түбі балдай татымды.

Үйлену туралы

Қалыңдықты алу оңай. Той да оңай,
Табу қиын, осы жағын ойлағай.

Таңдағанда — ақылына қарарсың,
Әдептісін, ісімерін қаларсың?!

Көрінгенге көзін сүзіп қалмасың,
Кәрі-жасты тек алыстан арбасын.

Көрде ғана топырақ түсер көзіңе -
Шөп түсірмей, адал болсаң өзіңе.

Қайын алма, алсаң нағыз қатын ал,
Адамшылық сіңген асыл затынан.

Пір болса да, атағына жығылма,
Қонбайсың ғой әйел тұрған тұғырға...

Көпті көрген көнелердің сөзіне,
Құлақ түрсең, ой келеді өзіңе.

«Мамық болмай бөксе, мықын, білегі,
Мамық болсын — мінезі мен жүрегі.

Жан жылуы нұрландырсын ажарын,
Бірге көрсін рахат тұрмыс азабын...»

Ер жігітті адастырар көп себеп:
Бірі — күндей сұлулықты көксемек...

Енді бірі даңқтысын қалайды,
Үшіншісі — байлықты жар санайды.

Төртіншісі — бірін де ойға алмайды,
Ақ ниетті, әдептісін таңдайды.

Білгің келсе, оң-терісін осынын,
Көр ойланып, меніменен қосылып:

Бай келіншек пейілмен-ақ қорлайды,
Оны алғандар өле-өлгенше сорлайды.

Бай келіншекте байға құрмет болмайды,
Бай бай емес, меншігім деп торлайды.

Кедей болсаң, көрген күнің құрысын,
Бай қатының жүзін бермес құрысып.

Ұрыс-керіс, еш қылығың жақпайды,
Құлдай жұмсар, одан асқан жоқ қайғы...

Келіншегінің атағына телінген,
Жігіттерді аяп, талай егілгем.

Еркетотай такаппары тектінің,
Менсіне ме базбіреудің тексізін.

Бек жігітке бұрып бейіл, жанарын,
Өз еріне сақтар суық қабағын.

Ондай ердің ажары бір ашылмас,
Ғұмыр бақи құмары еш басылмас...

Сұлуының баққан дыбыс, тынысын,
Сорлы ердің көрген күні құрысын.

Бір ол емес сұлулыққа іңкәр жан,
Толып жатыр өңді, көзді сұңқарлар.

Ол бейшара жұмылғанша жанары,
Күйеу болмай, күзетші боп қалады.

Адал жарда болмаса ізі күдіктің —
Бақыты сол, байлығы сол жігіттің.

Жаны сұлу — нұр құяды жаныңа,
Мейірім, мінез, шаттық тіле жарыңа.

Бай қатынға басты тіксең — жақпассың,
Атақтыдан еш береке таппассың.

Құлай сүйген, жаны таза, ақылды,
Жақсы әйел құрметті етер атыңды.

Бай келіншектің кесепатын білмейсің...
Қайын жұртпен саудаласып жүрмейсің..

Шын ойласаң, ошағыңның ырысын,
Адал жарың — байлығың да, тынысың.

Осындай жан басын тіксе жолыңа,
Төртеуін де қондырғаның қолыңа!

Текке өткен өмірге өкініш шер

Ұққан ұғар, көрер көзі ашықтар,
Өлмейді әлем, өлгенімен пасықтар.

Болған талай қалалар да, халық та,
Уақыт көмді бәрін жердей табытқа.

Болған талай ауылыңыз, тайпаңыз,
Енді соның ізін тауып байқаңыз.

Бұл жалғанды билеймін деп ойлаған,
Қайда қалды ханың қанға тоймаған?!

Қанжорықта шапты, жеді, биледі...
Жатыр енді — екі адым жер тигені.

Қайда қазір бәһәдүрің қанды ауыз,
Төккен қанды қансыз, жансыз жалмауыз?

Жаһангерің, құйған жерге түнегін
Кірген жерге, көр түнекке — білемін...

Билеймін деп мынау жалпақ жаһанды,
Ұмытылды билеуші де қаһарлы.

Өзі өртеген, күлге бөккен жұмыр жер,
Жұтты оны, ұлым емес зұлым деп.

Қайда сарақ, дүниенің байлығын,
Алсам деген, болса деген шайлығым

Бай да кетті ізсіз-түзсіз, ол анық,
Екі-ақ құлаш ақіретке оранып.

Дүние жалған, әуелі осы сырды ұққын,
Ашам десең дарбазасын шындықтың.

Қуаныш та, небір қайғың сор маңдай,
Бәрі өтеді, қолмен сылып алғандай.

Қайғыменен өткізген бар тірлігін,
Бір пенденің не дегенін біл бүгін:

«Ойын-тойға құштармысың? Жасқанба!
Қайғы келсе, құтқара ма қашқанға...

Еске сақта, болса жігер төзімің,
Рахаты бар сол қайғының өзінің!»

...Қарар болса бұл дүниені бақылап,
Құрметті екен жанын баққан ақымақ!

Бәрі жалған, тек сорына ғаламның,
Ақыл — үнсіз, бәрі шешен наданның.

Сараң дейді қызып шарап ішпесең,
Ессіз дейді сыпалық іс істесең.

Дегені ме тазалықты жеңем мен,
Кір-қоқыстар қалқып шықты тереңнен.

Білу қиын кімдер әділ, кімдер ақ,
Өлер болды бірін-бірі күндеп-ақ.

Ой шіркінің ұшқыр көктің құсынан,
Сөзден де ұшқыр шыққан тілдің ұшынан...

Хас шындықты алмастырып сақтықпен,
Сенім менен сыйластықты таптық тең.

Шындық десе сақтық жасап үйрендік,
Сенімді тек достан күтер күйге ендік.

Не көрінді, осы басты қатырды,
Сену сирек, сенімің де сатулы.

Пысықтардың жолы болғыш боп алды:
Сыбайластар — қарымды да, орамды.

Жақындаса — табарсың не барқадар —
Көз тігеді, көзіңе емес, қалтаңа.

«Сенім» енді мағынасыз әңгіме,
«Сенімсіздік» негізді де, әлді де.

Мүлде құрып кеткені ме арадан,
Адам деген бір құдайға қарағаң.

Бай-манапта адамшылық қалмады,
Үйкүшіктік — суретшінің арманы...»

Ғалым бәрін біліп, жағын ашпады,
Ар-ұятты әйел жиып тастады...

Ұят-намыс безіп кетсе — бір күйік,
Қалтаң болса, мәртебең де тұр биік.

Ұмытты жұрт адамшылық ғұрыпты,
Құдай жолын қуғандар да құрыпты.

Бұл тірлікті сүйіп, соққан жүрегі,
Бір ойшылдың сөзі миға кіреді:

«Бұл заманда кімде әділдік? Белгісіз.
Намысты іздеп таба алмассыз енді сіз...

Залымдық көп — қайнар көзі азаптың,
Оны сезіп, түсінгендер аз-ақ тым!»

Мейірім — нәзік. Намыста жоқ — байбалам,
Дауысы ащы-ақ қысастықтың сайраған.

Жүрегі — тас, тілі майда жігіттің
Қылығында күлі де жоқ үміттің.

Өмір — қысқа. Толған қапа жер беті,
Сараң қолың — бақытыңның жендеті.

Отырғызып жоқ-жітікті қасына,
Мейірім ету — келер кімнің басына.

Кім илігер жесірлер мен қарттарға,
Кәрілікті «кәрі ит» десіп жатқанда.

Ақбас ойшыл сөзі шын ба, кім білсін,
Ақырзаман келген болса, бұл бір сын.

Оқырманым, оқы-тоқы, елді кез,
Сөзімді ұқ, мен аттанар келді кез.

Өзіңе тән, таңда адал жолыңды,
Кекшіл болма, кірге малма қолыңды.

Сөзімді айттым, құлы болмай құлқынның,
Пайдасы үшін қалған қалың жұртымның.

Аңсамадым — мадағыңды, даңқыңды,
Көзге ілмедім күміс, гауһар, алтынды.

Көз суалды, түнді — түнге жалғадым,
Сөзді жазып, баршаңызға арнадым.

Менің зілдей еңбегімді білсін деп,
Келер ұрпақ еске тұтып жүрсін деп.

Бұл кітаптың әр ұйқасын, әр жолын,
Тілім айтып, тізді мына өз қолым.

Бұл кітапты сендер оқып жүргенде,
Қолым қалмас; болмас тіпті тіл менде.

Дөңгеленді тірлігімнің етегі,
Топырағым торқа болса жетеді.

Ұмытпа тек, оқырманым — сырласым,
Жақсы сөзім жалғызсырап тұрмасын.

Құлдан жаман, қорлық көрдім жолсызда,
Қия бассам, кешір, бірақ қорсынба!

Кінәм да көп, тамұқ лайық расында,
Тек, тағалам, әділ қара басыма.

Кешір мені, баршаны тең көрмедім,
Мейірімімді бәріне тең бөлмедім...

Түсініктер

Шығарманың қарасөзбен, өлеңмен жазылған кіріспе тарауларына, мазмұны мен негізгі бөліміне түсініктер мынадай жүйемен берілді:

Кіріспелердегі түсіндірілмек сөз рет-ретімен цифрмен көрсетілді. Ал, дастанның негізгі бөлігіндегі сілтемелер бәйіттің рет санымен сәйкес келеді, тек түсіндірме жасалған бәйіттің тұсына жұлдызша қойылды.

«Құтты біліктің» түпнұсқасында әр бәйіт тұтастай рет санымен белгіленіп отырған. Біз де сол жүйеге сүйендік; тек рет саны әр бес бәйіттен соң көрсетілді.

I

Бісмілләхи-р-рахмани-р-рахим

1. Шын — Солтүстік Қытай

2. Хәкім — Қазіргі қолданылып жүрген «әкім» мағынасында емес, контекстке қарағанда бұл сөздің мағынасы білікті, озық ойлы, «білімді адам» (интеллигент) дегенге саяды.

3. Машын — Оңтүстік Қытай. Машынды Табғаш деп те атаған. Ортаңғы Шынды (Син) «Хытай» деп атаған, ал Қашқар — төменгі Шын. (В. В. Бартольд, Сочинения. М., т. 5. с. 87).

4. Машрық (көне түркі тілінде) — Шығыс.

5. Бұғрахан — Түркстан өлкесін 840—1212 ж. ж. билеген Қараханидар (Қараханидтер) әулетінің аты. (Шығарма сыйға тартылған ханның толық аты: Табғаш-Боғра Қарахақан Әбуәли-Хасан, Сүлеймен Арслан-Қарахақан ұлы.)

6. Мәлік (арабша) — әкім, хан, патша. Бұл жерде түпнұсқа негізінде мемлекет деген мағынада қолданылған.

7. Бұл аталған шығармалардың қазір елге кеңінен танылғаны «Шахнама» ғана. (Фердоуси, 940—1030 жылдар шамасы.) Қалғандары белгісіз. Сондықтан да бұл бір шығарманың әр түрлі аталуы емес, сол кезде мұндай жанрдың кеңінен таралғандығын білдіреді деген де болжам бар. (Академик Кононов А. Н. Слово о Юсуфе из Баласагуна и его поэме «Кутадгу билиг».— Советская тюркология, 1970, № 4.) Әйтсе де, түрлі елдердің ғалымдары қабыл

қылып бұл, кітапқа, «әр бірі әр түрлі лақап ат берді» деген түпнұсқаның өз сөзіне сенген дұрыс...

Туран (түркілер елі) бертінгі аталуы — Түркстан.

8. Мәшрық мәлігі — Шығыстың әкімі. Нақтырақ айтсақ: Шығыс мемлекетінің бегі.

9. Хас Хажыб — (Хажыб, араб сөзі). Ханның ең жақын, ең сенімді кеңесшісі деген сөз. Махмұд Қашқаридың ұғындыруына сүйенсек, бұл сөздің түркіше мәні «Тая аңу», «Таяныш», яғни ел, хан тірегі, мемлекет таянышы. («Дивани-лұғат-т-түркі»)

10. Зүлжалал — 1) Бір өзіңе аманат; құрметті. 2) Алланың бір сипаты

11. 6232 сілтемені қараңыз.

12. *«Әнисул Мәмәлік»* — бұл атты қарасөзбен жазылған алдыңғы кіріспеде «Әнинул Мәмләкәт» дейді. Ташкент басылымындағы да, Шыңжаң басылымындағы да түпнұсқа транскрипцияларында осындай екі түрлі болғандықтан сол күйінде алдық.

13. *Құз орда* — Баласағұн қаласының бір кездегі аталуы. Жетісу өлкесіндегі (Шу өзені, Талас өңірі) көне қала. Бәлкім, күзгі орда (күзеу), күзгі мекен-жайды білдіретін атау ма деп те ойлаймыз.

Тақырыптары хақында

«Құтадғу біліктің» бізге жеткен үш нұсқасында да (Вена — Герат, Қанр және Наманған — Ферғана) тараулардың тізімі (мазмұны) өзара өзгешелеу, тұтастай сәйкес келмейді. «Құтты білікті» зерттеу тарихында үш текстің де салыстыра отырып, дастанның тұтас құрамды нұсқасын әзірлеп жариялаған Түркия ғалымы Рәшит Рахмати Араттың еңбегі елеулі екені мәлім (Рәшит Рахмати Арат. Құтадғу біліг. Стамбул, 1947). Бұл басылымда да орыс тіліндегі толық аудармасын жасаған С. Н. Ивановтың, ұйғыр тіліне аударған шыңжаңдық аудармашылар тобының тәжірибесіне сүйене отырып, Рәшит Рахмати Араттың жасаған мазмұнын негізгі басшылыққа алдық. Және қайталауға ұрынбас үшін, түпнұсқадағы мазмұнды, жариялмауды жөн көрдік. Зерттеушілер түпнұсқадан да тауып таныса алады. Шындығында ұсынып отырған мазмұнның елеулі, мәнді айырмашылығы да жоқ. (Шыңжаң басылымында түпнұсқадағы және кейінгі толықтырылған мазмұнның екеуі де қатар ұсынылған).

Бәйіттердің рет саны да Р. Р. Араттың ұсынған басылымы бойынша алынды, соған толық сәйкес келеді. Түпнұсқа текстің (84, 85 тарауларда) түсін қалған тұстары көп нүктелермен белгіленді. Оның рет санына еш қатысы жоқ. Түрлі басылымдарды (аударма, түпнұсқаларды) салыстыра отырып көптеген айырмашылықтарды байқадық. Бірі түпнұсқаны жете сезінбегендіктен, бірі көркемдік ізденістің әсерінен кеткен. Солардың ықпалынан туындаған кейбір бәйіттерді, мазмұнды мүмкіндігінше толық жеткізу мақсатымен жақшаға алып, қосымша ретінде ұсынып отырдық.

ҚҰТТЫ БІЛІК

15. *«Тануқ»* — куә, дәлел. Сәл мағыналық түрлендірумен, қазіргі қазақ тіліндегі «тану», «танық» сөздеріне ұластырып қолдандық.

«Қос дүние» — бұл жерде «екі дүниені» айтып отыр: «бұл дүние» мен «ол дүние»...

45. *Түпнұсқада, екінші жол «...Кәдін болды тамға қамур савшықа»*— дейді. Яғни, «кейін барлық пайғамбардың таңбасы болды». («Савшы»— елші, пайғамбар). «Печатью пророков над всеми он встал». (С. Иванов аудармасы, 1983). Мұхаммет — пайғамбарлардың соңғысы, барлық пайғамбарларға «таңба» болды демекші (Құранда, XXXIII, 40). Сондықтан «таңбаны» мағыналық тұрғыдан аудардық.

51. Атық (араб)— азат етуші, бостандық әперуші. Әбубәкірдің лақап аты.

53. *Фаруқ (араб)*— қайырымдылық пен зұлымдықты айырушы. Әділ деген мағынада Омарға берілген лақап ат. Хақ пен нахақты айырып беруші. Бұл желі Ә. Науаидың «Құстар тілі» дастанында да бар.

54. Шариғатты жария етті демекші, 50—54 бәйіттердегі діни, мифологиялық жайлар хақында В. В. Бартольд шығармаларынан біраз мағлұмат білуге болады. (Бартольд В. В. Сочинения. М., 1966, т. 6.)

60. *Төрт тұғыр (негіз)*— От, су, ауа, топырақ...

63. *Тұғар* — Шығыс.

63-бәйіттің алдындағы тақырыпша Боғра Қараханның толық аты. «Жарқын жаз» дегендегі «жаз» (көне т.) сөздіктерде «көктем» деп аударылған. Қазақ тілінде «жаз» сөзі болғандықтан тақырыпты сол күйінде қалдырып, тексте мағынаға орай «көктем» деп қолдандық.

66. *Балық, Қозы* — Он екі шоқжұлдыздың екеуі. Көне түркіше. Қазақ ұғымынан не айырмасы бар?! Орысшасы: «Рыбы, Овен». Қазір (Х. Әбішев терминологиясы) көбінесе «Тоқты», «Балықтар» деп те жүрміз. Біздіңше, көне түркіше аттары өте орынды әрі ғылыми-мәдени тарихымызға қатысты ерекше мәні бар. Сондықтан да бұржы (зодиак) аттарын көне түркіше алдық.

71. *Кин* — кийіктің ерекше иісті безі.
Саба — таң, яғни «таң самалы».

72. *Қыл* — құстың бір түрі. «Қыл құйрық» деген ұғым содан қалуы мүмкін.

78. *Ыбры сүресі* — Дәуіт пайғамбардың мұқаммен оқыған сүресі.

94. *Хинди райы, Қайсар* — екеуі де жыл құстарының түрлері.

120. *Қияметқайым,* ақырзаман болғанша, жер мыстай қызарып жанғанша деген мағынада.

123. *Лұқман* — Шығыстың аты аңызға айналған дана ғалымы.

124—147. «Жеті жұлдыз он екі бұржы туралы» тарауда Шығыстың ғарыштану ілімінің заңдылықтары сипатталады. Ғарыш құрылысының бұл жүйесі IV—V ғасырларда өмір сүрген грек-сириялық ойшыл Дионисия Псевдо — Арепагиттің космологиялық көзқарастарымен үйлеседі. Аталмыш тарауда жұлдыздар (планеталар) жерге жақын Айдан бастап емес, керісінше ең алысынан бері қарай рет-ретімен аталған. Жалпы, шығыстың көне дүниедегі шығармаларында ғарыш құрылымын, аспан денелерін суреттеу дәстүрлі заңдылық екені ғылымда мәлім жағдай. Бұл Әлішер Науаидың әйгілі «Құстар тілі» дастанында да бар.

Бұрұж (бұржы) тура мағынасында Зодиак ұғымын береді. Күн жолы. Күннің жыл бойғы қозғалысы өтетін аспан белдеуі. «Бұржы», «Бұрыш» сөзінің синонимі ме деп те ойлаймыз. Мысалы: Он екі бұрыш...»

128—129. Құлабыз — екі бәйітте аталады. Барлық аудармада «жолшы», жол сілтеуші, бағыт-бағдар беруші мағынасында аударылған. Біз «Құлабыз» сөзінің өзін келтірдік, себебі қазіргі «құбыланаманың» төркіні осында жатқан жоқ па екен деп ойлаймыз. «Құбыланамадан» гөрі «Құлабыз» (компас) әлдеқайда тілге орамды, шымыр емес пе?!

131. *Секәнтр* — Сатурн, Зұхал, қазақша — Қоңырқай жұлдыз (Қараңыз: М. Исқақов, «Халық календары», А., 1980, «Қазақстан», 211-бет. М. Исқақов бұл пайдалы еңбегінде Жүсіп Хас Хажыб дастанында «...ерте кезде белгілі болған бес үлкен планета, бірақ бұл планеталардың көне түрікше (түркіше — А. Е.) атаулары келтірілмеген»— деп жаңсақ айтқан). Планета (нысан), жұлдыз атауларын түпнұсқада қалай кездессе солай сақтап, түсінік берілді.

132. Оңай — (Юпитер, Муштарий). Қазіргі қазақ тілінде — Есек қырған.

133. Күрүд (Көрүт)—(Марс, Миррих) Қызыл жұлдыз.

134. Күн — түпнұсқада: «Иашық»

135. Сәбит — (Венера, Зухра) Шолпан.

136. Арзу — (Меркурий, Утаруд) Кіші Шолпан.

137. Иалчық — Ай.

138. Он екі Өкәк — он екі бурж (Зодиак.)

139. Қозы — (Овен, Хамал) Қазіргі оқулықтарда «Тоқты» деп жүрміз. «Қозы» қандай жарасымды әрі ертедегі ілімге де сәйкес термин...

Үд — Үді; (Телец, Сәуір) «Торпақ» (?) деп жүрміз.

Әрәнтір (Ерентүз)— Егіздер (Близнецы, Зауза). М. Қашқарида «Мезон» («Мизан») жұлдызы.

Құчық — Құшық (Рак; Саратан). Қазіргі оқулықтарда «Шаян».

140. Арыстан (Арслан)— Арыстан; (Лев; Әсет)

Бұғдай басы — Бидай басы; (Дева; Сүмбіле)

Үлгү (Үлгу)— Өлкі; Таразы; (Весы, Мизан)

Чадан — Шаян, (Скорпион, Ақырап). «Бүйі» деп жүрміз.

Иа — Сұрмерген (Стрелец, Қауыс) «Мерген» деп жүрміз.

141. Оғлақ — Ұғылақ. Ешкінің лағы, (Козерог, Жәді); «Ешкімүйіз» аталып жүр.

Көнәк — Көнек. (Водолей, Дәлу) «Сукүюшы» деп аталып тұр.

Балық — Балық (Рыбы, Хұт).

142—143. Жазғытұрымғы, яғни көктем жұлдыздары (үшеу) Қозы, Үді, Ерентүз; Жаз жұлдыздары (үшеу): Құшық, Арыслан, Бұғдай басы; Күз жұлдыздары (үшеу): Үлгү, Чадан, Иа; Қыс жұлдыздары (үшеу): Оғлақ, Көнәк, Балық.

197. Иалнұқ (йалаңұқ)— Адам баласы, пенде. (С. Малов). Жаңылысуға бейімділігі, ғафылдығы үшін де адамның аты «налнұқ» болды деген мағынаны білдіреді.

206. Бұрындық — Көне түркі текстерінде «Б» мен «М» әрпінің алмасып түсетін жайлары жиі. «Мұрындық» деп оқуға да болар еді.

241. Заххақ — Иранның эпикалық шығармаларында («Шахнама») айтылатын зұлым шах. Оның екі иығында адамның миымен қоректенетін екі жылан ұялапты-мыс.

Фариддун — Заххақты жеңген әділ, адал мифологиялық қаһарман (Афридун).

264—(265)— Терең мәнді бәйіттердің бірі. Осы жолдарды Н. Гребнев те, С. Иванов та, шыңжаңдықтар да өте ықылас қойып, құлпыртып аударған. 264-і жол ұйғыр тіліндегі аудармасында да, С. Иванов аудармасында да бірдей. «Неважно, где сесть — во главе ли, в придверье» (С. Иванов), «Ол мейлі есікте, иә төрде тұрар». (Ұйғыршаның жолма-жол көшірмесі). Біз де бұлардан ауа жайылып кетпедік. Тек, оқырмандар салыстырып куәгер болсын деген оймен жақша ішінде көне түркінің жолма-жол аудармасын қоса ұсынып отырмыз. Мұны оқығанда, қазірде ел ішіне тарап кеткен, Мұхтар Әуезов айтыпты-мыс десетін: «Төр иесі қайда болса, төр сонда!» деген сөз еске түседі.

268. Сүзәр (көне түркіше)— сүзіп тазартар, оңдап-жөндер, аршып жүйелер деген мағынада.

290. Нушинрауан — VI ғасырда өмір сүрген, әділдігімен аты шыққан Иран шахы.

310. Кимиә — Химия.

357. Ақыбет — Ақырет (?). Одғұрмыш қанағат, ұстамдылықтың баламасы ғой. Мағыналық жағынан бұл дүние қызығына қанағат қылып, бақылықты ойлаған жан дегенге саятын болар.

485. Тауар — Товар. Түпнұсқадағы сөз болғандықтан, сол күйінде алдық.

436. Елік — Хан, ел басшысы.

852. Күлік (көне түркі)— атақты, әйгілі адам. Қазіргі «күллі» сөзімен үндестікті сезу қиын емес.

874 Эсиз — түпнұсқада, көне түркіше — «Есіз («Эсиз»), өзбек тіліндегі жолма-жол аудармада «жаман» кісі —«еман» мағынасында алынған. С. Н. Иванов аудармасында «дурной» делінеді. С. Малов сөздігінде де «дурной». Біз көне түркідегі тұлғасына жақындатып бірнеше жерде «ессіз» деп әдейі қолдандық. Әрине, контексте «жаман», «жауыз» кісі мағынасында оқылады.

893. Жарға — заң, тәртіп.

1473. Жан алғыш — Әзірейілді меңзеп отыр.

1758. Яғма — Түркі руларының бірі.

1765 — мұның бәрі де асыл текті (жоғары дәрежелі) бектікті білдіретін белгілер ретінде айтылып отыр. (Ат, ыдыс, таңба...)

2477. Қывчақ (көне түрк.)— С. Н. Иванов —«Злосчастный» деп аударған. Ұйғыр тілінде «куучақ» (іші бос, кәуәк) деп алыныпты. Өзбек тілінде «қифшақ (мардан булған) кісі». Біз түпнұсқаны сақтадық (Наманған).

2529. Қапуғ башлар — түпнұсқадан сөзбе сөз аударсақ «қақпа басылар». С. Н. Иванов «управитель дворца» деп мағыналық жағынан дұрыс аударған. Ұйғыр аудармашылары «Есік ағасы» деп түпнұсқасындағы «есікке» сүйенген. Сірә, босаға бағушы, үйді сақтап-күтуші мағынасына орай, түркі халықтарындағы есік-босағаға байланысты ұғым-нанымдар ескерілген болуы керек. Мысалы: «босағаны баспау», «табалдырықта тұрмау», «босаға бақпау» т. с. с.) «Сарай басы» деген әдемі атауға қызыға тура, «қақпа басы» деген түпнұсқа тілінен бұра тартқымыз келмеді. Тексте «сарай басы» мағынасында қолдандық.

2561. «Тон-толым»— түпнұсқадан осы күйінде алдық, қазір де тілімізде кездесіп қалатын тіркес. Тон және ұсақ-түйек жабдық,

құрал-сайман деген мағынада қабылдадық. Мысалы: «киім-кешек».

2634. Нард — Дойбының ертеде Шығыс елдерінде кең тараған бір түрі.

Шатранж — Шахмат.

2682. Өтүкән — Түркі халықтарының бір тайпа, не руының аты болу керек. Монголияда Орхон өзеніне жақын тау сілемдері Өтүкен (VI—VIII ғ. ғ.) деп аталған. Солтүстік Монголиядағы қазіргі Хангай жотасындағы Түкен тауы да кезінде Өтүкен аталыпты.

2633, 2788 — *Хандаса* — геометрия

2881. *«Идишчи башы* (көне т.)— Қәдімгі ыдыс басшысы, сұйық сусын (шырын, сөл, шарап т. б.) ұстаушылардың басшысы; («буфет меңгерушісі», «бармен»).

3173. «Қадаш» (көне т.)— қандас туыс мағынасында, ал «адаш» (көне т.)— дос-жар, жолдас деген сөз. Өзбек аудармашылары «Қадашты» «Қарындас» деп қолданған (қарын — дас, құрсақ — тас, бір құрсақтан шыққан бауыр). Ұйғырларда «қайаш». Бізді «қарындас» сөзінің мағыналық астарының құбылысы қызықтырғанын жасырмаймыз. Сондықтан да, бірнеше жерде солай қолдандық та. Әйгілі, «Қарындастың болғаны қандай жақсы...» деген халықтық тіркестің мәнін де осындай кең мағынада түсінген жөн сияқты.

3229. *«Захид»*— бұл дүниеден бәз кешіп түңілген, дүние қызығынан безген жан. Кісікиік. С. Н. Иванов «отшельник» деп аударады.

3251. *«Мұңлық»* (түпнұсқада)— бұл жерде мұқтаж, зар деген мағынада.

3439. *«Ат үстәм» (көне т.)*— С. Н. Иванов бұл жерде: «Детей не имеешь — ничем не богат ты» деп аударған. Ұйғыр, өзбек аудармалары да осыған мағыналық жағынан үндес. Ұйғыр аудармашылары сол күйінде алып: «алтын-күмістен істелген жабдық» деп түсіндірме берген. Біз, қазақ елінің ұғымында бағыдан бар «ат ұстарға» жақындатып алдық...

3491. *«Шігіл» (чигил) (көне т.)*— түркі халықтарының (оның ішінде қарлұқтардың) руларының бірі.

3551. *«Үші»*— басы, үші, бастауы деген мағынада.

3697. *«Тәңірі»*— түпнұсқа осылай болғандықтан, бертінгі ұғымға бейімдемей, сол күйінде алдық.

3705. *«Туар», «Батар»*— екеуі де көне түркі сөзі. Қәдімгі туғар, туар және батар ұғымынан туған —«Күншығыс» пен «Күнбатыс»... «Өрлем» сөзін де сол күйі қалдырдық.

3948. *«Руми қызы»*— күнді мезген отыр.

4046. *«Таңбашы»*— бұл жерде мөр ұстаушы, «мөрші», «таңба басушы» мағынасында.

4056. — *Бұл жерде* «Қол қусырып» дегеніміз ұғымды шығар еді. Түпнұсқадағы «Әліг қапшуру...» сөзін сол қалпында алғанды жөн көрдік.

4067. Ташкентте жарияланған орыс әрпімен транскрипцияланған түпнұсқада «Қайу күргү йуқлық үзә ат алур» (3069-бәйіт). Қытайда жарық көрген, латын әрпімен транскрипцияланған түпнұсқада «Қайу көк айуқлуқ өзә ат алур» (4067-бәйіт). Соңғысы дұрыс. Атақ, қызмет дәрежесі. «Түркмендерде бастықтарға берілетін атақ» (Ташкент басылымы, 1972 жыл). Қазақтың «көк етіктісіне» үйлесе ме дейміз.

4068. *Инанш, шағры, тегін* — қызмет, дәреже аттары.
4069. *Иабғы, иуқруш, ел бегі* — қызмет атақ, дәреже аттары.
4089. Жақшаға алынған егіз жол Ташкентте шыққан басылымда ғана бар. Басқа басылымдарда жоқ болғандықтан кірістірдік.
4125. Бұл бәйіттің екі түрлі берілгендігі, түпнұсқадағы кездескен айырмашылыққа байланысты. Ұйғыр аудармашылары түпнұсқаны:

Қали олдурур әрсә өз қур булуп,
Оқип башласа өтру киргил туруп,—

деп латын әрпімен транскрипциялаған.
Ташкент басылымында орыс алфавитімен:

Қалы отрур эрсэ өзің төр булуб,
Киши оғраса кирсэ тұрғыл көруб.

4137—4138. Бұл жолдар да Ташкентте 1972 жылы жарияланған түпнұсқа бойынша аударылды.
4139. Жақшаның ішіндегі қос жол Шыңжаң басылымы (1983) бойынша алынды. Бұл Ташкент басылымында (алдыңғы қос жол) мүлде өзгеше.
4142. *«Көк айықлық»* — лауазым. С. Н. Иванов аудармасында (1983) «наперсник» деп, ең сенімді, етжақын адам (С. Ожегов) деген мағынада қолданыпты.
4246. *«Қаршы»* (көне түркіше)—«сарай».
4380. *Тазъиф* — сандардың өсу қатары.
Тансиф — алу
4381. *Мәсахат* (місахат)— жер өлшеу, жер бөлу
4382. *Мұқабәл* — алгебра
Ұқлидис — Евклид
4439. *Жылқы (иылқы)*— мал деген мағынада. Қазіргі қазақ тілінде тек «жылқы» мағынасында болса, онда күллі төрт түлік малды білдірген тәрізді.
4643. Айтқан тілді ал, ақыл-кеңесімді ұқ деген мағынада.
4710. Халық аңыздарында кездесетін қаһарман Шаддатты мезгеп отыр. Жәннәт-бағына кірерде Шаддаттың жанын Әзірейіл алады.
4711. Мифологиялық патша Намрудты айтады. Аңқұмар патша бүркітті ерттеп мініп, көкке ұшқанда аралар шағып өлтіреді.
4712. Фарун (Фармон, Фираун), өзін құдаймын деп санаған зұлым. (Құранда 28, 38); құдай оны теңізге тастап жіберген (Құран, 28, 40).
4713. Аты әйгілі Қарын байды айтады (Құранда, 29, 38).
4714. Ескендір Зұлқарнайын (Александр Македонский б. э. д. 356—323).
4715. Мұса пайғамбар, жылан бейнелі сиқырлы асатаяғы болған. (Құран, 7, 104; 26, 31, 63).
4716. Сүлеймен пайғамбар. Аңыздарда айтылғандай, Сүлейменнің жүзігінде жазылған, ауызға алып айтылмаған алланың құдіретті, өзгеше есімі тек соған ғана мәлім болыпты-мыс.
4717 Иса (Ғайса) пайғамбар.
4718 Мұхаммет пайғамбар.
4752. *Ыла еркіні* — Ыла руының батыры, басшысы.
4819. *Шығай (көне т.)* — кедей, пақыр. «Шық бермес Шығайбайдың» атымен үндестігі де «Құтты біліктің» қазақ әдебиетіне туыстығын дәлелдейді.

4888. *Миррах* — Марс
4889. *Чадан* — Шаян, ақрап.
5369. *Қәвәл тазы* — алғыр тазы.
Бүктәл — жылқы түқымы.
Аркун — жабайы жылқы мен буданнан шыққан жүйрік арғымақ.
5377. Той, тұт, йүгдүк, тодлыш қақ — құстардың аттары.
5575. *Ийәрі* — алтын, күмістің тазалығы, қас асылдық дәрежесі, (проба).
5675. *Қарақұс* — Юпитерді мезгеп отыр.
5676. *Иылдырық, Азғыр, Әрәнтір* — жұлдыз атаулары.
5677. *Сүкіш* — қырғауыл, В. Радлов жазуы бойынша да Фазан.
5803. *Тазы тай* — асыл тұқымды арабы тұлпар.

5810. «Көне түркі сөздігі», С. Е. Маловтың сөздігі аса құнды, бағалы еңбектер. Әйтсе де, сөздіктерге сүйене отырсақ та, түпкі нұсқадағы қазіргі тілімізге етене, жақын төркіні бір бірқатар сөздерді көп жағдайда сол күйінде пайдаландық. Мысалы, «Тануқ» сөзін С. Е. Малов «куә» деп түсіндіреді. Ұйғыр аудармашылары да: «Қиси әсилиге ис-характәти гуәһ» деп тәржімалаған. «Тануқты» басқа бәйіттерде контекстке орай «куә» мәнінде қолданған С. Н. Иванов бұл бәйітте «По действиям судят о сути людей» деп түпнұсқа мағынасына іштартқан. Біз, «тануқ» сөзі сыртқы-ішкі бітімінің өзімен-ақ қазақтың кәдімгі «тану», «танылуы» болғандықтан, түрлендіруге бармадық.

5855. Қазіргі аударма тәжірибесінде «құдай», «жаратқан», «хақ» «алла», «тәңір» т. б. сияқты сөздердің түрлі реңдері, мағыналық астарлары қатаң қалыптасып, жүйеленгендігі белгілі. Бірақ, бұл шығарма көне түркі тіліндегі рухани жақын, төл мұрамыз болғандықтан, өзімізше еркін түрлендіруге ерік бермей, түпнұсқада «тәңір» деген жерде «тәңір», «байат» деген жерде «құдай» т. с. с. деп сол күйінде алып отырдық. Бұл шешім көне тарихи-әдеби мұраға қатысты болғандықтан өзін-өзі ақтайтынына кәміл сенеміз.

5866. Көне шығыс медицинасында адам тәнінің тіршілік негізі төрт түсті сұйық зат екендігі түсіндіріледі. Оның бірі Қызыл түсті сұйық — қан, сары түсті — өт сөлі, қара түсті — ірің, ақ түсті — сілекей. Көне медицина бойынша осы төртеудің өзара тепе-теңдігі бұзылса адамның жан-тәнінде де ауытқу, ауру-сырқау болады деп сендірген. Бұл, Гиппократтың дененің төрт «сөлі» туралы ілімімен сәйкес келеді, мүмкін соның негізі болуы да мүмкін. Бұл ілім бойынша адам мінез-құлқы, қабілетінің төрт ерекшелігі жіктелген: сангвинник — қан, флегматик — сілекей, холерик — өт сөлі, меланхолик —қара сөл басым болғанда...

5927. Бұл бәйіттің екінші жолы басқа аудармаларда әртүрлі шыққан. Жақшаның ішінде С. Н. Иванов аудармасын келтірдік.
6191. Көне түркі тіліндегі «көні» сөзі «тура», «дұрыс», «түзу» деген мағынаны береді. Мысалы: «көні төрі» («түзу, тура заң») немесе «көні сөз». Біз барлық тұста осы мағынада аудардық, солай қолдандық. Әйтсе де, қазіргі қазақ тілінде «көне» деген сөз бар ғой. Әрине, мағынасы бөлек. Осы сөздің этимологиясына назар аудару мақсатымен, осы бәйітте «көні» деп түпнұсқадағы тұлғасын қаз-қалпында қалдырдық. Шынында да, екі мағына да негізгі кон-

текстке үйлесе кетеді. Әрине, «көне» деп оқығанмен, түпкі мағынасын «тура, түзу» деп ұққан жөн.

6219. *Қара құс* — Бұл жерде Юпитерді айтып отыр.

6220. *Иәтікен* — жеті қарақшы.

6221. *Ылдырық, Айғыр, Әрәнтір* — жұлдыз атаулары.

6222. *«Бірдін» (Бирдин)*— белгілі жағдайларда оқылатын дұғалардың бірі.

6232. *«Саңа түгмәдім мән бу қашим көзүм» (көне түрк.)*— Бұл жерде, әрине, қазіргі қазақ тілінде «қабағымды түймедім» онды да, жатық. Осы принципті С. Иванов та қолданған: «И я ведь не хмур, на тебя не сердить...» Әйтсе де, «көз-қасымды» түймедім деген түпнұсқада сол дәуірдің белгі-бедері жатқаны күмәнсіз. Әрі қазіргі оқырманға ұғынықты болса, несіне түрлендіреміз.

6286. *«Құмары»— өсиет, мирас, насихат.* Бұл жерде Одғұрмыштың өсиет-насихатын аманатқа алған қызметшісі, шәкірті я қолбаласы мағынасында қолданылған.

6305. Түпнұсқада текст осы тұста үзілген.

6531. С. Иванов аудармасында «hazанды», күз деп алған, біз қазан күйінде қалдырдық.

6547. *Хүсрау*,— Иран шахы (590—628)
Қайсар — Рум шахы.

6549. *Қайдар* — Қазірет Әлінің аты, «арыстан» дегенді білдіреді.

Рүстем —«Шахнамадағы» қаһарман батыр.

Нұшырбан — Иран шахы (531—579), күшті қуатты әмірдің поэтикалық бейнесіне айналған.

6558. *Ұзын тонлы* — әйел.

МАЗМҰНЫ

Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді (алғысөз) . . 5
I. Кіріспе (қарасөзбен жазылған) . . . 38
II. Кіріспе (өленмен жазылған) . . . 40
III. Тақырыптары . . . 46
Құтты білік . . . 50
Түсініктер . . . 606

ЮСУФ БАЛАСАГУНИ

МУДРОСТЬ, НЕСУЩАЯ СЧАСТЬЕ

Поэма

(На казахском языке)

Редактор *Ш. Алдибеков*
Художник *Н. Нурмухамбетов*
Художественный редактор *Т. Ардабеков*
Технический редактор *К. Турымбетова*
Корректор *С. Сулейменова*

ИБ № 3491

Сдано в набор 13.06.86. Подписано к печати 15.10.86. Формат 84×108¹/₃₂. Бум. тип. № 1. Гарнитура литературная. Печать высокая. П. л. 38,5. Усл. п. л. 32,3 Уч.-изд. л. 26,0. Тираж 7 000 экз. Заказ 903. Цена 2 р. 50 к.

Издательство «Жазушы» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, 480124, г. Алма-Ата, пр. Абая, 143. Фабрика книги производственного объединения полиграфических предприятий «Кітап» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, 480124, пр. Гагарина, 93.